Д									1			1
С				1			1		2			2
С	1			2			2		3	1		3
Б	2			3	1		3		4	2		4
Ж	3			4	2		4	1	5	3		5
С	4	1	1	5	3		5	2	6	4	1	6
Ж	5	2	2	6	4	1	6	3	7	5	2	7
Д	6	3	3	7	5	2	7	4	8	6	3	8

	Қ	А	Н	С	М	М	Ш	Т	Қ	Қ	Қ	Ж
С	7	4	4	8	6	3	8	5	9	7	4	9
С	8	5	5	9	7	4	9	6	10	8	5	10
Б	9	6	6	10	8	5	10	7	11	9	6	11
Ж	10	7	7	11	9	6	11	8	12	10	7	12
С	11	8	8	12	10	7	12	9	13	11	8	13
Ж	12	9	9	13	11	8	13	10	14	12	9	14
Д	13	10	10	14	12	9	14	11	15	13	10	15
С	14	11	11	15	13	10	15	12	16	14	11	16
С	15	12	12	16	14	11	16	13	17	15	12	17
Б	16	13	13	17	15	12	17	14	18	16	13	18
Ж	17	14	14	18	16	13	18	15	19	17	14	19
С	18	15	15	19	17	14	19	16	20	18	15	20
Ж	19	16	16	20	18	15	20	17	21	19	16	21
Д	20	17	17	21	19	16	21	18	22	20	17	22
С	21	18	18	22	20	17	22	19	23	21	18	23
С	22	19	19	23	21	18	23	20	24	22	19	24
Б	23	20	20	24	22	19	24	21	25	23	20	25
Ж	24	21	21	25	23	20	25	22	26	24	21	26
С	25	22	22	26	24	21	26	23	27	25	22	27
Ж	26	23	23	27	25	22	27	24	28	26	23	28
Д	27	24	24	28	26	23	28	25	29	27	24	29
С	28	25	25	29	27	24	29	26	30	28	25	30
С	29	26	26	30	28	25	30	27		29	26	31
Б	30	27	27		29	26	31	28		30	27	
Ж	31	28	28		30	27		29		31	28	
С			29		31	28		30			29	
Ж			30			29		31			30	
Д			31			30						
С												

24-жаттығу. Используя календарь, задайте вопросы.

Үлгі: *Қарашаның он бесі қай күн? – Қарашаның он бесі – сенбі.*

25-жаттығу. Используя календарь, составьте предложения по образцу

Образец: *Менің туған күнім ақпанның он бесінде, сенбіде. Әкемнің туған күні қаңтардың он төртінде, сейсенбіде. Шешемнің туған күні мамырдың екісінде, жексенбіде.*

26-жаттығу. а) Прочтите и выучите наизусть

б) Запишите предложения по образцу


Образец: *Қаңтардың бірі – Жаңа жыл мейрамы.*

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері

1–2 қаңтар – Жаңа жыл – Новый год

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – Международный женский день

- 22 наурыз – Наурыз мейрамы – Праздник Наурыз
 1 мамыр – Халықаралық ынтымақ күні – Международный день солидарности
 9 мамыр – Жеңіс күні – День Победы
 30 тамыз – Конституция күні – День Конституции
 25 қазан – Республика күні – День Республики
 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні – День Независимости

 27-жаттығу. Прослушайте и прочтите текст

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері

Мерекенің екі түрі бар: бірі – үкіметіміз ресми түрде бекіткен тойлар, екіншісі – ресми емес, ұлттық мерейтойлар.

Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз ел. Тәуелсіз ел – бақытты ел. Бақытты елде мереке көп. Қазақстанның Тәуелсіздік күні желтоқсанның он алтысында. Бұл мереке және Конституция күні (тамыздың отызында), Республика күні (қазанның жиырма бесінде) – ұлттық ресми мереке күндері. Қаңтардың бір-екісінде тойланатын Жаңа жыл мерекесі, наурыздың сегізінде тойланатын Халықаралық әйелдер күні, наурыздың жиырма екісінде тойланатын Наурыз мейрамы, мамырдың бірінде тойланатын Халықаралық ынтымақ күні және мамырдың тоғызында тойланатын Жеңіс күні – бұрыннан тойланып келе жатқан ресми ұлттық мерейтойлар.

Ал екіншісі – 1999 жыл – тұңғыш рет Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сайланған жылы; 1998 жыл – мемлекетіміздің жаңа астанасының Ақмолаға көшіп Астана аталуы. Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Қаныш Сәтбаев мерейтоилары, Түркістанның 1500 жылдығы, Тараз қаласының 2000 жылдығы, Алматы қаласының 150 жылдығы – ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен тойлар.

Қазақ халқы – тойшыл халық. Тәуелсіз ел болғалы облыстарда, аудандарда, тіпті ауылдарда тойлар отуде. Бұл – еліміздің әл-ауқаты жақсарып келе жатқанның белгісі. Мұның бәрі – тәуелсіз ел болғанымыздың арқасы. Қазақ халқында жақсы тілек бар: “Той тойға ұлассын!” Біз осы тілекті тәуелсіз елімізге тілейік.

Сөздік

ұлттық национальный
 түр – вид
 үкімет правительство
 ресми официальный
 бекіткен – утвержденный
 егеменді – суверенный
 тәуелсіз независимый
 бақытты – счастливый
 тойланатын – празднуемый
 бұрыннан – с давних времен
 тойланып келе жатқан – празднуемый
 тұңғыш рет впервые

сайланған – избранный
 жаңа – новый
 астана столица
 кошу – переселиться
 аталу – называться
 көлемінде – под эгидой
 халық – народ
 тойшыл – любящий празднества
 болғалы – со времени становления
 типі – даже
 отуде – проводится
 әл-ауқаты – благосостояние

жақсару — улучшаться
беігі знак
мұның бәрі — это все
арқасында *здесь* благодаря

тілек — пожелание
ұласу — продолжаться
тілеу желать

28-жаттығу. Ответьте на вопросы

1. Мерекенің қандай түрлері бар?
2. Қазақстан қандай ел?
3. Қазақстанда мерекке көп пе? Олар қандай мерекелер және қашан?
4. Мерекенің екінші түрі қандай?
5. ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен тойлар қандай?
6. Қазақ халқы қандай халық?
7. Тәуелсіз ел болғалы не өтуде?
8. Бұл ненің белгісі?
9. Мұның бәрі ненің арқасы?
10. Қазақ халқында қандай тілек бар?

29-жаттығу. Перечислите праздники по их типам

Жаңа жыл; Абай мерейтойы, Республика күні, Түркістанның 1500 жылдығы; Тараз қаласының 2000 жылдығы, Наурыз мейрамы, Алматы қаласының 150 жылдығы; Халықаралық әйелдер күні; Қаныш Сәтбаев мерейтойы, Халықаралық ынтымақ күні, Желіс күні; Жамбыл мерейтойы, Конституция күні; Ғабит Мүсірсенов мерейтойы, Тәуелсіздік күні, Мұхтар Әуезов мерейтойы...

Үкімет ресми түрде бекіткен тойлар ...

Ресми емес, ұлттық мерей тойлар: ...


30-жаттығу. Прочтите и скажите, какие праздники отмечаются в этот день

Образец: *Мамырдың бірі — Халықаралық ынтымақ күні.*

Мамырдың бірі, желтоқсанның он алтысы, наурыздың жиырма екісі, мамырдың тоғызы, наурыздың сегізі, тамыздың отызы, қаңтардың бірі, қазанның жиырма бесі.

31-жаттығу. Просмотрите календарь (перекидной, настольный настенный) и расскажите, какие праздники и когда отмечаются в году

Образец: *Маусымның бірі — Халықаралық балалар күні.*

 **32-жаттығу.** Прослушайте, прочтите и переведите на русский язык. Выучите наизусть пожелания

Туған күнің құтты болсын! Денсаулығың мықты болсын, жұмысың табысты болсын, дастарқаның мол болсын!

Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын! Аспанымыз ашық болсын! Еліміз тоқ болсын! Достарымыз көп болсын!


Бүгінгі той құтты болсын! Жас жұбайлар бақытты болсын! Босағалары берік, шаңырақтары биік, керселері кең болсын! Үбірлі-шүбірлі болсын!

Кішкентай нәресте құтты болсын! Бауы берік болсын! Үлкен жігіт болсын! Еліміздің үлкен азаматы болсын!

Мерейтойыңыз құтты болсын! Денсаулығыңыз зор, еңбеңіз табысты көңіліңіз көтеріңкі болсын! Жасыңыз ұзақ болсын!

Жаңа жылыңыз құтты болсын! Жаңа жыл жаңа табыстар әкелсін!
Жаңа жылда бәріміз бақытты болайық, жаңа табыстарға жетейік!

33-жаттығу. К каждому из знаменательных дат напишите свои собственные пожелания.

 **34-жаттығу.** Прослушайте и прочтите стихотворение, переведите его на русский язык, используя словарь. Выучите стихотворение наизусть.

Көш көлікті болсын,
Дос серікті болсын.
Жан ерікті болсын,
Жар көрікті болсын.
Ер беделді болсын,
Зер бедерлі болсын.
Жер құнарлы болсын,
Бел шынарлы болсын

Түз шұрайлы болсын,
Қыз шырайлы болсын.
Қарт қореген болсын,
Мәрт береген болсын.
Тау өрісті болсын,
Бау жемісті болсын.
Жыр намысты болсын,
Жыл табысты болсын!

(Мұсафар Әлімбаев)

35-жаттығу. Поддержите разговор.

— Қайырлы күн! Үкімет ресми түрде бекіткен тойлар туралы сөйлесейік.

—

— Айтыңызшы, Республика күні қашан?

—

— Ал Халықаралық ынтымақ күні?

—

— Жаңа Жыл мейрамы қай кезде?

—

— Наурыз мейрамы наурыздың жиырма бірінде ме?

—

— Наурыздың сегізінде қандай мейрам?

—

— Жеңіс күні қашан?

—

— Республикамыздың Тәуелсіздік күні қашан?

—

— Тамыздың отызында қандай мейрам?

—

— Ертең қандай мейрам?

—

— Дұрыс емес. Ертең менің туған күнім. Ертең маған қонаққа кел.

—

— Сенің туған күнің қашан?

—

36-жаттығу. Расскажите о национальных праздниках Республики Казахстан

9-сабақ

Звук *у*.

У – в казахском языке также является дифтонгом, т. е. передает два звука. В зависимости от твердости-мягкости слогов так же произносится или твердо – *у* [уу] *уақыт* [ууақыт] “время”, *ту* [туу] “флаг” или мягко – *у* [үу] *сурет* [сүур’эт] “рисунок”, *дереу* [д’эр’эуу] “быстро”

Родительный падеж.

Родительный падеж обозначает принадлежность одного предмета другому, т. е. становится обладателем предмета *Арманның досы* “друг Армана”. Он отвечает на вопросы *кімнің? ненің?* “кого? чего?”. Обладатель предмета принимает окончания *-тың/-тің, -ның/-нің, -дың/-дің* и ставится перед обладаемым предметом, выступая в качестве его определения. Обладаемый предмет имеет притяжательную форму III лица (См. 4-сабақ)

В русском языке родительный падеж обладателя, напротив, стоит после обладаемого предмета. Форма окончания родительного падежа в казахском языке зависит от качества последнего слога основы:


После глухих согласных	-тың/-тің	<i>Қаират-тың досы, Серік-тің досы</i>
После гласных и <i>м, н, ң</i>	-ның/-нің	<i>Әсем-нің досы; Арман-ның досы, Алуа-ның досы</i>
Во всех остальных случаях	-дың/-дің	<i>Анар-дың досы, Әсел-дің досы, Бану-дың досы; Алтынай-дың досы, Ораз-дың досы</i>

10-САБАҚ


1. Фонетика: Дифтонг *и*.
2. Грамматика:
 - 2.1. Родительный падеж (продолжение).
 - 2.2. Служебные имена.
3. Лексика: Город Алматы.

1. ФОНЕТИКА: ДИФТОНГ *и*.

И	и	_____
	и	_____
	и	_____

 **1-жаттығу.** Прослушайте. Прочтите, обращая внимание на произношение дифтонга в твердых слогах

и	сия	ҚИҒЫН
ми	жина	ТИҒЫН
ти	риза	ЖИҒЫН
жи	шира	СИҒЫР
ши	кира	ҚИҒЫҚ
ки	қина	ҚИҚЫМ
би	биыл	ҚИМЫЛ

 **2-жаттығу.** Прослушайте Прочтите, обращая внимание на произношение *и, ы, і*.

ки — кы — кі

ти — ты — ті

ши — шы — ши

жи — жы — жі

би — бы — бі

ди — ды — ді

биыл — был — біл

тиын — тын — тін

жиын — жын — жін

сиыр — сыр — сір

қиыр — қыр — қір

қиық — иық — иік

3-жаттығу. Прибавьте окончания множественного числа Найдите русские эквиваленты слов в словаре и запишите в тетрадь

Инабат, минут, пима, тиын, жиын, жиналыс, жиһаз, диқан, қияр, оқиға, пияз, бидай, ғимарат, сиса, жиырма, сиыр, зират, дидар, зиян, қиянат, шипа, иық, қиық, қиыншылық, диқаншы, қиқым, сирақ, мирас, сикыршы, сипат, жиһан, шимай, қиылыс, шиша, емтихан, сия, шикан, ризашылық, қимыл.

4-жаттығу. Прибавьте окончания местного падежа *-да, -де, -та, -те*

Ризашылық, сикыршы, қиыншылық, инабат, пима, жиһаз, қияр, оқиға, пияз, бидай, сиса, жиырма, зират, дидар, қиянат, иық, қиық, диқаншы, қиқым, сирақ, жиналыс, зиян, сипат, жиһан, шимай, қиылыс, минут, шиша, иіссу, киім, емтихан, сия, қимыл, төрбие, тиын, киіз, шикан, ине, жиен, шикізат, диқан, бикеш, мирас, шиеленіс, киік, шипа, жиын, сиыр, ғимарат.

5-жаттығу. Поставьте глаголы в повелительное наклонение и прибавьте к ним отрицательные суффиксы Переведите на русский язык

Образец: жию “убирать” — жи “убирай” — жима “не убирай”.

жию “убирать”

жинау “собирать”

жиналу “собираться”

қирату “ломать”

қимылдау “двигаться”

кию “резать”

силау “поглаживать”

шимайлау “калякать”

шиқылдау “скрипеть”

сипаттау “характеризовать”

кинау “мучить”

сию “помещаться”

6-жаттығу. Возразите, используя слова в скобках

Образец: Мынау Ләззаттың апасы ма? (Сіңлі). — Жоқ, Ләззаттың сіңлісі.

1. Мынау Ләззаттың апасы ма? (Сіңлі). 2. Анау Балжанның әкесі ме? (Аға). 3. Бүгін соуірдің он екісі ме? (Он үш). 4. Маралдың әкесі ауруханада жатыр ма? (Ата). 5. Сонияның әжесі аулада ма? (Нағашы апа). 6. Анау Серіктің баласы ма? (Қыз). 7. Баянның әжесі елу сегізде ме? (Шеше). 8. Анау Әсеттің дәптері ме? (Кітап). 9. Сәбиттің апасы осында ма? (Қарындас). 10. Олжастың жолдасы ма? (Дос). 11. Әрсеннің үйі мынау ма? (Жатақхана). 12. Мынау Әминаның баласы ма? (Немере).

7-жаттығу. Вставьте окончания родительного падежа и переведите на русский язык

Абай... өлеңдері тамаша! Кітап . авторы әйгілі адам ба? Алматы... көшелері түзу және кең. Базар... бағалары қымбат екен. Қазақстан... байлығы мол. Үстел... аяғы сынық. Дәптер... бетін аш. Жұмыртқа... сарысы өте пайдалы. Үй... терезесі ашық па? Айдос... сөзі дұрыс. Қыз... шашы ұзын екен. Кілем... түсі әдемі ме? Наурыз... сегізі – мейрам. Көрім... жұмысы өте ауыр. Жатақхана... бөлмелері қандай? Әсет . көмегі керек. Өлең... авторы кім? Жаңыл... денсаулығы нашар. Ажар... әжесі қандай адам? Дәрісхана... есігі жабық. Анар... жасы нешеде? Қыркүйек... бесі – демалыс күні. Терезе... пердесі ақшыл. Виктор... көршісі өте жақсы адам. Айгүл... мінезі қандай? Жанар... кереуеті қайда тұр? Мұрат.. сабағы көп пе? Жүрск... оты ыстық. Берік... кеңесі керек емес. Ет... дәмі жақсы екен. Қыз... суретін қабырғаға іл. Ағаң. . досы осында ма?

8-жаттығу. Переведите на казахский язык и составьте общие вопросы

1. Сегодня тридцать первое декабря. 2. Двадцать четвертое августа – мой день рождения. 3. В библиотеке института много книг. 4. Этот человек старший брат матери моего друга. 5. Мой родственник – младший брат отца моей жены. 6. Окна аудитории чистые. 7. Работы у Кайрата много. 8. Мамины цветы стоят на окне. 9. Студенты группы сидят в тридцать второй аудитории. 10. Сейчас конец рабочего дня. 11. Стихи Абая очень хорошие. 12. Родители Жапара в ауле. 13. У Талгата мало родственников. 14. Тринадцатое упражнение на сорок восьмой странице.

9-жаттығу. Спишите, прибавив к именам существительным окончания винительного падежа.

1. Кино көрсейік. “Алатау” кинотеатрында керемет фильм бар екен. Менде екі билет бар. Сен мына билет... алшы. 2. Кешіріңіз, билетіңіз бар ма? Билет... көрсетіңіз. 3. Сөкеннің үйлену тойы бүгін ғой. Біз мына гүл.. алайық. 4. Сағаттың бағасы қанша? Ақша... мен төлейін. 5. Үй... тазалау керек. Сен тез кел. 6. Асхана нешінші қабатта? Тамақ шейік. – Мен сол тамақ... ішпейін. 7. Орталық кітапханада кездесейік. Ыбырай Алтынсариннің кітаб.. табуым керек. 8. Емтихан... жақсы тапсыруың керек. Көп дайындал. 9. Машина... Сіз жүргізіңіз, мен бүгін демалайын. 10. Теледидар... өшір. Ерте жатайық. Ертен ерте тұруым керек. 11. Әлия қайда? Қайда жүр өзі? Шай... әкелсін. 12. “Занғар” сауда үйінде бәрі бар ма? Жүр, мен де сол сауда үй... көрейін. 13. Темекі... қой. Темекінің пайдасы жоқ. 14. Мынау нешінші троллейбус? Троллейбус... тоқтатыңызшы. Мынау менің троллейбусым екен. 15. Салтанаттың денсаулығы қалай? Жақсы ма? Хат... тез жіберсін. Әжесі уайымдамасын. 16. Бұл менің Алматыға бірінші келуім. Қала... аралайық. Демалыс.. жақсы өткізейік. 17. Жүр, Медеу... көрейік, коньки тасейік. 18. Бүгін Жанардың денсаулығы нашар екен. Дәрігер.. шақыру керек. 19. Қазақ

тілі... үйрену керек. Көп оқы, мұғалімнің... тында, үй тапсырмасы.. орында. 20. Сен мына жаттығу... тез бітір. Онша қиын емес. Басқа жаттығулар... да жазу керек.

10-жаттығу. Составьте предложения, соблюдая порядок слов

1. Ма, тортінші, апасының, қабатта, пәтері? 2. Маралдың, түр, көшеде, үйі, мына. 3. Жұмысы, ме, қаланың, Жанардың, шетінде? 4. Күні, өн, менің, күйеуімнің, туган, бесінде, қарындасының, ақпанның. 5. Автобустың, отыз, мына, аялдамасы, екінші, жерде. 6. Жолдасы, ме, мектепте, баласының, Саматтың, қырық алтыншы, жүр? 7. Емтиханы, қашан, қай, және, жерде, студенттердің? 8. Үйі, қабатты, орталығында, түр, бес, қонақ, Алматының, жиырма. 9. Әке-шешесі, екен, Рабиғаның, Қарағандыда. 10. Университетте, ішкі, Мараттың, студент. 11. Және, жусын, Марал, еденді, ыдыс-аяқты, сыпырсын. 12. Әдемі, ілсін, ана, Жанар, қабырғаға, суретті, мына.

11-жаттығу. Трансформируйте словосочетания в повелительное наклонение, используя глаголы, данные в скобках и составьте с ними предложения

Образец: Сендер газет. . (оқу) – *Сендер газет оқыңдар.*

Сендер газет... (оқу); біз қаланы... (аралау); студенттер үй тапсырмасын... (орындау), сен қонақтарды жақсы... (қарсы алу), Сіз денсаулықты... (сақтау); Әсия кілемді... (тазалау); біз кофе... (ішу); Сіздер жиналысты... (откізу); Әмина... (жұмыс істеу); сен мені... (таныстыру); Сіз хат... (жіберу), сендер қазақ тілін.. (үйрету). балалар үй тапсырмасын... (орындау); біз казакша... (сойлеу); мен... (демалу); сендер... (тамақ пісіру); Сіздер кітап... (сатып алу); сендер.. (коньки тебу); Марат... (олан аиту); сен орындықгы... (апару); біз су.. (ішу); сен бауырсақ .. (жеу); мен ертең... (кету); сен мені... (шығарып салу); мен Сізді... (апару); Олжас мектепті жақсы (бітіру); сен кешке... (телефон соғу); Самат баланы (көтеру); балалар бөлмені .. (жинау); сендер компьютерді... (үйрену), мен машина... (жүргізу), біз доп... (ойнау); Сіздер таза... (ауа жұту); біз балық... (аулау).

2.1. РОДИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ (ПРОДОЛЖЕНИЕ).



Собственные имена, обозначающие географические названия, в родительном падеже окончания не принимают

*Алматы қаласы, а не Алматының қаласы,
Еділ өзені, а не Еділдің өзені.*

12-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык

Қазақстан
Ресей
Ұлыбритания

} мемлекеті

Тынық
Үнді
Атлантика

} мұхиты

Жезказған	}	қаласы	Каспий	}	теңізі
Ақтау			Балтық		
Өскемен			Арал		
Атырау	}	облысы	Мичиган	}	көлі
Қостанай			Балқаш		
Қызылорда			Ыссыккөл		
Талғар	}	ауданы	Лена	}	өзені
Селеті			Еділ		
Нарынқол			Ертіс		
Қазақфильм	}	ықшамауданы	Памир	}	тауы
Жетісу			Алатау		
Ақсай			Арарат		

13-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык.

Петропавл қаласы, Үнді мұхиты, Жезказған облысы, Арал теңізі, Ауғанстан мемлекеті, Балқаш көлі, Тынық мұхиты, Талғар ауданы, Көкшетау қаласы, Қызылорда облысы, Ертіс өзені, Мәскеу қаласы, Каспий теңізі, Жапония мемлекеті, Памир тауы, “Алатау” кинотеатры, Нарынқол ауданы, Қарасу ауылы. “Шұғыла” кинотеатры, Селеті ауданы, Темза өзені, Аризона штаты, Екібастұз қаласы, Америка Құрама Штаттары мемлекеті, Іле өзені, Бурабай көлі, Жапон теңізі.

14-жаттығу. Ответьте утвердительно или отрицательно на следующие вопросы

Образец: Мәскеу қаласы Ресейде ме? — *Иә, Ресейде.*

Темза өзені Германияда ма? — *Жоқ, Германияда емес, Ұлыбританияда.*

- 1 Мәскеу қаласы Ресейде ме? 2 Темза өзені Германияда ма? 3. Арарат тауы Түркияда ма? 4. Балқаш көлі Ресейде ме? 5. Ертіс өзені Африкада ма? 6. Сингапур мемлекеті Америкада ма? 7. Қостанай қаласы Қазақстанда ма? 8. Абай даңғылы Алматыда ма? 9. Селеті ауданы Ақмола облысында ма? 10. Техас штаты Ұлыбританияда ма? 11. Нарынқол ауданы Атырау облысында ма? 12. Талдықорған қаласы Қытайда ма? 13. “Алатау” кинотеатры Төле би көшесінде ме? 14. Ереван қаласы Грузияда ма? 15. Италия мемлекеті Азияда ма?


15-жаттығу. Задайте собственные вопросы своему собеседнику по образцу 14-жаттығу

16-жаттығу. Переведите на казахский язык

- 1 Город Экибастуз находится в Павлодарской области. 2 Улица Толе би находится в Алматы. 3. Караганда находится в Казахстане. 4 Озеро Онтарио находится в Канаде. 5 Гора Арарат находится в Турции и Армении. 6. Улица Нуркена Абдирова находится в Караганде. 7. Государство Непал находится в Азии. 8. Кинотеатр “Байконур” находится в микрорайоне “Орбита”. 9. Озеро Боровое находится в Кокшетауской области. 10. Горы Алатау находятся в Казахстане.

2.2. СЛУЖЕБНЫЕ ИМЕНА.

сандықтың	сырты (внешняя сторона сундука): <i>снаружи</i>
	асты (нижняя сторона сундука): <i>под</i>
	үсті (верхняя сторона сундука). <i>на</i>
	алды (передняя сторона сундука): <i>перед</i>
	арты (задняя сторона сундука): <i>за</i>
қасы (возле сундука): <i>возле, у</i>	
терезенің	іші (внутренняя часть окна). <i>внутри</i>
	жаны (возле окна): <i>возле</i>
	арасы (промежуток окна): <i>между</i>
	түбі (у окна): <i>у</i>
	қарсысы (напротив окна): <i>напротив</i>

 Служебные имена в местном падеже выполняют функцию предлогов. *асты-нда* “под”, *үсті-нде* “на”, *арты-нда* “за”.

17-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык

Қаланың шетінде үлкен парк бар. Парктің ішінде кішкентай көл бар. Көлдің астында құм жатыр. Демалыс күні көлдің қасында көп адам жүр. Көлдің айналасында орындықтар бар. Орындықтардың маңында гүл бар. Гүлдердің ішінде астра, қызғалдақ гүлдері бар. Парктің ортасында кинотеатр тұр. Кинотеатрдың алдында билет сататын касса, ал қасында жарнамалар тұр. Кинотеатрдың ішінде екі зал бар. Сыртында ағаштар, ал қарсысында екі дүкен тұр. Дүкендердің арасында ағаш жоқ.


18-жаттығу. Раскройте скобки

1. Ыдыс-аяқ серванттын (внутри) тұр. 2. Ағаш екі үйдің (между) тұр. 3. Сөренің (на) кітап тұр. 4. Ағаштың (у) шелек тұр. 5. Диванның (возле) екі кресло тұр. 6. Кереуеттің (под) мысық жатыр. 7. Мектептің (перд) көп бала жүр. 8. Шкафтың (за) сурет тұр. 9. Біздің үйіміздің (напротив) үлкен сауда үйі тұр. 10. Үйдің (возле) ойна.

19-жаттығу. Переведите на казахский язык

1. Я живу возле кинотеатра “Байконур”. 2. Протри заднюю часть шкафа. 3. Подмети под столом. 4. Возле нашего дома – большой яблоневый сад. 5. Встань за мной. 6. Сядь у дерева. 7. Поставь книгу на полку. 8. Возле магазина – базар. 9. Автобус курсирует между двумя городами. 10. Напротив школы – детский сад. 11. Перед домом – огромный двор. 12. В магазине очень много людей.

3. ЛЕКСИКА: ГОРОД АЛМАТЫ.

 20-жаттығу. Прослушайте и прочтите текст

Алматы қаласы

Алматы қаласы – бұрынғы Қазақстан Республикасының астана-сы. Ол – оңтүстік астана.

Алматы – өте үлкен, әдемі қала. Алматыда Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері бар. Олар қаланың орталығында. Алматының көшелері түзу және кең. Осы кең, түзу көшелерде машиналар, автобустар, трамвайлар, троллейбустар өте көп.

Алматыда көп қабатты үйлер, Әуезов қазақ драма театры, Лермонтов орыс драма театры, “Арман”, “Алатау”, “Байқоңыр” кинотеатрлары, Мәдениет сарайы. Неке сарайы, Орталық спорт кешені, мейрамханалар, дүкендер бар. Қаланың орталығында 25 қабатты қонақ үйі, цирк, “Заңғар” сауда үйі, теміржол бекеті, әуежай, орталық кітапхана және оқу орындары бар. Медеу мұзайдыны да жақын.

Алматы қаласында ықшамаудандар өте көп. Олар: “Көктем”, “Самал”, “Орбита”, “Ақсай”, “Айнабұлақ”, “Таугүл”, т. б.

Менің үйім “Орбита” ықшамауданында. Ол қаланың орталығында емес, шетінде. Мұнда бәрі бар: көп қабатты үйлер, дүкендер, базар, “Байқоңыр” кинотеатры, мешіт, мектептер және балабақшалар.

Сөздік

бұрынғы – прежний(-ая, -се)
астана – столица
оңтүстік – юг, южный
түзу – ровный(-ая, -ое)
Мәдениет сарайы – Дворец
культуры
Неке сарайы – Дворец
бракосочетания
кешен – комплекс

мейрамхана – ресторан
қонақ үй – гостиница
сауда үйі – торговый дом
теміржол бекеті – вокзал
әуежай – аэропорт
мұзайдын – каток
шет – край, окраина
мұнда – здесь

21-жаттығу. Выпишите из текста словосочетания, состоящие из собственных имен и слов в притяжательной форме III лица. Переведите на русский язык

Образец: Алматы қаласы – город Алматы; ...

22-жаттығу. Сделайте разбор слов по составу

Образец: қаласында: қала – основа слова, -сы – притяжательное окончание III лица; -нда – окончание местного падежа.

Өзендері, көшелердің, Республикасының, орталығында, мейрамханалар, кинотеатрлары, көшелерінде, ықшамауданында, балабақшалар.

23-жаттығу. Отызьте на вопросы по тексту

1 Қазақстан Республикасының бұрынғы астанасы не? 2. Алматы қандай қата? 3 Алматыда қандай өзендер бар? 4 Алматының кошелерінде не көп? 5 Алматыда қандай театрлар, кинотеатрлар бар? 6 Тағы нелері бар? 7 Алматыда қандай ықшамаудандар бар? 8. “Орбита” ықшамауданы қаланың қай жерінде? 9. “Орбита” ықшамауданында не іс бар?

24-жаттығу. Задайте вопросы к одықкі тым словам

1 Алматы қаласы – оңтүстік астана 2. Үлкен Алматы Кіші Алматы өзендері қаланың орталығында 3 Алматының көшелері түзу және кең 4. Әуезов қазақ драма театры және Лермонтов орыс драма театры Абай даңғылында тұр. 5. Алматы қаласында ықшамаудандар өте көп 6 Менің үйім “Орбита” ықшамауданында 7. “Орбита” ықшамауданы қаланың шетінде 8. “Орбита” ықшамауданы – әдемі ықшамаудан

25-жаттығу. Пер дела е предложения в вопросите быис

1 Менің үйім Алматыда 2. Алматы қаласы өте әдемі. 3. Алматыда ықшамаудандар өте көп 4 Медеу мұзайдыны өте жақын 5 Алматының көшелері түзу және кең 6. Алматыда метро жоқ. 7. “Заңғар” сауда үйі үш қабатты дүкен 8 25 қабатты қонақ үй қаланың орталығында. 9 Мынау – “Тауұл”. 10 Менің үйім Төл би көшесінде

26-жаттығу. Составьт предложения

Әуезов қазақ драма театры Лермонтов орыс драма театры “Алатау” кинотеатры “Байқоңыр” кинотеатры Республика сарайы Неке сарайы Орталық спорт кешені Алматы медресханасы “Акку” кафесі Қазақстан қонақ үйі Цирк “Заңғар” сауда үйі Теміржол бекеті Әуезов Орталық кітапхана Медеу мұзайдыны “Айнабұлақ” ықшамауданы “Самал” ықшамауданы “Ақсаи” ықшамауданы	}	қаланың	}	орталығында. шетінде
---	---	---------	---	-----------------------------

27-жаттығу. Сог аситесь и ти не сог аситесь с нны ти высказываниями

1 Алматы қаласы – Қазақстан Республикасының астанасы

2 Алматы өте үкен, әдемі қала 3 Алматыда өзендер жоқ.
 4. Медеу мұзайдыны өте алыс. 5. Қаланың орталығында көп қабатты
 үйлер, дүкендер өге көп 6. "Орбита" ықшамауданы қаланың орта-
 лығында. 7. Көшелерде машиналар, автобустар, трамвайлар, трол-
 лейбустар өге көп 8 Алмагының көшелері гүзу және кең 9 Неке
 сараиы "Айнабұлақ" ықшамауданында. 10 "Байқоңыр" кинотеатры
 "Орбита" ықшамауданында.

28-жаттығу. Оқройте скобки

1 Алматы қаласы — (бывшая столица Республики Казахстан)
 2 Алмагы — (очень большой и красивый город). 3 Алматыда (реки
 Большая Алматинка, Малая Алмагинка) бар. 4 Алматының көшелері
 (ровные и широкие). 5 Алматыда (многоэтажные дома, казахский
 театр драмы Ауэзова, русский театр драмы Лермонтова, кинотеатры
 "Арман", "Алатау", "Байқонур". Дворец Культуры, Дворец Бракосоч-
 четания, Центральныи спортивныи комплкс, рестораны, магазины)
 бар 6 Қаланың орталығынта (25-этажная гостиница цирк, горго-
 выи дом "Зангар", жлезнодородожныи вокзал, аэропорт, центральная
 библиотека и учебныи заведения) бар 7. Медеу мұзайдыны (близко)
 8 Алмагы қаласында (очень мною микрорайонов) 9 "Орбита"
 ықшамауданы (находится не в центре города, а на окраине) 10. Мұнда
 бәрі бар: (многоэтажные дома, магазины базар, кинотеатр "Байко-
 нур", мечеть, школы и лесские сады).

29-жаттығу. Дополните предложения информацией из текста

1 Алматы қаласы астанасы 2. Алматы
 қала 3 Алматыда өзендері бар
 4 ксң және түзу 5 Алматыда үй-
 лер, геатры, театры, ки-
 ногеатрлары, сарайы, сарайы,
 кешені. бар
 6. Қаланың орталығында 25 'Зангар'
 және бар 7. жақын.
 8 Алматы қаласында өте көп. 9. "Орбита" ықшам-
 ауданы 10 Мұнда бәрі бар
 , "Байқоңыр"
 және

30 жаттығу. Переведите на казахский язык

Город Алматы — это южная столица, бывшая столица Республи-
 ки Казахстан Это очень большой и красивый город Мои дом нахо-
 дится в этом городе В Алматы широкие и прямые улицы На этих
 улицах очень много машин, автобусов, троллейбусов, трамвасв. В
 Алматы есть многоэтажные дома, казахский театр драмы Ауэзова,

русский театр драмы Лермонтова, кинотеатры “Арман”, “Алатау”, “Байконур”, Дворец Культуры, Дворец Бракосочетания, Центральный спортивный комплекс, рестораны. 25-этажная гостиница, цирк, торговый дом “Зангар”, железнодорожный вокзал, аэропорт, мечети, центральная библиотека, учебные заведения и денгские сады. Реки Большая Алматинка и Малая Алматинка в центре города. Недалеко ледовый каток Медео.

31-жаттығу. а) Прочтите диалог и выучите его наизусть б) Вместо подчеркнутых слов вставьте свои и составьте новый диалог

- Кешіріңіз
- Иә, айтыңыз.
- Бұл қай көше?
- Жамбыл көшесі.
- Бұл Алматының орталығы ма?
- Иә, дұрыс.
- “Жетісу” қонақ үйі қай жерде?
- “Жетісу” қонақ үйі Абылай хан даңғылында.

32-жаттығу. Прочтите и запишите в тетрадь. Перескажите устно.

Менің мекен-жайым: Алматы қаласы, “Орбита” ықшамауданы, 24-інші үй, 76-ншы пәтер.

Сенің мекен-жайың: Қарағанды қаласы, Нүркен Әбдіров көшесі, 135-інші үй, 23-інші пәтер.

Сіздің мекен-жайыңыз: Ақмола облысы, Ақсу ауданы, Кеңес ауылы.

Оның мекен-жайы: Ақтау қаласы, 24-інші ықшамаудан, 12-нші үй, 37-інші пәтер.

Біздің мекен-жайымыз: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175.

Сендердің мекен-жайың: Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Абай ауылы, 8-інші үй.

Сіздердің мекен-жайыңыз: Алматы қаласы, Өйтеке би көшесі 18-інші үй, 73-інші пәтер.

Олардың мекен-жайы: Алматы қаласы, “Таугүл” ықшамауданы, 29-інші үй, 58-інші пәтер.

33-жаттығу. Письменно ответьте на вопросы.

1. Сіздің мекен-жайыңыз қандай? 2. Әке-шешеніздің мекен-жайы қандай? 3. Отбасыңыздың мекен-жайы қандай? 4. Жолдасыңыздың мекен-жайы қандай? 5. Атаңыздың мекен-жайы қандай? 6. Досыңыздың мекен-жайы қандай? 7. Жезденіздің мекен-жайы қандай? 8. Ағаңыздың мекен-жайы қандай? 9. Көршінің мекен-жайы қандай? 10. Менің мекен-жайым қандай?

34-жаттығу. Спросите своего собеседника, где живут его родственники. Затем ответьте на его вопросы устно

35-жаттығу. Поддержите разговор

— ?

— Иә, мынау — Абай даңғылы.

— ?

— Орталық спорт кешені өне, анда гүр. Сізге не керек еді?

—

— Жиырма бес қабатты қонақ үй Достық даңғылында. Сіз алпыс алғыншы автобуска мініңіз. Достық даңғылында түсіңіз.

* * *

— Сіздің үйіңіз қай жерде?

—

— “Орбита” ықшамауданы Алматының орталығында ма?

—

— Мұнда нелер бар?

—

— Мекен-жайыңыз қандай?

—

* * *

— Алматыда қандай театр, кинотеатрлар бар?

—

— Опера және балет театрына барайықшы.

—

— Бүгін сахнада не бар?

—

— Онда Аданның “Жизель” балетіне барайықшы.

— ?

— Иә, ал. Кешке сағат нешеде кездесейік?

—

— Онда көріскенше сау бол!

— !

36-жаттығу. Поговорите со своим собеседником о Вашем родном городе

37-жаттығу. Письменно составьте рассказ о Вашем городе

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

10-сабақ

Звук и.

И — в казахском языке дифтонг — передает два звука. В зависимости от твердости-мягкости слогов произносится твердо — и [ый] *жиналыс* [жыйналыс] “собрание”, *быыл* [быйыл] “в текущем году” или мягко — и [ий] *ине* [ийиә] “игла”, *жиен* [ж’ийеи] “племяник”

Родительный падеж имен существительных.

Собственные имена, обозначающие географические названия, употребляются перед теми словами, к которым относятся, а последние — в притяжательной форме III лица. При этом собственные имена, обозначающие географические на-


звания, в родительном падеже окончаний не принимаю: *Мәскеу- қаласы* "город Москва", *Еділ- өзені* "река Волга", *Абай- даңғылы* "проспект Абая"

Алматы қаласы –
Еділ өзені –

~~*Алматының қаласы*
Еділдің өзені~~

Служебные имена.

Служебные имена, сочетаясь с именем существительным в родительном падеже, образуют словосочетания, имеющие пространственное значение. При этом служебные имена употребляются только в притяжательной форме III лица и принимают падежные окончания. Служебные имена в местном падеже выполняют функцию предлогов и соответствуют русским предлогам *за, под, на, перед, у, внутри, возле, между, напротив* и т. д.



Склонение служебных имен будет рассматриваться позже в грамматической теме "Служебные слова" основного курса

11-САБАҚ

1. Фонетка: Дифтонг *и*.


2. Грамматика:

2.1. Притяжательная форма с суффиксами *-нікі, -дікі, -тікі*.

2.2. Настоящее время глагола. Простая форма настоящего времени.


3. Лексика: Наш дом.

1. ФОНЕТИКА, ДИФТОНГ *и*.



1-жаттығу. Прослушайте. Прочтите, обращая внимание на произношение дифтонга в твердых и мягких слогах.

ие	шие	иі	киіз	биле –	быыл
ине	бие	иіс	тиіс	киін	қиын
изе	тieme	иіл	киім	тиін –	тиын
ире	кieme	ир	киін	киіз –	қиғыз
иле	биле	иін	тиін	жиі	жиды
иек	жиен	жиі	киік	киік –	киық
ирек	жирен	биік	килік	киім –	киқым

 **2-жаттығу.** Прослушайте Прочтите, обращая внимание на произношение *и, ы, і*

ки — қы — кі	ин — ын — ін	бил — был — біл
ти — ты — ті	ит — ыт — іт	тис — гыс тіс
ши — шы — ші	ип — ып — іш	кир — қыр — кір
жи — жы — жі	ир — ыр — ір	тир — тыр — тір
би — бы — бі	ил — ыл — іл	бир — быр — бір
ди — ды — ді	ик — ық — ік	кит — қыт — кіт

3-жаттығу. Прибавьте окончания множественного числа. Найдите русские эквиваленты слов в словаре и запишите в тетрадь.

Би, шиеленіс, киім. биші, өдебиет, жидек, ие, модениет, нист, иіс, шие, иек, жиек, ирек, диірмен, тиін, биіктік, тәжірибе, билік, жиілік, икемділік, шикілік, бие, тиск, кимешек, иілік. бишік, тәрбие, киіз, ине, жиен, шикізат, бикеш, әскери, киік

4-жаттығу. Прибавьте окончания местного падежа *-де, -те*

Әскер, жиілік, кимешек, икемділік, биші, өдебиет, жидек, ие, модениет, иіс, шие, иек, ирек, диірмен, тиін, биіктік, тәжірибе, билік, жиек, бие, ит, тиск, иілік, шикілік, бишік, киім, горбие, киіз, ине, жиен, бикеш, шиеленіс, киік, ниет, би.

5-жаттығу. Поставьте глаголы в повелительное наклонение и прибавьте к ним отрицательные суффиксы Переведите на русский язык.

Образец: кию “надевать” — *ки “надевай” — киме “не надевай”.*

кию “надевать”	жию “убирать”
киіну “одеваться”	тәрбиелеу “воспитывать”
тию “касаться”	билеу “танцевать”
тиісу “задсвать”	биіктеу “выситься”
тиеу “грузить”	шиілену “завязаться в узел”
ниеттену “намереваться”	килігу “вмешиваться в чужие дела”
итеру “толкать”	иіскеу “нюхать”
иіру “прясть”	иілу “гнутья”
әлдилеу “убаюкивать”	

6-жаттығу. Составьте общие вопросы к подчеркнутым словам

Образец: Алматы қаласы — оңтүстік астана. — *Оңтүстік астана ма?*

1. Алматы қаласы — оңтүстік астана. 2. Менің үйім қаланың орталығында. 3. Алматының көшелері түзу және кең. 4. Әуесзов қазақ драма театры Абай даңғылында тұр. 5. Алматы қаласында ықшамаудандар өте көп. 6. Ораздың үйі “Орбита” ықшамауданында. 7. “Айнабулақ” ықшамауданы қаланың шетінде. 8. “Самал” ықшамауданы — әдемі ықшамаудан. 9. Әлияның үйі әуежайға жақын. 10. “Заңғар” сауда үйінде көп зат бар. 11. Қаланың орталығында 25 қабатты

қонақ үй түр. 12. Орталық спорт кешеніне барыңыздар. 13. Теміржол бекетінде мені күт. 14. Неке сарайында кездессің. 15. “Арман” “Алатау”, “Байқоңыр” кинотеатрларында өте жақсы фильм бар

7-жаттығу. Вставьте окончания родительного падежа там, где нужно и переведите на русский язык.

Алматы – Қазақстан... Республикасы... оңтүстік астана... Алматы. . көшелер... түзу және кең. Алматыда көп қабатты үйлер, мейрамханалар, дүкендер, қонақ үйлер, Мәдениет... сарай..., “Занғар”... сауда... үй..., теміржол... бекегі..., әуежай, орталық... кітапхана... және оқу... орындар . бар. Орталық спорт... кешен . , Неке... сарай..., Әуезов... театр..., Лермонтов... театр..., цирк Абай... даңғылында. “Арман”... кинотеатр..., “Алатау” кинотеатр..., “Искра”... кинотеатр... қала... орталық..., ал “Шұғыла”... кинотеатр..., “Сарыарқа”... кинотеатр..., “Байқоңыр”... кинотеатр... қала... шет... . Медеу... музей-дың... да қала... шет... . Қазақстан... байлық... мол. Алматы... қала... – менің туған қалам.

8-жаттығу. Составьте предложения, соблюдая порядок слов.

1. Мен, және, түзу, Алматының, кең, көшелері? 2. Қалам, және, Алматы, менің, туған, сүйікті. 3. Барайық, жаңа, көруге, ертең, фильмді. 4. Концертті, керек, жетісе, залында, концерт, Рымбаеваның, сағат, Роза, болуы. 5. Болуым, онында, келер, Астанада, керек, аптада, сәуірдің. 6. Үйде, керек, уақытта, қай, болуы, Шолпанның? 7. Кітаптар, қандай, кітапханада, бар, жаңа? 8. Оны, керек, қашан, қоруың, сенің? 9. Қаскелең, Меруерттің, екен, облысында, ауданында, туыстары, Алматы. 10. Тілін, керек, қазақ, жақсы, үйрену.

2.1. ПРИТЯЖАТЕЛЬНАЯ ФОРМА С СУФФИКСАМИ -нікі/-дікі/-тікі.

9-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык

1. Асанның кітабы үстелде жағыр. Бұл кітап – Асандікі. 2. Әселдің үйі үлкен. Үлкен үй – Әселдікі. 3. Сәуленің бөлмесі кішкентай. Кішкентай бөлме – Сәуленікі. 4. Меруерттің қаламы жақсы. Жақсы қалам – Меруерттікі. 5. Даниярдың оқулығы таза. Таза оқулық – Даниярдікі. 6. Мынау – кітапхананың кітабы. Мына кітап – кітапхананікі. 7. Анау – Жанардың суреті. Ана сурет – Жанардікі. 8. Мынау – институттың жатақханасы. Мына жатақхана – институттікі. 9. Әкемің газеті креслода жатыр. Мына газет – әкемдікі. 10. Сәбиттің ағасы аулада. Аға – Сәбиттікі. 11. Гауһардың әжесі – тамаша адам. Әже – Гауһардікі. 12. Ақынның өлеңі керемет. Мына керемет өлең – ақындікі.



После глухих согласных	-тікі	Қайрат-тікі, Меруерт-тікі
После гласных	-нікі	Жанна-нікі, Әмина-нікі
Во всех остальных случаях	-дікі	Әйгерім-дікі, Назым-дікі, Гауһар-дікі

10-жаттығу. Додағыте оқончания *-нікі, -дікі, -тікі* к следующым словам.

Образец: мұғалім – *мұғалімдікі*

а) мұғалім, асхана, кітапхана, мектеп, студент, оқушы, үй, бөлме, терезе, көпсе, қала, сынып, дәрісхана, жағакхана, театр, цирк, әуежай, теміржол бекеті, ықшамаудан, өзен, мұхит, теңіз, тау, дүкен, базар, балабақша.

ә) Жазира, Жапар, Кәрім, Салтанат, Әссел, Назым, Арман, Болат, Айжан, Әссем, Абылай, Гауһар, Абзал, Лоззат, Сәкен, Сәуле, Бану, Абай, Данияр, Дана, Балжан, Самат, Ермек, Ерлан, Нұржан, Анар, Әлия, Әсет, Күләш.

11-жаттығу. Ответьте на вопросы, используя слова в скобках.

Образец: Мына кітап кімдікі? (Мұғалім). – *Мұғалімдікі.*

1. Мына кітап кімдікі? (Мұғалім).
2. Ана үй кімдікі? (Марат).
3. Мына бала кімдікі? (Абзал).
4. Ана қалам кімдікі? (Оқушы).
5. Мына сурет кімдікі? (Немерссі).
6. Мына машина кімдікі? (Көрші).
7. Ана төрелке кімдікі? (Сәния).
8. Мына өлең кімдікі? (Абай).
9. Мына компьютер кімдікі? (Сәбит).
10. Мына жатақхана ненікі? (Университет).
11. Ана кітапхана ненікі? (Мектеп).



Единственное число	Множественное число
I. <i>мен</i> “я” – <i>менікі</i> “мой”	I. <i>біз</i> “мы” – <i>біздікі</i> “наш”
II. <i>сен</i> “ты” – <i>сенікі</i> “твой”	II. <i>сендер</i> “вы” – <i>сендердікі</i> “ваш”
<i>Сіз</i> “Вы” – <i>Сіздікі</i> “Ваш”	<i>Сіздер</i> “Вы” – <i>Сіздердікі</i> “Ваш”
III. <i>ол</i> “он” – <i>олікі</i> “его”	III. <i>олар</i> “они” – <i>олардікі</i> “их”

12-жаттығу. Ответьте на вопросы, используя местоимения

1. Мына кітап кімдікі? 2. Ана одемі үй кімдікі? 3. Мына бала кімдікі? 4. Ана қалам кімдікі? 5. Мына жатақхана ненікі? 6. Мына кітапхана ненікі? 7. Ана сурет кімдікі? 8. Мына үстел кімдікі? 9. Мына кереует кімдікі? 10. Мына орындық кімдікі? 11. Ана кесе кімдікі?

13-жаттығу. Переведите на казахский язык

а) 1. Это мой дом. – Этот дом – мой. 2. Та моя тетрадь. – Та тетрадь – моя. 3. Это институтское общежитие. – Это общежитие – института. 4. Это папина газета. – Эта газета моего папы. 5. Тот мой компьютер. – Тот компьютер – мой. 6. Это стихи Абая. – Эти стихи – Абая.

б) 1. Это чья комната? – Наша. 2. Этот учебник чей? – Моего друга. 3. Чьи это бумаги? – Армана. 4. Это книги Карлығаш? – Нет, Салтанат. 5. Чей тот компьютер? – Моего товарища. 6. Этот красивый ковер чей? – Моей мамы. 7. Чья книжная полка? – Марата. 8. Чья кровать? – Ваша. 9. Чьи книги? – Их. 10. Та парта чья? –

Его. 11. Чья машина? – Моя. 12. Это чья работа? – Меруерт. 13. Этот словарь чей? – Вашего учителя. 14. Чьи пиалы? – Наши.



14-жаттығу. Прослушайте, прочтите и выучите наизусть.

Менің ұлым – сенікі,
 Сенің ұлың – менікі,
 Ер туған ұл – сенікі,
 Бақытты біздің жердікі.

(Жамбыл)

2.2. НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ГЛАГОЛА. ПРОСТАЯ ФОРМА НАСТОЯЩЕГО ВРЕМЕНИ.

15-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык

1 Мен отырмын. – Мен үйде отырмын. – Мен үлкен үйде отырмын. 2. Сен отырсың. – Сен бөлмеде отырсың. – Сен жылы бөлмеде отырсың. 3. Сіз отырсыз. – Сіз дәрісханада отырсыз. – Сіз кең дәрісханада отырсыз. 4. Ол отыр. – Ол сыныпта отыр. – Ол таза сыныпта отыр. 5. Біз отырмыз. – Біз моншада отырмыз. – Біз ыстық моншада отырмыз. 6. Сендер отырсыңдар. – Сендер оқу залында отырсыңдар. – Сендер жарық оқу залында отырсыңдар. 7. Сіздер отырсыздар. – Сіздер мейрамханада отырсыздар. – Сіздер тамаша мейрамханада отырсыздар. 8. Олар отыр. – Олар асханада отыр. – Олар керемет асханада отыр.



Единственное число	Множественное число
I Мен отыр- <i>мын</i> “Я сижу”	I. Біз отыр- <i>мыз</i> “Мы сидим”
II. Сен отыр- <i>сың</i> “Ты сидишь”	II. Сендер отыр- <i>сыңдар</i> “Вы сидите”
Сіз отыр- <i>сыз</i> “Вы сидите”	Сіздер отыр- <i>сыздар</i> “Вы сидите”
III. Ол отыр-□ “Он (она) сидит”	III Олар отыр-□ “Они сидят”

16-жаттығу. Добавьте личные окончания глагола

1. Бала еденде отыр... 2. Мен жарық бөлмеде отыр... 3. Сіздер жатақханада отыр... 4. Сен далада отыр... 5. Біз дәрісханада отыр... 6. Сіз Асанда отыр... 7. Сендер төртінші қабатта отыр... 8. Олар институтта отыр... 9. Біз әуежайда отыр... 10. Олар кинотеатрда отыр... 11. Сіздер мейрамханада отыр... 12. Сендер балабақшада отыр..

17-жаттығу. Ответьте на вопросы простой формой настоящего времени

1. Сіз қайда отырсыз? 2 Балалар қайда отыр? 3. Сіздер жатақханада отырсыздар ма? 4. Әсетте кім отыр? 5. Дәрісханада кім отыр? 6. Сіздер әуежайда отырсыздар ма? 7 Сендер төртінші қабатта отырсыңдар ма? 8. Бала балабақшада отыр ма? 9. Теміржол бекетінде кім отыр? 10. Сіз мейрамханада отырсыз ба? 11. Сабақта кім отыр? 12. Сендер асханада отырсыңдар ма?

18-жаттығу. Возразите, используя слова в скобках

Образец: Сен әуежайда отырсың. (Сіз). — Мен емес, Сіз отырсыз.

1. Сен әуежайда отырсың. (Сіз). 2. Мен мейрамханада отырмын (Әсет). 3. Сіздер теміржол бекетінде отырсыздар. (Сендер). 4. Сен автобуста отырсың. (Мен). 5. Біз мұғалімде отырмыз. (Сіздер). 6. Сіз балабақшада оғырсыз. (Мен). 7. Сендер төртінші қабатта отырсыңдар. (Салтанат). 8. Олар институтта сабақта оғыр. (Сіздер) 9. Біз қазақ драма театрында отырмыз. (Олар). 10. Олар троллейбусқа отыр. (Біз). 11. Олжас үйде отыр. (Сіз). 12. Сендер орыс драма театрында отырсыңдар. (Сіздер).

19-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык.

1. Мен жүрмін. — Мен үйде жүрмін. — Мен көп қабатты үйде жүрмін. 2. Сен жүрсің. — Сен бөлмеде жүрсің. — Сен жылы бөлмеде жүрсің. 3. Сіз жүрсіз. — Сіз дәрісханада жүрсіз. — Сіз жарық дәрісханада жүрсіз. 4. Ол жүр. — Ол әуежайда жүр. — Ол жаңа әуежайда жүр. 5. Біз жүрміз. — Біз далада жүрміз. — Біз кең далада жүрміз. 6. Сендер жүрсіндер. — Сендер институтта жүрсіндер. — Сендер жақсы институтта жүрсіндер. 7. Сіздер жүрсіздер. — Сіздер жатақханада жүрсіздер. — Сіздер тамаша жатақханада жүрсіздер. 8. Олар жүр. — Олар теміржол бекетінде жүр — Олар керемет теміржол бекетінде жүр.



Единственное число	Множественное число
I. Мен жүр- <i>мін</i> “Я хожу”	I. Біз жүр- <i>міз</i> “Мы ходим”
II. Сен жүр- <i>сің</i> “Ты ходишь” Сіз жүр- <i>сіз</i> “Вы ходите”	II. Сендер жүр- <i>сіңдер</i> “Вы ходите” Сіздер жүр- <i>сіздер</i> “Вы ходите”
III. Ол жүр- <input type="checkbox"/> “Он (она) ходит”	III. Олар жүр- <input type="checkbox"/> “Они ходят”

20-жаттығу. Добавьте личные окончания глагола

1. Бала балабақшада жүр... . 2. Біз дүкенде жүр... . 3. Сіздер әуежайда жүр... . 4. Сендер далада жүр... . 5. Мен “Жетісу” қонақ үйінде жүр... . 6. Сіз “Занғар” сауда үйінде жүр... . 7. Сендер теміржол бекетінде жүр... . 8. Олар дүкендерде жүр... . 9. Біз “Тауіұл” ықшамауданында жүр... . 10. Мен орталық кітапханада жүр... . 11. Сіздер Мелеу мұзайдынында жүр... . 12. Сендер паркте жүр... .

21-жаттығу. Ответьте на вопросы простой формой настоящего времени

1. Сіз қайда жүрсіз? 2. Қыздар қайда жүр? 3. Сіздер дүкенде жүрсіздер ме? 4. Мелеу мұзайдынында кім жүр? 5. Институттың екінші қабатында кім жүр? 6. Сіздер әуежайда жүрсіздер ме? 7. Сендер “Айнабұлақ” ықшамауданында жүрсіндер ме? 8. Балалар паркте жүр ме? 9. Теміржол бекетінде кім жүр? 10. Сіз қай қонақ үйде жүрсіз? 11. Мен сауда үйінде жүрмін бе? 12. Біз қонақта жүрміз бе?

22-жаттығу. Возразите, вставив слова в скобках.

Образец: Сен әуежайда жүрсін. (Сіз). — Мен емес, Сіз жүрсіз.

1. Сен әуежайда жүрсін. (Сіз)
2. Мен дүкенде жүрмін. (Біз).
3. Сіздер Медеуде жүрсіздер. (Мен).
4. Сен далада жүрсін. (Олар).
5. Біз кітапханада жүрміз. (Олар).
6. Сіз паркте жүрсіз. (Мен).
7. Сендер төртінші қабатта жүрсіндер. (Сіздер).
8. Олар тауда жүр. (Біз).
9. Біз әуежайда жүрміз. (Олар).
10. Олар сауда үйінде жүр. (Сендер)
11. Сіз үйде жүрсіз. (Мен).
12. Сендер Жамбыл көшесінде жүрсіндер. (Біз).

23-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык.

1. Мен тұрмын. — Мен көшеде тұрмын. — Мен кең көшеде тұрмын.
2. Сен тұрсың. — Сен кітапханада тұрсың. — Сен жарық кітапханада тұрсың.
3. Сіз тұрсыз. — Сіз кинотеатрда тұрсыз. — Сіз жаңа кинотеатрда тұрсыз.
4. Ол тұр. — Ол аялдамада тұр. — Ол кішкентай аялдамада тұр.
5. Біз тұрмыз. — Біз үйде тұрмыз — Біз биік үйде тұрмыз.
6. Сендер тұрсындар. — Сендер банкіде тұрсындар. — Сендер ұлттық банкіде тұрсындар.
7. Сіздер тұрсыздар. — Сіздер мекемеде тұрсыздар. — Сіздер тамаша мекемеде тұрсыздар.
8. Олар тұр. — Олар кезекке тұр. — Олар үлкен кезекте тұр.



Единственное число	Множественное число
I. Мен тұр-мын “Я стою”	I. Біз тұр-мыз “Мы стоим”
II. Сен тұр-сың “Ты стоишь” Сіз тұр-сыз “Вы стоите”	II. Сендер тұр-сындар “Вы стоите” Сіздер тұр-сыздар “Вы стоите”
III. Ол тұр- □ “Он (она) стоит”	III. Олар тұр- □ “Они стоят”

24-жаттығу. Добавьте личные окончания глагола

1. Біз институтта тұр...
2. Сіз азық-түлік дүкенінде тұр...
3. Сіздер жаңа әуежайда тұр...
4. Сен далада тұр...
5. Мен “Анкара” қонақ үйінде тұр...
6. Сендер “Дана” сауда үйінде тұр...
7. Ол үйдің қасында тұр.
8. Олар қаланың орталығында тұр...
9. Біз “Жұлдыз” ықшамауданында тұр...
10. Мен орталық кітапханада тұр...
11. Сіздер өдемі сарайда тұр...
12. Сен қаланың шетінде тұр..

25-жаттығу. Ответьте на вопросы простой формой настоящего времени.

1. Сіз қайда тұрсыз?
2. Балалар қайда тұр?
3. Сіздер дәріханада тұрсыздар ма?
4. Мейрамханада кім тұр?
5. Үйдің үшінші қабатында кім тұр?
6. Сіздер теміржол бекетінде тұрсыздар ма?
7. Сендер қай ықшамауданда тұрсындар?
8. Бәғима кезекте тұр ма?
9. Үйдің алдында кім тұр?
10. Сіз жарық бөлмеде тұрсыз ба?
11. Мен сауда үйінде тұрмын ба?
12. Біз қай көшеде тұрмыз?

26-жаттығу. Возразите, вставив слова в скобках

Образец: Сен кезекте тұрсың. (Сіз) — Мен емес, Сіз тұрсыз.

1. Сен кезекте тұрсын. (Сіз)
2. Біз әуежайда тұрмыз. (Сіздер)
3. Сіздер Медеуде тұрсыздар. (Мен)
4. Сен көшеде тұрсын. (Олар)
5. Мен кітапханада тұрмын. (Ол)
6. Сіз мектепте тұрсыз. (Сен)
7. Сендер бесінші қабатта тұрсындар. (Сіздер)
8. Олар сауда үйінде тұр. (Біз)
9. Біз үйдің алдында тұрмыз. (Олар)
10. Олар базарда тұр. (Сендер)
11. Сіз театрда тұрсыз. (Мен)
12. Сендер балабақшада тұрсындар. (Ол)

27-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык

1. Мен жатырмын. – Мен үйде жатырмын. – Мен үлкен үйде жатырмын. 2. Сен жағырсың. – Сен кереуетте жатырсың. – Сен кең кереуетте жағырсың. 3. Сіз жатырсыз. – Сіз қонақ үйде жатырсыз. – Сіз тамаша қонақ үйде жатырсыз. 4. Ол жатыр. – Ол жатақханада жатыр. – Ол төрт қабатты жатақханада жатыр. 5. Біз жатырмыз. – Біз диванда жатырмыз. – Біз әдемі диванда жатырмыз. 6. Сендер жатырсындар. – Сендер еденде жатырсындар. – Сендер суық еденде жатырсындар. 7. Сіздер жатырсындар. – Сіздер кілемде жағырсындар. – Сіздер жылы кілемде жатырсындар. 8. Олар жатыр. – Олар бөлмеде жатыр. – Олар жеке бөлмеде жатыр.



Единственное число	Множественное число
I. Мен жатыр- <i>мын</i> “Я лежу”	I. Біз жатыр- <i>мыз</i> “Мы лежим”
II. Сен жатыр- <i>сың</i> “Ты лежишь” Сіз жатыр- <i>сыз</i> “Вы лежите”	II. Сендер жатыр- <i>сындар</i> “Вы лежите” Сіздер жатыр- <i>сыздар</i> “Вы лежите”
III. Ол жатыр- <input type="checkbox"/> “Он (она) лежит”	III. Олар жатыр- <input type="checkbox"/> “Они лежат”

28-жаттығу. Добавьте личные окончания глагола.

1. Бала балабақшада жатыр... . 2. Біз диванда жатыр... . 3. Сіздер еденде жатыр... . 4. Сендер кереуетте жатыр... . 5. Мен “Жетісу” қонақ үйінде жатыр... . 6. Сіз әке-шешеніңіздің үйінде жатыр... . 7. Сендер шопте жатыр... . 8. Олар ауруханада жатыр... . 9. Біз жерде жатыр... . 10. Мен креслода жатыр... . 11. Сіздер кең бөлмеде жатыр... . 12. Сендер кілемде жағыр...

29-жаттығу. Ответьте на вопросы простой формой настоящего времени.

1. Сіз қайда жатырсыз? 2. Бала қайда жатыр? 3. Сіздер қонақ үйде жағырсындар ма? 4. Кереуетте кім жатыр? 5. Институттың жатақхана-сында кім жатыр? 6. Сіздер диванда жағырсындар ма? 7. Сендер еденде жатырсындар ма? 8. Балалар кілемде жатыр ма? 9. Креслода кім жатыр? 10. Сіз қай бөлмеде жатырсыз? 11. Мен қайда жатырмын?

30-жаттығу. Возразите, вставив слова в скобках

Образец: Сен диванда жатырсың. (Сіз) – Мен емес, Сіз жатыр-сыз.

1. Сен диванда жатырсың. (Сіз)
2. Мен жерде жатырмын. (Біз)
3. Сіздер кереуетте жағырсындар (Мен)
4. Сен еденде жатырсың

(Олар). 5 Біз кілемде жатырмыз. (Олар). 6 Сіз жарық бөлмеде жатырсыз. (Мен). 7 Сен төртінші қабатта жатырсың. (Сендер). 8 Олар жатақханада жатыр. (Біз) 9. Біз шөпте жатырмыз. (Ол). 10. Олар ауруханада жатыр. (Сендер). 11. Сіз керемет қонақ үйде жатырсыз. (Мен). 12 Сендер үйде жатырсындар. (Біз).

31-жаттығу. Заполните пропуски

1. Мен ... жүрмін. 2. Мұрат және Болат . отыр. 3 Бала .. жатыр. 4. Сен ... тұрсың. 5 Біз ... жатырмыз 6. Сіздер . отырсындар. 7. Мен ... отырмын. 8 Сіз ... тұрсыз. 9. Марат .. жүр. 10. Сендер . жатырсындар. 11 Әже ... отыр. 12. Ата ... жатыр.

32-жаттығу. Составьте предложения, используя слова таблицы

Образец: *Мен бөлмеде отырмын.*

Мен	бөлме, үй, орындық, бастық, асхана,	отыр... жатыр... .
Сен	әуежай, спорт кешені, парк, дәрісхана,	
Сіз	институт, оқу залы, мектеп, бөлме,	
Ол	жатақхана, кереует, сынып, орындық	
Біз	сынып, тасіржол бекеті, сен, жиналыс,	тұр... жүр... .
Сендер	орталық кітапхана, университет, мен,	
Сіздер	Сіз, сауда үйі, драма театры, Медеу	
Олар	мұзайдыны, дүкен, балабақша, диван	

3. ЛЕКСИКА: НАШ ДОМ.



33-жаттығу. Прослушайте и прочтите текст

Біздің үйіміз

Біздің үй Алматы қаласында, Абаи даңғылында. Нөмірі алтыншы, тоғыз қабатты үй – біздікі. Ол жеке меншік үй емес, қазыналық үй. Біздің пәтеріміз төртінші қабатта. Пәтеріміздің үш бөлмесі бар

Кіре бөрісте кең, үлкен дәліз бар. Бірінші және ең үлкен бөлме – төрті (қонақ) бөлме. Төрті бөлменің үлкен бір терезесі бар. Терезеде әдемі перде ілулі тұр. Төрті бөлменің оң жағында екі кресло, бұрышта теледидар тұр. Қабырғада кілем ілулі тұр. Төрті бөлменің сол жағында диван және журнал үстелі тұр. Қабырға жиһазы да осында. Қабырға жиһазында кітаптар және қымбат ыдыс-аяқтар тұр. Қабырға жиһазының үстінде үстел сағаты тұр Төрті бөлменің едені – паркет. Паркеттің үстінде әдемі кілем жатыр. Ортада үлкен дөңгелек үстел, сегіз орындық тұр.

Екінші бөлме – әке-шешемдікі. Ол жағын бөлме. Мұнда екі кереует, екі тумба, үлкен үш есіккі шифоньер және үлкен айна (трюмо) тұр.

Үшінші кішкене бөлме – менікі. Бөлмеде екі кереует, гардероб, жазу үстелі, бір орындық бар. Үстелде калькулятор, өшіргіш,

қалам, қарындаштар, кітап және дәптерлер жатыр. Компьютер, кітап сөресі де осында. Онда оқулықтар, көркем әдебиеттер тұр.

Ас үйде ас үй жиһазы бар. Онда ыдыс-аяқтар тұр. Тоназытқыш, мұздатқыш та осында.

Жуынатын бөлмесі, өжетханасы бөлек. Бөлмелер оңаша, өте қолайлы. Телефонымыз да бар.

Ағамның үйі — жске меншік үй. Үйі — екі қабатты, сегіз бөлмелі. Ауалары кең. Гаражы, моншасы, алма бағы да бар. Жазда өте қолайлы.



Сөздік

даңғыл — проспект
жеке меншік — частный
қазыналық — государственный
пәтер — квартира
кіре берісте — у входа
дәліз — прихожая
төргі (қонақ) бөлме — гостиная
оң жағында — справа
сол жағында — слева
қабырға жиһазы — стенка
қымбат — дорогой
ыдыс-аяқ — посуда
үстінде — на, наверху
дөңгелек — круглый

жатын бөлме — спальня
әдебиет — художественная литература
ас үй — кухня
жиһаз — мебель
тоназытқыш — холодильник
мұздатқыш — морозильник
жуынағын бөлме — ванная
бөлек — раздельный
оңаша — изолированный
қолайлы — удобный
аула — двор
монша — баня
алма бағы — яблоневый сад

34-жаттығу. Составьте предложения, используя слова таблицы

1	Біздің үй Ағамның үйі Әке-шешемнің үйі Жолдасымның үйі Досымның үйі	Абай даңғылында, Төле би көшесінде, Қарағандыда, Атырау қаласында, “Көктем” ықшамауданында, қаланың орталығында, қаланың шетінде, ауылда, Ақсу ауданында, қалада	
2	Біздің үй Ағамның үйі Әке-шешемнің үйі	жеке меншік үй, қазыналық үй, үлкен тоғыз қабатты үй, бес қабатты үй, екі қабатты үй, өте әдемі үй.	
3	Біздің үйімізде Ағамның үйінде Төргі бөлмеде Әке-шешемнің бөлмесінде Менің бөлмеде Ас үйде Жатын бөлмеде Жуынатын бөлмеде Кіре берісте	кілем, перде, сурет, монша, журнал үстелі, үстел сағаты, кресло, айна, телефон, сегіз орындық, кереует, гараж, ас үй жиһазы, жазу үстелі, үш есікті шифоньер, қабырға жиһазы, кітап сөресі, шкаф, теледидар, диван, алма бағы, дөңгелек үстел, гардероб, компьютер, тоназытқыш, мұздатқыш.	тұр. жатыр. ілулі тұр бар. жоқ.

35-жаттығу. Выпишите из текста слова, стоящие в прилагательной форме и объясните способы их образования

36-жаттығу. Ответьте на вопросы по тексту

1. Біздің үй қайда? 2. Бұл қазыналық үй ме, жеке меншік үй ме? 3. Пәтеріміздің неше бөлмесі бар? 4. Кіре берісте не бар? 5. Торғи бөлмеде нелер тұр? 6. Төргі бөлменің едені қандай? 7. Паркеттің үстінде не жатыр? 8. Екінші бөлме кімдікі? Онда нелер тұр? 9. Үшінші бөлме кімдікі? Онда нелер тұр? 10. Ас үйде нелер бар? 11. Жуынатын бөлмесі, өжетханасы бөлек пе? 12. Ағамның үйі қандай? Онда нелер бар?

37-жаттығу. Переведите на казахский язык

Государственный дом, частный дом, девятиэтажный дом, квартира, у входа, прихожая, гостиная, телевизор, справа, слева, журнальный столик, мебельная стенка, дорогая посуда, настольные часы, круглый стол, спальня, трехстворчатый шифоньер, письменный стол, художественная литература, кухня, кухонная мебель, холодильник, морозильник, ванная, туалет, изолированные, удобный, двор, баня, яблоневый сад.

38-жаттығу. Переведите словосочетания в скобках и прочтите предложения

Біздің үй (в городе Алматы, на проспекте Аблай хана). Үлкен тоғыз қабатты (государственный дом) – біздікі. Біздің үйдің (две комнаты) бар. (У входа) кең, үлкен (прихожая) бар. (В гостиной) үлкен терезесі бар. Терезеде (висят красивые шторы). (Справа) диван, сол жақта (стенка) тұр. Ортада (большой круглый стол), алты орындық. (В углу) теледидар тұр. Қабырғада (висит картина). Екінші бөлме – (спальня). Онда (две кровати, трехстворчатый шифоньер, трюмо) тұр. Ас үйде (кухонная мебель, холодильник, морозильник, круглый стол и четыре стула) бар. Бөлмелер (изолированные, очень удобные). (Наша квартира) таза және кең.

39-жаттығу. Заполните пропуски

1. Біздің үй .. . 2. ... – біздікі. 3. ... – жеке меншік үй 4. .. – кең, үлкен дәліз бар. 5. Бірінші және ең үлкен бөлме – 6. .. төртінші қабатта. 7. Терезеде 8. Оң жағында ... , сол жағында 9. Қабырғада .. , еденде 10. Әке-шешемнің бөлмесінде .. . 11. Менің бөлмеде 12. Үстелде ... , кітап сөресінде .. . 13. Ас үйде 14. Ағамның үйі ... 15. ... кең. 16. .. да бар.

40-жаттығу. Прочтите и ответьте на вопросы.

1. Менің үйім қалада. Ал сенің үйің қайда? 2. Менің үйім – тоғыз қабатты қазыналық үй. Ал сенің үйің қандай? 3. Менің пәтерім бесінші қабатта. Ал сенің пәтерің нешінші қабатта? 4. Біздің пәтерімізде үш бөлме бар. Ал сендердің пәтеріңде неше бөлме бар? 5. Біздің үйіміздің ас үйі, дәлізі кең, бөлмелері оңаша, жуынатын бөлмесі және өжетханасы бөлек. Ал сендердің пәтеріңде қандай? 6. Біздің пәтер оңтүстік жақта, жылы, таза, өте қолайлы. Ал сендердің пәтерің қандай?

41-жаттығу. Переспросите подчеркнутые слова, как будто Вы не расслышали.

Образец: Біздің үй “Ақсай” ықшамауданында. – “Ақсай” ықшам-ауданында ма?

1 Біздің үй “Ақсай” ықшамауданында. 2. Біздің үй – тоғыз қабатты, қазыналық үй. 3. Пәтеріміздің үш бөлмесі бар. 4. Кіре берісте үлкен дәліз. 5. Бөлмелер оңаша, өте қолайлы. 6. Төргі бөлме кең. 7. Едені – паркет. 8. Екінші бөлме кіші. 9. Үшінші бөлме – менікі. 10. Ас үйде ас үй жиһазы, тоңазытқыш, мұздатқыш бар. 11. Жуына-тын бөлмесі, ожетхашасы бөлек. 12. Ағамның үйі – екі қабатты, сегіз бөлмелі үй. 13. Ағамның үйінде гараж бар.

42-жаттығу. Возразите Вашему собеседнику

Образец: Сіздің үй – жеке меншік үй. – *Жоқ, дұрыс емес. Біздің үй – қазыналық үй.*

1 Сіздің үй – жеке меншік үй. 2. Болаттың үйінің нөмірі – алты. 3. Пәтеріңіздің бір бөлмесі бар. 4. Кіре берісте дәліз бар. 5. Төргі бөлмеде терезе жоқ. 6. Төргі бөлмеде екі кресло тұр. 7. Паркеттің үстінде әдемі сурет жазыр. 8. Төргі бөлмеде ас үй жиһазы тұр. 9. Ас үйде кітап сөресі ілулі тұр. 10. Үйіңізде монша бар.

43-жаттығу. Прочтите диалог и выучите его наизусть.

– Сәлем, Ержан!

– Сәлем! Сенің үйің осында ма?

– Менің пәтерім ана тоғыз қабатты қазыналық үйде.

– Солай ма? Жаңа үй ме?

– Иә, жаңа. Менің пәтерім төртінші қабатта.

– Неше бөлмелі?

– Үш бөлмелі. Бөлмелері оңаша, өте қолайлы.

– Көрейкіші.

– Жүр, қонақ бол.

– Рақмет.

44-жаттығу. Составьте собственные диалоги, используя ситуации а) Ваш друг переехал недавно на новую квартиру; б) Ваш друг впервые пришел к Вам домой

Используйте выражения

Жоғары шық.

– Проходи.

Құтты қонақ бол.

– Будь почетным гостем.

Шақырғанына рақмет.

– Спасибо за приглашение.

Тағы да кел.

– Приходи еще.

Шын ықыласпен.

– С удовольствием.

45-жаттығу. Письменно опишите а) свою квартиру, б) квартиру своего друга и т.д.

Звук и.

И – в казахском языке дифтонг – передаст два звука. В зависимости от твердости-мягкости слогов произносится твердо – и [ый] *жиналыс* [жыйналыс] “собрание”, *был* [быылт] “в текущем году” или мягко – и [ий]. *ине* [ийн’э] “игла”, *жиен* [ж’ийен] “племянник”.

Притяжательная форма с суффиксами -нікі/-дікі/-тікі.

В казахском языке существует притяжательная форма с суффиксами *-нікі/-дікі/-тікі*, которая не имеет аналогов в русском языке. Например: *Мына үй – біздікі* “Этот дом – наш” *Мына кітап баланыкі* “Эта книга – мальчика”.

Как видно из примеров, данные суффиксы присоединяются к основе, независимо от твердости-мягкости слога. Варьирование суффиксов зависит только от конечного звука основы. Владелец предмета при этом следует за предметом обладания.

После глухих согласных	-тікі	<i>Қайрат-тікі, Меруерт-тікі</i>
После гласных	-нікі	<i>Жанна-нікі, Әмина-нікі</i>
Во всех остальных случаях	-дікі	<i>Әйгерім-дікі, Назым-дікі, Гауһар-дікі</i>

Аналогичное явление наблюдается и в английском языке, где притяжательные местоимения имеют 2 формы. Ср. It is our pen “Это наша ручка” – This pen is ours “Эта ручка – наша” It is my house. “Это мой дом” – The house is mine, “Этот дом – мой”

Настоящее время глагола. Простая форма очевидного настоящего времени.

В казахском языке имеется 2 формы настоящего времени: 1) собственно-настоящее или очевидное настоящее время, 2) переходное настоящее время. О нем мы поговорим позже.

Собственно-настоящее время имеет 2 формы *простую и сложную*. Простая форма образуется только от четырех глаголов *отыру* “сидеть”, *жату* “лежать”, *туру* “стоять”, *журу* “идти, ходить”, к которым прибавляются личные окончания

Спряжение глагола *отыру* в настоящем времени

Единственное число	Множественное число
I. Мен отыр-мын “Я сижу”	I Біз отыр-мыз “Мы сидим”
II Сен отыр-сың “Ты сидишь” Сіз отыр-сыз “Вы сидите”	II Сендер отыр-сыңдар “Вы сидите” Сіздер отыр-сыздар “Вы сидите”
III Ол отыр- □ “Он (она) сидит”	III Олар отыр- □ “Они сидят”

Спряжение глагола *жату* в настоящем времени

Единственное число	Множественное число
I. Мен жатыр-мын “Я лежу”	I. Біз жатыр-мыз “Мы лежим”
II Сен жатыр-сың “Ты лежишь” Сіз жатыр-сыз “Вы лежите”	II Сендер жатыр-сыңдар “Вы лежите” Сіздер жатыр-сыздар “Вы лежите”
III Ол жатыр- □ “Он (она) лежит”	III Олар жатыр- □ “Они лежат”

Спряжение глагола *туру* в настоящем времени

Единственное число	Множественное число
I Мен <i>түр-мын</i> “Я стою”	I Біз <i>түр-мыз</i> “Мы стоим”
II Сен <i>түр-сың</i> “Ты стоишь” Сіз <i>түр-сыз</i> “Вы стоите”	II Сендер <i>түр-сыңдар</i> “Вы стоите” Сіздер <i>түр-сыздар</i> “Вы стоите”
III Ол <i>түр- □</i> “Он (она) стоит”	III Олар <i>түр- □</i> “Они стоят”

Спряжение глагола *журу* в настоящем времени

Единственное число	Множественное число
I Мен <i>жүр-мін</i> “Я хожу”	I Біз <i>жүр-міз</i> “Мы ходим”
II Сен <i>жүр-сің</i> “Ты ходишь” Сіз <i>жүр-сіз</i> “Вы ходите”	II Сендер <i>жүр-сіңдер</i> “Вы ходите” Сіздер <i>жүр-сіздер</i> “Вы ходите”
III Ол <i>жүр- □</i> “Он (она) ходит”	III Олар <i>жүр- □</i> “Они ходят”

Примечания

1. В III лице единственного и множественного числа окончания нет (нулевое окончание -- □)
2. II лицо единственного и множественного числа имеет форму вежливости
3. В казахском языке нет грамматической категории рода. Личное местоимение III лица единственного числа соответствует русскому “он, она, оно” (Ср. нем. er, sie, es, англ. he, she, it.)
4. Гласные окончания изменяются по законам сингармонизма: *-сыз/-сіз, -сың/-сің* и т. д.

12-САБАҚ

1. Фонетика: Интонация.
2. Грамматика: Сложная форма очевидного настоящего времени.
3. Лексика: На уроке казахского языка.

1. ФОНЕТИКА: ИНТОНАЦИЯ.

 1-жаттығу. Прослушайте. Прочтите предложения с пониженным тоном.

а/ Мынау – Сәбиттің бөлмесі. Оның бөлмесі жатақхананың екінші қабағында. Сәбиттің бөлмесі онша үлкен емес, бірақ кең, жарық және таза. Бөлмеде көп зат жоқ: бір кереует, үстел және екі орындық бар. Қабырғада кітап сөресі ілулі түр. Кітап сөресінде кітаптар, оқулықтар, дәптерлер тұр.

ә/ Келіңіздер, отырыңыздар! Қонақ болыңыздар! Заттарды мыңда қойыңыздар! Марат, сен жүгір. нан әкел! Сен, Әлия, шай қой! Сендер тамақ әзірлеңдер! Сіздер теледидар көріңіздер, демалыңыздар! Балалар дастарқан жасасын! Ал Сіздер әңгіме айтыңыздар. Құтты қонақ болыңыздар!

б/ Қазақстанда неше облыс бар? Қазақстанның астанасы не? Қазақстанда қандай көлдер бар? Қазақстанның таулары қандай? Қазақстанның өзендері қайда? Арал теңізі Қазақстанның қай жерінде?

 **2-жаттығу.** Прослушайте Прочтите предложения с повышенным тоном

Ермектің туған жылы бір мың тоғыз жүз сексен жетінші жыл ма? Туған күні қыркүйектің жиырма бесі ме? Ертең желтоқсанның отыз бірі ме? Бүгін дсмалыс күні ме, жұмыс күні ме? Наурыздың жиырма екісі мейрам ба? Ермек университетте студент пе? Үйі Талдықорғанда ма?

3-жаттығу. Спишите Расставьте интонацию и ударение и прочтите вслух, соблюдая правильную интонацию

Мынау — Алматы. Кошселері түзу, кең және таза. Алматы өте әдемі қала. Алматыда тамаша, көп қабатты үйлер өте көп. Бүгін күн жақсы. Мынау — Толе би көшесі. Көшеде автобустар, трамвайлар, машиналар көп.

- Кешіріңіз, «Алатау» кинотеатры қайда?
- Әне, ана көшеде.
- Солай ма? Анау «Алатау» кинотеатры ма?
- Иә. Тура барыңыз
- Рақмет. Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

4-жаттығу. Дополните предложения

1 Меруерт (қайда?) отыр. 2. Біз ертең (қайда?) сөйлейік. 3. Марал (қайда?) тамақ пісірсін 3. Мен газетті (қайда?) оқиын. 4. Сен (қайда?) мұғалімді тыңда. 5 Балалар (қайда?) коньки тепсін. 6 Біз (қайда?) үй тапсырмасын орындайық. 7. Сіз (қайда?) демалыңыз. 8. Біздің (қайда?) төрт бөлмеміз бар төрті бөлме, ұйықтайтын (жағын) бөлме, балалар бөлмесі және әженің бөлмесі. 9. Сен (қайда?) жұмыс істе, (қайда?) жұмыс істеме. 10. (қайда?) әдемі үйлер өте көп. 11 (қайда?) жаңа фильм жоқ. 12. Біз теледидарды (қайда?) көрейік. 13. Мен сені (қайда?) күтейін.

5-жаттығу. Измените предложения, придав дополнению более конкретный характер

Образец: *Кітап оқы. — Мына кітапты оқы.*

1. Жүр, спорт кешенінде жарыс көрейік. 2. Жексенбіде қонақ шақырайық. 3. Оқушылар сенбі күні көше сыпырсын. 4. Жаттығу жасаңдар (орындандар). 5 Мейрамханада той жасасын. 6. Бүгін мен машина жүргізейін. 7. «Заңғар» сауда үйіне бар, көйлек ал. 8. Темекі қою ксерек. Темекі зиянды. 9. Денсаулық сақта. Денсаулық — зор байлық. 10. Босқа уақыт өткізбе.

6-жаттығу. Вставьте окончания там, где нужно и переведите на русский язык Письменно ответьте на вопросы

Қазақстан... астана .. не? Ресей.. астана... не? АҚШ... астана. . не? Пестропавл... қала... Қазақстан... қай жерінде? Мичиган. . көл.. қай мемлекетте? Бурабай.. көл... Қазақстан... қай облысында? Нарынқол... аудан... Қазақстан... қай облысында? Памир .. тау... қайда?

Лена. . өзен... қай мемлекетте? Каспий .. теңіз... қай мемлекеттерде?
Үнді... мұхит... қай жерде? «Жетісу»... ықшамаудан... Алматы... қай
жерінде? «Байқоңыр»... кинотеатр... Алматы . қай ықшамауданында?
Алматы... кошелер... қандай?

7-жаттығу. а/ Закончите предложения б/ Письменно составьте свои собственные предложения

1. Арман... қаламы менде. Мына қалам – 2. Әйгерім... үйі мынау. Мына үй – 3. Ораз... мектебі әдемі. Мына әдемі мектеп – .. . 4. Максат. . мекемесі қаланың шетінде. Мына мекеме – 5. Анар... ата-анасы – егде адамдар. Мына егде адамдар – 6. Анау – институт... кітапханасы. Мына кітапхана – 7. Анау Әссел... сыныбы. Ана сынып – 8. Университет... студенттері қазақ тілі сабағында. Мына студенттер – .. 9. Әкем... соңғы кітабы керемет. Мына керемет кітап – . 10. Ләззат... әжесі – тамаша адам. Мына тамаша әже – ... 11. Абай... өлендері тамаша. Мына тамаша өлендер – . . 12. Шешесі... шәлісі диванда жатыр. Мына шәлі –

8-жаттығу. а/ Прочтите и начертите схему расположения объектов б/ Опишите местонахождение Вашего дома и нарисуйте схему

Ауылдың орталығында біздің үйіміз бар. Біздің үй – жолдың үстінде. Үйіміздің алдында екі ағаш тұр. Ағаштың арасында жіп ілулі тұр, түбінде кішкентай орындық бар. Орындықтың астында мысық жатыр, үстінде шелек тұр. Үйдің сыртында балалар жүр. Мектеп – біздің үйіміздің қарсысында, ал артында көп үй тұр. Мектептің қасында балабақша, балабақшаның жанында дүкен бар. Дүкеннің ішінде адамдар онша көп емес.

9-жаттығу. Трансформируйте предложения, используя местоимения в скобках и изменив информацию

1. Мен дәрісханада терезенің қасында отырмын. (Сіз). 2. Біз дүкеннің жанында тұрмыз (Сендер). 3. Берік театрдың алдында тұр. (Сен). 4. Сара орындықтың үстінде отыр. (Сіздер). 5. Балалар үйдің алдында жүр. (Мен). 6. Жомарт екі егде адамның арасында отыр. (Біз). 7. Бала кереуеттің шетінде жатыр. (Сен). 8. Біз орманның ішінде жүрміз. (Сіздер). 9. Шешем үйдің артында жүр. (Сендер). 10. Болат пештің түбінде жатыр. (Сен). 11. Біз мектептің қарсысында тұрмыз. (Сіз). 12. Бала кереуеттің үстінде жатыр. (Сендер).

2. ГРАММАТИКА: СЛОЖНАЯ ФОРМА ОЧЕВИДНОГО НАСТОЯЩЕГО ВРЕМЕНИ.

10-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык. Спишите и подчеркните глаголы в сложном настоящем времени

Бүгін желтоқсанның бесі, жексенбі. Бүгін бізде демалыс күні. Біз бүгін жатақханада отырмыз. Самат, Берік, Кәрім Медеуде коньки теуіп жүр. Жанболат және Айжан кинотеатрда отыр. Әйгерім және Арман шай ішіп отыр

Мен жатақханада қыдырып жүрмін. Міне, мынау – Сәбиттің бөлмесі. Сәбит кереуетте жатыр.

– Сәбит, не істеп жатырсың?

– Газет, журнал оқып жатырмын.

Мынау – Әділ және Үсеннің бөлмесі.

– Сендер не істеп отырсыңдар?

– Теледидар көріп отырмыз.

– Не көріп отырсыңдар?

– «Тамаша» бағдарламасын көріп отырмыз

Мынау – Әлияның бөлмесі

– Кіруге рұқсат па?

– Рұқсат. Кел, жоғары шық.

– Әлия, сен не істеп жатырсың?

– Қонақтарға дастарқан жасап жатырмын. Мынау менің ағам Төлеген және оның жолдасы Ермек. Ал мынау – Нұржан. Институтта бір курста оқып жүрміз.

– Сәлеметсіздер ме? Төлеген аға, Сіз не істеп отырсыз?

– Сәлемет пе? Мен және жолдасым кітап оқып отырмыз.

– Қандай кітап оқып отырсыздар?

– Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романын оқып отырмыз

– Мен қайтайын. Досыма барайын. Далада күтіп тұр.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен жаз-ып отыр-мын «Я пишу»	I. Біз жаз-ып отыр-мыз «Мы пишем»
II. Сен жаз-ып отыр-сың «Ты пишешь» Сіз жаз-ып отыр-сыз «Вы пишете»	II. Сендер жаз-ып отыр-сыңдар «Вы пишете» Сіздер жаз-ып отыр-сыздар «Вы пишете»
III. Ол жаз-ып отыр- □ «Он (она) пишет»	III. Олар жаз-ып отыр- □ «Они пишут»

11-жаттығу. Проспрягайте глаголы в сложном настоящем времени. Объясните способ их образования

Көру, тыңдау, оқу, істеу.

12-жаттығу. Сделайте разбор глаголов сложного настоящего времени.

Образец: күлің отырмыз: күл – корень смыслового глагола «сметься», -іп – суффикс деепричастия, отыр – вспомогательный глагол; -мыз – личное окончание I лица, мн. ч.

Көріп отырмыз; коньки теуіп жүрміз; шай ішіп отырсыздар; ұйықтап жатыр; күтіп тұр; қыдырып жүрмін; оқып жатырсың; жасап жатырсыз; билеп жүрмін.

13-жаттығу. Прочтите предложения. Поставьте их во множественное число и переведите на русский язык

Образец: Мен институтта оқып жүрмін. — *Біз институтта оқып жүрміз. «Мы учимся в институте».*

1. Мен институтта оқып жүрмін.
2. Студент хат оқып отыр.
3. Сен диванда ұйықтап жатырсың.
4. Мен қайда қарап тұрмын?
5. Сен еденді сүртіп жатырсың.
6. Сіз бүгін емтиханға дайындалып жағырсыз.
7. Сіз терезені жуып тұрсыз.
8. Сен демалыс күні паркте қыдырып жүрсің.
9. Мен еденді сыпырып жатырмын.
10. Ол билеп жүр.
11. Сен ойнап жүрсің.
12. Сіз дәлізде сөйлесіп тұрсыз.
13. Мен креслода демалып отырмын.
14. Серік қызын күтіп тұр.

14-жаттығу. Составьте предложения по образцу, используя данные внизу слова

Образец: *Мен институтта оқып жүрмін.*

1. Мен ... оқып жүрмін.
2. Берік ... көріп отыр.
3. Сендер ... ұйықтап жатырсындар.
4. Мен паркте ... қарап тұрмын.
5. Сендер ... сүртіп жатырсындар.
6. Сіздер бүгін ... тапсырып жүрсіздер.
7. Сіз ... тазалап тұрсыз.
8. Сендер демалыс күні ... қыдырып жүрсіңдер.
9. Біз ... сыпырып жатырмыз.
10. Мен .. оқып жатырмын.
11. Сіздер ... ұйықтап жатырсыздар.
12. Біз дүкенде ... іздеп жүрміз.
13. Мен ... демалып отырмын.
14. Серік ... күтіп отыр.
15. Сен ... жазып отырсың.

Керекті сөздер (нужные слова): мектеп, кітап, сабақ, институт, хат, газет, роман, журнал, әңгіме, мақала, теледидар, сурет, кино, футбол, үй, керуует, еден, диван, бөлме, сынып, дәрісхана, пәтер, тәрелке, ыдыс-аяқ, кеселер, емтихан, сабақ, дала, аула, Медеу мұзайдыны, жинолыс, коридор, балабақша, әуежай, теміржол бекеті, дүкен, дәліз, кіре беріс, төргі бөлме.

15-жаттығу. Закончите предложения

1. Мен кітап оқып отыр... .
2. Абай аулада сөйлесіп тұр...
3. Сәкен өлең айтып тұр .. .
4. Біз паркте қыдырып жүр... .
5. Сендер кімді күтіп тұр ..?
6. Студенттер бүгін емтихан тапсырып жүр... .
7. Сіз әуежайда не істеп жүр...?
8. Сендер демалыс күні Медеуде коньки теуіп жүр.. ме?
9. Біз үйімізді жинап жатыр... .
10. Мен еденді сыпырып жүр... .
11. Сіздер кинотеатрда не көріп отыр...?
12. Сен дүкенде не іздеп жүр...?

16-жаттығу. Вместо точек вставьте вспомогательные глаголы и переведите на русский язык.

отыр

1. Мен сабақ оқып ...
2. Абай оқу залында ұйықтап
3. Сәкен хат жазып
4. Біз паркте орындықта әңгімелесіп
5. Сендер кімді күтіп ...?
6. Студенттер бүгін емтиханға дайындалып
7. Сіз мында не істеп ...?
8. Сендер бөлмеде сөйлесіп
9. Біз үйімізде теледидар көріп
10. Бала еденде ойнап
11. Сіздер кинотеатрда не көріп ...?
12. Сен шай ішіп ... ба?
13. Сендер алма бағында демалып

жатыр

1. Біз институтта оқып 2. Мен кереуетте демалып
 3. Сәбит диванда ұйықтап 4. Біз сурет салып .. . 5. Сендер не істеп ...? 6. Студенттер бүгін емтихан тапсырып 7. Қызым ауланы сынырып 8. Сіз маған кеңес беріп ... ба? 9. Біз үйімізді жинап
 10. Мен шешеме комск беріп . 11. Сіздер оған қандай зат өперіп .. ? 12. Сіздер мұнда қандай жұмыс істеп ...? 13. Сіз қай институтта оқып ...?

түр

1. Марал алма бағында алма ағашына қарап 2. Абзал оқу залында сөйлесіп . . 3. Сәкен өлең айтып 4. Біз үлкен залда әңгіме тыңдап ... 5. Сендер кімді күтіп . ? 6. Сіздер бүгін мұнда не істеп ...? 7. Сіз дүкенде не істеп ...? 8. Сендер не көріп ..? 9. Біз үстімізді тазалап 10. Мен сабақта тақтаның алдында есен шығарып 11. Сіздер кинотеатрдың алдында кімді тосып ...? 12. Сәния базарда су ішіп 13. Әсем дүкенде нан сатып 14. Абзал бүгін ауырып

жүр

1. Мен мектепте оқып . 2. Біз өзеннің жанында ойнап
 3. Сендер өлең аитып 4. Біз паркте қылдырып .. . 5. Сендер кімді күтіп ...? 6. Студенттер бүгін емтихан тапсырып .. 7. Сіз әусжайда не істеп ...? 8. Сендер демалыс күні Медеуде коньки теуіп ... ме?
 9. Біз үйімізді жинап 10. Мен еденді сыпырып . . 11. Сіздер ұйықтап ... ме? 12. Сен дүкенде не іздеп ...? 13. Мен Сіздің сөзіңізді тыңдап . .

17-жаттығу. Подберите глаголы к вспомогательным и переведите на русский язык

1. Біз емтиханға ... отырмыз. 2. Бақыт өзеннің жағасында кітап ... отыр. 3. Сендер өлең ... түрсындар. 4. Мен паркте ағаштарға ... тұрмын. 5. Сендер ыдыс-аяқты ... жатырсындар. 6. Студенттер бүгін емтихан .. жүр. 7. Сіз жиналыста ... тұрсыз. 8. Сендер демалыс күні Медеуде коньки ... жүрсіндер. 9. Біз үйімізді ... жатырмыз. 10. Мен газет ... жатырмын. 11. Сіздер кереуетте ... жатырсыздар. 12. Біз дүкенде бал ... жүрміз. 13. Мен балабақшада жұмыс ... жүрмін.

18-жаттығу. Заполните таблицу по образцу

кім? кімдер? «кто?»	қайда?	не?	не істеп отыр... (жатыр..., тұр..., жүр...)?
	«где?»	«что?»	«что делает(-ют)?»
Мен	кереуетте	газет	оқып жатырмын.

19-жаттығу. Прочтите и ответьте на вопросы.

1. Мен бөлмеде хат жазып отырмын. Ал сен не істеп отырсың?

2 Абзал емтиханға дайындалып жатыр. Ал студенттер не істеп жатыр? 3 Сәуле жаттығуды орындап отыр. Ал Меруерт не істеп отыр? 4. Сіз көлдің қасында орындықта отырсыз. Ал сендер не істеп отырсыңдар? 5. Мен Жәністі кинотеатрдың алдында күтіп тұрмын. Ал сен кімді және қайда күтіп тұрсың? 6 Студенттер бүгін Медеуге коньки тебуге бара жатыр. Ал оқушылар қайда бара жатыр? 7. Біз дүкеннің қарсысында сөйлесіп тұрмыз. Ал Сіздер не істеп тұрсыздар? 8. Сендер демалыс күні Астанада қыдырып жүрсіндер. Ал мен не істеп жүрмін? 9. Бәтима кір жуып жатыр. Ал біз не істеп жатырмыз? 10. Сен еденді сынырып жүрсін. Ал жолдастарың не істеп жүр? 11. Сіздер оқу залында сабақ оқып отырсыздар. Ал біз не істеп отырмыз? 12. Мен дүкенге нан алуға бара жатырмын. Ал сен дүкенге не алуға бара жатырсың?

20-жаттығу. Составьте предложения, используя таблицу

Мен Сен Сіз Ол Біз Сендер Сіздер Олар	үйге, дүкенге, әуежайға, мектепке, теміржол бекетіне, балабақшаға, музейге, институтқа, театрға, университетке, далаға, аулаға, потерге, дәрісханаға, әжетханаға, сыныпқа, асханаға, кітапханаға, оқу залына, спорт залына, жуынатын бөлмеге, ..	бара келе } жатыр..
Мен Сен Сіз Ол Біз Сендер Сіздер Олар	дәптер, кітап, оқулық, қағаз, бор, қалам, қарындаш, сурет, карта, хат, газет, журнал, компьютер, үстел, орындық, парта, кереует, диван, айна, сағат, коньки, ыдыс-аяқ, су, төрелке, кесе, таба, шай, кофе, ұн, май, жұмыртқа, сүт, нан, күріш, қант, азық-түлік,	апара өкеле } жатыр... .

21-жаттығу. Придумайте начало предложений

1. ... бара жатырмыз. 2. ... өкеле жатырсың. 3. ... келе жатырсыңдар. 4. ... бара жатырмын. 5. ... апара жатырсыздар. 6. ... бара жатыр. 7. .. келе жатырмын. 8. ... өкеле жатыр. 9. ... апара жатырмыз. 10. ... келе жатыр. 11. ... апара жатырсыз. 12. ... өкеле жатырмын.

22-жаттығу. Переведите на казахский язык.

1. Что вы делаете? Мы читаем газеты и журналы. 2. Что делают Асель и Марат? — Они катаются на коньках. 3. Кто танцует? — Марал танцует. 4. Где Талгат? — Он гуляет во дворе. 5. Айжан смотрит телевизор? — Нет, она спит. 6. Что ты делаешь? — Я пишу письмо. 7. Что делает Наташа? — Она читает стихи. 8. Что ты несешь? — Я несу книгу в библиотеку. 9. Вы работаете в школе? — Нет, я работаю в детском саду. 10. Где он учится? — Он учится в высшей

школе права «Адилет». 11. Кто играет на полу? – Мой сын играет на полу.



Жекше түрі	
Болымды түрі	Болымсыз түрі
I. Мен жаз-ып отыр-мын «Я пишу»	I. Мен жаз-ба-й отыр-мын «Я не пишу»
II. Сен жаз-ып отыр-сың «Ты пишешь» Сіз жаз-ып отыр-сыз «Вы пишете»	II. Сен жаз-ба-и отыр-сың Ты не пишешь» Сіз жаз-ба-й отыр-сыз «Вы не пишете»
III. Ол жаз-ып отыр- □ «Он (она) пишет»	III. Ол жаз-ба-й отыр- □ Он (она) не пишет»

Көпше түрі	
Болымды түрі	Болымсыз түрі
I. Біз жаз-ып отыр-мыз «Мы пишем»	I. Біз жаз-ба-й отыр-мыз «Мы не пишем»
II. Сендер жаз-ып отыр-сындар «Вы пишете» Сіздер жаз-ып отыр-сыздар «Вы пишете»	II. Сендер жаз-ба-й отыр-сындар «Вы не пишете» Сіздер жаз-ба-й отыр-сыздар «Вы не пишете»
III. Олар жаз-ып отыр- □ «Они пишут»	III. Олар жаз-ба-й отыр- □ «Они не пишут»

23-жаттығу. Прибавьте отрицательные суффиксы *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* к глаголам

Айту, сөйлесу, көру, тындау, күлу, оқу, үйрену, жату, бару, үйлену, гүру, жүру, жүгіру, келу, кету, ұнау, қарау, ұшу, күту, жинау, түсіну, сұрау, жазылу, ұстау, сұрту, ашу, жабу, есту, тапсыру, жіберу, сөйлесу.

24-жаттығу. Образуйте отрицательную форму

Образец: Кір үтікте. – Кір үтіктеме.

Кір үтікте. Төсекке жат. Диванда ұйықта. Хат жаз. Мұғалімнен сұра. Газет оқы. Қатты айт. Су құй. Терезні аш. Төрелке ұста. Дастарқан жаса. Үйге жүр. Жиналыста сен сөйле. Театрдың алдында күт. Жұмыртқа пісір. Мына есікті жап. Жұмыс істе. Оқуыңды оқы. Емтиханға дайындал. Тамақ іш. Су әкел. Тамақ ал. Мынаны көр

25-жаттығу. Прочтите предложения. Поставьте их в отрицательную форму и переведите на русский язык.


Образец: Мен институтта оқып жүрмін. – Мен институтта оқымай жүрмін. «Я не учусь в институте».

1. Мен институтта оқып жүрмін. 2. Біз мақала оқып отырмыз.

3. Сен диванда ұйықтап жатырсың. 4. Мен тамақ әзірлеп жатырмын. 5. Бақыт, еденді сүртіп жатырсың. 6. Сіз бүгін емтиханға дайындалып жатырсыз. 7. Сіз терезені жуып тұрсыз. 8. Сен демалыс күні паркте қыдырып жүрсін. 9. Мен қонаққа бара жатырмын. 10. Ол сұрақ қойып жатыр. 11. Сен ойнап жүрсін. 12. Сіз дәлізде сөйлесіп тұрсыз. 13. Мен креслода демалып отырмын. 14. Серік қызын жылы суға шомылдырып жатыр. 15. Ләззат шаштаразда шашын бұйралап отыр.

26-жаттығу. Выпишите из 16-жаттығу глаголы в собственнo-настоящем времени и поставьте их в отрицательную форму.

3. ЛЕКСИКА: НА УРОКЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.

 27-жаттығу. Прочтите текст и переведите его на русский язык

Қазақ тілі сабағында

Бүгін қыркүйектің жиырма тоғызы, жұмыс күні. Қазір бізде қазақ тілі сабағы жүріп жатыр. Біз қазақ тілін қызығып үйреніп жүрміз, өйткені қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ол біздің келешек жұмысымызға керек.

Біздің мұғаліміміз – егде, өте шебер ұстаз. Оның сабақтары өте қызық, көңілді. Ол қазір бізге қазақша сөйлеп тұр, тақырып бойынша сұрақтар қойып жатыр. Балалар жауап беріп отыр.

Мұғалім: Жарайсындар, сұрақтарға дұрыс жауап беріп отырсындар. Енді Володя мәтіннен сойлем алып, тақтаға жазсын. Сол сөйлемге грамматикалық талдау жасасын.

– Светлана, сен мәтіндегі сөйлемдерді аудар, содан кейін мазмұнын айт.

– Ал, енді аудармалы диктант жазайық. Мен мәтінді орысша оқиын, сендер аударындар да, доңгерлеріңе жазындар. Ертеңгі сабақтың көпшілік бөлігін ауызша сөйлесуге арнайық. Сурет бойынша белілі тақырыпта әңгімелейік. Сабақтың екінші бөлігінде компьютер сыныбына барайық, «сұхбат» сабағы бойынша өткізсыйік. Сонан соң мен сендерге іс қағаздарының үлгілерін көрсетейін, сол бойынша жұмыс жүргізсыйін.

Студент: Үй тапсырмасы қандай?

Мұғалім: Үйде немесе оқу залында жаттығуларды орындаңдар, ережелерді жаттандар. Дұрыстап дайындалындар.

Сөздік

қызығып – с интересом
үйрену – учиться
өйткені – потому что
мемлекеттік – государственный
келешек – будущий
егде – пожилой
өте – очень

шебер – мастер
ұстаз – учитель, наставник
көңілді – веселый
сөйлеу – говорить
тақырып бойынша – по теме
сұрақ қою – задавать вопросы
жауап беру – отвечать

Жарайсыңдар! – Молодцы!
енді – теперь
мәтін – текст
сөйлем – предложение
талдау – разбор
аудару – переводить
содан кейін – после этого
мазмұн – содержание
аудармалы – переводной
көпшілік бөлігі – большая часть
ауызша сөйлесу – говорение
(устная речь)

арнау – посвящать
сурет бойынша әңгімелеу –
описывать картинку
өткізу – проводить
соңан соң – затем, после
іс қағазы – деловая бумаға
үй тапсырмасы – домашнее
задание
ереже – правило
жаттау – учить наизусть
орындау – выполнять
дұрыстап – хорошо, должным
образом

28-жаттығу. Подберите выражения, противоположные по значению и переведите их на русский язык

а) Сұрақ қою; көңілсіз, тіл үйрету; жас адам; білімсіз адам; жылдың басы; кітаптың бетін ашу; емтихан алу; жазбаша; қызықсыз; сабақты бастаиық.

ә) Қызықты; сабақты аяқтайық; көңілді; емтихан тапсыру; білімді адам; ауызша; тіл үйрену; кітаптың бетін жабу; жылдың аяғы; жауап беру, егде адам.

29-жаттығу. Подберите русские эквиваленты казахским выражениям

а) Оқу жылы; жауап беру; емтихан және зачет тапсыру; дұрыстап оқу; мәтінді қазақ тіліне аудару; ауызша сөйлесу; тақырып бойынша әңгімелеу; ережені жаттау (жатқа үйрену); үй тапсырмасын орындау; сөздің мағынасын айту; мәтіннің мазмұнын айту; сөйлем құрау; грамматикалық (синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық) талдау жасау; тақтаға сөйлесу үлгілерін жазу; білімді, шебер ұстаз; мемлекеттік тіл; қатселерді түзеу; арнау; сұрақ қою; диктант (мазмұндама, шығарма) жазу, тіл үйрену; қызықты өту; қазақша сөйлесу; мәтінді қазақша оқу; жаттығуды тақтаға жазу; сурет бойынша сөйлесу, қазақ тілі сабағына дайындалу; мәтіндерді тыңдау; дауыстап оқу; қайталау; жалғастырып оқу, көшіру; түсіндіру; теріп жазу.

ә) Делать грамматический (синтаксический, фонетический, морфологический) разбор; готовиться к уроку казахского языка; продолжать читать; читать вслух; пересказывать содержание текста; переводить текст на казахский язык; писать диктант (изложение, сочинение); знающий, умелый учитель; учить правило наизусть; выписывать; выполнять домашнее задание; объяснять; учебный год; составлять предложения; читать правильно; переписывать; отвечать на вопросы; давать значение слова; исправлять ошибки; задавать вопрос; сдавать экзамен и зачет, говорить устно, слушать тексты; читать текст по-казахски; повторять; записывать речевые образцы на доске; описывать картинку; говорить по теме; писать упражнения на доске; государственный язык; изучать язык, проходить интересно, посвящать; говорить по-казахски.



Тұрындар!



Отырындар!



Қаламыңды ал!



Қаламыңды үстелге қой!




Кітаптарыңды ашыңдар!



Кітаптарыңды жабыңдар!



Бері (тақпаға) кел!



Оршыңа бар (отыр)!



Мәтінді тыңдаңдар!



Мәтінді оқыңдар!



Шығарма жазыңдар!

31-жаттығу. Прочтите инструкции еще раз в парах и выполните их

32-жаттығу. Попросите своего партнера выполнить Ваши инструкции, используя 30-жаттығу. Можно также использовать выражения, данные в конце учебника или придумать свои.

33-жаттығу. Представьте, что Вы преподаватель казахского языка. Дайте задания своим ученикам.

34-жаттығу. Переведите диалог на казахский язык и выучите его наизусть

Идет урок казахского языка. Студенты читают и переводят текст на казахский язык.

Учитель: Как нужно перевести это предложение?

Асан: Казахский язык – государственный язык.

Учитель: Правильно. Запишите это предложение в тетрадь и сделайте синтаксический разбор.

35-жаттығу. Составьте предложения

Мен Сен Сіз Оқушы Біз Сендер Сіздер Студенттер	қазақ тілін орыс тілін корей тілін өзбек тілін ағылшын тілін неміс тілін француз тілін түрік тілін	бір жыл екі ай екі жыл көп жыл 3 апта 5 күн осы жылы 40 сағат	оқып жүр... .
Қазақ тілі сабағында	мен сен Сіз оқушы біз сендер Сіздер студенттер	диктант мәтін талдау мазмұндама сұрақ шығарма жауап мазмұнды сурет бойынша ережелерді жаттығуларды үлгілерді	жазып отыр... . тыңдап отыр... . беріп отыр... . қойып отыр... . сөйлеп тұр... . аударып отыр... . өңгімелеп отыр... . айтып отыр... . оқып отыр... . жаттап отыр... . көрсетіп отыр... . орындап отыр... .

36-жаттығу. Ответьте на вопросы

1. Сіз жұмыс істеп жүрсіз бе, оқып жүрсіз бе? 2. Сен институтта оқып жүрсің бе, мектепте оқып жүрсің бе? 3. Сіз қазақ тілін үйреніп жүрсіз бе, орыс тілін үйреніп жүрсіз бе? 4. Ұстазыңыз білімді және

шебер адам ба? 5. Ұстазыңыз қазақ тілін үйретіп жүр ме, үйреніп жүр ме? 6. Сіз мәтіндерді қазақ тілінен орыс тіліне аударып отырсыз ба, орыс тілінен қазақ тіліне аударып отырсыз ба? 7. Мұғалім қателерді түзеп жатыр ма, түзеуі жатыр ма? 8. Студенттер мазмұндама жазып отыр ма, шығарма жазып отыр ма? 9. Студент морфологиялық талдау жасап тұр ма, фонетикалық талдау жасап тұр ма? 10. Біз мәтінді тыңдап отырмыз ба, оқып отырмыз ба? 11. Студент сұрақ қойып тұр ма, сұраққа жауап беріп отыр ма? 12. Қазақ тілі сабағы қызық өтіп жатыр ма, қызықсыз өтіп жатыр ма? 13. Студенттер зачет тапсырып жүр ме, емтихан тапсырып жүр ме?

37-жаттығу. Заполните предложения информацией из текста

1. Біз ... оқып жүрміз. 2. Бүгін ..., жұмыс күні. 3. Біз қазақ тілін ... үйреніп жүрміз, өйткені қазақ тілі – ..., ол біздің ... керек. 4. Біздің мұғаліміміз 5. Оның сабақтары 6. Ол бізге ... сөйлеп тұр, ... сұрақтар қойып жатыр. 7. Володя ... жазып, .. жасап жатыр. 8. Светлана . . 9. Студенттер .. жазып отыр, мұғалім .., ал студенттер 10. Мұғалім сабақтың көпшілік бөлігін ... арнап отыр. 11. Студенттер үйде және оқу залында ... орындап отыр және ... жаттап отыр.

38-жаттығу. Ответьте на вопросы

1. Біз қазақ тілі сабағында қазақ тілінде сөйлесіп отырмыз, ал Сіздер? 2. Есен сөйлемді тақтаға жазып тұр, ал Әрсен? 3. Берік фонетикалық талдау жасап отыр, ал Ерлан? 4. Ұстазымыз қателерді түзеп жатыр, ал студенттер? 5. Ұстазымыз студенттерге сұрақ қойып жатыр, ал студенттер? 6. Мұғалімдер емтихан алып отыр, ал студенттер? 7. Арман әлсзді жаттап отыр, ал Майра? 8. Сәбит мазмұндама жазып отыр, ал Данияр? 9. Сәния мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне аударып отыр, ал Марина? 10. Валерия көп кәте жіберіп отыр, ал Сіз? 11. Студенттер қазақ тілін үйреніп жүр, ал мұғалім? 12. Мен қазақ тілі сабағына дұрыстап дайындалып отырмын, ал сен? 13. Бізде қазақ тілі сабағы қызық өтіп жатыр, ал Сіздерде?

39-жаттығу. Вы сидите на уроке казахского языка. Напишите, чем сейчас заняты каждый из Ваших товарищей

40-жаттығу. Прочтите вопрос и поставьте галочку там, где считаете необходимо.

Қазақ тілін не үшін үйреніп жүрсіз?

- | | |
|--|--|
| <input type="checkbox"/> қызметім үшін | <input type="checkbox"/> қазақ тілінде сөйлесу үшін |
| <input type="checkbox"/> емтихан тапсыру үшін | <input type="checkbox"/> фильмдерді, әндерді түсіну үшін |
| <input type="checkbox"/> ауылдарға саяхат жасау үшін | <input type="checkbox"/> оқуым үшін |
| <input type="checkbox"/> өзім үшін | <input type="checkbox"/> бәрі үйреніп жүрген соң |
| <input type="checkbox"/> қазақ тілін зерттеу үшін | <input type="checkbox"/> мұғалім үшін |

41-жаттығу. а) Расчертите таблицу, как указано ниже. Опросив своих товарищей, заполните ее необходимой информацией

Образец: *Атыңыз кім? – Виктор.
Жасыңыз нешеде? – Он тоғызда.
Мекен-жайыңыз қандай? – Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 152-ші үй, 35-інші пәтер.
Телефонның нөмірі қандай? – 25-17-38.
Қазақ тілін қанда оқып жүрсіз? – «Әділет» құқық
мектебінде.
Қазақ тілін не үшін үйреніп жүрсіз? – Өзім үшін.*

<i>Аты</i>	<i>Жасы</i>	<i>Мекен-жайы Телефонның нөмірі</i>	<i>Қазақ тілін қанда оқып жүр?</i>	<i>Қазақ тілін не үшін үйреніп жүр?</i>
<i>Виктор</i>	<i>19</i>	<i>Алматы қаласы, Абай даңғылы 152-ші үй, 35-інші пәтер. 25-17-38</i>	<i>«Әділет» құқық мектебі</i>	<i>Өзі үшін</i>

б) Используя свои записи, дайте исчерпывающую информацию о Ваших товарищах

Образец: *Виктордың жасы он тоғызда. Оның мекен-жайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 152-ші үй, 35-інші пәтер. Телефонның нөмірі: 25-17-38. Виктор қазақ тілін «Әділет» құқық мектебінде оқып жүр. Ол қазақ тілін өзі үшін үйреніп жүр.*

42-жаттығу. Используя образец 41-жаттығу, а) расскажите о себе, б) расскажите своему партнеру о нем самом

43-жаттығу. Прочтите и переведите пословицы на русский язык, используя казахско-русский словарь. Выучите их наизусть

1. Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы.
2. Оқымасаң, өнер жоқ.
3. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

44-жаттығу. Прочтите и переведите на русский язык. Выучите стихотворение наизусть

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеніз.
Талап, ецбек, терен ой,
Қанағат, рақым, оилап қой —
Бес асыл іс, көнсеніз

(Абай)

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

12-сабақ

Интонация.

В простом распространённом предложении члены предложения могут иметь разное ударение. Тот член предложения, который выражает новое, важное, подчёркивает главное ударение. Говорящий может, таким образом, выделить любое слово, которое считает наиболее важным. Обычно главное ударение падает на последнее слово или одно из предшествующих ему слов. На слове, несущем наиболее сильное ударение, происходит резкое понижение тона. Например: *Кітап және дәптер осында*.

Данное правило относится и к вопросительным предложениям с вопросительным словом (специальный вопрос) *Мынау не? Азамат қай бөлмеде отыр екен?* «В какой, интересно, комнате сидит Азамат?»

Если в предложении есть однородные члены, то тон повышается и только на последнем слове слова падает. Например: *Бұл кісілер — ата, әже, аға, апа және сіңлім.*

В предложениях с отрицанием *емес* два главных ударения: первое падает на отрицание *емес*, а второе — на последнее слово предложения. Оба произносятся с понижением тона. Например: *Мынау алма емес, алмурут* «Это не яблоко, груша»

Специальные вопросы произносятся с понижением тона. Причём основное ударение падает на последний слог вопросительного слова, а все последующие слова безударны и повторяют его интонацию.

Вопросительные предложения с частицами *ма/ме, ба/бе, па/пе* произносятся с повышением тона так же, как и в русском языке. При этом ударение падает на слово, предшествующее частице, а сама частица безударна, она повторяет интонацию предшествующего ей слова: *Дәптерлер бар ма? Мынау Әсет пе?*

Часто логическое ударение падает на слово, предшествующее сказуемому. *Ол қандай адам? Ол қалаға қазір келіп тұр.*

Сложная форма очевидного настоящего времени.

В казахском языке существует форма настоящего времени, которая обозначает длительность действия или его повторяемость. Она образуется при помощи основного и вспомогательного глаголов.

Основной глагол, который несёт в себе основную смысловую нагрузку, образуется при помощи неизменяемой формы деепричастия смысловых глаголов путем прибавления к корню глагола суффиксов *-ып/-іп/-п*

если корень оканчивается на согласный — *-ып/-іп жаз-у — жаз-ып, кел-у — кел-іп;*

если корень оканчивается на гласный — *-п сойле-п, ойна-п*

Вспомогательные глаголы *отыр, жатыр, тұр, жүр* которые придают основ

ному глаголу дополнительный смысловой оттенок, принимают личные окончания. Например *Мен жазып отырмын* «Я пишу» *Олар жазып отыр* «Они пишут»

Спряжение глагола жазу в сложном настоящем времени

Единственное число	Множественное число
I. <i>Мен жаз-ып отыр-мын</i> «Я пишу»	I <i>Биз жаз-ып отыр-мыз</i> «Мы пишем»
II <i>Сен жаз-ып отыр-сың</i> «Ты пишешь» <i>Сиз жаз-ып отыр-сыз</i> «Вы пишете»	<i>Сендер жаз-ып отыр-сыңдар</i> «Вы пишете» <i>Сиздер жаз-ып отыр-сыздар</i> «Вы пишете»
III <i>Ол жаз-ып отыр- □</i> пишет»	III. <i>Олар жаз-ып отыр- □</i> «Ол (она) «Они пишут»

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола, затем следует суффикс *-й жаз-ба-й отыр* «не пишет», *айт-па-и отыр* «не говорит»

Четыре глагола *бару* «идти» (туда), *келу* «идти» (сюда), *апару* «относить», *өкелу* «принести» в сложном настоящем времени принимают суффиксы деепричасия *-а/-е*, сочетаясь в данном случае только с глаголом *жатыр* Например

- бару* — *Ол бара жатыр* «Он идет (туда)»
келу — *Ол келе жатыр* «Он идет (сюда)»
апару — *Ол апара жатыр* «Он несет (туда)»
өкелу — *Ол өкеле жатыр* «Он несет (сюда)»

В зависимости от того, какой из четырех вспомогательных глаголов используется, форма сложного настоящего времени приобретает различные смысловые оттенки, главным образом, видового характера.

□ *отыр* указывает на то, что действие происходит в данный момент речи (преимущественно сидя) *Әдил китап оқып отыр*. «Адил читает книгу» *Карым шай ишп отыр* «Карым пьет чай»;

□ *жатыр* придает действию постоянный характер и указывает на длительность *Оля институтта оқып жатыр* «Оля учится (продолжает учиться) в институте» *Мен бара жатырмын* «Я иду (продолжаю идти)»,

□ *түр* придает действию характер повторения, указывая на то, что действие происходит в момент речи (преимущественно стоя) *Эки адам сөйлесип түр* «Два человека разговаривают (стоя)» *Ол маган қарап түр* «Он смотрит на меня (все это время)» *Маган келіп түр* «Заходи ко мне (регулярно)»;

□ *жүр* указывает на постоянный характер действия или его повторяемость *Оля институтта оқып жүр* «Оля учится (продолжает учиться) в институте» *Самат маган келіп жүр* «Самат заходит ко мне»

Все эти глаголы имеют общее значение длительности действия. В русском и немецком языках подобная форма настоящего времени отсутствует. Некую параллель в английском языке образует настоящее длительное время (Present Continuous Tense). Ср *I am reading a book now* «Я читаю книгу сейчас (в данный момент)»

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

(Основной курс)

1-САБАҚ

1. Фонетика: Қайталау. Алфавит.
2. Грамматика: Қайталау. Жатыс септік.
3. Грамматика: Жіктік жалғау.
4. Лексика: Танысу.

1. ФОНЕТИКА: ҚАЙТАЛАУ. АЛФАВИТ.

1-жаттығу. Алфавитті өз атыңыздың басқы өріпне дейін жаққа айтыңыз. Осы әдіспен келесі адам жалғастыруы керек. Егер келесі адамның аты бірінші өріптен басталса, онда ол алфавитті аяғына дейін айтып, қайтадан бастауы керек. Тақтаға барлық оқушының аты түгел қамтылып жазылады.

Үлгі: *А Ә Б В Виталий – Менің атым Виталий; Г Ғ Д Дмитрий – Менің атым Дмитрий, ...*

2-жаттығу. Алфавитті қазақ тіліне тән дыбыстарға дейін жатқа айтып, сол дыбысқа соз жазып, одан әрі жалғастырыңыз.

Үлгі: *А Ә – әже; Б В Г Ғ – аға; ...*

3-жаттығу. Төмендегі адам атының алфавит тәртібімен ср, ойел аттарын бөліп жазыңыз.

Ырыс, Шолпан, Сөкен, Индира, Орал, Берік, Фағима, Дана, Раушан, Назым, Халима, Меруерт, Қарлығаш, Тоғжан, Ұрқия, Көрім, Ғаини, Айгүл, Зеинеш, Нұржан, Данияр, Абай, Ботагөз, Әйгерім, Жеңіс, Қайрат, Гауһар, Тұрабай, Өтеген, Ермек, Әнуар, Салтанат, Ғазиза, Лұқпан, Жәзира, Рысқұлбек, Ләззат, Үсен, Күләш, Заманбек, Ыбырай, Ибраим, Хасен, Мұрат, Перизат, Фархат, Шаймұрат.

4-жаттығу. Қазақ тіліне тән дыбыстармен 5 ср және 5 ойел атын жазыңыз.

5-жаттығу. Жұмбақтарды оқып, жақшада қай өріп тұруы керек екенін айтыңыз. Соған соң жұмбақтарды көшіріп, жақшаның ішіне тиісті өріпті жазыңыз.

Алмада бар, Жүзімде жоқ.	Мейізде бар, Өрікте жоқ.	Халықта бар, Елде жоқ.
Анарда бар, Шиеде жоқ ()	Киізде бар, Сырмақта жоқ. ()	Халатта бар, Көйлекте жоқ. ()
Кірпікте бар, Қаста жоқ.	Бармақта бар, Саусақта жоқ.	Инеде бар, Жіпте жоқ.
Кірпіште бар, Таста жоқ. ()	Башайда бар, Тұяқта жоқ. ()	Жидеде бар, Түпте жоқ. ()

Әжде бар, Анада жоқ. Әкеде бар, Атада жоқ. ()	Жағада бар, Сайда жоқ Тағада бар, Тайда жоқ. ()	Ініде бар, Бауырда жоқ. Жәнілде бар, Ауырда жоқ. ()
Күнде бар, Айда жоқ. Күиде бар, Әнде жоқ. ()	Өнерде бар, Талапта жоқ. Өрмекте бар, Оюда жоқ. ()	Жайлауда бар, Қыстауда жоқ Жасылда бар, Қызылда жоқ ()
Ауылда бар, Елде жоқ. Дауылда бар, Желде жоқ. ()	Тауда бар, Бауда жоқ Таста бар, Құмда жоқ. ()	Шанда бар, Желде жоқ. Тозанда бар, Құйында жоқ. ()
Еменде бар, Қайында жоқ.	Есікте бар, Тұтқада жоқ. ()	

(«Жұмбақтар» кітабынан»)

Жақшада тұратын әріптер: А, З, Х, К, Б, И, Ә, Ғ, І, Ү, Ө, Ж, У, Т, Н, Е

6-жаттығу. Жоғарыдағы үлгімен өзіңіздің жұмбақтарыңызды айтыңыз немесе жазыңыз.

2. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ЖАТЫС СЕПТІК.

7-жаттығу. Беріктің өңгімесін тыңдаңыз. Өзіңіз туралы айтыңыз.

— Қайырлы таң! Менің атым Берік. Жасым жиырмада. Менің жолдасым Әлия он сегізде. Менің әжем және атам алпыс жетіде. Олар құрдас. Әкем қырық үште, шешем қырықта. Қарындасым онда, ал інім он бесте.

Сен нешедесің? Әке-шешен қаншада? Ағаларың, апаларың, інілерің, қарындастарың (сіңлілерің) нешеде?

8-жаттығу. Сұраққа жауап бере отырып, сойлемді толықтырыңыз. Өзіңіздің отбасыңыздың мүшелері немен айналысағынын айтып беріңіз.

Әке-шешемнің үйі (қайда?). Бүгін бәрі (қайда?). Біздің үйіміз — жеке меншік үй. Әкем (қайда?) жер қазып жатыр. Шешем (қайда?) тамақ пісіріп жатыр. Мен (қайда?) сабаққа дайындалып отырмын. Менің ағам (қайда?) жұмыс істеп жатыр. Інім (қайда?) кітап оқып отыр. Атам (қайда?) қыдырып жүр. Әжем (қайда?) тоқып отыр. Апам (қайда?) дастарқан жасап жатыр. Қарындасым (қайда?) ойнап жүр. Әркім өз жұмысында.


9-жаттығу. Тыңдаңыз. Сөздіктің көмегімен аударып, оқыңыз. Көпшіл жазып, жатыс септігі жалғауларының астын сызыңыз.

Қоян жымда, Құлан қырда. Бұлбұл бауда, Ұлар тауда.	Балық суда, Бұлан нуда. Қой қотанда, Бөрі апанда.	Суыр інде, Аю үнгірде Аққу колде, Байғыз шөлде...	Адам елде: Көкте, жерде!
---	--	--	-----------------------------

(Мұзафир Әлімбаев)

10-жаттығу. Өзіңіз төрт жолды өлеңдерді айтып көріңіз.

3. ГРАММАТИКА: ЖІКТІК ЖАЛҒАУ.

 11-жаттығу. Диктордан тыңдап, кейін қайталап оқыңыз Асты сызылған сөздердің орнына мағынасы жақын сөздер қойыңыз және сөйлесу (диалог) құраңыз

- Сәлем! Мен Әлішермін.
- Өте қуаныштымын. Мен Дәззатпын.
- Сінің жасың нешеде?
- Мен жиырма екідемін. Сен ше?
- Мен де жиырма екідемін. Сен студентсің бе?
- Иә, мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студентімін және Қазақ тілі орталығының президентімін.






Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен отыр- <i>мын</i> Мен оқушы- <i>мын</i>	I Біз отыр- <i>мыз</i> Біз оқушы- <i>мыз</i>
II. Сен отыр- <i>сың</i> Сен оқушы- <i>сың</i> Сіз отыр- <i>сыз</i> Сіз оқушы- <i>сыз</i>	II. Сендер отыр- <i>сыңдар</i> Сендер оқушы- <i>сыңдар</i> Сіздер отыр- <i>сыздар</i> Сіздер оқушы- <i>сыздар</i>
III Ол отыр- <input type="checkbox"/> Ол оқушы- <input type="checkbox"/>	III. Олар отыр- <input type="checkbox"/> Олар оқушы- <input type="checkbox"/>

12-жаттығу. Жоғарыдағы кесте бойынша төмендегі сөздерді жіктеңіз және дәптеріңізге жазып алыңыз

Бала, дәрігер, үшінші, ана, әке, оқытушы, бай, кедей, жалқау, жүдеу.

13-жаттығу. Мына сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.



14-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз.

1. Вы студенты (сендер). Вы хорошие. Вы хорошие студенты.
2. Вы инженеры (Сіздер). Вы хорошие. Вы на заводе (зауыт). Вы на

заводе хорошие инженеры 3. Ты ученик Ты в школе. Ты ленивый Ты в школе ленивый ученик. 4. Вы преподаватель Вы в университете Вы строгий (катал). Вы в университете строгий преподаватель. 5 Она девочка Она большая Она в доме Она в доме большая девочка. 6. Они врачи. Они известные (әйгілі). Они в городе Они в городе известные врачи.



Жекеше түрі		
После глухих согласных	-нын/-нін	жас-нын, студент-нін
После з, ж	-бын/-бін	жалғыз-бын, Ораз-бын, қыз-бын
Во всех остальных случаях	-мын/-мін	оқушы-мын, мұғалім-мін, үлкен-мін, баи-мын
Копше түрі		
После глухих согласных	-ңыз/-піз	жас-ңыз, студент-піз
После з, ж, м, н, ң	-быз/-біз	Жалғыз-быз, егіз-біз, он-быз, мұғалім-біз
Во всех остальных случаях	-мыз/-міз	оқушы-мыз, дәрігер-міз

15-жаттығу. Кестедегі жалғаулардың тайықтысын жатғап, жекешесін бір бағанға, копшесін екінші бағанға көшіріп жазыңыз

Мен Абзал . Біз егіз... . Мен мұғалім Біз дәрігер. . .
 Мен жігіт . Мен қазақ... . Мен жалқау.. . Біз орыс . Мен жалғыз. . Мен биолог Біз осында. . Мен елуде. . Біз қыз.. .
 Біз үлкен... . Біз жас... . Біз бай . Мен жұлдыз... . Біз оқытушы... . Біз күшті... . Мен бірінші... . Мен жаман... . Мен инженер.. . Мен кішкентай . Біз жақсы. . . Біз отыз... Біз шаштараз. Мен Ораз . . Мен студент .. . Мен қонақ .. . Мен геолог... .
 Біз еркек... . Мен әйел... . Мен дүнген . Біз корей.. . Біз балалар... . Мен адам... Біз отызда .. .

16-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаныз

1. Мен мұғаліммін, сен 2 Мен қазақтың, сен . . 3. Ол үлкен, сендер . . . 4. Біз отыздамыз, сендер .. 5 Сен қаладасың, ол 6 Ол әжесінде, Сіз 7 Мен Алматыданмын, сендер . 8 Бала сабақта, мен . 9 Сендер үйдесіңдер. олар .. 10. Мен дүкендемін, сен



Жекше түрі	
Болымды	Болымсыз
I Мен дәрігер- <i>мін</i>	I Мен дәрігер емес- <i>мин</i>
II Сен дәрігер- <i>сің</i>	II. Сен дәрігер емес- <i>сің</i>
Сіз дәрігер- <i>сіз</i>	Сіз дәрігер емес- <i>сіз</i> .
III Ол дәрігер- <input type="checkbox"/>	III Ол дәрігер емес- <input type="checkbox"/>
Көпше түрі	
I Біз дәрігерлер- <i>міз</i>	I. Біз дәрігерлер емес- <i>міз</i> .
II Сендер дәрігерлер- <i>сіңдер</i>	II Сендер дәрігерлер емес- <i>сіңдер</i>
Сіздер дәрігерлер- <i>сіздер</i>	Сіздер дәрігерлер емес- <i>сіздер</i>
III Олар дәрігерлер- <input type="checkbox"/>	III Олар дәрігерлер емес- <input type="checkbox"/>

17-жаттығу. Жоғарыдағы кестедегі үлгімен төмендегі сөздерді жіктенізі

Бірінші, жас, аспаз, мұғалім, үлкен

18-жаттығу. Төмендегі үлгімен жолдасының айтқанын теріске шығарыңыз

Үлгі: Марал дәрігер – *Жоқ, Марал дәрігер емес, мұғалім.*

1. Біз студентпіз. 2. Мен инженермін. 3. Олар дүкенде 4. Сендер оқушысындар 5. Біз кезекте біріншіміз. 6. Мен оқытушымын 7. Сіздер бүгін үйдесіздер. 8. Сендер жалқаусындар. 9. Дариға – филолог. 10. Сіз орыссыз. 11. Олар үлкен. 12. Мен қазақтың. 13. Біз американдықтармыз 14. Сіз қаталсыз 15. Сіздер ауылдасыздар.

19-жаттығу. Төмендегі сұраулы сөйлемдерді не құптаңыз не теріске шығарыңыз

а) 1. Сіз студентсіз бе? 2. Сіз ауылдасыз ба? 3. Сіз үлкенсіз бе, кішісіз бе? 4. Сіз қазақсыз ба? 5. Сіз жиырмадасыз ба? 6. Сіз бүгін үйдесіз бе? 7. Сіз Қазақстандасыз ба? 8. Сіз үйленгенсіз бе (тұрмыстасыз ба)?

ә) 1. Сіздің жолдасыңыз студент пе? 2. Ол ауылдан ба? 3. Ол үлкен бе, кіші ме? 4. Ол қазақ па? 5. Ол жиырмада ма? 6. Ол бүгін үйде ме? 7. Ол Қазақстанда ма? 8. Ол үйленген бе (тұрмыста ма)?

4. ЛЕКСИКА: ТАНЫСУ.



20-жаттығу. Мәтінді тыңдап оқыңыз және аударыңыз

Танысу

Мен Әлішермін, фамилиям Нұғман. Мен жиырма екідемін. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ филология факультетінің соңғы курсының студентімін

Біздің қаламызда Қазақ тілі орталығы бар. Мен Қазақ тілі орталығының президентімін. Орталықтың мүшелеріне қазақ тілін мең-

геру үшін көмектесіп жүрмін. Орталықтың мүшелері – әр түрлі мемлекеттердің азаматтары.

Менің әке-шешем бар. Біздің отбасымыз өте үлкен. атам, әжем, әкем, шешем, екі ағам, апам, інім, қарындасым және мен. Ағаларымнан басқасы Алматыдамыз. Атам және әжем – егде адамдар, олар – зейнеткерлер. Әкем – инженер. Шешем – мұғалім. Екі ағам – қызметкерлер. Олар Астанада министрлікте. Апам гүрмыста. Інім мектепте оқушы. Қарындасым кішкентай, балабақшада.

Біздің үйіміз Алматыда, қаланың шетінде. Біздің үйіміз үлкен екі қабатты үй. Отбасымыз жақсы және тату.

Сөздік

танысу – знакомство, познакомиться
атындағы – имени
ұлттық – национальный
соңғы – последний
мүше – член
менгеру – осваивать
көмектесу – помогать
әр – каждый

әр түрлі – разный
азамат – гражданин
егде – пожилой
зейнеткер – пенсионер
министрлік – министерство
тұрмыста – замужем
кішкентай – маленький
балабақша – детский сад

21-жаттығу. Мәтін бойынша Әлшешердің сұрақтарына жауап беріңіз

1. Менің атым кім?
2. Фамилиям кім?
3. Мен нешедемін?
4. Мен қайда оқып жүрмін?
5. Қаламызда не бар?
6. Мен Қазақ тілі орталығында кіммін?
7. Мен кімге және не үшін көмектесіп жүрмін?
8. Орталықтың мүшелері кімдер?
9. Біздің отбасымыз үлкен бе?
10. Біз қайдамыз?
7-жаттығу. Мына сөздемдерді аударыңыз. Бұйрық райдың қандай формада тұрғанын аңтыңыз.

Ертең сен ерте тұр, киін, тамақ іш. Сонан соң саяжайға кел. Мен де барайын. Саяжайда екеуіміз жер қазайық, айналасын тазалайық. Жаңадан алма, тағы басқа жеміс ағаштарын отырғызайық. Құраған ағаштарды кесіп тастайық. Сен үйге ертрек қайт. Мен сонда қонайын. Маған үйден бірсу тамақ әкелсін.

8-жаттығу. Жақпаладағы есімдіктерді найдаланып, мына сөз тіркестерді бұйрық рай формасына қойыңыз.

Үлгі: Кітап оқу (біз) – *Кітап оқиық.*

Кітап оқу (біз); бала бау (Сіздер); баланы көтеру (ол); демалу (Сіз); шай беру (сендер), балық аулау (біз); ыдыс-аяқты үстелге қою (олар); мазмұндама жазу (мен); ет пісіру (сен); мәтінді қазақ тіліне аудару (ол); жақсы жұмыс істеу (сен); ас үйдің еденін сыпыру (ол); төрелкелерді жақсылап сүрту (сендер); қазақша сөйлесуді үйрену (біз); жаңа көйлек сатып алу (сен); тамақ жеу (олар); есікті ашу (сен); сатып алған затқа ақша төлеу (Сіз), тапсырманы уақытында орындау (Сіздер); телефон соғу (мен); кофе ішу (Сіздер); баланы күту (Сіз); қызық ойын ойнау (сендер); бөлмені жинау (сен); машина жүргізу (мен); мына орындықта отыру (біз); кілемді тазалау (Сіз); доп тебу (сен), сурет салу (біз); шомылу (мен); таза ауа жұту (Сіздер), дастарқан жасау (олар); терезе жуу (олар), хат жазу (Сіздер); сабақ оқу (мен); өлең айту (олар); суық су ішу (ол); мектепті бітіру (Сіздер); компьютер ойнау (сендер).

9-жаттығу. Жолдасыңызбен үлгі бойынша сөйлесіңіз

Үлгі: *Компьютерде ойнайын. — Компьютерде ойнама, кітап оқы*

1. Компьютерде ойнайын (кітап оқу).
2. Шай әкелсін (кофе әкелу).
3. Таза ауада көп қыдырсын (сабаққа дайындалу).
6. Жұмырқа қуырайық (ет қуыру).
7. Көп сойле (аз сөйлеу).
8. Керууетке отырсын (орындыққа отыру).
9. Өлең айгайық (би билеу)
10. Ұйықтайын (жұмыс істеу).
11. Тамақ әзірлендер (кір жуу).
12. Демалындар (көмектесу).
13. Телефонмен сөйлесейік (кездесу).
14. Жатыңыз (теледидар қору).
15. Үйге қайтындар (отыру)

10-жаттығу. Мына сөйлемдердегі етістіктерге *-шы/-ші* жұрнағын қосып, орыс тіліне аударыңыз

1. Ертең Мсдеуге барайық.
2. Бұл жерде темекі тартпаңыз.
3. Есік аш, таза ауа жұтайық.
4. Дәрігерге ертерек кірейін
5. Менің сұрағыма жауап берсін.
6. Кофе әкел
7. Еден сыпырсын.
8. Ыдыс-аяқ жуындар.
9. Баланы көтер.
10. Жұмыс істейік.
11. Демалындар.
12. Машинаны сен жүргіз.
13. Балалар үй жинасын.
14. Төрелкелерді жақсылап сүрг.
15. Маған қонаққа келіңіздер.

11-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз


1. Давайте сходим в кино
2. Пусть он расскажет о себе.
3. Иди на урок.
4. Давай я схожу в магазин и куплю продукты.
5. Давай погуляем на улице.
6. Вставай, умывайся, одевайся, завтракай и делай домашнее задание.
7. Пусть она идет в гимнастический зал.
8. Пусть приберут дома.
9. Давай пообедаем в столовой.
10. Пусть студенты отнесут книги в библиотеку.
11. Пусть ученики сидят в классе и ждут учителя.
12. Давайте я прочту этот отрывок и сделаю синтаксический разбор первого предложения.
13. Пусть Серик выпишет новые слова в тетрадь и переведет их на русский язык
14. Прослушайте текст и составьте к нему вопросы.
15. Давайте мы напишем изложение и выучим это стихотворение наизусть.

3. ГРАММАТИКА: ЕСІМДІК.

12-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.


1. Сіздерден оны алсын да, маған берсін.
2. Сендердің мұғалімің бізге ұнап отыр.
3. Сіздерге біздерден үлкен сөлем
4. Олардан шықсын да, саған барсын.
5. Мен сенің жұмысыңды оларға ертең тапсырайын.
6. Менен сұрап отырсын, ал оған бермей отырсын.
7. Ода қызық кітап жоқ.
8. Сендерге біздің ақылымыз керек пе?
9. Сіздің аяқ киіміңіз менің аяғыма келмей тұр
10. Одан сендер бізге дәмді тағам әкеліндер.
11. Сен оны жәк көрме.
12. Олар Сіздерді бізден сұрап жатыр.
13. Ол сендерді бізде көріп жүр, ал мен оларды сендерде көріп жүрмін.
14. Біздің қызымыз Сіздерде жоқ па?
15. Біз олардың атынан Сізге көп рақмет айтып отырмыз.
16. Сіздердің мұнда не жұмыстарыңыз бар?
17. Біз оларды Сізде жиі көріп тұрамыз.

18. Сіз бізді қайдан біліп отырсыз? 19. Мені оның үйінен, ал оны біздің үйімізден кездестіріңіз. 20. Сендерден көп үлгі алайық, ал Сізден одан да көп үлгі алайық. 21. Сенен бір нәрсе сұрайыншы. 22. Сізде қандай жаңалық бар? 23. Сенде де жоқ, менде де жоқ, оларда да жоқ. 24. Бізді танып отырсыз ба? 25. Сені бізде кездестірсін.

 Личные местоимения изменяются по падежам						
Ағау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
мен	менің	маған	мені	менде	менен	менімен
сен	сенің	саған	сені	сенде	сенен	сенімен
Сіз	Сіздің	Сізге	Сізді	Сізде	Сізден	Сізбен
ол	оның	оған	оны	ода	одан	онымен
біз	біздің	бізге	бізді	бізде	бізден	бізбен
сендер	сендердің	сендерге	сендерді	сендерде	сендерден	сендермен
Сіздер	Сіздердің	Сіздерге	Сіздерді	Сіздерде	Сіздерден	Сіздермен
олар	олардың	оларға	оларды	оларда	олардан	олармен

13-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сізде қазақ тілі ұнап жүр ме? 2. Сіздің жолдасыңызға осы тілді үйрену қиын емсе пе? 3. Сіздің маған қандай сұрақтарыңыз бар? 4. Сіз бұл тілді қайда және қалай оқып жүрсіз? 5. Мына тақырып барлық студенттерге оңай ма? 6. Өзіңіз бәрін түсініп отырсыз ба? 7. Мына жаттығуды бәрі орындап отыр ма? 8. Сіздердің тобыңызда ешкім ештеңе түсінбей оғыр ма? 9. Ана сабақ мына сабаққа ұқсап тұр ма? 10. Мынау – өте қызық тақырып, ал анау – онша емес, солай ма? 11. Қазақстанда әрбір адам қазақ тілін жақсы білуге тиіс пе? 12. Сіз оны не үшін үйреніп жүрсіз?

 Есімдіктің түрлері	Есімдіктер
1. Жіктеу есімдіктері	<i>мен «я», сен «ты», Сіз «Вы», ол «он, она, оно», біз «мы», сендер «вы», Сіздер «Вы», олар «они»</i>
2. Сілтеу есімдіктері	<i>бұл «этот», осы «этот», мына «этот», мынау «это», сол «тот», ол «тот», ана «то», анау «тот»</i>
3. Сұрау есімдіктері	<i>кім? «кто?», не? «что?», қайда? «где?, куда?», қандай? «какой?», қайсы? «какой?», неше? «сколько?»</i>
4. Жалпылау есімдіктері	<i>бәрі «все», барлық «все», бүкіл «все», бәрі «все», әр «каждый», әрбір «каждый»</i>
5. Белгісіздік есімдіктері	<i>біреу «некто, кто-то», кей «некоторый», кейбір «некоторый», бірдеме «что-то, нечто»</i>
6. Болымсыздық есімдіктері	<i>ешкім «никто», ештеңе «ничто», ештеңе «ничто», дәнеме «ничто»</i>

Есімдіктің түрлері	Есімдіктер
7 Өздік есімдік	өз «свой», өзім «я сам», өзің «ты сам», өзіңіз «Вы сами», өзі «он сам, она сама, оно само», өзіміз «мы сами», өздерің «вы сами», өздеріңіз «Вы сами», өздері «они сами»

14-жаттығу. Көп нүктенің орнына есімдіктерді қойып жазыңыз

1. .. ата-анаңыздың үйінде тұрып жатырсыз ба? 2 Мұрат ... қызық өңгімені айтып отыр. 3. ... институттан үйге немен келіп жүрсіндер? 4 автобусты көптен күтіп тұрсың ба? 5 Жаңа ғақырыпты мұғалімнен емес, ... сұра. 6. ... тобымызда ... жұмыс істемей отыр. 7. ... адамдар жұмыс істеуге жалқау. 8 ... адам жұмыс істеу керек 9. біліп отырсың. 10 .. барма, ... кел. 11. көріп отырсың ба? 12. ... тындама, .. нси ... сұрама. 13 ... жұмысыңды .. істе. 14. ... айт. 15. ... келсін. 16. ...нің атын кім? 17. ... қайда жүрсіздер? 18. ... айтпа. 19. ... істесін 20. ... барсын. 21. ... тыныш отырсын. 22. .. жұмысыңыз болмасын. 23 ... үйді ..ге көрсетпесін 24. үйіңе қонаққа барайық. 25. . тындандар, ... тындамандар

15-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз

1. Это мой дом, а тот – его дом. 2. Сделайте это сами. 3. У меня ничего нет. 4. Все люди гуляют на улице. 5. Кто это? 6. Пусть сейчас никто ничего не читает. 7. Это мое место? Пусть туда никто не садится. 8. Как Вы говорите по-казахски? Я Вам говорю! 9. Это упражнение выполняйте сами 10 Никто тебя сейчас не заставляет (қинамайды). 11. Ты знаи это сам. 12 Возьми эту книгу, она очень интересная. 13. Кто-то сюда идет 14. Давай я у тебя кое-что спрошу 15. Вся страна изучает казахский язык. 16. Давайте все что-нибудь сделаем. 17. Свой дом есть свой дом. 18. Некоторые люди сейчас работают. 19 Сказать тебе что-то? 20. Сами идите в гости, у меня нет времени. 21. Начни сам. 22. Никого дома нет. 23. Никто не отвечает. 24. Все здесь. 25. Пусть кто-нибудь принесет мороженое.

16-жаттығу. Мына мақал-мәтелдерді оқып, аударыңыз Есімдіктерді теріп жазып, қандай есімдік сөзін аитыңыз Мақал-мәтелдерді жаттаңыз

Біреудің сөзі әдемі,
Біреудің көзі әдемі.

Сен бұтаны көтерсең,
Сені бұта көтерер.

Әркімдікі өзіне
Ай көрінер көзіне.

Жаман еш нәрсе біле алмайды,
Жұмсаң тіл алмайды,
Өзі біліп пайдасын қыла алмайды.

Көксек өз атын өзі шақырады

Біз де кісі болармыз,
Атқа кісен салармыз.

Кімнің отын оттасаң,
Соның суын ішерсің.

Дұшпан не демейді,
Түскіс не кірмейді.

Жаман айтпай жақсы жоқ,
Қауіп қайдан болса,
Қатер содан.

Өзім білем деген өрге баспас.

Өлімнен басқаның ертесі жақсы. Әр нәрсе уақытымен жақсы.

«Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ганибеті.

Біреуге қылған жамандығың өзіннің алдына келер.

17-жаттығу. Мына өлеңді оқып, аударыңыз Есімдіктерді теріп жазып, қандай есімдік екенін айтыңыз? Өлеңді жаттап алыңыз

«Сіз» деген – сыпайылық,

«Сен» деген – анайылық,

«Біз» деген – көмек,


«Сіз» деген – әдеп

4. ЛЕКСИКА: ОТБАСЫ.

18-жаттығу. Оқыңыз Төмендегі сөздер Сізге таныс па?

Әке, шеше, апа, ата, әже, ата-ана, жезде, іні, аға, сіңлі, қарындас, женте, қыз, ұл, немере, шөбере, жиен, күйеу, әйел, нағашы.

19-жаттығу. Келесі беттегі сөйлемдерді оқып, сөздердің мәнін түсіндіріңіз.



1. Әйгерім – Назымның шешісі.
2. Сәбит – Рабиғаның күйеуі
3. Мақпалдың және Серіктің екі ұлы бар.
4. Беріктің және Шолпанның бір ұлы және бір қызы бар.
5. Марал – Болаттың әйелі.
6. Шолпан – Назымның әжесі.
7. Рабиғаның және Сәбиттің жеті немересі бар.
8. Ләззаттың, Сымбаттың және Жанаттың ата-анасы – Болат және Марал.
9. Мұқтардың бір ағасы, бір жеңгесі, бір апасы және бір жездесі бар.
10. Сәбиттің шөбересі – Назым
11. Ләззаттың екі сіндісі бар.
12. Арманның қарындасы – Айжан
13. Берік – Назымның атасы
14. Мұхит – Мұқтардың інісі.
15. Серіктің бес жиені бар
16. Болат – Ләззаттың, Сымбаттың және Жанаттың әкесі

20-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Марал – ... әйелі.
2. Арман – ... ұлы.
3. Сәбит – Ләззаттың ...
4. Сәбит – Серіктің ...
5. Мұхит – .. інісі.
6. – Мақпалдың күйеуі.
7. Сымбат – Серіктің .
8. Айжан – Назымның
9. Берік – Болаттың .
10. Шолпан – ... жеңгесі.
11. Ләззат – ... қызы.
12. Назым – Сәбиттің
13. Рабиғаның .. – Сәбит
14. Айжанның жездесі –
15. Сәбит және Рабиға – ... ата-анасы.
16. Назымның ... – Әйгерім.
17. Ләззаттың сінділері:
18. Арманның қарындасы –
19. Рабиға – ... әжесі.

21-жаттығу. Келесі беттегі суретке қараңыз. Сөйлесуді оқып, кімнің кім екеіні ажыратып, мына төртбұрыштарға тиісін нөмірін қойыңыз

- | | | | |
|---------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|
| <input type="checkbox"/> Данияр | <input type="checkbox"/> Бәтима | <input type="checkbox"/> Жомарт | <input type="checkbox"/> Гауһар |
| | <input type="checkbox"/> Әмина | <input type="checkbox"/> Әлішер | |



1. әкесі



2. шешесі



3. ағасы



4. атасы



5. әжесі




6. сіңлісі



Айнұр

- Сәлем, Айнұр! Сенің отбасың үлкен бе? Ағаң бар ма?
- Иә, бар. Оның аты Жомарт. Ол жиырмада. «Әділет» академиясының студенті
- Апаң бар ма?
- Апаң жоқ. Сіңлім бар. Ол мектепке оқушы. Жасы он үште.
- Ағы кім?
- Гауһар. Ал менің әкемнің аты Данияр. Ол – дәрігер.
- Шешен ше?
- Шешемнің аты Әмина.
- Оның жұмысы бар ма?
- Иә, оның жұмысы бар. Ол жұмысты үйде істеп жүр, өте ауыр жұмыс.
- Ал атаң, әжең бар ма?
- Иә, бар. Әжесімнің аты Бәтима, атамның аты Әлішер

22-жаттығу. Сөйлесуді қайтадан оқып, Айнұрға арналған мына сызбаны гуыстық атаумен толтырыңыз



23-жаттығу. Отбасыңыздың мүшелерінің аттарын дәптерге жазып, үлгі бойынша жолдасыңызбен сөйлесіңіз

- Үлгі: Михаил. Валентина. Дарья. Светлана. Виктор.
— *Михаил кім?* — *Ол менің әкем.*
— *Валентина кім?* — *Ол менің апам Әкемнің қарындасы.*

24-жаттығу. Отбасыңыздың суреттерін пайдаланып, жолдасыңызбен сөйлесіңіз

- Үлгі: — *Мынау кім?* — *Ол менің інім.*
— *Аты кім?* — *Аты Мұрат.*
— *Ол не істеп жүр?* — *Мектепте оқып жүр*

25-жаттығу. Отбасыңызды көрсететін ағаштың суретін салып, оны отбасыңыздың мүшелерінің аттарымен толтырыңыз және одан он сөйлем құрап жазыңыз.



Имена существительные, выражающие родственность, всегда употребляются в притяжательной форме: *Отбасымызда бес адам бар: әкем, шешем, ағам, апам және мен.*



26-жаттығу. Мәтінді тындап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз.

Біздің отбасымыз

Ләззат: Біздің отбасымыз онша үлкен емес. Отбасымызда төрт адам бар: әкем, шешем, апам және мен. Ағам, сіңлім жоқ.

Әлішер: Ал біздің отбасымыз өте үлкен: атам, әжем, әкем, шешем, екі ағам, апам, інім, қарындасым және мен. Атам және әжем — егде адамдар, олар — зейнеткерлер. Әкем — инженер. Зауытта жұмыс істеп жүр. Екі ағам — қызметкерлер. Олар Астанада министрлікте. Апам тұрмыста. Інім жас, мектепте оқып жүр. Қарындасым кішкентай, балабақшаға барып жүр. Менің мамандығым заңгер. Сенің әкең, шешен, апан қандай қызметте?

Ләззат: Менің әкем – филолог, институтта мұғалім. Шешем ауруханада дәрігер. Апам емханада дәрігер. Тұрмыста емес. Мен, өзің білесің, «Әділет» жоғары құқық мектебінде оқып жатырмын.

Әлішер: Сенің үйің қай жерде?

Ләззат: Біздің үйіміз қаланың орталығында. Ол – тоғыз қабатты үй Біздің пәтеріміз үшінші қабатта. Пәтеріміздің төрт бөлмесі бар. Пәтеріміз жарық, кең Терезелері оңтүстік бетте. Қазір менің әке-шешем үйде жоқ. Демалыста. Түркияда демалып жатыр. Апам жұмыста.

Әлішер: Біздің үйіміз қаланың шетінде, өзің көріп тұрсың. Мына үлкен екі қабатты үй – біздікі Ол – жеке меншік үй. Үйіміздің сегіз бөлмесі бар Ауласы кең. Үйдің астында үлкен гаражымыз бар, моншамыз аулада, алма бағымыз бар. Қазір әкем диванда газет оқып отыр Шешем ас үйде тамақ жасап жатыр. Ағам бөлмесінде демалып жатыр. Әжем теледидардың алдында тоқып отыр. Інім сабаққа дайындалып отыр Қарындасым аулада доп ойнап жүр. Жүр, мен саған отбасымыздың суретін көрсетейін.

Сөздік

әке – отец

шеше – мать

аға – старшая сестра, тетя

аға – старший брат дядя

қарындас – младшая сестра по

отношению к старшему брату

ата – бабушка

әже – бабушка

іні – младший брат

зауыт – завод

тұрмыста – замужем

жас – молодой

мамандық – профессия

заңгер – юрист

аурухана – больница

емхана – поликлиника

сіңлі – младшая сестра по

отношению к старшей сестре

тоқу – вязать

27-жаттығу. Мәтіннен етістіктердің бәрін теріп жазып, оларға грамматикалық талдау жасаныз

Үлгі: істеп жүр – *сложная форма собственно-настоящего времени.*

28-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерге жалпы, арнаулы сұрақтар қойыңыз.

1 Біздің отбасымыз онша үлкен емес. 2. Олар Астанада министрлікте. 3. Қазір әкем диванда газет оқып отыр. 4. Әжем теледидардың алдында шұлық тоқып отыр. 5 Қарындасым аулада доп ойнап жүр.

29-жаттығу. Төмендегі пікірлермен келісеңіз

1. Әлішердің отбасы онша үлкен емес. 2. Әлішердің ата-анасы – дәрігерлер 3 Ләззаттың әке-шешесі – жұмысшылар. 4. Әлішердің екі ағасы – мұғалімдер. 5. Әлішердің інісі институтта оқып жатыр. 6. Ләззаттың анасы тұрмыста. 7 Әлішердің қарындасы кішкентай, мектепте оқып жатыр 8 Ләззат – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде студент. 9 Әлішердің мамандығы – филолог. 10. Ләззаттың үйі – жеке меншік үй, қаланың шетінде. 11. Әлішердің

үйінде үш бөлме бар 12 Өлішердің әке-шешесі Түркияда демалып жатыр.

30-жаттығу. Жакшаны ашып аударыңыз

1 Ләззаттың отбасы (не очень большая), ал Өлішердің отбасы (очень большая). 2. Өлішердің атасы және әжесі – (пожилые люди, пенсионеры). 3. Өлішердің әкесі – (инженер, работает на заводе). 4. Өлішердің екі ағасы (в Астане в министерстве). 5. Апасы (замужем). 6. Інісі (учится в школе), қарындасы (ходит в детский сад). 7. Өлішердің мамандығы – (юрист). 8. Ләззаттың әкесі – (филолог, преподает в институте), ал шешесі – (врач, работает в больнице). 9. Ләззаттың апасы (незамужем, работает в поликлинике). 10. Ләззат (в высшей школе права «Адилет») оқып жүр 11. Ләззаттың үйі (в центре города). 12. Пәтерлері (светлая и просторная, на четвертом этаже). 13. Өлішердің үйінде (восемь комнат), үйдің астында (большой гараж), аулада (баня, яблоневый сад)

31-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Ләззаттың отбасы ..., отбасында бес адам бар: ... 2. Өлішердің отбасы ..., отбасында он адам бар: ... 3. .. зейнеткерлер, әкесі – ..., шешесі – ..., екі ағасы – .., апасы – .., қарындасы – .., інісі – .. 4. Ләззаттың әкесі – ..., шешесі – ..., апасы – .. 5. Өлішер . оқиды, Ләззат оқиды. 6. Ләззаттың үйі ., Өлішердің үйі . 7. Ләззаттың ата-анасы .. жатыр, апасы .. 8 Қазір Өлішердің атасы ..., әжесі .., әкесі ..., шешесі ..., інісі .., қарындасы

32-жаттығу. Төмендегі сөздерден сөйлем құраңыз

1 Емес, біздің, онша, отбасымыз үлкен. 2. Және, зейнеткерлер, адамдар, атам, егдс, әжем, олар 3. Әкесі, зауытта, жүр, Өлішердің, істеп, жұмыс 4. Құқық, Ләззат, «Әдилет», оқиды, мектебінде, жоғары. 5. Үйі, орталығында, Ләззаттың, қаланың. 6. Отырсың, шетінде, өзің, қаланың, біздің, көріп, үйіміз. 7. Бар, астында, гаражымыз, үйдің, бағымыз, моншамыз, алма, аулада. 8 Отыр, алдында, әжем, теледидардың, тоқып 9. Отыр, газет, қазір, диванда, оқып, әкем. 10. Көрсетейін, отбасымыздың. жүр, мен, суретін, саған.

33-жаттығу. 24-жаттығуды пайдаланып, жолдасыңыз екеуіңіз Өлішер мен Ләззаттың әңгімесін жалғастырыңыздар

34-жаттығу. Өлішердің отбасы туралы Ләззатқа, ал Ләззаттың отбасы туралы Өлішерге әңгіме айтқызыңыздар

35-жаттығу. а) Шағын сойлесу гүрлерін оқып, орыс тіліне аударыңыз ө) Сойлесуді жатпап алыңыз б) Асты сызылған сөздердің орнына басқа сөздерді қою арқылы жаңа сойлесу құраңыз

– Бұл 64-19-52 ме?

- Жоқ, нөмірді қате теріп тұрсыз.
- Кешіріңіз .

- Алло! Сәлеметсіз бе! Берікті телефонға шақырыңызшы.
- Берік үйде жоқ.
- Кешіріңіз, мен кейін телефон соғайын.

- Кешіріңіз, маған Марат керек еді.
- Марат үйде жоқ. Үштен кейін телефон соғыңыз
- Жараиды, үштен кейін телефон соғамын.

- Гауһарға телефон соқшы
- Телефоны істемейді.
- Өкінішті екен.

- Ләззаттың телефоны жауап бермей ме?
- Телефоны бос емес
- Қайтадан тер.

36-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Мой друг живет на окраине города. У него частный двухэтажный дом. Возле дома большой яблоневый сад, гараж, баня. На первом этаже большая прихожая, кухня, ванна, туалет, большая гостиная. На втором этаже спальни. В доме десять комнат, так как семья моего друга большая: дедушка, бабушка, родители, две старшие сестры, старший брат, младшая сестра и младший брат. Дедушка и бабушка – пожилые люди, они – пенсионеры. Мама не работает. Папа работает в министерстве. Две старшие сестры работают в банках, одна – в Национальном банке Республики Казахстан, а другая – в Народном банке. Они незамужем. Его старший брат – бизнесмен, младший брат и младшая сестра учатся в школе. Мой друг – студент международной академии бизнеса

37-жаттығу. Кесте жасап, оны жолдастарыңыздан сұрай отырып толтырыңыз. Толтырылған кестені пайдаланып, жолдастарыңыз туралы ақпарат беріңіз

Үлгі: *Фамилияңыз, атыңыз, әкеңіздің аты кім? – Иванов Виктор Петрович.*

Туган жеріңіз қайда? – Алматыда.

Ұлтыңыз кім? – Орыс.

Жасыңыз неше де? – Он тоғызда.

Үйленгенсіз бе? (Тұрмыстасыз ба?) – Жоқ.

Пәтеріңіз қандай? – Қазыналық, бесінші қабатта, үш бөлмелі.

Фамилиясы, аты, өкесінің аты	Туған жері	Ұлты	Жасы	Тұрмысы	Пәтері
<i>Иванов Виктор Петрович</i>	<i>Алматы</i>	<i>орыс</i>	<i>19</i>	<i>үйленбеген (тұрмыста емес)</i>	<i>қазыналық, бесінші қабатта, үш бөлмелі</i>
..

38-жаттығу. Отбасыңыз туралы шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

4-сабақ

Местоимения.

В казахском языке имеются следующие разряды местоимений

Разряды местоимений	Местоимения
1 Личные местоимения	<i>мен «я», сен «ты», Сіз «Вы», ол «он, она, оно», біз «мы», сендер «вы», Сіздер «Вы», олар «они»</i>
2 Указательные местоимения	<i>бұл «этот», осы «этот», мына «этот», мынау «это», сол «тот», ол «тот», ана «то», анау «гот»</i>
3. Вопросительные местоимения	<i>кім? «кто?», не? «что?», қайда? «где?, куда?», қандай? «какой?», қайсы? «который?», неше? «сколько?»</i>
4 Определительные местоимения	<i>бәрі «все», барлық «все», бүкіл «все», барша «все», әр «каждый», әрбір «каждый»</i>
5 Неопределенные местоимения	<i>біреу «некто, кто-то», кей «некоторые», кейбір «некоторый», бірдеме «что-то, нечто»</i>
6 Отрицательные местоимения	<i>ешкім «никто», ештеме «ничто», ештеңе «ничто», дөпеме «ничто»</i>
7 Определительно-возвратные местоимения	<i>өз «свой», өзім «я сам», өзі «ты сам», өзіңіз «Вы сами», өзі «он сам, она сама, оно само», өзіміз «мы сами», өздерің «вы сами», өздеріңіз «Вы сами», өздері «они сами»</i>


Все местоимения, за исключением *өне* «вон», *міне* «вот», *қайда* «где? куда?», *неше?* «сколько?», *әр* «каждый», *кей* «некоторый», склоняются (См Приложение).

Наиболее употребительными являются личные, указательные, возвратные и вопросительные местоимения. Последние выступают в качестве вопросительного слова в специальных вопросах. *Кім отыр?* «Кто сидит?» *Қалай жазады?* «Как пишет?»


5-САБАҚ

1. Фонетика: Қайталау. *Қ, ғ, һ* дауыссыз дыбыстары.
2. Грамматика: Қайталау. Барыс септік.
3. Грамматика: Ауыспалы келер шақ.
4. Лексика: Жұмыс күні.

1. ФОНЕТИКА: ҚАЙТАЛАУ. Қ, ғ, һ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРЫ.

 1-жаттығу. *Қ, ғ, һ* дыбыстарының айтылуына көңіл аударып оқыңыз.

қаз – қаза – қазақ – қазақтар – қазақтарға		
қал – қала – қалақ – қалақтар – қазақтарға		
қар – қара – қарак – қарақтар – қарақтарға		
аға – ағаш – ағашты	аға	баға – бағалы
аға – ағат – ағаттық	аға	бағдар – бағдарлы
аға – жаға – жағала	аға	таға – тағала
аға – саға – сағала	аға	шаға – шағала
аһ – аһа – аһар – қаһарман	уһ	уһа – гауһар – жауһар
қа – қа	ға – ға	һа – ха
қо – қо	ғо – ғо	һо – хо
қар – қар	ғар – ғар	һар – хар
қам – қам	ғам – ғам	һам – хам

 2-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз және орыс тілінен балама келтіріңіз

Қолдағы бар алтынның қадірі жоқ	Көз қорқақ, қол батыр.
Жалқаудың жауы – жұмыс.	Сақтықта қорлық жоқ.
Жалғыз батыр жауға жоқ,	Шақырған жерден қалма,
Жалғыз жігіт дауға жоқ	Шақырмаған жерге барма.
Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала аш болам деп ойламайды.	

3-жаттығу. Мына жаңылтпаштарды ең алдымен баяу оқып, сонан соң шапшаң оқуға дағдыланыңыз.

Жақсы қайшы,	Қайрат қайрақ қайрап отыр,
Қайсы қайшы?	Қайрақпен балта қайрап отыр.
Қойдан қалып қойған қара қозыны Қалтай қораға қамап қойды. Қырық үш қызғыш құсқа қырық үш қызғыш құсты қосса, қанша қызғыш құс болады?	

(«Жаңылтпаштар» кітабынан)

4-жаттығу. Мына жұмбақтарды оқып, аударыңыз және шешуге тырысыңыз

Қара сиырым қарап тұр,	Орақ болып туады,
Қызыл сиырым жалап тұр.	Табак болып тынады.

Қыста ғана болады,
Үстасан, қолын тонады

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жүрмейтін жолы жоқ.

(«Жұмбақтар» кітабынан)

Жұмбақтардың шешулері: *қазан мен от, ай, қар, хат.*

5-жаттығу. Мына сөздерді оқып жатқа жазыңыз

Қабырға, қабат, жатақхана, қалам, қарындаш, қағаз, тақта, аға, нағашы, қарындас.

2. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. БАРЫС СЕПТІК.

6-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз және орыс тіліне аударыңыз

а/ кімге? «кому?»

1 Мен ... бара жатырмын 2. Сен . айтып тұрсың 3 Сіз ... телефон соғыңыз. 4 Мұғалім ... жақсы баға қойсын. 5. Біз . сыйлық берсіік 6. Сендер . . хат жазыңдар. 7 Сіздер . барып тұрыңыздар. 8 Студенттер .. беріп отыр

ө/ кайда? «куда?»

1. Мен ... нанға бара жатырмын 2. Сен .. телефон соғып тұрсың ба? 3. Сіз .. не үшін бара жатырсыз? 4 Марат . жиі барсын. 5. Біз . ертең жүрейік. 6. Сендер . сағат үште барындар. 7. Сіздер ... ұшып келе жатырсыздар ма? 8 Студенттер .. хат жазсын

б/ неге? «зачем?»

1. Мен саған барайын 2 Сен кітапханаға бара жатырсың. 3 Сіз Медеуге ... барыңыз. 4 Болағ темір жол бекетіне ... бара жатыр. 5. Біз дүкенге . келе жатырмыз. 6. Сендер сабаққа . барындар 7. Сіз ... барңыз. 8 Студенттер ... барсын.

7-жаттығу. Барыс септігінде тұрған сөздерді төуеллік формасына айналдырыңыз

-ым/-ім/-м, -мыз/-міз/-ымыз/-іміз


1 Балаға айтанын 2. Біз үйге бара жатырмыз. 3. Төсскке жатайын 4. Біз дүкенге нан алуға барайық. 5 Сұраққа жауап бер. 6. Жұмысқа барайын. 7. Біз ауылға қашан қайтамыз? 8. Дастарқанға алма қоййын. 9. Кітабымды сөмкеге саламын. 10. Әкеге телефон соғамыз ба?

-ың/-ің/-ң, -ңыз/-ңіз/-ыңыз/-іңіз

1. Автобусқа мінініз. 2. Сен емтиханға дайындал. 3 Сіз үйге қашан барасыз? 4. Орындыққа отырыңыз 5. Мектепке жүгір, кешііп қаласың 6. Сендер сабаққа өзрленіндер. 7 Сіздер балаларға киім өперініздер 8. Сіз диванға жатыңыз. 9 Қонаққа тамақ жаса. 10. Дастарқанды жай 11. Затыңызды қағазға ораңыз.

1 Көршіге айт. 2 Апаға хат жазсын. 3. Өнді жолдастарға айтып отыр. 4. Болат ақшаны қалтаға салсын. 5. Алма ауылға сәлемдеме жіберсін. 6. Кереуетке жатсын. 7. Студенттер мұғалімге сұрақ қойып жатыр. 8 Оқушылар дәптерлерге жаңа сөздерді жазып отыр. 9. Бала әжеге су әкелсін. 10 Суретті ағаға көрсетсін. 11. Жомарт терезеге қарап отыр.

3. ГРАММАТИКА: АУЫСПАЛЫ КЕЛЕР ШАҚ.

 **8-жаттығу.** Сойлесуді тыңдап, екі адам оқысын. Орыс тіліне аударсын.

- Алло, Сәлеметсіз бе!
- Алло, алло!..
- Алло! Мені естіп тұрсыз ба?
- Қатты сөйлеңізі! Нашар естіліп тұр!
- Маған Ләззат керек еді
- Ештеме естілмей тұр. Нөмірді қайта теріңізші
- Алло! Енді қалай естіліп тұр?
- Енді жақсы естіліп тұр. Бұл кім екен? Сізге кім керек?
- Маған Ләззат керек еді.
- Мен тыңдап тұрмын.
- Ләззат, бұл Әлішер ғой
- Әлішер?! Сен қайдан телефон соғып тұрсың?
- Қазақ тілі орталығынан. Қазір үйге бара жатырмын.

Мен сені отбасыма таныстырайын деп едім. Кел, үйімізді көрсетейін.

– М-м... Мен дайын емес едім...

– Бір сағатта дайын бол. Бір сағаттан кейін кітапхананың алдында кездесейік.

– Жарайды, тырысайын.

9-жаттығу. Оқып, айырмашылығын байқаңыз

Действие происходит:	
в данный момент речи, сейчас	обычно, всегда
Мен тыңдап тұрмын.	Мен тыңдаймын.
Сен естіп тұрсың.	Сен естисің.
Сіз тырысып жатырсыз.	Сіз тырысасыз.
Ол телефон соғып тұр	Ол телефон соғады.
Біз кездесіп тұрмыз	Біз кездесеміз
Сендер таныстырып жатырсындар	Сендер таныстырасындар.
Сіздер бара жатырсыздар.	Сіздер барасыздар.
Олар дайындалып жүр.	Олар дайындалады.

10-жаттығу. Оқып, айырмашылығын көрсетіңіз. Аударыңыз

1 Біз теледидар көріп отырмыз – Біз теледидар көреміз.

2 Мен сабақта жаттығу жазып отырмын. – Мен сабақта жаттығу жазамын. 3 Сендер қазақ тілін үйреніп жүрсіндер – Сендер қазақ тілін үйренесіндер. 4. Ол жұмыс істеп отыр – Ол жұмыс істейді. 5. Сіз диванда ұйықтап жатырсыз. – Сіз диванда ұйықтайсыз 6. Сен қазақша сөйлеп тұрсың. – Сен қазақша сөйлеісің. 7. Сіздер Италияға бара жатырсыздар – Сіздер Италияға барасыздар. 8. Олар емтихан тапсырып жатыр. – Олар емтихан тапсырады.



После <i>глухих согласных</i>		
в твердом слогe	-а	жаз-а-мын, бар-а-мын, жат-а-мын
в мягком слогe	-е	кет-е-мін, сен-е-мін, жет-е-мін, жүр-е-мін

11-жаттығу. Төмендегі етістіктерден ауыспалы осы-келер шақ (переходное настоящее-будущее время) жасап, орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: жазу – жазамын «пишу»; келу – келемін «прихожу»; ...

Жазу, келу, жүзу, жету, тосу, айту, сұрту, сыпыру, күту, жату, отыру, тұру, жүру, бару, сөйлесу, кешігу, қатынасу, танысу, қалу, жырту, осу, көну, аудару, ұнату, үйрену, үирету, пісіру, жіберу, алу, беру, апару, әкелу, жүргізу, тебу, көтеру.



После <i>гласных</i>	-й	қара-й-мын, биле-и-мін
----------------------	----	------------------------

12-жаттығу. Төмендегі етістіктерден ауыспалы осы-келер шақ жасап, орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: тыңдау – тыңдаймын «слушаю», билеу – билеймін «танцую», ...

Тыңдау, билеу, құлау, мейрамдау, сойлеу, байлау, қалау, есептеу, зерттеу, істеу, ойлау, тоқтау, ойнау, орау, байқау, қарау, босау, тазалау, санау, деу, орындау, жеу, төлеу, жинау, сайлау, іздеу, дайындау, әзірлеу, белгілеу, қабылдау, аяқтау, жасау, құттықтау, бағалау, қайрау



Исключения:		
кою, сою, құю	-я	қо-я-мын, со-я-мын, кү-я-мын
оқу, есту, шұқу	-и	оқ-и-мын, ест-и-мін, шұқ-и-мын

13-жаттығу. Төмендегі етістіктерден ауыспалы осы-келер шақ жасап, орыс тіліне аударыңыз

Тыңдау, билеу, ұнату, байлау, қалау, есептеу, зерттеу, істеу, ойлау, есту, тоқтау, үйрету, ойнау, орау, жазу, сайлау, келу, жүзу, құттықтау, жету, тосу, сұрту, сыпыру, күту, жеу, жату, отыру, жою, тұру, шұқу, жүру, бару, құю, сөйлесу, кешігу, қатынасу, танысу, тою, қалу, мейрамдау, өсу, көну, үйрену, пісіру, жіберу, алу, беру, қою, апару, әкелу, көтеру, тоқу, байқау, қарау, босау, тазалау, санау.

деу, орындау, сөйлеу, толеу, жинау, құлау, іздеу, дайындау, жүргізу, өзірлеу, белгілеу, қабылдау, аяқтау, сою, жасау, жырту, тебу, бағалау, айту, аудару, оқу, қайрау, бітіру, жағу, өшіру



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. <i>Мен жаз-а-мын</i> «Я пишу»	I. <i>Біз жаз-а-мыз</i> «Мы пишем»
II. <i>Сен жаз-а-сың</i> «Ты пишешь» <i>Сіз жаз-а-сыз</i> «Вы пишете»	II. <i>Сендер жаз-а-сыңдар</i> «Вы пишете» <i>Сіздер жаз-а-сыздар</i> «Вы пишете»
III. <i>Ол жаз-а-ды</i> «Он (она) пишет»	III. <i>Олар жаз-а-ды</i> «Они пишут»

Примечание В III лице ед. ч. и мн. ч. прибавляется окончание *-ды/-ді*

14-жаттығу. Кестелегі ұлт бойынша төмендегі етістіктерді жіктеніз.

Ашу, көру, жабу, күту, жылау, түзеу, сөйлеу, құю, тою, оқу

15-жаттығу. Көп нүктенің орнына етістіктің ауыспалы осы-келер шағын қойып, оны орыс тіліне аударыңыз

алу

1. Мен кітапханадан кітап 2. Сендер дүкеннен нан, май, қант 3. Базарға барасың, үйге алма, картоп сатып 4. Біз үстелдің үстінен дәптерлерді 5. Сіз мына қораптың ішінен бор 6. Олар дастарқаннан тамақ 7. Сіздер көрмеден көп әсер .. 8. Марат «Занғар» сауда үйінен зат

беру

1. Ол маған көп көмек . . 2. Мен университетте қазақ тілінен сабақ . . . 3. Біз саған керек затынды 4. Сіз маған көп білім 5. Сендер дәптерлеріңді қашан . . ? 6. Олар қонақтарға дәмді тамақ 7. Сіздер сұрақтарға дұрыс жауап 8. Қасым жұмысшыларға тапсырма

сөйлеу

1. Сен , мен тыңдаймын. 2. Азат жақсы 3. Біз қазақша 4. Сіз қазақша дұрыс 5. Сіздер жиналыста .. . 6. Сендер көп . . 7. Олар бізге ... 8. Мен аз . .

16-жаттығу. Кестелегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құраңыз

Мен	үйге хат кішкентай паркте жұмысымды тез арада ауылдан азық-түлік қалада жеке меншік үйде	жаз. . . қыдыр... . бітір... . әкел... . түр... .
-----	--	---

Сен	ауылға жазда емтиханға дұрыстап өке-шешене ылғи кешке жақын кітап бүгін театрда спектакль	бар.. . дайындал.. . көмектес.. . оқи... көр .
Сіз	газетке мақала кішкентай колде бүгін бізге ауылға зат маған бүгін телефон	жаз... жүз . кел... . апар... соғ...
Ол	футболды өте жақсы қазақша жақсы институтты биыл хатты бүгін кілемнің шаңын	ойна... біл... бітір... . жібер.. қағ..
Біз	бүгін үйді өке-шешемізді жұмысымызды өте теледидарды кешке теннис ойнауға	тазала... ойла... ұнат . . көр.. . бар...
Сендер	мына жаттығуды тез мәтінді онай баланы балабақшаға мына автобуска күнде казыналық үйде	жаз . . аудар... . апар. мін . түр... .
Сіздер	кереуетке шай тамақтан құрметті қонақ жақсылап	жат... іш . . ал... . бол. демал... .
Олар	жақсы керемет өлең дәмді тамақ жұмысқа ерте басқаларға жақсы үлгі	биле... айт... пісір... . бар... . бер.. .

17-жаттығу. Іс-әрекет қазір және дағдылы жағдайда өтіп жатқандығын дәлелдеңіз

Үлгі: Ол хат жазып отыр. — *Ол ылғи (всегда) хат жазады.*

1. Мұрат дүкеннен нан және май әкеле жатыр. 2 Біз киноға бара жатырмыз. 3. Сендер өлеңді жақсы айтып отырсындар. 4. Сіздер өлемі сөйлеп отырсыздар 5. Сәбит ауыр жұмыс істеп отыр. 6 Әлия паркте қыдырып жүр. 6. Назым емтиханды жақсы тапсырып отыр. 7 Ләззат

сахнада өте жақсы билеп жатыр 8. Алмауіл қаланы аралап жүр 9 Сен (спорт) залда теннис ойнап жатырсың. 10 Сіз Сәулені театрдың алдында күтіп тұрсыз. 11 Сіздер дәлізде қазақша сөйлесіп тұрсыздар. 12. Біз Медеу мұзайдынында коньки теуіп жүрміз.

18-жаттығу. Іс-әрекет әдеттегілеі және қазір өтіп жатқандығын айтыңыз

Үлгі: Ол хат жазады — *Ол қазір (сейчас) хат жазып отыр*

1 Тоғжан өлең айтады. 2. Менің туысым келеді. 3. Жұмысшылар зауытқа барады. 4. Менің ағам диванда ұйықтайды 5. Валерии қазақша сөйлейді. 6 Біз кітапханадан кітап іздейміз. 7 Мен теміржол бекетінде пойыз күтемін 8 Сен ыдыс-аяқ жуасын 9 Сендер нәтерді газалайсыңдар 10. Қонақтар төрті бөлмеде дастарқан басында отырады. 11. Біз мектепте тақтаның алдында есеп шығарамыз. 12. Жәңіс машинасын өдемілеп жуады. 13. Азат аулада кілемнің шаңын қағады

19-жаттығу. Оқып, аударыңыз Ауыспалы осы-келер шақ деп неге аталатындығын түсіндіріңіз

Мен ылғи жақсы оқимын. — Мен келер жылы жақсы оқимын.
 Сен күнде ауылға жүресің — Сен келер аптада ауылға жүресің.
 Сіз үнемі уақытыңда келесіз. — Сіз ертең уақытыңда келесіз
 Ол ылғи емтихан тапсырады. — Ол бүрсігүңі емтихан тапсырады
 Біз жылда оқуға түсеміз. — Біз келер жылы оқуға түсеміз.
 Сендер жиі киноға барасыңдар. — Сендер ертең киноға барасыңдар.
 Сіздер ай сайын үйге ұшасыздар — Сіздер осы айда үйге ұшасыздар
 Олар үнемі диктант жазады. — Олар келер жолы диктант жазады

20-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз

1. Я встаю рано. 2. Студенты сегодня сдают экзамены. 3. Завтра мы идем в кино. 4. Я сегодня вечером иду в гости 5. В следующее воскресенье займемся уборкой. 6. Ләззат очень хорошо танцует 7 В этом году Гаухар прекрасно учится 8. В этом месяце Каират много работает. 9. Айжан кормит ребенка. 10. В этом году родители отдыхают в деревне. 11. К нам на следующий год придут родственники из России. 12. Арман всегда служит примером для других. 13. В следующий раз я прочитаю много книг. 14. В этот раз мы пишем сочинение 15. Послезавтра мы отметим день рождения моей мамы



Жекеше түрі	Копше түрі
I. Мен жаз-ба-й-мын «Я не пишу»	I. Біз жаз-ба-й-мыз «Мы не пишем»
II. Сен жаз-ба-й-сың «Ты не пишешь» Сіз жаз-ба-й-сыз «Вы не пишете»	II. Сендер жаз-ба-й-сыңдар «Вы не пишете» Сіздер жаз-ба-й-сыздар «Вы не пишете»
III Ол жаз-ба-й-ды «Он (она) не пишет»	III Олар жаз-ба-й-ды «Они не пишут»

21-жаттығу. Төмендегі етістіктерді болымсыз етістіктерге аиналдырып, орыс тіліне аударыңыз

-ма/-ме

Қараймыз, жасайсыңдар, сөйлейді, білемін, көрссің, жуасыз, жинайсыздар.

-ба/-бе

Жазады, қонамын, үйренеді, көнесіңдер, сөзсіміз, сенесіздер, жуынасың.

-па/-пе

Айтамын, жатасыңдар, ұшамыз, ашасыз, кошеді, күтссіздер, көмектессің.

22-жаттығу. Төмендегі етістіктерді болымсыз етістіктерге аиналдырып, жұрнақтарының астын сызыңыз

Жүреміз, жабасыз, қоясың, тоқтатасыңдар, ішеді, аламын, ойнайды, сөйлесесіздер, қазамыз, барасыздар, білемін, сағынасыздар, дайындаламыз, сатады, қыдырасыңдар, жанасың, өкелемін, санайсыз, бересіңдер, жатасыз, киінесің

23-жаттығу. Оқып, орыс тіліне аударыңыз

1 Мен жақсы студентпін. Сабаққа күнде дайындаламын. Кітап оқимын, оқу залына барамын. Жақсы маман болуға тырысамын. Ал сен нашар студентсің, өйткені сен жалқаусың. Оқу оқымайсың, оқу залына, кітапханаға бармайсың, ештемені (ничего) ойламайсың

2 Біз Меду мұзайдынына барамыз. Коньки тебеміз, демаламыз. Үйге көңілді қайтамыз. Ал Марат ешқайда (никуда) бармайды. Коньки теппейді, өйткені коньки тебуді білмейді, үйренбейді, көңілді жүрмейді.

3 Сіздің үйіңізде дүкенге өксешешеніз барады. Кезекке тұрады, ақшаларын төлейді, азық-түлік өкеледі. Ал Сіз дүкенге бармайсыз, өксешешенізге көмек бермейсіз, оларды ойламайсыз. Бұл жақсы емес.

4 Сіздердің пәтеріңіз өте жақсы, кең, таза, өйткені Сіздер пәтеріңізді жинайсыздар, терезелерді, есіктерді жуасыздар, еденді сыпырасыздар, кілемдеріңіздің шаңын қағасыздар. Ал сендердің пәтерің кең, бірақ таза емес, өйткені сендер оны жумайсыңдар, жиназдың шаңын сүртпейсіңдер, еденді, кілемдерді тазаламайсыңдар. Бұл дұрыс емес.

24-жаттығу. Мына сөздердің жасалуын түсіндіріңіз

Үлгі: тазаламайсыңдар. *таза* “чистый” – корень; *-ла* – глаголообразующий суффикс, *-ма* – отрицательный суффикс; *-й* – суффикс настоящего-будущего переходного действия; *-сыңдар* – личное окончание глагола II лица, мн ч.

Тазаламайсыңдар, кілемдеріңіздің, сүртпейсіңдер, Сіздердің, ақшаларын, ойламайсыз, өксешешенізге, есіктерді, пәтеріңізді, мұзайдынына, төлейді, көңілді, кітапханаға, терезелерді, жумаисыңдар.

25-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын теріске шығарыңыз

Үлгі: Әсет Атырауға барады. — *Жоқ, ол Атырауға бармайды, Ақтауға барады.*

1. Сенің туыстарың Қарағандыда тұрады.
2. Жанар газет оқиды.
3. Мен дүкеннен күріш әкелемін.
4. Студенттер теледидар көреді.
5. Сіздер көп қыдырасыздар.
6. Сендер сұрақ қоясыңдар.
7. Біз өлең айтамыз.
8. Сендер жұмыс істейсіңдер.
9. Сен диванда ұйықтайсың.
10. Ләззат театрда билейді.
11. Гауһар сүт ішеді.
12. Мен теннис ойнаймын.

26-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Я газеты не читаю, Алия читает.
2. Ты в магазин не ходишь, твоя мама ходит.
3. Ты не живешь в этом доме, Талгат живет.
4. Мурат не спит на этой кровати, Асет спит.
5. Мы не смотрим телевизор, наши друзья смотрят.
6. Вы не учите казахский язык, Даша учит.
7. Они не гуляют в парке, мы гуляем.
8. Нурлан не играет в футбол, Самат и Асан играют.
9. Его мама не работает на заводе, папа работает.
10. Ты не думаешь, Салтанат думает.
11. Асель не поет, Жанат поет.
12. Я не знаю немецкий язык, Жибек знает.
13. Ваши родственники не живут в Омске, мои живут.
14. Ты не живешь в частном доме, а Айгерим живет.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен жаз-а-мын ба? «Я пишу?»	I. Біз жаз-а-мыз ба? «Мы пишем?»
II. Сен жаз-а-сың ба? «Ты пишешь?» Сіз жаз-а-сыз ба? «Вы пишете?»	II. Сендер жаз-а-сыңдар ма? «Вы пишете?» Сіздер жаз-а-сыздар ма? «Вы пишете?»
III. Ол жаз-а ма? «Он (она) пишет?»	III. Олар жаз-а ма? «Они пишут?»

Әжең театрға бара ма?
Бүгін Алмас келе ме?

~~Әжең театрға барады ма?
Бүгін Алмас келеді ме?~~

27-жаттығу. Сұраулы сөйлемге аиналдырыңыз

Үлгі: Мен кітап оқимын — Сен кітап оқисың ба?

1. Мен кітап оқимын.
2. Балалар балабақшада кешке дейін болады.
3. Ертең мазмұндама жазамыз.
4. Бүгін компьютер сыныбына барамыз.
5. Шешем дүкеннен азық-түлік әкелді.
6. Әсет жиналыста сөйлейді.
7. Біз кешке жақын қыдырамыз.
8. Сендер бүгін киноға билет аласыңдар.
9. Сіздер мына үйде демаласыздар.
10. Рабиға дастарқан жасайды.
11. Сіз мына өленді жақсы айтасыз.
12. Сен қазақша жақсы сөйлейсің.
13. Жаттығуды дұрыс орындайсыздар.
14. Адамдар жаңалықтарды бір-біріне айтады.
15. Әжең ертең мешітті көреді.

28-жаттығу. Асты сызылған сөздерді сұраулы сөздерге айналдырыңыз

1 Біз дүкеннен жұмыртқа, ет және күріш әкелеміз. 2. Менін шешем мектепте сабақ береді 3. Студенттер кітапханадан кітап алады. 4. Олар көшеде қыдырады. 5. Сіздер қалаға барасыздар. 6. Мен ауылға хатты тез арада жіберемін 7 Мұрат өленді жақсы айтады. 8. Назым шығарманы жақсы жазады. 9. Айжан кітапты көп оқиды. 10. Біз қаланы көп аралаймыз. 11. Бүгін Әселдің шешесі қонақ шақырады.

29-жаттығу. Қазақ тіліне аударып, сұраулы сөйлемге айналдырыңыз

Үлгі: Я хожу на футбол. – *Мен футболға барамын – Мен футболға барамын ба?*

1 Я хожу на футбол. 2. Мы играем во дворе в бильярд. 3. Сауле много гуляет. 4. Сегодня пишем сочинение. 5 Дарига накрывает на стол. 6. Вы выступаете на собрании 7. Они вечером идут в гости 8. Мама Ермека вяжет. 9. Ты отправишь письмо сегодня. 10. Я встаю в шесть часов. 11. Учитель нам помогает. 12. Мы хорошо говорим по-казахски. 13. Ты много пьешь воды 14 Вы завтра пишете изложение.

30-жаттығу. Қазақ тіліне аударып, асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1 Дети спят в кроватках. 2. Моя старшая сестра работает в школе 3 Студенты разговаривают в коридоре. 4. Марат играет в футбол. 5. Берик пишет письма домой. 6. Сакен всегда сидит в читальном зале. 7. Они очень много думают. 8. Даулет хорошо учится. 9. Они гуляют в парке каждый день. 10. Наши родственники приезжают из Кокшетау.

31-жаттығу. Төмендегі сөздерді табыс септігіне қойып, етістіктерді пайдаланып сөйлем құраныз

Үлгі: Мен қазақ тілі сабағын жақсы көремін. – *Меруерт есенгі жек көреді.*

жақсы көру..
ұнату .

жек көру...
ұнатпау...

қазақ тілі сабағы
ет
сиырдың еті
сен
кереует
балмұздақ
кофе
ботқа
алма
су
киноға бару


есеп
балық
шошқаның еті
олар
диван
бал
сүт
сорпа
жұмыртқа
шай
жиналыста отыру

демалу
сурет салу
кір жуу
кітап оқу

сабақ оқу
тігу
үтіктеу
газет оқу

32-жаттығу. Өз ойыңыздан сөйлем құрап жазыңыз

4. ЛЕКСИКА: ЖҰМЫС КҮНІ.

 33-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Вильямның жұмыс күні

Бүгін – жұмыс күні. Адамдардың көбі жұмыс күні ерте тұрады. Кейбіреулері дене тәрбиесі жаттығуларын орындайды, кейбіреулері орындамайды, жуынады, киінеді, таңертеңгі астарын ішіп, жұмысқа асығады. Таңертең уақыт жетпейді.

Вильям – шетел фирмасының директоры. Әйелі екеуі Алматыда Наурызбай көшесіндегі 56-ншы үйде тұрады. Әйелінің аты Шерил. Балалары жоқ. Екеуі де Нью-Йорктан.

Вильям сағат алтыда тұрады, дене тәрбиесі жаттығуларын орындайды да, жуынады. Таңертеңгі тамағын ішеді. Үйден жетіде шығады. Машинаға отырып, жұмысына барады. Сағат бірде түскі асын ішеді, жұмысын сағат сегіз немесе тоғызға дейін істейді. Кейде пицца сатып алып, кейде Шерил екеуі мейрамханаға барып тамақтанады. Үйге келіп, біраз жұмыс істейді немесе демалады. Сағат он екіде шешініп, ұйықтауға жатады.

Ертең Вильям сағат алтыда тұрмайды, дене тәрбиесі жаттығуларын орындамайды, жуынбайды. Таңертеңгі тамағын ішпейді. Үйден жетіде шықпайды. Машинаға отырып, жұмысына бармайды. Сағат бірде түскі асын ішпейді, жұмысын сағат сегіз немесе тоғызға дейін істемейді. Пицца сатып алып немесе мейрамханаға барып тамақтанбайды. Үйге келіп, жұмыс істемейді, демалмайды. Сағат он екіде шешініп, ұйықтауға жатпайды. Өйткені ол ауырып жатыр. Ол енді бір апта төсегінде жатып емделеді.

Сөздік

адамдардың көбі – многие
ерте – рано
кейбіреулер – некоторые
дене тәрбиесі жаттығулары –
упражнения утренней зарядки
жуыну – умываться
таңертеңгі асты ішу – завтракать
асығу – торопиться
уақыт – время
жету – хватать
шетел – иностранный
түскі ас – обед

кейде – иногда
сатып алу – покупать
мейрамхана – ресторан
тамақтану – кушать
біраз – немного
шешіну – раздеваться
өйткені – потому что
ауыру – болеть
енді – теперь
төсек – кровать
емделу – лечиться

34-жаттығу. Жолдасыңыз екеуіңіз Вильямның жұмыс күні туралы бір-біріңізге сұрақ қойып, жауап беріңіздер

35-жаттығу. Мына уақыттарға қарап, Вильямның әдетте не істейтінін айтып, жазыңыз

Үлгі: 06.00 – *Вильям сағат алтыда тұрады.*

06.00 – _____ 20.00 – _____

07.00 – _____ 24.00 – _____

13.00 – _____

36-жаттығу. Жолдастарыңыздан мәлімет жинап, төмендегі кестені толтырып, айтып беріңіз

Үлгі: *Виктор сағат жетіде тұрады. Ертең ол сағат алтыда тұрады. Татьяна екіде оқу залына барады. Ертең Татьяна екіде дәрігерде болады.*

АТЫ	Уақыт	Не істейді?	Ертең
<i>Виктор</i>	<i>07.00</i>	<i>тұрады</i>	<i>06.00</i>
<i>Татьяна</i>	<i>14.00</i>	<i>оқу залына барады</i>	<i>дәрігерде болады</i>
...

37-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз сағат нешеде тұрасыз? 2. Дене тәрбиесі жаттығуларын орындайсыз ба? 3. Жуынасыз ба? 4. Таңертенгі тамағыңызды ішесіз бе? 5. Жұмысқа (оқуға) нешеде барасыз? 6. Түскі асыңызды нешеде және қайда ішесіз? 7. Үйге қашан келесіз және не істейсіз? 8. Кешкі асыңызды ішесіз бе? 9. Содан кейін не істейсіз? 10. Қашан ұйықтауға жатасыз?

38-жаттығу. Жолдасыңыздан ертең не істейтінін сұраңыз

Үлгі: *Сен ертең таңертеңгі сағат сегізде не істейсің? – Мен ертең таңертеңгі сағат сегізде сабақта боламын.*

39-жаттығу. Жолдасыңыз ертең не істейтінін айтып берсін Сіз жолдасыңыздың ертең не істейтінін басқаларға қайталап айтыңыз

Үлгі: *Света: Мен ертең таңертеңгі сағат жетіде тұрамын. – Света ертең таңертеңгі сағат жетіде тұрады.*

40-жаттығу. «Менің жұмыс күнім» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

5-сабақ

Настоящее-будущее (переходное) время.

В казахском языке существует форма настоящего времени, которая в зависи-

мости от контекста может представлять и настоящее и будущее время и обозначает действие, которое обычно имеет место. Например *Кустар ушады* «Птицы летают» *Ол ертең ушады* «Он завтра улетает».

В русском языке встречаются примеры, когда настоящее время употребляется в значении будущего, и говорящий высказывает уверенность в том, что действие обязательно произойдет или не произойдет. Ср русск *Завтра он летит в Москву* *Я завтра не выступаю на собрании*

Эта форма образуется при помощи суффиксов *-а*, *-е*, *-й*, за которыми следуют личные окончания.

- Если корень оканчивается на согласный – *-а/-е бар-а-мын; кел-е-сиң.*
- Если корень оканчивается на гласный – *-й ойла-й-мын, сөйле-и-сиң.*

Спряжение глагола жазу в настояще-будущем времени

Единственное число		Множественное число	
I	Мен жаз-а-мын «Я пишу»	I	Біз жаз-а-мыз «Мы пишем»
II	Сен жаз-а-сың «Ты пишешь» Сіз жаз-а-сыз «Вы пишете»	II	Сендер жаз-а-сыңдар «Вы пишете» Сіздер жаз-а-сыздар «Вы пишете»
III	Ол жаз-а-ды «Он (она) пишет»	III	Олар жаз-а-ды «Они пишут»

Исключения составляют несколько глаголов

Исключения		
<i>қою, сою, құю</i>	-я (-йа)	қо-я-мын, со-я-мын, құ-я-мын
<i>оқу, есту, шүкү</i>	-и (-ый; -йй)	оқ-и-мын, ест-и-мін, шүк-и-мын

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола, затем следует суффикс *-й* и личные окончания глагола *жаз-ба-и-ды* «не пишете», *ашт-па-й-сыз* «не говорите»

Вопросительная форма глагола образуется при помощи вопросительных частиц *ма/ме, ба/бе, па/пе*, которые пишутся отдельно

Единственное число		Множественное число	
I	Мен жаз-а-мын ба? «Я пишу?»	I	Біз жаз-а-мыз ба? «Мы пишем?»
II	Сен жаз-а-сың ба? «Ты пишешь?» Сіз жаз-а-сыз ба? «Вы пишете?»	II	Сендер жаз-а-сыңдар ма? «Вы пишете?» Сіздер жаз-а-сыздар ма? «Вы пишете?»
III	Ол жаз-а-ма? «Он (она) пишет?»	III	Олар жаз-а-ма? «Они пишут?»

При этом личные окончания глагола в III лице опускаются

Әжең театрға бара ма?

Бүгін Алмас келе ме?

~~*Әжең театрға барады ма?*~~

~~*Бүгін Алмас келеді ме?*~~

В отличие от собственно-настоящего времени переходное настоящее время обозначает действие, которое имеет место обычно. Сравните

Ол қазір ұйықтап жатыр. «Он спит (сейчас)»

Ол ығи ұйықтайды «Он спит (обычно, всегда)»

Это длительное действие практически не ограничено временем и имеет место всегда в данных условиях. Сравните *Жер айналады* «Земля вращается» *Ол зауытта жұмыс істейді* «Он работает на заводе» Отсюда вытекает способность настоящего времени выступать в функции будущего. Например, выражение *Мен театрға барамын* означает «Я хожу в театр» и «Я пойду в театр»

6-САБАҚ


1. Фонетика: Қайталау. *ң* дыбысы.
2. Грамматика: Қайталау. Ілік септік.
3. Грамматика: Сын есім.
4. Лексика: Ауа райы.

1. ФОНЕТИКА: ҚАЙТАЛАУ. *ң* ДЫБЫСЫ.

 1-жаттығу. *ң* дыбысының айтылуына көңіл аударып оқыңыз.

аң — таң	аң — шаң	аң — саң	аң — маң	аң — жаң
оң — тоң	оң — шоң	оң — соң	оң — моң	оң — жоң
ең — тең	ең — шең	ең — сең	ең — мең	ең — жең
ың — тың	ың — шың	ың — сың	ың — мың	ың — жың
ің — тің	ің — шің	ің — сің	ің — мің	ің — жің

аң — таң — шаң — саң — маң — жаң
оң — тоң — шоң — соң — моң — жоң
ең — тең — шең — сең — мең — жең
ың — тың — шың — сың — мың — жың
ің — тің — шің — сің — мің — жің

 2-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз және орыс тілінен балама келтіріңіз

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Күлме досыңа, келер басына

Ой ойласаң, тең ойла,
Тең ойласаң, кең ойла.

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

Ана жақсылығын
Ауырсаң білерсің,
Қайын жақсылығын
Қыдырсаң білерсің.

Биік төбеге шықсаң,
Көзің ашылады.
Жақсы кісімен сөйлесең,
Көңілің ашылады.

3-жаттығу. Мына жаңылтпаштарды ең алдымен бауу оқып, сонан соң тез оқуға дағдыланыңыз.

Сенсең,
Бейсенде бар сеңсең тон,
Сейсенде бар сеңсең тон,
Кигендері өңшең тон.

Шемішке шақсаң шақ,
Шақсаң шақ.
Шөбінді шапсаң шап,
Шапшаң шап

Қаңбақ, жанғақ, аң, шың, жең,
Жаңбыр, қайын, таң, тың, сең —
«ң»-нан сөз жоқ басталған,
«ң»— үлестен бос қалған.

Сең сел емес,
Сел сең емес.
Мен сен емес,
Сен мен емес.

(«Жаңылтпаштар» кітабынан)

4-жаттығу. Мына жұмбақтарды оқып, аударыңыз және шешуге тырысыңыз.

Қолыңмен тиме —
Үсті толған ине.

Өшейінде жекесің,
Қарай қалсаң — екеусің.

Тұрсаң, тұрады,
Жүрсең, жүреді.

Қалын киімді ұнатады,
Шешіндірсең, жылатады.

Шайнасан, жағың талады,
Тісіңнің кірін алады.

Ойнақтаса қолыңда,
Із қалмайды соңыңда.

(«Жұмбақтар» кітабынан)

Жұмбақтардың шешуі: кірші, айна, көлеңке, пияз, саңыз, өшпргіш

5-жаттығу. Мына сөздерді оқып, жатқа жазыңыз.

Еңбек, алаң, кеңес, өлең, меңгеруші, заңгер, аң, сіңлі, жеңге, таңертен.

2. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ІЛІК СЕНТІК.

6-жаттығу. Мына сөздерді тәуелдік жалғау формасына қойып жазыңыз.

к/р

Аймақ, арақ, асқабақ, астық, аяқ, бақ, балалық, балмұздақ, балық, бармақ, бастық, бауырсақ, бесбармақ, борсық, бұршақ, бұрқак, бұтақ, болашақ, бойдақ, бұлақ, денсаулық, достық, жақ, жылдамдық, жорық, жұмбақ, жыртық, жаңалық, жапырақ, жарық, күйтабақ, иық, қабақ, қабық, қазақ, қазық, қаимақ, қайық, қақпақ, қамқорлық, қасық, қонақ, қорқақ, қуырдақ, қуыршақ, құймақ, күлақ, қызғалдақ, лак, мақтаншақ, мамандық, мысық, оймақ, ойыншық, оқулық, орталық, орындық, пышақ, сабақ, салмақ, саусақ, сирақ, сұрақ, сызық, сыйлық, тазалық, табақ, тамақ, таяқ, тарақ, тауық, топырақ, тұздық, тырнақ, шаруашылық, шөк, шұлық, шынтақ, ұшақ, ынтымақ.

к/е

Азық-түлік, аскөк, оңтүстік, әлек, белдік, бесік, биіктік, бөбек, бөлік, бүйрек, білезік, дөнгелек, еңбек, еркек, есік, есімдік, етік, етістік, солтүстік, кезек, жәшік, жидек, жолсерік, жүзік, жүк, жүрек, жібек, иек, келешек, киім-кешек, көжек, көйлек, көмек, куәлік, күнделік, күрек, қыркүйек, кіндік, кірпік, мүжидек, мүмкіндік, өрік, өсімдік, өтірік, сөздік, сүйек, тәулік, терек, тесік, төсек, тілек, тірск, үйрек, шелек, шөлмек, шүберек, шүмек, шірік, ілгек, ілмек, ірімшік, ішек.

п/б

Аспап, әріп, доп, есеп, жауап, жіп, кәсіп, кітап, қап, қолғап, мектеп, сап, себеп, тап, топ, шарап, шөп.

7-жаттығу. Көп нүктенің орына керекті жалғауды қойып жазыңыз

1. Мұрат... сабағы нешеде басталады? 2. Дәптер.. қалыңдығы қандай? 3. Кітап... бетін аш 4. Үй... терезесі ашық па? 5. Қарлығаш.. көмегі керек пе? 6. Орындық... аяғы сынық па? 7. Үстел... аяғын сұрт.

8. Айжан... қызы үлкен бе? 9. Әсел ата-анасы ауылда 10 Ораз жұмысы қайда? 11. Гараж... қақпасы жабық қои. 12. Берік... қилті бар емес пе? 13. Бөлме... еденін сыпыршы. 14. Жиһаз.. шаңын сүрту керек.


8-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1 Бір жылда неше ай бар? 2. Бір айда неше апта бар? 3. Бір аптада неше күн бар? 4. Бір тәулікте неше сағат бар? 5 Бір сағатта неше минут бар? 6. Бір минутта неше секунд бар? 7. Бүгін қай күн? 8 Қазір қай жыл мезгілі? 9. Қазір қай ай? 10. Бүгін нешесі? 11. Қазір жылдың нешінші айы? 12. Қазір айдың нешінші аптасы? 13. Бүгін аптаның нешінші күні? 14 Наурыз жылдың нешінші айы? 15 Желтоқсан жылдың нешінші айы? 16. Тамыз жылдың нешінші айы? 17. Қыркүйек жылдың нешінші айы? 18. Дүйсенбі аптаның нешінші күні? 19. Жұма аптаның нешінші күні? 20. Сейсенбі аптаның нешінші күні?

9-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз

1. В году двенадцать месяцев: январь, февраль, март, апрель, май, июнь, июль, август, сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь. 2. Март — третий месяц года. 3. Июнь — шестой месяц года и первый месяц лета. 4 Февраль — второй месяц года и третий месяц зимы 5 Ноябрь — одиннадцатый месяц года и третий (последний) месяц осени. 6. Апрель — четвертый месяц года и второй месяц весны. 7. Понедельник — первый день недели 8. Четверг — четвертый день недели. 9. Суббота — шестой день недели. 10. Сегодня — второй день недели. 11. Завтра — третий день недели. 12. В году четыре времени года. зима, весна, лето, осень. 13. В неделе семь дней: понедельник, вторник. среда, четверг, пятница, суббота, воскресенье 14 В феврале 28 или 29 дней 15. В январе, марте, мае, июле, августе, октябре и декабре 31 день. 16. В апреле, июне, сентябре и ноябре 30 дней. 17. В сутках 24 часа. 18 В одном часе 60 минут 19 В одной минуте 60 секунд

3. ГРАММАТИКА: СЫН ЕСІМ.

 10-жаттығу. Диктордан тыңдап, кейін қайталаңыз Сұрақтарға жауап беріңіз

Көк, сары, қызыл, жасыл, ақ, қара, қоңыр, сұр.

- | | |
|---------------------|----------------------|
| 1. Аспан қай түсті? | 5 Қызанақ қай түсті? |
| 2. Шөп қай түсті? | 6. Алма қай түсті? |
| 3. Қар қай түсті? | 7. Костюм қай түсті? |
| 4 Жиһаз қай түсті? | 8. Сөмке қай түсті? |

 11-жаттығу. Диктордан тыңдап, кейін қайталаңыз Сұрақтарға жауап беріңіз

Үлкен, кішкене (кішкентай), кең, тар, биік, аласа, ұзын, қысқа.

- | | |
|------------------------------|-------------------------|
| 1. Алматы қандай қала? | 5. Памир тауы қандай? |
| 2 Тараз қандай қала? | 6. Қаратау тауы қандай? |
| 3. Қазақстанның жері қандай? | 7. Орал өзені қандай? |
| 4. Қытайдың жері қандай? | 8 Сарысу өзені қандай? |

12-жаттығу. Диктордан тындап, кейін қайталаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз

Жуас, тентек, еңбекқор, жалқау, қатты, жұмсақ.

- | | |
|-----------------------|---------------------------|
| 1. Марат қандай адам? | 4. Жомарт қандай адам? |
| 2. Сәкен қандай адам? | 5. Өсеттің мінезі қандай? |
| 3. Сәуле қандай адам? | 6. Әселдің мінезі қандай? |

13-жаттығу. Диктордан тындап, кейін қайталаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз

Ащы, төтті, дәмді, дәмсіз, тұзды, тұщы, қышқыл.

- | | |
|----------------------------|-------------------------|
| 1. Дорінің домі қандай? | 5. Қиярдың дөмі қандай? |
| 2. Көмпіттің домі қандай? | 6. Судың дөмі қандай? |
| 3. Маралдың тамағы қандай? | 7. Алманың дөмі қандай? |
| 4. Саматтың тамағы қандай? | |

14-жаттығу. Диктордан тындап, кейін қайталаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Қисық, тұзу, дөңгелек, сопақ, жалпақ, томпақ.

- | | |
|-------------------------------|---------------------|
| 1. Мына сызық қандай? | 4. Жұмыртқа қандай? |
| 2. Алмағының көшелері қандай? | 5. Табақ қандай? |
| 3. Мына үстел қандай? | 6. Мына жер қандай? |

15-жаттығу. Мына сөз тіркестерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

а) ақ шаш, ақ сүт, ақ нан, ақ қағаз, ақ қар, ақ ниет, ақ жүрек, ақ халат;

б) жас өсімдік, жас ет, жас мал, жас дәрігер, жас жүрек, жас ұрпақ, жас талант, жас қанат;

в) ұзын қарындаш, ұзын мойын, ұзын койлек, ұзын құлақ;

г) ұзақ өңгіме, ұзақ жол, ұзақ жиналыс, ұзақ сөз, ұзақ сапар, ұзақ өмір,

д) жақсы бала, жақсы ниет, жақсы сурет, жақсы білім, жақсы үлгі, жақсы тамақ, жақсы күн, жақсы өн, жақсы жұмыс, жақсы мұғалім;

е) ыстық күн, ыстық кез, ыстық тамақ, ыстық су, ыстық сүт, ыстық жүрек; ыстық сөз, ыстық шай;

ж) сары жашырақ, сары бидай, сары май, сары қағаз, сары жұмыртқа, сары шаш, сары қарындаш, сары бауырсақ, сары қымыз;

з) алтын жүзік, алтын адам, алтын күз, алтын сөз, алтын жүрек, алтын қол, алтын мінез, алтын құм, алтын жұмыртқа;

и) аз адам, аз сөз, аз ақша, аз өңгіме, аз жұмыс, аз көлік, аз тамақ

16-жаттығу. Сын есімдерге сұрақ қойыңыз

Үлгі: Менің үйім таза — *Менің үйім қандай?*

1. Үстелде сары, қызыл, қара, қоңыр қарындаштар жатыр
2. Біздің асханада дәмді ас пісіреді
3. Үссен Мәскеуге ұзақ жол

жүреді. 4 Мен аласа өкшелі туфлиді ұнатамын. 5 Біздің ағамыз алтын адам 6. Біз өдемі үш қабатты үйде тұрамыз. 7. Суық су ішпеймін, ауырып қаламын 8. Мараттың көзі көк, шашы қара. 9. Дәрігерлер ақ халат киеді. 10 Өңгімесі ұзақ екен, үйге қайтайық. 11. Ақ нанға сары май жағып же. 12. Даниярдың қолы алғын. 13. Асханада ыстық тамақтар және салқын тағамдар болады. 14. Қазір жұмыстың нағыз қызған кезі 15 Сары жапырақтар жерге түсіп жатыр. 16. Сөзіңіз алтын!

17-жаттығу. Сурақтарға жауап беріңіз

Үлгі: Мына көйлектің түсі қандай, ақ па, қызыл ма? – Мына көйлек қызыл.

1. Мына гүлдің түсі қандай, сары ма, көк пе? 2. Әлияның шашы қандай, сары ма, кара ма? 3 Өсеттің көзі қандай, қара ма, көк пе? 4. Асхананың тамағы қандай, дәмді ме, дәмсіз бе? 5. Ақтауға жол қандай, ұзақ па. қысқа ма? 6 Алматының кошелері қандай, түзу ме, қисық па? 7. Мына туфлидің өкшесі қандай, биік пе, аласа ма? 8. Әлияның шашы қандай, ұзын ба, қысқа ма? 9. Мына су қандай, ыстық па, суық па? 10. Қазақ тілі сабағы қандай, ауыр ма, жеңіл ме? 11. Мына үстел қандай, төрт бұрышты ма, дөңгелек пе? 12. Мына алма қандай, төтті ме, қышқыл ма? 13 Қыста күн қандай, қысқа ма, ұзақ па? 14. Мына нан қандай, қатты ма, жұмсақ па? 15. Ана кітап қандай, жаңа ма, ескі ме? 16 Өселдің өкесі қандай, жас па, көрі ме?

18-жаттығу. Екінші сыңарын табыңыз

көрі	тұшы
жеңіл	жүдеу
жана	қысқа
үлкен	төтті
жақсы	арық
ыстық	түзу
қымбат	ауыр
ұзақ	жалқау
семіз	тентек
кара	аласа
тар	кішкене
биік	суық
қатты	арзан
жуас	ескі
еңбекқор	кен
толық	жұмсақ
ашы	жас
тұзды	жаман
қисық	ақ



жана


$$2 + 2 = 4$$




ескі

$$2x^2 + 2x - 8$$




 **20-жаттығу.** 19-жаттығудағы сын есімдерді тыңдап, қайталап айтыңыз және олармен сөйлемдер құраныз

21-жаттығу. Мына *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағының тиісті формасын жалғаныз және орыс тіліне аударыңыз.

 <i>-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті</i> указывает на отношение одного предмета к другому	<i>тау</i> «гора» <i>күш</i> «сила» <i>ен</i> «ширина»	<i>тау-лы</i> «горный» <i>күш-ті</i> «сильный» <i>ен-ді</i> «широкий»
---	--	---


Бас, дала, сәт, көл, түс, дене, сақал, мұрт, бала, дәм, тұз, жара, күлкі, қайғы, сақал, тау, белгі, күш, ен, орын, күнделік, базар, аи, апта.

22-жаттығу. Мына сөздерге *-дай/-дей, -тай/-тей* жұрнағының тиісті формасын жалғаныз және орыс тіліне аударыңыз

 <i>-дай/-дей, -тай/-тей</i> указывает на качество предмета относительно другого предмета	<i>бала</i> «ребенок» <i>сүт</i> «молоко» <i>қыз</i> «девушка»	<i>бала-дай</i> «как ребенок» <i>сүт-тей</i> «как молоко» <i>қыз-дай</i> «как девушка»
--	--	--


Бала, ана, су, қыз, сүт, күн, әке, шеше, қар, жаңбыр, кісі, қызмет.

23-жаттығу. Мына сөздерге *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* жұрнағының тиісті формасын жалғаныз және орыс тіліне аударыңыз

 <i>-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік</i> образует прилагательные от слов, заимствованных из русского языка	<i>инженер</i> <i>компьютер</i> <i>математика</i>	<i>инженер-лік</i> «инженерный» <i>компьютер-лік</i> «компьютерный» <i>математика-лық</i> «математический»
--	---	--


Қала, компьютер, минерал, ауыл, жас, дос, математика, өндіріс, министр, кандидат, инженер, демократ, геология, кісі, ұжым.

24-жаттығу. Мына сөздерге *-сыз/-сіз* жұрнағының тиісті формасын жалғаныз және орыс тіліне аударыңыз

 <i>сыз/-сіз</i> образует отрицательные прилагательные	<i>бұлт</i> «облако» <i>су</i> «вода» <i>тіс</i> «зуб»	<i>бұлт-сыз</i> «безоблачный» <i>су-сыз</i> «безводный» <i>тіс-сіз</i> «беззубый»
---	--	---

Тіл, дәм, бұлт, ақша, жел, мұрт, білім, ақыл, адал, сүт, су, ар, жүрек, әл, күш.

25-жаттығу. Мына сөздерге *-қы/-кі, -ғы/-гі* жұрнағының тиісті формасын жалғаныз және орыс тіліне аударыңыз

 <i>-қы/-кі, -ғы/-гі</i> указывает на отношение во времени	<i>күз</i> «осень» <i>жаз</i> «лето» <i>қыс</i> «зима» <i>көктем</i> «весна»	<i>күз-гі</i> «осенний» <i>жаз-ғы</i> «летний» <i>қыс-қы</i> «зимний» <i>көктем-гі</i> «весенний»
---	---	--

Қыс, күз, көктем, жаз, кеше, бүгін, ертең, таңертең, іш, сырт, қазір, түс, соң, төмен, қасында, таң, бұрын.

26-жаттығу. Оқыңыз және сын есімдердің жасалу тәсілін көрсетіңіз


1. Бай – бір жұттық, батыр – бір оқтық. 2. Ойлы, арлы адамға бір сөз де жетеді, ойсыз, арсыз адамға мың сөз де жетпейді. 3. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. 4. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. 5. Бейнетсіз рақат жоқ. 6. Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер. 7. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар. 8. Тіл буынсыз, ой түпсіз. 9. Үндемеген үйдей пәледен құтылады. 10. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. 11. Білімді өлсе, қағазда аты қалар, ұста өлсе, істеген заты қалар. 12. Өнерлі өрге жүзеді. 13. Аш адам ұрысқак, ақсақ қой тырысқак.

27-жаттығу. Аударыңыз және сын есімдерін көшіріп жазып, қай түрі екінің ажыратыңыз

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(Абай)

3. ЛЕКСИКА: АУА РАЙЫ.

 **28-жаттығу.** Сөйлесуді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударып, жаттап алыңыз

Гленда: Бүгін ауа райы қандай жақсы! Күн жылы, аспан ашық. Самал жел соғып тұр. Көктем – жылдың ең жақсы мезгілі!

Виталий: Меніңше, жылдың ең жақсы мезгілі – қыс. Қыста күн суық және қысқа болады. Қар жауады, тұман түседі. Ауа таза болып тұрады.

Миша: Сен қысты неге жақсы көресің? Өйткені сенің туған күнің қыста ғой! Кешір, бірақ жылдың ең жақсы мезгілі – жаз. Жазда күн ыстық, ұзақ болады, жылы жаңбыр жауады.

Роза: Боріңіз де қателесесіздер, өйткені жылдың ең жақсы мезгілі – күз. Күзде күн салқын, сонда да күз – ең әдемі жыл мезгілі. Күзде көкөніс, жеміс-жидек өте көп.

Вильям: Әр мезгіл де тамаша. Қыста көктемді асыға күтесің, ал көктемде жаз келсе екен дейсің, күн жылынса екен дейсің. Күзде көкөністер піседі, табиғат қандай тамаша! Мен Қазақстанның біраз облыстарында болып жүрмін, табиғаты өте бай. Ал қыста керемет, жер ақ қар жамылады. Табиғаттың сұлулығын айтып жеткізу қиын!

Дарья: Айтпақшы, ертең ауа райы қандай болады?


Ксения: Таңертең күн жылы болады, күндіз жаңбыр жауады. Кешке жақын салқындайды. Ауаның температурасы 5–7 градус жылы болады

29-жаттығу. Мына сөз тіркестерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

Ауа райы, күн жылы; аспан ашық; самал жел соғады, ең жақсы мезгіл; қар жауу; тұман түсу; ауа таза болу, жақсы көру; жылы жаңбыр жауу; бөріңіз қателесесіздер; асыға күту; келсе екен деу; күн жылыну; көкөніс пісу; біраз облыстар; табиғаты бай; жер ақ қар жамылу; табиғаттың сұлулығы; айтып жеткізу қиын.

30-жаттығу. Оқыңыз, сын есімнің жасалу жолын анықтаныз және орыс тіліне аударыңыз. Сын есімдермен сөйлем құраңыз

Желсіз, жазғы, күзгі, бұлтты, бұлтсыз, қысқы, көктемгі, кешкі, жауын-шашынды, аязды, айлы, жауын-шашынсыз, қарлы, түнгі, айсыз.

 31-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Ауа райы

Жылдың төрт мезгілі бір-біріне ұқсамайды. Қыста қатты аяз, жазда ыстық, күзде қоңыр салқын күндер жиі болады. Көктемде күн жылына бастайды

Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Жаңбыр онша көп жаумайды. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Маусымның 22-сінде күн мен түн теңеледі.

Жаздан кейін қоңыр салқын күз де келіп жетеді. Қараңғылық ерте түседі. Аспанда қара бұлт қаптап, жауын да жиі-жиі жауады. Қар аралас жауын-шашын болады.

Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады. Күн аязды, жер тайғақ болады. Бұл кезде енді күн қысқа, түн ұзақ болады.

Қыстан кейін көптен күткен көктем де келеді. Бұл кезде күн жылына бастайды. Табиғат қысқы ұйқысынан оянады. Түн қысқарып, күн ұзарады. Күннің көзі жарқырайды. Кейде жылы жаңбыр жауып, оңтүстіктен жылы жел еседі. Енді көктем өз орнын жазға береді.

Жылдың әр мезгілінде ауа райы өзгеріп тұрады. Сондықтан адамдар ауа райының болжауын радиодан, теледидардан біледі. Ауа райын бір-екі күн, апта, ай бұрын алдын ала болжауға болады. Мұнымен метеорология ғылымы айналысады. Ауа райын болжайтын қарапайым аспаптардың бірі — барометр. Ал, Жердің жасанды серіктері жоғарыдан ауа райының жағдайын, өзгерісін бақылайды да, радио арқылы Жерге хабарлап отырады.

Ауа райының құбылысын алдын ала біліп отыру кеме капитандарына, ұшқыштарға, автомобиль жүргізушілеріне, теміржолшыларға, құрылысшыларға, егіншілерге және малшыларға аса қажет.

Сөздік

ұқсау — быть похожим
аяз — мороз
жылына бастайды — теплеет

табиғат ұйқысынан оянады — природа
просыпается от спячки
қоңыр салқын — умеренная прохлада

өзгеру — меняться
 жел — ветер
 аспан — небо
 бұлт — туча, облако
 болжау — прогноз
 теңелу — равняться
 жағдай — условие
 бақылау — наблюдать
 қаптау — сгущаться
 жауын — дождь
 айналысу — заниматься
 тайғақ — скользкий

күннің көзі жарқырайды — светит яркое солнце
 оңтүстіктен жел еседі — с юга дует ветер
 қар аралас жауын-шашын — снег с дождем
 көгілдір мұз жабады — покрываются голубым льдом
 ақ қар жаңғылады — покрываются белым снегом
 қаралайым аспап — простое устройство
 жасанды серік — искусственный спутник
 жаңбыр жауалы — идет дождь
 қараңғылық түсу — темнеть
 құбылыс — явление, изменение
 хабарлау — оповещать
 алдын ала — заранее

32-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздердің лайықтысын жазыңыз.

1. Жазда күн (қысқа, ұзақ) болады. 2. Қыста күн (ыстық, суық) болады. 3. (Қыста, жазда) аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. 4. (Жазда, күзде) қараңғылық ерте түседі, аспанда қара бұлт қаптап, жауын да жиі-жиі жауады, қар аралас жауын-шашын болады. 5. (Қыста, жазда) дала, орман, үйлер ақ қар жағылады, өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады, күн аязды, жер тайғақ болады. 6. (Жазда, көктемде) табиғат қысқы ұйқысынан оянады, кейде жылы жаңбыр жауып, оңтүстіктен жылы жел еседі. 7. Жылдың әр мезгілінде (жағдайы, ауа райы) өзгеріп тұрады. 8. Адамдар ауа райының (құбылысын, болжауын) радиодан, теледидардан біледі. 9. Ауа райын болжаумен (метеорология, астрономия) ғылымы айналысады. 10. Жердің (табиғи, жасанды) серіктері жоғарыдан ауа райының жағдайын, өзгерісін бақылайды да, радио арқылы Жерге хабарлап отырады.

33-жаттығу. Кестедегі сөздерді оқыңыз. Жыл мезгілдері және ауа райы туралы әңгімеленіңіз.


Үлгі: Жазға маусым, шілде, тамыз айлары жатады. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда ауа райы ыстық, кейде жылы жаңбыр жауады, күн күркірейді. Аспан ашық болады.

I	II	III	IV	V
жыл мезгілдері	айлар	күндер	түндер	ауа райы
жаз	маусым шілде тамыз	ұзақ	қысқа	ыстық, кейде жылы жаңбыр жауады, күн күркірейді, аспан ашық, күн жарқырайды
күз	қыркүйек қазан қараша	қысқарак «короче»	ұзағырақ «длиннее»	салқын, жиі жаңбыр, кейде қар, күн бұлтты, суық жел соғады ...
қыс	желтоқсан қаңтар ақпан	қысқа	ұзақ	суық, аязды, жиі қар жауады, жер тайғақ, кейде боран соғады ..
көктем	наурыз сәуір мамыр	ұзағырақ	қысқарак	жылы, кейде қар аралас жауын-шашынды, күн жарқырайды, самал жел еседі ...

34-жаттығу. Мәтін бойынша жазбаша сұрақтар құраныз және ол сұрақтарды жолдасыңызға қойыңыз

35-жаттығу. Кестедегі сөздерді пайдаланып сөйлемдер құраныз.

Жазда ...	дни стоят жаркие; небо чистое, безветренное, безоблачное; иногда идет теплый дождь; дни длинные, ночи короткие, воздух особенный, днем на небе светит яркое солнце, а ночью на ясном небе видны звезды и луна, в садах и парках птицы поют песни; люди гуляют ...
Күзде ...	дни становятся короче, а ночи – длиннее; рано темнеет, на небе скучиваются тучи; часто идет дождь; дует холодный ветер; иногда идет снег с дождем; люди спешат домой
Қыста .	идет снег; дни стоят холодные, морозные, деревья и дома покрываются снегом; реки и озера покрывает голубой лед; дети катаются на коньках и лыжах; дни становятся короткими, ночи длинными ...
Көктемде ...	начинает теплеть, дни становятся длиннее, ночи короче; в небе светит яркое солнце; снег тает; с юга дует теплый ветер; природа просыпается после зимней спячки, люди гуляют в парках и садах; птицы поют песни ...

 **36-жаттығу.** Төмендегі Қазгидромет мәліметтерін тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз Келесі беттегі кестені толтырыңыз

– Назарларыңызға жексенбі, тамыздың отыз біріне арналған ауа райы болжауымызды ұсынамыз. Қазгидромет мәліметтері бойынша:

• **Петропавлда** түнде өткінші жаңбыр жауып, күн күркірейді, күндізгі ауаның температурасы жиырма тоғыз градус ыстық;

• **Қостанайда** айтарлықтай жауын-шашын күтілмейді, отыз градус нөлден жоғары;

• **Көкшетауда** күн ала бұлтты, өткінші жаңбыр жауып, күн күркірейді, отыз градус ыстық;

• **Павлодарда** аздаған жауын-шашын болып, күн күркіреуі ықтимал, ауаның температурасы отыз градус ыстық;

• **Қарағандыда** өткінші жаңбыр жауып, күн күркіреуі ықтимал, ауаның температурасы отыз градус нөлден жоғары.

Синоптиктердің болжауы бойынша:

• **Жезқазғанда** күндіз жауын-шашын болмайды, сынап бағанасы отыз төрт градус ыстықты көрсетпек;

• **Өскеменде** айтарлықтай жауын-шашын болмайды, ауаның температурасы отыз градус ыстық;

• **Семейде** сондай-ақ айтарлықтай жауын-шашын күтілмейді, ауаның температурасы отыз градус ыстық;

• **Оралда** күн ала бұлтты, айтарлықтай жауын-шашынсыз, сынап бағанасы жиырма тоғыз градус ыстықты көрсетпек;

• **Атырауда** айтарлықтай жауын-шашын күтілмейді, ауаның температурасы отыз үш градус ыстық.

Синоптиктердің болжауы бойынша.

- **Ақтөбеде** айтарлықтай жауын-шашын болмайды, отыз төрт градус ыстық;
- **Ақтауда** күн ала бұлтты, айтарлықтай жауын-шашын болмайды, сынап бағанасы отыз бес градус ыстықты көрсетпек;
- **Таразда** айтарлықтай жауын-шашын күтілмейді, ауаның температурасы отыз төрт градусқа дейін көтерілмек;
- **Шымкентте** айтарлықтай жауын-шашын болмайды, ауаның температурасы отыз алты градус ыстық,
- **Қызылордада** күн ала бұлтты, айтарлықтай жауын-шашын болмайды, сынап бағанасы отыз жеті градус ыстықты көрсетпек;
- **Талдықорғанда** күндіз айтарлықтай жауын-шашын болмайды, ауаның температурасы отыз екі градус ыстық;
- **Алматыда** көшпелі бұлт шығады, айтарлықтай жауын-шашын болмайды, отыз градус ыстық;
- **Ел ордасы Астанада** күндіз өткінші жаңбыр жауып, күн күркіреді, ауаның температурасы отыз градус ыстық.

31 тамыз, жексенбі

Қалалар	 Жауын-шашын	 Күн күркіреу	t° Температура
Астана			
Алматы			
Ақтау			
Ақтөбе			
Атырау			
Жезқазған			
Көкшетау			
Қарағанды			
Қостанай			
Қызылорда			
Орал			
Өскемен			
Павлодар			
Петропавл			
Семей			
Талдықорған			
Тараз			
Шымкент			

37-жаттығу. 36-жаттығудағы Қазгидромет мәліметтері бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Ел ордасы Астанада тамыздың отыз бірінде ауа райы қандай болады?
2. Петропавлда жауын-шашын бола ма?
3. Алматыда ауаның температурасы қандай болады?
4. Қызылордада тамыздың отыз бірінде ашық па?
5. Семейде ауа райы қандай болады?
6. Синоптиктердің болжауы бойынша Ақтөбеде неше градус ыстық?
7. Таразда ауаның температурасы неше градусқа дейін көтеріледі?
8. Атырауда жауын-

шашын күтіле ме? 9. Қарағандыда ауаның температурасы нолден неше градус жоғары? 10. Оралда жаңбыр жауа ма? 11. Өскемнде күн ала бұлтты ма? 12. Қостанайда тамыздың отыз бірінде ауа райы қандай болады? 13. Ақтауда сынап бағанасы неше градус ыстықты көрсетпек? 14. Шымкенттің ауа райы қандай? 15. Павлодарда күн ыстық бола ма? 16. Талдықорғанда күндіз ашық па? 17. Көкшетауда жауын-шашынды бола ма? 18. Синоптиктердің болжауы бойынша Жезқазғанда тамыздың отыз бірінде ауа райы қандай болады?

38-жаттығу. Төмендегі ауа райы туралы мәліметтерді оқып, бұлар қай маусымда болатынын анықтаңыз және өзіңіз осы үлі бойынша келесі күнді ауа райы туралы мәлімет беріңіз

Ертең күндіз Алматыда ауа райы суық болады. Кешке жақын күн бұлттанады, қатты жел соғады. Жауын-шашын болады. Ауаның температурасы он градус жылы.

Ертең Алматыда күн жылы болады. Жауын-шашын болмайды. Бауу жел еседі. Ауаның температурасы жиырма-жиырма екі градус жылы болады. Ауаның ылғалдығы жиырма бес процент.

39-жаттығу. Радиодан не теледидардан келесі аптаға арналған Қазгидромет мәліметтерін тыңдап, кестені мына белгімен (☛) белгілеңіз және әңгімеленіңіз

	☉	☁	☁	☁	☁	☁	☁	t°
Дүйсенбі								
Сейсенбі								
Сәрсенбі								
Бейсенбі								
Жұма								
Сенбі								
Жеңсенбі								

☉ — жауын-шашынсыз, ашық

☁ — бұлтты

☁ — ала бұлтты

☁ — күн күркіреу

☁ — откінші жаңбыр

☁ — жауын-шашын

☁ — қар

t° — температура

40-жаттығу. Бүгін не ертең Қазақстанның әр облысында ауа райының болжауы қандай болатынын теледидардан немесе радиодан тыңдап, жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

6-сабақ

Имя прилагательное (Сын есім).

Имена прилагательные как в русском, так и в казахском языке обозначают признаки предметов и употребляются перед именами существительными. Но, в отличие от русского, в казахском языке имя прилагательное, сочетается с именем

существительным, не изменяется ни по падежам, ни по числам, т е не согласуется с ним. а просто примыкает к нему Например

қара көйлек «черное платье»
қара көйлектің «черного платья»
қара көйлекке «черному платью»

Так же и в сочетании с притяжательной формой существительного. Например

менің қара көйлегім «мое черное платье»
оның қара көйлегі «ее черное платье»
біздің қара көйлегіміз «наше черное платье»

В казахском языке имена прилагательные делятся на непроизводные (корневые) или качественные и производные или относительные, образованные при помощи суффиксов

Непроизводные (качественные) прилагательные выражают различные типы качества и признака предметов

Качество и признак предметов	Примеры
1 Цвет	<i>ақ</i> «белый», <i>қара</i> «черный», <i>қызыл</i> «красный», <i>сары</i> «желтый», <i>көк</i> «синий», <i>жасыл</i> «зеленый», <i>қоңыр</i> «коричневый», <i>сұр</i> «серый»
2 Объем, величина	<i>ұлкен</i> «большой», <i>кішкене</i> «маленький», <i>кең</i> «широкий», <i>тар</i> «узкий», <i>биік</i> «высокий», <i>қысқа</i> «короткий»
3. Характер или свойство	<i>жуас</i> «смирный», <i>тентек</i> «озорной», <i>сұлу</i> «красивый», <i>жалқау</i> «ленивый», <i>қатты</i> «твердый»
4 Вкус	<i>ащы</i> «горький», <i>тәтті</i> «сладкий», <i>домді</i> «вкусный», <i>тұщы</i> «пресный», <i>қышқыл</i> «кислый»
5 Форма	<i>домалақ</i> «круглый», <i>жалпақ</i> «плоский», <i>томпақ</i> «выпуклый», <i>қисық</i> «кривой», <i>түзу</i> «ровный», <i>сопақ</i> «продолговатый», <i>қырлы</i> «гранниый», <i>дөңгелек</i> «круглый»


Относительные прилагательные являются производными. Они образуются от имен существительных при помощи следующих суффиксов.

	Суффиксы и их значения	Непроизводная основа	Производные прилагательные
1)	<i>-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті</i> указывает на отношение одного предмета к другому	<i>тау</i> «гора» <i>күш</i> «сила» <i>ен</i> «ширина»	<i>тау-лы</i> «горный» <i>күш-ті</i> «сильный» <i>ен-ді</i> «широкий»
2)	<i>-дай/-дей, -тай/-тей</i> указывает на качество предмета относительно другого предмета	<i>бала</i> «ребенок» <i>сүт</i> «молоко» <i>қыз</i> «девушка»	<i>бала-дай</i> «как ребенок» <i>сүт-тей</i> «как молоко» <i>қыз-дай</i> «как девушка»
3)	<i>-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік</i> образует прилагательные от слов, заимствованных из русского языка	<i>инженер</i> <i>компьютер</i> <i>математика</i>	<i>инженер-лік</i> «инженерный» <i>компьютер-лік</i> «компьютерный» <i>математика-лық</i> «математический»
4)	<i>-сыз/-сіз</i> образует отрицательные прилагательные	<i>бұлт</i> «облако» <i>су</i> «вода» <i>тіс</i> «зуб»	<i>бұлт-сыз</i> «безоблачный» <i>су-сыз</i> «безводный» <i>тіс-сіз</i> «беззубый»
5)	<i>-қы/-кі, -ғы/-гі</i> указывает на отношение во времени	<i>күз</i> «осень» <i>жаз</i> «лето» <i>қыс</i> «зима» <i>көктем</i> «весна»	<i>күз-гі</i> «осенний» <i>жаз-ғы</i> «летний» <i>қыс-қы</i> «зимний» <i>көктем-гі</i> «весенний»

7-САБАҚ

1. Фоонетика: Қайталау. *Ы, і, и* дыбыстары.
2. Грамматика: Қайталау. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі. Сұраулы сөйлем.
3. Грамматика: Сын есімнің шырайлары.
4. Лексика: Келбет.

1. ФОНЕТИКА: ҚАЙТАЛАУ. *Ы, і, и* ДЫБЫСТАРЫ.

 1-жаттығу. *Ы, і, и* дыбыстарының айтылуына көңіл аударып оқыңыз

ыр — жыр — сыр — қыр
ыс — тыс — пыс — қыс
ық — шық — жық — сық
ың — тың — шың — жың

қырсық — жыртық
қысық — пысық
қыртыс — жыртыс
жылтыр — былтыр

қыр — кір
тық — тік
сыз — сіз
тыс — тіс

сыра — сірә
қына — кінә
қышы — кші
тағы — тегі


із — біз — сіз — тіз
іс — тіс — піс — әдіс
ік — тік — жік — ілік
іл — біл — тұл — піл

бірлік — тірлік
білім — тілім
бітіс — тігіс
кірпік — шірік

шырқау — шіркеу
күрсын — күрсін
барсын — берсін
қырсық — кірпік

тиын — тиін
қиын — киін
қиық — киік
қиыс — киіс
иман — имен

сирәк — сирек
ширәк — ширек
қиғыз — кигіз
қиысты — тиісті
қисық — билік

 2-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз және орыс тілінен балама келтіріңіз

Ырыс алды — ынтымақ.
Жаман етікші біз таңдайды
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.

Тисе — терскке, тимесе — бұтаққа.
Темірді қызған кезде соқ.
Бірлік болмай,
Тірлік болмас.

Қайтып кірер есігіңді қатты жаппа.
Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір.

3-жаттығу. Мына жаңылтпаштарды алдымен баяу оқып, сонан соң тез оқуға дағдыланыңыз

Үш кісі ішік пішті,
Бес кісі ішік пішті,
Қанша кісі ішік пішті?

Сорпа іштік,
Сорпа ыстық.
Сондықтан қорқа іштік.

- | | |
|--------------------|----------------------------|
| – Кім сызғышсыз? | Ісшіл іссізбен келіспейді, |
| – Біз сызғышсызбыз | Істі іссізден тез істейді. |
| – Сызғышсыздарға | Іске іскер, |
| Сызғышсыз сызғыз. | Істі іскер істер. |

(«Жаңылтпаштар» кітабынан)

4-жаттығу. Мына жұмбақтарды оқып, аударыңыз да, шешуге тырысыңыз

Уақытты санайды,	Ілулі түр кең алаң,
Ешкімнен сұрамай.	Керегімді мен одан
Тілінді алмайды,	Жазып аламы көшіріп,
Құлағын бұрамай.	Сүртем сосын өпіріп.

Қыста шыны боп қатады,	Сырты жасыл, қап-қатты,
Жылыда су боп жатады.	Іші қызыл, тәп-тәтті.

(«Жұмбақтар» кітабынан)

Жұмбақтардың шешуі: тақта, сағат, мұз, қарбыз

5-жаттығу. Мына сөздерді оқып, жатқа жазыңыз

Сызғыш, тіл, білім, кітап, сынып, іс, кісі, іні, ыдыс, ілгіш.

2. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ. СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ.

6-жаттығу. Томендегі сөздерден сөйлем құраныз.

1. салада, жүр, апам, тұрмыстық, істеп, қызмет, менің, көрсететін, жұмыс 2. бізге, отыр, Файни, қызық, айтып, әңгіме. 3. ұнайды, бүгінгі. бөрімізге, тақырып. 4. Әл-Фараби, мен, жүрмін, Қазақ, қазақ, оқып, атындағы, соңғы, университетінің, факультетінің, Ұлттық, курсында. филология. 5. Медеу, қыста, балалар, тебеді, мұзайдынында, коньки 6 жүргізеді, мұғалімі, тілі, әдетте, сабақты, қазақ, қызықты. 7. меншік. Ләззаттың, тұралы, үлкен, жеке, екі, үйде, қабатты, отбасы. 8. түске, боялған, шешемнің, қара қоңыр, шашы. 9. мүшелерін, аламы, дене, керек, ұстау, таза. 10. нелер, мүшелеріне, көзге, жатады, дене, көрінбейтін? 11. бас, орналасқан, адамдардың, мүшесінде, нелер? 12. мен, Павлодар, Қазақстанның, Петропавл, орналасқан, бөлігінде, солтүстік, қалалары.

7-жаттығу. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

1. Мой дядя работает в области искусства. 2. Тетя моего друга преподает в медицинской академии. 3. В общежитии живут студенты из разных областей Казахстана. 4. Мы ждем четвертый поезд на вокзале. 5. Я живу в девятиэтажном доме на улице Нурмакова. 6. Наш учитель – очень интересный человек. 7. Чистота – залог здоровья. 8. Нужно беречь здоровье. 9. В нашей семье нет сыновей. 10. Алматы – южная столица.

8-жаттығу. Сөйлемдердегі әрбір сөйлем мүшесіне арнаулы сұрақ қойыңыз

1. Таңертең кішкентай балалар ата-аналарымен мектепке барады.
2. Менің інім медицина академиясында өте жақсы оқиды
3. Қазір кинотеатрларда жаңа фильм жүріп жатыр.
4. Ата-анам Түркияға демалуға бара жатыр.
5. Бүгін біз жатақханада сабаққа даиындалып отырмыз.

9-жаттығу. Көп нүктенің орнына сөйлем мүшелерінің бірін қойыңыз.

1. ... қазақ тілін қызығып оқиды
2. ... біз көп жұмыс істейміз.
3. Жазда ата-анам демалуға барады.
4. Мен мұнда келемін.
5. Дүкеннен олар сатып алады.
6. Сен театрға ... бірге бар.
7. Мектепте оқушылар көп нәрсені .
8. ... көйлек сатып алшы.
9. ... әкесі — өте жақсы адам.
10. . кім келе жатыр?
11. ... ешкім жоқ
12. Мына кітап

3. ГРАММАТИКА: СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ.



10-жаттығу. Мына сөйлесулі тыңдап, оқыңыз. орыс тіліне аударыңыз

Әлішер: Қайырлы кеш, құрметті Қазақ тілі орталығының мүшелері!
Орталықтың мүшелері: Қайырлы кеш!

Әлішер: Бүгінгі кездесуімізді бастайық. Біріншіден, Орталығымыздың бір жаңалығы бар. Жексенбіде бізге тағы бір адам қосылады.

Виталий: Бүгін қосылмай ма?

Әлішер: Жоқ, бүгін ол бос емес.

Виталий: Қыз ба, жігіт пе?

Әлішер: Қыз.

Виталий: Солай ма? Жасы нешеде?

Әлішер: Жиырма алтыда.

Роза: Аты кім?

Әлішер: Марина.

Гленда: Ол қай жерден?

Әлішер: Аргентинадан.

Виталий: О-о! Бойы қандай?

Әлішер: Орта бойлы. Сіздің бойыңыздан аласарак.

Виталий: Шашы қара ма?

Әлішер: Иә, шашы да, көзі де қап-қара

Виталий: Толық па?

Әлішер: Жоқ, арықтау.

Виталий: Тұрмыста ма?

Әлішер: Қалған сұрақтарды өзіне қойыңыздар. Бірнеше күннен кейін танысасыздар.

Виталий: Қап, бүгін келмегені өкінішті-ақ!..

11-жаттығу. Сөйлесудегі сын есімдерді дәптеріңізге жазып алыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

12-жаттығу. Мына сызбадағы сын есімдердің шырай түрлеріне (степени сравнения прилагательных) коңіл қойыңыз

(20%)	(40%)	(60%)	(80%)	(100%)	→
аласа	аласалау	онша биік емес	биігірек	өте биік	
(20%)	(40%)	(60%)	(80%)	(100%)	→
арық	арықтау	онша толық емес	толықтау	өте толық	
(20%)	(40%)	(60%)	(80%)	(100%)	→
қысқа	қысқарак	онша қысқа емес	ұзындау	өте ұзын	
(20%)	(40%)	(60%)	(80%)	(100%)	→
жас	жастау	онша жас емес	егделеу	өтс егде	
(20%)	(40%)	(60%)	(80%)	(100%)	→
кедей	кедейлеу	онша бай емес	байлау	өте бай	

13-жаттығу. Жоғарыдағы сызбаға қараңыз. Сөйлемдерді сын есімнің шырайларымен толтырыңыз

Үлгі: Қалиманың бойы сенен (аласалығы 40%). – *Қалиманың бойы сенен аласалау.*

1. Қалиманың бойы сенен (аласалығы 40%) 2. Әрсеннің жездесі озінен (толықтығы 80%). 3. Әмишаның шашы қара және (ұзындығы 100%). 4. Қарлығаш менен (жастығы 40%). 5. Әйгерімнің шашы (қысқалығы 20%). 6. Даниярдың бойы (биіктігі 100%). 7. Сәрсеннің бойы (биіктігі 60%) 8. Гауһар (арықтығы 60%). 9. Жозира (егделігі 80%). 10. Ләззат (байлығы 60%) 11. Мен (байлығы 80%). 12. Сендер (кедейлігі 20%) 13. Біз (жастығы 60%). 14. Арманның бойы (биіктігі 80%). 15. Менің шашым (ұзындығы 60%). 16. Мәншүктің шашы (қысқалығы 40%). 17. Сіздер (байлығы 100%) 18. Сен (арықтығы 20%). 19. Сіздің шашыңыз (ұзындығы 80%). 20. Қайрат (арықтығы 40%) 21. Сіздің (егделігі 100%). 22. Қызы (жастығы 20%). 23. Баласының бойы (аласалығы 20%) 24. Сен менен (кедейлігі 40%) 25. Сәбиттің шешесі (толықтығы 100%).

Салыстырмалы шырай

	Жұрнақтар	Мысалдар
1)	-тау/-теу -лау/-леу -дау/-деу	ақ-тау, көк-теу, биік-теу, суық-тау, бос-тау, шикі-леу, сары-лау, қара-лау, нашар-лау, қу-лау, боз-дау, қызыл-дау, кең-деу, жуан-дау, жасыл-дау
2)	-рақ/-рек; -ырақ/-ірек	үлкен-ірек, аласа-рақ, кіші-рек, биіг-ірек, жақсы-рақ, жұқа-рақ, әдемі-рек, таза-рақ

14-жаттығу. Оқыңыз. Сын есімдердің шырайларының жасалуына көңіл бөліңіз
Орыс тіліне аударыңыз

аласа «низкий»	аласарақ «ниже»	сң аласа «очень низкий»
кара «черный»	қаралау «чернее»	қап-қара «очень черный»
арық «худой»	арықтау «худее»	өте арық «очень худой»
толық «полный»	толықтау «полнее»	топ-толық «самый полный»
ыстық «горячий»	ыстығырақ «горячее»	тым ыстық «очень горячий»
кіші «младший»	кішірек «младше»	ең кіші «самый младший»
түзу «ровный»	түзурек «ровнее»	түп-түзу «самый ровный»
сары «желтый»	сарылау «желтее»	тым сары «самый желтый»
үлкен «большой»	үлкенірек «больше»	үп-үлкен «очень большой»
ақ «белый»	ағырақ «белее»	аппақ «самый белый»
жаңа «новый»	жаңалау «новее»	жап-жаңа «очень новый»
жақсы «хороший»	жақсырақ «лучше»	өте жақсы «самый лучший»
нашар «плохой»	нашарлау «хуже»	өте нашар «очень плохой»
терең «глубокий»	тереңдеу «глубже»	теп-терең «самый глубокий»
ақылды «умный»	ақылдырақ «умнее»	өте ақылды «очень умный»
қатты «твердый»	қаттырақ «тверже»	тым қатты «очень твердый»
жақын «близкий»	жақындау «ближе»	өте жақын «самый близкий»
алыс «далекий»	алыстау «дальше»	тым алыс «очень далекий»
жұмсақ «мягкий»	жұмсағырақ «мягче»	жүп-жұмсақ «очень мягкий»



После гласных	-рақ/-рек	аласа-рақ, кіші-рек
После согласных	-ырақ/-ірек	ыстығ-ырақ, үлкен-ірек

15-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мына тағам дәмдірек 2 Көйлектің етегі қысқарақ. 3. Мына жазушының әңгімесі қызығырақ. 4. Күзде күннен күн ұзағырақ. 5. Ана диваннан мына диван жұмсағырақ 6. Сәбиттің бөлмесі Мараттың бөлмесінен үлкенірек 7 Сейфуллин көшесі Нұрмақов көшесінен ұзынырақ. 8. Мына дәптер ана дәптерден жұқарақ. 9. Бүгін күн жылырақ. 10 Мына аяқ киім ана аяқ киімнен арзанырақ. 11. Меруерттің апасы Меруерттен әдемірек. 12. Сенің жасың менің жасымнан кішірек 13. Мына ет ана еттен қаттырақ.

16-жаттығу. -рақ/-рек, -ырақ/-ірек жұрнақтарымен са тысғырма шы шырай жасаңыз

Жақсы, жұқа, күшті, кең, таза, биік, әдемі, кіші, үлкен, жеңіл ақ, сары, сұлу, арзан, қымбат, қалың, дәмді, жылы, жұмсақ, аласа қысқа, ұзын.

17-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, -рақ/ рек, ырақ/ іре жұрнақтарымен салыстырмалы шырай жасаңыз

Белый, веселый, синий, большой, узкий, широкий, маленький, низкий, высокий, сильный, хороший, тонкий, короткий, вкусный, сладкий, длинный, красивый, горячий, горький.



После <i>глухих согласных</i>	<i>тау/-теу</i>	<i>ақтау, көктеу, биктеу, суықтау, бостау</i>
После <i>гласных и р, и, у</i>	<i>лау/-леу</i>	<i>шикілеу, сарылау, қаралау, нашарлау, қулау</i>
<i>Во всех остальных случаях</i>	<i>-дау/-деу</i>	<i>боздау, қызылдау, кеңдеу, жуандау, жасылдау</i>

18-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Судан май жеңілдеу. 2. Ол менен аласалау. 3. Мына жаттығу ана жаттығудан ауырлау. 4. Бүгін күн салқындау. 5. Мына жүк жеңілдеу. 6. Мараттың бойы ағасының бойынан биіктеу. 7. Алматы Тараздан үлкендеу. 8. Сорпа шайдан ыстықтау. 9. Сенің үйің менің үйімнен алыстау. 10. Мына аяқ киім ана аяқ киімнен арзандау. 11. Гауһардың шашы Ләззаттың шашынан қаралау. 12. Сенің оқуың Назымның оқуынан нашарлау. 13. Мына алма ана алмадан қызылдау.

19-жаттығу. *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу* жұрнақтарымен салыстырмалы шырай жасаныз

Арзан, қымбат, жұқа, қатты, алыс, жақын, кең, таза, биік, үлкен, ұсақ, қысқа, қара, жеңіл, жұмсақ, берік, әлсімі, дәмді, тәтті, ыстық, суық, пысық, бос, ашық.

20-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу* жұрнақтарымен салыстырмалы шырай жасаныз

Желтый, зеленый, грязный, ровный, чистый, холодный, теплый, горячий, открытый, длинный, красивый, плохой, веселый, красный, белый короткий.

Асырмалы шырай



	Сөздер	Мысалдар
1) путем сочетания по положительной степени с наречиями	<i>өте «очень» аса «наиболее» тым «слишком» ең «самый»</i> и др.	<i>өте жақсы «очень хороший» аса қара «слишком черный» тым биік «слишком высокий» ең қара «самый черный»</i>
2) путем удвоения первого слога прилагательного и добавления соединительного <i>-л</i>	<i>-л</i>	<i>қап-қара «пречерный» сап-сары «прежелтый» аппақ «пребелый» қып-қызыл «красный-прекрасный»</i>

21-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мына сорпа өте ыстық сенен. 2. Маған ең қымбат көліктерің көрсетіңші. 3. Қазақ тілі сабағы өте қиын. 4. Шешем аппақ дастарқан жайып жатыр. 5. Бүгін күн сүп-суық. 6. Алма шырыны тәтті тәтті.

7. Алматы – өте әдемі қала. 8. Мына аяқ киімнің өкшесі тым аласа. 9. Мына үй – біздің көшедегі ең биік үй. 10. Алматының көшелері түп-түзу. 11. Базарда қазір жеміс-жидектер өте арзан. 12. Рақмет, тамағыңыз өте дәмді екен. 13. Балаңыз тым жұас екен.

22-жаттығу. *Ең, өте, тым, аса* жұрнақтарымен асырмалы шырай жасаңыз.

Ұзын, ақылды, көңілді, құрметті, арзан, қымбат, ашы, қышқыл, дәмді, гәтті, ауыр, жеңіл, суық, жұқа, қатты, алыс, жақын, жұас, газ, биік, ұсақ, қысқа, қара, жұмсақ, берік, әдемі, ыстық, пысық, бос, ашық.

23-жаттығу. Күшейткіш буындар арқылы асырмалы шырай жасаңыз.

Жақын, кең, жас, жаман, қызыл, ырық, ұзын, түзу, таза, суық, салқын, жылы, жаңа, ыстық, жақсы, ашық, ұзақ, қысқа, нашар, көңілді, ақ, жасыл, сұр, жұмсақ, аласа, жұқа, күшті, әдемі, сұлу, биік, үлкен, жеңіл, арзан, қымбат, қалың, дәмді.

24-жаттығу. Қазақ тіліне аударып, үш шырай түрін жасаңыз.

Үлгі: короткий – қысқа – қысқарақ, тым қысқа, қып-қысқа; ...

Теплый, желтый, зеленый, грязный, ровный, красный, холодный, горячий, открытый, длинный, веселый, белый, сильный. большой, узкий, широкий, маленький, низкий. высокий, короткий, вкусный, красивый, хороший, тонкий, толстый, черный, мяккий, дорогой, дешевый, сладкий, далекий, ближний, быстрый, медленный.

25-жаттығу. Мына сын есімдерге қарама-қарсы мәнді сын есім тауып, екеуін де салыстырмалы және асырмалы шырайларға қойыңыз.

а) кір, ашы, алыс, көп, биік, ақ, суық, үлкен, жақсы, кең, қисық, ауыр, жалпақ, арық;


ә) жаман, жақын, аз, кіші, ыстық, тұщы, тар, аласа, қара, таза, түзу, жінішке, жеңіл, семіз.

26-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

плохой	хуже	очень плохой
синий	синее	синий-пресиний
дорогой	дороже	очень дорогой
прохладный	прохладнее	очень прохладный
кривой	кривее	совсем кривой
веселый	веселее	очень веселый
легкий	легче	совсем легкий
молодой	моложе	совсем молодой
старый	старше	очень старый
новый	новее	самый новый
серый	серее	очень серый
красивый	красивее	очень красивый
сильный	сильнее	самый сильный
мягкий	мягче	очень мягкий
далекий	дальше	очень далекий

горький	горше	очень горький
сладкий	слаще	очень сладкий
просторный	просторнее	самый просторный
вкусный	вкуснее	очень вкусный
грязный	грязнее	очень грязный
дешевый	дешевле	очень дешевый

4. ЛЕКСИКА: КЕЛБЕТ.

 **27-жаттығу.** Тыңдаңыз Суретке қарап, ондағы адамдарға төмендегі сөз тіркестерінің қайсысы сойкес келетінін айтыңыз

бойы биік
бойы аласа
бойы орташа (орта бойлы)

толық
арық
онша толық емес

козі көк, шашы ұзын, бұйра, сап-сары
көзі жасыл, шашы қысқа және қара
көзі қара, шашы жоқ

орта жасты
жас
егде

көзілдірігі бар, мұрты, сақалы жоқ
мұрты бар, көзілдірігі, сақалы жоқ
сақалы, мұрты бар, көзілдірігі жоқ

бай (тұрмысы жақсы)
кедей (тұрмысы нашар)
онша бай да емес, кедей
де емес (тұрмысы орташа)




Борис



Болат



Иван


 **28-жаттығу.** Тыңдаңыз. Айтылған адам суреттегі адамдардың қайсысы екенін айтыңыз.

1. Оның бойы аласа, толық, егде адам, шашы жоқ, козі қара. Оның мұрты да, сақалы да жоқ, бірақ көзілдірігі бар, тұрмысы өте жақсы. Оның аты кім?

2. Оның бойы биік, өзі арық, жас, шашы сары, ұзын, козі көк. Оның сақалы, көзілдірігі жоқ, бірақ мұрты бар. Оның тұрмысы нашар. Аты кім?

3. Ол орта бойлы, онша толық емес, орта жасты, шашы қара және қысқа, көзі қара. Оның мұрты да, сақалы да бар, көзілдірігі жоқ, тұрмысы орташа. Оның аты кім?

29-жаттығу. а) досыңызды, ә) отбасыңыздың бір мүшесін. б) ойлы адамды, в) өзіңізді жоғарыдағы үлгі бойынша суреттеңіз

 **30-жаттығу.** Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Келбет

Біздің Қазақ тілі орталығында ор елдің азаматтары жиналады. Олардың алдарында бір мақсат бар – қазақ тілін тез үйреніп алу. Дегенмен, олар бір-біріне ұқсамайды.

Мысалы, Минаның бойы аласа, ал Тимнің бойы биік. Гленданың бойы Минаның бойынан биіктеу, бірақ Тимнің бойынан тапалдау. Вильямның бойы ең биік, ал Шерилдің бойы ең тапал Сурештің бойы орта бойлы. Дарья да, Ксения да, Роза да орта бойлы.

Суреш және Мина толықтау, ал Вильям және Шерил арықтау. Ең толық – Тим, ал ең арық – Гленда. Қалғандары онша толық та емес, арық та емес.

Сурештің шашы қара, бұйра. Минаның да шашы қап-қара, ұзын, бірақ бұйра емес. Көздері үлкен, қара. Сурештің сақалы бар. Вильямның шашы сары, өте қысқа, көзі көк. Шерилдің де көзі көк, шашы сары, ұзындау. Екеуінің де көзілдіріктері бар. Тимнің шашы жұқа, сары, мұрты бар. Гленданың шашы сары, қалың, бұйра, онша ұзын емес. Виталийдің, Розаның, Дарьяның және Ксенияның шаштары боялған: Виталийдің шашы қараға, Розаның шашы қызылға, Дарьяның шашы қара қоңырға, ал Ксенияның шашы сарыға жатады. Виталийдің көзі қара, Розаның көзі қоңыр, Дарьяның және Ксенияның көздері көк.

Ал, менің боюым 1 метр 80 сантиметр, салмағым 70 килограмм, онша толық емеспін. Шашым қара, бұйра, көзім де қара, көзілдірік тақпаймын. Сақалым, мұртым жоқ.

Біздің Орталығымыздың жаңа мүшесі бар. Оның аты Мартина. Сіздің ойыңызша, Мартинаның түрі қандай? Мартина гуралы айтып беріңізші!

Сөздік

келбет – внешность
азамат – гражданин
жиналу – собираться
дегенмен – однако
ұқсау – быть похожим
мысалы – например
бой – рост
аласа – низкий
биік – высокий
тапал – низкий
орта бойлы – среднего роста
толық – полный
жұқа – редкий, тонкий
мұрт – усы

оюша – не очень
бұйра – кудрявый
сақал – борода
шаш – волосы
көз – глаза
көзілдірік – очки
арық – худой
қалғандары – остальные
қалың – густой, толстый
боялған – окрашен
салмақ – вес
Сіздің ойыңызша – по Вашему
мәнінею

31-жаттығу. Мәтінді қайтадан оқып және Орталықтың әр мүшесін жазбаша суретсіз



32-жаттығу. 10-жаттығудағы сөйлесуді қайтадан оқып шығып, Мартинаны суретсіз

33-жаттығу. Сөйлесуді оқып, асты сызылған сөздердің орнына Орталықтың басқа мүшелеріне лайықты сөздерді қойып өңгімелеңіз

Ләззат: Өлішер, мен Гленданы онша танымаймын. Түрі қандай?

Өлішер: Гленда орта бойлы, толық емес. Шашы сары, ұзын. Көзі көк, көзілдірігі жоқ.

34-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

У меня есть девушка. Её зовут Ляззат. Она – студентка, ей 20 лет. Она очень красивая. Ляззат невысокого роста, худенькая. У неё чёрные волосы, не очень длинные, большие чёрные глаза.

35-жаттығу. Жолдастарыңыздан сұрай отырып, кестені толтырыңыз

- Үлгі: – *Фамилияңыз, атыңыз кім?* – *Иванов Петр.*
– *Бойыңыз қандай?* – *Бойым 180 сантиметр.*
– *Салмағыңыз қанша?* – *Салмағым 75 килограмм.*
– *Шашыңыз қандай?* – *Шашым сары, қысқа.*
– *Көзіңіз қандай?* – *Көзім үлкен, жасыл.*

Фамилиясы	Аты	Бойы	Салмағы	Шашы	Көзі
Иванов	Петр	180 см	75 кг	қысқа, сары	үлкен, жасыл
...		



Бас киім киіп тұрған биік және арық кісінің аты Марат емес. Сәбиттің және Жомарттың қасында тұрған адамның көзілдірігі жоқ. Арық және аласа адам Сәбиттің қасында емес. Мұртты адамның қасында тұрған кісі Марат.

Сақалы бар қара шашты адамның аты Марат емес.

Арық және аласа адамның аты Жеңіс емес.

Жомарттың қасындағы адамның бас киімі жоқ.

Жеңіс Сәбиттің және Ержанның қасындағы адамның арасында тұр

Адамдардың аттары *Ержан, Марат, Жеңіс, Сәбит, Жомарт*

37-жаттығу. Отбасыңыздың мүшелері туралы әңгімелеп беріңіз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

7-сабақ

Степени сравнения прилагательных (Сын есімнің шырайлары).

В казахском языке имеется три степени сравнения прилагательных. положительная, сравнительная и превосходная

Сравнительная степень образуется путем прибавления к прилагательному суффиксов двух типов

1) *-рақ/-рек* (после гласных) или *-ырақ/-ірек* (после согласных). Например
аласа – *аласа-рақ* «ниже»
үлкен – *үлкен-ірек* «больше».

2) *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу* в соответствии с законами сингармонизма и ассимиляцией согласных (см., например, оформление окончания множественного числа имен существительных):

қысқа «короткий» – *қысқалау* «короче»

семіз «жирный» – *семіздеу* «жирнее»

жұмсақ «мягкий» – *жұмсақтау* «мягче»

После гласных согласных	<i>-тау/-теу</i>	<i>ақта, қызықтау, жемістету, ұстау, бастау</i>
После гласных и р, й, у	<i>-лау/-леу</i>	<i>шикілеу, сарылау, қаралау, нашарлау, құлау</i>
Во всех остальных случаях	<i>-дау/-деу</i>	<i>боздау, қызылдау, кеңдеу, жуандау, жасылдау</i>

Примечание: Второй способ образования сравнительной степени употребляется реже по сравнению с первым. Кроме того, суффиксы *-лау/-леу, дау/-деу, -тау/-теу* также обозначают уменьшение интенсивного качества, что соответствует русским прилагательным с суффиксами *-оват/-еват*. Ср

каз сары «желтый» – сарылау «желтоватый»
нем gelb «желтый» – gelblich «желтоватый»
англ yellow «желтый» – yellowish «желтоватый»

Семантическое различие образования данного типа в казахском языке (сравнительная степень – уменьшение интенсивности качества) определяется контекстом.

Превосходная степень имен прилагательных образуется:

1) путем сочетания положительной степени с наречиями *өте* «очень», *аса* «наиболее», *тым* «слишком», *ең* «самый» и др. Например

жақсы «хорошо» – *өте жақсы* «очень хорошо»
биік «высокий» – *тым биік* «слишком высокий»
қара «черный» – *ең қара* «самый черный»;

2) путем удвоения первого слога прилагательного и добавления соединительного *-и*. Например

қара «черный» – *қаң-қара* «пречерный»
сары «желтый» – *сап-сары* «желтый-прежелтый»

Ср русс *желтый* – *наижелтейший* (*самый желтый*), *прежелтый*

8-САБАҚ

1. Фонетика: Қайталау. *О, ө* дыбыстары.

2. Грамматика: Қайталау. Зат есімдердің тәуелдік формасы.

3. Грамматика:

3.1. Көмектес септік.

3.2. *Мен/бен/мені* жалғаулықтары.

4. Лексика: Дене мүшелері.

1. ФОНЕТИКА: ҚАЙТАЛАУ. *О, ө* ДЫБЫСТАРЫ.



1-жаттығу. *О, ө* дыбыстарының айтылуына көңіл аударып оқыңыз

ор – тор – сор – қор	өр – көр – тор – бөр
ос – тос – дос – қос	өз – төз – көз – сөз
оқ – шoқ – жоқ – соқ	оң – көн – жөн – сөн
ол – қол – бол – жол	өл – көл – бөл – шөл

кол – кол	бол – бөл	тос – төс
тоз – төз	тол – төл	соз – сөз
қор – көр	қош – көш	жон – жөн
сол – сөл	бос – бөс	тоқ – төк
кон – көн	соң – сөн	соқ – сөк



2-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз және орыс тілінен балама келтіріңіз

1. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

2. Ойна, бірақ жұмысты да ойла.

- | | |
|---|--|
| 3. Оқы да біл, тоқы да күл. | 7 Өлеңшінің сөзі алтын |
| 4. Өнерлінің қолы алтын. | 8. Отан оттан да ыстық. |
| 5 Көрдім деген көп сөз,
Көрмедім деген бір сөз | 9. Өзімдікі дегенде,
Өгіз қара күшім бар;
Кісінікі дегенде,
Анау-мынау ісім бар |
| 6 Ойнап сойлесең де,
Ойлап сөйле. | |

3-жаттығу. Мына жаңылтпаштарды алдымен баяу оқып, сонан соң шапшаң оқуға дағдыланыңыз

Шалғы саптап, Шөп шап. Шөп шапсаң, көп шап. Көп шапсаң, шапшаң шап, Шапшаң шапсаң, Шаршап жат.	Жол бар, Жолда өр бар Өр бар, Орға барма, Өрге бар.
---	---

(«Жаңылтпаштар» кітабынан)

4-жаттығу. Мына жұмбақтарды оқып, аударыңыз және шешуге тырысыңыз

Он козі бар озінде, Он цифр бар көзінде. Көзіне саусақ саласың, Жырақтан хабар аласың.	Кокшіл айна үйдегі Көрсетседі киноны. Кореді бәрін өзгенің, Көре алмайды өздерің.
Онсыз жақсы өмір жоқ, Онсыз жақсы көңіл жоқ. Тәтті, бірақ жемейсің, Керек емес демейсің.	Төбеден тонеді, Тамшысын төгеді. Сол кезде ой қаулап, Бәйшешек өнеді.

(«Жұмбақтар» кітабынан)

Жұмбақтардың шешуі *телефон, теледидар, көз, ұяқы, жаңбыр*

5-жаттығу. Мына сөздерді оқып, жатқа жазыңыз

Бөлме, соре, оқушы, орындық, оқулық, көл, өзен, өшіргіш, оқығушы, бор.

2. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТӨУЕЛДІК ФОРМАСЫ.

6-жаттығу. Соң іемдерді дәптеріңізге көшіріп, айтылмай қалған есімдікті тұсына ыңыз

Үлгі: Балаңыз шетелде жүр ме? — *Сіздің.*

1. Балаңыз шетелде жүр ме? 2. Атың кім? — Атым Зейнеш.
3. Мекен- жайы қандай? 4. Жасым жиырмада, ал ағамның жасы жиырма екіде. 5. Әкеңіздің мамандығы қандай? — Ол мектебімізде мұғалім
6. Мектебіміз жарық және кен. 7. Үйің қай көшеде? — Үйім Төле би көшесінде. 8 Жұмыстары қашан бігеді? 9. Тамағыңыз өте дәмді екен!
10. Сабақтарыңды оқисыңдар ма, жоқ па? 11. Тілектеріңіз орындал-

сын! 12. Шашы қара ма, сары ма, ұзын ба, қысқа ма? 13. Бойымыз екі метр. 14. Қызыңыз Сізден арықтау, бірақ бойы биіктеу.

7-жаттығу. Сөйлемдерге қажетті сөздерді тауып қою арқылы толықтырыңыз

1. Менің ... Мағрипа, ал Сіздің ... кім? 2 Оның ... қаланың орталығына жақын, ал біздің ... қаланың шетінде. 3. Сендердің ... қалай? – Рақмет, жаман емес. 4. Сіздің ... бүгін келеді. 5. Олардың ... ертең басталады 6. Сенің ... маған ұнамайды. 7. Біздің ... өте дәмді. 8. Сіздердің ... көп-көп рақмет. 9. Оның ... қашан дайын болады? 10. Біз сендердің ... ертең барамыз 11. Біздің ... құрылысшы, ал оның ... іскер. 12 Сіздің ... өте қуаныштымын. 13. Менің ... осында.

8-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Менің жұмысым ертең басталады, ал 2. Біздің үйіміз төртінші қабатта, ал 3. Оның ұйқысы келмейді, ал 4. Бүгін сендердің демалыс күндерің, ал 5. Сіздердің бос уақытыңыз жоқ, ал 6. Сенің сабағың нашар, ал 7. Біздің көршілеріміз жақсы, ал .. . 8. Олардың сұхбасы үйте жақын, ал 9. Сіздің жұмысыңыз көп, ал 10. Менің атым Ләззат, ал 11. Оның сіңлісі Гауһар, ал

3. 1. КОМЕКТЕС СЕПТІК.

 **9-жаттығу.** Томендеп мәтінді тыңдап, сонан соң оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Әлішердің інісі үшінші сыныпта оқиды. Қазір ол сабақта отыр Оларда гигиена сабағы отіп жатыр

Мұғалім: Балалар, адамдар дене мүшелерін қалай ұстау керек?

1-оқушы: Адамдар дене мүшелерін таза ұстау керек.

Мұғалім: Ол үшін не істеу керек?

2-оқушы: Ол үшін беті-қолды сабынмен жуу керек.

3-оқушы: Тісті тіс щеткасымен тазалау керек.

4-оқушы: Тамақтан кейін ауызды сумен шайып тұру керек.

5-оқушы: Шашты шампуньмен жиі жуып тұру керек.

6-оқушы: Құлақтың ішін сабынды сумен жуып тұру керек.

Мұғалім: Дұрыс айтасындар, балалар. Тазалық – денсаулықтың негізі. Қазақтарда мақал бар. «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі».

10-жаттығу. Сұрақтарды оқып жауабын мәтіннен тауып айтыңыз

1. Әлішердің інісі қайда оқиды? 2. Ол қазір қайда отыр? 3 Оларда қазір қандай сабақ? 4. Адамдар дене мүшелерін қалай ұстау керек? 5. Беті-қолды немен жуу керек? 6. Тісті немен тазалау керек? 7. Тамақтан кейін ауызды немен шайып тұру керек? 8. Шашты немен жиі жуып тұру керек? 9. Құлақтың ішін немен жуып тұру керек? 10. Денсаулықтың негізі не? 11. Қазақтарда қандай мақал бар?

11-жаттығу. Сөйлесуден көмектес септігінде тұрған зат есімдерді жазып алыңыз да, сол сөздермен сөйлем құраңыз.



После <i>глухих согласных</i>	-пен	<i>Асқатпен «Асхатом», мектеппен «школой»</i>
После <i>з, ж</i>	-бен	<i>Оразбен «Оразом», гаражбен «гаражом»</i>
<i>Во всех остальных случаях</i>	-мен	<i>адаммен «человеком», ақмен «животным», бормен «мелом», кісімен «человеком», таумен «горой», оймен «мыслью»</i>

12-жаттығу. Мына сөздерді көмектес септігіне қойыңыз

Бала, жұмыс, орамал, кісі, сөз, балта, кілт, көрші, студент, мұғалім, қағаз, автобус, трамвай, Сіз, олар, кітап, қалам, қарындаш, жол, дос.

13-жаттығу. Көп нүктенің орнына көмектес септігінің жалғауын қойыңыз.

1. Екіншілер жерді трактор... жырталы. 2. Мен қалам.. жазып отырмын. 3. Атам үйге ат... келеді. 4. Отынды балта... жар. 5 Біз қайық... жүземіз. 6. Машина жол... келе жатыр. 7. Сен ауылға пойыз. . бар. 8. Сөрсен бор... жазады. 9 Ботқаны қасық... жейді. 10. Нанды пышақ... кеседі. 11. Жаңа жылды ата-анамыз... қарсы аламыз. 12. Суретке жолдасым... түсейін.

14-жаттығу. Естімегендей болып, жолдасыңыздан қайталап сұраңыз

Үлгі: Мен Әселмен қайтамын – *Кіммен? Әселмен?*

1. Мен Әселмен қайтамын. 2 Мен нанды маймен жеуді ұнатамын. 3. Ертең Алматымен танысасыздар. 4. Сен телефонмен сойлес. 5. Медеуге машинамен барамыз. 6. Театрға жолдасыммен барайын. 7. Тақғаны сұрткішпен сұрт. 8. Жанар шешесімен төрт қабатты үйде тұрады 9. Серікпен кел. 10. Қолыңды сабынмен жу. 11. Болатпен ақылдасындар. 12. Әжем ауылдан пойызбен келеді. 13. Шайды лимонмен ішіңіз. 14. Мен Әділмен өзілдесемін. 15. Сүтпен шай іш.

15-жаттығу. «Мен де» сөзін қосып жолдасыңыздың айтқанын қостаныз.

Үлгі: Мен отбасыммен осында тұрамын. – *Мен де отбасыммен осында тұрамын.*

Отрицательная форма образуется при помощи отрицательного суффикса *-ма*, который присоединяется к корню *ал*, затем следуют суффиксы и личные окончания глагола. Например *Сіздер жиналыста сөйлеі ал-ма-й-сыздар* «Вы не можете выступать на собрании»

13-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Осы шақ.
2. Грамматика: Есімше (*-ар/-ер/-р*).
Болжалды келер шақ (*-ар/-ер/-р*).
3. Лексика: Қонақта.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ОСЫ ШАҚ.

1-жаттығу. Төмендегі елсіздіктерді нақ осы шаққа қойып, сөйлем құраныз

Демалу, ойнау, ұйықтау, сөйлесу, көру, қыдыру, әңгімелесу, есеп шығару, жер қазу, билеу, күту, жуу, жаттығу орындау, шығарып салу, емтиханға дайындалу, сыпыру, мәтінді аудару, іздеу, үй салу, домбырада ойнау.

2-жаттығу. Төмендегі етістіктерді ауыспалы осы шаққа қойып, сөйлем құраңыз

Шаңғы тебу, көйлек тігу, сурет салу, үйді жинау, кір үтіктеу, тамақ пісіру, теледидар көру, келу, бару, сатып алу, үйрену, жаттау, жұмыс істеу, отыру, беру, алу, оқу, терезе жуу, тыңдау, жазу.

3-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді ауыспалы осы шаққа айналдырыңыз

Мен далада үйдің алдындағы орындықта отырмын Балалар далада футбол ойнап жүр. Кішкентай қыздар құмнан үй салып жатыр. Шешем үйде тамақ пісіріп жатыр. Әкем шешеме көмектесіп жүр. Атам диванда газет оқып жатыр. Әжем теледидардың алдында шұлық тоқып отыр. Апам сабаққа дайындалып отыр Ағам компьютерде жұмыс істеп отыр. Інім жазуын жазып отыр. Қарындасым дастарқан жасап жатыр.

Ал мен футбол ойнап жүрген жоқпын, құмнан үй салып жатқан жоқпын, тамақ пісіріп жатқан жоқпын, шешеме көмектесіп жүрген жоқпын, диванда газет оқып жатқан жоқпын, шұлық тоқып отырған жоқпын, сабаққа дайындалып отырған жоқпын, компьютерде жұмыс істеп отырған жоқпын. жазуымды жазып отырған жоқпын, дастарқан жасап жатқан жоқпын. Далада демалып отырмын.

4-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді нақ осы шаққа айналдырыңыз

Мен қазақ тілі сабағында жаттығу орындаймын. Владимир тақтаға сөйлем жазады, сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. Венера сурет бойынша әңгімелейді. Виктор мәтінді оқиды. Басқа балалар мәтін бойынша сұрақ қояды Сұрақтарға Жөнел жауап береді. Мұғалім студенттердің қателерін түзейді.

Ал Саша жаттығу орындамайды, тақтаға сөйлем жазбайды, сөйлемге синтаксистік талдау жасамайды, сурет бойынша әңгімелемейді, мәтінді оқымайды, мәтін бойынша сұрақ қоймайды, сұрақтарға жауап бермейді, студенттердің қателерін түземейді Өйткені ол жалқаудың жалқауы. Ол төбеге қарап, ойланады. Әрине, сабақ гуралы емес!

5-жаттығу. Қазақ тіліне ауларыңыз.

1. Что вы сейчас читаете? 2 Марал покупает продукты в продовольственном магазине. 3. Утром я встаю, делаю зарядку, умываюсь, завтракаю и иду на работу. 4 Жибек делает фонетический разбор на доске. 5 Жәнібек всегда чистит свои брюки сам 6. Карлыгаш нет на уроке, она болест 7. Что вы здесь делаете? 8. Салтанат до сих пор репает пример. 9. Смотри, наш автобус идет! 10. Я хожу на занятия, чтобы получить знания 11. Ты кого ищешь? 12 В кинотеатре идет интересный фильм 13. В воскресенье мы посещаем театры или музеи. 14 После работы родители отдыхают в нашем саду.

2. ГРАММАТИКА: ЕСІМШЕ (-ар/-ер/-р).

БОЛЖАЛДЫ КЕЛЕР ШАҚ (-ар/-ер/-р).

айт
бар
жат

➤ -ар

кет
көр
жең

➤ -ер

же
ойна
қара

➤ -р

6-жаттығу. Мына етістіктерге есімшенін *-ар/-ер/-р* жұрнаының бірін қосыңыз.

Үлгі: қыдыру – қыдырар, ...

Қыдыру, бату, пісу, сөну, кіру, шығу, жүргізу, сезу, қану, қону, шақыру, итеру, жіберу, аралау, түсіну, үйрету, келу, бару, үйрену, жағу, оқу, жеу, ойнау, ену, жазу, ұнау, ұйықтау, орналасу, кету, жүру, жүгіру, ашу, жабу, айту, сойлеу, сөйлесу, деу, беру, алу, сөну, қашу, тоқу, билеу, жеңу, озу, егу, әзірлену, оту, жану, тебу, көшу, кіру, шығу, тұру, оғыру, жату, басу, кию, қосу, көбейту, білу, ұшу, аттану, секіру, қоштасу, соғу, қою, табу, бейнелеу, ұту, қону, тігу, пісіру, сату, қалу, кездесу, қасу, қуу, шешіну, тарау, көру, қарау, тыңдау, есту, дайындалу, қуыру, себу, жету, зерттеу, әңгімелесу, өкелу, апару, жуу, жуыну, кебу, тазалау, жинау, бастау, салу, аяқтау, болу, істеу, жасау, тапсыру, көріну, іздеу, озгеру, танысу.

7-жаттығу. Сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Айтар сөз; кірер есік; бір киер; келер қонақ; ұшар құс; сағынар ел; есер дос; шабар шөп; жұмар көз; жанар от; кесер нан; жауар күн; буар бел; көрінер үй; істер жұмыс; ескерер зат, қайнар су

Жекеше түрі	Көпше түрі
I. <i>Мен жаз-ар-мын</i> «Я, возможно, напишу»	I. <i>Біз жаз-ар-мыз</i> «Мы, возможно, напишем»
II <i>Сен жаз-ар-сың</i> «Ты, возможно, напишешь» <i>Сіз жаз-ар-сыз</i> «Вы, возможно, напишете»	II <i>Сендер жаз-ар-сыңдар</i> «Вы, возможно, напишете» <i>Сіздер жаз-ар-сыздар</i> «Вы, возможно, напишете»
III. <i>Ол жаз-ар- □</i> «Он (она), возможно, напишет»	III. <i>Олар жаз-ар- □</i> «Они, возможно, напишут»

8-жаттығу. Оқып, ауыспалы келер шақтың және болжалды келер шақтың формаларын салыстырыңыз Орыс тіліне аударыңыз.

Мен ертең дүкенге барамын. – Мен ертең дүкенге барармын.
Сен жазда Шымкентке кетесің. – Сен жазда Шымкентке кетерсің.
Сіз ауылда демаласыз. – Сіз ауылда демаларсыз.
Әсет теледидар көрді. – Әсет теледидар көрер.
Біз ертеңгі сабаққа әзірленеміз. – Біз ертеңгі сабаққа әзірленерміз.
Сендер үйде отырасыңдар. – Сендер үйде отырарсыңдар.
Сіздер үйге хат жазасыздар. – Сіздер үйге хат жазарсыздар.
Олар Мәскеуге ұшады. – Олар Мәскеуге ұшар.

9-жаттығу. Мына етістіктерді болжалды келер шақта жіктеңіз

Ашу, сөйлесу, тұру, жабу, келу, кету, табу, үйлену, жету.

10-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, сонан соң өзіңіз оқыңыз

1. Мен барармын. Мен демалуға барармын. Мен жазда демалуға барармын. Мен жазда Италияға демалуға барармын. Мен жазда Ита-

лияға жолдасыммен демалуға барармын. Мен жазда Италияға жақын жолдасыммен демалуға барармын

2. Сен үйренерсің. Сен қазақша үйренерсің. Сен қазақша сөйлесуді үйренерсің. Сен қазақша сөйлесуді институтта үйренерсің. Сен қазақша сөйлесуді институтта мұғалімнен үйренерсің. Сен қазақша сөйлесуді институтта мұғалімнен тез үйренерсің.

3. Сіз аударарсыз. Сіз мәтінді аударарсыз. Сіз мына мәтінді аударарсыз. Сіз мына мәтінді қазақшаға аударарсыз. Сіз мына мәтінді орысшадан қазақшаға аударарсыз. Сіз мына мәтінді орысшадан қазақшаға жазбаша аударарсыз.

4. Ол тапсырар. Ол емтихан тапсырар. Ол ертең емтихан тапсырар. Ол ертең түстен кейін емтихан тапсырар. Ол ертең түстен кейін қазақ тілінен емтихан тапсырар. Ол ертең түстен кейін мұғалімге қазақ тілінен емтихан тапсырар

11-жағтығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түріне қойып, қайтадан оқыңыз

12-жағтығу. Мына сөйлемдерді болжалды келер шаққа айналдырыңыз

Үлгі: Мына бөлмеде оқушылар диктант жазады. — *Мына бөлмеде оқушылар диктант жазар.*

1. Мына бөлмеде оқушылар диктант жазады. 2. Біз мына үйге көшеміз. 3. Біздің делегация Австрияға ертең ұшады. 4. Әуежайда қарындасымды қарсы аламын. 5. Біз ертең дене шынықтыру жаттығуларын орындаймыз. 6. Ауылда көктемде жұмыс көп болады. 7. Дана кітапханадан жақсы кітап тауып алады. 8. Сенің отбасың мына өдемі үйде тұрады. 9. Сауда үйінен костюм аламын. 10. Кешке қонақ келді. 11. Мен ертең сағат алтыда тұрамын. 12. Студенттер мына жаттығуды дұрыс жазады.

13-жағтығу. Жақша ішіндеп етіпкітерді болжалды келер шаққа қойып аударыңыз

Үлгі: Биыл менің інім мектепті үздік бағамен (закончить). — *Биыл менің інім мектепті үздік бағамен бітірер.*

1. Биыл менің інім мектепті үздік бағамен (закончить). 2. Оқушылар қазақ тілінен шығарма (писать). 3. Сіз сауда үйінен аяқ киім (кушить). 4. Келер жылы Сіздер бізбен демалуға (ехать). 5. Келесі демалыста Сіз ауылдан ет (привозить). 6. Жснә қазақ тілін тез арада (выучить). 7. Әлшер жұмысын бүгін (начать). 8. Біз шай (пить). 9. Салтанат Абай өлеңдерін кітапханадан (найти). 10. Ботагөз ертең маған (приходить). 11. Сіз мына кереуетке (ложиться).

14-жағтығу. Көп нүктенің орнына керекті етіпкітердің бірін қойып жазыңыз

Мен Серікпен . Сендер үйді Студенттер емтиханды ертең Оқушылар бүгін мазмұндама Біз сендерге тамақ Берік ауылына жазда Сен қонақтарға дастарқан . Біз дәрігерге келесі аптада .. . Сіз онымен біздің үйде Сәрсен қызына жақсы ойыншық Сендер бізбен мына автобуска Ертең мен театрға мына көйлекті Биыл менің досым Англияның университетіне оқуға . Біз қонаққа бір сағаттан кейін Жұмысыңды дүйсенбіге дейін

Керекті сөздер пісіру көріну сөйлессу, міну, кету, жасау, бітіру, сатып алу, жазу, түсу, бару, іансыру, кию, танысу, тазалау

15-жаттығу. Мына сөйлемдерді ауыспаты келер шакқа және болжалды келер шакқа айналдырыңыз

Үлгі: Біз кино көрші отырмыз – *Біз кино көреміз Біз кино көерміз*

1 Біз кино көрші отырмыз. 2 Ақын жана олең шығарып отыр
3 Мен Әминамен сөйлесіп отырмын. 4 Ермек базардан көп зат алып жатыр. 5 Біз кинодан келе жатырмыз. 6 Балалар мейрамда билеп жатыр. 7 Ерлан емханада емделіп жүр. 8 Сенің жолдастарың тауга бара жатыр. 9 Ләззат медициналық академияны бітіріп отыр. 10 Сен бүгін ауруханадан шығып отырсың. 11 Көп адам Медеуде коньки кесіп жүр. 12 Студенттер емханаға дайындалып отыр.

16-жаттығу. Қазақ тілше аударыңыз және жатқа жазыңыз

1. Ты, наверное, завтра поедешь в Костанай. 2. Мы, наверное, отправим письмо завтра. 3. Вы возможно, закончите учебный год плохо. 4. Мы, скорее всего, переедем в другой город. 5. Ты наверное выступишь на собрании. 6. Марал, скорее всего, купит билет в театр. 7. Вы, наверное, пригласите гостей в пятницу. 8. Гаухар, наверное, получит часы в подарок. 9. Мы возможно посмотрим телевизор. 10. Я, наверное поговорю с другом. 11. Они, наверное, сделают упражнение письменно. 12. Самат, наверное, ляжет на диван.

17-жаттығу. Оқып салыстырыңыз

ойла \rightarrow **-ма/-ме +с** \leftarrow ойламас «наверное, не подумает»
биле \rightarrow билемес «наверное, не сгашует»
же \rightarrow жемес «наверное, не покушает»

қаз \rightarrow **-ба/-бе +с** \leftarrow қазбас «наверное, не вскопает»
сез \rightarrow сезбес «наверное, не почувствует»
жаз \rightarrow жазбас «наверное, не напишет»

айт \rightarrow **-па/пе +с** \leftarrow айтпас «наверное, не скажет»
кет \rightarrow кетпес «наверное, не уйдет»
қаш \rightarrow қашпас «наверное, не убьжит»



При образовании отрицательной формы причастия будущего времени суффиксы **-ар/-ер/-р** трансформируются в **-с**: *келер – кел-ме-с, аитар – айт-па-с*

18-жаттығу. Мына етістіктерге болжалды келер шактын жұрнақтарының бірін қосыңыз және оларды болымсыз түріне қойыңыз

Үлгі: айту – *аитар – айтпас,*

Айту, алу, сойлесу, апару, ашу, әкелу, өңгімелеу, бару, билеу, жөндеу болу, қону, шу, леу, салу білу, танысу, басу, қоңиру, есеп-

теу, тағу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, қору, сөну, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, өсу, пісу, беру, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сойлеу, габу, шабу, тебу, ұрысу, жеу, шолдеу, ұялу, тұру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, қону, ілу, істеу.


19-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз

1 Серік балмұздаққа қуанар 2. Әлия мен Берік осы айда үйленер 3 Мен жазда Ыстықкөлге барармын. 4. Біз мейрамханада тамақтанармыз 5 Сіз үйден екіде шығарсыз 6. Сіз кітапты ертең оқып бітірерсіз. 7 Жұмысыңызды жексенбіде істерсіздер. 8 Сендер оқуды жақсы оқырсындар. 9. Сен алтыда дайын боларсың. 10. Студенттер осы жаттығуды оңай орындар 11 Менің алдыма ертең келер.

20-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз және жатқа жазыңыз

Ты, скорее завтра в семь не встанешь не оденешься не умоешься, не почишишь зубы, не позавтракаешь Затем в институт, наверное, не придешь, не встретишься с друзьями, не пойдешь на лекцию. После занятий мы, возможно, не пойдём в кино, не встретимся с Сауле и не расскажем о фильме

3. ЛЕКСИКА: ҚОНАҚТА.

 **21-жаттығу.** Мына сөйлесуді тыңдап, сонан соң оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз Асты сызынан сөздердің орнына басқа сөздер қойып оқыңыз

Әлішер: Күрметті достар! Жексенбі күні біздің үйге қонаққа келіңіздер Әңгімелесіп демалайық Қазақтар қонақты қалай күтетінін өз көздеріңізбен көрсіңіздер

Тим: Ықыласыңа рақмет Міндетті түрде барамыз Мекен-жайың қалай еді?

Әлішер: Виталий менің тұратын жерімді біледі. Сіздерді сағат атына алып келер. Солай ма. Виталий?

Виталий: Әрине, жеткізіп саламын.

Әлішер: Онда қазірне сау болып тұрыңыздар!

Виталий: Көріскенше сау бол!

22-жаттығу. Мотивті оқып, сөзлікті пайдаланып өзіңіз аударыңыз Төмендегі сұраққа жауап беріңіз

Қонақтарды қалай шақыру керек?

Қазақтар, дәстүр бойынша, үлкен той болмаса, қонақты өдеілеп шақырмайды. Өйткені жол жүрші келе жатқан жолаушы жолшыбай ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ бота береді. Ал той боларда, әсіресе қазіргі кезде, қонақты қобінесе үй иесі барып шақыруы немесе арнайы шақыру қағазын жіберуі тиіс. Қазіргі кезде қонақты бір жұма бұрын шақырады, өйткені әркімнің алдағы уақытқа жоспарлап

қойған әр түрлі жұмыстары болады. Егер қонақ шақырылған жерге бара алмаса, себебін бірден айтқан жөн «Көерермін, мүмкін. барып қалармын, бара алмасам, ренжіме» деген сөздер шақырушыға жайсыз тиеді. Қазақтар айтады: «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма». Бұрыннан таныс немесе жақын туыстары болмаса, сыйлы қонақтарды телефонмен шақыру ыңғайсыз болады.

23-жаттығу. Шақыру қағаздардың үлгілерін оқып, өзіңіздің тойыңызға немесе туыстарыңыздың тойына шақыру қағазын жасаңыз

ШАҚЫРУ

Қадірлі _____

Үйлену тойымыздың құрметті
қонағы болыңыз.

13 наурыз 2004 жыл
сағат – 17:00

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы, Сейфуллин
даңғылы, «Жерұйық»
мейрамханасы.

Алтынбек – Сандуғаш

ШАҚЫРУ

Құрметті _____

Сізді «Әділет» жоғарғы құқық
мектебінің профессоры

Шөбікен Кәрібайұлы
Бектұровтың

70 жасқа толуына және
ғылыми-педагогтік қызметінің
45 жылдығына арналған салта-
натты мәжіліске шақырамыз.

Кеш 2004 жылы қаңтардың
17-ші жұлдызында сағат 14-те
«Әділет» жоғарғы құқық мекте-
бінің мәжіліс залында өтеді.

Мерейтой алқасы.

24-жаттығу. Жолдастарыңызды, туыстарыңызды тоныңызға немесе қонаққа ауызша шақырыңыз

_____, мен Сізді (сені) _____ сағат _____ шақырамын.

Мекен-жайым: _____

Туған күн, үйлену тойы (бракосочетание), қонақ, мүшелтой (юбилей), шілдехана (рождение ребенка), сүндет той (обрезание), ...



25-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Қазақ – қонақжай халық

Қазақ халқы танымаса да, «күдайы қонақпын» деген адамды қарсы алады. Жол жүріп келе жатқан адам кез келген ауылға, үйге келіп қонақ бола береді. Қазақ халқында «қырықтың бірі қыдыр» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы: «Алланың жіберген сыйы қырық адаммен бірге келуі мүмкін». Сондықтан «қонақпен бірге күт, ырыс келеді, қонақты қусан, күт, ырыс кейін қашып кетеді» деген сөз бар.

Қазақ үшін қонақты қарсы алмау, күтпеу – ұят. Қонақты қарсы алуға, шығарып салуға ерекше мән береді. Қонақ келгенде үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге кіргізіп, өзі қонақтардан кейін кіріп

есікті жабуы керек. Бұл – қонақпен келген «құт», «ырыс» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығады. Бұл – «құт», «ырыс» қонақтармен бірге шығып кетпесін дегені

Қонақ күту – қазақ халқының ең жауапты ісі. Оларлы риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға сусын (қымыз, шұбат) беріледі. Содан кейін шай ішледі. Шайдан кейін қонақтардың көңілді отыруына үй иесі бар жағдайды жасайды. Ауылдағы әнші, күйшілерді шақырып, қонақтардың көңілін көтереді. Қонақты жақсы қарсы алған үй туралы «мырза үй», ал қонақты дұрыс қарсы алмаған үйді «сараң» дейді.

Осы дәстүр қазір де бар. Шетелден келген қонақтар «Қазақ халқы – қонақжай халық» деп бекер айтпайды.

Сөздік

құдай – бог
қарсы алу – встречать
кез келген – любой
сый – подарок
қуу – гнать
құт – счастье
ырыс – везение
күту – ухаживать
ұят – стыд
шығарып салу – провожать
ерекше мән – особое значение
үй иесі – хозяин дома
кіргізу, енгізу – впустить

жауапты іс – ответственное дело
риза ету – сделать довольным
тырысу – стараться
сусын – напиток
бар жағдай жасау – сделать все
возможно
көңіл көтеру – поднимать настроение
мырза – господин
сараң – скупой
дәстүр – обычай
қонақжай – гостеприимный
бекер зря

26-жаттығу. Мәтінге жазбаша сұрақ қойыңыз. Жолдасыңыз сұрақтарға жауап берсін

27-жаттығу. Мына олеңді оқып, аударыңыз және жаттап алыңыз.

Қонақ келсе есікке,
Жүгіріп шық, кешікпе.
Қарсы алмасаң қонақты,
Кесір болар нәсіпке.



28-жаттығу. Сөйлесуді тындап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Қонақтар: Кеш жарық! Кіруге рұқсат па?

Әлішер: Кеш жарық! Жоғары шығыңыздар, төрлетініздер! Халдарыңыз жақсы ма?

Қонақтар: Рақмет, аман-есен. Озіңіз ше?

Әлішер: Оте жақсы.

Вильям: Әлішер, қазақтар қонақтарын қалай күтеді? Қазақ халқы қонақжай халық дейді ғой

Әлішер: Иә, қазақ халқы бұрыннан бері қонақты дұрыс күтіп, қонаққа үй ішімен қызмет көрсетеді.

Шерил: Қонақ риза болмаса ше?

Әлішер: Қонақ үй иесінің көрсеткен құрметіне риза болмаса, «Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады, үй иесі жаман болса, қонағы қыдырады», «Қонағын сүймесен баласын ұрады, не үйін сыпырады» деген мақалдармен үй иесінің мінін айтып кетеді.

Суреш: Ал үй иесі қонағына риза болмаса ше?

Әлішер: Онда ол «Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр», ол «Қонаққа бара білсең, шақыра да біл». «Қонақ қойлан да жуас» дейді.

Ләззат: Егер қонақ келіп жатқанда, ол үйде жақсылық болып жатса, «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деп, келген қонақтың жай қонақ емес екендігін ырымдаған.

Суреш: Қонақтарға ең алдымен сусын беріле ме?

Әлішер: Иә, ең алдымен қонақтарға сусын (қымыз, шұбат және басқа) беріледі. Міне, мына қымыздың дәмін татыңыздар.

Гленда: М-м-м... Дәмі ерскше екен.

Әлішер: Содан кейін шай ішіледі. Шайды дәмділеп құю керек. Сол үйдегі әйелдер мен бойжеткен қыздар шайды дәмділеп құя алмаса, гөрбиесіз саналып, әңгімеге ұшырайды.

Мина: Бізге шайды кім құяды?

Әлішер: Шайды Ләззат құйсын... Міне, шайды осылай құю керек.

Тим: Қызық екен! Шайдан кейін қонақтар демалар.

Әлішер: Шайдан кейін ас піскенше, үй иесі қонақтармен бірге отырады, әңгіме айтады, домбыра тартып, ән айтады, қонақтардың көңілін көтереді. Осы үйдегі балалар да қонақтарға қызмет көрсетеді, өйткені қонақ күту — халқымыздың ең жауапты ісі.

29-жаттығу. Мына мақал-мәтелдерді оқып, есте сақтаңыз. Мағыналарын түсіндіріңіз.

Қыз — қонақ. Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.

Жаман үйлі қонағы билейді. Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр.

Шақырғанда бармасаң,
Шақырғанға зар боларсың. Қонақ бір күн қонса — құт.
Екі күн қонса — жұт.

Шақырған жерден қалма,
Шақырмаған жерге барма. Тойға барсаң — бұрын бар,
Бұрын барсаң — орын бар.

Тойдың болғанынан боладысы қызық.

Бұрынғы қонақ соңғы қонаққа орын берер

Қонаққа «кел» демек бар,
«Кет» демек жоқ. Келгенше қонақ ұялар,
Келген соң үй иесі ұялар.

Құтты қонақ келсе,
Қой егіз табады,
Құтсыз қонақ келсе,
Қойға қасқыр табады. Қонақ жаман болса,
Үй иесі қыдырады,
Үй иесі жаман болса,
Қонақ қыдырады.

30-жаттығу. Жақшаның шіндегі сөздерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қонаққа жиі барасыз ба? (мереке күндері, демалыс күндері, туған күніне, жылына, айына, аптасына бір рет, екі рет, үш рет, ...).
2. Қонаққа кімге барасыз? (жолдастарыма, достарыма, жерлесіме, ағам, әжеме. ...).
3. Не сыйлайсыз? (ұл, кітап, сағат, қойлсқ, орамал,...)
4. Қонақты жиі шақырасыз ба? (туған күніме, мереке күндері, демалыс күндері, айына бір рет, екі рет, ...).
5. Қонақтарды кім қарсы алады? (өзім, ағам, әкем, атам, ...)
6. Қонақтарды кім шығарып салады? (өзім, ағам, әкем, атам, ...)
7. Қандай сусынлар бересіз? (қымыз, шұбат, минералды су, шырын, сыра, ...).
8. Шайды кім құяды? (өзім, әжем, шешем, қарындасым, сіңлім, ағам, ...).
9. Салаттарды кім жасайды? (өзім, әжем, лешем, қарындасым, сіңлім, ағам, ...).
10. Жеңіл тағамдарды, ыстық тамақтарды кім пісіреді? (өзім, әжем, шешем, қарындасым, сіңлім, ағам, ...)
11. Дастарқанды кім жасайды? (өзім, әжем, шешем, қарындасым, сіңлім, ағам, ...)
12. Үстелдің үстіне қандай ыдыс-аяқ қоясыз? (төрелке, шанышқы, қасық, пышақ, табақ, кесе. ...).
13. Ыдыс-аяқты қалай қоясыз? (төрелкенің оң жағына – пышақ, сол жағына – шанышқы, ...).
14. Гүлді қайда қоясыз? (үстелдің ортасына, серванттың үстіне, терезенің алдына, ...).
15. Қонақтарға қандай ыстық тамақ бересіз? (бесбармақ, палау, мөңгі, дүнген кеспесін, борщ, ...).
16. Қонақта адамдар көңілдерін қалай көтереді? (би билейді, ән салады, әңгімелеседі, ойын ойнайды, домбыра, гитара тартады, ...)
17. Үй иелері қандай болу керек? (қонақжай, көңілді, ...)

31-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

Менің атым _____ Менің мекен-жайым: _____ . Мен қонақты _____ шақырамын. Қонақты әдеттегідей сағат _____ шақырамын. Қонақтарды өзім _____ Қонақтарға сусыннан _____ беремін. Жеңіл тағамдардан _____ беремін. Ыстық тамақтан _____ беремін. Үстелдің үстіне _____ қоямын. Ыдыс-аяқтарды былай қоямын: _____ . Қонақтар көңілдерін былай көтереді: _____ .

32-жаттығу. Мәтінді оқып, болжалды келер шаққа айналдырыңыз

Келесі жексенбіде мен ағамның үйіне қонаққа барамын. Ағам өзінің туған күніне көп қонақ шақырады. Үй иесі қонақтарды қарсы алады. Ең алдымен таныс емес қонақтарды ойеліне және бұрын келген қонақтарға таныстырады. Біз ағамызды құттықтаймыз, сыйлыққа сағат береміз. Жәңгем дастарқан жайып, ең алдымен қымыз, шұбат, содан кейін түрлі салаттар, қуырылған балық, күстың етін, қазы, қарта, шұжық береді. Ыстық тамаққа палау немесе бесбармақ, сонан соң шай дайындайды. Шайға түрлі самса, тоқаш, тәтті тағамдар қояды. Қонақтар би билейді, ән салады, ойын ойнайды, үй иелеріне риза болады. Кеш, әдеттегідей, тамаша, көңілді және қызықты өтеді.

33-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз

1. Ертсіз қонақ келер. 2. Олар қонақтарды жақсы күтер. 3. Біз қонаққа дастарқан жасармыз. 4. Қонақты сен қарсы аларсың. 5. Қонақтарға ең жақсы тағамдарды берер. 6. Үй иесі қонақтарды шығарып салар. 7. Мен саған сыйлыққа сағат берермін. 8. Сіз дастарқанға гөтті тағамдарды қоярсыз. 9. Қонақтар уақытында келер. 10. Кеш үш сағатта бігер.

34-жаттығу. Мына сөйлемдерді аяқтаңыз

1. Қонақ шақырсаң, ... 2. Қонақ келсе, ... 3. Туған күніне барсаң, ... 4. Таныс емес қонақтар болса, ... 5. Қонақтар уақытында жиналмаса, ... 6. Қонақтар жиналып болса, ... 7. Дастарқан жасасаң, ... 8. Қонақтар гүл әкелсе, ... 9. Қонақтар сыйлықтар берсе, ... 10. Қонақтар көңілді отырса, ... 11. Қонақтар көңілді отырмаса, ... 12. Кеш көңілді өтсе, ... 13. Қонақтар үйлеріне қайта бастаса, ...

35-жаттығу. Сөйлемдерге ұлп бойынша өзгерістер жасаңыз

Үлгі: Қонақтар үйге келсін. — *Қонақтар үйге келіп отыр. Қонақтар үйге келеді. Қонақтар үйге келер.*

1. Қонақтар үйге келсін. 2. Қонаққа барайық. 3. Сен жексенбіде қонақ шақыр. 4. Қонақтарды өзін қарсы ал. 5. Қонақтарды үйге кіргіз. 6. Сіз жоғары шығыңыз. 7. Қонақтарға сусындарды бер. 8. Амандық сұрасайық. 9. Қымыздың дәмін татсын. 10. Мен Сізге шай құяйын. 11. Әңгіме айтыңыздар. 12. Қонақтардың көңілін көтер. 13. Балалар қонақтарға қызмет көрсетсін. 14. Гүлдерді үстелдің ортасына қойындар. 15. Көңілді, қонақжай үй иесі болуға тырыс. 16. Қонақтар риза болсын.

36-жаттығу. Мына сөз тіркестеріне қазақ тілінен балама келтіріңіз. Олармен сөйлемдер құраныз.

Ходить в гости; приглашать гостей, встречать гостей; ухаживать за гостями; поднимать настроение; незнакомые гости; ранее пришедшие гости; знакомить; расспрашивать о благополучии; поздравлять хозяина, дарить подарок хозяину; подавать напитки; разливать чай; жарить рыбу; готовить салаты; варить мясо; горячее блюдо, легкие закуски; накрывать на стол; ставить посуду, беседовать; танцевать; песни петь; играть на домбре, гитаре, играть в различные игры; обслуживать гостей; ответственное дело; считаться невоспитанным и подвергаться разговорам; особый вкус; весело и интересно, быть довольными; гостеприимные хозяева.

37-жаттығу. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз және жатқа жазыңыз

Я, скорее всего, на выходные пойду в гости. У моей тети день рождения. Она пригласила много гостей с работы, с работы мужа, друзей, знакомых, родственников. У нее юбилей. Я буду помогать обслуживать гостей.

Мы, навсрное, будем готовить баурсаки, самсу, широжки. Приготовим различные салаты: мясной, винегрет, капустный, морковный и свекольный. Затем мы пожарим рыбу и сварим курицу и мясо. казы, карта, шужык. На горячее, как обычно, подадим бесбармак.

Тетя будет встречать гостей у двври, а после вечера проводит их. Тамада будет поднимать людям настроения. Гости будут танцевать, петь, играть в разные игры, играть на домбре и гитаре, беседовать. По-моему, вечер пройдет весело и интересно, а гости будут довольны.



38-жаттығу. Әнді тындап оқыңыз Ән аитуға тырысыңыз

Туған күн кешінде

Тоиыңа гүл алып,
Келіп ем қуанып.
Қарсы алдың күлімдеп көктемдей.
Жүзіңе нұр толып,
Кетіпсің құлпырып,
Бір бақыт сәулесін сепкендей.

Қ а й ы р м а с ы

Сен туған күн, мерекеміз,
Ән бастайық, кел екеуіміз.
Ұмытпа сен, құрбым,
Есте қалсын мәңгі бұл күн.

(Мұхтар Шаханов)

39-жаттығу. Қонақтарды қалай күтетініңізді және қонаққа қалай баратыныңызды жолдасыңызбен сөйлесіңіз

- Сіз қонаққа баруды, қонақ шақыруды ұнатасыз ба?
- ...
- Қонақты жиі шақырасыз ба?
- ...
- Келесі жолы қонақты қашан шақырасыз?
- ...
- Қонақты қалай қарсы аласыз, қалай шығарып саласыз?
- ...
- Сіз қонақты қалай күтесіз?
- ...
- Сусындардан не бересіз?
- ...
- Қандай ыстық тамақ әзірлейсіз?
- ...
- Шайға тәтті тағамдарды қоясыз ба?
- ...
- Қонақтардың көңілдерін қалай көтересіз?
- ...

40-жаттығу. «Қонақта» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңыз

Причастие (Есімше).

Причастия сочетают в себе грамматические признаки имени и глагола и в казахском языке делятся на 3 группы.

1) **причастия прошедшего времени** (См. 19-сабақ, раздел «Давнопрошедшее время»);
 2) **причастия переходного прошедшего времени** (См. 21-сабақ, раздел: «Давнопрошедшее время»);

3) **причастия будущего времени**, которые образуются при помощи суффиксов *-ар/-ер/-р*, присоединяемых к корню глагола:

После согласных в твердом слове	-ар	<i>бас-ар</i> «ступаемый»; <i>қайт-ар</i> «обратный»
После согласных в мягком слове	-ер	<i>кір-ер</i> «входной»; <i>кет-ер</i> «уходящий»
После гласных	-р	<i>ойна-р</i> «играющий», <i>толе-р</i> «оплачиваемый»

Отрицательная форма причастия будущего времени образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола и суффикса *-с*, в который трансформируются суффиксы *-ар/-ер/-р* *келер-кел-ме-с, айттар айт-па-с*.

В предложении причастия могут выполнять функцию любого члена предложения

Функция	<i>-ар/-ер/-р</i>
Подлежащее	<i>Саған айттарым осы</i> «Это то, что я хочу тебе сказать».
Сказуемое	<i>Ертең ол айттар</i> «Завтра он скажет»
Дополнение	<i>Мен айттарымды айттым</i> «То, что хотел сказать, сказали»
Определение	<i>Айттар сөзім осы</i> «Это слова, сказанные мной»

Будущее время глагола (Болжалды келер шақ) обозначает вероятное действие, причем степень вероятности является неопределенной. В русском языке это значение передается формой будущего времени в сочетании со словом «возможно» *Мен кел-ер-мін. «Я, возможно, приду»* и образуется при помощи суффиксов *-ар/-ер* (если корень глагола оканчивается на согласный) и *-р* (если корень глагола оканчивается на гласный), за которыми следуют личные окончания глагола. Гласный суффикса *-ар/-ер* чередуется согласно закону сингармонизма. Сравните

Мен айт-ар-мын «Я, возможно, скажу»
Мен көр-ер-мін. «Я, возможно, увижу»
Мен қара-р-мын «Я, возможно, посмотрю»

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола. Затем следует суффикс *-с* и личные окончания глагола. Например, *жаз-ба-с* «возможно, не напишет», *айт-па-с-пын* «возможно, не скажу».

Единственное число	Множественное число
I <i>Мен жаз-ар-мын</i> «Я, возможно, напишу»	I <i>Биз жаз-ар-мыз</i> «Мы, возможно, напишем»
II. <i>Сен жаз ар-сың</i> «Ты, возможно, напишешь» <i>Сіз жаз-ар-сыз</i> «Вы, возможно, напишете»	II <i>Сендер жаз-ар-сыңдар</i> «Вы, возможно, напишете» <i>Сіздер жаз-ар-сыздар</i> «Вы, возможно, напишете»
III <i>Ол жаз-ар- □</i> «Он (она), возможно, напишет»	III. <i>Олар жаз-ар- □</i> «Они, возможно, напишут»

14-САБАК

1. Грамматика: Қайталау. Сын есім.
2. Грамматика: Мақсатты келер шақ.
3. Лексика: Тамақ. Тамақ түрлері.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. СЫН ЕСІМ.

1-жаттығу. Мына сын есімдерді қажетті зат есімдермен тіркестіріңіз

а) ақ, қызыл, сары, көк, қара, қоңыр, көгілдір, жасыл, қыз-былт, сұр;

ә) үлкен, кішкентай, кең, тар, биік, аласа, ұзын, қысқа,

б) жуас, тентек, ецбекқор, жалқау, сұлу, тәртіпті, ұқыпты, әдемі,

в) ашы, тәтті, дәмді, дәмсіз, тұзды, тұщы, қышқыл;

г) қисық, түзу, дөңгелек, сопақ, жалпақ, томпақ, қатты, жұмсақ

2-жаттығу. Мына зат есімдерді қажетті сын есімдермен тіркестіріңіз.

Бак, қыз, сарымсақ, көкәніс, қарындап, көз, кітап, көйлек, баға, сүт, ойыншық, аяқ киім, бас киім, сағат, ат, қой, үй, адам, жігіт, оқушы, мұғалім, тамақ, сабақ, оқулық, төсек, орындық, дәптер, аяқ, су, күн, түн, алма, қала, бөлме, көпше, дәрі, балық, айран, жұмыртқа, жүзік, балалар, әжс, терезе, доп, есік, сөз, мінез, әңгіме, жол, кітапхана.

3-жаттығу. Төмендегі сын есімдерге антоним келтіріңіз.

Семіз, тұщы, көрі, жеңіл, жаңа, қысқа, үлкен, тәтті, жақсы, быстық, түзу, қымбат, жалқау, тентек, ақ, аласа, тар, қатты, толық.

4-жаттығу. Мына сөздерге жұрнақтардың тиістісін жалғап сын есім жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: сырт – *сыртқы* – *наружный, верхний*, .

Сырт, су, геология, сүт, қасында, математика, бас, бұлт, дала, демократ, бала, сәт, көгі, түс, дене, министр, кісі, сақал, ертең, мұрт, сон, баға, күз, дәм, тіл, қазір, тұз, қыс, жара, күлкі, қайғы, күн, көктем, кандидат, сақал, жаз, минерал, тау, белгі, ана, ар, томен, күш, әке, ен, орын, кеше, қар, іш күнделік, базар ай, өгі, апта, жаңбыр.

түс. шеше, қыз, бүгін. қызмет, қала, таң, ақша, жел, компьютер, ауыл, жас, дос, таңертең. инжнер, кісі, ұжым, дәм. мұрт, білім, ақыл, жүрек, өндіріс, бұрын.

2. ГРАММАТИКА: МАҚСАТТЫ КЕЛЕР ШАҚ.

ал → -мақ/-мек жаз → -бақ/-бек айт → -пақ/-пек
 жу → сен → жап →
 қыр → жең → аш →



После глухих согласных	-пақ/-пек	айтпақ «намеревается сказать» кетпек «собирается уходить»
После ж, з, м, н, ң	-бақ/-бек	жазбақ «собирается написать» жеңбек «намерен победить»
Во всех остальных случаях	-мақ/-мек	алмақ «собирается взять» жемек «собирается кушать»

5-жаттығу. Мына етістіктерді мақсатты келер шаққа қойыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: аиту – айт-пақ «собирается сказать»; ...

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, өңгімелесу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, ұялу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, көру, сону, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үірету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жашу, нану, оқу, орналасу, өлшеу, осу, псеу, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, шөлдеу, ілу, гүру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, беру, істеу.

6-жаттығу. Мына етістіктерді мақсатты келер шақта жіктеніз.

Ашу, тұру, жабу, келу, кету, қуану, үйлесу, жету.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен жаз-бақ-пын «Я намерен написать»	I. Біз жаз-бақ-пыз «Мы намерены написать»
II Сен жаз-бақ-сың «Ты намерен написать» Сіз жаз-бақ-сыз «Вы намерены написать»	II. Сендер жаз-бақ-сыңдар «Вы намерены написать» Сіздер жаз-бақ-сыздар «Вы намерены написать»
III Ол жаз-бақ- □ «Он (она) намерен(а) написать»	III Олар жаз-бақ- □ «Они намерены написать»

7-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, сонан соң өзіңіз оқыңыз

1. Ол бармақ. Ол мектебіне бармақ. Ол өзінің мектебіне бармақ. Ол ертең өзінің мектебіне досымен бармақ. Ол ертең өзінің мектебіне досымен жаю бармақ.

2. Мен қыдырмақпын. Мен паркте қыдырмақпын. Мен үлкен паркте қыдырмақпын. Мен күндіс үлкен паркте қыдырмақпын. Мен сенімен күнде үлкен паркте қыдырмақпын.

3. Сен жазбақсың. Сен мақала жазбақсың. Сен қызықты мақала жазбақсың. Сен газетке қызықты мақала жазбақсың. Сен ертең газетке қызықты мақала жазбақсың. Сен ертең біз туралы газетке қызықты мақала жазбақсың.

4. Сіз демалмақсыз. Сіз Италияда демалмақсыз. Сіз жазда Италияда демалмақсыз. Сіз жазда Италияда отбасыңызбен демалмақсыз.

8-жаттығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түріне қойып, қайталан оқыңыз

9-жаттығу. Жолдасыңыздың сөзін қоспаңыз. Дұрыс жауап беріңіз

Үлгі: Берік биыл мектепті бітірмек (оның ағасы) — *Берік емес, оның ағасы бітірмек.*

1. Берік биыл мектепті бітірмек (оның ағасы) 2. Студенттер қазақ тілін келешек қызметтері үшін үйренбек (біз). 3. Сіз оқуға жазда түспексіз (менің сңлім) 4. Келер жылы Сіздер Англияға сапар іспексіздер (осы жылы). 5. Биыл Сіз ауылда болмақсыз (Әйгерім). 6. Сәкен қазақ тіліне көп дайындалмақ (орыс тілі). 7. Әлішердің әкесі ауруханада емделмек (емхана). 8. Біз түскі тамақты меирамханадан ішпекпіз (асхана). 9. Салтанат Абай олеңдерін кітапханадан іздемек (кітап дүкенінен). 10. Әсем ертең Мәскеуге жүрмек (Омбы).

10-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті есімдіктердің бірін қойып жазыңыз

Менің ағам келер жылы шетелге Менің інім биыл университетке Сен мектепті биыл ... бе? Сіздер бүгін шығарма Біз қазақ тілін тез арада Мұрат суық суға Сен сабаққа қашан ... ? Біз оларды осы жолы футболдан Сіз оның сөзіне ... бе? Сәбит ертең мұғалімге не ...? Сендер бізбен не жөнінде ... ? Ертең сендер қай уақытта ...? Биыл менің досым Біз қонаққа бір сағаттан кейін

Керекті сөздер: бітіру, үйлену, әзірлену, айту, ұшу, үйрену, жеңу, жуыну, ксту, сөйлесу, түсу, жүру, жазу, сену.

11-жаттығу. Мына сөйлемдерді мақсатты келер шаққа айналдырыңыз

Үлгі: Мына бөлмеде досым отыр. — *Мына бөлмеде досым отырмақ.*

1. Мына бөлмеде досым отыр. 2. Біз мына үйде тұрамыз. 3. Біздің мұғаліміміз бізге қазақ тілін үйретеді. 4. Менің қарындасым ауылға хат жібереді. 5. Біз таңертең дене шынықтыру жаттығуларын орындаймыз. 6. Ауылда егіншілер егін егеді. 7. Дана кітапханада жұмыс істеп жүр. 8. Сенің отбасың Астанаға кошелді. 9. Сауда үйінен мата аламын. 10. Кешке Әуезов театрына барамыз. 11. Сіз сағат нешеде тұрасыз? 12. Студенттер мына жаттығуды орындап жатыр. 13. Самат зауытта жұмыс істейді. 14. Дәрігер ауру адамды тексеріп жатыр. 15. Біз қазақ тілі сабағында тек қана қазақша сөйлейміз.

12-жаттығу. Оқып, салыстырып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мен ертең дүкенге барамын Мен ертең дүкенге барармын. Мен ертең дүкенге бармақпын. 2 Сен жазда Шымкентке сапар шегесің. Сен жазда Шымкентке сапар шегерсің. Сен жазда Шымкентке сапар шекпексің. 3. Сіз ауылда демаласыз. Сіз ауылда демаларсыз Сіз ауылда демалмақсыз. 4. Әсет теледидар көреді Әсет теледидар көрер. Әсет теледидар көрмек. 5. Біз ертеңгі сабаққа өзірленеміз. Біз ертеңгі сабаққа өзірленерміз Біз ертеңгі сабаққа өзірленбекпіз. 6. Сендер асханадан тамактанасыңдар. Сендер асханадан тамактанарсыңдар. Сендер асханадан тамактанбақсыңдар. 7. Сіздер үйге хат жазасыздар. Сіздер үйге хат жазарсыздар. Сіздер үйге хат жазбақсыздар. 8. Олар Мәскеуге ұшады. Олар Мәскеуге ұшар. Олар Мәскеуге ұшпақ.

13-жаттығу. Мына сойлемдерді ауыспалы осы шаққа, болжалды келер шаққа және мақсатты келер шаққа айналдырыңыз

Үлгі: Мына бөлмеде апам теледидар көріп отыр – *Мына бөлмеде апам теледидар көреді. Мына бөлмеде апам теледидар көрер. Мына бөлмеде апам теледидар көрмек.*

1 Мына бөлмеде апам теледидар көріп отыр. 2 Әмина дүкенге жаяу бара жатыр. 3. Студенттер оқуды қызынып оқып жатыр. 4. Ермек сурет салып отыр. 5. Біз кітапханадан келе жатырмыз. 6. Балалар үйдің сыртында ойнап жүр. 7. Ерлан емханада емделіп жүр. 8. Сенің атаң ауылдан ет әкеле жатыр. 9. Жәмила Әл-Фараби университетін бітіріп отыр. 10 Қар жауып тұр. Дала қатты аяз. 11 Мұражайға бөріміз бара жатырмыз. 12. Көп адам Шымбұлақта шаңғы теуіп жүр. 13. Сабақ оқып отырсың ба? 14 Емтиханға дайындалып отырмыз. 15 Мен Алматыда тұрып жатырмын. 16. Атам кітап жазып жүр. 17. Жанар диванда ұйықтап жатыр. 18. Менің қарындасым дәрігер болып жұмыс істеп жүр. 19. Марал Сәбитпен билеп жүр. 20 Студенттер тауға бара жатыр. 21. Жүніс базарда саудаласып тұр. 22. Мерусрт көзілдірік тағып жүр. 23. Мен Әминаға айтып жатырмын.

14-жаттығу. Қазақ тіліне аударып, жатқа жазыңыз

1 Я завтра собираюсь пойти в театр. 2. Мы намерены ждать Вас завтра. 3. Вы собираетесь попрощаться с учителем. 4 Мы собираемся подготовиться к уроку. 5. Ты собираешься идти на собрание? 6. Марал собирается помочь маме. 7 Вы собираетесь приглашать гостей. 8. Мадина собирается летом в Италию. 9. Мы собираемся смотреть телевизор. 10 Я собираюсь поговорить с другом. 11. Они собираются нам сказать. 12. Жанибек собирается послать.


3. ЛЕКСИКА: ТАМАҚ.

15-жаттығу. Мына сөздерге табыс септігінің жалғауларын жазыңыз

Кофе, ірімшік, макарон, бауырсақ, көмпит, банан, самса, салат, тоқаш, бесбармақ, қазы, қарта, жал, жая, қуырдақ, шұбат, картоп.

палау, күріш, қарбыз, қауын, асқабақ, бұрыш, мәлті, май, нан, қант, тұз, шеміңкс, жаңғақ мейіз, қаймақ, печеньс, торт, шоколад, балмұздақ, минералды су. сусын, қой еті, сиыр еті. тауық еті, алма шырыны, капуста салаты


16-жаттығу. Сурет астында берілген кеселегі іөргбұрыштардың шине тиісті нөмірді жазыңыз



Сусын	Азық-түлік	Көкөніс	Жеміс-жидек
<input type="checkbox"/> сүт	<input type="checkbox"/> нан	<input type="checkbox"/> картоп	<input type="checkbox"/> алма
<input type="checkbox"/> айран	<input type="checkbox"/> май	<input type="checkbox"/> капуста	<input type="checkbox"/> алмұрт
<input type="checkbox"/> қымыз	<input type="checkbox"/> қант	<input type="checkbox"/> қызанақ	<input type="checkbox"/> шабдалы
<input type="checkbox"/> шырын	<input type="checkbox"/> ет	<input type="checkbox"/> қияр	<input type="checkbox"/> шие
<input type="checkbox"/> шай	<input type="checkbox"/> жұмыртқа	<input type="checkbox"/> сәбіз	<input type="checkbox"/> өрік

17-жаттығу. Сөйлесуді тыңдап, кімнің не дегенін айтыңыз. шине Ә немес Л орпш жазыңыз

- Мен шайды ұнатпаймын, ал қымызды жақсы көремін.
- Бірақ айран мен сүтті ұнатпаймын.
- Шырынның барлық түрін ұнатамын.
- Мен де жеміс-жидекті жақсы көремін, ал көкөністерді жек көремін.
- Көкөністерде көп витамин бар ғой.
- Маған көкөністердің барлық түрі ұнайды.
- Етті өте жақсы көремін.
- Жұмыртқаны да жақсы көремін.
- Мен ет жемеймін.
- Балмұздақтан жақсы нәрсе жоқ!

 **18-жаттығу.** Сойлесуді қайтадан тыңдап, кімнің нені ұнататынын (ұнатпайтынын) ✓ белгісімен көрсетіңіз.


Азық-түлік	Әлшер		Ләззат	
	ұнатады	ұнатпайды	ұнатады	ұнатпайды
шай				
қымыз				
айран				
сүт				
шырын				
жеміс-жидек				
көкөніс				
ет				
балық				
жұмыртқа				
балмұздақ				

19-жаттығу. Жолдасыңызбен кімнің нені ұнататынын (ұнатпайтынын) оңғимселеніздер

– Мен ... ұнатамын (жақсы көремін, жеюмін, ішемін). – Мен .. ұнатпаймын (жақсы көрмеймін, жею көремін, жеюеймін, ішпеймін)

20-жаттығу. Сөйлесуді біреуіңіз өже, біреуіңіз бала болып оқыңыз

- Әже, өже! Қарным ашты, көмпит берші!
- Көмпит жоқ. Кеспе ішесің бе?
- Жоқ, кеспе ішпеймін! Печенье бар ма?
- Печенье жоқ. Ботқа жейсің бе?
- Жоқ, жеюеймін! Балмұздақ сатып алайыншы
- Айран ішесің бе?
- Жоқ, рақмет! Қарным аш емсе, өже!

 **21-жаттығу.** Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Тамақ түрлері

Біздің қандай тамақ түрін жейтініміз тұрған жерімізге байланысты. Мәселен, Қытайдың оңтүстігіндегілер күрші, ал солтүстігіндегілер кеспеңі көбірек жейді. Жапон елінде адамдар балық, ал сеніңден қашық жатқан Орталық Еуропада ет тағамдарын молырақ пайдаланады.

Тамақты қалай, немен жесу де өр елде өр түрлі. Мысалы, Солтүстік Америкада, Австралия мен Еуропада пышақпен шанышқыны пайдаланса. Қытай, Жапон елдері қос таяқпен, ал Үндістан және Таяу Шығыс елдеріндегі адамдар тамақты қолмен жейді.

Қазіргі кезде азық-түлікті жер шарының бір түкпірінен екінші түкпіріне тасымалдауға болады. Сондықтан тамақтың қай түрін жегің келсе, жыл мезгілінің қай уақытында пайдаланғың келсе, мүмкіндігің бар дегенмен, келер елдерде адамдар ашығуда, ал баи елдерде адамдар тамақты көп жейді.

Адам баласы тамақ ішпей тұра алмайды. Деніңіз сау болу үшін, жақсы тамақ ішу керек. «Ас — адамның арқауы» деп бекер айтпайды. Тамақ арқылы адам ағзалары блок, май, көмірсу, минералдық заттар, түрлі витаминдер қамтамасыз егіледі.

Осылардың ішінде белоктың алатын орны ерекше. Ғылымда белокты протеин деп атайды. Ол «бірінші орын алушы» деген грек сөзі екен. Белоксыз өмір сүру мүмкін емес. Дененің барлық клеткалары осы белоктан тұрады. Сүт тағамдары, жұмыртқа түгелдей белоктан тұрады. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішінде айран, қаймақ, ақ ірімшік, күрт, жент, бие сүтінен — қымыз, түйе сүтінен — шұбат, тағы басқалар ерекше бағаланады. Сондықтан, «Ағы бардың бағы бар» деп сүті бар үй бақытты үй болып саналады.

Ал енді майға келсек, мұның түрі де өте көп: сары май, жылқының, сиырдың, қойдың, шошқаның майы. Осімдіктен алынатын сұйық майлар мақта, күнбағыс, зығыр, т. б. Орта Азия халықтарының көпшілігі, сонымен бірге қазақ халқы күнбағыс, мақта майын азық-түлікке көп пайдаланады.

Тамақтың үшінші бір бөлігі — көмірсулар. Олар қанттың, крахмалдың, картоптың, нанның, жеміс-жидектің, көкөністің құрамында көп болады. Тамақтың қай түрінде болмасын, минералдық заттар (натрий, калий, кальций, фосфор) бар.

Біздің орқайсымызға тәулік сайын кем дегенде екі литр су керек, өйткені адам денесінің шамамен $\frac{2}{3}$ бөлігі судан тұрады. Адамға күніне 100 г белок, 85 г май, 400 г көмірсу қажет екен.

□ Сөздік

байланысты — связанный
қауық — далекий
мо ырақ — больше
көс таяқша — палочки
Таяу Шығыс — Ближний Восток
түкпір — отдаленная часть
тасымалдау — перевозить
дегенмен — однако
кедей — бедный
ашығуда — голодают
қамтамасыз етілу — обеспечиваться

өмір сүру — жить
түгелдей — полностью
бие — кобыла
түйе — верблюд
майға кетсек — что касается жира
осімдік — растение
мақта — хлопок
күнбағыс — подсолнух
зығыр — лен
кем дегенде — как минимум
шамамен — около

22-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Біздің қандай тамақ түрін жейтіміз неге байланысты? 2. Қытайда сені көбірек жейді? 3. Жапон елінде адамдар неге балықты көбірек жейді? 4. Орталық Еуропада қандай тағамдарды молаурақ пайдаланады? 5. Әр елдерде тамақты немен жейді? 6. Қазіргі кезде әр түрлі

тамақты жеуге кімнің мүмкіндігі бар? 7. Дәніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? 8. Тамақ арқылы адам ағзалары нелермен қамтамасыз етіледі? 9. Неге белоктың алатын орны срекше? 10. Белок қай тағамдарда кездеседі? 11. Орта Азия халықтарының көпшілігі қай майды көп пайдаланады? 12. Көмірсулар ненің құрамында көп болады? 13. Минералдық заттар тамақтың қай түрінде бар? 14. Адамға тәулік сайын қанша литр су керек? 15. Адамға күніне қанша грамм белок, май және көмірсу қажет екен?

23-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, мәтіннен сол сөз тіркестерін тауып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз

Зависит от того, где мы живем, находящийся далеко от моря; из одной части света в другую; есть возможность; не может не быть; чтобы быть здоровым; минеральные вещества; занимает особое место; состоят из белка; казахские национальные блюда; особо ценятся; что касается жира; бараний жир, свиной жир, говяжий жир; подсолнечное масло; хлопковое масло, очень много в составе; как минимум; состоит из воды.

24-жаттығу. Жақша шынделі сөздерді аударыңыз

1. (То, что мы едим) тұрған жерімізге байланысты. 2. Мәселен, (те, кто живет на юге Китая) күріш, (а те, кто живет на севере Китая) кеспені көбірек жейді. 3. Жапон елінде адамдар балық, (находящейся далеко от моря Центральной Европе) ет тағамдарын молырақ пайдаланады. 4. (Как и чем принимать пищу) де әр елде әр түрлі. 5. Қазіргі кезде азық-түлікті (из одной отдаленной части земного шара в другую) тасымалдауға болады. 6. (Чтобы быть здоровым), жақсы тамақ ішу керек. 7. «Ас – адамның арқауы» деп (не зря говорят). 8. Тамақ арқылы адам ағзалары (белок, углеводы, жиры, минеральные вещества, различные витамины) қамтамасыз етіледі. 9. Сүт тағамдары, жұмыртқа (полностью состоят из белка). 10. (Большинство народов Средней Азии), сонымен бірге қазақ халқы (подсолнечное, хлопковое масло) азық-түлікке көп пайдаланады. 11. Көмірсулар (в составе сахара, крахмала, картофеля, хлеба, фруктов, овощей) көп болады. 12. Біздің әрқайсымызға (в сутки как минимум два литра воды) керек, өйткені адам денесінің (около 2/3 частей) судан тұрады.

25-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Біздің қандай тамақ түрін жейтініміз, ... Мәселен, Қытайдың ... , ал ... көбірек жейді. Жапон елінде ... , теңізден қашық жатқан Орталық Еуропада ... молырақ пайдаланады. Солтүстік Америкада, Австралия мен Еуропада ... Қытай. Жапон елдері ... , ал Үндістан және Таяу Шығыс елдеріндегі адамдар Қазіргі кезде азық-түлікті ... тасымалдауға болады. Тамақ арқылы адам ағзалары ... қамтамасыз етіледі. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішінде ... ерекше бағаланады. Орта Азия халықтарының көпшілігі, сонымен бірге қазақ халқы Көмірсулар құрамында көп болады. Тамақтың қай түрінде

болмасын . бар. Біздің әрқайсымызға ... , ойғкені адам денесінің шамамен $\frac{2}{3}$ бөлігі Адамға күніне .. қажет екен

26-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз

Біздің жұмысымыздың қасында екі қабатты үлкен асхана бар. Мұнда салқын тағамдар, ыстық тамақтар, сүт тағамдары, төтті тағамдар және түрлі сусындар сатады

Мен таңертеңгі асымды үйден ішемін. Ботқа, қуырылған жұмыртқа немесе нан мен май жеймін, шай немесе кофе ішемін

Ал түсте асханадан тамақтанамын. Дастарқан мәзіріне қарап, біріншіге сорпа, кеспе немесе борщ, екіншіге картоп пен ет, палау немесе мөңті, ал үшіншіге компот, шырын немесе шай аламын. Салқын тағамдардан капуста салатын немесе сәбіз салатын жеймін

Кешкі асымды кейде үйден, кейде асханадан ішемін. Салат аламын, екіншіге палау немесе картоп алуды ұнатамын. Үшіншіге шай мен самса немесе бауырсақ аламын.

Біздің асханамыз таза, жарық және кең. Асханада даяшы болмайды, өзіміз өзімізге қызмет етеді, сондықтан тамақты кезекке тұрып аламыз. Асхана қызметкерлері халыққа мінсіз қызмет етеді.

27-жаттығу. а) Қарныңыз ашса не жейтініңізді айтып беріңіз

Үлгі: *Менің қарным ашса, мен*

ә) Сіз шөлдесеңіз не ішетініңізді айтып беріңіз

Үлгі: *Мен шөлдесем, ...*

28-жаттығу. Не істемек ойыңыз барын әңгімелеңіз

Үлгі: Мен асханаға барамын. – *Мен асханаға бармақпын.*

1 Мен асханаға барамын. 2. Сіз салат жейсіз. 3. Олар қызанақ шырынын ішеді. 4. Сендер шайды кеселерге құясындар. 5. Ол майды нанға жағады. 6. Сен шанышқы мен пышақты жуасың. 7. Мен ботқа пісіремін. 8. Ол картоп қуырады. 9. Сіздер нанды турайсындар. 10. Олар палау жасайды. 11. Біз асханадан тамақтанамыз. 12. Ол лимонды кеседі. 13. Олар кешке мейрамханадан тамақтанады.

29-жаттығу. Істелу орындалу мүмкіндігін айтыңыз

Үлгі: Мен асханаға барамын. – *Мен дәмханаға барармын*

1. Мен дәмханаға барамын. 2. Біз шанышқыларды, пышақтарды, қасықтарды, төрелкелерді, кеселерді дастарқанға қоямыз. 3. Ол алма шырынын ішеді. 4. Сіздер қой етін жейсіздер. 5. Сендер кешкі тамақты үйден ішесіңдер. 6. Мен біріншіге дүнген кеспесін аламын. 7. Сен төтті тағамдардан ештеме алмайсың. 8. Ол сәбізді, қызанақты, пиязды, қиярды базардан әкеледі. 9. Сіз лағманды өте дәмді жасайсыз. 10. Біз екіншіге палау немесе картоп пюреісін аламыз. 11. Үшіншіге сүтсіз шай әкеледі. 12. Асхана қызметкерлері халыққа мінсіз қызмет етеді.

30-жаттығу. Кестелен сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз Заг есімдер табыс септiнде болсын

1. Адамдар	лимон, пияз, сөбіз, қызанақ, сүт, картоп, ет, қияр, нан, котлет, шырын, қымыз, бұрыш, қант, тұз, қайнатпа, жұмыртқа, күріш, айран, қаймақ, палау, мөнтi, май, кеспе, ұн, кофе, ботқа, балық, борщ, капуста, печенье, салат, дүнген кеспесi, бауырсақ, торт, балмұздақ, қуырдақ, шай, лағман, кәмпит, бесбармақ, ...	қуырады пісіреді. кеседі. жейді. ішеді сағып алады. құяды
------------	---	---

2 Адамдарға	салат, торт, шырын, шай, балық, май, ет, сорпа, айран, лимон, кәмпит, сөбіз, ботқа, картоп, сүі, қайнатпа, макарон, балмұздақ, жұмыртқа, өрік, нан, шабдалы, ..	жеуге іңуге салуға кесуге араластыруға жағуға күюға алуға	торелке пышак қасық стакан кесе табак шыны-аяқ шағышқы	керек
-------------	---	--	---	-------

3 Адамдар	біріншіге екіншіге үшіншіге салқын тағамдардан ыстық тамақтардан ет тағамдардан тәтті тағамдардан сүт тағамдардан	қой еті, салат, торт, қарта, шырын, шай, балық, май, сиыр еті, сорпа, айран, су, нан, лимон, кәмпит, сөбіз, ботқа, қазы, бесбармақ, тауық еті, картоп, қайнатпа, сүт, өрік, палау, шабдалы. пирожное, борщ, қымыз, кофе, макарон, балмұздақ, лағман, қаймақ, ірімшік, кеспе, шұбат, жұмыртқа, ...	алады.
-----------	--	---	--------

31-жаттығу. Оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз және екеу ара кезекпен оқыңыздар Асты сызылған сөздердің орнына керекті сөздердің бірін қойыңыз

- Таңертенгі асқа не аласың?
- Нан мен май скі жұмыртқа және бір шыны-аяқ кофе алмақпын. Сен ше?
- Мен бір стакан сүт алмақпын

32-жаттығу. Келсе беттең дастарқан мәзіріне қарап, қандай тамақ ойыңыз барын айтыңыз

Мен салқын тағамдардан ...
Мен ыстық тамақтардан ..
Мен ет тағамдардан ..
Мен тәтті тағамдардан ...

Мен сүт тағамдардан ...
Мен біріншіге ..
Мен екіншіге ...
Мен үшіншіге ..

ДАСТАРҚАН МӘЗІРІ

№156 асхана

«15» ақпан, 2004 жыл

САЛҚЫН ТАҒАМДАР

<i>Капуста салаты</i>	100 г ..	30 тг
<i>Оливье салаты</i>	100 г ..	50 тг
<i>Қызылша салаты</i>	100 г ..	30 тг
<i>Мимоза салаты</i>	100 г ..	40 тг
<i>Сәбіз салаты</i>	100 г ..	30 тг
<i>Винегрет</i>	100 г ..	40 тг

ЫСТЫҚ ТАМАҚТАР

Бірінші

<i>Кеспе</i>	100 г ..	50 тг
<i>Борщ</i>	100 г ..	40 тг
<i>Лагман</i>	100 г ..	60 тг

Екінші

<i>Палау</i>	100 г ..	60 тг
<i>Мәтті</i>	100 г ..	70 тг
<i>Қуырдақ</i>	100 г ..	60 тг

СҮТ ТАҒАМДАРЫ

<i>Ірімшік</i>	100 г ..	30 тг
<i>Қаймақ</i>	100 г ..	30 тг
<i>Айран</i>	200 г ..	20 тг
<i>Сүт</i>	200 г ..	15 тг
<i>Қымыз</i>	200 г ..	30 тг

ТӘТТІ ТАҒАМДАР

<i>Пирожное безе</i>	100 г ..	30 тг
<i>Пирожное бисквит</i>	100 г ..	40 тг

СУСЫНДАР

<i>Алма шырыны</i>	200 г ..	20 тг
<i>Апельсин шырыны</i>	200 г ..	20 тг
<i>Кока-кола, спрайт, фанта</i>	200 г ..	30 тг
<i>Минералды су</i>	200 г ..	20 тг
<i>Шай (сүтпен)</i>	200 г ..	15 тг
<i>Шай (сүтсіз)</i>	200 г ..	10 тг
<i>Кофе</i>	200 г ..	20 тг

Асхана меңгерушісі _____ Асхана директоры _____

33-жаттығу. Дастарқан мәзірін озың жазыңыз және жолдасыңызбен өңімеленіңіз

34-жаттығу. Оқыңыз, сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз Қазақтың ұлттық тағамдарын қалай жасауға (өзірлеуге) болагынын айтыңыз

Өлішер: Құрметті Қазақ тілі орталығының мүшелері! Бүгінгі кездесуіміз қазақ ұлттық тағамдарына арналады. Дарьяға сөз берейік.

Дарья: Қазақтың ұлттық салтында ең алдымен шай дастарқаны жасалады. Шай дастарқанының басты асы – бауырсақ. Ол қазақ тілінде «бауырмал, үйірсек, жақыншыл» деген мағынаны білдіреді. Бауырсақтың түрі өте көп: ши бауырсақ, ақ бауырсақ, түш бауырсақ, ашыған бауырсақ, бармақ бауырсақ, жалпақ бауырсақ, жол бауырсақ, бұрма бауырсақ, еспе бауырсақ, домалақ бауырсақ, ..

Роза: Бауырсақты ашытқан қамырдан да, ашытпаған қамырдан да жасаиды ғой...

Дарья: Дұрыс айтасың. Бауырсақты ашытқан қамырдан жасау үшін, ашытқы дайындау керек. Ол үшін ашытқыға бір шай қасық қант, жарты кесе су қосамыз да, жылы жерге қоямыз. Дайын болған кезде, ашытқының беті көпірши бастайды. Сол ашытқыны, айранды немесе шикі сүтті, сары майды, қаймақты ұнға салып, араластырамыз. Содан кейін қамырды илеп, домалақтап, 2-3 сағатқа жылы жерге жауып қоямыз. Ашып, көтерілген қамырды шетінен үзіп алып, оқтаумен 1-1,5 сантиметр қалыңдықта жаямыз. Әр бауырсақтың көлемі бірдей болу керек. Қазанға өсімдік майын күйіп, қыздырамыз. Май қайнап бастағанда кесілген бауырсақтарды салып қуырамыз.

Роза: Бауырсақ біркелкі қуырылу үшін, оны аударыстырып тұру керек.

Дарья: Әрине. Ал енді бауырсақтың құрамы мынадай:

Бауырсақ	
Құрамы:	
<i>ашытқы</i>	– 20-30 г
<i>су</i>	– 1/2 кесе
<i>қант</i>	– 1/2 шай қасық
<i>ұн</i>	– 4 кесе
<i>айран немесе шикі сүт</i>	1/2 кесе
<i>сары май</i>	– 2 ас қасық
<i>қаймақ</i>	– 2 ас қасық
<i>өсімдік майы</i>	– 2 кесе

Ксения: Енді мен бесбармақты жасау әдісін айтып берейін.

Шерил: Меніңше, ең алдымен етті пісіріп алу керек.

Ксения: Иә, етті жақсылап жуып, қазанға тұтас салу керек. Қайнағаннан кейін отты ақырын қойып, бабымен қайнатады.

Миша: Ет қанша уақыт қайнау керек?

Ксения: Ет бір жарым сағатта піседі. Ет қайнап жатқанда, қамыр илейміз. Ол үшін елсіген ұнға тұзды су, жұмыртқаны қосасыз да, илеп қоясыз. 30–40 минутта қамыр көтеріледі. Сол кезде оны оқтаумен жұқалап (1–1.5 мм) жаясыз. Содан кейін 8x8 сантиметр мөлшерде кесу керек. Қамыр піскен соң, жайпақ табаққа түсіріп, үстіне ет салады. Етті турап, үстіне тұздық күйю керек. Тұздық пияз немесе көк жуа, тұз, қалқып алынған сорпадан дайындалады. Кейде картопты пісіріп табақтың үстіне қоюға болады.

Бесбармак

Күрамы: <i>қои еті</i>	— 750 г
<i>жылақы еті</i>	— 1270 г
<i>сиыр еті</i>	— 1200 г
<i>пияз</i>	— 1-2 түйір
<i>ұсақтап кесілген көк жуа</i>	— 1 ас қасық
<i>қара бұрыш</i>	— 1 шымышым
<i>ұн</i>	— 375 г
<i>су</i>	— 1/2 кесе
<i>жұмыртқа</i>	— 1 дана
<i>тұз</i>	— 1 шап қасық

Өлішер: Дарья мен Кеснияға көп-көп рақмет айтамыз. Ал енді олардың жасап қойған дастарқанына барып, тағамдардың дәмін татайық!

Бәрі: Тамаша! Бәрекелді!

35-жаттығу. Оқыл, орыс тіліне аударыңыз. Салаттарды қалай жасауға болатынын айтыңыз.

Сәбіз салаты. Сәбізді жуып, тазалап, жіңішке леп кесу керек. Тұз салып, аскөк (укроп) сеуіп, өсімлік майын құю керек. Жақсылан ара-ластырып, ыдысқа салып, дастарқанға әкелуге болады.

Қызылша салаты. Қызылшаны жуып, духовкаға қойып пісіру керек. Соған соң қызылшаны тазалап, ұзыншалап кесіп, ыдысқа салып, үстіне қаймақ құяды. Бетіне көк пияз сеуіп, дастарқанға әкелуге болады.

Қияр салаты. Жас қиярды жуып, жіңішке леп кесу керек. Аздап тұз салып, үстіне қаймақ құйып, дастарқанға қоюға болады.

36-жаттығу. Өзінді билетті тағамдардың жасалу әдісін жазыңыз.

37-жаттығу. а) Студент пен аспаз, ә) екі студент, б) екі аспаз арасында сөйлесу құраңыз.

38-жаттығу. а) «Тамақ гүлдері», ә) «Біздің асхана», б) «Мейрамханада» тақырыптарының біріне шағын шығарма жазыңыз.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

14-сабақ

Будущее время намерения (Мақсатты келер шақ).

Будущее время намерения выражает действие, обозначающее намерение, и образуется при помощи суффиксов *-мақ/-мек*, *-бақ/-бек*, *-пақ/-пек*, прибавляемых к корню глагола, и личных окончаний. Переводится на русский язык как «хотеть, намереваться, собираться что-либо сделать». Например

Мен жазбақпын. «Я собираюсь написать».

Сен айтпақсың «Ты хочешь сказать»

Ол сөйлемек «Он намерен говорить»

В ор ффи с подч не я прави ам ь м нии с и ссим лаци и
а т Ес и с юво стоящ е пе д частиц й о а ч

сны и р, и, л, у	мақ/мек	жемек, отырмақ, тоймақ, алмақ умақ
Ж, м, н, ң	-бақ/-бек	жазбақ, көнбек, жеңбек енбек
Г и согласныи	-лақ/-не	тнақ аитпақ жетпек, өтпк, жыртпақ

Спряжение глагол жа у в будущем времени намерения

Единственное число	Множественное число
I <i>М жаз-бақ-пын</i> Я намерен напи ать»	I <i>Біз жаз-бақ-пыз</i> «Мы намерены напис т »
II <i>Сен жаз-бақ-сын</i> Ты намерен написать» <i>Сі жаз-бақ-сыз</i> «Вы намерены на ис ть»	II <i>Сендер жаз-бақ-сы дар</i> «Вы намерены написать» <i>Сі дер жаз-бақ сыздар</i> «Вы намерены написать»
III <i>Ол жаз-бақ-□</i> Он (она) намерен(а) написать»	III <i>Олар жаз-бақ-□</i> «Они намерены написать»

15-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Сын есімнің шырайлары.
2. Грамматика: Үстеу.
3. Лексика: Жаңа Жыл. Наурыз.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ.

1-жаттығу. Сын есімдерд к тітiне аударып, салыстырма ғы жөнс асырмал шырай жасаныз

Узкий, белый, си ьный, большой, низкий, высокий маленький, широкий вкусный, пресный короткий, толстый, дешевый, мягкий, открытый, долгий, желтый, зеленый, дорогой, веселый, тверды, красивый далекий, близкий, чистый, уважаемый, тяжелый, мягкий, ровны кривой, грязный, свободный, глубокий.

2-жаттығу. Тө ендс сын есім ер ен үлгі бойынша өйтсн кұраңыз Орыс ше а дарыңыз

Үлгі: *Саматтың бойы биік, Еркіннің боиы Саматтың бойынан биіктеу, ал Талғаттың боиы өте биік.*

Талғат

Еркін

Самат

бойы биік, жалқау, арық мінезі нашар, шашы қысқа, мұрны ұзын көзі қара, аяғы ұзын, жас, қолы таза.

3-жаттығу. Төмендегі сын есімді тіркестер ен үлгі бойынша сөи іем кұраңыз Орыс інс ау арт ны

Үлгі: *Менің үйім кең. — Менің үйім сенің үйіңнен кеңірек. — Менікі — кеп кең*

Үй кең; жұмыс қиын; тұрмыс жақсы; бой биік; қол таза, картоп арзан; алма сары; бөлме жарық; ит үлкен; кітап жаңа; әке жас; жен ұзын.

2. ГРАММАТИКА: ҮСТЕУ.

4-жаттығу. Түбір үстеулерді оқып, орысша баламасын сөздіктен тауып, орыс тіліне аударыңыз.

ен	аса	ерте	қазір	ақырын
нақ	кеш	енді	әбден	әшейін
тым	тез	өрең	зорға	былтыр
дәл	әлі	әдейі	нағыз	бағана
жиі	өте	әуелі	талай	ілгері
әрі	бері	ылғи	үнемі	жылдам
сәл	бірге	кейін	бұрын	жоғары



Жұрнақтар	Түбір сөз	Туынды сөз
<i>-ша/-ше</i>	қазақ «казахский» орыс «русский» жаңа «новый»	қазақ-ша «по-казахски» орыс-ша «по-русски» жаңа-ша «по-новому»
<i>-дай/-дей, -тай/-тей</i>	гүл «цветок» құс «птица» әке «отец»	гүл-дей «как цветок» құс-тай «как птица» әке-дей «как отец»
<i>-да/-де, -та/-те, -нда/-нде</i>	жаз «лето» түн «ночь» осы «этот»	жаз-да «летом» түн-де «ночью» осы-нда «здесь»
<i>-қа/-ке, -ға/-ге, -на/-не</i>	арт «задняя часть» жоғары «верхняя часть» күн «день»	арт-қа «назад» жоғары-ға «вверх» күн-і-не «в день»
<i>-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен</i>	алды «передняя часть» қыры «боковая часть» оң «правая сторона»	алды-нан «спереди» қыры-нан «сбоку» оң-нан «справа»

5-жаттығу. Мына үстеулерді екі топқа (түбір, туынды) бөліңіз

Төмен, кейін, дұрыс, әдейі, қазақша, орысша, меніңше, сеніңше, жылдам, алға, артқа, осында, жақында, күндей, адамша, жазда, қыста, бүгін, ертең, былтыр, тым, аса, қырынан, соншама.

6-жаттығу. Мына сөздерден үстеу жасап, орыс тіліне аударыңыз.

1) орыс, қазақ, өзбек, сенің, өздерің, өзің, ағылшын, неміс, француз, ескі;

2) теңіз, құс, апаң, әке, біз, олар, үй, бастық мақтаншақ, жас;

3) түн, күн, алыс, осы, жаны, қасы, арты, күз, қыс, жоғары, орта;

4) төмен, жоғары, жат, алыс, арты, жылы, күні, ал, жат;

5) қыры, жоғары, алды, арты, жаны, басы, қарсы, оң жақ, сол жақ, амалсыз.

7-жаттығу. Кестені пайдаланып сөйлем құраңыз.

Мен	ерте, кеш, қазір, ертен, кешке, бүгін, кеше, былтыр, биыл, жаңа ғана «только что», бұрын, әуелі «сначала», күнде, кейде, кейін «после, потом», әрқашан «всегда», ешқашан «никогда»,
Сіз		...
Студенттер	жоғары, төмен, осында, мында, анда, сонда, алға, сыртта, іште, ешқайда «никуда, нигде», әрі «дальше», артқа «назад», кейін «назад»,
Балалар		...
Адамдар	өдейі «специально», жақсы, жаман, дұрыс, әрең, тез, дереу, баяу, жылдам «быстро», зорға «насилу»,
Менің қаламым		...
Дәптерлер	сонша, соншама «так много», көп, аз, бір-бірден, қанша, қаншама, талай «достаточно»,
Жігіттер		..
Ойыншықтар		
Қыздар		
Көшелер		
Біз		
Сендер		

8-жаттығу. Көп нүктенің орнына үстеулердің бірін қойыңыз.

... мен театрға барамын. ... керемет концерт көремін. Концертке досыммен ... барамын. Эстрада әншісі ... ән айтады. Джаз ... жақсы ойнайды. Театрда кісі ... болады, Біздің орындарымыз ... болады. ... көру үшін біз ... жылжымыз. Концерт бізге ұнайды. ... тағы да театрға барғым келеді.


Керекті сөздер: бірге, артта, өте, жақсы, енді, көп, онда, кешке, ілгері, ағылшынша.

9-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, үстеулердің астын сызыңыз, қандай үстеу екенін ажыратып, орыс тіліне аударыңыз

Бүгін таңертең ұшаққа мініп, жоғары көтерілеміз. Ұшақ дереу жоғары, биікке көтеріледі. Жер төменде қалады. Баратын жеріміз ілгері де алыс. Ұшақ екі сағаттан кейін Омбының әуежайына қонады. Біраз уақыттан кейін төмен түсеміз. Төменде қала шамдары көрінеді. Бізді көп адамдар күтіп тұрады. Біз Алматыдан Омбыға шапшаң жетеміз.

10-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз Бағандарға қарап, үстеулердің мағынасын айтыңыз.

1. Мен кейде қазақ тілі сабағынан кешігіп қаламын. 2. Біз ешқашанда жақсылығыңды ұмытпаймыз. 3. Үйге кейде осылай келіп тұр.



4. Телефонның нөмірін білесің, жиі телефон соғып тұр. 5. Берік әдетте театрға бармайды. 6. Шолпан ылғи кітапханаға барып жүреді. 7. Мен әдетте ерте тұрамын. 8. Студенттер жиі компьютер сыныбында отырады. 9. Біз кейде асханадан тамақтанамыз. 10. Сен ылғи қатты сөйлейсің. 11. Шешем ешқашан өтірік айтпайды.

11-жаттығу. Жоғарыдағы сызбаға қараныз. Сөйлемдегі санның орнына тиісті үстеуді қойып жазыңыз.

1. Дариға 0% таңертеңгі тамағын ішпейді. 2. Әрсен қонаққа 60% барады. 3. Әмина теледидарды 100% таңертең көреді. 4. Сандугаш Түркияға 60% барып тұрады. 5. Ермек хаттарды 100% кешке жазады. 6. Данияр 40% сабақтан қалады. 7. Сәрсен 80% әке-шешесіне азық-түлік апарып береді. 8. Гауһар 60% қыдырады. 9. Жәзира сабақтан 0% калмайды. 10. Ләззат 80% жұмысын уақытында тапсырады. 11. Мен дүкенге 40% барамын. 12. Сендер 80% қазақ тілі сабағында диктант жазасыңдар. 13. Біз 100% бір жерге демалуға барамыз. 14. Арман 80% Мәскеуден сыйлықтар әкеледі. 15. Мен 40% түнде ұйықтамаймын. 16. Біз 60% шай ішпейміз. 17. Сіздер 40% үйде болмайсыздар ғой. 18. Сен осы 100% қайда жүресің? 19. Сіз 80% үйге кеш келесіз. 20. Қайрат 40% компьютерде көп жұмыс істейді.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Мезгіл үстеулері	қашан?	бұрын «раньше», бүгін «сегодня», ертең «завтра», жиі «часто», бүгін үні «послезавтра», енді «теперь», ылғи «всегда», қазір «сейчас», былтыр «в прошлом году», биыл «в этом году», әдетте «обычно», жазғытұрым «летом», кейде «иногда», бағана «недавно», ертеден «издавна», әуелі «сначала», кеш «поздно», анда-санда «иногда», күндіз «днем», күні бойы «весь день», күні-түні «днем и ночью», кейін «после, потом», ...

12-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Жаздығүні сендер Астанаға барасыздар. 2. Айжан Астанаға кейін жүреді. 3. Мен Астанада көп болмаймын. 4. Марина қазір қазақша сөйлейді. 5. Мұғалім сабақты әдетте қызықты жүргізеді. 7. Мен үйге бүгінгі күні жетемін. 8. Сәбит кейде дұрыс айтады. 9. Ертең жұмысқа кешікпей кел. 10. Әуелі маған қара. 11. Қыстығүні аяз қатты болады. 12. Марат енді келе жатыр. 13. Көктемде Англияға барып қайтамыз. 14. Сен ерте ерте тұр, сабаққа кешігіп қаласың! 15. Әрқашан күн сөнбесін! 16. Сен Түркияда аз ғана уақыт боласың ба? 17. Дүкенге жиі бармаймын, жек көремін. 18. Күздігүні балалар мектепке барады. 19. Арман сабаққа ешқашан кешікпейді.

13-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Осы жылы, кейін, кеш, әдетте, көктемде, бүгінгі күні, кешке, күнде, көп, аз, көп уақыт, бүгін, биыл, әрқашан, кейде, жиі, енді, ылғи, жазда.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Мекен үстеулері	қайда? қайдан? қай жерде?	алға «вперед», артқа «назад», арттан «сзади», ксін «позади, назад», төмен «вниз», алды-артынан «спереди-сзади», ілгері «вперед-вперед», сонда «там», осында «здесь», кері «назад», әрмен «дальше», бермен «ближе», еш-қайда «нигде, никуда», осында «здесь», мұнда «здесь», анда «там», жол-жөнекей «по пути», іште «внутри», жолшыбай «по дороге», сырттап «снаружи внутрь», сыртта «снаружи», іштен «изнутри», әлдеқайдан «откуда-то», әлдеқайда «где-то», жоғарыдан «сверху», жоғары «вверх», ...

14-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Айжан кейін жүреді.
2. Сен мұнда кел.
3. Әрі отыр!
4. Кітаптар сонда жатыр.
5. Сыртқа шықпа!
7. Мира артқа қарайды.
8. Ілгері жүр!
9. Жолшыбай сөйлеп келе жатыр.
10. Сәкен алға бара жатыр.
11. Біз осындамыз.
12. Олар төмен түседі.
13. Жоғары шық, төрге отыр!
14. Алды-артыңа қара!
15. Бермен кел!

15-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Ешқайда, ілгері, алға, жолшыбай, осында, анда, мында, жоғары, сыртта, іште, төмен, бермен (бері), әрі.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Қимыл-сын үстеулері	қалай? қалайша? қайтп?	өзер «с трудом», дұрыс «правильно», дереу «тотчас», жорға «нарочно», зорға «еле-еле», осылай «так», әрең «насилу», әбден «совсем», бірге «вместе», тікелей «напрямую», әдейі «специально», баяу «медленно», бірден «сразу», шапшаң «быстро», жылдам «быстро», өзгеше «по-другому», тез «быстро», менінше «по-моему», ептеп «по-тихоньку», бірге «вместе», ауызша «устно», жақсы «хорошо», жазбаша «письменно», нашар «плохо», ...

16-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Самат дұрыс айтады.
2. Әдейі айтып отыр.
3. Гауһар жақсы оқиды.
4. Сен нашар жазасың.
5. Осылай болсын!
7. Бірге жаз.
8. Наташа қазақша әрең сөйлейді.
9. Ол тез жүреді.
10. Зорға шыдап отыр.
11. Біз орысша шапшаң жазамыз.
12. Сен ақырын сөйлейсің, ал мен қатты сөйлеймін.
13. Тікелей хабарласыңыз.
14. Бәрі менінше болады!
15. Жаттығуды жазбаша орындаңыздар.

17-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Зорға, өрен, тез, дәмді, шапшаң, ақырын, асықпай, қатты, менінше, қазақша, орысша, дұрыс, нашар, жақсы, бірге.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Молшер үстеулері	қанша? қаншама? қаншадан? неше? нешеден? нешелеп?	сонша «столько», соншама «столько», қаншама «столько», осынша «столько», едәуір «достаточно», бір-бірден «по одному», талай «много», біраз «немного», көп «много», қыруар «много», әжептәуір «достаточно», көптеген «много», аз «мало», ...

18-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Едәуір жұмыс бітірмекпіз. 2. Соншама кісі! 3. Қаншама адам жүр! 4. Қаншама жұмыс күтіп тұр! 5. Мына сөйлемді екі рет жаз. 6. Мира біраз ойланып тұр. 7. Кітапты көп оқу керек. 8. Бір-бірден сана. 9. Әжептәуір сал. 10. Әлі талай жұмыс істерміз. 11. Осыншама қонақ келеді. 12. Төле би көшесінде көптеген машина жүр. 13. Қайрат қыруар ақша табады. 14. Сонша қонақ отыр!

19-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Әжептәуір, соншама, қанша, екі-екіден, едәуір, талай, біраз, аз, бір-бірден, көптеген, көп, бес-бестен.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Күшейту үстеулері	қалай? қандай?	әбден «совсем», тым «слишком», ең «самый», ылғи «исключительно», сол «немного», тіпті «даже», нақ «точно», керемет «необычайно», орасан «очень», мүлдем «совершенно», өңкей «сплошь», аса «очень», сәл-пәл «чуть-чуть», ...

20-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Өңкей жас адамдар отыр екен. 2. Дауысы өте зор! 3. Тым ақырын сөйлейсің. 4. Мен үшін ең жақын адам – шешем. 5. Пісірген тамағын керемет дәмді екен! 6. Аса құрметті ата, сыйлы қонағымыз болыңыз! 7. Мына жаттығу тіпті қиын екен. 8. Сол күте тұрыңыз, мұғалім қазір келеді. 9. Сабаққа ылғи кешігесің! 10. Нақ айтып отыр!

21-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Өңкей, тым, аса, ең, өте, керемет, орасан, ылғи, мүлдем, сәл, нақ.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Мақсат үстеулері	қалай? неге? не үшін? не мақсатпен?	әдейі «назло», әдейілеп «специально», жорта «намеренно», қасақана «нарочно», көре тұра «видя», біле тұра «зная», ...

22-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Әдейі істеп отыр
2. Біле тұра неге солай істейсің!
3. Әдейілеп Сізді көру үшін келіп отырмын.
4. Көре тұра неге үндемсің?
5. Жорта ешкімге айтпайық.
6. Әдейі сенен сұрағалы отырмын.
7. Әдейілеп оған хат жазып отырмын.
8. Мен оны қасақана істемеймін.

23-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраныз

Жорта, қасақана, әдейілеп, біле тұра, әдейі, көрс тұра.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Себеп-салдар үстеулері	қалай? неге? не себепті?	босқа «зря», бекер «зазря», бекерге «зазря», текке «зря», құр босқа «только зря», себепсіз «без причины», амалсыздан «вынужденно», шарасыздан «из безысходности», . .

24-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Босқа өуре болма.
2. Текке жұмыс тоқтап тұр.
3. Амалсыздан қонаққа бара жатырмын.
4. Шарасыздан тоқтаймыз.
5. Бекер мұны бастап отырмыз.
6. Құр босқа барма
7. Себепсіз қонақ шақырып отырмыз.
8. Текке рұқсат бересің.
9. Босқа уақытым өтіп бара жатыр.

25-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраныз.

Амалсыздан, себепсіз, текке, бекер, босқа, құр босқа, шарасыздан.



Үстеулер	Сұрақтар	Мысалдар
Топтау я бөлу үстеулері	қаншадан? нешеден? нешеулен? қалай-қалай?	екеулеп «по двое», топ-тобымен «по группам», үшеулеп «по трое», бір-бірден «по одному», бір-бірлеп «по одному», аз-аздан «понемногу», көп-көптен «помногу», бас-басына «на каждого», рет-ретімен «по порядку», ...

26-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Рет-ретімен қояйық.
2. Екеулеп отырындар.
3. Бір-бірлеп санаңдар.
4. Аз-аздан ішсін.
5. Бас-басына жете ме?
6. Үшеулеп жүріндер.
7. Бір-бірден сал.
8. Топ-тобымен бөлінсін.
9. Көп-көптен алсын.

27-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраныз

Көп-көптен, аз-аздан, топ-тобымен, екеулеп, бір-бірлеп, бас-басына, үшеулеп, рет-ретімен.

28-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті үстеулерді қойыңыз.

Олар қашан қыдырады?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ қыдырады.
Олар қайда жүреді?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ жүреді.
Олар қанша уақыт жұмыс істейді?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ жұмыс істейді.
Олар қалай сөйлейді?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ сөйлейді.
Олар қандай себеппен бара жатыр?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ бара жатыр.
Олар неге сұрап отыр?	Олар $\left. \begin{array}{c} \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \\ \dots \end{array} \right\}$ сұрап отыр.

3. ЛЕКСИКА: ЖАҢА ЖЫЛ. НАУРЫЗ.



29-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Жаңа жыл

Жаңа жылды біздің елімізде екі рет тойлайды. Біріншісінде Жаңа жылды қыс ортасында, қатты аязды кезде тойлайды. Бұл уақытта үйлер, ағаштар, жер ақ қар жамылады. Ауа райы аязды болса, қар жауса, адамдар қуанады.

Көшелерге, алаңдарға, үйлерге, парктерге, спорт кешендеріне шыршалар орнатады. Оларға түрлі түсті ойыншықтар іледі. Жаңа жылды, әсіресе, балалар асыға күтеді. Олар сыйлықтар алады. Бұл күнді адамдар өз отбасыларында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді. Үй иелері көп қонақ шақырады, дастарқанға түрлі

тағамдар, жеміс, шырын, шараптар қояды. Балалар үлкендермен бірге шыршаны айнала билейді, өлең айтады, ән салады, көңілді демалады. Біріне-бірі Жаңа жылда жұмыста табыс, өмірде бақыт және денсаулық тілейді. Жаңа жылды қарсы алғаннан кейін адамдар көңілденіп далаға шынады, қыдырады немесе үйлерінде отырып теледидардан концерт көреді.

Екіншісі – көктем айының басы, күн мен түннің тенелген күні, наурыздың 22-сінде тойлайды. Наурыз – парсы сөзі, қазақшасы «Жаңа жыл». 22 наурыз – бүкіл Шығыс халықтарының мерекесі. Наурыз – діни мейрам емес, жалпы халықтық мереке, табиғат мейрамы.

Бұл күні қандай күнө болса да, алла тағала кешіреді. Адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтайды:

Ұлыс құтты болсын!
Ақ мол болсын!
Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!
Бәле-жала жерге енсін!

Наурыз тойында жақсы киініп, жақын адамдар біріне-бірі барып құттықтайды. Бұл күні әр үйдің дастарқанында жсті түрлі тағам болу керек. Солардың ең басы – наурызкөже. Наурызкөжені азықтың жеті түрінен жасайды. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына салынатын азық-түлік әр түрлі, бірақ жетіден аспауы және кем болмауы керек: бидай, тары, күріш, ет, тұз, сүт, т.б. Наурызкөжеге жақын адамдар жиналып дөмін татады.

Наурыз – салт-дәстүрімізді еске алатын күн.

Сөздік

орнату – устанавливать
түрлі түсті – разноцветный
әсіресе – особенно
үлкендер – взрослые
шырша – елка
айнала – вокруг
көңілдену – веселиться
парсы – персидский
бүкіл – весь
діни – религиозный
жалпы – общий
күнө – грех
алла тағала – всемогущий аллах

мол – много
төрт түлік – четыре вида
домашнего скота (лошадь, корова,
верблюду, овца)
береке – изобилие
бәле-жала – беды-несчастья
құрам – состав
асу – превышать
кем болу – недоставать
салт-дәстүр – традиция, обычай
еске алу – вспоминать
наурызкөже – праздничная похлебка

30-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Жаңа жылды біздің елімізде неше рет тойлайды?
2. Біріншісінде Жаңа жылды қашан тойлайды?
3. Бұл күнді адамдар қалай мерекелейді?
4. Жаңа жылда адамдар біріне-бірі не тілейді?
5. Екіншісінде Жаңа жылды қашан тойлайды?
6. Оны не деп атайды?
7. Бұл күні әр үйдің дастарқанында не болу керек?
8. Наурызкөжені неден жасайды?
9. Үлкендер не деп бата береді?
10. Наурыз – қандай күн?

1. Сіз қай мейрамды жақсы көресіз (ұнатасыз)?	Жаңа жыл мерекесі Халықаралық әйелдер күні Наурыз мейрамы Халықаралық ыштымақ күні Жеңіс күні Конституция күні Республика күні Тәуелсіздік күні Туған күні, ...
2. Қонаққа кімді шақырасыз?	достар, жолдастар, туыстар, қыздар, балалар, ...
3. Қонақтарға не бересіз?	салат, балық, ет, сорпа, тауық етін, қазы, қарта, шұжық, жал, жая, жеміс-жидек, бауырсақ, тоқаш, самса, жеңіл тағамдар, тәтті тағамдар, ыстық тамақтар, палау, монті, лағман, бесбармақ, ...
4. Қонақтармен бірге не істейсіз?	би билеу, ән айту, өлең айту, ойнау, гитара, домбыра тарту, шай ішу, тамақ ішу, демалу, әңгімелесу, бақыт, денсаулық тілеу, бір-бірімізді мейраммен құттықтау, ..
5. Мейрамды қалай өткізесіз?	көңілді, жақсы, қуанышты, әр түрлі, тамаша, өте жақсы, керемет, ...

32-жаттығу. Кестені пайдаланып сөйлем құраңыз.

1. Жаңа жылда	барлық халық адамзат балалар адамдар кісілер	қатты әзірленеді. шыршалар орнатады. шыршаларға түрлі түсті ойыншықтар іледі. бірін-бірі құттықтайды. денсаулық, бақыт тілейді. туыстармен, достармен бірге мерекелейді. дастарқанға түрлі тағамдар қояды. шыршаны айналып билейді, ән салады. далаға шығып қыдырады. асыға күтеді. қарлақтырып ойнайды. қарлы қарияны қардан жасайды.
2. Наурыз мерекесін(де)	үлкендер қазақ халқы Шығыс халықтары	наурыздың 22-сінде тойлайды. «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. жақсы киініп, біріне-бірі баралды, бірін-бірі құттықтайды. дастарқан жаяды. дастарқанға жеті түрлі тағам қояды. наурызкөже, бауырсақ пісіреді. жақындарын наурызкөжеге шақырады тамақ ішкеннен кейін бата береді. салт-дәстүрімізді еске алады. ауылдарда киіз үй тігіп, тойлайды барлық жерде қонцері қойып, мерекелейді. жақсы тілектер айтады.

33-жаттығу. Мына сөйлемдердегі пікірлерге күмән келтіріңіз.

Үлгі: Жаңа жылды қыс ортасында тойлайды. – *Қыс ортасында тойлай ма?*

1. Жаңа жылды қыс ортасында тойлайды. 2. Қыста жер ақ қар жамылады. 3. Жаңа жылда адамдар шыршаға түрлі түсті ойыншықтар іледі. 4. Балалар қар лақтырып ойнайды. 5. Жаңа жылды, әсіресе, балалар асыға күтеді. 6. Адамдар бұл күнді көңілді өткізеді. 7. Наурыздың 22-сі – күн мен түннің теңелген күні. 8. Адамдар бірін-бірі Наурыз мерекесімен құттықтайды. 9. Наурыз мейрамында адамдар наурызкөже пісіреді. 10. Наурызкөже жеті түрлі азықтан әзірленеді. 11. Тамақ ішкеннен кейін үлкендер бата береді. 12. Наурыз – салт-дәстүрімізді еске алатын күн.

34-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. Жаңа жылды біздің елімізде екі рет тойлайды. 2. Ауа райы аязды болса, қар жауса, адамдар қуанады. 3. Жаңа жылды, әсіресе, балалар асыға күтеді. 4. Балалар үлкендермен бірге шыршаны айнала билейді. 5. Адамдар бірін-бірі Жаңа жылда жұмыста табыс, өмірде бақыт және денсаулық тілейді. 6. Наурыз мерекесі наурыздың 22-сінде тойланады. 7. Наурыз – діни мейрам емес, жалпы халықтық мереке, табиғат мейрамы. 8. Бұл күні барлық күнәлар кешіріледі. 9. Наурызкөжені жеті түрлі азықтан пісіреді. 10. Наурыз – салт-дәстүрімізді еске алатын күн.

35-жаттығу. Жакшаны ашыңыз

1. Жаңа жылды (люди ждут с нетерпением). 2. Адамдар шыршаға (вешают разноцветные игрушки). 3. Бұл күнді адамдар (отмечают со своими семьями). 4. Қыста балалар (когда идет снег) қатты қуанады, (и играют в снежки). 5. Жаңа жылда адамдар (желают друг другу здоровья, счастья и успехов в работе). 6. Наурыз мерекесін («Великий день») деп атайды екен. 7. Наурызкөжені (из семи продуктов) әзірлейді. 8. Наурызкөжеге (приглашают своих родственников и друзей).

36-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. В Казахстане мы отмечаем Новый год дважды. 2. Люди радуются, когда погода морозная, идет снег, и земля покрывается белым снегом. 3. Некоторые люди приглашают своих близких, друзей на Новый год или идут в гости, другие отмечают Новый год в семье, а третьи встречают Новый год в ресторанах. 4. Гости танцуют, поют песни и поздравляют друг друга. 5. Люди желают друг другу в Новом году здоровья, счастья и успехов в работе. 6. Хозяйева ставят на стол различные блюда, вино, фрукты, напитки. 7. 22 марта народы Востока отмечают праздник Наурыз. 8. Люди называют этот день «Великим днем». 9. Дни становятся теплее, снег тает, люди, животные и растения чувствуют приближение лета. 10. Наурыз – начало года, Новый год, день, когда мы вспоминаем о своих хороших традициях и обычаях.

37-жаттығу. Төмендегі сөздерді қазақ тіліне аударып, сөйлем құраңыз

Праздновать, елка, подарки, дастархан, поздравлять, желать, день равноденствия, прощать, праздничная похлебка, пробовать на вкус.

38-жаттығу. Төмендегі үлгілер бойынша туыстарыңызға, жолдастарыңызға құттықтау хат жазыңыз.

Құрметті ұстазымыз Кәрім Сәлімұлы!

Біз Сізді Жаңа жылмен құттықтаймыз!

Сізге педагогтік және ғылыми жұмысыңызда зор табыс, отбасыңызға, өзіңізге бақыт, денсаулық тілейміз!

205-ші топтың студенттері.

Аса құрметті ата, әже!

Наурыз мерекесі – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, бақыт тілеймін!

Немереңіз Сәкен.

39-жаттығу. Сөйлесуді оқып, төмендегі кестені толтырыңыз. Өр елдің мейрамы туралы әңгімеленіңіз

Өлішер: Жаңа жылдарынызыбен, құрметті Қазақ тілі орталығының мүшелері! Жаңа жылда Сіздерге зор табыс, отбастарыңызға, өздеріңізге бақыт және денсаулық тілеймін!

Бәрі: Біз де Сізге соны тілейміз!

Роза: Жаңа жыл Қазақстанда екі рет тойланады ғой. Наурыз мейрамы ежелден келе жатқан ұлттық мейрам емес пе?

Өлішер: Иә, солай. Шығыс халықтары күні бүгінге дейін Жаңа жылды наурыз айында тойлап келеді.

Шерил: Қазақтар да осылай тойлап келеді ғой.

Өлішер: Иә, дұрыс. Ал Сіздерде ең жақсы көретін ұлттық мейрамдарыңыз бар ма?

Вильям: Біз АҚШ-танбыз. АҚШ-та Қазақстандағы сияқты көп ұлт тұрады, сондықтан мерекенің түрлері өте көп. Мен евреймін. Менің ең жақсы көретін мейрамым – Ханука мейрамы. Ол желтоқсан айында тойланады. Ергі заманда шіркеудің ішінде шырақ өзінен-өзі сегіз күн бойы жағылыпты деген сөз бар. Осыны біз жалғастырып осы күні шырақты сегіз күн бойы өшірмейміз. Осы мейрамда біз дастарқан жаямыз, тәтті тағамдарды қоямыз, қонаққа барамыз. Балалар көп сыйлық алады. Бұл мейрам желтоқсанның 16-сынан 24-іне дейін тойланады.

Тим: Біз, өздеріңіз білесіздер, Австралияданбыз, христианбыз. Менің ең жақсы көретін мейрамым – желтоқсанның 25-інде тойланатын Рождество мейрамы. Бұл мейрамда христиандар Иисус Христостың туған күнін тойлайды. Желтоқсанның ортасынан бастап адамдар

туыстарына, достарына құттықтау хат жібереді. Содан кейін үлкен шыршалар орнатады, оларға әр түрлі ойыншықтар іледі. Осы күні адамдар біріне-бірі сыйлықтар береді. Дастарқанға ет қояды, ал ең соңында Рождество пироғін татады.

Суреш: Біздің елімізде де мейрамның түрі өте көп. Менің ең жақсы көретін мейрамым – Диуали. Ол қыркүйек айында тойланады. «Диуа» хинди тілінде «кішкентай шам, шырақ», сондықтан біз жүздеген шам мен шырақты үйлерімізде, қошқерлерімізде жағып қоямыз. Бұл мейрамда біз құдайдан келешекте бізге береке және бақыт берсін деп тілейміз. Әдетте өзімізге жаңа киім сатып аламыз және бірімізге-біріміз сыйлық береміз. Осы кезде біз туыстарымызға, достарымызға Диуали құттықтау хат жібереміз. Дастарқанға арнаулы ащы және төтті тағамдар қоямыз.

	Әлішер	Вильям	Тим	Суреш
Ел	<i>Қазақстан</i>			
Мейрам	<i>Наурыз</i>			
Мезгіл	<i>Наурыздың 22-сі</i>			
Тағамдар	<i>Наурызкәже, жеті түрлі тағам</i>			
Салт-дәстүр	<i>жақсы киінеді, бірін-бірі құттықтайды...</i>			

40-жаттығу. Жолдасыңызбен сөйлесіңіз.

– Сәлеметсіз бе! Халіңіз қалай?

–

– Жаңа жыл мейрамы туралы сөйлесейік. Біздің елімізде Жаңа жыл мейрамы неше рет тойланады және қай кездерде?

–

– Дұрыс. Сіз Жаңа жылды қалай тойлайсыз?

–

– Дастарқанға нелерді қоясыз?

–

– Наурыз мейрамын отбасыңызбен бірге қарсы аласыз ба?

–

– Наурыз мейрамын қалай өткізесіз?

–

– Мен Жаңа жылда өзіме уәде беремін: жақсы оқуға, жалқау болмауға, жыл бойы ерте тұруға Бірақ, өкінішке орай, уәделердің бәрін орындай алмаймын. Ал Сіз өзіңізге Жаңа жылда қандай уәделер бересіз? Уәделеріңізді орындай аласыз ба?

–

41-жаттығу. «Жаңа жыл» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

Наречие.

Наречия делятся на непроизводные — *тым, аса* «очень», *дел* «точь-в-точь», и производные — *қазақша* «по-казахски», *түнде* «ночью». Производные наречия в основном образуются при помощи суффиксов.

Суффиксы	Непроизводная основа	Производное наречие
-ша/-ше	<i>қазақ</i> «казахский» <i>орыс</i> «русский» <i>жаңа</i> «новый»	<i>қазақ-ша</i> «по-казахски» <i>орыс-ша</i> «по-русски» <i>жаңа-ша</i> «по-новому»
-дей/-дей, -тай/-тей	<i>гүл</i> «цветок» <i>құс</i> «птица» <i>әке</i> «отец»	<i>гүл-дей</i> «как цветок» <i>құс-тай</i> «как птица» <i>әке-дей</i> «как отец»
-да/-де, -та/-те, -нда/-нде	<i>жаз</i> «лето» <i>түн</i> «ночь» <i>осы</i> «этот»	<i>жаз-да</i> «летом» <i>түн-де</i> «ночью» <i>осы-нда</i> «здесь»
-қа/-ке, -ға/-ге, -на/-не	<i>арт</i> «задняя часть» <i>жоғары</i> «верхняя часть» <i>күн</i> «день»	<i>арт-қа</i> «назад» <i>жоғары-ға</i> «вверх» <i>күн-і-не</i> «в день»
-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен	<i>алды</i> «передняя часть» <i>қыры</i> «боковая часть» <i>оң</i> «правая сторона»	<i>алды-нан</i> «спереди» <i>қыры-нан</i> «сбоку» <i>оң-нан</i> «справа»

Наречия имеют несколько разрядов по значению. Основные из них.

1) **наречия времени** (*мезгіл үстеулері*), которые отвечают на вопрос: *қашан?* «когда?» Например: *бұрын* «раньше», *бүгінге* «послезавтра», *қазір* «сейчас», *енді* «теперь»;

2) **наречия места** (*мекен үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қайда?* *қай жерде?* «где? куда?» Например: *алға* «вперед», *кейін* «позади», *ілгері* «вперед, вперед»;

3) **наречия образа действия** (*қимыл-сын үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қалай?* *қалайша?* «как? каким образом?» Например: *дұрыс* «правильно», *дереу* «тотчас», *жорты* «нарочито», *зорға*, *әрең* «насилу», *әбден* «окончательно, совсем»;

4) **наречия количества и меры** (*мөлшерлік үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қанша?* *қаншадан?* *неше?* *нешедең?* «сколько? по сколько?» Например: *сонша*, *соншама* «столько», *бір-бірден* «по одному»;

5) **наречия усиления** (*күшейту үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қалай?* «как?» *қандай?* «какой?» Например: *ең* «самый», *сәл* «немного», *аса* «очень»;

6) **наречия причины** (*себеп-салдар үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қалай?* «как?» *неге?* «почему?» *не себепті?* «по какой причине?» Например: *амалсыздан* «вынужденно», *босқа* «зря»;

7) **наречия цели** (*мақсат үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *не үшін?* «для чего?» *неге?* «почему?» *не мақсатпен?* «с какой целью?» Например: *әдеп* «специально, нарочито»;

8) **наречия группирующие** (*топтау я болу үстеулері*), которые отвечают на вопросы: *қаншадан?* *нешедең?* *қалай-қалай?* «по сколько?» Например: *аз-аздан* «понемногу», *көп-көптен* «помногу»

16-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Шығыс септік.
2. Грамматика: Жедел өткен шақ.
3. Лексика: Сағат. Уақыт. Сағат жөндеу.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ШЫҒЫС СЕПТІК.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына шығыс септігінің жұрнақтарын қосыңыз

Мына жігіт	{ Австралия... Ресей... Өзбекстан... АҚШ . Ирак... Непал... Перу... Қытай... Дакар... }	келіп отыр.
Сіз	{ Абзал... Айжан... Әмина... Назым... Ләззат... Гауһар... Әйгерім... Айсұлу... Алтынай... }	сұраңыз.
Сендер	{ қағаз... мата... ағаш... темір... тас... жіп... шөп... үн... газет... }	не жасайсыңдар?

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз және орыс тіліне аударыңыз

а) кімнен? «от кого?»

1. Мен ... келе жатырмын.
2. О... сұрап тұрсың.
3. О... телефонның нөмірін алыңыз.
4. Мүғалім... жақсы баға алыңыз.
5. Біз ... үйге қажетті заттарды сатып аламыз.
6. Сендер ... хат аласыңдар.
7. Сіздер ... көкөніс аласыздар ма?
8. Студенттер ... кітап алады.

ә) қайдан? «откуда?»

1. Мен ... нан әкеле жатырмын.
2. Сен ... телефон соғып тұрсың ба?
3. Сіз ... қандай зат аласыз?
4. Марат ... жиі келеді.
5. Біз .. ертен

жетеміз. 6. Сендер ... сағат нешеде келесіңдер? 7. Сіздер ... ұшасыздар ма? 8. Студенттер ... хат алады.

б) неден? «из чего?»

1. Мен ... ойыншық жасап отырмын. 2. Сен .. өдемі көйлек тігесің. 3. ... не жасауға болады? 4. Әже ... шұлық тоқып отыр. 5. Біз ... ski бөлме жасаймыз. 6. Сендер ... үй жасандар. 7. Сіздер ... тамақ пісіріңіздер. 8. Студенттер ... сөйлем құрап отыр.

3-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. Спроси у своего учителя. 2. Гости едут из Омска. 3. Дети возвращаются из школы. 4. Сделай домик из стекла. 5. Принеси продукты из магазина. 6. Я иду из торгового центра. 7. Возьми свою тетрадь у Армана. 8. Переезжаем из города в город. 9. Из года в год становится все лучше (жақсарып келе жату). 10. Изо дня в день учеба становится хуже (нашарлап келе жату).

2. ГРАММАТИКА: ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ.

айт
қайт
ұнат

➤ -ты

кет
жет
шеш

➤ -ті

жаз
жан
қыр

➤ -ды

кн
сез
жең

➤ -ді



После <i>глухих согласных</i>	айт- <i>ты</i> «сказал»; сөйлес- <i>ті</i> «поговорил»
Во <i>всех остальных случаях</i>	қара- <i>ды</i> «смотрел»; көр- <i>ді</i> «видел»

4-жаттығу. Мына етістіктерді жедел өткен шаққа қоюңыз Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: айту – *айт-ты* «сказал»; ...

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, өңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жағу, көру, сөну, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, өсу, пісу, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, шөлдеу, ұялу, тұру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, беру, ілу, істеу.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен жаз-ды- <i>м</i> «Я писал»	I. Біз жаз-ды- <i>қ</i> «Мы писали»
II Сен жаз-ды- <i>ң</i> «Ты писал» Сіз жаз-ды- <i>ңыз</i> «Вы писали»	II. Сендер жаз-ды- <i>ңдар</i> «Вы писали» Сіздер жаз-ды- <i>ңыздар</i> «Вы писали»
III. Ол жаз-ды- <input type="checkbox"/> «Он (она) писал(а)»	III. Олар жаз-ды- <input type="checkbox"/> «Они писали»

5-жаттығу. Мына етістіктерді өткен шақта жіктеңіз

Ашу, түру, жабу, келу, кету, қуану, үйлену, жету.

6-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, сонынан өзіңіз оқыңыз.

1. Ол тындады. Ол музыка тындады. Ол көңілді музыка тындады. Ол үйінде көңілді музыка тындады. Ол үйінде сабақтан кейін көңілді музыка тындады.

2. Мен сабақ оқыдым. Мен кеше сабақ оқыдым. Мен кеше жатақханада сабақ оқыдым. Мен кеше жатақханада көп сабақ оқыдым.

3. Сен отырдың. Сен диванда отырдың. Сен жұмсақ диванда отырдың. Сен жаңа ғана жұмсақ диванда отырдың. Сен жаңа ғана жұмсақ диванда жалғыз өзің отырдың.

4. Сіз билет сатып алдыңыз. Сіз бір билет сатып алдыңыз. Сіз өзіңізге бір билет сатып алдыңыз. Сіз өзіңізге пойызға бір билет сатып алдыңыз. Сіз өткен аптада өзіңізге пойызға бір билет сатып алдыңыз.

7-жаттығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түріне қойып, қайтадан оқыңыз.

8-жаттығу. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Хат

Сәлеметсің бе, аса құрметті досым Кәрім! Халің қалай? Денсаулығың жақсы ма? Ата-ананың, ағаңның, ініңнің, қарындасыңның денсаулықтары қалай? Астанадағы достарымыз Арман, Болат, Ерлан және Сәния аман ба? Оларға менен сәлем айт.

Мен, өзің білесің, Астанадан Алматыға екі апта бұрын жүріп кеттім. Ертерек хат жазуға қолым тимеді. Мен мұнда аман-есемін. Ғылым академиясының жатақханасына орналастым. Ғылым академиясының үлкен кітапханасы бар екен. Мен мұнда күнде келіп жүрмін. Өзің білесің, қазақ тілін зерттеп жүрмін.

Бұл жерде Қазақ тілі орталығы бар екен. Өткенде Орталықтың президентімен таныстым. Ол өте сыпайы адам, аты – Әлішер. Мен Қоғамның мүшесіне жазылдым. Орталықтың мүшелерімен таныстым. Олар мені өте жақсы қарсы алды. Ксениямен сауда орталығына барып, өзіме керек заттарды сатып алдым. Ксения да өзіне өте әдемі, жаңа үлгімен тігілген көйлек алды.

Ал, өзріше сау бол. Қатесі болса, кешір. Маған жауапты қазақ тілінде жаз. Мен бәрін түсінемін.

Досың Мартина.

Сәуірдің 15-і.

9-жаттығу. а) Мәтіннен жедел өткен шақта тұрған етістіктерді жазып алыңыз Журнактардың астын сызыңыз. Орыс тіліне аударыңыз. ә) Кәрімнің атынан Мартинаға жауап жазыңыз.

10-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын теріске шығар.

Үлгі: Берік биыл мектеп бітірді (оның ағасы). – *Берік емес, оның ағасы бітірді.*

1. Берік биыл мектеп бітірді (оның ағасы). 2. Оқушылар қазақ тілі сабағында жазуды, оқуды және сөйлесуді үйренді (студенттер). 3. Сіз Кокшетау облысында тұдыңыз (Көкшетау қаласында). 4. Откен жылы сендер Италияға сапар шектіңдер (Түркия). 5. Былтыр Сіз емтиханды жақсы тапсырдыңыз (нашар). 6. Сөкен қазақ тіліне көп дайындалды (орыс тілі). 7. Әлішердің атасы ауруханаға барды (емхана). 8. Біз түскі тамақты мейрамханадан іштік (асхана). 9. Серік кітаптарды көп оқыды (газеттер). 10. Сапар жазда Қара теңізде көп жүзді (Ыстықкөл).

11-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті етістіктердің бірін қойып жазыңыз

Жазда менің досым оңтүстікте Биыл мен оқуға Сен мектепті үш жыл бұрын ба? Сіздер асханадан тамақ ме? Біз қазақ тілі сабағында көп нәрсе Мен мектепте қабырға газетінің редакторы Сіз Көкшетау облысында .. ба? Сендер күнде дене шынықтыру Бүгін олар ауылға хат Өткен аптада біз қазақ тілі сабағына көп Кеше біз қонақтан кеш Мұғалім бізге жедел өткен шақтың жасалуын

Керекті сөздер: туу, дайындалу, ішу, түсіндіру, түсу, үйрену, жіберу, болу, бітіру, демалу, жаттығулар орындау, қайту.

12-жаттығу. Мына сөйлемдерді жедел өткен шаққа айнақтырыңыз

Үлгі: Мына бөлмеде досым отыр. — *Мына бөлмеде досым отырды.*

1. Менің ағам министрлікте жұмыс істеп жүр. 2. Бұл үйде менің достарым тұрады. 3. Театрда Роза Рымбаеваның концерті болып жатыр. 4. Менің қарындасым ауылға хат жазып отыр. 5. Біз спорт залда дене шынықтыру жаттығуларын орындаймыз. 6. Студенттер емтиханға дайындалып жатыр. 7. Данияр дүкеннен азық-түлік алады. 8. Сенің апаң базардан алма әкеле жатыр. 9. Сауда үйінен керекті заттарды аламыз. 10. Әуежайда мен шетелден келген қонағымды қарсы аламын. 11. Мен сағағ жетіде тұрамын. 12. Студенттер жаттығуды дұрыс жазып отыр. 13. Сіз ауылда жұмыс істейсіз бе? 14. Дәрігер ауру адамды тексеріп жатыр. 15. Мен қазақ тілі сабағында қазақша сөйлеп отырмын.

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді ауыспалы келер шаққа, мақсатты келер шаққа, болжалды келер шаққа және жедел өткен шаққа айналдырыңыз.

Үлгі: Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнап отыр. —

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнайды.

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнамақ.

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнар.

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнады.

1. Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнап отыр. 2. Болат жұмыстан үйге жаяу бара жатыр. 3. Студенттер шығарма жазып отыр. 4. Сен Астанаға пойызбен саяхат жасап отырсың. 5. Біз кітапханада кітап іздеп жүрміз. 6. Балалар балабақшада ойнап жүр. 7. Ермек ауруханада жұмыс істеп жүр. 8. Сенің нағашың ауылдан келе жатыр. 9. Жәлел

Әл-Фараби атындағы университетте оқып жүр. 10 Жаңбыр қатты жауын түр. 11. Театрдан екі қызымды қарсы алып тұрмын. 12. Көп адам Медеуде коньки теуіп жүр.



Отрицательная форма образуется при помощи *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе: ұйықта-ма-ды-м, сез-бе-дік, айт-па-ды.*

14-жаттығу. *-ма/-ме* жұрнағын етістіктің түбіріне қосыңыз.

Үлгі: жүрдік – *жүрмедік*, ..

Жүрдік, ұйықтады, көрдің, алдыңдар, сөйледіңіз, бердім, оқыды, ойнадык, ойладыңыздар, бағалады, бардыңдар, отырдық, әдсіміледің.

15-жаттығу. *-ба/-бе* жұрнағын етістіктің түбіріне қосыңыз

Үлгі: сезді – *сезбеді*, ..

Сезді, үсіңдім, жаздық, жөндіңіз, жанлы, киңдіңдер, үйрендіңіздер, создың, сендім, тондыңыз, сөңді, ашуландым, көрінді, жуыңдық.

16-жаттығу. *-па/-пе* жұрнағын етістіктің түбіріне қосыңыз

Үлгі: айттым – *айтпадым*, ..

Айттым, күтті, үйреттік, ұштышыз, аштыңыздар, кестің. көмектестім, жаптыңыз, сойлестік, көрсеттіндер, асты, тостыңдар, қатыстым, өстік.

17-жаттығу. Болымсыз етістік жасаңыз, жұрнақтардың астын сызыңыз

Тұрдыңыздар. оқыдық, берді, жаттыңдар, сөйлесті, сөйлесдім, көрдің. тындады, еңбек етті, жұмыс істедім, бардыңыздар, отырдыңдар, жаздыңыз, сендін, көмектестім, аштың, ойладыңыз сездік, жөңді, әкелдіңіздер, үйрендім, үйреттік, шті, жедім, аудардыңыздар, жсттін.

18-жаттығу. Сөйлесерді оқып, өткені шаққа айналдырыңыз.

1. Бүгін мен театрға барамын. «Аққу көлі» балетін көремін. Менің апам да барады. Ағам бармайды, өйткені ол балетті ұнатпайды. Біз бірінші қатарда отырамыз. Балет бізге өте ұнайды.

2. Жазда менің әжем ауылдан қалаға келеді. Мен оған біздің қаламызды көрсетемін. Циркке, театрға, дүкендерге апарамын Әжем риза болады. Ауылына қайтқысы келмейді. Ауылына ерте қайтпайды, кеш қайтады.

3. Бүгін сен сабаққа бармайсың, өйткені бүгін – демалыс күні. Студенттер демалады, паркте қыдырады Мсдсуде коньки тебеді, телелідар немесе видсо көрсді, қонаққа барады. Бүгін біз сабақ оқымаймыз, кітапханаға бармаймыз, жұмыс істемейміз. Демалыс күні – өте жақсы күн.

19-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын қоспаныңыз

1. Менің туыстарым ауылда көп жыл тұрды 2. Кеше мен газет оқыдым. 3. Сіздер дүкеннен шай әкелдіңіздер. 4. Жанар диванда ұйық-

тады 5. Менің қарындасым мектепте жұмыс істеді. 6. Серік суретті жақсы салды. 7. Студенттер өткен сенбіде демалды. 8. Біз қазақша наһар оқыдық. 9. Жәнібек ауруханада емделді. 10. Сіз базарда саудаластыңыз. 11. Сауда үйінен жаңа көйлек сатып алдың.

20-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Я вчера не ходил в кино. Марат ходил. 2. Мы не писали ему письмо, Сауле писала. 3. Ты не помогала маме, я помогала. 4. Берік вчера много не играл, ты играл. 5. Они не принесли вчера продукты из продуктового магазина, мы принесли. 6. Наши родители не жили в городе, мы жили. 7. Учитель не стоял в очереди в столовой, мы стояли. 8. Гульнар не готовилась к уроку, Мадина готовилась. 9. Мы не смотрели телевизор, Вы смотрели. 10. Я ему не говорил, моя мама сказала. 11. Мы не ждали гостей, ты ждал. 12. Он не спал, ты спал.

3. ЛЕКСИКА: САҒАТ, УАҚЫТ, САҒАТ ЖӨНДЕУ.



21-жаттығу. Тыңдап диктордан кейін қайталаңыз



Сағат бір



Сағат бес



Сағат жеті



Сағат үш



Сағат тоғыз



Сағат он бір



Сағат алты



қалды – кетті



Алтыға он бес минут қалды (он бес минутсыз алты)



Алтыдан он он бес минут кетті



Бір жарым (Екіге жарты сағат қалды)



22-жаттығу. Тыңдап, диктордан кейін қайталаңыз

20:30

Сегіз жарым

13:30

Бір жарым

18:30

Алғы жарым

10:30

Он жарым

14:15

Екіден он бес минут кетті.

23:20

Он бірден жиырма минут кетті.

09:10

Тоғыздан он минут кетті.

06:05

Алтыдан бес минут кетті.

12:35	08:40	18:55	21:48
Бірге жиырма бес минут қалды.	Тоғызға жиырма минут қалды.	Жетіге бес минут қалды.	Онға он екі минут қалды.

23-жаттығу. Сұраққа жауап беріңіз. Жауабыңызды цифрдың астына сөзбен жазыңыз

Үлгі: *Уақытыңыз қанша? – Екі жарым.*

02:30	15:20	21:34
-----	-----	-----
17:50	12 45	18:08
-----	-----	-----
10 15	19:39	08:30
-----	-----	-----

24-жаттығу. Үлгі бойынша сөзбен берілген уақытты цифрмен жазыңыз

Үлгі: Екі жарым – 02:30.


Төрттен он бес минут кетті – 16:15; 04:15.

Екі жарым; төрттен он бес минут кетті; беске алты минут қалды; тоғыздан он минут кетті; бірден жиырма минут кетті; алты жарым; сағат он; үштен үш минут кетті; тоғызға он бес минут қалды; екіден он минут кетті; алтыға бес минут қалды; бестен отыз минут кетті; төртке үш минут қалды; онға он минут қалды; жетіге он үш минут қалды; он екіден он үш минут кетті; екіден отыз минут кетті; сегізге жиырма бес минут қалды.

25-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерін үлгі бойынша өзгертіңіз

Үлгі: Жиырма екі сағат қырық бес минут. – *Он бірге он бес минут қалды.*

Жиырма екі сағат қырық бес минут; бес сағат жиырма минут; екі сағат елу минут; тоғыз сағат жиырма бес минут; жеті сағат елу бес минут; төрт сағат бес минут; бір сағат он сегіз минут; үш сағат отыз үш минут; алты сағат отыз бес минут; бес сағат отыз минут; он бір сағат жиырма екі минут, сегіз сағат қырық төрт минут; төрт сағат елу үш минут; үш сағат отыз бес минут; жеті сағат он төрт минут; он екі сағат он екі минут; он жеті сағат отыз минут; жиырма бір сағат отыз төрт минут; жиырма үш сағат жиырма үш минут; он бір сағат елу жеті минут; тоғыз сағат жиырма екі минут.

 **26-жаттығу.** Дикторды тыңдап, естіген уақытыңызды доптеріңізге жазыңыз.

Үлгі: Он екіге жиырма минут қалды – 11:40.

1880 жылы көптеген елдер Гринвич уақытының көрсеткішін қабылдады. Бұл уақыт халықаралық уақыт көрсеткішіне сай стандарт болып есептелген, өйткені 0° меридиан Гринвич (Лондонның жанында) округін (аймағын) басып өтеді.

Қазіргі кезде осы меридианнан батысқа қарай 12 зона, шығысқа қарай 12 зона, 24 уақыттық зона бар. Шығыс зонадағы елдердің уақыты Гринвичтің уақыт көрсеткішінен алда, ал батыс зонадағы елдердің уақыт көрсеткіші артта. Мысалы, Вашингтон уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен бес сағат артта, ал Астана уақыты, керісінше, алты сағат алда.

1916 жылы Ұлыбританиядағы күндізгі уақытты бір сағат ұзарту үшін Гринвичтің уақыт көрсеткішінен бір сағат алға қойылды. Соңында, жазғы уақыт мерзімі пайда болды. Бұл күндері біздің елімізде де жазғы уақыт мерзімін наурыздың аяғында бір сағатқа алға, ал қысқы уақыт мерзімін қыркүйектің аяғында бір сағатқа кейін қоя берібізге енді.



28-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

- 1880 жылы көптеген елдер не қабылдады?
- Бұл уақыт неге халықаралық уақыт көрсеткішіне сай стандарт болып есептелген?
- Гринвич қай елде орналасқан?
- Қазіргі кезде қанша уақыттық зона бар?
- Шығыс зонадағы елдердің уақыты Гринвичтің уақыт көрсеткішінен алда ма, артта ма? Ал батыс зонадағы елдердің уақыты ше?
- 1916 жылы Ұлыбританиядағы күндізгі уақытты неге Гринвичтің уақыт көрсеткішінен бір сағат алға қойды?
- Бұл күндері біздің елімізде жазғы уақыт мерзімін бір сағатқа алға және қысқы уақыт мерзімін бір сағатқа кейін қашан қояды?

29-жаттығу. Суретке қарап, үлгі бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз

Үлгі: Гонолулу уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен ... — *Гонолулу уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен он сағат артта*

1. Гонолулу уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
2. Манила уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
3. Мәскеу уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
4. Жакарта уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
5. Сантьяго уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
6. Токио уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
7. Вашингтон уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
8. Рио де Жанейро уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
9. Магадан уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
10. Бақы уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
11. Веллингтон уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
12. Стамбул уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
13. Чикаго уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
14. Париж уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
15. Алматы уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
16. Сан-Франциско уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
17. Мельбурн уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен
18. Бомбей уақыт көрсеткіші Гринвичтің уақыт көрсеткішінен

30-жаттығу. 27-жаттығудағы сызба-суретке қарап, дүние жүзінің әр аймағындағы уақыт туралы айтыңыз

Үлгі: Қазір Астанада кешкі (таңғы) сағат сегіз.

20:00	21:00	22:00	23:00
Астана	Ханой	Пекин	Токио
24:00	01:00	02:00	03:00
Сидней	Сахалин	Окленд	Эневеток
04:00	05:00	06:00	07:00
Гавайи	Аляска	Тихуана	Аризона
08:00	09:00	10:00	11:00
Мехико	Вашингтон	Сантьяго	Буэнос-Айрес
12:00	13:00	14:00	15:00
Орга	Азор	Лондон	Рим
Атлантика	аралдары		
16:00	17:00	18:00	19:00
Стамбул	Мәскеу	Тбилиси	Ташкент

31-жаттығу. 27-жаттығудағы сызба-суретті пайдаланып, дүние жүзінің әр аймағындағы уақыт туралы жолдасыңыздан сұраңыз

Үлгі: Қазір Астанада сағат неше? — Қазір Астанада кешкі сағат бес.

а) Астана, Алматы, Семей, Қызылорда, Өскемен, Талдықорған, Қостанай, Көкшетау, Павлодар Ақтау, Атырау, Петропавл, Ақтөбе, Орал, Шымкент, Торғай, Жезқазған, Қарағанды, Тараз, Балқаш, Байқоңыр;

ә) Бішкек, Лондон, Пекин, Париж, Ташкент, Нью-Йорк, Азор аралдары, Ханой, Мәскеу, Аризона, Токио, Стамбул, Баку, Рига, Вена, Мельбурн, Варшава, Аляска, Эневеток, Орталық Атлантика.

32-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз

Үлгі: Қазір Астанада кешкі сағат жетіден он минут кетті, ал Мәскеуде ... — Қазір Астанада кешкі сағат жетіден он минут кетті, ал Мәскеуде кешкі сағат төрттен он минут кетті.

1. Қазір Астанада кешкі сағат жетіден он минут кетті, ал Мәскеуде ... 2. Қазір Ақтөбеде түскі сағат екіден он бес минут кетті, ал Алматыда ... 3. Қазір Петропавлда күнгі сағат он бірге бес минут қалды, ал Шымкентте ... 4. Қазір Қызылордада таңғы сағат алты, ал Семейде ... 5. Қазір Парижде кешкі сағат бестен он жеті минут кетті, ал Ханойда ... 6. Қазір Токиода күнгі сағат он екі, ал Эневетокта ... 7. Қазір Сиднейде таңғы сағат тоғызға он бес минут қалды, ал Римде ... 8. Қазір Лондонда таңғы сағат алтыға жиырма минут қалды, ал Стамбулда ... 9. Қазір Сахалинде түскі сағат бірге жиырма минут қалды, ал Аляскада ... 10. Қазір Мехикода түскі сағат екі, ал Алматыда ... 11. Қазір Аризонада күнгі сағат үштен бес минут кетті, ал Қарағандыда ... 12. Қазір Буэнос-Айресте кешкі сағат сегіз, ал Жезқазғанда ... 13. Қазір Бішкекте кешкі сағат тоғыздан жиырма бес минут кетті, ал Ақтауда ... 14. Қазір Ташкентте кешкі сағат тоғыз, ал Өскеменде ... 15. Қазір Тихуанада таңғы сағат төрт, ал Торғайда ...



33-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Сағат

Мындаған жылдар бұрын адамдарға уақытты дәл білу онша қажет болмады. Олар күн шыға оянып, күн бата ұйықтаған. Біріндеп өмір күрделеніп бастағанда, сағаттың қажеттілігі туып, ролі артты.

Уақытты санаудың ең алғашқы қарапайым құралы күн сағаты болған. Ол бұдан 3500 жыл бұрын пайда болды. Бірақ күн бұлтты күні бұл сағат қолайсыз болды. Сондықтан адамдар су сағатын ойлап тапты.

Су бір ыдыстан екінші ыдысқа тамшылап тұрады. Бірінші ыдыстың суы біртіндеп азайып уақыттың дәл мезгілін білдіреді. Құм сағаты да осылай жұмыс істейді.

Механикалық сағаттар жөніндегі деректер VI ғасырдың аяғындақ белгілі болған. Ол туралы ғалымдар Византиялық қолжазбалардан тапты. Мұнда сағаттың бір ғана тілі болған.

Голландиялық ғалым Х. Гюйгенс 1657 жылы маятникті сағат ойлап тапты.

36-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраныз

солнечные часы	}	1910 жылы шықты.
водяные часы		XX ғасырда кеңінен таралды.
песочные часы		1404 жылы Мәксуде орнатылды
механические часы		бұдан 3500 жыл бұрын пайда болды.
часы-маятники		соңғы кезде пайда бола бастады.
кварцевые часы		осы күнге дейін пайдаланылып келеді.
башенные часы		күн сағатынан кейін шықты.
атомные часы		VI ғасырдың аяғынан белгілі.
электронные часы		1657 жылы шықты.
самозаводящиеся часы		киімнің қалтасына салынатын болған.
карманные часы	1948 жылы орнатылды.	
ручные часы	1929 жылдары пайда бола бастады.	

37-жаттығу. Төмендегі сөйлесулерді оқып, жаттап алыңыз

* * *

- Ертең менің туған күнім. Сағат беске қонаққа кел.
- Ертең? Беске? Мен бес жарымда барамын. Жұмысым бар еді.
- Жарайды. Күтеміз.

* * *

- Ұшақ қашан ұшады?
- Екіде ұшады. Сен әуежайға екі сағат бұрын кел.
- Онда мен он екіде барамын.
- Бірақ кешікпе.

* * *

- Мен «Қыз Жібек» операсына билет алдым.
- Ол нешеде басталады?
- Бүгін кешкі алты жарымда. Сен сағат алтыда театрдың алдына кел.
- Жарайды. Көріскенше!

* * *

- Сен сабаққа кешігіп қалдың ғой!
- Неге? Уақыт қанша болды?
- Сағат тоғыз болды.
- Сабақ тоғызда басталмай ма?
- Сегізде басталады.
- Солай ма? Мен білмедім.

* * *

- Сіз дәрігерге қай уақытқа жазылдыңыз?
- Он жарымға.
- Онда мен Сізден бұрын кіремін.
- Кіріңіз. Мен Сізден кейін боламын.

* * *

- Менің сағатым сынып қалды. Жондеп беріңізші.
- Сағатыңыз артта қала ма, озып кете ме?
- Сағатым тоқтап қалды. Кеше жерге түсіріп алдым.

Қытай сағатының көрсеткіші

Қытай сағатында минут және секунд көрсеткіші болмайды. Олардың орнына тышқан, сиыр, жолбарыс, қоян, айдаһар, жылан, ат, қой, маймыл, өтеш, ит және доңыз сияқты 12 хайуанат атаулары қолданылады. Қытай сағаты біздің екі сағатымызға тең. Мысалы, тышқан уақыты сағат 11:00-де басталып, 12:59-да аяқталғанын көрсетеді.

Төмендегі суретке қарап, басқа хайуанаттардың уақыттары қашан басталып, аяқталатынын айтыңыз



39-жаттығу. Сөйлесулі тыңдап, оқыңыз Біреуіңіз – Әлішер, екіншісіз сағат шебері болып, жолдасыңызбен сөйлесіңіздер

Әлішер: Сәлеметсіз бе!

Сағат шебері: Сәлеметсіз бе!

Әлішер: Менің сағатым сынып қалды. Жөндеп беріңізші.

Сағат шебері: Сағатыңыз артта қала ма, озып кете ме?

Әлішер: Сағатым тоқтап қалды. Кеше жерге түсіріп алдым.

Сағат шебері: Әкеліңіз көрсін... Әйнегі де сыныпты.

Әлішер: Онда жаңа әйнә салып берсеңіз.

Сағат шебері: Сағатыңызды тазалаймын ба?

Әлішер: Иә. Қашан дайын болады?

Сағат шебері: Ертең келіңіз.

Әлішер: Ертрек болмай ма?

Сағат шебері: Ертрек болмас. Жұмысымыз көп.

Әлішер: Онда мен ертең келемін. Сау болыңыз!

Сағат шебері: Сау болыңыз!

40-жаттығу. Сағат өмірінде қандай рөл атқаратыны туралы шағын шығарма жазыңыз. Алдымен жоспар құрып алыңыз

Очевидно-прошедшее время глагола.

В казахском языке прошедшее время имеет 2 формы **очевидно-прошедшее время** и **давнопрошедшее время** (19 жонс 20-сабақ)

Очевидно-прошедшее время обозначает действие, имевшее место в прошлом. Оно образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов **-ты/-ти** (после глухих согласных) и **-ды/-ді** (во всех остальных случаях) и **личных окончаний**. Например, *жазу* – *жаз-ды-м*, где **-ды** означает прошедшее время, а **-м** – I лицо единственного числа.

Спряжение глагола *жазу* в очевидно-прошедшем времени

Единственное число	Множественное число
I <i>Мен жаз-ды-м</i> «Я писал»	I <i>Біз жаз-ды-қ</i> «Мы писали»
II <i>Сен жаз-ды-ң</i> «Ты писал» <i>Сіз жаз-ды-ңыз</i> «Вы писали»	II <i>Сендер жаз-ды-ңдар</i> «Вы писали» <i>Сіздер жаз-ды-ңыздар</i> «Вы писали»
III <i>Ол жаз-ды-□</i> «Он (она) писал(а)»	III. <i>Олар жаз-ды-□</i> «Они писали»

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** которые присоединяются к корню глагола, затем следуют личные окончания глагола *жаз-ба-ды* «не писал», *айт-па-ды* «не сказал», *Ақшамыз болмады, сондықтан біз киноға бармадық* «Мы не пошли в кино, потому что у нас не было денег» *Уақытым болмады, сондықтан дүкенге бармадым*. «Так как у меня не было времени я не пошел в магазин» *Сабаққа қатыспадым, өйткені ауырдым* «Я не ходил на занятия, потому что болел»

17-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Жіктік жалғау.
2. Грамматика:
 2. 1. Дара етістіктер. Туынды етістіктер.
 2. 2. Күрделі етістіктер.
3. Лексика: Жұмыс күнін жоспарлау.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ЖІКТІК ЖАЛҒАУ.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіктік жалғаулардың бірін қойып жазыңыз.

Мен Альберт.. . Мен Германиядан..., Дюссельдорф қаласынан . .

Мен неміс.. . Мамандығым бойынша мен дәрігер .. бірақ фирмада жұмыс істеп жүр... . Мен отызда.. , бірақ әлі үйленбеген... . Менің қолым тимейді, өйткені мен таңертеңнен кешке дейін жұмыста... .

Ал Сіз кім.. , қай жерден...?

2-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1 Мен Қазақстаннан.. , ол 2 Сіз мұғалім..., мен .. 3 Сен мыңда..., олар .. . 4 Біз үйде..., олар 5 Сен қышкентайсың, мен 6 Сіздер қаладан , біз 7 Сендер төртінші . . біз 8 Біз жақсы . , ол .. . 9. Мен жиырма үште . , Сіз ... 10. Сіз үйленген , біз ...

3-жаттығу. Қазак тіліне аударыңыз

— Я — Миша, а это — Суреш. Мы из Индии. я из Дели, а Суреш — из Бангкока. Мы не студенты, но изучаем казахский язык. Мы члены Центра казахского языка. Мы женаты Я юрист, а Суреш — стоматолог. Мне 26 лет, а Сурешу — 27. Мы очень счастливы.

— А я Гленда. Это мой муж Тим. Я — преподаватель английского языка, а мой муж — инженер Мы из Мельбурна, Австралии. Тиму 30 лет, а мне — 24.


— Я Вильям, а это — моя жена Шерил. Мы из США, из Нью-Йорка. Мне — 35, а Шерил — 32 Она — ученый, а я — директор инофирмы. Виталий, Вы из России?

— Я из Омска, менеджер. Мне — 23, неженат.

— А мы студентки медицинской академии. Мы из Казахстана. Я — Роза, а это — Дарья и Ксения Я из Актау, Дарья из Петропавловска, а Ксения из Семипалатинска. Нам — 19. Наш президент — Алишер. Он тоже студент, неженат. Ему — 22.

— У меня есть подруга. Ее зовут Ляззат. Она тоже студентка. Ей — 20 лет. Она учится в высшей школе права «Адилет».

2. 1. ДАРА ЕТІСТІКТЕР. ТУЫНДЫ ЕТІСТІКТЕР.

 4-жаттығу. Тыңдап, оқыңыз Туынды етістіктер қай жұрнақ арқылы жасалып тұрғанын айтыңыз Етістіктерді дәлгеріңізге көшіріңіз Жұрнақтардың астын сызыңыз

аяқтау «заканчивать»	ақылдасу «советоваться»
ескеру «помнить»	қателесу «ошибаться»
басқару «возглавлять»	атау «называть»
есептеу «считать»	түнеу «ночевать»
емдеу «лечить»	ағару «белеть»
когеру «зсленеть»	теңсу «выравнивать»
сәлемдесу «здороваться»	әзірлеу «готовить»
жасару «молодеть»	қысқару «укорачиваться»
босау «освободиться»	тістеу «кусать»
бірлесу «объединяться»	ойлау «думать»
шегеллеу «забывать»	шандау «пылиться»
сарғаю «желтеть»	анықтау «уточнять»
суреттеу «обрисовать»	амандасу «здороваться»
армандау «мечтать»	бағалау «ценить»
белгілеу «отмечать»	билеу «танцевать»
жамандау «оговаривать»	кеңею «расширяться»
гүлдеу «цвести»	жақсару «улучшаться»
құттықтау «поздравлять»	тазалау «чистить»
мерекелеу «праздновать»	мейрамдау «праздновать»
тұздау «солить»	іздеу «искать»
істеу «делать»	хабарлау «известить»
көбею «увеличиваться»	азаю «уменьшаться»
түзеу «исправлять»	

5-жаттығу. Корсетілген жұрнақтарды пайдаланып, төмендегі сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз

-ла/-ле, -да/-де, -та/-те

Мереке, мейрам, құрмет, қадір, бас, маза, есеп, сурет, ой, баян, тіс, жаза, тегіс, орын, жөн, салқын, іс, із, жаман, жақын, шеге, тізе, аяқ, қол, әңгіме, таза, би, ақ, тың, ем, аяқ, баға, бейне, үтік, жұқа, жара, үн, гүл, оркен, арман, ара.



<i>-ла/-ле</i>	<i>ой «мысль»</i>	<i>ой-ла-у «думать»</i>
<i>-да/-де</i>	<i>арман «мечта»</i>	<i>арман-да-у «мечтать»</i>
<i>-та/-те</i>	<i>бас «начало»</i>	<i>бас-та-у «начинать»</i>

6-жаттығу. Корсетілген жұрнақтарды пайдаланып, төмендегі сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз

-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес

Ақыл, бір, қате, сәлем, көмек, кез, көз, тіл, ұйым, шарт, үн, ым, серт, сот, заң.



<i>-лас/-лес;</i>	<i>бір «один»</i>	<i>бір-лес-у «объединяться»</i>
<i>-дас/-дес;</i>	<i>ақыл «ум»</i>	<i>ақыл-дас-у «советоваться»</i>
<i>-тас/-тес</i>	<i>сот «суд»</i>	<i>сот-тас-у «судиться»</i>

7-жаттығу. Корсетілген жұрнақтарды пайдаланып, төмендегі сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

-а/-е

Ат, түн, түзу, бос, тен.



<i>-а/-е</i>	<i>ат «имя» түн «ночь»</i>	<i>ат-а-у «называть» түн-е-у «ночевать»</i>
--------------	--------------------------------	---

8-жаттығу. Корсетілген жұрнақтарды пайдаланып, төмендегі сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

-қар/-кер, -ғар/-гер

Бас, ес, ат, құт, оз.



<i>-қар/-кер, -ғар/-гер</i>	<i>бас «голова» ес «память»</i>	<i>бас-қар-у «возглавлять» ес-кер-у «помнить»</i>
-----------------------------	-------------------------------------	---

9-жаттығу. Корсетілген жұрнақтарды пайдаланып, төмендегі сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз

-ар/-ер

Ақ, көк, жақсы, қысқа, жас.



<i>-ар/-ер</i>	<i>ақ «белый» көк «синий/зеленый»</i>	<i>ағ-ар-у «белеть» көг-ер-у «синеть/зеленеть»</i>
----------------	---	--

10-жаттығу. Мына сөздерді аударып, олардың қалай жасалғанын түсіндіріңіз. Осы сөздермен сөйлем құраңыз.

Помогать, освобождаться, называть, разговаривать, укорачиваться, лечить, искать, делать, начинать, утюжить, здороваться, возглавлять.

11-жаттығу. Көп нүктенің орнына төмендегі етістіктердің тиістісін қойып жазыңыз.

Біз Әлия әдетте үй-ішін Мұғалім осы оқушыны ылғи Мен бүгін үлкен кісімен .. . Ағаш жапырақтары қазір Менің әжем қазір .. . Жақсы оқитын оқушылар жаман оқитын оқушыларға ... керек. Озінді Мен жолдасыммен .. . Сіз ..., бұл сөзді басқаша жазу керек.

Етістіктер: кателесу, жасару, атау, көмектесу, тазалау, жазалау, ақылдасу, көгеру, амаңдасу, әңгімелесу.

2. 2. КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР.

12-жаттығу. Төмендегі етістіктерді оқып, қандай тосылмен жасалғанын айтыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

а) Апару; оқелу; әкету; әперу; бүйту, қайту; өйту, өсту; сойту; түрегелу.

ә) Азып-тозу; алдап-сулау, асып-тасу; бағып-қағу; болып-толу; буып-түю; желсп-жебеу; жамап-жасқау; жылап-енреу, керіп-созу; кссіп-пішу, кошп-қону; күйіп-жану; күліп-ойнау; қағып-сілку, қырып-жою; ойнап-күлу; өліп-тірлу; өсіп-өну; пісіп-қату; сылап-сипау; үйіп-төгу; ұрып-соғу; ішіп-жеу.

☝	<p>ән «песня» сурет «рисунок» қулақ «ухо» уя «гнездо» үй «дом» егін «посев» ескерткіш «памятник» салық «налог» хат «письмо» төсек «кровать» көз «глаза» құс «птица»</p>	+ салу	<p>ән салу «петь» сурет салу «рисовать» қулақ салу «слушать» уя салу «снить гнездо» үй салу «построить дом» егін салу «сеять» ескерткіш салу «возвести памятник» салық салу «обложить налогом» хат салу «отправить письмо» төсек салу «стелить постель» көз салу «присматривать» құс салу «охотиться с птицей»</p>
	<p>аман/сау «здоровый» ермек «забава» үлкен «большой» қош «благодарный» қонақ «гость»</p>	+ болу	<p>аман /сау/ болу «быть здоровым» ермек болу «быть забавой» үлкен болу «повзрслеть» қош болу «прощаться» қонақ болу «гостить»</p>
	<p>көңіл «настроение» бәле «беда» арт «задняя часть» кеш «поздний» ұят «стыд»</p>	+ қалу	<p>көңіл қалу «разочароваться» бәлеге қалу «нажить неприятностей» арта қалу «остаться позади» кешігіп қалу «опоздать» ұятқа қалу «опозориться»</p>

<i>сөз «слово»</i>	+ алу	<i>сөз алу «взять слово»</i>
<i>қарсы «против»</i>		<i>қарсы алу «встречать»</i>
<i>тамақ «еда»</i>		<i>тамақ алу «угощаться»</i>
<i>дем «дыхание»</i>		<i>дем алу «дышать»</i>
<i>дәм «вкус»</i>		<i>дәм алу «пробовать на вкус»</i>

13-жаттығу. Етістіктерді оқып, орысша баламасын табыңыз. Мағыналарының айырмашылығын айтыңыз.

алу – бет алу, дем алу, рұқсат алу, тіл алу, қарсы алу, қол алу, ет алу;
аудару – көңіл аудару, мәтін аудару, табан аудару ет аудару, жер аудару;
ашу – көңіл ашу, жол ашу, көз ашу, ми ашу, ораза ашу, жүрек ашу,
басу – алға басу, ашу басу, аяқ басу, бауыр басу, иық басу, өкіле басу;
беру – көмек беру, ант беру, ақыл беру, қол беру, дауыс беру, дәм беру;
ету – ант ету, арман ету, әсер ету, рұқсат ету, еңбек ету, ермек ету,
жету – бой жету, қол жету, хабар жету, ақыл жету, көз жету;
көру – азап көру, күн көру, қызық көру, пайда көру, жарық көру;
қою – ат қою, бас қою, сұрақ қою, құлақ қою, көңіл қою, қол қою;
салу – ән салу, қоз салу, күш салу, аиқай салу, құлақ салу;
тарту – күй тарту, азап тарту, бауыр тарту, сзу тарту, қоз тарту;
тию – ауыз тию, кесірі тию, қоз тию, қол тию, пайда тию, тіл тию;
түсу – құда түсу, ақша түсу, қолға түсу, көзге түсу, жеріе түсу

14-жаттығу. Төмендегі негіздерді пайдаланып күрделі етістіктер жасауға талаптаныңыз.

Үлгі: беру *сөз беру «дать слово (обещание)»; ...*

... беру, ... алу, ... істеу, ... салу, ... шығу, ... түсу. ... шегу, ... болу, ... ету, ... тебу, ... калу.

Негіздер: ұятқа, қарсы, сапар, еңбек, жұмыс, суға, ән, сөлем, тұрмысқа, шанғы, қонақ, сөз

15-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1 Сіздің жолдасыңыз гемеки тарта ма? 2 Бала суға қашан түседі? 3. Сіз шанғы тебесіз бе? 4. Мына киім Сізге тар бола ма? 5. Сіздің әке-шешеніз қай жерде еңбек етіп жүр? 6 Сізге қазақ тілінен кім сабақ береді? 7. Мұғалімнің сөзіне құлақ салып жүресіз бе? 8. Сіз мұғалімге сөлем беріп жүресіз бе? 9. Сабаққа жиі кешгіп қаласыз ба? 10. Сіздің үйде кім тамақ істейді? 11. Сағат нешеде тосек саласыз? 12. Суретті жақсы саласыз ба? 13 Егінді кім салады? 14. Құстар қашан ұя салады? 15. Сіз келер жылы қайда сапар шегесіз?

16-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Возьми зонтик, а то промокнешь. 2 Мои отец не курит. 3. Дай ответ на вопрос. 4. Дыши правильно. 5. Моя мама работает в школе. 6 Мои брат играет на домбре, а сестра поет. 7 Кто катается на коньках? 8. Я буду встречать их на железнодорожном вокзале. 9. Ты рисуешь? 10. Ешь! 11. Птицы весной выют гнезда. 12 Будь здоров!

3. ЛЕКСИКА: ЖҰМЫС КҮНІН ЖОСПАРЛАУ.

17-жаттығу. Сөйлем құрап, орыс тіліне аударыңыз.



Екіден он минут Бестен жиырма минут Сегізден он бес минут Он екіден бес минут Үштен бір минут	кеткенде	жиналыс басталды дәрігер келеді. фильм басталады үйге келдік. үйықтады.
Жетіге бес минут Онға он минут Алтыға жиырма минут Он бірге үш минут Тоғызға он сегіз минут	қалғанда	шығамыз мұғалім сыныпқа кірді. саған барамын келіңіз. жұмыс бітті.

18-жаттығу. Мына сөйлемдерді аяқтаңыз.

а) 1. Бестен жиырма минут кеткенде 2. Екіден он минут кеткенде 3. Үштен бір минут кеткенде .. . 4. Оннан жиырма минут кеткенде 5. Сегізден он бес минут кеткенде 6. Он екіден бес минут кеткенде 7. Жетіден он минут кеткенде . . . 8. Бестен он сегіз минут кеткенде 9. Алтыдан үш минут кеткенде .. . 10. Төрттен бес минут кеткенде 11. Он бірден жиырма бес минут кеткенде

ә) 1. Алтыға жиырма минут қалғанда 2. Тоғызға он сегіз минут қалғанда 3. Жетіге бес минут қалғанда 4. Беске жарты сағат қалғанда 5. Онға он минут қалғанда .. . 6. Он бірге үш минут қалғанда 7. Сегізге бес минут қалғанда 8. Екіге он бес минут қалғанда 9. Төртке жиырма бес минут қалғанда 10. Бірге бір минут қалғанда 11. Он екіге бес минут қалғанда

19-жаттығу. Сөйлемдердің басын жазыңыз

1. ... бала ұйықтады 2. .. жиналыс басталды. 3. ... жұмыс бітті. 4. .. дәрігер келеді. 5. .. мұғалім сыныпқа кірді. 6 .. фильм басталады. 7. .. үйге келдік. 8. ... үйден шығамыз. 9. ... саған барамын. 10. .. келіңіз. 11. ... футбол көрсетті.

20-жаттығу. Сөйлемдерді мәліметпен толықтырып, дәптерге жазыңыз

1 Мен (қай уақытта?) дәрігерге барамын. 2. Сен (қай уақытта?) дайын бол. Киімоға барамыз. 3. Тамақ (қай уақытта?) дайын болады. 4. Біз (қай уақытта?) үйден шығуымыз керек. 5. (Қай уақытта?) әуежайда бол. Қонақты қарсы алайық. 6. «Аққу көлі» балеті (қай уақытта?) басталады. 7. Институтқа (қай уақытта?) жетуіміз керек. 8. (Қай уақытта?) достарымыз үйге келді. 9. Пойыз (қай уақытта?) теміржол бекетінен жүреді. 10 (Қай уақытта?) қазақ драма театрының алдында кездесейік.

21-жаттығу. Сөйлесулерді тындап, дұрыс жауабын табыңыз. Сонан соң сойлем құраныз

Үлгі: *Спорт жарысы дүйсенбі күні кешкі сағат алтыдан он минут кеткенде басталады.*

Спорт жарысы	дүйсенбі	18:10
Халық аспаптар концерті	сейсенбі	20:30
Көкшетауға пойыз	сәрсенбі	09:00
Теледидардан «Жизель» балеті	бейсенбі	19:15
Доуреннің тарих сабағы	жұма	14:45
Қазақ тілінен емтихан	сенбі	12.20
Ермектің туған күні кеші	жексенбі	11:25

22-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша аударыңыз

а) без пяти девять, три минуты четвертого; два часа; без двадцати пяти восемь; половина двенадцатого; без двух минут десять; двадцать минут первого, половина четвертого, одиннадцать часов; без десяти десять; три минуты восьмого

б) 1. Который час? – Без пяти шесть. – Пора (надо) вставать. 2. Ты когда идешь к врачу? – В два часа. 3. Который час? – Три минуты седьмого. – Мне пора (надо) идти домой. 4. Извините, который час? – Половина девятого. – Половина девятого? Мне пора на урок! 5. Завтра какое число? – Завтра первое мая, праздник. – Давай встретимся у театра в шесть часов. – Нет, давай встретимся без пятнадцати или без двадцати шесть. – Ладно, давай встретимся без пятнадцати шесть. 6. Во сколько начинается урок? – В двадцать минут одиннадцатого. 7. Когда автобус? – В половине четвертого. 8. Когда ты придешь? – Без двадцати пяти восемь. 9. Позвони мне в половине первого. 10. Без пяти минут одиннадцать господин Нугман будет Вас ждать. 11. Когда мне выйти на работу? – В девять часов. 12. Во сколько ты закончишь свою работу? – В половине седьмого. 13. В какое время поедем на Медео? – Давай выйдем из дома в двадцать минут десятого. 14. Встречайте меня завтра. Самолет приземлится без двадцати пяти два. 15. Который час? – Без десяти три. – Сейчас по телевизору начнется передача «Тамаша».

23-жаттығу. Келесі беттегі теледидар бағдарламасына қарап, үлгі бойынша оңимеленіз

Үлгі: *Сенбі күні «Хабардан» күндізгі сағат он екіден бес минут кеткенде «Таң қалмаңыз!» бағдарламасы көрсетіледі.*

24-жаттығу. Осы көрсетілген теледидар бағдарламасын пайдалана отырып, мына сұрақтарға жауап беріңіз

1. «Ханзада мен қайыршы» мультипликациялық фильм қашан және қай каналдан болады? 2. «Атай екеуіміз» хикаясы «Хабардан» қай уақытта беріледі? 3. «Хабар» каналындағы «Апталық шолу» ақпа-

ҚАЗАҚСТАН

- 900 Государственная служба времени сигнала точного времени
- 900 Бүгін
- 9.10 "ЗНАМЕНИТЫЙ ДЖЕТ ДЖЕК-СОН". Детский телесериал
- 9.35 "Ханзада мен қайыңы" Мультитипикациялық фильм (США)
- 10.25 Қапаймақан
- 10.35 Мультфильм
- 10.50 Жалдегер
- 11.00 "Қатардағы жауынгер"
- 11.30 Аңсар Қазақ лирикасының бейнәнтологиясы
- 11.40 "Ақжүніс" Қыз-келіншектер телеклубы
- 12.30 Жетісаз
- 13.00 Анонс
- ***
- 18.55 Анонс ауа райы
- 19.00 Государственная служба времени сигнала точного времени
- 19.00 "Крошка Мемель" Мультисериал
- 19.30 "ЖІР-ЖАҚАНҒА САЯХАТ" Деректі сериал
- 20.00 "Күнге бет алған керуен" Монғолия сарынан 3-ші хабар
- 20.25 "ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢЫ" Моноспектакль
- 20.35 Жалпы күй
- 20.40 "Өзенг жолдас"
- 21.25 Вечер индийского кино. "НЕ ПОКОРИВШИЙСЯ СУДЬБЕ". 1 часть.
- 23.00 Новости Содружества
- 23.10 "НЕ ПОКОРИВШИЙСЯ СУДЬБЕ". 2 часть.
- 00.20 Ертен Ақпараттық шоу
- 00.30 "КА ИНА - КІМ ПЕІМ ДЖУН-ГЛЕЙ" (Венесуэла).
- 00.55 Ауа райы



- 8.55 Әнуран Орта толсын!
- 9.00 "Операдағы елес" Мультфильм
- 9.50 "АТАЙ ЕКЕУМІЗ". Телехикая
- 10.30 "Ұзынұлақ"
- 10.50 Асыл Арман
- 11.20 "Халықарқ" коллекциясы. "ЖЕР КІНДІГІНЕ САЯХАТ"
- 12.05 "Тан қалмаңыз" Бағдарлама
- 13.00 "Тілашар" Уроки казахского разговорного языка
- 13.15 Хабар-Жер
- 13.35 Ұлы музыка Ұлы орындаушылар Орта толсын!
- 16.55-ке дейін техникалық үзіліс
- 16.55 Орта толсын!
- 17.00 Быздн көшенің тұрғындары
- 17.30 "Спорт экстрим" Деректі сериал
- 18.00 "XXI ғасыр көшбасшысы" Оқушылардың интеллектуалдық шоу бағдарламасы
- 19.00 В живом эфире ТВ-Бино1
- 20.00 Ақпарат арнасы Аппалық шолу
- 20.10 "МАХАББАТТЫҢ ШЫТЫРМАН ЖОЛДАРЫ" Телехикая.
- 20.55 Орта толсын!
- 1.00 Информационный канал Новости недели
- 21.10 "МАХАББАТТЫҢ ШЫТЫРМАН ЖОЛДАРЫ" Телехикая.
- Жүрсін Ерманның авторлық бағдарламасы Айт Тілм менің бұлғабегі Алматы) рт псын!

рат арнасы жексенбі күні қай уақытта болады? 4. «Қазақстан» каналындағы «Ертен» атты ақпараттық шолу қай уақытта? 5. «Ән мен әнші» деген бағдарлама «Қазақстаннан» жексенбі күні сағат он бірден он бес минут кеткенде бола ма? 6. «Бүгін» бағдарламасы «Қазақстан» каналында қай уақытта болады? 7. «Махаббаттың шытырман жолдары» қай уақытта және қай каналда жүреді? 8. Таңғы жаңалықтар қай уақытта? 9. Кешкі жаңалықтар қай уақытта? 10. Ауа райы туралы мәлімет «Қазақстан» каналында қай уақытта берілсді? 11 «Ақжүніс» қыз-келіншектердің клубы жексенбі күні қай уақытта көрсетіледі? 12. «Жер кіндігіне саяхат» қай күні, қай уақытта және қай каналдан көрсетілсді? 13. «Хабар» каналындағы Жүрсін Ерманның авторлық бағдарламасы жексенбі күні қай уақытта басталады?

25-жаттығу. Жоғарыдағы теледидар бағдарламасына қарап жолдасыңызбен сөйлесіңіз

Үлгі: «Жер-жаһанға саяхат» атты деректі сериал «Қазақстан» каналында қай уақытта басталады? – Жексенбі күні кешкі сағат жетіден отыз минут кеткенде

🎧 26-жаттығу. Оқушының күн режимі туралы тыңданыз. Естіген уақытыңызды көрсетіңіз



7.00/6.30/7.30
тұрамын



6.30/7.15/6.45
жуынамын



7.00/8.00/7.15
таңертеңгі
тамағымды ішемін



6.45/7.30/7.45
мектепке барамын



14.00/13.00/12.00
түскі тамағымды
ішемін



14.30/15.30/15.00
сабағымды
әзірлеймін



7.30/17.30/5.30
үй шаруасымен
айналысамын



17.00/19.00/21.00
кешкі тамағымды
ішемін



19.30/21.30/12.30
демаламын




3.00/24.00/22.00
жатамын

1. Жұмыс күндері Дарья сағат алтыда тұрады. 2. Дарья сағат жетіге он минут қалғанда жуынады. 3. Сағат жетіде таңертеңгі тамағын ішеді. 4. Дарья үйден сағат жеті жарымда шығады. 5. Дарья үйге келіп, сағат бірде түскі тамағын ішеді. 6. Үш жарымнан кешке дейін сабағын әзірлейді. 7. Сағат бес жарымнан бастап үй жұмысымен айналысады. 8. Кешкі тамағын сағат жетіден жиырма минут кеткенде ішеді. 9. Сағат жеті жарымнан бастап демалады. 10. Дарья он бірде жуынып, ұйықтауға жатады.

28-жаттығу. Жолдасыңызбен жұмыс күніңіз туралы әңгімелесіңіз

Үлгі: Мен таңертең сағат жетіде тұрамын. Сен ше? (6.45). – *Мен таңертең жетіге он бес минут қалғанда тұрамын.*

1. Мен таңертен сағат жетіде тұрамын. Сен ше? (7.45). 2. Жуынып, жетіден он бес минут кеткенде таңертеңгі тамағымды ішемін. Сен ше? (8.00). 3. Мен үйден жеті жарымда шығамын. Сен ше? (8.20). 4. Сағат сегізден бірге дейін сабақта отырамын. Түскі тамағымды екіге жиырма минут қалғанда шемін. Сен ше? (14.30). 5. Мен кешкі беске дейін оқу залында отырып, сабаққа әзірленемін. Үйге алтыға он бес минут қалғанда келемін. Сен ше? (16.35). 6. Кешкі тамағымды сағат жетіде ішемін. Сен ше? (18.00). 7. Жеті отыздан он жарымға дейін мен үй жұмысымен айналысамын, телдидар көремін, кітап оқимын. Сағат он бірде жатамын. Сен ше? (23.30)

 29-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Жоспарлау

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. ХХІ ғасыр – жаңа технология дәуірі. Халқымыз алдына ұзақ және қысқа мерзімдік мақсаттар қойып отыр. Қазіргі адамдар өз өмірінде бір жылға, бір айға, бір аптаға, тіпті бір күнге жоспар жасамай отыруы мүмкін емес.

Мен де келешек өмірімді жоспарлап қоямын. Әдiсте мен аса елеулі және маңызды іс-шараларымды бір жылға белгілеп қоямын. Келесі жылда орындайтын іс-шараларым төмендегідей:

Қаңтар <i>Емтиханға дайындалу</i>	Ақпан <i>Емтихан тапсыру</i>	Наурыз <i>Диплом жазу</i>	Сәуір <i>Диплом жазу</i>
Мамыр <i>Дипломымды қорғау</i>	Маусым <i>Емтихан тапсыру</i>	Шілде <i>Демалу</i>	Тамыз <i>Жұмысқа орналасу</i>
Қыркүйек <i>Жұмыс істеу</i>	Қазан <i>Жұмыс істеу</i>	Қараша <i>Жұмыс істеу</i>	Желтоқсан <i>Жұмыс істеу</i>

Келесі айда атқаратын іс-шараларым да бар.

1-аптада:

1 *Институт. Қазақстанның тарихы туралы баяндамама жазуға материал жинау.*

2 *Қазақ тілі орталығы. Спорт Медеуге бару.*

2-аптада:

1 *Институт. Қазақстанның тарихы туралы баяндамама жазуға материал дайындау. Кітапханада жұмыс істеу*

2 *Қазақ тілі орталығы. Қазақтың халық музыкасы. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары. Қазақтың халық музыкасының концертіне бару.*

3-аптада:

1 *Институт. Қазақстанның тарихы туралы баяндама жазу.*

2 *Қазақ тілі орталығы Ұлттық тағамдар. Қонақ шақыру.*

4-аптада:

1 *Институт. Қазақстанның тарихы туралы баяндаманы тапсыру.*

2 *Қазақ тілі орталығы Қазақ Мемлекеттік музейіне бару. Қазақстанның тарихы туралы баяндама жасау*

Келесі аптада атқаратын іс-шараларым төмендегідей

Дүйсенбі	08.30 – сабаққа бару 15.00 – оқу залына бару 17.00 – спорт орталығына бару
Сейсенбі	08.30 – сабаққа бару 15.00 – сабаққа дайындалу 20.40 – Ләззатпен киноға бару
Сәрсенбі	08.30 – сабаққа бару 15.00 – оқу залына бару 17.00 – спорт орталығына бару
Бейсенбі	08.30 – сабаққа бару 15.00 – сабаққа дайындалу 18.30 – Ләззатты театрға апару
Жұма	08.30 – сабаққа бару 15.00 – оқу залына бару 17.00 – спорт орталығына бару
Сенбі	12.00 – ата-анама көмектесу 19.00 – Ләззатпен жолдасымның туған күніне бару
Жексенбі	10.00 – Қазақ тілі орталығы. Медеуге бару 14.00 – Ләззатты паркке шақыру 20.00 – келесі аптаға дайындалу

Ал ертең мен институтқа барамын, өйткені студентпын. Сабақ сегіз жарымда басталады. Күнде сағат жетіде оянамын, терезенің желдеткішін ашамын. Радионы қосып, дене лынықтыру жаттығуларын орындаймын, содан кейін беті-қолымды жуып, тісімді тазалаймын, бөлмемді жинаймын, киінемін, таңертеңгі тамағымды ішемін де, сабаққа барамын. Үйден сағат сегізге он минут қалғанда шығамын. Мен сабаққа ешқашан кешікпеймін. Әдетте институтта сабақ сағат сегіз жарымнан түскі сағат екіге дейін болады.

Сабақтап ксиін жолдастарыммен екі жарымда асханаға барамыз. Кейде азық-түлік дүкеніне кіріп үйге азық-түлік аламын. Дастарқан басында әркім өз жоспарын айтады. Мен оқу залына барып, баяндамаға ақпарат жинаймын, сабаққа дайындаламын. Оқу залында сағат үштен беске дейін боламын, өйткені спортпен шұғылданамын. Спорт кешенінде кешкі сағат алты жарымға дейін боламын. Кешкі тамағымды сағат жетідің шемін, ал сегізден бастап демаламын, газет-журнал оқимын, теледидар көремін, ініме сабағын дайындауға көмектесемін. Сағат онда ертеңгі күнге әзірленемін, жуынамын. Содан кейін сағат он бірде жатып ұйықтаймын

Сөздік

жоспарлау – планирование
 ғасыр – век
 өмір сүру – жить
 дәуір – эпоха
 ұзақ мерзімдік – долгосрочный
 қысқа мерзімдік – краткосрочный
 мақсат – цель, задача


жоспар – план
 мүмкін емес – невозможно
 келешек – будущий
 елеулі – значительный
 маңызды – значительный
 іс-шара – мероприятие
 ақпарат – сведения

30-жаттығу. Мәтінді қайтадан оқып, Әлішердің ертеңгі күнге жасаған жоспарын жазыңыз

07:00 _____	08:30 _____	14:30 _____
07:50 _____	14:00 _____	15:00 _____
17:00 _____	19:00 _____	22:00 _____
18:30 _____	20:00 _____	23:00 _____

31-жаттығу. Мәтінді қайтадан оқып, сұрақтарға жауап беріңіз

1. XXI ғасыр қандай дәуір? 2. Адамдар алдарына қандай мақсаттар қойып отыр? 3. Әлішер келешек өмірін жоспарлай ма? 4. Ол аса елеулі және өте маңызды іс-шараларын қай мерзімге белгілейді? 5. Келесі жылы орындайтын іс-шаралары қандай? 6. Келесі айда атқаратын іс-шаралары қандай? 7. Келесі аптада атқаратын іс-шаралары қандай? 8. Ертең орындайтын іс-шаралары қандай?

 **32-жаттығу.** Ләззатты тыңданыз да, оның күнделігіш оқыңыз. Ол неге қуанады?

6	Дүйсенбі	билет сатып алу
7	Сейсенбі	сауда орталығынап зат алу
8	Сәрсенбі	тіс дәрігеріне бару; тігіншіге бару
9	Бейсенбі	аяқ киімді жөндету, базарға бару
10	Жұма	туыстарыма және таныстарыма барып қоштасу
11	Сенбі	жолға дайындалу, заттарды сөмкеге салу
12	Жексенбі	сағат үште әуежайға бару, сағат алтыда ұшу

33-жаттығу. Сөйлесуді толықтырыңыз

Әлішер: ... істеп отырсың?

Ләззат: Мен Италия туралы оқып отырмын.

Әлішер: ... ?

Ләззат: Өйткені мен Италияға демалуға бара жатырмын.

Әлішер: Солаи ма? .. жүресің?

Ләззат: Жексенбі күні жүремін.

Әлішер: .. тұрасың?

Ләззат: Мен Цинарелла ди Червиа қалашығындағы кішкентай қонақ үйде тұрамын. Сол жерден Венецияға да, Римге де, Миланға да, Пизаға да барамын.

Әлішер: ... барасың?

Ләззат: Электр пойызға немесе автобусқа отырамын.

Әлішер: Жалғыз өзің... ?

Ләззат: Онда менің жолдастарым тұрады.

Әлішер: Тамаша екен! Жақсы демалып қайт!

Ләззат: Көп-көп рақмет.

34-жаттығу. Томендегі кестені Сіздің және жолдасыңыздың ертеңгі жоспарымен толтырыңыз

Үлгі: *Ертең мен сағат жетіде тұрамын, ал менің жолдасым жетіден он бес минут кеткенде тұрады.*

	мен	менің жолдасым
Ертең тұру	07:00	07:15
Дене шынықтыру жаттығуларын орындау		
Жуыну		
Киіну		
Таңертеңгі тамақты ішу		
Сабаққа (жұмысқа) бару		
Азық-түлік дүкеніне бару		
Түскі тамақты ішу		
Баяндамаға ақпарат жинау		
Сабаққа дайындалу		
Тамақ пісіру		
Спорт орталығына бару		
Кешкі тамақты ішу		
Газет-жорнал оқу		
Теледидар көру		
Отбасына көмектесу		
Жуыну		
Үйіқтау		

35-жаттығу. а) келесі күнге, б) келесі аптаға; в) келесі жылға өз жоспарыңызды жазыңыз

Дара етістіктер. Туынды етістіктер.

По морфологическому составу глаголы в казахском языке бывают простыми (дара) и сложными (күрделі)

Как в русском, так и в казахском языке различают корневые и производные глаголы. Последние образуются путем присоединения к корням различных частей речи определенных суффиксов

Жүрнақтар	Негізгі сөздер	Туынды етістіктер
-ла/-ле, -да/-де, -та/-те	ой «мысль» арман «мечта» бас «начало»	ой-ла-у «думать» арман-да-у «мечтать» бас-та-у «иачинать»
-лас/-лес; -дас/-дес, -тас/-тес	бір «один» ақыл «ум» сот «суд»	бір-лес-у «объединяться» ақыл-дас-у «советоваться» сот-тас-у «судиться»
-а/-е	ат «имя» түн «ночь»	ат-а-у «называть» түн-е-у «ночевать»
-қар/-кер, -ғар/-гер	бас «голова» ес «память»	бас-қар-у «возглавлять» ес-кер-у «помнить»
-ар/-ер	ақ «белый» көк «синий/зеленый»	ақ-ар-у «белеть» көк-ер-у «синеть/зеленеть»

Выбор суффикса основывается на законе сингармонизма и прогрессивной ассимиляции

Отрицательные суффиксы *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* следуют за словообразовательными суффиксами. Например *ат-а-ма-у* «не называть», *бас та-ма-у* «не начинать»

Күрделі етістіктер.

По морфологическому составу глаголы в казахском языке бывают простыми (дара) и сложными (күрделі).

Сложные глаголы состоят из двух и более компонентов каждый из которых имеет самостоятельное лексическое значение. В образовании сложных глаголов они принимают равное участие и полностью утрачивают свое первоначальное лексическое значение, являясь одной неделимой лексической единицей и приобретая совершенно новое лексическое значение. Сложные глаголы можно разделить на три группы

1) слитные сложные глаголы (біріккен күрделі етістіктер) *өкелу* – *алып келу, апару* – *алып бару, түреселу* – *тұрып келу, бұшту* – *былап ету, сөйту* – *сөлап ету,*

2) парные сложные глаголы (қосарланған күрделі етістіктер) *күліп-ойнау, жыл-лап-еніреу, сылап-сипау; азып-тозу, қырып-жою, күшіп-пысу, үйіп-тоғу,*

3) составные сложные глаголы (тіркескен күрделі етістіктер) *жақсы көру, көңіл болу, күн көру, көз салу, тарту ету, жол ашу, бет алу, паида көру*

Эта группа является самой многочисленной. Первый компонент сложного глагола может быть выражен

- именем существительным *көңіл аудару, дем алу, паида көру, тил алу, таң ату,*
- именем прилагательным *абаи болу, жақсы көру, аман болу, ғашық болу,*
- звукоподражательным словом *тарту ету, зыр ету, пыс-пыс ету, быж-быж ету*

18-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Көмектес септік.

2. Грамматика:

2. 1. Етістіктердің аналитикалық формасы.

2. 2. Көмекші етістіктер.

3. Лексика: Демалыс. Демалыс күні.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. КӨМЕКТЕС СЕПТІК.

1-жаттығу. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз

Сіз	бал сүт қан лимон шербет бауырсақ компит	-мен/-бен/-пен	шан шешсіз бе?
Сіз кеше	жолдасыңыз жазушы бастық ата-аналар деқан мұғалім дәрігер	-мен/-бен/-пен	кездестіңіз бе?
Сіз демалысқа	пойыз . ұшақ автобус. машина такси кеме ат	-мен/-бен/-пен	бардыңыз ба?
Сіз суретті	қарындаш .. қалам . бояу бор қылқалам	-мен/-бен/-пен	саласыз ба?
Сіз	аяқ . қол . көз құлақ . ауыз іс тіл бас	-мен/-бен/-пен	не істейсіз?

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көмектес септінде тұрған зат есімдермен толықтырыңыз

1. Шайды ... шеді 2 Нанды .. кеседі. 3. Мен ... ақылдастым.
4 Мен бірге жұмыс істеймін. 5. Біз жұмысқа .. барамыз. 6. Мен ...

бірге тұрамын. 7 Адамдар алыс жолға ... ұшады. 8 Қолыңды ... жу.
9. Ойыңды .. жару керек 10. Ботқаны . жейді. 11 Шашыңды .
жудың ба? 12 Қонаққа . келсең бе? 13. Сіз қандай .. келдіңіз?
14 Мен сені . құттықтаймын 15 .. сөйлестің бе? 16 таныстың
ба? 17 ... суретке түсейік. 18. Сәлемдемені .. жібер. 19. Адамдар ..
көреді, .. естиді, .. жүреді, .. ұстайды, .. тамақтанады, .. тамақ шай-
найды, сөйлейді. . ойлайды

3-жаттығу. Нені немен істегеніңізді айтыңыз

Мен	... (немен)?	}	ішеге қақтым отын жардым. хат жаздым. күй тарттым. тактаны сүрттім терезені жудым. көйлекті тіктім.		
Ал Сіз	сөйлемнің астын қолыңызды суретті нанды шайды кірді еденді	}	.. (немен)?	}	сыздыңыз? жудыңыз? салдыңыз? кестіңіз? іштіңіз? үтік гедіңіз? сышырдыңыз?

4-жаттығу. Және жалғау ығының орнына *мен/бен/пен* жалғаулықтарының бірін қойып, сөз тіркестермен сөйлем құраңыз:

а) Студенттер және мұғалім, трамвай және троллсибус, қағаз және қалам, сүт және айран, ине және жіп, ауыл және қала, қыз және жігіт, кітап және дәптер, бор және сүрткіш, сәк және терезе, ит және мысық, нан және май, ата және әже, әке және шеше, кино және театр, опера және балет

ә) Әйгерім және Арман, Айжан және Жанболат, Гауһар және Ләззат, Әмина және Назым, Қайрат және Ардақ, Төрсбай және Үміт, Ораз және Орал, Әсет және Әсел

б) Алматы және Астана, Семси және Өскемен, Тараз және Шымкент, Ақтау және Атырау, Петропавл және Павлодар, Қазақстан және Ресси, АҚШ және Ұлыбритания

5-жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

1 Мы посмотрели оперу “Кыз Жибек и Толеген”. 2. Мне нужно купить обувь и головной убор 3. Принеси из магазина рис и сахар. 4. Проверь сердце и легкие. 5. Напиши вопрос и ответ на доске. 6. Это, магазин, где продают овощи и фрукты. 7. Вчера мы купили на базаре арбуз и дыню. 8. Здесь остановка трамвая и троллейбуса. 9. Как ты сдал экзамен и зачет? 10. Поддай мне бумагу и карандаш. 11. Я люблю весну и лето 12. Усть-Каменогорск и Семипалатинск

находятся на востоке нашей республики 13. Вы бывали в Токио и Ссуле? 14. Я не свободен в четверг и пятницу. 15. Женщина и мужчина гуляют в парке.

2.1. ЕПІСТІКТЕРДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАСЫ.

6-жаттығу. Мына епістіктерді оқыңыз және салыстырыңыз. Қандай тәсілмен жасалып отырғанын айтыңыз

жүрек ашу “открыть сердце”	– бұзып ашу “взломать”
өн салу “петь”	– жібере салу “выпустить”
тілек айту “желать”	– оқып айту “прочитать, рассказать”
жол беру “уступить”	– айта беру “продолжать рассказывать”
көңіл қалу “разочароваться”	– айтып қалу “высказаться”
қаза болу “умереть”	– жазып болу “закончить писать”
тіл алу “слушаться”	– сатып алу “покупать”
күн шығу “светать”	– кіріп шығу “зайти”
қолдан келу “получаться”	– қайтып келу “вернуться”
күн көру “существовать”	– айтып көру “попытаться сказать”
ес кету “сойти с ума”	– өтіп кету “пройти”
ат қою “назвать”	– жазып қою “записать”
ұйқы қашу “не хотеть спать”	– алып қашу “украсть”
ақыл кіру “взяться за ум”	– сңкейіп кіру “войти, нагнувшись”
таяқ жеу “получать взбучку”	– отырып жеу “кушать, сидя”

7-жаттығу. Епістіктердің аналитикалық формасын жасап, орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: жазып алу – *записать*, жаза алу – *смочь написать*;

алу

Жазу, көшіру, айту, жату, ұйықтау, көтеру, жуу, оқу, кіру, пісіру, жету, салу, босату, көру, тарту, тігу, көрсету, танысу, таңдау, жүру, санау, оту, басу, киіну, істеу, аудару, ашу, бұзу, ішу, жеу, жабу, түсіру, кесу, жасау.

Үлгі: жазу: *жаза салу* – *записать на всякий случай*; ...

салу

Жазу, айту, жуу, өшіру, тоқу, қуыру, шығу, көрсету, өперу, кіру, пісіру, жету, алу, босату, көру, тарту, тігу, танысу, таңдау, жүру, санау, оту, ашу, көну, емдесу, беру, басу, киіну, істеу, аудару, бұзу, ішу, жеу, жасау, жабу.

Үлгі: жазу: *жаза беру* – *продолжать писать*; ...

беру

Жазу, төгу, секіру, жүгіру, ойнау, ойлау, сөйлеу, үйрету, үйрену, әкелу, айту, жату, ұйықтау, жуу, тону, отыру, жағу, тойлау, жету,

алу, тигу, түру, есептеу, байқау қарау, жану жату, сондыру жүзу
жүру, санау, тазалау

Үлгі: жазу *жазып шығу* — закончить писать; ..

шығу

Жазу, тексеру, айту, қалау, қарау, жату, жуу, оқу, кіру, сыпыру,
сүрту алу, бару, тоқу, көру, тигу, жапсыру, қорсету, өту, таңдау, жүгіру,
санау, киіну, істеу, аудару бұзу, жабу тону, кесу, гарау, жасау

Үлгі: жазу *жаза бастау* — начать писать,

бастау

Жазу, бұзу, секіру, жүгіру, ойнау, ойлау, сөйлеу, үйрету, үйрену
сүрту, айту, киіну, пісіру жуу, тону, отыру, жондсу, дайындау,
кошпру, алу, тигу, түру, есептсу, беру, қарау, көну жарау төгу, ем-
деу жазылу, санау шығу

Үлгі: жазу *жаза жаздау* — чуть не написать,

жаздау

Жазу, тоқтау, сындыру жылау, тобелесу, сөйлеу төгу, жуу, сүр-
ту, айту киіну, пісіру беру, апару, отыру, қалу, қою, келу, алу, ашу,
кесу, түру, төңкеру, әкелу, тексеру, көну лақғыру, күлу, міну, жүгіру,
оқу, шешіну

8-жаттығу. Томен егі негіздерді пайдаланып етістіктердің аналитикалық фор-
масын жасауға талаптаныңыз Орыс тіліне ау қарныз

Үлгі: айта беру *“продолжает говорить”*, ..

беру, алу, салу, қалу, біту, шығу, бару, келу,
... жөнелу, ... жаздау, .. болу, қою кету, түру, түсу,
.. жіберу

Негіздер. айту, қарау, істеу, таныстыру, емделу, сағу, сүрту, көну,
турау, жазу, кету, ұйықтау, аудару, алу, апару, күлу.

9-жаттығу. Мына сөз тіркестермен жазбаша сөйлемдер құраныз

Оқып шығу, шаршап қалу, күлс беру, бере салу, сөйлеп бастау,
ұмытып кету, жазып болу, істеп көру, ұйықтай жаздау, әңгімелесіп
бару, жондеп біту, көшіп келу, жуып қою, тоғіп алу айта жөнелу
мақтай түсу күте түру, алып қашу, жұмыс істей алу, бара қою

10-жаттығу. Жа ш қа к тіне аударыңыз

1. Мои часы сломались 2 Наши соседи переехали 3 Мы закон-
чили убирать дома 4 Начинай готовить. 5. Продолжай читать
6 Я чуть не упал. 7 Работа остановилась. 8 Ты можешь играть на
ом ре? 9 Мы покупаем овощи и фрукты на базаре 10 Зайди ко мне

Попытайся починить уют. 12 Марат продолжает спать.
 Студенты закончили переводить предложения на казахский язык.
 Я только начал понимать новую тему 15 Напиши письмо родителям и отправь в аул. 16 Жомарт сюда пересел в начале осени. 17 Я
 разлила на пол молоко 18 Жазира закончила сдавать экзамены и
 теперь намеревается съездить к родителям в Караганду 19 Я начала де-
 лать салаты. Ты сможешь мне помочь? 20 Я чуть было не опоздала на
 рок! Мои часы нуждаются в починке.

11-жаттығу. Сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз

Үлгі: Болат жұмысын істеп жүр. — *Болат жұмысын істемей жүр.*

1 Болат жұмысын істеп жүр. 2. Біз қонақтармен кездесіп отыр-
 ымыз 3 Сония жаттығуды жаза алады 4 Қатты айтып отыр. 5 Дәрігерге
 көрініп жүрмін. 6 Жолдасың саған сөлем айтып жіберді 7 Данияр
 керуесте ұйықтап жағыр 8. Сұрақтарға жауап беріп қойдық 9 Сен
 тапсырманы қайтадан орындап келдің 10 Неіе сөйлеп отырсың?
 11 Кылтыңды тауып келдің бе? 12 Әңгімесін айтып қойды

2.2. КОМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР.

12-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1 Сабаққа немен келіп жүрсіз? 2 Сабаққа кішігің келесіз бе?
 3 Сіз бүгінгі тапсырманы орындап келдіңіз бе? 4 Сұрақтарға жауап
 бердіңіз бе? 5 Жаңа сөздерді жапған алдыңыз ба? 6 Келесі сабаққа
 тапсырманы жазып алдыңыз ба? 7 Сабаққа ылғи дайындалып келесіз
 бе? 8. Сіз қазақша газет-журнал оқып тұрасыз ба? 9 Қазақша шапшаң
 сөйлей аласыз ба? 10 Қазақ тілін тез меңгеруге тырысасыз ба? 11 Кім
 Сізге жаңа тақырыпты түсіндіріп берді? 12. Мұғалім сабақты қызықты
 өткізіп тұра ма? 13. Қазақ тілі сабағы аптасына неше рет болып жүр?

13-жаттығу. Сөзді тұсындағы көмекші етістіктердің ниспсімен тіркестіріп жапы
 на орысша баламасын жазыңыз

бос	келу	ақыл	кету
пайда	қалу	қол	қою
айтып	жіберу	күда	салу
бұзып	беру	өп	жету
жазып	жасау	жаза	алу
тоқып	жату	рұқсат	жаздау
оқып	көру	ала	түсу
дүниеге	тастау	пыре	бастау
жәрдем	біту	с	жөнелу

14-жаттығу. Керексіз сөзді атаңыз

жазып — алу, тастау, жіберу, қою, көру, біту, беру, жасау, қалу, келу.
 айта — беру, салу, көру түсу қою а у жаздау, жөнелу, кету, бастау

ән — салу, айту, орындау, шырқау, бастау, жату, тындау, есту, дайындау;
пайда — алу, кету, жасау, шығару, көрсету, қору, ету, қылу, табу, тию;
көңіл — жіберу, ашу, айту, беру, босау, аудару, көтеру, қалу, жұмсау;
қол — алу, жұмсау, беру, бастау, қою, тию, босау, жету, жалғау, ұстасу,
сөз — беру, жұмсау, шығару, қылу, айту, қозғау, кіру, қосу, ету, тастау,
бас — қату, қылу, айналу, жазу, ию, бұру, қотеру, салу, тарту, отыру,
оқып — біту, алу, жату, беру, жіберу, қою, есту, шығу, көру, тастау, келу,
ойлай — жаздау, біту, түсу, салу, беру, жөнелу, бастау, алу, салу, қою.

15-жаттығу. Көп нүктенің орнына көмекші елестікті қойыңыз

1. Ермек бүгін кешке театрда өн ... 2. Неге жұмыс істемей ... , шаршап ... ба? 3. Біз дәрiсханада сурет ... 4. Аяқ киім аяғына тар ... 5. Уақыт қанша болды? Сағатым тоқтап ... 6. Әлихан бұл баланы ермек ... 7. Сен балаға көз ... 8. Дұрыс, ұялма, айта ... 9. Қайда жүрсең де, аман ... 10. Мына оқулықты оған бере ... Менде басқасы бар. 11. Әлия биыл он сегіз жасында тұрмысқа ... 12. Қолшапырды алмасан, үсті-басың су ... 13. Сен жақсы жұмыс ... 14. Балалар Медеуде коньки ... 15. Көп күле ..., ұят болады 16. Бәрін тексеріп ... қатесі болмасын. 17. Мына жерді жуыш ... 18. Еңбек ... ерінбей, тояды қарның тіленбей. 19. Марат ылғи мұғалімнің сөзіне құлақ ... 20. Біз кеше бәрін қалап ... Енді не істейміз?

16-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, сөз тіркестермен сөйлем құраңыз

Разрешение, делать, ответ, напротив, продавать, выгода, язык, рука — алу; гость, мечта, забава, труд, служба, помощь, смех, выгода, свободный — ету; переводить, рисунок, дать, крик, сказать, глаз, сила, отправлять — салу, голос, ум, ответ, привет, писать, выгода, читать, рука, понимать — беру, увидеть, имя, рука, вешать, голос, вопрос, подметать, ухо, чистить — қою.

17-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Прочтите протокол и подпишите. 2. Быстро ответьте на вопрос. 3. Выслушайте меня и дайте совет. 4. Поздно вышел из дому и опоздал на урок. 5. Я попытаюсь прочесть эту книгу, но у меня нет свободного времени. 6. Мы пели, рисовали, играли на гитаре, декламировали стихи и устали. 7. Я написала письмо и отправила подруге. 8. Помогите своим родителям. 9. Моя сестра работает в Национальном банке и поздно возвращается домой. 10. Выпишите новые слова в тетрадь и выучите наизусть. 11. Продолжайте выполнять это упражнение. 12. Передайте привет моему старшему брату. 13. Вы можете поставить вопрос по-казахски и ответить на него? 14. Вы получили разрешение уйти с урока? 15. Уступите дорогу старшим. 16. Мой папа трудится на заводе. 17. Купи мне мороженое. 18. Не морочь мне голову! 19. Мы встречали родителей на вокзале. 20. Почини мне утюг, пожалуйста.

18-жаттығу. Сөйлемдерді болымсыз түрiне айналдырыңыз

Үлгі: Болат жұмысын iстеп бiтiрдi *Болат жұмысын iстеп бiтiрмедi*

1 Болат жұмысын iстеп бiтiрдi. 2 Адамдар мұнда жиналып келдi. 3. Бакыт бүгiнгi жиналыста сөйлей алады 4. Марал қиын мотiцдi оқып көрдi. 5. Бiз сол жерде отыра бердiк 6. Жөнелдiн мекен-жайын сұрап алдым. 6. Сен ана кiтапты кез келген аламға бере сал 7. Кiруге рұқсат бердi ме? 8 Атасы ауруханадан жазылып шықты. 9. Кепте апан аяқ киiм сатып алды ғой 10 Таң атты. 11. Қолыңыздан келе ме? 12. Ат қойдык

19-жаттығу. Болымсыз түрде тұрған сөйлемдердi болымды түрге айналтырыңыз

Үлгі: Жеңiс жиналыста сөйлемей қоймады. – *Жеңiс жиналыста сөйлеп қойды.*

1. Жиналыста сөйлемей қоймады. 2. Сөлем бермей кетпе 3. Менiң уақытым жоқ емес 4 Шашыңды кептiрмей далаға шықпа. 5. Сөбиттi көрмей кетпеймiн. 6. Қолшатырын алмай қалмасын 7. Ата-ананың тiлiн алмай жүрме. 8. Сен келмей, мен ұйықтамаймын 9 Еңбек етпей болмайды 10 Емтиханға жақсы дайындалмай болмайды. 11 Кiлттi жоғалтпай тынбайсың 12 Телефон соқпай келмесiн. 13 Шай iшпей, сабаққа бармайды. 14. Бес алмай, үйге келме 15 Ертең бiзге қарамай қойма. 16. Үидi ағартпай болмайды. 17. Жаңа тақырыпты түсiнбей, жаттығу орындамаймыз. 18. Мәтiндi оқымай, сұрақтарға жауап бермеймiз. 19. Маратты көрмей, танымаймын. 20. Су жылытпай. жуынбайсын.

20-жаттығу. Қазақ тiлiне аударыңыз

1 Нельзя не выучить урок. 2 Пока не попрошаюсь, не уеду. 3. Не выходи на работу, не вылечившись 4 Не вскопав землю, мы не посадим цветы 5. Мы не сможем сесть в поезд, не купив билеты 6 Не прочитав текст, не переведешь его 7 Нельзя не позвонить 8. Они не получают деньги, не закончив работу. 9. Не получив знания, не сможешь стать хорошим специалистом. 10. Не будешь работать, не будешь отдыхать.

3. ЛЕКСИКА: ДЕМАЛЫС. ДЕМАЛЫС КҮНІ.

21-жаттығу. Мәтiндердi оқып, келесi белгiгi кестенi толтырыңыз

Әсия – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетiнiң студентi. Ол әр жазда Ыстықкөлге барып тұрады. Былтыр да Ыстықкөлге барды. Ыстықкөлге автобуспен барды. Ол күннiң көзiнде жатты, суға түстi. Балық жедi, сыра иштi

* * *

Әсияның ата-анасы былтыр жазда Италияға барды. Олар Италияның қалаларын автобуспен аралады Оте қызықты жерлердi көрдi.

Венецияда гондолаға мині саяхат жасады Римде спагетти жеді, кофе ішті, суретке түсті. Ауа райы тамаша болды. Италияға ұшақпен барды

* * *

Әсияның атасы мен әжесі жазда ауылда демалды. Олар ауылдағы достарымен, туыстарымен кездесті, қонаққа барды. Ауылда ет, қаймақ, тандыр нан жеді, қымыз, сүт ішті. Олар ауылға пойызбен барды

* * *

Әсияның атасы өткен демалысты тауда өткізді Таудың шыңына көтерілді. Тауда әр түрлі өсімдіктерді жинады. Шөптен шай жасап ішті. Жеңіл тағамдарды жеді Тауға жаяу шықты.

* * *

Әсияның жолдастары өткен жазды Ресейде өткізді Ресейдің көне қалаларына барды. Суретке түсті, Ресейдің қызықты жерлерін аралады. Жолда кафелерге кіріп, орыс тағамдарының және сусындарының дәмін татты Ресейге машинамен барды.

	Қайда барды?	Не істеді?	Не жеді (ішті)?	Немен барды?
Әсия				
Ата-анасы				
Атасы мен әжесі				
Ағасы				
Жолдастары				

22-жаттығу. Өзіңнің өткен демалысыңыз туралы үлгі бойынша әңгімеленіз.

23-жаттығу. Жолдастарыңыздан өткен демалыстары туралы үлгі бойынша сұраңыз Кестені дәптеріңізге көшіріп алың, мәліметпен толтырыңыз Сонан соң әңгімеленіз

Үлгі: *Менің жолдасым Дәулет өткен демалысты ауылда өткізді.*

24-жаттығу. Сөйлесуді оқып, Мартина мен Кәрім туралы әңгімеленіз.

Әлішер: Мартина, сен не оқып отырсың?

Мартина: Мен бүгін жолдасымнан ашық хат алдым

Әлішер: Жолдасың кім?

Мартина: Жолдасымның аты Кәрім. Біз Астанада таныстық

Әлішер: Мына ашық хат Астанадан емес.

Мартина: Иә, ол қазір Астанада емес, Италияда демалып жатыр.

Әлішер: Солай ма? Не жазалды?

Мартина: Міне, өзің оқы.


Мартина, Италиядан сәлем!

Мен қазір Римини қаласында жүрмін. Ауа райы тамаша! Қала кішкентай, бірақ өте қолайлы қонақ үйінде тұрып жатырмын. Адамдары өте жақсы, қонақжай. Кездескенше сау болып тұр.

*Мартина Эчеваррия
Қазақстан Р-сы,
Алматы қаласы,
Гоголь көшесі, 55/1*

Досың Кәрім.

25-жаттығу. Үлгі бойынша жолдасыңызға ашық хат жазыңыз

 **26-жаттығу.** Сойлемдерді оқып, Виталийдің сөзін тыңданыз. Кеше не істегенін көрсетіңіз

- | | |
|---|---|
| <input checked="" type="checkbox"/> кеш тұрды | <input type="checkbox"/> музыка тыңдады |
| <input type="checkbox"/> таңертеңгі тамағын ішті | <input type="checkbox"/> спорт кешеніне барды |
| <input type="checkbox"/> доп ойнады | <input type="checkbox"/> жолдастарымен кездесті |
| <input type="checkbox"/> жұмысқа барды | <input type="checkbox"/> теледидар көрді |
| <input type="checkbox"/> Қазақ тілі орталығында болды | <input type="checkbox"/> компьютерде жұмыс істеді |
| <input type="checkbox"/> дүкеннен азық-түлік сатып алды | <input type="checkbox"/> тамақ пісірді |
| <input type="checkbox"/> үйде отырды | <input type="checkbox"/> қонақ шақырды |
| <input type="checkbox"/> газет оқыды | <input type="checkbox"/> ерте жатты |

27-жаттығу. Виталийдің кеше не істегенін айтыңыз

Үлгі: *Кеше Виталий кеш тұрды...*

28-жаттығу. Сөйлесуді оқып, толықтырыңыз

Виталий: Сәлем, Тим! Кеше жақсы демалдың ба?

Тим: Иә, рақмет.

Виталий: Кеше не .. ?

Тим: Кеше таңертең ерте .. Спорт кешенінде жолдастарыммен футбол ..

Виталий: Жексенбі күні ерте ... ба?

Тим: Әдетте мен жексенбі күні ерте ... , бірақ кеш түру керек ...

Виталий: Түстен кейін қайда ... ?

Тим: Ешқайда Үйде ... , теледидардан өте қызықты фильм ..

Виталий: Кешке ше?

Тим: Кешке аздап компьютерде жұмыс Содан кейін ерте Сағат он бір шамасында.

29-жаттығу. Тимнің демалыс күні туралы жазыңыз.

Демалыс күні

Адамдардың көбі демалыс күні кеш тұрады, өйткені жұмысқа асықпайды. Бұл күні ұйқыларын қандырғысы келеді. Кейбір адамдар демалыс күні ешқайда шықпайды. Үйде отырып теледидар көреді, демалады немесе демалыс күнін пайдаланып үй шаруасымен айналысады. Содан кейін жалқауланып теледидардың алдында отырады.

Ал кейбір адамдар ерте тұрып, үй жұмысын тез бітіруге тырысады. Сонан соң қыдырады, қонаққа барады, қаланың сыртына шығады. Үйде отырып демалыс күндерін босқа өткізгілері келмейді.

Мен үйде отырып демала алмаймын, өйткені шім пысады. Жолдастарыммен кездесіп, қыдыруды ұнатамын. Кейде жолдастарымды үйге шақырып аламын. Олармен музыка тыңдап, әңгімелесеміз. Сонан соң далаға шығамыз. Кейде киноға, театрларға барамыз, қыста коньки, шаңғы тебеміз, жазда жағажайға барып суға түсеміз. Мен суда онша жүзе алмаймын, ал менің жолдасым жақсы жүзеді, өйткені ол жүзумен шұғылданады.

Әрине, үйге де көмектесемін: үй ішін жинаймын, кілемдерді қағамын, сденді сыпырамын, жуамын, жиһаздың шаңын сүртемін, кірімді жуып, үтіктеймін, содан кейін оларды шкафтың сөрелеріне тәртіптен қоямын, ілсмін. Тамақты да өзім пісіремін, дүкенге, базарға барып, азық-түлік, көкөніс, жеміс-жидек әкелемін. Кейде күн жылы болса, саяжайға барып, әке-шешеме көмектесемін: жер қазамын, тырмалаймын, арам шөптерді жұламын, оларды жөнсі түскен жапырақтарды сыртқа шығарамын, өртсімін, ағаштарды суарамын, үйдің айналасын сыпырамын.

Ертең тағы демалыс күні, жексенбі. Бұл күнгі жоспарым өзгеше: мен ерте ерте тұрмаймын. Терезенің желдікшінін ашамын, кереуеттің алдында дене шынықтыру жаттығуларын орындаймын, жуынамын, киінемін, танергенгі тамағымды ішсмін. Сонан соң үй ішін жинап, жолдастарыма барамын. Ертең спорт кешенінде жеңіл атлетикадан спорт жарысы болады. Мен өзім көркем гимнастикамен шұғылданамын. Аптасына үш рет спорт кешеніне барып тұрамын. Спорттың барлық түрін жақсы көремін. Спорт жарысын көріп, кафеге барып түскі асымызды ішеміз. Содан кейін киноға барамыз.

Түстен кейін үйге қайтамыз. Үйде музыка тыңдаймын. Кешкі тамақты өзірлеймін. Менің ең жақын досым ұлттық билер үйірмесіне қатысады. Кешке оның концерті болады. Концерттен кейін үйге барып демаламын, теледидар көремін. Ерте жатамын, өйткені келесі күні жұмыс аптасы басталады.

Сөздік

ұйқыны қандыру — высняться
кейбір — некоторые
пайдалану — воспользоваться

шаруа — дела, хозяйство
айналысу — заниматься
жалқаулану — лениться

иш пысу – умирать от скуки
 суға түсу – кушагыся
 жүзу – плавать
 шұғылдану – заниматься
 әрине – конечно
 тырмалау – разравнивать граблями
 арам шөп жүлу – рвать сорную траву
 жапырақ – листья

өртеу – сжигать
 жеңіл атлетика – легкая атлетика
 жарыс – состязание
 көркем гимнастика – художественная гимнастика
 үйірме – кружок
 қатысу – участвовать

31-жақтығу. Сурақтарға кестедегі сөздерді пайдаланып жауап беріңіз

1 Демалыс күні Сіз қай уақытта тұрасыз?	кеш, ерте, сағат онда, сағат алтыда, сағат он жарымда, ...
2 Содан кейін не істейсіз?	терезенің желдеткішін ашу, жуыну, деие шынықтыру жаттығуларын орындау, киіну. ..
3. Спорттың қай түрімен шұғылданасыз?	жеңіл атлетика, ауыр атлетика, күрес, дзюдо, ушу, каратэ, баскетбол, дойбы, волейбол, футбол, гандбол, жүзу, бокс, шаңғы, шахмат, теннис, допты хоккей, шайбалы хоккей, көркем гимнастика, спорттық гимнастика, коньки.
4 Қандай үйірмеге қатысып жүрсіз?	драма үйірмесі, пішім-тігін үйірмесі, көркемөнерпаздар үйірмесі, музыка үйірмесі, бал билері үйірмесі, ұлттық билер үйірмесі, вокал үйірмесі, сурет салу үйірмесі, шетел тілдері үйірмесі, .
5 Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?	көрмеге (театрға, музейге, бассейнге, спорт кешеніне, киноға, шаңғы тебуге, қонаққа) бару, телдидар көру, кітап оқу, компьютерде ойнау, коньки тебу, қонақ шақыру, күнімен диванда жату, ұйықтау, жағажайда демалу,
6 Үй ішінде қандай жұмыс істейсіз?	үй ішін жинау, кілемдерді тазалау, тігу, еденді сыпыру, терезе (ыдыс-аяқ) жуу, тоқу, тамақ пісіру, камыр илеу (жаю), ет қуыру, салат жасау, дастарқан жаю, шаңды сүрту, аяқ киімді тазарту, кір жуу (үтіктеу), саяжайда жер қазу, ...
7 Қонақ келсе, оны қалай күтесіз?	қарсы алу, ән айту, қонақтарды бір-бірімен таныстыру, музыка қою, кешті қызықты және көңілді өткізу, домбыра тарту, гитарада ойнау, қонақтардың көңілін көтеру, әр түрлі тағамдар беру, әңгімелесу, суреттер көрсету, суретке түсіру, әр түрлі ойындарды ойнау,

32-жақтығу. Мына сөйлемдердегі етістіктердің аналитикалық формасын жасап, дәптеріңізге жазыңыз. Етістіктердің мәні қалай өзгереіндігін айтыңыз

алу

Үлгі: Мына жерді сұрт. – Мына жерді сұртін ал.

1. Мына жерді сүрт. 2. Қонақтарды күтейік. 3. Жазда олар жағажайға барды. 4. Тамағыңды же. 5. Ертең біз үйді жинаймыз. 6. Оның мекен-жайын жаздың ба? 7. Көйлекті Жаңа жылға дейін тоқиын. 8. Мен онда азық-түлік дүкеніне барайын. 9. Әуелі етті пісіру керек. 10. Бауырсақты қалай жасайтынын көр. 11. Ағамды шақырмадым. 12. Баланы көтер!

салу

Үлгі: Шешеңе айт. — *Шешеңе айта сал.*

1. Шешеңе айт. 2. Маған ана төрелкені бер. 3. Мен көршінің сағатын жөңдейін. 4. Мен онымен амандастым. 5. Мына тапсырманы дәптерге жазсын. 6. Салқын сүтті іштім. 7. Қасықтарды санашы. 8. Мені сол жілтпен таныстырсыншы. 9. Есікті қаттырақ жабыңыз. 10. Гүлдерді өзім таңдадым. 11. Жұмыртқаны өзі қуырды. 12. Терезені ашшы.

беру

Үлгі: Айт, мен тыңдап тұрмын. — *Айта бер, мен тыңдап тұрмын.*

1. Айт, мен тыңдап тұрмын. 2. Мүмкіндік болған кезде үйренсін. 3. Ол тоңазытқышты ертең кешке әкелсін. 4. Отыр, мен қазір кетемін. 5. Сен маған неге қарайсың? 6. Бір айтқанын қайталай ма? 7. Алыңыз, маған керек емес. 8. Жина, біз болдық. 9. Күнімен ұйықтайды. 10. Осылай тұрасың ба? 11. Асықпай жазсын. 12. Газды өшір, тамақ пісі.

шығу

Үлгі: Кірімді үтіктейін. — *Кірімді үтіктеп шығайын*

1. Кірімді үтіктейін. 2. Еденді сыпырдың ба? 3. Үйді өзің көрші. 4. Ол бәрін тексерді. 5. Кітапты оқыдыңыз ба? 6. Саяжайдағы жерді жалғыз өзі қазды. 7. Алматыдағы музейдің бәрін араладық. 8. Тамақты бір сағаттың ішінде пісірдім. 9. Терезелерді ертең жуамыз. 10. Үйдегі барлық заттарды төңкердің ғой! 11. Көршілердің бәрімен ұрысты. 12. Бәрін осылай жаса.

бастау

Үлгі: Мына мәтінді оқы — *Мына мәтінді оқи баста.*

1. Мына мәтінді оқы. 2. Ләззат кішкентай кезінен сурет салды. 3. Үйді жинасын. 4. Жаңа сөздерді дәптерлеріне көшірді. 5. Терезелерді қашан жуасын? 6. Ол маған енді басқаша қарады. 7. Кешкі тамақты әзірлейік. 8. Талғат тонды. 9. Енді бір-бірімізбен таныстық. 10. Ұрқия жаңа көйлек тікті. 11. Ағамыз жазылды.

жаздау

Үлгі: Құпияны оған айттым. — *Құпияны оған айта жаздадым*

1. Құпияны оған айттым. 2. Жұмысқа кешігіп қалдым ғой! 3. Біреудің затын алдым. 4. Сынған орындыққа отырдым. 5. Қонақтарға піспеген

тамақты бердің бе? 6. Түнімен ұйықтамай, сабақтың үстінде ұйықтады.
7. Байқамай менің сағатымды лақтырдың. 8. Жер тайпақ екен, мен құлап қалдым. 9. Ыстық табаны үстелге қойдың ғой! 10. Басқа пойызға отырды. 11. Біреудің атына міндім. 12. Екеуі ұрысып, төбелесті.

33-жаттығу. Мына күрделі етіштіктермен сөйлем құраныз.

Іш пысу, ұйқы қану, коньки тебу, шаңғы тебу, домбыра тарту, өн салу, суға түсу, күнге күйу, қарсы алу, қонақ күту, көмек беру, тамақ ішу, жақсы көру, суретке түсу

34-жаттығу. а) Кеше не істегеніңізді белгімен (✓) көрсетіңіз. ә) Жолдасыңыздан оның кеше не істегенін сұрап, белгімен көрсетіңіз. Соған соң оларды әңгімелеп айтыңыз.

Үлгі: Сен кеше киноға бардың ба? — Жок, бармадым.
Сен кеше спорт жарысын көрдің бе? — Иә, көрдім.

	Сіз	Сіздің жолдасыңыз
киноға бару	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
спорт жарысын көру	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
кафеге бару	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
қонаққа бару	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
теннис ойнау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
көрмеге бару	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
коньки тебу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
шаңғы тебу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
суда жүзу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
футбол ойнау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
теледидар көру	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
саяжайда болу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
жағажайға бару	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
жұмыс істеу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
музыка тыңдау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
қамыр илеу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
кір үтіктеу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
кір жуу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
еденді сыпыру	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
үйді жинау	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
кешті көңілді өткізу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

35-жаттығу. 34-жаттығудағы мәліметті пайдаланып, үлгі бойынша кеше өзіңіздің не істегеніңізді, жолдасыңыздың не істегенін әңгімеленіз.

Үлгі: Мен кеше киноға бардым, ал менің жолдасым бармады.
Менің жолдасым кеше спорт жарысын көрді, ал мен көрмедім.

36-жаттығу. Кестені толтырыңыз (а а) кеше, былтыр, өткен аптада (айда, сенбіде), ә) бүгін, биыл, осы аптада (айда, сенбіде), б) ертең, келесі жылы (аптада, айда, сенбіде) не істейтінінiзді айтыңыз

Үлгі: *Кеше мен кеш тұрдым*

Бүгін мен киноға барамын. ..

Ертең мен емтихан тапсырамын. .

	кеше былтыр өткен ...	бүгін биыл осы	ертен келесі жылы келесі
кеш түру	✓		
ерте түру			
киноға бару		✓	
емтиханға дайындалу			
емтихан тапсыру			✓
іш иысу			
спорт жарысын көру			
кафеге бару			
теннис ойнау			
кормеге бару			
коньки тебу			
шаңғы тебу			
суда жүзу			
футбол ойнау			
теледидар көру			
саяжайда болу			
жағажайға бару			
жұмыс істеу			
музыка тыңдау			
камыр илеу			
кір үлктеу			
кір жуу			
еденді сыпыру			
үй и жинау			
кітап оқу			
жер қазу			
гүлдерге су кую			
түскен жапырақтарды ортеу			
жерді тырмалау			
үй шаруасын істеу			
каланың сыртына шығу,			

37-жаттығу. Өткен аптаны қалай өткізігеніңізді айтыңыз

38-жаттығу. «Менің демалыс күнім еден тақырыпқа шағын шығарма жазыңыз»

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

18-сабақ

Аналитическая форма глагола.

Аналитическая форма глагола состоит из двух и больше компонентов, основно-го и вспомогательных глаголов. Основной глагол имеет форму действительности и

причастия *қуле беру, тістен алу, ұйықтап қалу, құ ап қала жаздау сүрніп құлап жаздап қалу*

Количество вспомогательных глаголов може достигать и четырех *сүрніп барып құлап жаздап қ* у. В этом случае вспомогательные глаголы следующие за основным, принимают суффиксы деепричастия *-ып -іп* и *-и -е -и*. Личные окончания глагола присоединяются к основе последнего вспомогательного глагола *Мен соңғы автобустан қалып қоя жаздадым* "Я чуть не отстал от последнего автобуса" *Сен осылай күшіп тұра бересің бе?* "Ты так и будешь здесь стоять и смеяться?"

Отрицательные суффиксы могут присоединяться как к основному так и к вспомогательному глаголу, а иногда и одновременно и к основному и к вспомогательному *сөйлеп қоймады* "не переставал говорить" — *сөйлемей қойды* "так и не заговорил" *сөйлемей қоймады* "не мог не высказаться"

Кроме отрицательных суффиксов *-ма -ме -би/бе,-па/-пе* в образовании отрицательной формы глагола принимают участие и отрицательные *слова жоқ и емес*. Они как правило, всегда стоят в конце предложения и принимают личные окончания глагола *Мен оны көрген жоқпын — Мен оны көрген емеспін*

Между двумя формами имеется различие *Ем* с имеет значение более категоричного и полного отрицания *Мен оны көрген жоқпын* "Я его не видел" — *Мен оны көрген емеспін* "Я его совсем не видел"

И жоқ и емес могут употребляться одновременно в одном предложении и тогда предложение приобретает увердительное значение *Менің баратын жерім жоқ емес* "У меня нет места куда мне некуда пойти", *і е* "Мне есть куда пойти"

Емес не используется с деепричастиями, а только с причастиями *барған емеспін, көретін емес, іздемек емес, танысар емес*

Жоқ также не используется с деепричастиями и сочетается только с одной формой причастия на *ған/-ген -қан -кен отырған жоқ, берген жоқ, айтқан жоқ жеткен жоқ* См 19-сабақ «Основного курса»

В отличие от *жоқ, емес* употребляется с именными частями речи именами существительными *терезе емес* с именами прилагательными — *жаман емес*, с числительными — *бес емес* с местоимениями — *мен мес* с наречиями — *бүгін емес* и др

Аналитические формы глаголов различаются по начению Наиболее употребительные из них

Мағына	Жұрық	Көмекші есетік	Мысалдар
Начало действия	-а -и	<i>бастау жөнелу</i>	<i>жаза жазды</i> "начал писать" <i>жүгіре жөнелді</i> "побежал"
Продолжение действия	-а -и	<i>бару беру туу</i>	<i>айта барды</i> "передвигался на словах" <i>оқи берді</i> "продолжал читать" <i>жаза тусті</i> "продолжил еще писать"
Завершение действия	-ып/-іп -п	<i>біту кету қалу шығу оту болу</i>	<i>жазып бітті</i> "закончил писать" <i>тұрып кетті</i> "встал и ушел" <i>ұйықтап қалды</i> "уснул" <i>сұртты шықты</i> "вытес" <i>көріп отты</i> "увидел" <i>сөйлеп болды</i> "закончил говорить"
Незначительность действия	а - и	<i>кету кету салу отыру жүру</i>	<i>көре кетті</i> "увидел на пути сюда" <i>көре кетті</i> "увидел на пути отсюда" <i>айта салды</i> "сказал невзначай" <i>сөйлеп отырды</i> "говорил, пока сидел" <i>анаи жүрді</i> "заодно посчитал"
Неожиданность действия	-а е и	<i>қалу қою кету</i>	<i>жата қалды</i> "быстро лег" <i>сала қойды</i> "быстро положил" <i>отыры кетті</i> "неожиданно ссел"

Вспомогательные глаголы (Көмекші етістіктер).

Вспомогательные глаголы, встречающиеся в составе аналитической формы глагола можно подразделить на три основные группы

1 Вспомогательные глаголы, не имеющие самостоятельного лексического значения Их всего три *ету/ — еді, екен, емес, деу — деп, деген, жаздау*. Например, *Сіз қан жерде еңбек еттіңіз?* "Где Вы трудились?" *Не дейді?* "Что он говорит?" *Мен кеше құлап қала жаздадым* "Я вчера чуть было не упал"

2 Вспомогательные глаголы состояния, которые, однако могут выступать и в роли основных Их всего четыре *отыру, тұру, жүру, жату* Например *Сіз не жатып отырсыз?* "Что Вы пишете?" *Ол маған қарап тұр* "Он смотрит на меня". *Кайда жүр өзі?* "Где он ходит?" *Олар ұйықтап жатыр* "Они спят"

3 Вспомогательные глаголы с самостоятельным лексическим значением, образующие сложные глаголы и аналитические формы глаголов Их насчитывается более тридцати *айту, алу, беру; бару, кою, қалу, салу, түсу и др* Например *Кеше көп тілек айтылды* "Вчера было высказано много пожеланий" *Мына жерді сұрттып ал.* "Вытри здесь" *Айта беріңіз.* "Продолжайте (говорить)"

19-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Модальдық сөз тіркестер.

2. Грамматика: Есімше (-ған/-ген, -қан/-кен).

Бұрынғы өткен шақ (-ған/-ген, -қан/-кен).

3. Лексика: Понызбен саяхат жасау.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. МОДАЛЬДЫҚ СӨЗ ТІРКЕСТЕР.

1-жаттығу. Оқып, сұрақтарға жауап беріңіз

1 Домбырашы не істей алады? 2. Аудармашы не істей алады?
3. Аспаз не істей алады? 4. Суретші не істей алады? 5. Жүргізуші не істей алады? 6 Құрылысшы не істей алады? 7 Дәрігер не істей алады? 8 Мұғалім не істей алады? 9 Тігінші не істей алады? 10. Тоқымашы не істей алады?

2-жаттығу. Қарсы жауап беріңіз

Үлгі: Жазира, тамақ пісір — *Кешіріңіз, пісіре алмаймын.*

1 Болат, еден сыпыр 2 Балалар, ойыншықтарыңды жинандар.
3. Ару, дойбы ойнайықшы. 4. Әлия, көйлегімді үтіктеп берші.
5 Жөнел, ыдыс-аяқты жу. 6 Сәкен, телсидар корейікші 7. Қайрат, картоп аршы. 8. Меруерт, ет қуыр. 9. Сәбит, дүкеннен азық-түлік өкел. 10. Мәдина, салат жасашы 11 Әйгерім, қамыр иле 12. Назым, қамырды жай. 13. Жапар, жұмысыңды бітір 14. Әсет, базарға бар. 15. Марал, ән айт

3-жаттығу. Сұрақтар қойыңыз

Үлгі: Мен шаңғы тебемін. *Тебе аласың ба?*

1. Мен шаңғы тебемін 2. Есеп шығарамыз. 3. Ағаш отырғызысын.
4. Гүлге су құй. 5. Мақала жазайық 6. Гитарада ойнашы. 7 Қант

салсын. 8. Жұмыртқа пісірсін. 9. Қазақша сөйлендер. 10. Жиналысты Арман жүргізсін. 11. Теледидарды жөндейсін. 12. Келесі аптаға жоспар жасайық. 13. Мені емханаға апарыңдар. 14. Емтиханды жақсы тапсыр. 15. Қазақ тілін тез үйреніп алыңылар. 16. Капустаны жіңішкелеп тура. 17. Спортпен шұғылданаық. 18. Мейрамханадан тамақтанаық. 19. Жаттығуды дұрыс орындаңыздар. 20. Мұға имніңзді қуантыңыздар.

4-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Үлгі: Я смогу покататься на коньках? Нет, не смогу. — Сможешь! — Мен коньки тебе аламын ба? Жок, тебе атмамын. — Тебе аласың!

1. Я смогу покататься на коньках? Нет, не смогу. — Сможешь!
 2. Ты сможешь сыграть на скрипке? Нет, не сможешь. — Смогу!
 3. Вы сможете присмотреть за ребенком? Нет, не сможете. — Сможем!
 4. Он сможет прочесть книгу за один день? Нет, не сможет. — Сможет!
 5. Мы сможем подняться в гору? Нет, не сможем. — Сможем!
 6. Они смогут дать нам денег в долг? Нет, не смогут. — Смогут!
 7. Я смогу побывать в Америке? Нет, не смогу. — Сможешь!
 8. Ты сможешь устроиться на работу? Нет, не сможешь. — Смогу!
 9. Вы сможете выслушать меня? Нет, не сможете. — Сможем!
 10. Они смогут простить нас? Нет, не смогут. — Смогут!
 11. Ты сможешь вернуться быстро? Нет, не сможешь. — Смогу!
 12. Она сможет сварить бесбармак? Нет, не сможет. — Сможет!
 13. Вы сможете станцевать вальс? Нет, не сможете. — Сможем!
 14. Мы сможем отдохнуть в Турции? Нет, не сможем. — Сможем!
 15. Мы сможем встретить Новый Год вместе? Нет, не сможем. — Сможем!

2. ГРАММАТИКА: ЕСІМШЕ (-ған/-ген, -қан/-кен).

БҰРЫНҒЫ ОТКЕН ШАҚ (-ған/-ген, -қан/-кен).

аит
сат
бат

➤ -қан

кет
жет
шеш

➤ -кен

жаз
жан
қыр

➤ -ған

ки
сез
жең

➤ -ген

5-жаттығу. Мына етістіктерге есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен жұрнағының бірін қосыңыз

Үлгі: аиту — аит-қан “говорил”, ...

Аиту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, өңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, ұялу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, қору, сону, сезу, кіру, арту, ұнағу, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, осу, пісу, сағыну, кебу, төгу, сену, сөйлесу, табу, шабу, тебу, ұрысу, шөлдеу, ілу, түру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, беру, тамақтану,

басу, шашу, көрсету, жию. кесу, жинау, қашу, кету. озу, оту, жету, қану. кону, біту, келу, есту, жіберу. аралау, жазылу, аудару, шақыру, жсу, тыңдау тіу, тоқу, отыру, емделу, кию, жасау, істеу, жүгіру, ауыру

6-жаттығу. Сөз тіркестерін оқып орыс тіліне аударыңыз

Айтқан адам, айтылған сөз, сатылған зат: ашылған есік; жанған шырақ; өткен заман; қалған жұмыс; оқыған бала; жазылған хат; жұмған көз, келген адамдар; жайылған дасгарқан; үйренген жер; ауырған кісі, телефон соққан жігіт, отырған қыз, жаңалан тігілген көйлек, төленген ақша.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. <i>Мен жаз-ған-мын</i> “Я писал”	I <i>Біз жаз-ған-быз</i> “Мы писали”
II <i>Сен жаз-ған-сың</i> “Ты писал” <i>Сіз жаз-ған-сыз</i> “Вы писали”	II. <i>Сендер жаз-ған-сыңдар</i> “Вы писали” <i>Сіздер жаз-ған-сыздар</i> “Вы писали”
III <i>Ол жаз-ған-□</i> “Он (она) писал(а)”	III. <i>Олар жаз-ған-□</i> “Они писали”

7-жаттығу. Мына етістіктерді бұрынғы өткен шақта жіктеңіз

Ашу, тұру, жабу, келу, кету, қуану, үйлену, жету, сату, жату

8-жаттығу. Оқып, өткен шақтың және бұрынғы өткен шақтың формаларын салыстырыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Мен кеше дүкенге бардым. — Мен дүкенге барғанмын
 Сен жазда Шымкентте болдың — Сен жазда Шымкентте болғансың.
 Сіз ауылда демалдыңыз — Сіз ауылда демалғансыз.
 Әсет теледидар көрді — Әсет теледидар көрген.
 Біз ертенгі сабаққа әзірлендік — Біз ертенгі сабаққа әзірленгенбіз.
 Сендер үйде отырдыңдар. — Сендер үйде отырғансыңдар.
 Сіздер үйге хат жаздыңдар. — Сіздер үйге хат жазғансыздар.
 Олар Мәскеуге ұшты — Олар Мәскеуге ұшқан.

9-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, соңынан өзіңіз оқыңыз

1. Мен жатқанмын Мен ұйықтап жатқанмын. Мен диванда ұйықтап жатқанмын. Мен үйде диванда ұйықтап жатқанмын. Мен түсте үйде диванда ұйықтап жатқанмын. Мен кеше түсте диванда ұйықтап жатқанмын.

2. Сен тұрғансың Сен далада тұрғансың Сен далада сөйлесіп тұрғансың. Сен далада көршімен сөйлесіп тұрғансың Сен кеше далада көршімен сөйлесіп тұрғансың. Сен кеше кешке далада көршімен сөйлесіп тұрғансың.

3 Сіз айтқансыз Сіз өн айтқансыз. Сіз тамаша өн айтқансыз. Сіз сахнада тамаша өн айтқансыз. Сіз үлкен сахнада тамаша өн айтқансыз. Сіз былтыр үлкен сахнада тамаша өн айтқансыз.

4. Ол кошкен. Ол былтыр көшкен Ол былтыр Астанаға көшкен. Ол былтыр отбасымен Астанаға көшкен Ол былтыр өзінің отбасымен Астанаға көшкен. Ол былтыр өзінің отбасымен Астанаға автокөлікпен көшкен.

10-жаттығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түріне келтіріп, қайтадан оқыңыз

11-жаттығу. Жолдасыңыздың сөзін қоспаңыз Дұрыс жауап беріңіз

Үлгі: Менің ағам өткен жылы Астанаға көшкен (сенің апаң). — *Ағаң емес, апаң көшкен.*

1. Менің ағам өткен жылы Астанаға көшкен (сенің апаң). 2. Атаң пойызбен ауылға жүріп кеткен (өкең). 3. Сіз оқуға жазда түскенсіз (күзде). 4. Өткен жылы Сіздер Германияға сапар шеккенсіздер (екі жыл бұрын). 5. Былтыр Сіз ауылда болғансыз (Әйгерім) 6. Сөкен қазақ тіліне көп дайындалған (орыс тілі). 7. Әлішердің әкесі баспа ауруынан ауруханада емделген (емхана). 8. Біз түскі тамақты мейрамханадан ішкенбіз (кафе). 9. Әсет Абай өлеңдерін кітапханадан тапқан (кітап дүкенінен) 10. Әсем өткен аптада Шымкентке барып қайтқан (Қытай)

12-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті етістікті қойып жазыңыз

1. Менің әкем өткен аптада демалысқа ... 2. Собит кеше мұғалімге ... 3. Сіздер кешке адасып, үйімді көп ... 4. Біз қазақ тілін мектепте ... 5. Біз Италияға ұшақпен ... 6. Сен сабаққа жаңа костюм ... 7. Берік таңертең дене шынықтыру жаттығуларын ... 8. Менің інім былтыр университетті 9. Біз өткен жексенбіде қонақ ... 10. Былтыр сен оқуға ... 11. Айжан өткен жазда жұмысқа ... 12. Олар демалыс күндерін Медеуде ...

Керекті етістіктер: өткізу, бітіру, кию, орналасу, оқу, орындау, ұшу, іздеу, шақыру, түсу, шығу, көмектесу.

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді бұрынғы өткен шаққа айналдырыңыз

Үлгі: Біз мына үйде тұрдық. — *Біз мына үйде тұрғанбыз.*

1. Біз мына үйде тұрдық. 2. Ксения сауда орталығынан керемет көйлек сатып алды. 3. Біздің пәтерімізде бұрын екі бөлме болды. 4. Менің қарындасым ауылға хат жіберді 5. Біз таңертең дене шынықтыру жаттығуларын орындадық. 6. Ауылда егіншілер егін екті. 7. Дана кітапханада жұмыс істеді 8. Сенің отбасың Астанаға көпті 9. Сауда үйінен мата алдым. 10. Кешке Әуезов атындағы театрға бардық. 11. Сіз сағат алтыда тұрдыңыз. 12. Студенттер мына жаттығуды орындап болды. 13. Жанат медициналық академияда оқыды. 14. Дәрігер ауру адамды тексерді. 15. Біз базардан көкөніс пен жеміс-жидек алдық.



Отрицательная форма давнопрошедшего времени образуется при помощи отрицательных суффиксов — *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе:* *кел-ме-ген-сүц «ты не приходил», айт-па-ған-быз «мы не говорили».*

14-жаттығу. Мына етістіктерге бұрынғы өткен шақтың жұрнақтарының бірін қосыңыз және оларды болымсыз формаға қойыңыз

Үлгі: айту – *айтқан* – *айтпаған*; ..

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, тағу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жағу, көру, сону, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшесу, өсу, пісу, беру, сағыну, қсбу, төгу, сену, жүру, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, жеу, шолдеу, ұялу, тұру, үйлену, үйдемеу, шығу, іздеу, көшу, ілу, істеу.



Отрицательная форма давнопрошедшего времени образуется также при помощи отрицаний *жоқ* и *емес*, которые пишутся раздельно. При этом личные окончания глаголов присоединяются к отрицаниям *жоқ* и *емес*. Например: *жаз-ған жоқ-пын*; *жаз-ған емес-пін* «я не писал».

15-жаттығу. Болымсыз етістіктерге айналырыңыз

Үлгі: келгенбіз – *келген жоқпыз, келген емесіз*; ...

Келгенбіз, үйреткен, барғансыңдар, сөйлескенмін, бітіргенсіз, бергенбіз, үйренгенсіздер, ойнағансыңдар, оқығанбыз, тындаған, жеген, кигенмін, алғансыңдар, ішкенсіңдер, қашқан, ұиықтағанмын, ұмытқан, білгенсің.

16-жаттығу. Мына сөйлесімдерді болымсыз түрге айналырыңыз

Үлгі: Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алғанбыз. – *Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алған жоқпыз (емесіз).*

1. Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алғанбыз. 2. Әжесі ауруханада көп емделген. 3. Сәкен өткен жылы ауыр жұмыс істеген. 4. Біз түнімен ұйықтағанбыз. 5. Сіз үйден екіде шыққансыз. 6. Сіз кітапты мұғалімге бергенсіз. 7. Жұмыс жексенбіде аяқталған. 8. Сендер оқуды жақсы оқығансыңдар. 9. Сен алтыда үйге келгенсің. 10. Әлия осы жаттығуды оңай орындаған. 11. Сіздер тауда шаңғы тепкенсіздер. 12. Жамал мектепте жақсы оқыған.

17-жаттығу. Қазақ тіліне ауларыңыз.

1. Я не был во Франции. 2. Мы не спали до трех часов ночи. 3. Вы не попрощались с учителем. 4. Мы не подготовились к уроку. 5. Ты не выступал на собрании. 6. Марал не ходила в гости. 7. Вы шили красивое платье. 8. Мадина не готовила ужин. 9. Мы не смотрели вчера телевизор. 10. Я не читала эту книгу. 11. Они ничего не нашли. 12. Сауле не работала здесь. 13. Я не ожидала этого.

18-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз

1. Жәмила Қызылордада туған, ал Сіз? 2. Сәрсен екі қабатты үйде тұрған, ал Сіз? 3. Файни мектепті үздік бағамен бітірген, ал Сіз? 4. Шолпан оқуға медициналық академияға түскен, ал Сіз? 5. Әсет жақсы қызметте істеген, ал Сіз? 6. Арман үйленген, ал Сіз? 7. Айжан АҚШ-та оқыған, ал Сіз? 8. Сәния шетелде болған, ал Сіз? 9. Жомарт Түркияда демалған, ал Сіз? 10. Менің досым Таразда тұрған, ал Сіз?

3. ЛЕКСИКА: ПОЙЫЗБЕН САЯХАТ ЖАСАУ.



19-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Пойызбен саяхат жасау

Менің атым Ксения. Мен Семейденмін. Мен медицина академиясының екінші курсында оқып жүрмін. Қызмет бабымен ел ішінде немесе шетелге сапар шекпеймін, өйткені студентпін. Жазғы демалыста ата-анама барып тұрамын. Олар Семейде тұрады. Семейге дейін ұшақ, пойыз және автобустар барады. Студент болған соң, ұшаққа отырмаймын. Билеті қымбат болғандықтан, пойызбен жүремін. Өткен жолы да пойызға отырдым. Теміржол бекетіне кіріп, ең алдымен анықтама бюросына бардым.

— Кешіріңіз, Семейге дейін қандай пойыз жүреді? Қай кассадан билет сатып алуға болады? Қай платформаға шығуым керек? Пойыз қай платформаға тоқтайды? Қай жолдан жүреді? Купелі вагонға билет бар ма?

— Семейге екі жолаушылар пойызы жүреді. Біреуі жүрдек пойыз. Кестені қараңыз. Пойыздың келуі де, кетуі де анық көрсетілген. Бесінші кассадан билет сатып алыңыз. Купелі вагонға да, плацкарт вагонға да билеттер бар. Пойызыңыз екінші платформаға тоқтайды. Бірінші жолдан жүреді.

Келесі күні мен досыма билет алғыздым. Ол мені шығарып салуға теміржол бекетіне келді. Менің қол жүгім ауыр емес. Перрон басы ығы-жығы халық: жүк көтерушілер, жолаушылар, шығарып салушылар, қарсы алушылар өте көп. Алтыншы вагонды іздеп келе жатырмыз.

— Мынау алтыншы вагон ба?

— Иә, алтыншы вагон. Мен жолсерікпін. Билетіңізді көрсетіңіз. Жолаушы кім?

— Мен. Билетім міне. Менің орным қай купеде? Орным жоғарыда ма, әлде төменде ме?

Жолсерік бәрине жауап берді. Мен төсек-орын алып, төменгі орынға орналастым. Жолсеріктен газет, журнал алып, оларды оқуға кірістім. Пойыз дәл белгіленген уақытында жүріп кетті. Жолаушылар бір-біріне сәтті сапар тіледі.

3. Мен { кассадан билет сатып алдым
алтыншы вагонға отырдым.
бесінші купеге кірдім.
төменгі (үстіңгі) орынға орналастым.
жолсеріктен бір стакан шай сұрадым.

4. Жолаушылар { орындарына орналасты.
жолсеріктен төсек-орын алды.
кестеге қарады.
пойызға жүгірді.
бір-біріне сәтті сапар тіледі.

5. Жолдасым { маған пойызға билет сатып алды.
жолсерікке билетімді көрсетті.
мені шығарып салды.
мені қарсы алды.
жүгімді көтерісті.

23-жаттығу. Мына сөйлемдерді өлкен шактың екі түріне қойып аударыңыз

Үлгі: Сен жазда ауылға сапар шегесің. — *Сен жазда ауылға сапар шектің. Сен жазда ауылға сапар шеккенсің.*

1. Сен жазда ауылға сапар шегесің. 2. Мен Қарағандыда боламын. 3. Мен кассадан билет сатып аламын. 4. Ләззат купелі вагонға отырады. 5. Пойыз бірінші жолдан жүрелі. 6. Жолсерік газет-жорнал, төсек-орын және шай берелі. 7. Әйгерім Мәскеуге үш тәулік жүреді. 8. Сіз төменгі орынға орналасасыз. 9. Мен жоғарғы орынды ұнатамын. 10. Перронда жолаушылар, жүк көтерушілер жүгіріп жүр. 11. Ата-анама пойызға билет сатып ала алмаймын. 12. Мен анықтама бюросында тұрмын.

24-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын қостамаңыз

Үлгі: Әсет ауылға сапар шеккен. — *Жоқ, Әсет ауылға сапар шекпеген, қалада болды.*

1. Әсет ауылға сапар шеккен. 2. Мұрат Айжанға билет алып қойған. 3. Асан жолсеріктен төсек-орын алған. 4. Әлім пойызға кешігіп қалған. 5. Сендер перронда жүргенсіңдер. 6. Сіз төменгі орынға орналасқансыз. 7. Олар жүрдек пойызға мінген. 8. Семейге кеше кеткен. 9. Сәлім үйіне күзде барған. 10. Пойызға билеттер сатылып кеткен. 11. Сенің орның төменде болған. 12. Пойыз Көкшетауға екі тәулік жүрген. 13. Қайтар жолда ұшақпен келген. 14. Оны ешкім қарсы алмаған.

25-жаттығу. Мәнді оқып, өткен шактың екі түріне айналдырыңыз.

Менің жолдасым өндірісте жұмыс істейді, сондықтан қызмет бабымен жиі сапар шегеді. Ол ел ішінде жүреді, шетелге шықпайды. Пойызбен жүруді ұнатады. Билетті алдын ала кассада сатып алады. Теміржол бекетіне пойыздың кетуіне 20 минут қалғанда келеді. Оның Теміржол бекетіне пойыздың кетуіне 20 минут қалғанда келеді. Оның жұрт ауыр болмайды, сондықтан жүк көтерушілерді жалдамайды. Асықпай вагонын табады да, орнына орналасады. Басқа жолаушылармен

танысып әңгімелеседі. Жолшыбай демалады, кітап немесе журнал оқып жатады. Оны ешкім шығарып салмайды, бірақ басқа қалалардың қызметкерлері қарсы алады да, қонақ үйіне апарды.

26-жаттығу. Мына сөйлесулерді оқып, жаттап алыңыз

— Кешіріңіз, жетінші пойыз қашан жүреді?

— Пойыздың жүруіне 20 минут қалды. Жетінші пойызға отырғызу басталды.

* * *

— Астанаға пойыз қай жолдан жүреді?

— Бірінші жолдан. Қай вагон керек еді?

— Он екінші вагон.

— Он екінші вагон пойыздың соңында.

* * *

— Кешіріңіз, екінші вагон пойыздың бас жағында ма, аяқ жағында ма?

— Пойыздың бас жағында. Былай қарай жүріңіз. Асығыңыз, пойыздың жүруіне 2 минут қалды.

* * *

— Кешіріңіз, жүгіңіз ауыр ма? Вагоныңызға апарайын.

— Рақмет. Жүгімді жолдасым апарды

— Мен қымбат алмаймын.

— Оқасы жоқ. Жүгім ауыр емес.

* * *

— Қарағандыда қашан боламыз?

— Ертең, сағат алтыда.

— Келесі бекетте қанша тұрамыз?

— Үш минут.

* * *

— Сіз қай жерге дейін барасыз?

— Қарағандыға дейін. Сіз ше?

— Мен Сізден ертерек түсемін. Отардан.

— Онда бір-бірімізге сәтті сапар тілейік.

27-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Мен ... сапар шегемін. 2. Сәбит ... сатып алған. 3. Астанаға пойыз ... жүреді, ... тоқтайды. 4. Менің ... ауыр, бірақ перронда ... көп. 5. Менің орным 6. ... газет-журнал алу керек. 7. Мәскеуге дейін ... жүрдік. 8. ..., өйткені 9. ... автобусқа отырамын. 10. Мені ... шығарып салды.

28-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

1 Біз былтыр Шымкентке (совершили поездку). 2. Билетті (заранее) кассадан (на скорый поезд) алдық. 3. Оныпшы (пассажирский по-

езд) қай (путь) келіп тоқтайды? 4. Сендер (в купейный вагон) отырдыңдар ма, (в плацкартный вагон) отырдыңдар ма? 5. Пойыз (по расписанию) келеді. 6. Мен пойызға (опоздал). 7. (В справочном бюро) кісі көп. 8. Сіз қай вагонды (ищите)? 9. Менің орным (наверху), Сіздің орныңыз (внизу). 10. (Постель) (у проводника) алу керек. 11. Теміржол бекетінде (пассажиры, носильщики, проводники, встречающие, провожающие) көп.

29-жаттығу. Келесі беттегі кестеге қарап, үлгі бойынша Алматы теміржолымен қатынаигын жолаушылар пойыздары туралы айтыңыз

Үлгі: 1. Бірінші фирмалық пойыз екінші Алматыдан Астанаға бейсенбі күні сағат алтыдан үш минут кеткенде жүреді, ал бірінші Алматыдан сол күні сағат алтыдан он бес минут кеткенде жүреді.

2. Екінші фирмалық пойыз екінші Алматыға сенбі күні таңертеңгі сағат сегізден он минут кеткенде келеді, ал бірінші Алматыға сегізге екі минут қалғанда келеді.

3. Үшінші фирмалық пойыз екінші Алматыдан күнде сағат он екіге он бес минут қалғанда кетеді, бірінші Алматыға он екіден бес минут кеткенде келеді де, бес минут тұрып, он екіден он минут кеткенде Астанаға кетеді.

4. Төртінші фирмалық пойыз Астанадан бірінші Алматыға күнде таңертеңгі сағат сегізден жиырма тоғыз минут кеткенде келеді, бірінші Алматыда бес минут тұрады, ал екінші Алматыға тоғызға жиырма алты минут қалғанда кетіп, жеті минут қалғанда келеді.

30-жаттығу. Осы кестені оқып шығып, сұрақтарға жауап беріңіз

1. №942-ші пойыз қай уақытта жүріп кетеді? 2. Новосибирскіге нешінші пойыз, қай уақытта және қай жерден жүреді? 3. Свердловскіге екінші Алматыдан пойыз бар ма, нешінші пойыз, қай күндері және қай уақытта кетеді? 4. Астанадан Алматыға пойыз бар ма? 5. Шымкентке қандай пойыз және қашан жүреді? 6. Ақтөбеден екінші Алматыға пойыз келе ме? 7. Оралдан Алматыға пойыз қай күндері жүреді? 8. №200-ші пойыз Алматыға қайдан, қашан келеді? 9. Нүкіске қалай баруға болады? 10. Маңғыстауға нешінші пойыз жүреді? 11. Жезқазғаннан №174-ші пойыз сәрсенбі күні келе ме? 12. №199-шы пойыз Алматыға қашан, қай уақытта келеді? 13. №22-ші Алматы-Семей пойызы бүгін жүре ме?

31-жаттығу. Келесі беттегі кесте бойынша жолдасыңызбен сөйлесіңіз.

Үлгі: 1. Астанаға бірінші фирмалық пойыз екінші Алматыдан қай уақытта жүреді? — Астанаға бірінші фирмалық пойыз екінші Алматыдан сағат алтыдан үш минут кеткенде жүреді. 2. Қай күндері жүреді? — Әр аптаның бейсенбі күндері жүреді.

1. Бірінші Алматыға Петропавлдан он алтыншы фирмалық пойыз қай уақытта келеді? — Таңғы алтыдан он төрт минут кеткенде келеді. 2. Неше минут тұрады? — Бес минут тұрады. 3. Екінші Алматыға қашан келеді? — Екінші Алматыға таңғы жетіге жиырма екі минут қалғанда келеді. 4. Қай күндері жүреді? — Он алтыншы фирмалық пойыз күнде жүреді.

**Алматы теміржолымен қатынайтын жолаушылар пойыздарының
жүру кестесі**

№	Дерек	Алматы II		Алматы I			жүретін күндері
		келуі	кетуі	келуі	тұруы	кетуі	
1ф	Алматы II — Астана		18-03			18-15	бейс
2ф	Астана — Алматы II	08-10				07-58	сенбі
3ф	Алматы II — Астана		11-45	12-05	5	12-10	күнде
4ф	Астана — Алматы II	08-53		08-29	5	08-34	күнде
7ф	Алматы II — Мәскеу		07-06	07-25	5	07-30	жүп
8ф	Мәскеу — Алматы II	06-52		06-28	5	06-33	так
9	Алматы II — Астана		10-00	10-20	5	10-25	күнде
10	Астана — Алматы II	17-35		17-10	5	17-15	күнде
11ф	Алматы II — Шымкент		18-13	18-32	5	18-37	күнде
12ф	Шымкент — Алматы II	09-48		09-24	5	09-29	күнде
13	Урумчи — Алматы II		20-20	20-40	20	21-00	күнде
14	Алматы II — Урумчи	09-05		09-25	20	09-45	күнде
15ф	Алматы II — Петропавл		13-25	13-55	5	14-00	күнде
16ф	Петропавл — Алматы II	06-38		06-14	5	06-19	күнде
21	Семей — Алматы II		11-19	10-40	20	11-00	күнде
22	Алматы II — Семей	16-20		16-40	20	17-00	күнде
23	Алматы I — Ақтобе			11-05		14-30	күнде
24	Ақтобе — Алматы I			09-50			күнде
27	Павлодар — Алматы I					17-55	күнде
28	Алматы I — Павлодар					20-20	күнде
43ф	Алматы I — Қостанай			10-15			күнде
44ф	Қостанай — Алматы I					21-22	күнде
45	Алматы I — Павлодар			05-58			күнде
46	Павлодар — Алматы I		19-48	20-08	12	20-20	күнде
47	Алматы II — Қостанай		10-45	10-15	10	10-25	күнде
48	Қостанай — Алматы II			08-54		15-00	күнде
51	Алматы I — Қарағанды			14-19	5	14-44	так
52	Қарағанды — Алматы I			19-32	5	19-13	жүп
171	Алматы II — Атырау			23-05	5	23-29	сөрс.
172	Атырау — Алматы II	19-32					жөкс
173	Алматы II — Жезқазған			05-35	5	05-40	жөкс
174	Жезқазған — Алматы II	06-00					бейс.
177	Алматы II — Маңғыстау		14-19	14-39	5	14-44	жүп
178	Маңғыстау — Алматы II	15-40		15-10	10	15-20	жүп
179	Алматы II — Орал		14-55	15-15	12	15-27	жүп
180	Орал — Алматы II	21-45		21-20	5	21-25	так
185	Новокузнецк — Бішкек II			13-06	20	13-26	күнде
186	Бішкек II — Новокузнецк			17-54	22	18-16	күнде
199	Ташкент — Иркутск			16-57	23	17-20	күнде
200	Иркутск — Ташкент			01-35	20	01-55	күнде
201	Новосибирск — Алматы II		09-58	09-19	20	09-39	жүп
202	Алматы II — Новосибирск	16-37		16-57	23	17-20	жүп
203	Алматы II — Свердловск		11-23	11-42	5	11-47	сөрс
204	Свердловск — Алматы II	22-42		22-17	5	22-22	жұма
221	Алматы II — Нүкіс		19-35	19-55	5	20-00	күнде
222	Нүкіс — Алматы II	12-55		12-26	10	12-36	күнде
225	Алматы I — Новосибирск			09-19			жүп
226	Новосибирск — Алматы I					13-40	так
251	Защита — Алматы II		07-04	06-27	18	06-45	күнде
252	Алматы II — Защита	12-00		12-20	20	12-40	күнде
921	Алматы I — Ақтобе					05-20	жүп
922	Ақтобе — Алматы I			10-05			так
941	Защита — Алматы I			20-15			жүп
942	Алматы I — Защита					08-27	так

32-жаттығу. Теміржол бскетіндегі хабарламаны тыңдап, орыс тіліне аударып жазыңыз.

33-жаттығу. Томеіндегі билеттерді оқып, жолаушылар. а) қай жерге. б) қай пойызбен; в) қай күні, г) сағат нешеде, г) қай вагонмен, г) нешінші орында сапар шеккенін айтыңыз. Томеіндегі кестені толтырыңыз

	1-жолаушы	2-жолаушы
Аты-жопн Бағыты Пойыз № Вагон № Орын № Күні Уақыты		

27	КЗХ	АСУ «ЭКСПРЕСС»	ПРОЕЗДНОЙ ДОКУМЕНТ	БД 0635860						
ПОВЗД	ОТПРАВЛЕНИЕ					ВАГОН	ЦЕНА			ВИД
№ шифр	ЧИСЛО	МЕСА	ЧАС	МИН.	№ тип	Билет	Платформа	Колонт. марка	ДОКУМЕНТА	
004 ЦЦ	20.08	11.52	04 К	0001711	0003162	Б1	ПОЛНЫЙ			
АСТАНА-АЛМА АТА 2 (2700000-2700001) ФИРМ										
МЕСТА 007 55 КЗХ										
БД 635860 МЗК Н1 0040103 200700 1035 ЦЦ/ЦЦ1/Н										
УЛ000117136/УРАЛОВА-УА										
Н-СБ 1 7 ТЕН=ТАР 3773+КСБ.44+СТР.Б В Т.Ч.НДС 500 ТЕН										
ПРИВЫТИЕ 21.08 В 08.53										
ВРЕМЯ АСТАНИНСКОЕ										
ОПЛАЧЕНО 200 руб 100 руб/кв.метр № 10/00000										

27	КЗХ	АСУ «ЭКСПРЕСС»	ПРОЕЗДНОЙ ДОКУМЕНТ	БД 0635860						
ПОВЗД	ОТПРАВЛЕНИЕ					ВАГОН	ЦЕНА			ВИД
№ шифр	ЧИСЛО	МЕСА	ЧАС	МИН.	№ тип	Билет	Платформа	Колонт. марка	ДОКУМЕНТА	
0051 ЦЦ	29.12	13.00	01 К	0001711	0003062	Б1	ПОЛНЫЙ			
АЛМА АТА1 КАРАГАНДА(2700000-2700001) ФИРМ										
МЕСТА 023 55 КЗХ										
БД 635860 МЗК Н1 0040103 200700 1035 ЦЦ/ЦЦ1/Н										
УЛ000117136/УРАЛОВА-УА										
Н-СБ 1 7 ТЕН=ТАР 3773+КСБ.44+СТР.Б В Т.Ч.НДС 500 ТЕН										
ПРИВЫТИЕ 21.08 В 08.53										
ВРЕМЯ АСТАНИНСКОЕ										
ОПЛАЧЕНО 200 руб 100 руб/кв.метр № 10/00000										

34-жаттығу. Жоғарыдағы кестені пайдалана отырып, жолаушылар туралы толық мәлімет беріңіз

Үлгі: Бірінші жолаушы — Уралова У. А. Ол Астанадан Алматыға төртінші пойызбен тамыздың жиырмасында сағат он екіге сегіз минут

қалғанда шыққан. Төртінші купелі вагонның төртінші (төменгі) орнына билет сатып алған.

35-жаттығу. Дәптеріңізе жоғарыдағыдай кесте сызып, өзіңіздің мәліметіңізбен толтырыңыз да, өңгімеленіз

36-жаттығу. Пойызбен жол жүру туралы жолдасыңызбен сөйлесіңіз

— Сіз қызмет бабымен сапар шегесіз бе?

—

— Сіз ел ішінде сапар шегесіз бе, шетелге ме?

—

— Өткен жолы пойызбен қайда бардыңыз?

—

— Жүрдек пойызға міндіңіз бе?

—

— Қай бекеттен түстіңіз?

—

— Сіз пойызға кешігіп қалған жоқсыз ба?

—

— Пойыз кесте бойынша келді ме, кешігіп келді ме?

—

— Билетті алдын ала алдыңыз ба?

—

— Сізді кім шығарып салды, кім қарсы алды?

—

— Неше сағат жүрдіңіз?

—

— Сапарыңыз сәтті болды ма?

—

37-жаттығу. а) жолаушы және анықтама бюросының қызметкері, о) жолаушы және жолсерік, б) екі жолаушы арасында сөйлесу құраңыз

38-жаттығу. “Пойызбен жол жүру” тақырыбына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

19-сабақ

Причастие.

Причастия в казахском языке делятся на 3 группы:

1) **причастия будущего времени;** (См. 13-сабақ, раздел. “Будущее предположительное время”);

2) **причастия переходного прошедшего времени;** (См. 21-сабақ, раздел “Давнопрошедшее время”),

3) причастия прошедшего времени, которые образуются присоединением к корню или основе глагола суффиксов *-қан/-ген, -қан/-кен*

После глухих согласных в твердом слоге	-қан	<i>бас-қан</i> “ступивший”; <i>қайт-қан</i> “возвратившийся”
После глухих согласных в мягком слоге	-кен	<i>жет-кен</i> “достигший”; <i>кет-кен</i> “ушедший”
В остальных случаях в твердом слоге	-ған	<i>қара-ған</i> “смотревший”, <i>жаз-ған</i> “писавший”
В остальных случаях в мягком слоге	-ген	<i>же-ген</i> “принимавший пищу”; <i>құл-ген</i> “смеявшийся”

В предложении причастия могут выполнять функцию любого члена предложения.

Функция	-	<i>ған/-ген, -қан/-кен</i>
Подлежащее	<i>Айтқаның</i> дурыс. “Сказанное тобой – верно”	
Сказуемое	<i>Мен саған айтқанмын.</i> “Я тебе говорил (когда-то).”	
Дополнение	<i>Сен айтқаныңды түсіндің бе?</i> “Ты понял то, что я тебе сказал?”	
Определение	<i>Мұны айтқан адам осында отыр.</i> “Человек, рассказавший об этом, сидит здесь”	

Отрицательная форма причастия прошедшего времени образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола. *кел-ме-ген* “не приходивший”, *айт-па-ған* “не сказавший”.

Давнопрошедшее время (-ған/-ген; -қан/-кен).

В казахском языке имеется форма прошедшего времени, которое обозначает действие, завершившееся в прошлом, или до начала другого действия в прошлом. Оно образуется двумя способами

1) путем прибавления к корню или основе глагола суффиксов деспричастия *-ып/-ті/-п* (См. 20-сабақ, раздел: “Давнопрошедшее время”),

2) путем прибавления к корню или основе глагола суффиксов причастия прошедшего времени *-қан/-кен* (после глухих согласных) и *-ған/-ген* (во всех остальных случаях) и личных окончаний глагола. Например *Ол жаз-ған* “Он писал (когда-то)”

Спряжение глагола *жазу* в давнопрошедшем времени (1 способ)

Единственное число	Множественное число
I. <i>Мен жаз-ған-мын</i> “Я писал”	I. <i>Біз жаз-ған-быз</i> “Мы писали”
II. <i>Сен жаз-ған-сың</i> “Ты писал” <i>Сіз жаз-ған-сыз</i> “Вы писали”	II. <i>Сендер жаз-ған-сыңдар</i> “Вы писали” <i>Сіздер жаз-ған-сыздар</i> “Вы писали”
III. <i>Ол жаз-ған- □</i> “Он (она) писал(а)”	III. <i>Олар жаз-ған- □</i> “Они писали”

Отрицательная форма глагола образуется 2 способами:

1) при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*: *кел-ме-ген-сін* “ты не приходил”, *айт-па-ған-быз* “мы не говорили”;

2) при помощи отрицаний *жоқ* и *емес*, которые пишутся раздельно. При этом личные окончания глаголов присоединяются к отрицаниям *жоқ* и *емес*. Например: *жаз-ған жоқ-пын, жаз-ған емес-пін* “я не писал”

20-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Қалау рай.
2. Грамматика:
 - 2.1. Көсемше.
 - 2.2. Бұрынғы өткен шақ (-ып/-іп/-п).
3. Лексика: Ұшақпен саяхат жасау.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ҚАЛАУ РАЙ.

1-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

Үлгі: Сіздің не істегіңіз келіп отыр? (демалу). — *Менің демалғым келіп отыр.*

1. Сіздің не істегіңіз келіп отыр? (демалу). 2. Кеше балалардың не істегісі келді? (балмұздақ жеу). 3. Менің не істегім келеді? (жақсы жұмыс табу). 4. Маралдың не істегісі келеді? (шетелге бару). 5. Сіздердің не істегілеріңіз келіп отыр? (шахмат ойнау). 6. Кеше сенің не істегің келді? (билеу). 7. Кеше менің не істегім келді? (коньки тебу). 8. Біздің не істегіміз келеді? (кино көру). 9. Серіктің не істегісі келіп отыр? (су ішу). 10. Ерген менің не істегім келеді? (паркте қыдыру). 11. Ертен Сіздің не істегіңіз келеді? (ауылға бару). 12. Кеше олардың не істегілері келді? (спорт кешеніне бару). 13. Кеше Сіздің не істегіңіз келді? (тауға көтерілу). 14. Ләззаттың не істегісі келіп отыр? (жаңа киім алу). 15. Гауһардың не істегісі келеді? (жақсы оқу).

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Менің ... келіп отыр. 2. Біздің ... келеді. 3. Кеше Мараттың ... келді. 4. Бүгін сендердің ... келіп отыр. 5. Кеше біздің ... келді. 6. Ертен Сіздердің ... келеді. 7. Қазір сенің ... келіп отыр. 8. Сіздің келе ме? 9. Демалыста олардың ... келе ме? 10. Кеше бәріміздің ... келді. 11. Сенің ... келеді?. 12. Балалардың ... келеді. 13. Қазір Сіздің ... келіп отыр ма? 14. Былтыр менің ... келді? 15. Жазда отбасымыздың ... келеді.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз

Үлгі: Менің киноға барғым келеді (мен). — *Ал менің киноға барғым келмейді.*

1. Менің киноға барғым келеді (мен). 2. Менің сіндімнің қазақ халық музыкасының концертіне барғысы келіп отыр (Ермек). 3. Кеше біздің сауда үйінен жаңа зат алғымыз келді (сен). 4. Сіздердің үйге қайтқыларыңыз келіп отыр (мен). 5. Рашидтың інісінің оскісі келеді (біз). 6. Менің балмұздақ жегім келіп отыр (мен). 7. Кеше студенттердің емтихан тапсырғысы келді (біз). 8. Ләззаттың бас жұлде алғысы келді (Ажар). 9. Оның менімен танысқысы келді (мен). 10. Осы мұғалімнің

сабағына қатысқымыз келді (Сағира) 11. Зейнептің күні бойы үйінде отырғысы келеді (біз). 12. Баланың балабақшаға барғысы келді (мен). 13. Менін мына институтта оқығым келсді (Жәнібек). 14. Сенімен кеше сөйлескім келді (мен). 15. Ұнақпен алыс жерлерге ұшқым келіп отыр (ата-ана).

2.1. КОСЕМШЕ.

айт
сат
бат

-қалы

кет
жет
шеш

-келі

жаз
жан
қыр

-ғалы

ки
сез
жең

-гелі

4-жаттығу. Мына етістіктерге көсемшенің *-ғалы/-гелі/-қалы/-келі* жұрнағының бірін қосыңыз

Жүру, бару, жазу, көру, ашу, жабу, кету, алу, беру, жату, болу, өткізу, жету, көрсету, біту, келу, апару, тебу, үйрену, жіберу, шақыру, сөйлесу.

5-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мен сенімен сөйлескелі келдім. 2. Бұл мектеп ашылғалы екі жыл болды. 3. Жиналыс басталғалы бір сағат болды. 4. Қарағандыға бармағалы көп болды. 5. Сені көрмегелі көп уақыт өтті. 6. Біз қазақ тілінен емтихан тапсырғалы отырмыз. 7. Ертең Астанаға жүргелі отырмыз. 8. Ауылда болмағалы біраз жыл өтті. 9. Темекі тартпағалы екі жыл болды. 10. Жұмыс істегелі үйге кеш қайтатын болды.

6-жаттығу. Жақшадағы етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз

1. Мен саған (бару) жатырмын. 2. Сені (көрмеу) үш жыл өтті. 3. Мартина Кәрімге хат (жазу) отыр. 4. Досым туралы (білу) келдім. 5. Кітап (сатып алу) үйде ештеңе істемейсің. 6. Оқуға (бару) жарты жыл болды. 7. Ет (пісу) қашан! 8. Сабақ (біту) қанша болды? 9. Жиналыс (басталу) көп болды ма? 10. Тамақ (ішпеу) қанша!

айт
бар
жат

-а

кет
көр
жең

-е

же
ойна
қара

-й

7-жаттығу. Мына етістіктерге көсемшенің *-а/-е/-и* жұрнағының бірін қосыңыз

Табу, жеу, жуу, пісу, тапсыру, жағу, бату, сөну, кіру, шығу, жүргізу, қалу, кету, алу, беру, жату, озу, сезу, оту, жету, қану, қону, бағу, сену, әкелу, қарау, шақыру, сөйлесу, келу, итеру, білу, үйрету, жіберу, аралау.

8-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мен сені асыға күтсемін. 2. Тамағыңды ішпей далаға шықпайсың! 3. Сабағың оқымай ешқайда бармасын. 4. Жұмысыңызды бітірмей үйге қайтпайсыз! 5. Жолды сұрай-сұрай Меккеге де жетесін. 6. Сен балаңмен сойлестей кеттін бе? 7. Сабағыңды оқымай келме! 8. Сабақ өзірлеп отырып жолдасшымен сөйлесіп отырсын. 9. Кітап оқымай білімді болмайсың. 10. Жұмыс істемей отырмақсың ба?

9-жаттығу. Жакшалағы етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз.

1. Жаттығуды (орындау) отырып, музыка тыңдалды. 2. Шешесі тамақ (пісіру) жатып теледидар көрді. 3. Балалар Жаңа жылды (асығу) күтеді. 4. Еңбек (етпеу) адам болмайсын. 5. Серікті (таппау) келме! 6. Кітаптың бетін (ашпау) қалай оқисың? 7. Тамақ (ішпеу) жұмысты қалай істейсіз? 8. Жылы киім (кимеу) болмайды, дала өте суық. 9. Сурет (салмау) отыра алмайды. 10. Тамақ (пісірмеу) отырамыз ба? 11. Жұмыс (істеу) отырып баласы туралы ойлады.

айт
бар
жат

→ -ып

кет
көр
жең

→ -іп

же
ойна
қара

→ -п

10-жаттығу. Мына етістіктерге көсемшенің *-ып/-іп/-п* жұрнағының бірін қосыңыз

Тосу, ұшу, түсіну, тыңдау, кесу, жинау, билеу, жазу, көру, ашу, жабу, шығару, кету, алу, беру, жату, қалу, озу, сезу, өту, жету, қану, қону, басу, сөйлесу, көрсету, біту, келу, ойнау, тсбу, жуу, жіберу, кіру, ішу.

11-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Шешем жұмыстан шаршап келді. 2. Біз киініп жұмысқа кеттік. 3. Бала оянын жылады. 4. Жеңіс үш сағат ұйықтап тұрды. 5. Өлеңді жатқа үйреніп алып, мұғалімге айтып берді. 6. Жерге құлап, аяғын сындырып алды. 7. Әдемі көйлек сатып алып, шешесіне көрсетті. 8. Сұрақтарға жауап беріп, мәтінді аударуға кірісті. 9. Үсен жұмысқа бара жатып жерге құлады. 10. Есепті шығарып, әкесіне көрсетті.

12-жаттығу. Жакшалағы етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз.

1. Шашын (тарау) айнаға қарады. 2. Нанға май (жағу) жеді. 3. Асан кітапты (ашу), оқи бастады. 4. Қонақтар өн (айту), би биледі. 5. Атам (емделу), жазылып шықты. 6. Данияр кітабын (іздеу) тапты. 7. Әрсен шешесін оуежайдан (қарсы алу), үйге әкелді. 8. Студенттер сұрақ (қою), жауап берді. 9. Болменді (жинау), бара бер! 10. Қазақ тілін (үйрену) қазақша сойлей аламын.

13-жаттығу. Мына етістіктерден көсемшенің үш түрін жасаңыз.

Үлгі: көру: *көр-гелі – көр-е – көр-ін;* ...

Көру, тосу, ұшу, түсіну, тыңдау, кесу, жинау, билеу, жазу, ашу, жабу, шығару, кету, алу, беру, жату, қалу, озу, сезу, өту, жету, қану,

қону, басу, сөйлесу, көрсету, біту, келу, ойнау, тебу, жуу, кіру, ішу, табу, жеу, пісу, тапсыру, жағу, бағу, сөну, шығу, жүргізу, сену, өкелу, қарау, шақыру, сөйлеу, итеру, білу, үйрету, кию, жүру, бару, жию, қашу, шашу, апару, үйрену, жіберу, аралау.

14-жаттығу. Мына етістіктерден көсемше жасап, сөйлем құраңыз

Сөйлесу, көру, айту, жұмыс істеу, тыңдау, сұрау, өлшеу, жеу, асығу.

15-жаттығу. Мына мақал-мәтелдер мен өлеңді оқып, орыс тіліне аударыңыз және жаттап алыңыз.

Жаман айтпай жақсы жоқ.

Жігерсіз адам жетімсіреп тұрады.

Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.

Екпей егін шықпас,
Үйренбей білім жұқпас.

Бөрік тіктім.
Он ойланып,
Тоғыз толғанып,
Сегіз рет сызып,
Жеті рет бұзып,
Алты рет қарап,

Бес рет санап,
Төрт түйме қадап,
Үш тал үкі тағып,
Екі қолым талып,
Бір бөрік тіктім,
Әзер деп біттім.

(Өтепберген Ақыпбекұлы)

2.2. БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚ (-ып/-іп/-п).

16-жаттығу. Мына етістіктерді бұрынғы өткен шаққа қойыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: айту – *айт-ып-ты* «говорил когда-то, оказывается»

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, өкелу, әңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, ұялу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, көру, сөну, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, өсу, пісу, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, шөлдеу, ілу, тұру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, беру, істеу.



Жекеше түрі	Көпше түрі
I. Мен жаз-ып- <u>пын</u> «Я писал»	I. Біз жаз-ып- <u>пыз</u> «Мы писали»
II. Сен жаз-ып- <u>сың</u> «Ты писал» Сіз жаз-ып- <u>сыз</u> «Вы писали»	II. Сендер жаз-ып- <u>сындар</u> «Вы писали» Сіздер жаз-ып- <u>сыздар</u> «Вы писали»
III. Ол жаз-ып- <u>ты</u> «Он (она) писал(а)»	III. Олар жаз-ып- <u>ты</u> «Они писали»

17-жаттығу. Мына етістіктерді бұрынғы өткен шақта жіктеңіз.

Ашу, түру, жабу, келу, кету, қуану, үйлену, жету, сату.

18-жаттығу. Оқып, өткен шақтың және бұрынғы өткен шақтың формаларын салыстырыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Мен кеше дүкенге бардым.	— Мен дүкенге барыппын.
Сен жазда Шымкентте болдың.	— Сен жазда Шымкентте болыпсың
Сіз ауылда демалдыңыз.	— Сіз ауылда демалыпсыз.
Әсет теледидар көрді	— Әсет теледидар көріпті.
Біз ертеңі сабаққа әзірлендік.	— Біз ертеңі сабаққа әзірленіптіз.
Сендер үйде отырдыңдар.	— Сендер үйде отырыпсыңдар.
Сіздер үйге хат жаздыңдар.	— Сіздер үйге хат жазыпсыздар.
Олар Мәскеуге ұшты.	— Олар Мәскеуге ұшыпты.

19-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, соныан өзіңіз оқыңыз

1. Мен отырыппын. Мен тоқып отырыппын. Мен үйде тоқып отырыппын. Мен демалыста үйде тоқып отырыппын. Мен өткен демалыста үйде тоқып отырыппын. Мен өткен демалыста сенімен бірге үйде тоқып отырыппын.

2. Сен дайындалыпсың. Сен емтиханға дайындалыпсың. Сен кеше емтиханға дайындалыпсың. Сен кеше кешке емтиханға дайындалыпсың. Сен кеше кешке үйінде емтиханға дайындалыпсың. Сен кеше кешке үйінде емтиханға демалмай дайындалыпсың.

3. Сіз жүріпсіз. Сіз ойланып жүріпсіз. Сіз далада ойланып жүріпсіз. Сіз далада көп ойланып жүріпсіз. Сіз суық далада көп ойланып жүріпсіз. Сіз кеше суық далада көп ойланып жүріпсіз.

4. Ол кездесіпті. Ол досымен кездесіпті. Ол өзінің досымен кездесіпті. Ол былтыр өзінің досымен кездесіпті. Ол былтыр өзінің досымен сауда орталығында кездесіпті. Ол былтыр өзінің досымен Алматыдағы сауда орталығында кездесіпті.

20-жаттығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түрине айналдырып, қайтадан оқыңыз

21-жаттығу. Жолдасыңыздың сөзін қостаманыз Дұрыс жауап беріңіз.

Үлгі: Берік былтыр мектеп бітіріпті (оның ағасы). — *Берік емес, оның ағасы бітірді.*

1. Берік былтыр мектеп бітіріпті (оның ағасы) 2. Студенттер қазақ тілін тез үйреніпті (Сіз).

3. Сіз оқуға жазда түсіпсіз (менің сіңлім).

4. Өткен жылы Сіздер Австрияға сапар шегіпсіздер (екі жыл бұрын)

5. Былтыр Сіз ауылда болыпсыз (Әйгерім).

6. Сәкен қазақ тіліне көп дайындалыпты (орыс тілі).

7. Әлішердің әкесі ауруханада емделіпті (смахана).

8. Біз түскі тамақты мейрамханадан ішіппіз (кафе).

9. Әсет Абай өлеңдерін кітапханадан тауыпты (кітап дүкенінен)

10. Әсем өткен аптада Монголияға жүріп кетіпті (Қытай).

22-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті етістіктердің бірін қойып жазыңыз

1. Менің ағам өткен жылы шетелге 2. Менің інім былтыр университетке 3. Сіздер кеше шығарма 4. Біз қазақ тілін тез арада

5 Мұрат суық суға 6. Сен сабаққа нашар 7 Біз оларды өткен жолы футболдан 8. Сөбит кеше мұғалімге не ...? 9. Марал мен Жомарт өткен күзде 10. Былтыр менің досым Италияға 11. Біз қонаққа 12. Олар жұмыстарын уақытында

Керекті етістіктер: бітіру, үйлену, өзірлену, айту, кешіну, ұшу, үйрену, жеңу, жуыну, кету, түсу, жазу

23-жаттығу. Мына сөйлемдерді бұрынғы өткен шаққа айналдырыңыз.

Үлгі: Біз мына үйде тұрдық. — *Біз мына үйде тұрыппыз.*

1. Біз мына үйде тұрдық. 2. Ксения сауда орталығынан керемет көйлек сатып алды. 3. Біздің пәтерімізде бұрын екі бөлме болды. 4. Менің қарындасым ауылға хат жіберді. 5. Біз таңертең дене шынықтыру жаттығуларын орындалдық. 6. Ауылда егіншілер егін екті. 7. Дана кітапханада жұмыс істеді. 8. Сенің отбасың Астанаға көшті. 9. Сауда үйінен мата алдым. 10. Кешке Әуезов атындағы театрға бардық. 11 Сіз сағат алтыда тұрдыңыз. 12. Студенттер мына жаттығуды орындап болды. 13. Жанат медициналық академияда оқыды. 14. Дәрігер ауру адамды тексерді. 15 Біз базардан көкөніс пен жеміс-жидек алдық.

24-жаттығу. Оқып. салыстырып, орыс тіліне аударыңыз

1. Мен кеше дүкенге бардым. Мен кеше дүкенге барғанмын
Мен кеше дүкенге барыппын.

2. Сен жазда Шымкентке сапар шектің. Сен жазда Шымкентке сапар шеккенсің. Сен жазда Шымкентке сапар шегіпсің.

3. Сіз ауылда демалдыңыз. Сіз ауылда демалғансыз. Сіз ауылда демалыпсыз.

4. Әсет іс-шідар корді. Әсет теледидар көрген. Әсет теледидар көріпті.

5. Біз ертеңгі сабаққа әзірлендік. Біз ертеңгі сабаққа әзірленгенбіз. Біз ертеңгі сабаққа әзірленішіз.

6. Сендер асханадан тамақтандыңдар. Сендер асханадан тамақтанғансыңдар. Сендер асханадан тамақтаныпсыңдар.

7. Сіздер үйге хат жаздыныздар. Сіздер үйге хат жазғансыздар. Сіздер үйге хат жазыпсыздар.

8. Олар Мәскеуге ұшты. Олар Мәскеуге ұшқан. Олар Мәскеуге ұшыпты.

25-жаттығу. Мына сөйлемдерді бұрынғы өткен шақтың екі формасына қойыңыз.

Үлгі: Мына бөлмеде апам отырды. — *Мына бөлмеде апам отырған. Мына бөлмеде апам отырыпты.*

1. Мына бөлмеде апам отырды. 2. Әмина дүкенге жаяу барды
3 Студенттер оқуды қызығып оқыды. 4. Ермек сурет салды. 5. Біз кітапханадан келдік. 6. Балалар үйдің артында ойнады. 7. Ерлан емханада емделді. 8. Сенің атаң ауылдан ст әкелді. 9. Әсел Әл-Фараби университетін бітірді 10. Қар жауды. 11. Мұражайда көп экспонат көрдік. 12. Емтиханға жақсы дайындалдық 15. Мен Ал-

матыда тұрдым. 16. Атам кітап жазды. 17. Жанар диванда ұйықтады. 18. Менің қарындасым дәрігер болды. 19. Сендер биледіндер. 20. Жүніс базарда саудаласты.



Отрицательная форма давнопрошедшего времени (2) образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*: *кел-ме-п-сің* «ты, оказывается, не приходил», *айтпа-п-ңыз* «мы, оказывается, не сказали».

26-жаттығу. Мына етістіктерге бұрынғы өткен шақтың жұриактарының бірін қосыңыз және оларды болымсыз формаға қойыңыз.

Үлгі: айту – *айтыпты* – *айтпапты*; ...

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, тағу, дайындалу, сіу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, көру, сөну, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, калу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, осу, пісу, беру, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, жеу, шөлдеу, ұялу, тұру, үйлену, үлдемеу, шығу, іздеу, көшу, ілу, істеу.

27-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз.

1. Мұғалім сабаққа келіпті. 2. Берік өткен айда үйленіпті. 3. Сен жазда Ұлыбританияға барыпсың. 4. Біз мейрамханада тамақтаныппыз. 5. Сіз үйден екіде шығыпсыз. 6. Сіз кітапты бітіріпсіз. 7. Жұмыс жексенбіде аяқталыпты. 8. Сендер оқуды жақсы оқыпсыңдар. 9. Сен алтыда үйге келіпсің. 10. Студенттер осы жаттығуды оңай орындапты. 11. Сіздер Медеуде коньки теуіпсіздер. 12. Мектепте нашар оқыпты.

28-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. Я, оказывается, не был на Чимбулаке. 2. Мы, оказывается, не спали до трех часов ночи. 3. Вы, оказывается, не попрощались с учителем. 4. Мы, оказывается, не выучили урок. 5. Ты, оказывается, не выступал на собрании. 6. Марал, оказывается, не пошла в гости. 7. Вы, оказывается, не шили красивое платье. 8. Мадина, оказывается, не приготовила ужин. 9. Мы, оказывается, не смотрели вчера телевизор. 10. Я, оказывается, не прочла эту книгу. 11. Они, оказывается, ничего не нашли. 12. Сауле, оказывается, не жила здесь.

3. ЛЕКСИКА: ҰШАҚПЕН САЯХАТ ЖАСАУ.

29-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Ұшақпен саяхат жасау

Дарья Смирнова Алматыға бірінші рет мектепте оқып жүргенде келіпті. Туристтік агенттіктен жолдама алып, Алматыға сапар шегіпті. Бұл оның үлкен қалаға бірінші келуі екен. Алматыға

баруды кішкентай кезінен армандап еді. Енді міне, арманы орындалыпты.

Дарья Петропавлдан Астанаға келіп, Алматыға бару, қайту билеттерін орталық әуежай кассасынан алдын ала алу керек болатын. Таксиге отырып, әуежайға келіпті Анықтама бюросынан сұрапты:

— Кешіріңіз, Алматыға қандай ұшақ ұшады? Қашан және қанша сағат ұшады? Ұшақ жолда қона ма? Алматыда қай уақытта боламыз?

Анықтама бюросының қызметкері барлық сұрақтарына жауап беріпті. Содан кейін Дарья кассаға барып билет сатып алыпты. Алматыға екі рейс бар екен:

ПЕТРОПАВЛДАН

Алматыға

4480	1 . 3 . 5 . 7	18:50	23:00	AN-24
456	1	21:30	00:40	AN-24

АЛМАТЫДАН

Петропавлға

4479	1 . 3 . 5 . 7	09:30	13:40	AN-24
455	1	11:30	15:50	AN-24

Біреуі дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, жексенбі күндері кешкі сағат жетіс он минут қалғанда, ал екіншісі дүйсенбі күндері кешкі сағат тоғыз жарымда ұшады екен. Біріншісі Алматыда түнгі сағат он бірде, ал екіншісі түнгі сағат бірге жиырма минут қалғанда қонады екен. Дарья жексенбіге 4480-ші рейске бару билетін және екі аптадан кейінгі сол күнге 4479-шы рейске қайту билетін сатып алыпты.

Ұшатын күні әуежайға екі сағат бұрын келіп, жол жүгін өлшетіп, тіркеуден өтіпті Біраз уақыттан кейін ұшаққа отырғызу басталыпты. Ұшақта өз орнына орналасыпты

Стюардесса: «Белдіктеріңізді ілгектеніздер, темекі тартуға болмайды, ұшақ 10 000 метр биіктікте, сағатына 1000 шақырым жылдамдықпен ұшады», — деп хабарлап жатты.

Бір сағаттан кейін ұшақ қонуға бет алды. Стюардесса Алматыдағы ауа райы туралы, жолаушылар заттарын жол жүгі бөлімінсін алатынын хабарлапты.

Саяхат жетекшісі Дарьяны және басқа туристерді Алматы әуежайында қарсы алыпты. Сонан соң оларды автобусқа мінгізіп, жиырма бес қабатты «Қазақстан» қонақ үйіне апарып орналастырыпты.

Қайтарда, екі аптадан кейін, Дарья ұшақпен салар шегіпті, өйткені қайту билетін алдын ала Петропавлдан алып қойған.

Сөздік

ұшақ — самолет
 саяхат жасау — совершать поездку
 жолдама — путевка
 армандау — мечтать
 ұшу — летать
 қону — приземляться
 тіркеу — регистрация
 өту — пройти
 біраз — немного
 отырызу — посадка
 белдік — ремень

ілгектеу — пристегивать
 темекі тарту — курить
 биіктік — высота
 жылдамдық — скорость
 хабарлау — объявлять
 бет алу — направляться
 жол жүгі бөлімі — багажное
отделение
 саяхат жетекшісі — ид
 қайтарда — на обратном пути

30-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Дарья Смирнова қай жерде тұрады? 2. Ол кішкентай кезінен нені армандап еді? 3. Арманы орындалды ма? 4. Ол орталық әуежай кассасынан не сатып алды? 5. Алматыға рейс болды ма? 6. Ұшақ қай күндері, қай уақытта ұшады екен? 7. Қай кезде қонады? 8. Дарья билетті қай күнге, қай рейске сатып алыпты? 9. Ұшатын күні әуежайға қай кезде келді, не істеді? 10. Стюардесса не деп хабарлапты? 11. Қонған кезде не туралы хабарлады? 12. Дарьяны кім қарсы алыпты? 13. Алматыда қай жерге орналасыпты? 14. Петропавлға қашан қайтты?

31-жаттығу. Сөйлемдер құраныз

- | | | | | | |
|---------------|---|---|--|---|---------------|
| 1. Мен | { | былтыр
биыл
жазда
өткен жолы
бірінші рет | Жезқазғанға
Астанаға
Қарағандыға
Семейге
Өскеменге | } | сапар шектім. |
| 2. Мен | { | бару және қайту билеттерін алдын ала сатып алдым.
таксиге отырып, әуежайға келдім.
әуежайға екі сағат бұрын келіп, тіркесуден өттім.
жол жүгімді өлшеттім.
өз орныма орналастым. | | | |
| 3. Ұшақ | { | Қарағандыға ертең ұшады.
Мәскеуге дейін төрт сағат ұшады.
Алматыға ертең сағат екіден он бес минут кеткенде
келіп қонады.
жолда Көкшетауға қонды.
10000 шақырым биіктікте ұшып келеді.
сағатына 1000 шақырым жылдамдықпен ұшады.
қонуға бет алды | | | |
| 4. Стюардесса | { | Алматыдағы ауа райы туралы хабарлады.
жолаушыларға белдіктерін ілгектесін деп
хабарлады
темекі тартуға болмайды деп айтты.
заттарды жол жүгі бөлімінен алуға
болатынын айтты.
минералды су, кәмпит, гигиеналық пакет берді. | | | |

Үшу кестесі

Рейс нөмірі	Ұшатын күндері	Ұшатын уақыты	Қонатын уақыты	Ұшақ түрі
АСТАНАДАН				
Атырауға				
9Y 724	. 2 . . . 6 .	16:00	16:25	YAK-42
9Y 724	. 2 . . . 6 .	21:55	22:20	YAK-42
Ганноверге				
9Y 119 5 . 7	09:00	09:50	A-310-300
Жезқазғанға				
9Y 759	1	15:00	16:30	AN-24
9Y 759	. . . 5 . .	10:10	11:30	AN-24
Қызылордаға				
9Y 753	. . 3 . . . 7	12:00	13:15	AN-24
Қостанайға				
9Y 767	1 . 3 . 5 . .	08:30	09:20	AN-24
Оралға				
9Y 770	. 3 . 5 . 7	18:45	20:00	YAK-40
Өскеменге				
9Y 783	. 2 . 4 . 6 .	19:40	21:40	YAK-40
Павлодарға				
9Y 744	. . 3 . 5 . .	11:00	14:45	YAK-40
Петронавлға				
9Y 757	1	08:10	09:30	AN-24
9Y 757 5 . .	18:00	19:20	AN-24
Семейге				
9Y 755	. 2 . . . 6 .	11:00	13:00	AN-24
Таразға				
9Y 761	. . 3 . 5 . 7	13:25	16:05	AN-24
Талдықорғанға				
9Y 751	1	12:15	14:35	AN-24
9Y 751 5 . .	10:00	12:20	AN-24
Фрайкфуртка				
9Y 111	. . 3	04:45	05:45	A-310-300
9Y 111	. . 3	08:30	09:30	A-310-300
9Y 149	. . . 4 . . .	09:00	09:50	A-310-300
9Y 149 6 . .	09:25	10:15	A-310-300
9Y 111 7	05:05	06:05	A-310-300

Ұшу кестесі

Рейс нөмірі	Ұшатын күндері	Ұшатын уақыты	Қонатын уақыты	Ұшақ түрі
АСТАНАҒА				
Атыраудан				
9Y 723	. 2 6 .	10:15	14:50	YAK-42
9Y 723	. 2 6 .	16:25	21 00	YAK-42
Ганноверден				
9Y 120 5 . 7	11:20	21:45	A-310-300
Жезқазғаннан				
9Y 760	1	17:10	18.30	AN-24
9Y 760 5 . .	12:10	13:30	AN-24
Қызылордадан				
9Y 754	. . 3 . . . 7	13:55	17:00	AN-24
Қостанайдан				
9Y 768	1 . 3 . 5 . .	10:40	13:25	AN-24
Оралдан				
9Y 769	. . 3 . 5 . 7	09:30	14:30	YAK-40
Оскеменнен				
9Y 784	. 2 . 4 . 6 .	16 40	18:50	YAK-40
Павлодардан				
9Y 743	. . 3 . 5 . .	09:55	15:45	YAK-40
Петропавлдан				
9Y 758	1	10:10	11:25	AN-24
9Y 758 5 . .	20:00	21.15	AN-24
Семейден				
9Y 756	. 2 6 .	13:40	15:25	AN-24
Тараздан				
9Y 762	. . 3 . 5 . 7	16:55	19:30	AN-24
Талдықорғаннан				
9Y 752	1	15:15	17:55	AN-24
9Y 752 5 . .	13 00	15:40	AN-24
Франкфурттан				
9Y 112	. . 3	06.45	17:25	A-310-300
9Y 112	. . 3	10:30	21:10	A-310-300
9Y 150	. . . 4	10.35	21:15	A-310-300
9Y 150 6 .	10:50	21:30	A-310-300
9Y 112 7	07.25	18:05	A-310-300

32-жаттығу. 399 400-беттердегі кестеге қарап мына үлгі бойынша Астан таң және Астанаға ұшатын рейстер туралы өңгіме іеңіз

Үлгі: 1 9Ү 724-ші рейс Астанадан Атырауға сейсенбі және сенбі күндері күндізгі сағат төртте және түнгі сағат онға бес минут қалғанда ұшады. 2 Атырауға сол күндері Атырау уақытымен күндізгі сағат төрттен жиырма бес минут кеткенде және түнгі сағат оннан жиырма минут кеткенде қонады.

1. 9Ү 723-ші рейс Атыраудан Астанаға сейсенбі және сенбі күндері таңертеңгі сағат оннан он бес минут кеткенде және күндізгі сағат төрттен жиырма бес минут кеткенде ұшады. 2. Астанаға сол күндері Астана уақытымен күндізгі сағат үшке он минут қалғанда және түнгі сағат тоғызда қонады

33-жаттығу. Жоғарыдағы кестені пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз

1. 9Ү 112-ші рейс қай уақытта ұшады? 2. Талдықорғанға ұшақ қай күндері және қай уақытта ұшады? 3. Ганноверден ұшақ Астанаға қашан қонады? 4. Астанадан Франкфуртқа ұшақ бар ма? 5. Өскеменге қай рейс және қай күндері ұшады? 6. Ақтөбеден Астанаға ұшақ бар ма? 7. Нөмірі 9Ү 767-ші рейс қайда және қашан ұшады? 8. 9Ү 760-шы рейс Астанаға қай уақытта қонады? 9. Оралға қалай баруға болады? 10. Павлодарға ұшақ бар ма? 11. Тараздан қай ұшақ ұшады? 12. Семейге 9Ү 755-ші рейс ұша ма? 13. Франкфурттан Астанаға қандай ұшақтар бар?

34-жаттығу. Жоғарыдағы кестеге қарап, жолдасыңызбен сөйлесіңіз

Үлгі: 1. Астанаға Атыраудан 9Ү 723-ші рейс қай күндері және қай уақытта ұшады? — Астанаға Атыраудан 9Ү 723-ші рейс сейсенбі және сенбі күндері таңертеңгі сағат оннан он бес минут кеткенде және күндізгі сағат төрттен жиырма бес минут кеткенде ұшады.

2. Астанаға қай кезде қонады? — Астанаға сол күндері Астана уақытымен күндізгі сағат үшке он минут қалғанда және түнгі сағат тоғызда қонады.

35-жаттығу. Жолаушылардың сөзін оқып, астындағы кестені толтырыңыз және жолаушыларға билет сатушының атынан жауап беріңіз. Жоғарыдағы кестелерді пайдалануыңызға болады

1-жолаушы: Кешіріңіз, менің аты-жөнім Сәткенов Әлішер. Маған Астанадан Қызылордаға дейін қаңтардың он сегізінше, жексенбіге бір билет керек еді.

2-жолаушы: Сәлеметсіз бе! Менің атым Асанов Болат. Астанадан Петропавлға дейін сәуірдің тоғызшына, жұма күніне билет бар ма?

3-жолаушы: Тау етіңіз, тамыздың үшінше, сейсенбіге Атыраудан Астанаға дейін рейс бар ма? Маған үш билет керек еді. Аты-жөнім Сабыров Мұрат

4-жолаушы: Қайырлы таң, маған Астанадан Таразға дейін қыркүйектің он бесінше, сәрсенбіге бір билет беріңізші. Менің аты-жөнім Сәдуақасова Әлия.

5-жолаушы: Қайырлы күн! Менің аты-жөнім Оспанова Әмина Смейден Астанаға дейін қарашаның жиырмасына, сенбіге ұшақ бар ма?

6-жолаушы: Қайырлы кеш! Желтоқсанның отыз біріне, жұма күніне 9У 743-ші рейске екі билет беріңізші. Атым Беисенова Мәдина.

Үлгі: *Жексенбі күні Астанадан Қызылордаға бір рейс бар. Рейс 9У 753 Астанадан күндізгі сағат он екіде ұшады Қызылордаға сағат күндізгі бірден он бес минут кеткенде қонады.*

	1-жолаушы	2-жолаушы	3-жолаушы
Аты-жөні	Сәткенов Әлішер		
Бағыты	Астана—Қызылорда		
Рейс №	9У 753		
Ұшатын күні	қаңтардың он сегізіншісі		
Ұшатын уақыты	12:00		
Қонатын уақыты	13:15		
	4-жолаушы	5-жолаушы	6-жолаушы
Аты-жөні			
Бағыты			
Рейс №			
Ұшатын күні			
Ұшатын уақыты			
Қонатын уақыты			

36-жаттығу. Дөптеріңізге жоғарыдағыдай кесте сызып, өзіңіздің мәліметіңізбен толтырыңыз да, жолдасыңыз екеуіңіз өңімелесіңіздер.

👉 **37-жаттығу.** Әуежайдағы хабарламаны тыңдап, орыс тіліне аударып жазыңыз

38-жаттығу. Сөйлесуді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Жолаушы туралы толық мәлімет беріңіз

- Кешіріңіз, Шымкентке дейін неше сағат ұшамыз?
- Шымкентке дейін бір сағат он минут ұшамыз.
- Ұшақ жолда қона ма?
- Жоқ, қонбайды.
- Шымкенттің ауа райы қандай екен?
- Ұшақ қонуға бет алғанда, стюардесса Шымкенттегі ауа райы туралы хабарлайды. Ауа райы жаман болмауға тиіс
- Құлағым бітіп қалды.
- Біраздан кейін үйренесіз. Көмпит сорыңыз.
- Жүрегім айнып тұр.
- Стюардессаны шақырыңыз. Ол Сізге минералды су, гигиеналық пакет береді. Мына кнопканы бассаңыз, келеді.
- Иә, шақырғаным жөн болар. Жол жүгімізді қай жерден аламыз?
- Жол жүгі бөлімінен аласыз. Сізді біреу қарсы ала ма?
- Балам қарсы алу керек.
- Сіз бірінші рет ұшып келесіз бе?
- Иә, бұрын пойызға отыратынмын.
- Міне, ұшақ қонуға бет алды.

39-жаттығу. а) жолаушы және апықтама бюросының қызметкері, ө) жолаушы және стюардесса, б) екі жолаушы арасында сөйлесу құраңыз.

40-жаттығу. «Ұшақпен саяхат жасау» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

Деепричастие.

Деепричастия в казахском языке образуются 3 способами

1) *-ып/-іп/-п* Например *Марат оян-ып, тұрды* «Марат, проснувшись, встал» *Әкесі қуан-ып, баласына қарады* «Отец, обрадовавшись, посмотрел на сына»;

2) *-а/-е/-й* Например *Балалар Жаңа жылды асы-а күтеді* «Дети ждут Новый год с нетерпением» *Бала сабағын әзірле-й отырып, теледидар көрді* «Мальчик, готовясь к урокам, смотрел телевизор» С вышеуказанными суффиксами деепричастия мы познакомились при изучении времен глаголов (Порядок присоединения суффиксов см в разделах: «Сложное настоящее время», «Настояще-будущее (переходное) время»);

3) *-қалы/-келі* (если основа оканчивается на глухой согласный), *-ғалы/-гелі* (во всех остальных случаях) Например: *Мен мұнда сөйлес-келі келдім.* «Я пришел сюда, чтобы поговорить» *Ол саған бар-ғалы отыр* «Он собирается идти к тебе»

Давнопрошедшее время (-ып/-іп/-п).

Давнопрошедшее время в казахском языке, обозначающее действие, завершившееся в прошлом, или до начала другого действия в прошлом, образуется двумя способами:

1) путем прибавления к корню или основе глагола суффиксов причастия прошедшего времени *-қан/-кен, -ған/-ген* (См. 19-сабақ, раздел: «Давнопрошедшее время»),

2) путем прибавления к корню глагола суффиксов деепричастия *-ып/-іп/-п*, к которым добавляются личные окончания глагола Например *Біз жаз-ып-пыз* «Мы писали, оказывается»

Между двумя формами давнопрошедшего времени имеются смысловые различия первая форма давнопрошедшего времени обозначает действие, очевидцем которого был сам говорящий. *Мен оны көргенім* «Я его видел (когда-то давно)». Вторая форма обозначает действие, очевидцем которого сам говорящий не был или в достоверности которого он не уверен, а о действии узнал от других лиц или других источников *Мен оны көріпін* «Я его, оказывается, видел»

Спряжение глагола жазу в давнопрошедшем времени (2 способ)

Жекеше түрі	Көпше түрі
I <i>Мен жаз-ып-пын</i> «Я писал»	I <i>Біз жаз-ып-пыз</i> «Мы писали»
II <i>Сен жаз-ып-сың</i> «Ты писал» <i>Сіз жаз-ып-сыз</i> «Вы писали»	II. <i>Сендер жаз-ып-сыңдар</i> «Вы писали» <i>Сіздер жаз-ып-сыздар</i> «Вы писали»
III. <i>Ол жаз-ып-ты</i> «Он (она) писал(а)»	III <i>Олар жаз-ып-ты</i> «Они писали»

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола При этом прибавляется только суффикс *-п*, т. к. теперь основа оканчивается на гласный, а затем следуют личные окончания глагола. Например: *жаз-ба-п-ты* «не писал», *айт-па-п-ты* «не говорил»

21-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Келер шақ.
2. Грамматика:
 - 2.1. Есімше (-атын/-етін/-йтын/-йтін).
 - 2.2. Ауыспалы өткен шақ (-атын/-етін/-йтын/-йтін).
3. Лексика: Байланыс жүйесі.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. КЕЛЕР ШАҚ.

1-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз және айырмашылығын айтыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

1. Мен ертең емтихан тапсырамын. Мен ертең емтихан тапсырармын. Мен ертең емтихан тапсырмақпын.

2. Сен жазда бізге келесің. Сен жазда бізге келерсің. Сен жазда бізге келмексің.

3. Сіз ауылда тұрасыз. Сіз ауылда тұрарсыз. Сіз ауылда тұрмақсыз.

4. Арман ертең Астанаға ұшады. Арман ертең Астанаға ұшар. Арман ертең Астанаға ұшпақ.

5. Біз жексенбіде базардан көкөніс аламыз. Біз жексенбіде базардан көкөніс алармыз. Біз жексенбіде базардан көкөніс алмақпыз.

6. Сендер келесі аптада жол жүресіңдер. Сендер келесі аптада жол жүрерсіңдер. Сендер келесі аптада жол жүрмексіңдер.

7. Сіздер дүйсенбіде бастыққа жолығасыздар. Сіздер дүйсенбіде бастыққа жолығарсыздар. Сіздер дүйсенбіде бастыққа жолықпақсыздар.

8. Олар түнде ұйықтайды. Олар түнде ұйықтар. Олар түнде ұйықтамақ.

2-жаттығу. а) Не ісге мек ойыңыз барын әңгімеленіз

Үлгі: Мен жазда ауылға барамын. — *Мен жазда ауылға бармақпын.*

Мен жазда ауылға барамын. Ауылда әке-шешеме көмектесемін. Үйді ақтаймын, терезелерді, есіктерді бояймын. Перделерді жуамын, үтіктеймін және оларды терезелерге қайтадан ілемін. Қабырғаларға әдемі суреттер, сағат, кітап сәресін ілемін. Бөлмелерге жиназды апарып қоямын. Еденге тоқылған кілемдерді төсеймін. Төбеге жаңадан шам орнатамын. Содан кейін үйіміз жайнап кетеді!

ә) Істелу, орындалу мүмкіндігін айтыңыз.

Үлгі: Сен ертең сағат жетіде тұр. — *Сен ертең сағат жетіде тұрарсың.*

Сен ертең сағат жетіде тұр, киін, беті-қолыңды жу, таңертсенгі тамағыңды іш. Сонан соң үйден шық, автобус аялдамасына бар, нөмір отыз екінші автобуска мін де, институтқа кел.

Сабақ сағат бірде аяқталады. Сағат екіде асханаға барайық, түскі тамағымызды ішейік, сонан соң киноға барайық. Киноға Сәуле де барсың. Кино сағат бесте аяқталады. Кинодан кейін кафеге барайық, балмұздақ жейік. Сен қарсы болмайсың ғой!

3-жаттығу. Жоғарыдағы үлгі бойынша: а) не істемек ойыңыз барын өңгімеленіз; ә) істелу, орындалу мүмкіндігін анығыңыз.

4-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын қостамаңыз.

Үлгі: Марат ертең қонаққа барар. (Үсен). – *Марат бармас, Үсен барар.*

1. Марат ертең қонаққа барар. (Үсен). 2. Түйемді қадап берерсің. (Қарлығаш). 3. Жолдан нан ала келерсіз. (інім). 4. Ертең Ермек сабаққа кешікпей келер. (Еркін). 5. Ертең түстен кейін сен маған телефон соғарсың. (сен). 6. Салтанат терезені жуар. (Жанар). 7. Сәрсен төсеніштерді қағар. (Қайрат). 8. Біз оларды теміржол бекетінен шығарып салармыз. (туыстары). 9. Виктор қазақ тілін тез арада үйренер. (Марина). 10. Заттарды кіргізуге Жәнібек көмектесер. (Алтай). 11. Шегені қағып берерсің. (Нұғман). 12. Жұлдыз оқу залында сабаққа дайындалар. (Айжан). 13. Келер жылы Талғат оқуға түсер. (Жеңіс). 14. Сандуғаш маған Мәскеуден сыйлық әкелер. (Жанна). 15. Ініңе сурет салып берерміз. (біз).

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Возможно, я завтра встану рано. умоюсь, оденусь, позавтракаю и выйду на улицу. Я собираюсь пойти в горы со своими товарищами. Я собираюсь подняться на самую высокую гору и громко крикнуть с высокой горы: «Эй! Это я! Я стою на самой высокой горе! Я выше всех!»

Затем я собираюсь разжечь огонь, приготовить обед и накормить своих товарищей. Я собираюсь помыть посуду водой речки, взять гитару и запеть: «Выше гор могут быть только горы...»

Все это я собираюсь сделать завтра. Конечно, если встану рано...

2.1. ЕСІМШЕ (-атын/-етін/-йтын/-йтін).

6-жаттығу. Оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Сенің тұратын жерің қайда? 2. Жуатын ыдыс-аяқ үстелде тұр. 3. Жейтін тамақ бар ма? 4. Киетін киімім қалмады! 5. Ойнайтын адамды тапқан екенсің. 6. Басқа айтатын сөзің жоқ па? 7. Мынау – оқитын кітап екен. 8. Келетін адамдар көп пе? 9. Іш киім сағатын бөлім қай қабатта? 10. Сағат жәндейтін адамды таппадым. 11. Сурет салатын қағазды әкелші. 12. Теледидарда көретін не бар? 13. Жататын орнымды көрсетші. 14. Әзірше істейтін жұмыс жоқ. 15. Қателеспейтін адам жоқ.

айт
жаз
жу

→ -атын

ки
кел
бер

→ -етін

ойла
қара
тара

→ -йтын

же
емде
де

→ -йтін

7-жаттығу. Мына етістіктерге есімшенің *-атын/-етін, -йтын/-итін* жұрнағының бірін қосыңыз.

Үлгі: айту – *айт-атын* «говорящий; то что нужно сказать»; ...

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, өңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, ұялу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, көру, сөну, сезу, кіру, арту, ұнату, қалу, үйрету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуаңу, жану, наңу, оқу, орналасту, өлшеу, өсу, пісу, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тсбу, ұрысу, шөлдеу, ілу, тұру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, беру, тамақтану, басу, шашу, көрсету, жию, кесу, жинау, қашу, кету, озу, өту, жету, қану, қону, біту, келу, есту, жіберу, аралау, жазылу, аудару, шақыру, жеу, тыңдау, тігу, тоқу, отыру, емделу, кию, жасау, істеу, жүгіру, ауыру.

8-жаттығу. Сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз *-атын/-етін, -йтын/-итін* жұрнағының астын сызыңыз

Айтатын сөз; сатылатын зат; ашылатын есік; істейтін жұмыс; оқитын бала; жазылатын хат; келетін адамдар; үйренетін ән; көп ауыратын кісі; телефон соғатын жігіт; билетін жер; жуатын көйлек; төлейтін ақша, жөңдейтін зат, таусылмайтын жұмыс; ұшатын уақыт; жататын төсек; отыратын орындық; жейтін тамақ; танысатын адам; көретін көз; еститін құлақ; шомылатын өзен; жинайтын бөлме.

2.2. АУЫСПАЛЫ ӨТКЕН ШАҚ (-атын/-етін/-йтын/-итін).



Жекеше түрі	Көпше түрі
I Мен жаз- <u>атын-мын</u> «Я писал»	I Біз жаз- <u>атын-быз</u> «Мы писали»
II Сен жаз- <u>атын-сын</u> «Ты писал» Сіз жаз- <u>атын-сыз</u> «Вы писали»	II Сендер жаз- <u>атын-сындар</u> «Вы писали» Сіздер жаз- <u>атын-сыздар</u> «Вы писали»
III Ол жаз- <u>атын-</u> □ «Он (она) писал(а)»	III Олар жаз- <u>атын-</u> □ «Они писали»

9-жаттығу. Мына етістіктерді ауыспалы өткен шақта жіктеніз

Ашу, тұру, жабу, келу, кету, қуану, үйлену, жету, сату.

10-жаттығу. Мұғалімнің оқығанын тыңдаңыз, соңынан өзіңіз оқыңыз

1. Мен жататынмын Мен ұйықтап жататынмын. Мен диванда ұйықтап жататынмын. Мен үйде диванда ұйықтап жататынмын. Мен түсте үйде диванда ұйықтап жататынмын. Мен бұрын түсте диванда ұйықтап жататынмын

2. Сен тұратынсың. Сен далада тұратынсың. Сен далада сөйлесіп тұратынсың. Сен далада көршімен сөйлесіп тұратынсың. Сен өткен жазда далада көршімен сөйлесіп тұратынсың. Сен өткен жазда кешке далада көршімен сөйлесіп тұратынсың.

3. Сіз айтатынсыз. Сіз өн айтатынсыз. Сіз тамаша өн айтатынсыз. Сіз сахнада тамаша өн айтатынсыз. Сіз үлкен сахнада тамаша өн айтатынсыз. Сіз былтыр үлкен сахнада тамаша өн айтатынсыз.

4. Ол беретін. Ол сабақ беретін. Ол бұрын сабақ беретін. Ол бұрын математикадан сабақ беретін. Ол бұрын мектебімізде математикадан сабақ беретін. Ол бізге бұрын мектебімізде математикадан сабақ беретін.

11-жаттығу. Жоғарыдағы сөйлемдерді көпше түріне айналдырып, қайтадан оқыңыз

12-жаттығу. Оқып өткен шақтың және ауыспалы өткен шақтың формаларын салыстырыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Мен кеше дүкенге бардым.
Сен жазда Шымкентте болдың
Сіз ауылда демалдыңыз.
Әсет телесидар көрді.
Біз сртеңгі сабаққа өзірлендік.
Сендер үйде отырдыңдар.
Сіздер үйге хат жаздыңыздар.
Олар Мәскеуге ұшты

— Мен дүкенге баратынымын.
— Сен Шымкентте болатынсың.
— Сіз ауылда демалатынсыз.
— Әсет телесидар көретін.
— Біз сабаққа өзірленетінбіз.
— Сендер үйде отыратынсыңдар.
— Сіздер үйге хат жазатынсыздар.
— Олар Мәскеуге ұпатын.

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді ауыспалы өткен шаққа айналдырыңыз

Үлгі: Біз мына үйде тұрдық. — *Біз мына үйде тұратынбыз.*

1. Біз мына үйде тұрдық. 2. Ксения сауда орталығанан керемет көйлек сатып алты. 3. Біздің потерімізде бұрын екі бөлме болды. 4. Менін қарындасым ауылға хат жіберді. 5. Біз таңертең дене шынықтыру жаттығуларын орындадық. 6. Ауылда егіншілер егін екті. 7. Дана кітапханада жұмыс істеді. 8. Мұғалім бізге қазақ әдебиетінен сабақ берді. 9. Сауда үйінен мата алдым. 10. Кешке Әуезов атындағы театрға бардық. 11. Сіз сағат алтыда тұрдыңыз. 12. Студенттер мына жаттығуды орындады. 13. Жанат медициналық академияда оқыды. 14. Дәрігер ауру адамды тексерді. 15. Біз базардан көкөніс пен жеміс-жидек алдық.



Отрицательная форма переходного прошедшего времени образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*: *кел-ме-йтін-сің* «ты не приходил», *айт-па-йттын-быз* «мы не говорили»

14-жаттығу. Мына елестіктерге ауыспалы өткен шақтың жұрнақтарының бірін қосыңыз және оларды болымсыз түріне айналдырыңыз.

Үлгі: айту — *айтатын* — *айтпайтын*; ...

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, бару, билеу,

жөндеу, болу, көну, шу, деу, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, тағу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зергітеу, кету, тойлау, жату, қору, сону, сезу, кіру, отыру, арту, ұнату, қалу, үирету, үйрену, қарау, қуу, өшіру, қуану, жану, нану, оқу, орналасу, өлшеу, өсу, пісу, беру, сағыну, кебу, төгу, сену, жүгірту, сөйлеу, табу, шабу, тебу, ұрысу, жеу, шөлдеу, ұялу, тұру, үйлену, үндемеу, шығу, іздеу, көшу, ілу, істеу.

15-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз гүріне аяналдырыңыз

Үлгі: Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алатынбыз. — *Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алмайтынбыз.*

1. Сауда үйінен үйге қажетті заттарды алатынбыз. 2. Әжесі ауруханада көп емделетін. 3. Сөкен өткен жылы көп ауыр жұмыс істейтін. 4. Біз түнімен ұйықтайтынбыз. 5. Сіз үйден екіде шығатынсыз. 6. Сіз кітаптарды балаларға беретінсіз. 7. Жұмыс жексенбіде аяқталатын. 8. Сендер оқуды жақсы оқитынсыңдар. 9. Сен алтыда үйге келетінсің. 10. Әлия осы жаттығуды оңай орындайтын. 11. Сіздер тауда шаңғы тебетінсіздер. 12. Шешеміз теледидардың алдында көйлек тоқитын

16-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. Я не бывал во Франции. 2. Мы не спали до трех часов ночи. 3. Вы не прощались с учителем. 4. Мы не готовились к уроку. 5. Ты не выступал на собрании. 6. Марал не ходила в гости. 7. Вы раньше не шили красивую одежду. 8. Мадина не готовила ужин. 9. Мы не смотрели телевизор. 10. Я не читала эту книгу. 11. Они не искали напрасно. 12. Сауле не работала здесь. 13. Я не ожидала этого.

3. ЛЕКСИКА: БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ.

🗨 **17-жаттығу.** Мәтінді тыңдап, оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Сөйлесу қатынас құралдары

Күн сайын біз адамдармен әр түрлі жолмен байланыс жасаймыз. Олар: хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет және т. б.

Бұрын адамдар хат-хабарларды түйе немесе ат арбаммен 20 000 шақырымға дейін жол жүріп өрсін жеткізетін. Кейіннен Қазақстанның қалаларында, облыстарында, аудандарында, ауылдарында пошта бөлімшелері ашылды.

Алматы (бұрынғы Верный) қаласында пошта бөлімшесі 1860 жылы ашылған. Орталық пошта Республикамыздағы ең ірі байланыс жүйесі болатын. Бұл жерден адамдар жедел хат, сәлемдеме, бандероль жіберуге, ақша аударуға өлі де мүмкіндіктері бар. Орталық поштада қалааралық сөйлесу жүйесі де бар.

Бұл күндері ұялы телефон, факс, электронды пошта, интернет пайда болды. Интернеттің тарихы өткен ғасырдың 60-жылдарынан басталады. АҚШ Қорғаныс министрлігіне қарулы күштермен байланыс жасау үшін компьютер жүйесі қажет болды. Мұны 70-жылдары

Америка ғалымдары қолға алып, 80-жылдары телефон компаниялары компьютер арқылы көптеген елдермен байланыс жасай бастады. Сойтіп, халықаралық компьютер тілі пайда болды да, компьютер жүйесі дүние жүзінс тарай бастады.

Интернетті көптеген мақсатқа қолдануға болады. Интернеттің көмегімен машина, үй сатып алуға, басқа қалалардағы қонақ үйден күні бұрын орын алуға, кино көруге, ағылшынша газеттер, жапонша журналдар оқуға, кез келген қалалардан кітаптар сатып алуға, Германиядағы қарсыласыңызбен шахмат ойнауға, тіпті басқа елдегі таныстарыңызмен еркін сөйлесуге де болады.

Интернеттің көмегімен санаулы уақыттың ішінде электронды пошта арқылы кез келген елдермен байланыса аласыз және бұл телефонмен сөйлесуден арзанға түседі.

Егер Сіздің үйіңізде компьютер болмаса, факстің немесе Интернеттің көмегімен арнаулы факс-бюроны не Интернет-дәмханаларды пайдалануға болады.

Өміріміз күн санап дамып, өзгеруде, сонымен бірге қарым-қатынастың түрі де көбейде. Сөйлесу әрі қарапайым, әрі жеңіл, әрі тез болатын болды.

Сөздік

қатынас — связь
 құрал — средство
 күн сайын — каждый день
 байланысу — связываться
 электронды пошта —
 электронная почта
 арқылы — через
 хат-хабар — корреспонденция
 түйе — верблюд
 ат арба — повозка, телега
 бөлімше — отделение
 байланыс жүйесі —
 система связи
 жедел хат — телеграмма
 сөлемдеме — посылка
 мүмкіндік — возможность
 қалааралық — междугородний
 ұялы — сотовый

Қорғаныс министрлігі —
 Министерство обороны
 қарулы күштер — вооруженные силы
 қолға алу — взять в свои руки
 тарау — распространяться
 қолдану — пользоваться
 күні бұрын — заранее
 кез келген — любой
 қарсылас — соперник
 еркін — свободно
 санаулы — считанный
 егер — если
 арнаулы — специальный
 өзгеру — меняться
 сопымен бірге — вместе с тем
 қарым-қатынас — отношение
 әрі ... әрі .. — и ... и .
 қарашайым — простой

18-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Сөйлесу қатынас құралдары; күн сайын; әр түрлі жолмен; электронды пошта; интернет арқылы; түйе немесе ат арбамен жеткізу; пошта бөлімшелері; Алматы қаласы; бұрынғы Верный; байланыс жүйесі; жедел хат; ақша аудару; қалааралық сөйлесу жүйесі; ұялы телефон; пайда болу; откен ғасыр; 60-жылдары; Қорғаныс министрлігі; қарулы күштер; компьютер жүйесі; қажет болу; қолға алу; байланыс жасай бастау; халықаралық компьютер тілі; пайда болу; дүние жүзіне; күні бұрын; кез келген қала; қарсыласымен шахмат ойнау; еркін сөйлесу; санаулы уақыттың ішінде; арзанға түсу; Интернет-дәмхана; сонымен бірге; қарым-қатынастың түрі көбеюде.

19-жагтығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Күн сайын біз адамдармен қалаи байланыс жасаймыз? 2. Бұрын адамдар хат-хабарларды қалай жеткізетін? 3. Қазақстанның қалаларында, облыстарында, аудандарында, ауылдарында нелер ашылды? 4. Алматы (бұрынғы Верный) қаласында пошта бөлімшесі қашан ашылған? 5. Республикамыздағы ең ірі байланыс жүйесі не болатын? 6. Мұнда пошта байланысының қандай түрлері бар? 7. Бұл күндері қандаи байланыс түрлері пайда болды? 8. Интернеттің тарихы қай кезден басталады? 9. АҚШ Қорғаныс министрлігіне не үшін компьютер жүйесі қажет болды? 10. Телефон компаниялары компьютер арқылы қашан байланыс жасай бастады? 11. Не пайда болды, дүние жүзіне не тарай бастады? 12. Интернетті қандаи мақсатқа қолдануға болады? 13. Телефонмен сөйлесуден не арзанға түседі? 14. Үйде компьютер болмаса, факсті немесе Интернетті қалай пайдалануға болады? 15. Қазіргі кезде сөйлесу қандай болатын болды?

20-жагтығу. Мына сойлемдерге қарсы пікір айтыңыз

Үлгі: Күн сайын біз адамдармен түйе немесе ат арбамен байланыс жасаймыз. — *Жоқ, қателесесіз, күн сайын біз адамдармен хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет арқылы байланыс жасаймыз.*

1. Күн сайын біз адамдармен түйе немесе ат арбамен байланыс жасаймыз. 2. Бұрынғы кезде хат-хабарларды пойыз арқылы жеткізетін. 3. Алматы (бұрынғы Верный) қаласында пошта бөлімшесі 1960 жылы ашылған. 4. Сөлемдемені қалааралық сөйлесу бөлімінде қабылдайды. 5. Интернеттің тарихы осы ғасырдан басталады. 6. Интернетті тек қана бір мақсатпен қолдануға болады. 7. Телефонмен сөйлесу электронды поштадан арзанға түседі. 8. Үйде компьютер болмаса, факсті немесе Интернетті пайдалануға болмайды. 9. Қазіргі кезде қарым-қатынастың түрі азаюда. 10. Сөйлесу өте қиын және ұзақ болатын болды

21-жагтығу. Асты сызылған сөздерді қайталап сұраңыз

Үлгі: Күн сайын біз адамдармен хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет арқылы байланыс жасаймыз — *Күн сайын ба?*

1. Күн сайын біз адамдармен хат, телефон, факс, электронды пошта, интернет арқылы байланыс жасаймыз. 2. Бұрын адамдар хат-хабарларды түйе немесе ат арбамен 20 000 шақырымға дейін жол жүріп өрең жеткізетін. 3. Кейіннен Қазақстанның қалаларында, облыстарында, аудандарында, ауылдарында пошта бөлімшелері ашылды. 4. Орталық пошта Республикамыздағы ең ірі байланыс жүйесі болатын. 5. Интернеттің тарихы өткен ғасырдың 60-жылдарынан басталады. 6. 80-жылдары телефон компаниялары компьютер арқылы көптеген елдермен байланыс жасай бастады. 7. Интернетті көптеген мақсатқа қолдануға болады. 8. Интернеттің көмегімен Германиядағы қарсыласыңызбен шахмат ойнауға болады. 9. Интернеттің көмегімен санаулы уақыттың ішінде электронды пошта арқылы кез келген елдермен байланыс жасауға болады. 10. Өміріміз күн санап дамып, өзгеруде.

22-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Бұрын адамдар хат-хабарларды түйе немесе ат арбамен 20 000 шақырымға дейін жол жүріп өрең жеткізетін. 2. АҚШ Қорғаныс министрлігіне қарулы күштермен байланыс жасау үшін компьютер жүйесі қажет болды. 3. Интернеттің көмегімен санаулы уақыттың ішінде электронды пошта арқылы кез келген елмен байланыс жасай аласыз. 4. 80-жылдары телсфон компаниялары компьютер арқылы көптеген елдермен байланыс жасай бастады. 5. Интернеттің көмегімен арнаулы факс-бюроны не Интернет-дәмханаларды пайдалануға болады.

23-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Күн сайын біз адамдармен әр түрлі жолмен байланыс жасаймыз. Олар: 2. Бұрын адамдар ... жеткізетін. 3. Кейіннен ... пошта бөлімшелері ашылды. 4. Орталық пошта 5. Бұл жерден адамдар 6. Бұл күндері .. пайда болды. 7. АҚШ Қорғаныс министрлігіне ... қажет болды. 8. Сөйтіп, ... пайда болды да, ... тарай бастады. 9. Интернеттің көмегімен ... болады. 10. Егер Сіздің үйіңізде компьютер болмаса,

24-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркеслерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құраныз

Корреспонденция; почтовое отделение; бывший город Верный; система связи; система междугородней связи; история Интернета; с помощью Интернета, в считанное время; Интернет-кафе; отношение.

25-жаттығу. Кестені пайдаланып сөйлем құраныз

Мен адамдармен	телефон факс электронную почту интернет письма	арқылы байланыс жасаймын
Поштада	письма телеграмму открытку бандероль посылку	жіберуге болады.
Интернет арқылы	машина, үй сатып алуға (купить машину, дом) қонақ үйден орын алуға (забронировать место в гостинице) газет-журнал оқуға (прочитать газету, журнал) кино көруге (посмотреть кино) сурет жіберуге (отправить картинку) шахмат ойнауға (сыграть в шахматы) еркін сөйлесуге (свободно поговорить)	болады.

26-жаттығу. Мына сөйлемдерді үлгі бойынша келер және өткен шақта жазыңыз

Үлгі: Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесіп жатыр. —
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлеседі.
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлеспек.
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесер.
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесті.
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлескен.
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесінті
Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесетін

1 Әсет телефон арқылы үйімен сөйлесіп жатыр. 2 Пошта қызметкерлері бандерольды орап жағыр. 3. Хат тасушы хат-хабарларды тасып жүр 4. Пошта қызметкері сәлемдемені қабылдап жатыр. 5. Мен шешеме ашық хат жазып отырмын. 6 Сіз жедел хатты ауылға жіберіп отырсыз. 7. Нөмірді дұрыс алмай отырсыз. 8. Интернеттің көмегімен машина сатып алып отыр. 9. Біз басқа елдегі таныстарымызбен еркін сөйлесіп отырмыз. 10. Электронды пошта арқылы жолдасына хат жіберіп отыр 11. Интернет-дәмханада компьютерді пайдаланып отыр.

27-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, мына сөйлемдердің етістік-баяндауышын бұйрық райға аиналдырыңыз.

Үлгі: Ауылға сәлемдеме жіберу керек еді (Әсет). — *Әсет жіберсін.*

1. Ауылға сәлемдеме жіберу керек еді (Әсет) 2. Мына хатты пошта жөшігіне салып жіберші (Әйгерім). 3. Ертең менімен хабарлас (Сіз) 4. Ерлан Орталық поштаға барсын (сен). 5. Бандерольды орап берейін (пошта қызметкері) 6 Факс-бюродан Қарағандыға факс жібер (Марал). 7 Электронды поштаны тексер (Мәдина). 8. Сіз Интернет көмегімен кітап сатып алыңыз (Сіз). 9. Интернет арқылы еркін сөйлессейік (сендер). 10. Екеуі Интернет арқылы шахмат ойнасын (Сіз).

28-жаттығу. Мына сөйлесулерді оқып, жаттап алыңыз.

— Сіз Орталық пошта қайда екенін айтып жіберіңізіңі.
— Орталық пошта Бөгенбай батыр көшесі мен Абылай хан даңғылының қиылысында.

— Факс-бюро қай кездерде істейді?
— Факс-бюро тәулік бойы істейді.
— Үзілісі қашан?
— Үзіліссіз істейді.

— Жедел хат бланкасын қалай толтыру керек?
— Үлгісі өне, ілулі түр Үлгі бойынша толтырыңыз.

- Электронды поштаны тексердің бе?
- Жок, компьютер жүйесі бұзылып тұр.
- Компьютерді жөндеу керек қой.
- Компьютер шеберін шақырып қойдым.

- Мына факсті Түркияға жіберіңізші.
- Жіберейін. Факстің нөмірі қандай?
- Факстің нөмірі міне. 8 10 90 216 418 45 50.

- Мен Сізге құжаттарды электронды пошта арқылы жіберемін.
- Жарайды. Мекен-жайымды білесіз бе?
- Білемін. Мекен-жайыңыз кітапшамда жазылған.

29-жаттығу. Мәтінді оқып, шешімін тауып айтыңыз

Данияр компьютерді өте жақсы көреді. Қышкентай кезінен компьютер сатып алуды армандаитын. Компьютер клубына барып, компьютерде әр түрлі ойындарды ойнауды үйренді. Кейіннен мектепке барып, компьютерді басқа мақсатпен қолдануды үйреніпті. Ол Интернеттен баяндамаларына ақпарат іздеп, баяндама жазатын немесе ағылшын тіліндегі мәтінлерді аударып, аудармасын компьютерге басатын.

Бытыр Данияр мектепті бітіріп, институтқа түсті. Ата-анасы сыйлыққа компьютер әперді. Даниярдың қуанғаны соншалық — қолма-қол компьютерді қосып, интернетпен байланыс жасай бастады. Бір кезде жазған хаттарына жауап алатын болды.

Енді Даниярмен компьютерден басқа байланыс жасай алмайсыз, өйткені ол жолдастарымен кездеспейді, қонаққа бармайды, қонақ шақырмайды, ешкімге телефон соқпайды, біреу телефон соқса, қысқаша жауап береді де, қайтадан компьютерге жүгіреді. Қазір де, мінс, компьютердің алдында ешкімді естімей отыр.

Бұл ата-анасы үшін үлкен мәселе. Шешімін тауып беріңізші.

30-жаттығу. Мәтіннің ішінен етістіктерді теріп жазып, олардың қай шақта тұрғанын айтыңыз

Үлгі: жақсы көреді — *ауыспалы осы шақ.*

31-жаттығу. Мәтінді тыңдап, төмендегі кестені толтырыңыз

Аты-жөні	ауызба-ауыз	телефон	хат/ашық хат	факс	E-mail
Вильям					
Роза					
Тим					
Шерил					
Лоззат					

32-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, олардың дұрыс не дұрыс емес екенін айтыңыз.

1. Ләззат жолдастарымен электронды пошта арқылы байланыс жасайды. 2. Шерил ұялы телефонмен байланыс жасағанды өте жақсы көреді. 3. Тим ылғи факс арқылы байланыс жасайды. 4. Роза үйіне хат жазуды ұнатады. 5. Вильям ауызба-ауыз сөйлескенді өте жақсы көреді.

33-жаттығу. Екеу ара сөйлесініздер. Байланыстың қай жолдарын жақсы көресіз, қай жолдарын жиі пайдаланасыз? Пікірлеріңізді басқа жолдастарыңызға айтыңыз. Олардың пікірлеріне де көңіл аударыңыз.

34-жаттығу. Жолдастарыңыздан байланыстың қандай түрін жиі пайдаланатынын сұрап, кестені толтырыңыз.

Аты-жөні	ауызба-ауыз	телефон	хат/ашық хат	факс	E-mail

35-жаттығу. Жоғарыдағы кестені пайдаланып, жолдастарыңыз туралы өңгімеленіз.

36-жаттығу. Байланыс жүйесі туралы жолдасыңызбен сөйлесіңіз

— Адамдармен байланыс жасауды ұнағасыз ба?

— ...

— Сіз пошта бөлімшесіне жиі келіп тұрасыз ба?

— ...

— Хат жазуды ұнатасыз ба? Неге?

— ...

— Үйіңізде компьютер бар ма? Электронды пошта арқылы хат жібересіз бе?

— ...

— Факс-бюро немесе Интернет дәмханасына барып тұрасыз ба?

— ...

— Факс жіберсе аласыз ба?

— ...

— Ұялы телефоныңыз бар ма? Оны жиі пайдаланасыз ба?

— ...

— Байланыстың қай түрін жиі пайдаланасыз? Неге?

— ...

37-жаттығу. Алыста саяхатта жүріп, үйіңізбен қалай байланыс жасағаныңызды айтып беріңіз

38-жаттығу. «Байланыс жүйесі» тақырыбына арнап шағын шығарма жазыңыз

21-сабақ

Причастие (Есімше).

Причастия сочетают в себе грамматические признаки имени и глагола и в казахском языке делятся на 3 группы

1) **причастия будущего времени** (См 13-сабақ, раздел «Будущее предположительное время»);

2) **причастия прошедшего времени** (См 19-сабақ, раздел «Давнопрошедшее время»);

3) **причастия переходного прошедшего времени**, которые образуются при помощи суффиксов *-атын/-етін* (после согласных), *-итын/-итін* (после гласных), присоединяемых к корню глагола

После согласных в твердом слове	-атын	<i>бас-атын</i> «ступавший», <i>қайт-атын</i> «возвращавшийся»
После согласных в мягком слове	-етін	<i>құл-етін</i> «смсаявшийся»; <i>кет-етін</i> «уходивший»
После гласных в твердом слове	-итын	<i>қара-итын</i> «смотревший»; <i>ойна-итын</i> «игравший»
После гласных в мягком слове	-итін	<i>же-итін</i> «кушавший, евший», <i>төле-итін</i> «оплачивавший»

В предложении причастия могут выполнять функцию любого члена предложения.

Функция	<i>-атын/-етін, -итын/-итін</i>
Подлежащее	<i>Айтатыным жоқ</i> «Мне нечего сказать».
Сказуемое	<i>Ол саған айтатын</i> «Он, бывало, тебе говорил»
Дополнение	<i>Мен саған айтатынымды айттым</i> «То, что я хотел тебе сказать, сказал»
Определение	<i>Айтатын адамды тапқан екеңсің.</i> «То же мне, нашел человека, который скажет»

Отрицательная форма причастия переходного прошедшего времени образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*, которые присоединяются к корню глагола *кел-ме-итін* «не приходивший», *айт-па-итын* «не говоривший»

Переходное прошедшее время (-атын/-етін; -итын/-итін).

Переходное прошедшее время обозначает длительное, повторяющееся или привычное действие в прошлом и образуется при помощи суффиксов причастия переходного прошедшего времени *-атын/-етін; -итын/-итін*. Например, *Біз жазатын-быз* «Мы тогда писали».

Спряжение глагола жазу в переходном прошедшем времени

Жекеше түрі	Көпше түрі
I. <i>Мен жаз-атын-мын</i> «Я тогда писал»	I <i>Біз жаз-атын-быз</i> «Мы тогда писали»
II <i>Сен жаз-атын-сың</i> «Ты тогда писал» <i>Сіз жаз-атын-сыз</i> «Вы тогда писали»	II. <i>Сендер жаз-атын-сыңдар</i> «Вы тогда писали» <i>Сіздер жаз-атын-сыздар</i> «Вы тогда писали»
III. <i>Ол жаз-атын-□</i> «Он (она) тогда писал(а)»	III <i>Олар жаз-атын-□</i> «Они тогда писали»

Отрицательная форма глагола образуется при помощи отрицательных суффиксов *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* *кел-ме-итін-сің* «ты тогда не приходил», *айт-па-итын-быз* «мы тогда не говорили».

22-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Үстеу.
2. Грамматика:
 - 2.1. Модаль сөздер.
 - 2.2. Одағай.
3. Лексика: Қазақ театры.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ҮСТЕУ.

1-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Жазғытұрым біз Алматыға барамыз. 2. Айжан кейін жүреді. 3. Мен Алматыда көп болмаймын. 4. Света қазақша жақсы сөйлейді. 5. Сен жұмыртқаны бір-бірден сал. 6. Мұғалім сабақты қызықты жүргізеді. 7. Мен үйге тез жетемін. 8. Самат дұрыс айтады. 9. Ертең жұмысқа кешікпей кел. 10. Артқа қара. 11. Сен келгенше бірталай уақыт өтеді. 12. Наташа қазақша өрен жазады. 13. Жаздығүні Англияға барып қайтамыз. 14. Назым Түркияға екінші рет барады. 15. Сыртта не бар? 16. Іште кім жүр? 17. Дүкенде соншама кісі! 18. Қаншама жұмыс бар, сен қыдырып жүрсің! 19. Ертең ерте тұр, өйтпесе кешігіп қаласың. 20. Артта қалма!

2-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Алматыда қай уақыттан бері жүрсіз? 2. Қазақ тілін үйреніп жүргеніңізге қанша уақыт? 3. Қазақша жақсы білессіз бе? 4. Мұғалім сабақты қалай жүргізеді? 5. Қазақша сөйлейсіз бе? 6. Мұғаліміңіз студенттерден жеке-жеке сұрай ма? 7. Тобыңызда студенттерден кім алда, кім артта? 8. Артта кім отыр, ал сол жағыңызда? 9. Жоғарыда дәрісханалар бар ма? 10. Емтиханды қашан тапсырасыздар? 11. Жазғытұрым қайда демаласыз? 12. Жақында қайда болдыңыз? 13. Түнде адамдар не істейді? 14. Сіз ерте тұрасыз ба, кеш тұрасыз ба? 15. Сіз бұрын қайда оқыдыңыз? 16. Сөздерді тез жаттайсыз ба? 17. Қазақ тілі тым қиын ба?

3-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз және жатқа жазыңыз

1. Сколько человек учится в Вашей группе? 2. Студенты наверху 3. Учитель говорит по-казахски быстро, а ученики медленно. 4. Учитель живет здесь, а я там. 5. Моя мама встает рано утром. 6. Азамат никогда не опаздывает на занятия. 7. Столько людей в магазине! 8. Ержан только теперь начал понимать тему урока. 9. Салтанат идет вниз. 10. Давай вместе пойдем на собрание. 11. Посмотри вперед. 12. Иди назад. 13. Я всегда встаю в 6 утра. 14. Послезавтра – выходной. 15. Иногда дети катаются на коньках на Медео.

4-жаттығу. Мына үстеулерді пайдаланып сөйлем құраныз

Ешқайда, кейін, кеш, көктемде, артқа, бүрсігүні, дұрыс, мұнда, дереу, соншама, жақсы, бірге, тез, баяу, кешке, жаман, күнде, көптеген, аз, төмен, көп, неше, жоғары, осынша, осында, ілгері, әрқашан, кейде, енді, бір-бірден.

2.1. МОДАЛЬ СӨЗДЕР.

5-жаттығу. Модаль сөздерді оқып, орысша баламасына назар аударыңыз

рас — действительно	расында — на самом деле
мүмкін — наверное, возможно	керек — необходимо
әрине — конечно	қажет — нужно
шынында — в действительности	тиіс — должен
әлбетте — непременно	ғой — же
бәсе — это другое дело	екен — оказывается
шығар — наверное	шамасы — видимо
болар — должно быть	білем — кажется
тәрізді — как будто	көрінеді — кажется
секілді — как	ықтимал — вероятно
сияқты — похожий	

6-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Шынымды айтсам, озің бір қызық адам екенсің. 2. Жалпы, айтқаныңыз дұрыс. 3. Үйінде ешкім жоқ шығар. 4. Мүмкін, мен оны білемін. 5. Әрине, Сіздікі дұрыс! 6. Сен сияқты адамдар аз. 7. Расында, оның айтып отырғаны дұрыс. 8. Менің оны танымайтыным рас. 9. Қолымды ауырттын ғой! 10. Пойыз уақытында келуге тиіс.

7-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, модаль сөздер қай мағынада жұмсалып тұрғанын кестеге сүйеніп аныңыз

1. Рас, мен осы кісімен бір мектепте оқитынмын. 2. Бүгін бізде қазақ тілі сабағы жоқ қой. 3. Расында, мына қойлектің түсі әдемірек. 4. Сіз мен сияқты ақ көңіл адам екенсіз. 5. Шынын айту керек, жалқаумын. 6. Ертең жаңбыр жауатын шығар. 7. Көп нәрсені білетін көрінеді. 8. Әрине, осы аяқ киімді алу керек. 9. Жасыратыны жоқ, жұмысым оңбай жүр. 10. Шынында, саған берсеңкім жоқ. 11. Әлі талай тойлар болар. 12. Мүмкін, Қарағандыға ертең жүріп кетерміз.

1. Болымды модаль сөздер	рас, әрине, шынында, әлбетте, керек, қажет, расында, бәсе, ғой, шынын айту керек, жасыратыны жоқ, оділіне келгенде, тұрасын айтқанда, ..
2. Болжаулық модаль сөздер	мүмкін, сірә, менінше, шығар, болар, тиіс, екен, тәрізді, секілді, сияқты, шамасы, білем, көрінеді, қалай екені белгісіз, ...

8-жаттығу. Көп иүктенің орнына қажетті модаль сөздерді қойыңыз

1. ..., домбыраны жақсы тартады. 2. ..., мұныңыз қалай? 3. ..., ертең боспыз. 4. ..., ақшасы жоқ. 5. ..., мен оны өз көзіммен көрдім. 6. .., сені кім шақырды? 7. ..., оқуың маған ұнамайды! 8. ..., не істеп тұрсың? 9. ..., баласы нашар оқиды. 10. Ол төрт қабатты үйде тұрады. 11. Мен саған адам ... айтып отырмын. 12. ..., қашан адам боласың?

9-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Шынымды айтсам, ...? 2. Расында, ...! 3. Бәсе, ...! 4. ... мүмкін,
5. ... шығар. 6. Әрине, ...! 7. ... білем. 8. ... сияқты 9. ... шығар!
10. ... болар. 11. ... тиіс. 12. ... керек. 13. ... қажет. 14. ... скен. 15. ...
көрінеді.

10-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Ты, наверное, опоздал на урок. 2. Самолет должен улеть
вовремя. 3. Действительно, позвони своим родителям. 4. Честно гово-
ря, я к уроку не готов. 5. Прямо говоря, арбуз неплохой. 6. Это же
мои лучшие дру! 7. Возможно, мы завтра не придем в гости
8. Нечего скрывать, я не умею готовить. 9. Мы, оказывается, соседи.
10. Непрременно зайд к ней.

11-жаттығу. Мына сөйлесуді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Модаль сөздерді
жазып алып, қандай модаль сөз екенін ажыратыңыз

– Шынын айт керек, мен көп нәрсені білмеймін.

– Неге солай ойлайсың? Меніңше, сенің қолыңнан келетін іс аз
емес. Әрине, адам өмірінде бәрін біле беру де тиіс емес. Жасыратыны
жоқ, Марал да, Әсел де, Әйгерім де көп нәрсе білмейтін көрінеді.
Менің де білмейтінім бар шығар...

– Мүмкін, сенікі дұрыс шығар, бірақ шынында, өзін ойлашы
тамақ пісірс алмаймын, тіге алмаймын. тоқи алмаймын...

– Сен секілді оның бәрін мен де істей алмаймын ғой!

– Біздің құрбыластарымыз бәрін білетін сияқты...

– Олай болса ше? Ештеңе етпейді, өміріміз алда. Рас, оның
бәрін үйрену керек. Ал сенін басына сондай ой келсе, шамасы,
басқа істейтін жұмысын жоқ білсем. Жүр, одан да тамақ пісіруді
үйренейік!

12-жаттығу. Жоғарыдағы модаль сөздермен сөйлемдер құраныз (10 сөйлем-
нен кем болмасын)

2.2. ОДАҒАЙ (МЕЖДОМЕТІЯ).

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, орыс тіліне аударыңыз

1. Кешіріңіз, Сізден сұрауға бола ма? 2. Әи, бері кел! 3. Қайырлы
күн! Менің атым Жанболат. 4. Мә, дәптеріңді ал! 5. Жә, айқайлама!
6. Құдай-ай, не болды саған! 7. Ал, қалайсың? 8. Алақай, ертең біз жол
жүреміз! 9. Бәрекелді, суретті әдемі салды екенсің! 10. Рақмет, ата, сау
болыңыз! 11. Аһа, осында отыр екенсіңдер!

14-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқып, олағанилар қаи мағынада жұмсалып тұрға-
нын айтыңыз

1. Уһ, шаршадым! 2. Ә, Сіз не дедіңіз? 3. Ол аһлап-уһлеп өрен
жетті. 4. Сұмдық! Масқара! 5. Құдайға шүкір, жаман тұрмаймыз.
6. Құрып қалғыр! Мені тыңдамай қойды. 7. Мә, саған! Ұмытып кетіптің!

8. Паһ-паһ, неткен дауыс! 9. Өттөсн-ай, көре алмадым-ау! 10. Жә, сөзіңнің керегі жок! 11. Қап, енді қайда барамын! 12. Ту, Сіз қызык екенсіз! 13. Шіркін, қандай ғажап! 14. Ғапу етіңіз, мына орын бос па? 15. Бәрекелді, жігіттер, осы беттеріңнен қайтпандар!

Одағайлар	Мысалдар
<p>Эмоциональные: а) выражающие радость, одобрение, восторг, восхищение: <i>Бәрекелді! Алақай!</i></p>	<p><i>Бәрекелді, өлеңді жақсы айтады екенсің!</i> «Браво! Хорошо поешь!» <i>Алақай, қар жауып тұр! «Ура! Снег идет!»</i></p>
<p>б) выражающие горе, досаду, боль, страх: <i>Өттеген-ай! Кап!</i></p> <p><i>Ойбай!</i></p> <p><i>Кұдай-ай!</i></p>	<p><i>Өттеген-ай, кешігіп қалдым-ау!</i> «Надо же, опоздала!» <i>Ойбай, ауырттың! «Ой, больно!»</i> <i>Кұдай-ай, бұл не дегені! «Боже мой! Что он говорит?»</i></p>
<p>в) выражающие презрение, негодование: <i>Масқара!</i></p>	<p><i>Масқара! Мынауың не? «Ужас! Что это с тобой?»</i></p>
<p>г) выражающие удивление, сомнение, иронию, недоверие: <i>Аһа!</i> <i>Бәсе!</i></p>	<p><i>Аһа, келдің бе?! «Ага, пришел?!»</i> <i>Бәсе, солай айтпайсың ба!</i> «Ну вот, так бы и сказал!»</p>
<p>Императивные: а) обращенные к людям: <i>Ал!</i> <i>Мә!</i> <i>Әй!</i></p> <p><i>Жә!</i></p>	<p><i>Ал, тұр! «Ну, вставай!»</i> <i>Мә, ал! «На, возьми!»</i> <i>Әй, саған айтып тұрмын! «Әй, тебе говорю!»</i> <i>Жә, күңкілдеме! «Хватит, не ворчи!»</i></p>
<p>б) обращенные к животным. <i>Кұрау-құрау!</i> <i>Шп-шп-шп!</i> <i>Аухау-аухау!</i> <i>Кә-кә!</i> <i>Көс-көс!</i></p>	<p>(лошади) Цып-цып-цып! (к корове) (к собаке) (к верблюду)</p>

15-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті одағайды қойыңыз

1. ..., домбыраны жақсы тартады екенсің! 2. ..., өрен көтерілдім!
3. ..., Жаңа жыл! 4. ..., баста! 5. ..., сөзді қой! 6. ..., сені кім шақырды?
7. ..., кесені ал! 8. ..., не істеп тұрсың? 9. ..., солай ма? 10. ..., бұл кім
өзі? 11. ..., мен кешігіп қалдым! 12. ..., қашан адам боласың? 13. ...,
енді қайттім? 14. ..., өнді керемет айтады екенсің! 15. ..., қойыңызшы!

16-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Ғапу етіңіз, ...? 2. Рақмет, ...! 3. Бәрсекелді, ...! 4. Әй, ...? 5. Сұм-
дық-ай, ...! 6. Мә, ...! 7. Жарайсың, ..! 8. Жә, ...! 9. Кұрып қалғыр, ..!
10. Ал, ...! 11. Алақай, ...! 12. Қап, ...! 13. Ойбай, ...! 14. Кеш
жарық, ..! 15. Өттеген-ай, ...!

17-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Боже, кто это? 2. Ура, весна наступила! 3. На, возьми книгу!
4. Bravo, у тебя хороший голос! 5. Прекрати реветь! 6. Ну, посмотри на
меня! 7. Надо же, я опоздала на поезд! 8. Эй, иди сюда! 9. Ага, проголо-
дался! 10. Надо же, опоздала на автобус! 11. Эй, иди сюда!

18-жаттығу. Томендеп өлеңді оқып, олайғайларды тауып, қай мағынада жұмса-
лып тұрғанын көрсетіңіз.

Ертменен айқайлап,
Қайда екен деп ақылдым,
«Ауқау-ауқау», ауқаулап –
Қай төлді мен шақырдым?
Шұңтындаған неме деп,
Қойса жақсы келер деп,
«Шөре-шөре», шөрелеп –
Қай төлді мен шақырдым?

Жүрмесін деп қалыс қап,
Қайта-қайта лауыстап,
«Қауыс-қауыс», қауыстап –
Қай төлді мен шақырдым?
Құйрық-жалы суылдап,
Тез жетсін деп суылдап,
«Кұрау-кұрау», құраулап –
Қай төлді мен шақырдым?

(Әбдікәрім Ахметов)

19-жаттығу. Мына ертегіні оқып, қазақша-орысша сөздікті пайдаланып орыс
тіліне аударыңыз. Одағайларды жазып алып, олар қандай одағай екенін ажыратыңыз!

Оз атыңа не жетсін

Қоян кожегіне бір мықты ат коюды оилайды. Ол оны «Жолба-
рыс» деп атайды.

Көжек далаға шығады. Далада ешкінің лақтары ойнап жүр екен.
– Ей, ешкінің лақтары. мен сендермен бірге ойнайын ба? – дейді.
– Ей, сен кімсің, атың кім?
– Мен бе? Мен Жолбарыслын
– Ойбай! деп лақтар қорқып, жан-жаққа қашып кетеді. Көжек
үйіне келіп:

— Ои, Жолбарыс болмамын, менімен ешкім ойнамайды, — дейді.

Қоян:

— Ей, онда сенің атың «Қасқыр» болсын, — дейді.

Ертеңне көжек тағы далаға шығады. Далада жас бұзаулар ойнап жүр екен.

— Әй, бұзаулар, мені де ойындарыңа қосындаршы, — дейді.

— Е, сен кімсің, атың кім?

— Мен бе? Мен Қасқырмын.

Бұзаулар оны сүзіп, теуіп, қуып жібереді. Көжек үйіне жылап келеді.

— Жок, мен Қасқыр болмаймын. Мені бәрі ұрып жолатпайды, — дейді.

— Қап, енді не істесем екен, күшті ат қойып едім, одан пайда болмады. Одан да өзіне лайықты ат қояйын. Е... онда сенің атың «Ақкожек» болсын, — дейді.

Келесі күні көжек далаға шығады. Далада борсықтың, түлкінің балалары жүр екен.

— Ей, борсықтың, түлкінің балалары, мені ойындарыңа қосындаршы, — дейді көжек.

— Сен кімсің? Атың кім?

— Менің атым Ақкожек.

— Ой, мынау бір жақсы бала екен! Жүзіп қандай жүп-жүмсақ! — деп бәрі шу ете түседі. Көжек кешке дейін ойнайды. Кешке шаршап қайтады.

— Алақай, «Ақкожек» деген ат қандай жақсы ат! — деп қуанады ол.

Сөздік

қоян	заяц	қасқыр	— волк
көжек	— зайчонок	бұзау	— теленок
мықты	— первоклассный	сүзу	— болать
жолбарыс	— тигр	үру	бить
ешкі	— коза	жолатпау	не подпускать
лақ	— козленок	күшті	— классный,
корку	— бояться		замечать ыный
жан-жаққа	— в разные стороны	найда	— польза
қашу	убегать	лайықты	— подходящий

20-жаттығу. Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып біреуіңіз қоян, екіншісіз көжек болып сөйлесу құраңыз.

21-жаттығу. Одағайларды айдаланып ситуация келтіріңіз

Үлгі: *Енді қайттім, ақшамды ұрлатып алдым! — Жә, жылама, табамыз ұрыны!*

3. ЛЕКСИКА: ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ.

❖ 22-жаттығу. Сойлесуді тынданыз, орыс тіліне аударыңыз

Мартина: Ләззат, Сіз маған қай театрға баруға кеңес берер едіңіз?

Ләззат: Меніңше, опера және балет театрына барғаныңыз дұрыс болар, өйткені бүгін сахнада Адаһның «Жизель» балеті жүріп жатыр. Мен балетті өте жақсы көремін.

Әлішер: Балет жақсы ғой, бірақ, менің ойымша, қазақ халық музыкасының концертіне барғаныңыз жөн. Бүгін филармонияда халық музыка аспаптары оркестрінің концерті болады. Соған бірге барайық.

Виталий: Одан да джазға барайық. Қазақконцертте осы аптада джаздың концерті болайын деп жатыр.

Роза: Қазақ драма театрында Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясы жүріп жатыр. Соған барғанымыз дұрыс болар.

Тим: Оның бәрі жақсы ғой, бірақ мен қазіргі кездегі жас өңшілердің Республика сарайындағы концертіне барайын деп жоспарлап едім. Соған барсақ, қайтсіді?

Мартина: Дауласпаңыздар! Біз былай келісейік. Ешкім ренжімеу үшін, бүгіннен бастап күнде әр театрға барып тұрайық.

Бәрі: Келістік! Тамаша!

23-жаттығу. Томендегі мәнді оқып, өз пікіріңізді айтыңыз

Мартина қазақ тілін ғана емес, қазақ өнерін де зерттеп жүр. Ләззат оған опера және балет театрына баруға кеңес берді. Әлішердің ойынша, қазақ халық музыкасының концертін тындауға бару керек. Ал Виталий оны джазға шақырды. Розаның қазақ драма театрына Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясын көруге барғысы келді. Тим жас өңшілердің Республика сарайындағы концертіне баруды жоспарлап қойған екен. Мартинаны сол концертке шақырды. Сіздің ойыңызша, Мартинаның қайда барғаны дұрыс? Кеңес беріңізші.

❖ 24-жаттығу. Мәнді тындап оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз

Қазақ театры

Театр – ойын-сауық орны. Мұнда ойын-сауықтан басқа драмалық шығармалар, модени шаралар да өтеді. Театр ең алғаш Грецияда ашылған.

Қазақ театр өнері ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерімізге негізделген. Үйлену салты, шілдехана тойымен байланысты өтетін ойын-сауықтар, ақындар айтысы, т. б. дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болған.

Кейін халқымыздың талантты өнерпаздары шағын труппалар құрып, ел аралап, жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. 1917 жылы Ойқұдық жайлауында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданында) М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды.

Кейіннен 1925 жылдың аяғында Қызылорда қаласында тұңғыш

музыка театры ашылды. Театр шымылдығы 1926 жылы ақпанның 13-інде М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашылды.

Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елебек Әмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Шара Жиенқұлова және тағы басқа өнер тарландары қызмет етті. Олар театр тарихына ошпес із қалдырды. 1934 жылы қазақ драма театрының құрылуына негіз болды. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір Н. Бекежанов атындағы облыстық театрының ғимараты тұр.

Бұл күнде облыс орталықтарының бәрінде драма театрлары ашылды. Қазақ драма театрының сахнасында қойылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан Сері – Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Ана-Жер-ана» спектакльдері театр сахнасынан түспей келеді. Соңғы жылдары театр репертуары байи түсті.

Сөздік

ойын-сауық – развлечение
шығарма – произведение
шара – мероприятие
өнер – искусство
негізделу – основываться
көрініс – проявление
сахна – сцена
өнерпаз – мастер

тұңғыш рет – в первый раз
шымылдық – занавес
тарлан – мастер, знаменитый
ошпес – неизгладимый
із – след
негіз – основа
ғимарат – здание
байи түсу – обогащаться

25-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып, орысша баламаларын тауып айтқызыз.

Ойын-сауық орны; драмалық шығармалар; мәдени шаралар; ең алғаш; қазақ театр өнері; ежелден келе жатқан, салт-дәстүрлерімізге негізделген; үйлену салты; шылдехана тойы; ақындар айтысы; театр өнерінің алғашқы көріністері; талантты өнерпаздары, шағын труппалар құру; ел аралау; жәрмеңкелерде өнер көрсету, Ойкұдық жайлауы; қазіргі Семей облысы; тұңғыш рет қойылды, театр шымылдығы, алғаш рет құрылған, өнер тарландары; ошпес із қалдыру; негіз болу; бұл күнде; қазақ драма театрының сахнасында; түспей келеді; байи түсті.

26-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Театр деген не? 2. Театрда нелер өтеді? 3. Театр ең алғаш қайда ашылған? 4. Қазақ театр өнері ежелден неге негізделген? 5. Театр өнерінің алғашқы көріністері нелер болды? 6. Жәрмеңкелерде кімдер өнер көрсеткен? 7. Қай спектакль, қай жерде және қашан тұңғыш рет қойылды? 8. Тұңғыш музыка театры қашан және қай жерде ашылды? 9. Театр шымылдығы қашан және немен ашылды? 10. Театр алғаш рет құрылған жылы онда кімдер қызмет етті? 11. Қазақ драма театры қашан ашылды? 12. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір не тұр? 13. Бұл күнде облыс орталықтарының бәрінде нелер ашылды? 14. Театр сахнасынан нелер түспей келеді? 15. Театр репертуары қандай?

27-жаттығу. Төмендегі сөйлемдер і сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыз

1. Театр – ойын-сауық орны 2. Театрда ойын-сауықтап басқа драмалық шығармалар, мәдси шаралар да өтеді. 3. Театр ең алғаш Грецияда ашылған. 4. Қазақ театр өнері салт-дәстүрлерімізге негізделген. 5. Ежелден келс жатқан дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болды. 6. Талантты өнерпаздарымыз шағын труппалар құрып, ел аралап, жәрмәнкелерде өнер көрсеткен. 7. 1917 жылы М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды. 8. 1925 жылдың аяғында Қызылорда қаласында тұңғыш музыка театры ашылды. 9. Қазақ өнер тарландары театр тарихына өшпес із қалдырды. 10. 1934 жылы қазақ драма театры құрылды. 11. Қазақ драма театрының сахнасында қойылған «Ақан сері-Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Ана-Жер-ана» спектакльдері театр сахнасынан түспей келеді. 12. Соңғы жылдары театр репертуары байи түсті.

28-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз

1. Театр ең алғаш Грецияда ашылған. 2. Қазақ театр өнері салт-дәстүрлерімізге негізделген. 3. 1917 жылы Оиқұдық жайлауында М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды. 4. Тұңғыш музыка театрының шымылдығы 1926 жылы ақпанның 13-інде М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашылды. 5. Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елебек Әмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Шара Жиенқұлова және тағы басқа өнер тарландары қызмет етті. 6. 1934 жылы қазақ драма театрының құрылуына негіз болды. 7. Бұл күнде облыс орталықтарының бәрінде драма театрлары ашылды. 8. Қазақ драма театрының сахнасынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан Сері-Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Ана-Жер-ана» спектакльдері түспей келеді.

29-жаттығу. Жақпа шіндегі сөздерді аударып, сөйлемдерді дәптеріңізде жазыңыз

1. Театр – (место развлечения). 2. Театрда (драматические спектакли, концерты и другие культурные мероприятия) өтсді. 3. Үйлену салты, шілдехана тойымен байланысты өтетін ойын-сауықтар, ақындар айтысы т. б дәстүрлеріміз (цервыми проявлениями театрального искусства) болды. 4. Кейін халқымыздың талантты өнерпаздары (организовали небольшие труппы, ездили по стране, показывали искусство на ярмарках). 5. 1925 жылдың аяғында (в городе Кызылорда открылся первый музыкальный театр). 6. Музыка театрында қызмет еткен өнер гарландары (оставили неизгладимый след в истории театра). 7. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында (сейчас находится здание областного театра имени Н. Бексжанова). 8. Бұл күнде (драматические театры открыты во всех областных центрах). 9. Қазақ драма театрының сахнасында қойылған (спектакли «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан Сері-Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Ана-Жер-ана» не ходят со сцены театра). 10. Соңғы жылдары (репертуар театра обогатился).

30-жаттығу. Томсендегі сөйлемдер толық ғы

Театр ойын сауық орны, мұнда өте і Қазақ сатр өн .
негізде ген Халқымыздың талантты өнерпаздары өнер көрсе и
1917 жылы . тұңғыш рет қойылды. 1925 жылдың аяғында ... ашыл-
ды Театр ымылдығы ... ашылды. Театр а ғаш рет құрылған жылы
онда .. қызмет етті Олар ... қалдырды Бұрынғы қазақ музыкалық
театрының орнында тұр. Бұл күнде .. ашылды. Қазақ драма теат-
рының сахнасында қойылған ... күспей келеді .. байи түсті.

31-жаттығу. Ләззаттын театрға барған тура ы нгімесін оқыңы сө і ті
и и ланып орыс тіліне аударыңыз

Өткен сенбіле Әлишер мені ісатрға шақырды Біз қазақ драма іс
атрының а шында сағат алтыда кездестік Сол күні театрда М. Әуе-
зовтің «Қарагөз» спектаклі жүріп жатыр екен Спектакльдің режиссері –
Әзербайжан Мәмбетов, басты рөлдерде ойнайтындар – Асанәлі Әшімов
Зәмзәгүл Шәріпова.

Ең алдымен ісатрдың киім ілішіне барып сырт киімімізді таң
сырып, театр дүрбісін алдық, оіікені орындарымыз сахнадан алыста
бо іды. Содан кейін екінші қабатқа көтеріліп, спектакльдің бағдарл -
масын сатып алдық. Қабырғаларда өртістердің суреттері ілініп тұр
екен. Театр адамдарға толы болды Адамдар суреттерге қарап, театрды
аралап жүр

Біз де фойсде біраз жүріп, үшінші қоңыраудан кейін көрермен
дермен бірге залға кіріп, өз оры арымызды іздей бастадық. Біздің
орындарымыз і артердің оныншы қатарында бо ы Орындарымызға
жайғасып отырдық

Көрермендер қол шапалақтады. Біраздан кейін шымылдық ашылды
да, спектак ь басталды. Сахна жасауы, өртістердің ойыны, костюмдері
кереме болды. Бірінші актіден кейін үзіліске шықтық.

Спектакль сағат тоғыз жарымда аяқталды. Адамдар үйлеріне асы
ға бастады. Кейбір адамдар спектакльдің аяқталуына қарамастан, орын
дарынан тұрып кетті Біз жол боиы спектакль туралы, спектакльден
алған әсерлеріміз туралы әңгімелестік. Спектакльден үлкен ләззат
алдық. Кетер жолы енді басқа ісатрға бармақпыз.

32-жаттығу. Мәтінге сұрақтар құрап жатыңыз, о іас іны жауап берсін

33-жаттығу. Мәтінді қайтадан оқып III жақта әңгімелені

34-жаттығу. М на с и есулерді оқып ж па ы ы

* *

– Бұл опера және балет театрында қандай қойылым жүріп жа-
тыр?

Бүгін Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операсы жүріп жа-
тыр

- Маған кешкі спектакльге екі билет беріңіші.
- Өкінішке орай бүгінге барлық билет сатылып кетті.
- Күні бұрын билет сатып алсамшы!

- Неткен керемет театр еді!
- Иә, реставрациядан кейін тіпті жақсарып кетілті!
- Киім ілетін жер қайда? Маған театр дүрбісін сұраныңшы.

- Орындарымыз қай жерде?
- Міне, партердің бесінші қатарында. Жайғасып отыра беріңіз.

- Үзіліс қанша уақытқа созылады?
- Көне, асыңайық! Соңғы қоңырау соғылды!

- Сахна жасауы шынында қоркем екен!
- Иә, костюмдері де өдемі. Спектакльді қоюшы кім? Басты рөлді кім ойнайды екен?
- Спектакльді қоюшы Ә Мәмбетов. Басты рөлде А. Әшімов ойнады.

- Спектакль Сізге ұнады ма?
- Мен осы спектакльден үлкен ләззат алдым! Бұл өзі қызғылықты спектакль екен. Орындаушылар құрамы да жақсы іріктеліпті.

35-жаттығу. Сөйлесіңіз

- Сіз театрға баруды ұнатасыз ба?
- ...
- Қай театрға жиі барасыз?
- ...
- Спектакльдерді қай тілде көресіз?
- ...
- Сізге классикалық музыка ұнай ма? Оны тыңдау үшін қайда бару керек?
- ...?
- Мен балетті өте жақсы көремін. Опера және балет театрына жиі барып тұрамын
- ...?
- Менің ең жақсы көретін балетім — Чайковскийдің «Аққу кол» балеті.

36-жаттығу. Қазақ драма театрына барып, спектакль көріңіз. Спектакль бағдарламасына сүйеніп, театрға қалай барғаныңыз туралы шағын шығарма жазыңыз

22-сабақ

Модальные слова (Модаль сөздер).

Модальные слова выражают мнение говорящего, его отношение к различного рода высказываниям, его оценку происходящему, а также чувства, которые испытывает говорящий *Әрине, саған бәрібір! Кешигіп қалған шығармыз Қолымды ауырттың ғой!*

Модальных слов в казахском языке немного. Вот основные из них:

<i>рас</i> — действительно	<i>расында</i> — на самом деле
<i>мүмкін</i> — наверное, возможно	<i>керек</i> — необходимо
<i>әрине</i> — конечно	<i>қажет</i> — нужно
<i>шынында</i> — в действительности	<i>тиіс</i> — должен
<i>әлбетте</i> — непременно	<i>ғой</i> — же
<i>бәсе</i> — это другое дело	<i>екен</i> — оказывается
<i>шығар</i> — наверное	<i>шамасы</i> — видимо
<i>болар</i> — должно быть	<i>білем</i> — кажется
<i>тәрізді</i> — как будто	<i>көрінеді</i> — кажется
<i>секілді</i> — как	<i>ықтимал</i> — вероятно
<i>сияқты</i> — похожи	

Модальные слова восходят к именам существительным *шынында, шамасы, расында, әлбетте*, именам прилагательным *тиіс, тәрізді*, глаголам *білем, көрінеді, болар, шығар*, междометиям *бәсе* и др

По значению их можно подразделить на две основные группы:

1. Болымды модаль сөздер	рас, әрине, шынында, әлбетте, керек, қажет, расында, бәсе, ғой, шынын айту керек, жасырағыны жоқ, әліліне келгенде, гурасын айтқанда, .
2. Болжаулық модаль сөздер	мүмкін, сірә, менінше, шығар, болар, тиіс екен, тәрізді, секілді, сияқты, шамасы, білем, көрінеді, қатай екені белгісіз.

Междометия (Одағай).

Междометия выражают различного рода эмоции, чувства (боль, гонимую, радость, удивление, гнев и др.) Например *Бәрекеңді! Өлеңді жақсы айтты екенің!* «Браво! Хорошо поешь!» *Ойбай, ауырттың!* «Ой, ты сделал мне больно!» *Қап, соңғы автобус кетіп қалды-ау!* «Эх, последний автобус ушел!» *Рақмет, Қарим, рақмет!* «Спасибо, Карим, спасибо!» *«Кеш жарық!» — деді Шербаков* «Добрый вечер!» — сказал Щербаков»

Междомстия	Русский эквивалент	Примеры
<p>Эмоциональные: а) выражающие радость, одобрение, восторг, восхищение: <i>Бәрекелді!</i></p> <p><i>Алақай!</i></p>	<p>Браво!</p> <p>Ура!</p>	<p><i>Бәрекелді, өлеңді жақсы айтасың!</i> «Браво! Хорошо поешь!»</p> <p><i>Алақай, қар жауып тұр!</i> «Ура! Снег идет!»</p>
<p>б) выражающие горе, досаду, боль, страх: <i>Әттеген-ай! Қап!</i></p> <p><i>Ойбаи!</i></p> <p><i>Құдай-ай!</i></p> <p>в) выражающие презрение, негодование: <i>Масқара!</i></p> <p>г) выражающие удивление, сомнение, иронию, недоверие: <i>Аһа!</i></p> <p><i>Бәсе!</i></p>	<p>Надо же!</p> <p>Ой!</p> <p>Боже мой!</p> <p>Ужас!</p> <p>Кошмар!</p> <p>Ага!</p> <p>Ну, вот!</p>	<p><i>Әттеген-ай, кешігіп қалдым-ау!</i> «Надо же, опоздала!»</p> <p><i>Ойбаи, ауырттың!</i> «Ой, больно!»</p> <p><i>Құдай-ай, бұл не дегені!</i> «Боже мой! Что он говорит?»</p> <p><i>Масқара! Мынауың не?</i> «Ужас! Что это с тобой?»</p> <p><i>Аһа, келдің бе?»</i> «Ага, пришел?»</p> <p><i>Бәсе, солай айтпаисың ба!</i> «Ну, вот, так бы и сказал!»</p>
<p>Императивные: а) обращенные к людям: <i>Ал!</i> <i>Мә!</i> <i>Әй!</i></p> <p><i>Жә!</i></p> <p>б) обращенные к животным: <i>Құрау-құрау!</i> <i>Шип-шип-шип!</i> <i>Аухау-аухау!</i> <i>Кә-кә!</i> <i>Көс-көс!</i></p>	<p>Ну!</p> <p>На!</p> <p>Эй!</p> <p>Полно!</p> <p>Хвати!</p> <p>(к лошади) Цып-цып-цып! (к корове) (к собаке) (к верблюду)</p>	<p><i>Ал, тұр!</i> «Ну, вставай!»</p> <p><i>Мә, ал!</i> «На, возьми!»</p> <p><i>Әй, саған айтып тұрмын!</i> «Эй, тебе говорю!»</p> <p><i>Жә, құрқидеме!</i> «Хватит, не ворчи!»</p>

23-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Есімдік.
2. Грамматика: Өзгелік етіс.
3. Лексика: Қазақстан.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. ЕСІМДІК

1-жаттығу. Есімдіктерді тауып, түрлеріне ажыратыңыз

1. Үйге біреу келді 2. Мен өзім мектепте мұғаліммін 3. Ешкім ештеңе көрмейті. 4. Бәрі үйде ме? 5. Кейбір адамдар қаланы жақсы көреді, ал кейбіреулер ауылды ұнатады 6. Бұл кім? 7. Мен ешқайда бармаймын. 8. Мұнысы несі? 9. Ол өзі кінәлі. 10. Бірдемені сұрағым келіп тұр. 11. Барлық адамдардың беібітшілікте тұрғылары келеді. 12. Өздерің қайдан боласыздар? 13. Мағрипаның күйеуі қайсы? 14. Менің саған айтарым – осы. 15. Мен де, сен де, Сіз де, ол да, сендер де, Сіздер де, олар да – біз бәріміз осында не үшін жиналдык?

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді дәптеріңізге көшіріп жазыңыз. Көп нүктенің орнына есімдіктің жалғауын қойыңыз

1. Мен... халім жаман емес. Өзің... халің қалай? 2. Біз... оқулық жоқ, тағы біреулер. сұрап көр. 3. Ыстықкөлге демалуға кім бардыңдар? 4. Мен... ешкім... жұмысы болмасын. 5. Сіз .. барсын немесе ол... барсын, мен... қолым гимейді. 6. Бәрі... дұрыстап түсіндір, жарай ма? 7. Ешкім. ештеңе сұрамаймын. 8. Бор кім. ? – Мен . жоқ. 9. Өзі. бер, өзі . бермесең, мен... бер. 10. Бәрі.. денсаулығы жақсы. Сіз . ше?

3-жаттығу. Мына сөйлемдердегі мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін ажыратып, ондағы есімдіктердің түрлерін көрсетіңіз. Орыс тіліне аударыңыз

1. Әркімнің қолы өз аузына жақын. 2. Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы. 3. Біреудің отына жылыну. 4. Ештен кеш жақсы. 5. Еш жерге сыймау. 6. Қайда барса да, Қорқыттың көрі. 7. Өз билігі өзінде. 8. Өз қолы өз аузына жету. 9. Өз обалы өзіне. 10. Өзімдікі дегенде өзің қара күшім бар. Өзгенікі (кісінікі) дегенде анау-мынау ісім бар. 11. Өзін-өзі ұстау.

2. ГРАММАТИКА: ӨЗГЕЛІК ЕТІС.

4-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз. Айырмашылығын айтыңыз

- | | |
|---------------------|------------------------------------|
| Серік диванға жатты | – Баланы төсекке жатқызды. |
| Әкем кітап жазды | – Мұғалім бізге жаттығуды жазғызды |
| Қалаға өрен жеттім | – Хатты тез арада жеткіздім. |

Мына орындыққа отыр — Әжені торге отырғыз.
 Сіз сабағыма қатысыңыз. — Балаларды ойынға қатыстырыңыз
 Жерді қаз. — Жерді ініңе қаздыр.
 Тез киін. — Қызыңды тез киіндір.
 Біз сені екі сағат күттік — Сен мені күттіріп қойдың ғой!
 Мен ұйықтадым — Баланы ұйықтаттым.
 Біз далада ойнадық. — Кішкентай баланы ойнаттық.
 Тісінді тазала! — Бөлмесін өзіне тазалап.
 Балалар қарға қуанды. — Әсем әке-шешесін қатты қуантты

5-жаттығу. Мәтінді оқып, өзгелік етісте тұрған етістіктерді дәлгеріңізге жазып алыңыз. Жұрнақтардың астын сызыңыз.

Кеше бізде қазақ тілі сабағы болды. Мұғаліміміз өте білімді адам. Ол бізді қазақша сөйлетеді. Кеше бізді жаңа тақырыппен таныстырды. тақырып бойынша жаңа сөздерді үйретті. сөздердің мағынасын түсіндірді. Сабақта бізге көп жұмыс істетті. мәтінді оқытты, мәтінге сұрақтар қойғызды, сұрақтарға жауап берізді. жаттығуларды орындатты. Сергейге мәтінді қазақша оқытты, орыс тіліне аудартты. Машаға тақтаға сөйлемдерді жазғызып, синтаксистік талдау жасатты.

Сабақтың көпшілік бөлігін ауызша сөйлесуге арнады. Магнитофоннан бізге өте қызықты әңгіме тыңдатты. Сол әңгімені бізге баяндап айтқызды, содан кейін қысқаша мазмұндама жазғызды.

Мұғаліміміз дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуымызға көп көңіл бөледі. Кеше қателерімізді өзімізге тапқызып, түзетті, сөздерді, сөйлемдерді қайтадан айтқызды. Сабақтың аяғында үй тапсырмасын берді. Сабағымызды әдеттегідей өте қызықты өткізді.

6-жаттығу. Келесі беттегі кестемен танысып, мына сөздерге өзгелік етістің жұрнақтарын қосыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

а) жуу, тию, жіберу, ашу, түру, ошіру, өперу, теру, кесу, шашу, пешу, тосу, тесу, демалу, апару, келу, бұзу, құю, сүрту, ұру, жұму, ішу, сату, бөлу, қою, қосу, ілу, деу, жабу, кіру, салу, буу.

ә) сыну, болу, қою, тебу, жуыну, буыну, танысу, айналу, кездесу, жану, жеңу, шешіну, ойлану, озу, басу, аттану, құлу, үйлену, ұйымдасу, жұлу, тозу, орналасу, қону, жолығу, білу, тоңу.

б) билеу, қимылдау, жинау, сыпыру, бітіру, ауыру, үйрету, істеу, жасау, аудару, тексеру, шайнау, шегелеу, толтыру, терлеу, арнау, майдалау, атау, байлау, бастау, есептеу, шаршау, жүгіру, үтіктеу.

7-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сізге мына жаттығуды кім орындатты? 2. Мұғаліміңіз Сізге жаңа тақырыпты түсіндірді ме? 3. Студенттерге не істетті? 4. Кітапханадан жаңа оқулық алғызды ма? 5. Сабақтан кейін жолдасыңыз Сізді кіммен таныстырды? 6. Сіздер не ұйымдастырып жүрсіздер? 7. Жолдасыңыз тұған күні кешіне кімді шақыртты? 8. Болмені кімге жинатты? 9. Та-

Етістіктер	-қыз/-кіз; -ғыз/-гіз	-тыр/-тір; -дыр/-дір	-т
айт «скажи» жат «ложись» жет «доберись» өт «переиди» жаз «напиши» сал «положи» отыр «садись» бер «дай» же «ешь» ки «надень»	айт-қыз-ды жат-қыз-ды жет-кіз-ді өт-кіз-ді жаз-ғыз-ды сал-ғыз-ды отыр-ғыз-ды бер-гіз-ді же-гіз-ді ки-гіз-ді		
тап «найди» сок «ударь» пш «раскрой» күт «жди» қаз «копай» жан «гори» қал «останься» ал «бери» сез «почувствуй» сен «верь»		тап-тыр-ды сок-тыр-ды пш-тір-ді күт-тір-ді қаз-дыр-ды жан-дыр-ды қал-дыр-ды ал-дыр-ды сез-дір-ді сен-дір-ді	
тазала «чисти» сана «считай» оқы «читай» оина «играй» жыла «плачь» баста «начинай» емде «лечи» жүгір «бегги» пісір «свари» өзгер «изменись» сойле «говори»			газала-т-ты сана-т-ты оқы-т-ты ойна-т-ты жыла-т-ты баста-т-ты емде-т-ті жүгір-т-ті пісір-т-ті өзгер-т-ті сөйле-т-гі

мақты кімге пісіртті? 10. Кірді кімге үтіктеттіңіз? 11. Шанды кімге сұрткіздіңіз? 12. Еденді кімге сыпырттыңыздар? 13. Сіз кеше қонақта кімді кездестірдіңіз? 14. Үйге кімді кірізді? 15. Бөріңізді кім күлдірді? 16. Ата-анасы баласын үйлендірді ме? 17. Үй иесі қонақтарына не жегізді? 18. Енесі келініне шай күйгызды ма? 19. Талғат тісін жұлдырды ма? 20. Шешесі баласын ұйықтатты ма? 21. Баланы кім жылатты?

8-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1 Мама попросила дочь вытереть пыль. 2 Карим позволил Алие купить шубу. 3 Гости попросили меня сыграть на домбре.

4 Мы заставили ребенка спеть. 5. Он попросил меня нарисовать портрет. 6 Ученики заставили учителя рассказать о своей поездке за рубеж. 7 Меруерт заставила меня съесть плов. 8. Мы заставили Санию выпить лекарство. 9. Мы доставили письмо в деревню. 10. Родители поженили сына. 11 Отец попросил сына прочесть статью. 12 Мы встретили Жомарта на выставке. 13 Познакомь меня со своей соседкой. 14. Одень ребенка и выведи его на улицу. 15. Кого ты впустил в дом? 16 Бабушка попросила внучку шалить кумыс в пиалу. 17. Учитель дал студентам написать сочинение. 18. Ты заставил меня ждать тебя три часа. 19. Усыпи ребенка. 20. Я заказала сшить себе красивое летнее платье.

9-жаттығу. Кімге не істеткеніңізді жазыңыз (10 сөйлемнен кем болмасын)

3. ЛЕКСИКА: ҚАЗАҚСТАН.

9 10-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз

Қазақстан

Қазақстан — көп ұлтты егеменді мемлекет. Халқының саны 15 миллионнан асады. Археологтардың айтуы бойынша Қазақстан жерін алғашқы адамдар бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. Қазіргі Қазақстанда 130 ұлттың өкілдері тұрады.

Қазақстан батысында Каспий ойпазы, шығысында Алтай тауларына дейін үш мың шақырымға, солтүстігінде Батыс Сібір, оңтүстігінде Тянь-Шань шыңдарына дейін бір мың бес жүз шақырымға созылып жатыр.

Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады. Республика жерінің үлкендігі соншалық — оның оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір-біріне ұқсамайды. Оңтүстігінде жемістер гүлдеп, жер бетін астық жапқанда, солтүстігінде өлі қар жатады.

Республиканың оңтүстік аудандарында күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әр түрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан өсімдіктер өсіріледі. Бұл аймақта жаңбыр өте аз жауады, жазы ыстық және құрғақ болады. Оның үстіне бұлардың барлығы да суды өте көп қажет етеді. Іле, Шу, Сырдария өзендерінің мол суы — бұл аймақтың байлығы.

Республиканың солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. Бұл өсімдіктерге су онша көп қажет емес. Мұнда күн ыстық емес, жаңбыр да жиі жауып тұрады.

Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар. Олар темір рудасы, түсті және асыл металдар (мыс қорғасын, қалайы, күміс, алтын және бас алары), көмір, мұнай, фосфориттер. Осыларды игеру бары-

сында жаңа қалалар пайда болды. Олар: Арқалық, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаратау, Теміртау, Ақтау, Кентау, т. б.

Қазақтар бұрын көшпенді ел болып, мал шаруашылығымен айналысқан. Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті де білімді елге айналды.

Қазақстан – егеменді тәуелсіз мемлекет. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды.

□ Сөздік

егеменді – суверенный	жер шары – земной шар
асу – превышать	түсті – цветной
алғашқы – первый	асыл – драгоценный
мекендеу – населять	мыс – медь
өкіл – представитель	қорғасын – свинец
ойпат – низменность	қалайы – олово
шың – пик	көмір – уголь
созылып жатыр – простирается	мұнай – нефть
жер көлемі – площадь	игеру барысында
шаршы шақырым – кв км	во время освоения
табиғат – природа	пайда болу – появляться
астық – зерно	көшпенді – кочевой
мақпа – хлопок	мал шаруашылығы – скотоводство
осымдық – растение	айналысу – заниматься
өсірілу – выращиваться	дамыған – развитой
аймақ – регион	жоғары мәдениетті –
оның үстіне – кроме того,	высококультурный
болсе того	айналу – превращаться
қажет ету – нуждаться	тәуелсіз – независимый
байлық – богатство	тұңғыш – первый
пайдалы кен – полезные ископаемые	сайлану – избираться

11-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып орыс тіліне аударыңыз

Көп ұлтты егеменді мемлекет, халқының саны; археологтардың айтуы бойынша; алғашқы адамдар; бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген; ұлттардың өкілдері, жер көлемі, шаршы шақырым; жерінің үлкендігі; табиғаты бір-біріне ұқсамайды; оның үстіне; қажет етеді, аймақтың байлығы; пайдалы кендер; кен байлықтары; түсті және асыл металдар; игеру барысында; пайда болу; көшпенді мал шаруашылығы; ауыр индустрия; ауыл шаруашылығы; қатар дамыған; мәдениетті және білімді елге айналу, егеменді тәуелсіз мемлекет; тұңғыш президент болып сайлану

12-жаттығу. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз

1. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет пе? 2. Халқының саны қанша? 3. Қазақстан жерін алғашқы адамдар қашан мекендеген? 4. Қазіргі Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері тұрады? 5. Қазақстан қай жерде орналасқан? 6. Оның жер көлемі қанша? 7. Табиға-

ты қандай? 8. Республиканың оңтүстік аудандарында не өсіріледі? 9. Республиканың солтүстігінде не өседі? 10. Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай? 11. Пайдалы кендерді игеру барысында қандай жаңа қалалар пайда болды? 12. Бүгінгі Қазақстан қандай елге айналды? 13. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті кім және қашан сайланды?

13-жаттығу. Асты сызылған сөздерді қайталап сұраңыз

Үлгі: Қазақстаң – көп ұлтты мемлекет. – *Қазақстан ба?*

1. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. 2. Қазақстан – егеменді мемлекет. 3. Алғашқы адамдар Қазақстан жерін бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. 4. Қазақстан батысында Каспий ойпаты, шығысында Алтай тауларына дейін үш мың шақырымға созылып жатыр. 5. Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады. 6. Республиканың оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір-біріне ұқсамайды. 7. Республиканың оңтүстік аудандарында әр түрлі өсімдіктер өсіріледі. 8. Іле, Шу, Сырдария өзендерінің мол суы – бұл аймақтың байлығы. 9. Солтүстікте күн ыстық емес, жаңбыр да жиі жауып тұрады. 10. Қазақстан пайдалы кендерге өте бай. 11. Қазақтар бұрын көшпенді ел болып, мал шаруашылығымен айналысты. 12. Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті де білімді елге айналды. 13. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды.

14-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақ қойыңыз.

1. Археологтардың аитуы бойынша Қазақстан жерін алғашқы адамдар бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. 2. Республиканың оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір-біріне ұқсамайды. 3. Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар. 4. Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті де білімді елге айналды. 5. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды.

15-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

неңің? не? қанша? неден? не істеді?

Үлгі: Халқының саны 15 миллионнан асады

1. Халқының саны 15 миллионнан асады. 2. Қазіргі Қазақстанда 130 ұлттың өкілдері тұрады. 3. Республиканың солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. 4. Қазақтар бұрын көшпенді ел болатын. 5. Бүгінгі Қазақстан – көп ұлтты егеменді мемлекет. 6. Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар. 7. Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті де білімді елге айналды. 8. Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан

асады. 9 1991 жылы 1 желтоқсанда Н. Ә Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды.

16-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын қостамаңыз

1 Қазақстанда 25 миллионнан астам халық тұрады. 2 Қазақстан жерін алғашқы адамдар 500 мың жыл бұрын мекендеген. 3 Республиканың оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір-біріне ұқсайды. 4 Оңтүстікте күн ыстық емес, жаңбыр да жиі жауып тұрады. 5. Солтүстікте күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әр түрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан өсімдіктер өсіріледі. 6 Қазақстан жері пайдалы кендерге оңша бай емес. 7 Қазіргі Қазақстан – қошпенді ел. 8. Қазақстанда 25 облыс бар.

17-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңыз және оларды пайдаланып сұрақ қойыңыз, жолдасыңыз жауап берсін

Үлгі: площадь – жер көлемі. Қазақстанның жер көлемі қанша? – Қазақстанның жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады.

Площадь, суверенный, поселиться, численность населения, природа, расти, полезные ископаемые, появляться, кочевой, развиваться, превратиться, первый президент

18-жаттығу. Сөйлем құраңыз

- | | |
|--------------------------------|---|
| 1. Қазақстан | <ul style="list-style-type: none">— многонациональное суверенное государство— простирается с запада на восток на 3000 км,и с севера на юг на 1500 км.— богат полезными ископаемыми.— превратился в развитую страну. |
| 2. Қазақстанның | <ul style="list-style-type: none">— площадь более 2,7 млн кв. км.— земля была населена первыми людьми 300 тыс. лет назад.— численность населения более 15 млн людей.— появились новые города |
| 3. Республиканың оңтүстігінде | <ul style="list-style-type: none">— выращивают арбузы, дыни, яблоки, виноград, свеклу, рис, хлопок— погода жаркая и сухая.— редко идут дожди |
| 4. Республиканың солтүстігінде | <ul style="list-style-type: none">— растет хлеб и овощи.— погода нежаркая.— часто идут дожди.— выращивают зерно и овощи |

19-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтап жазыңыз

1. Қазақстан – көп ұлтты
2. Археологтардың айтуы бойынша
3. Жер көлемі
4. Республиканың оңтүстігінде
5. Республиканың солтүстігінде
6. Қазақтар бұрын
7. Бүгінгі Қазақстан ..

20-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз

1. ... 15 миллионнан асады.
2. ... оқилдері тұрады.
3. ... созылып жатыр.
4. ... бір-біріне ұқсамайды.
5. ... өте бай.
6. ... пайда болды.
7. ... айналды.
8. ... сайланды.

21-жаттығу. Географиялық картасына қарап, мыналарды көрсетіңіз

- а) Қазақстанның астаналарын;
- ә) Қазақстанның облыстарын және ірі қалаларын;
- б) Қазақстанның жаңа пайда болған қалаларын;
- в) Қазақстанның теңіздерін, көлдерін, ірі өзендерін,
- г) Қазақстанның тауларын.

22-жаттығу. Мына сөйлесуді оқып жаттығыңыздар

- Дарья, сен қай жерде тудың, қайда өстің?
- Мен Солтүстік Қазақстаннанмын. Петропавл қаласында туып-өстім. Алматыға оқу үшін келдім. Сен ше?
- Мен Омбыданмын. Қазақстанға қазақ тілін үйренейін деп келдім. Қазақстан туралы көп оқыдым, бірақ өз көзіммен көргім келді.
- Дұрыс, Виталий Қазақстанның қай жерінде болдың?
- Қазақстанның барлық жерлерін араладым. Солтүстігі өте салқын, ал оңтүстігі өте ыстық екен.
- Иә, Республикамыздың үлкендігі соншалық – оңтүстігінде жемістер гүлдеп, жер бетін астық жапқанда, солтүстігінде әлі қар жатады.
- Қазақстанның жері де үлкен, пайдалы кендерге де өте бай екен.
- Республикамыздың табиғат байлығы мол. Бұрын кошпенді ел еді, қазіргі Қазақстан дамыған елге айналды.

23-жаттығу. Виталийден оның туған жері туралы сұраныз

24-жаттығу. Оқып, жаттап алыңыз

Қазақстан Республикасы:

Тұңғыш президенті:

Конституциясы:

Ұлттық ақша:

егеменді тәуелсіз мемлекет.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев,
1991 жылы 1 желтоқсанда
сайланған.

Бірінші конституциясы 1993 жылы
28 қаңтарда, екінші конституциясы
1995 жылы 30 тамызда
қабылданды.

теңге.

Рәміздері: елтаңба;
ту;
әнұран.

☞ 25-жаттығу. Мәтінді тыңдап оқыңыз, сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз

Қазақстан Республикасының рәміздері

Әр халықтың тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты рәміздері болады. Қазақстанның да өз рәміздері бар. 1992 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының туы, әнұраны, елтаңбасы туралы заң қабылданды.

Қазақстан Республикасының туы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы — тік бұрышты (ені — 1 метр, ұзындығы — 2 метр) көгілдір мата. Көгілдір түс — бейбітшіліктің, тыныштықтың, жарқын болашақтың және ашық аспанның нышаны. Тудың ортасында жарқырап шыққан шұғылалы күн орналасқан. Бұл — бейбітшіліктің белгісі. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Дала құсы — дарқандық пен қырағылық және биікке самғау белгісі. Тудың сол жағында қазақ халқының ұлттық өнерігі бейнеленген. Өрнек қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және ұлттық өнерін білдіреді.

Күн, қыран құс және өрнек алтын түспен берілген. Алтын түс — молшылықтың, байлықтың, құт-берекенің белгісі.

Тудың авторы, суретшісі — Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Ол — елтаңбаның жүрегі іспеттес. Шаңырақ әлемнің біртұтастығын, мемлекеттің бастауы — отбасы ошағын бейнелейді. Шаңырақты айнала уықтар шанышылған. Олар күн сәулесіндей жарқырайды. Екі жағын аңыз ертегілеріндегі пырақтардың қанаттары көмкеріп тұр. Қанатты пырақ — мәңгілік өмір, шексіз даму және Қазақстан секілді бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтардың рухани байлығын көрсетеді.

Елтаңбаның маңдайшасында бес бұрышты жұлдыз бар. Ол — мемлекетіміздің «бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл арманын арқалап тұрғандай Төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Реңдік бейнесі — алтын және көгілдір түсті.

Елтаңбаның авторлары, сәулетшілер — Шоша Уәлиханов пен Жандарбек Мөлібеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының сөзін жазуға Мұсафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева секілді елімізге аты белгілі аға-апайлары-

мыз қатысты. Ал өнін халқымызға танымал Мұқан Төлбасев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди сынды атақты композиторларымыз жазған

(«Сен білесің бе?» кітапшасынан алынды.)

26-жаттығу. Қазақстан Республикасының туы туралы сұрақтарға жауап беріңіз

1. Қазақстанның қандай рәміздері бар? 2. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы заң қашан қабылданды? 3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының түсі қандай? Ол нені білдіреді? 4. Тудың ені, ұзындығы қандай? 5. Тудың ортасында не орналасқан? Ол ненің белгісі? 6. Күннің астында не бейнеленген? Ол ненің белгісі? 7. Тудың сол жағында не бейнеленген? Ол нені білдіреді? 8. Күн, қыран күс және өрнек қандай түспен берілген? Алтын түс ненің белгісі? 9. Тудың авторы суретшісі кім?

27-жаттығу. Қазақстанның туына қарап, мәтін бойынша әңгімеленіз

28-жаттығу. Қазақстан Республикасының елтаңбасы туралы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында қолдир түс аясында не бейнеленген? Ол нені бейнелейді? 2. Шаңырақты айнала не шаншылған? Олар қалай жарқырайды? 3. Шаңырақтың астында не орналасқан? Ол нені көрсетеді? 4. Елтаңбаның маңдайшасында не бар? Ол ненің белгісі? 5. Төменгі жағында қандай жазу бар? 6. Рендік бейнесі қандай? 7. Елтаңбаның авторлары кім?

29-жаттығу. Қазақстанның елтаңбасына қарап мәтін бойынша әңгімеленіз

30-жаттығу. Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдап оқыңыз. Қазақша-орысша сөздікті пайдалана отырып орыс тіліне аударыңыз. Әнұранды айтуға тырысыңыз

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Сөзі: Мұсафар Әлімбаев
Қадыр Мырзалиев
Тұманбай Молдағалиев
Жадыра Дәрібаева

Әні: Мұқан Төлбасев
Евгений Брусиловский
Латиф Хамиди

Жаралған намыстан, қаһарман халықтың
Азаттық жолында жалындап жаныппыз
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен,
Аман-сау қалыппыз, аман сау қалыппыз.

Қайырмасы:

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте.
Алыптың қуаты – халықта,
Халықтың қуаты – бірлікте.

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын
Тағулық, достықтың киелі бәсiгi —
Меiрбан ұлы Отан, қазақтың даласы.

Қайырмасы:

Талайды өткердiк, өткенге салауат,
Келешек ғажаиып, келешек ғаламат.
Ар-ождан, ана тiл, онеге салымыз,
Ерлiк те, елдiк те ұрпаққа аманал.

31-жаттығу. Жолдасыңызбен сөйлесiнiз

— . . . ?

— Менiң туған елiм — Қазақстан

— ... ?

— Иә, Қазақстан — көп ұлтты егемендi мемлекет. Халқының саны қанша екенiн бiлесiз бе?

— ?

— Археологтардың айтуы бойынша Қазақстан жерiн алғашқы адамдар бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. Ал қазiргi Қазақстанда қанша ұлттың өкiлдерi бар? Көне, айтыңызшы.

— ?

— Иә, Қазақстанның жерi үлкен Қазақстан батысында Каспий ойпаты, шығысында Алтай тауларына дейiн үш мың шақырымға, солтүстiгiнде Батыс Сiбiр, оңтүстiгiнде Тянь-Шань шындарына дейiн бiр мың бес жүз шақырымға созылып жатыр. Жер көлемi қанша шаршы шақырым деп ойлайсыз?

—

— Республиканың оңтүстiк аудандарында не өсiрiледi, ауа райы қандай?

—

— Республиканың солтүстiгiнде не өседi, ауа райы қандай?

— ?

Иә, дұрыс айтасыз. Қазақстан жерi пайдалы кендерге өте бай. Ал Қазақстан жерiнде кен байлықтарынан нелер бар? Айта аласыз ба?

— ?

Қазақтар бұрын көшпендi ел болып, мал шаруашылығымен айналысты. Бүгiнгi Қазақстан қандай?

— ?

Н. Ә. Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының 1-президентi болып сайланды. Ал Конституциясы қашан қабылданды?

— ?

— Әр халықтың тарихына, салт-дәстүрiне, мәдениетiне байланысты рәмiздерi болады. Қазақстанның да өз рәмiздерi бар. Бiлесiз бе, Қазақстан Республикасының рәмiздерi туралы заң қашан қабылданды?

— ?

— Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк туын бейнелеп берiнiзшi.

—

– Елтаңбасы қандай, нені бейнелейді?

– Сіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының сөзін, оңін білесіз бе? Келініз, қосылып айтайық.

32-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Қазақстан» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

23-сабақ

Понудительный залог (Өзгелік етіс).

Понудительный залог также отсутствует в русском языке. Он имеет значение «заставить, понудить, попросить, позволить совершить какое-либо действие или принять иную форму состояния» и образуется при помощи суффиксов *-қыз/-кіз, -ғыз/гіз, -тыр/-тір; -дыр/-дір, -т*. Например

Біз оған өлең айт-қыз-ды-қ «Мы заставили его читать стихи»

Мен киілек сатып ал-дыр-ды-м. «Я попросила купить себе платье»

Етістіктер	-қыз/-кіз, -ғыз/-гіз	-тыр/-тір, -дыр/-дір	-т
айт «скажи» жат «ложись» жет «доберись» өт «прейди» жаз «напиши» сал «положи» отыр «сались» бер «даи» же «ешь» ки «надень»	айт-қыз-ды жат-қыз-ды жет-кіз-ді өт-кіз-ді жаз-ғыз-ды сал-ғыз-ды отыр-ғыз-ды бер-гіз-ді же-гіз-ді ки-гіз-ді		
тап «найди» соқ «ударь» пиі «раскрой» күт «жди» қаз «копай» жан «гори» қал «останься» ал «бери» сез «почувствуй» сен «верь»		тап-тыр-ды соқ-тыр-ды пиі-тір-ді күт-тір-ді қаз-дыр-ды жан-дыр-ды қал-дыр-ды ал-дыр-ды сез-дір-ді сен-дір-ді	
тазала «чисти» сана «считай» оқы «читай» ойна «играи» жыла «плачь» баста «начинай» емде «лечи» жүгір «беги» пісір «свари» өзгер «изменись» сөйле «говори»			тазала-т-ты сана-т-ты оқы-т-ты ойна-т-ты жыла-т-ты баста-т-ты емде-т-ті жүгір-т-ті пісір-т-ті өзгер-т-ті сөйле-т-ті

24-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Есімше.
2. Грамматика: Ырықсыз етіс.
3. Лексика: Астана.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ: ЕСІМШЕ.

1-жаттығу. Оқып, есімшелердің жұрнағын бөліп көрсетіңіз

1. Мектептен қайтқан оқушы.
2. Біз бұрын осында келетінбіз.
3. Сен баратын театр алыс емес
4. Студент ауылда тұратын жолдасына хат жазып отыр
5. Айтқаныңды түсіндім.
6. Жүрер күнін айтамын.
7. Киім тігетін әйел осында ма?
8. Сен жазған хатыңды алдым.
9. Мен саған көргенімді аитып отырмын.
10. Билейтін қыз осы ма?
11. Қағаға баратындармен сөйлес.
12. Мынау – кісі болар бала.
13. Оқығаныңды айтамын.
14. Жазатын дәптер қайда?
15. Кіресің осы ма?
16. Меруерт ұялғаннан үндемеді.
17. Мен оны жақсы көретінім.
18. Мен кеше келгенмін.
19. Болатын іс болды.
20. Айтарымды айттым.

2-жаттығу. Мына етістіктерден есімшенің үш түрін жасаңыз

Үлгі: *көру* – *көр-ген* – *көр-ер* – *көр-етін*; ..

Кору, тосу, ұшу, түсіну, тыңдау, кесу, жинау, билеу, жазу, ашу, жабу, шығару, кету, алу, беру, жату, қалу, озу, сезу, оту, жету, қану, қону, басу, сөйлесу, көрсету, біту, келу, ойнау, тебу, жуу, кіру, ішу, табу, жеу, пісу, тапсыру, жау, бату, сөну, шығу, жүргізу, сену, әкелу, қарау, шақыру, сойлеу, итеру, білу, үйрету, кию, жүру, бару, жию, қашу, шашу, апару, үйрену, жіберу, аралау.

3-жаттығу. Әр сөйлемнен есімше жұрнақтары бойынша үш түрлі сөйлем құраңыз. Орыс тілін аударыңыз

Үлгі: *Сәния бұл кітапты (оқу).* – *Сәния бұл кітапты оқыған.*
Сәния бұл кітапты оқыр. – *Сәния бұл кітапты оқитын.*

1. Сәния бұл кітапты (оқу). 2. Мен Абзалды (көру). 3. (Жазуым) осы. 4. Мен саған бір көйлек (көрсету). 5. Жаңбыр (жауу). 6. Болат Сіздің үйіңізге (бару). 7. Мұхтар жұмысты тез (істеу). 8. Мен Жамалмен (танысу). 9. Сәбит Маралмен (сөйлесу). 10. Балалар үйді (жинау). 11. Бекен сыныпқа бор (әкелу). 12. Сен мына есікті (жабу).

4-жаттығу. Мына есімше іерді боғымсыз түріне аиналдырыңыз

1) келген, айтқан, сүрген, жүрген, ұшқан, берген, конген, ойлаған, қонған, келкен, кескен, жүтқан, емделген, сындырған, ұялған, түрған;

2) кететін, келетін, ішетін, шығатын, тыңдайтын, ойнайтын, жататын, түсінетін, беретін, ашатын, билейтін, істейтін, еститін, бұзатын, жейтін,

3) жауар, кірер, соилесер, болар, қалар, қосыгер, пісер, қайнар, оғырар, жуар, жүрер, әперер, ойнар, айтар, тазалар, жазар, үтіктер, аралар, киер

5-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз

1. Әсет дүкеннен шыққан. 2. Мына кітап оқылған. 3. Олар тағы кездесер. 4. Мына ет бүгін пісер. 5. Студенттер мына жаттығуды орындаған. 6. Сәуле осы жерге жиі келетін. 7. Ұшақ уақытында қонған. 8. Әкем жұмысқа ерте кететін. 9. Бүгін Сәния ерте келер. 10. Мынау гез жүретін пойыз. 11. Мұғалім сабаққа кешігер. 12. Анау қалаға баратын автобус. 13. Бұл жақсы оқитын бала.

6-жаттығу. Мына мақал-мәтелдер мен өлеңді оқып, орыс тіліне аударыңыз және жаттап алыңыз

Ойнақтаған от басар.	Көрмес түйсін де көрмес.
Бермегенді беріп ұял	Ынтымақ болмай, іс оңбас
Ақыл – тозбайтын тон,	Жалғыз ағаш үй болмас.
Білім – таусылмайтын кен	Жалғыз жігіт би болмас.

Айттым сөлем, Қаламқас,	Сенен арлық жан тумас,
Саған құрбан мал мен бас,	Туса туар, – артылмас.
Сағынғаннан сені ойлап,	Бір өзіңнен басқаға
Келер көзге ыстық жас	Ынтықтығым айтылмас.

(Абай)

2. ГРАММАТИКА: ЫРЫҚСЫЗ ҒТІС.

жу	⇒	-ыл	жең	⇒	-іл	сана	⇒	-л
бу	⇒		бер	⇒		істе	⇒	
жаз	⇒		шеш	⇒		сақта	⇒	

7-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз. Айырмашылығын айтыңыз

Сәбит ауылға хат жіберді.	– Хат жіберілді. «Письмо отправлено».
Әкем кітап жазды.	– Кітап жазылды. «Книга написана»
Дәрігер оны емдеді	– Ол қалада емделді. «Он вылечился в городе»
Әлия қонақ шақырды	– Қонақ шақырылды. «Гости приглашены»
Әсет сденді сыпырды	Еден сыпырылды «Пол подметен»

Жерді қазды
Әсем кір үтіктеді.
Біз терезе жудық.
Мен мәтінді аудардым.
Ән аиттық

Әже шай ішті.
Балалар қағаз жинады

– Жер қазылды «Земля вскопана».
– Кір үтіктелді «Белье поглажено»
– Терезе жуылды. «Окно вымыто»
– Мәтін аударылды «Текст переведен».
– Жаксы ән айтылды. «Хорошая песня спета».
– Көп шай ішілді. «Много чая выпито»
– Балалар жиналды. «Дети собрались».

8-жаттығу. Мәтінді оқып, ырықсыз етісте тұрған етіс-ліктерді дәптеріңізге жапызып алыңыз. Жұрнақтардың астын сызыңыз.

Кеше демалыс күні болды. Біз үйде болдық. Қаншама іс істелді! Терезе жуылды, төсеніштер қағылды, заттар жиналды да, орындарына қойылды, сден сыпырылды және жуылды. Кір үтіктелді, көнлек тіілді, шұлық тоқылды. Картоп аршылды, қуырылды, салаттар жасалды, ет пісірілді, капуста тұздалды. Бірақ, сабақ оқылмады, баяндама жазылмады, мәтін аударылмады, жазбаша мәтінге сұрақтар қойылмады, сұрақтарға жауап берілмеді, хат жазылмады, ауылға жіберілмеді. Көп іс істелмеді.

Етістіктер	-ыл	-іл	-л
айт «скажи»	айт-ыл-ды		
жаз «пиши»	жаз-ыл-ды		
тап «найди»	тап-ыл-ды		
қаз «копай»	қаз-ыл-ды		
соқ «ударь»	соғ-ыл-ды		
аш «открой»	аш-ыл-ды		
бер «дай»		бер-іл-ді	
пиш «раскрой»		пиш-іл-ді	
сез «почувствуй»		сез-іл-ді	
пісір «свари»		пісір-іл-ді	
сүрт «вытри»		сүрт-іл-ді	
аяқта «закончи»			аяқта-л-ды
істе «делай»			істе-л-ді
оқы «читай»			оқы-л-ды
баста «начинай»			баста-л-ды
емде «лечи»			емде-л-ді

9-жаттығу. Ырықсыз етістің жұрнақтарын қосыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Жуу, тию, жіберу, ашу, өшіру, әперу, теру, кесу, шапу, пешу, тесу, апару, бұзу, күйу, сүрту, ішу, сату, қою, қосу, жабу, буу, жеңу, басу, жинау, сыпыру, бітіру, істеу, жасау, аудару, тексеру, толтыру, арнау, атау, баспау, есептеу, үтіктеу.

10-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1 Мына жаттығу орындалды ма? 2 Сізге жаңа тақырып түсіндірілді ме? 3 Жұмыс істелді ме? 4 Кітапханаға жаңа оқулық

тапсырылды ма? 5. Сабактан кейін жиналыс басталды ма? 6. Бүгін не пісірілді? 7. Жолдасыңыздың туған күніне кім шақырылды? 8. Бөлменің есігі ашылды ма? 9. Не сүртілді? 10. Не үтіктелді? 11. Ыдыс-аяқ жуылды ма? 12. Еден сыпырылды ма? 13. Мөтін қалай аударылды? 14. Үйге кімдер жиналды? 15. Ойында кім жеңілді? 16. Жиналыста қандай сұрақтар қаралды? 17. Жиналыста қаралған сұрақтар шешілді ме? 18. Шай құйылды ма? 19. Жел басылды ма? 20. Сіздің институтыңыз тұрған коше қалай аталады? 21. Бүгінгі сабақ қандай тақырыпқа арналды?

11-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Ответы были даны на все вопросы 2 Все вопросы решены 3. Текст переведен неправильно. 4. Упражнение было выполнено правильно. 5 Много песен было спето. 6. Много рассказов было прочитано. 7. Лекарство выпито? 8 Саня лечилась у хорошего доктора. 9. Письмо было отправлено в деревню 10 Собрание началось. 11 Рассматривались очень интересные вопросы. 12 Мы проиграли. 13. Урок окончен. 14 Тетради проверены. 15. Пиалы наполнены 16 Картошка почищена. 17. Яйцо сварено 18 Мясо пожарено. 19 Платье сшито. 20 Носки связаны 21. Салат приготовлен быстро. 22. Эта вещь дана мне 23 Книга сдана в библиотеку. 24. Об этой проблеме много говорилось. 25. Я записалась в библиотеку.

12-жаттығу. Не істелінгенін жазыңыз (10 сөйлемнен кем болмасын)

3. ЛЕКСИКА: АСТАНА.

☞ **13-жаттығу.** Мөтінді тыңдап, оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз

Астана

Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор (1920–1925), одан кейін Қызылорда (1925–1929), 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алматы қалалары болды.

1997 жылы қазанның 20-сында Н. Ә. Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды 1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды Осы жылғы маусымның 10-ында тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сөйтіп, енді Астана қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болды.

Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ, қалың өскен камыстың орны қала халқы демалатын жағажайға айналды Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, министрліктердің үйлері, көп қабат-

ты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылды Аспанға атылған ақ барыс мүсіні Қазақстанның ХХІ ғасырдағы бақытты болашағын білдіріп тұр.

Әсем Есілдің оң жағасында салынып жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады «Бойтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдырады.

Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең өсем, сұлу, өйгілі қала болмақ.

Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы, бас қала

□ Сөздік

жариялау – объявлять	ескерткіш – памятник
жарлық – указ	атылған – взметнувшийся
елбасы – президент	барыс – барс
қол қою – подписывать	мүсін – скульптура
салтанатты – праздничные	жаға – берсг
ашылу рәсімі – церемония открытия	сұлулық – красота
көрікті – красивый	ерекше – особенный
айналу – превращаться	қоз тарту – притягивать взгляд
батпақ – грязь	жақын шетел – ближнее зарубежье
қалың өсетін – густо растущий	алыс шетел – дальнее зарубежье
қамыс – камыш	саяси – политический
бой көтеру – подняться ввысь	әкімшілік – административный

14-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Қазақстан Республикасы; ең алғашқы астанасы; жарлыққа қол қою; Елбасының жарлығымен, тәуелсіз Қазақстан; салтанатты ашылу рәсімі, аз уақыттың ішінде, көрікті қалаға айналу; ағыл өтетін Есіл өзені; қалың өскен қамыс; қала халқы; көп қабатты тұрғын үйлер; аспанға атылған; бақытты болашақ, көз тарту; жақын, алыс шетелдерден келген қонақтар; таң қалдыру; мәдени орталығы; бас қала.

15-жаттығу. Мына сөздерден зат есім, сын есім, үстеу жасаңыз

1) ескерту, биік, министр, жетектеу, көру, саяхат, тұру, сұлу, мақтау;

2) салтанат, турист, қабат, негіз, астана, арнау, сәулет;

3) жаз, жоғары, төмен, қысқа, ат, алды, сырты, қатар.

16-жаттығу. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз

1 Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы қай қала болды? 2 Одан кейін қай қала астана болды? 3. Алматы қай кездерде Қазақ Республикасының астанасы болды? 4. 1997 жылы қазанның

20-сында Қазақстан Республикасының Елбасы қандай жарлыққа қол қойды? 5. Қай кезде Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды? 6. Осы жылғы маусымның 10-ында Астанада не өтті? 7. Астана қаласы қандай қалаға айналды? 8. Астана қаласында қандай көрікті жерлер бар? 9. Әсем Есілдің оң жағасында нелер бар? 10. Астана ненің орталыны?

17-жаттығу. Асты сызылған сөздерді қайталап сұраныз

Үлгі: Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор. – Орынбор ма?

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы – Орынбор.
2. 1925 жылдан 1929 жылға дейін Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда болды.
3. Алматы 1929 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.
4. 1997 жылы қазанның 20-сында Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болды.
5. 1998 жылы мамырдың 6-сында Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды.
6. Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды.
7. Астана қаласында көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді.
8. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орналасқан.
9. Әсем Есілдің оң жағасында салынған жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше.
10. «Бөйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдырады.
11. Астана Еуразиядағы ең әсем, сұлу, өйгілі қала болмақ.

18-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақ қойыңыз

1. 1997 жылы қазанның 20-сында Н. Ә. Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды.
2. 1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды.
3. Осы жылғы маусымның 10-ында тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.
4. Қаланың ортасынан ағып отетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ, қалың өскен қамыстың орны қала халқы демалатын жағажайға айналды.
5. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, министрліктердің үйлері, көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді.

19-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

қандай? ненің? қандай? несі? не? не істеді?
Үлгі: Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор болды

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор болды.
2. 1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы бо-

лып аталды. 3 Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды 4 Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағында қала халқы демалады. 5. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдыралы

20-жаттығу. Жолдасыңыздың айтқанын қоспаңыз

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы – Алматы. 2. Ақмола қаласы 1996 жылы Қазақстан Республикасының астанасы болды. 3 1998 жылы маусымның 6-сында Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. 4 Тәуелсіз Қазақстанның жана астанасының салтанаты ашылу рәсімі 1998 жылы маусымның 6-сында өтті 5 Қазіргі кезде «Бәйтерек» ғимаратының құрылысы басталуда.

21-жаттығу. Мына сөйлемдерді келер және өткен шақта жазыңыз

Үлгі: Мен туристік сапармен Астанаға бара жатырмын –
Мен туристік сапармен Астанаға барамын.
Мен туристік сапармен Астанаға бармақпын.
Мен туристік сапармен Астанаға барармын.
Мен туристік сапармен Астанаға бардым
Мен туристік сапармен Астанаға барғанмын.
Мен туристік сапармен Астанаға барыппын.
Мен туристік сапармен Астанаға баратынмын.


1. Мен туристік сапармен Астанаға бара жатырмын 2. Біз Астананың көрнекті жерлерін аралап жүрміз 3. Менің досым Астанаға баруды армандап жүр. 4 Саяхат жетекшісі Астана туралы оңгімелеп тұр. 5 Оқушылар гүл шоқтарын Парламент үйінің алдында тұрған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштеріне қойып жатыр.

22-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңыз және оларды пайдаланып сұраулы сөйлем құраныз, оған жолдасыңыз жауап берсін.

Үлгі: самая первая столица – ең алғашқы астана. Қазақстанның ең алғашқы астанасы не? – Қазақстанның ең алғашқы астанасы – Орынбор.

Подписать указ, стала называться; праздничная церемония открытия, новая столица; в течение короткого времени; выросли; памятники; взметнувшийся ввысь, притягивают взгляд издали; восхищает; главный город.

23-жаттығу. Сөйлемдер құраныз

1. Қазақстанның  самая первая столица – Оренбург. столицей в 1925 – 1929 годы была Кызылорда. столицей с 1929 по 1997 год стал Алматы.

2. Астана
- стала новой столицей 20 октября 1997 года
 - за короткое время превратилась в красивый город
 - собирается стать одним из красивых городов Евразии.
 - восхищает жителей и гостей столицы
 - главный город Республики Казахстан.

- 3 Астанада
- 10 июня прошла праздничная церемония открытия новой столицы.
 - президентский дворец притягивает взоры людей.
 - выросли многоэтажные дома и здания.

24-жаттығу. Сойлемдерді толықтырып жазыңыз

1. Қазақ Республикасының ... Орынбор (1920–1925), одан кейін ... (1925 – 1929), ал ... дейін Алматы қалалары болды. 2 1997 жылы қазанның 20-сында Н. Ә. Назарбаев ... туралы жарлыққа қол қойды. 3. ... Елбасының жарлығымен ... Ақмола қаласы ... болып аталды. 4. Осы жылғы маусымның 10-ында тәуелсіз Қазақстанның ... өтті. 5. Аз уақыттың ішінде .. 6. Астана қаласында .. бой көтерді. 7. Парламент үйінің алдында ... орналасқан. 8. Әсем Есдiң оң жағасында салынып жатқан құрылыстар алыстан .. 9 Астана Еуразиядағы ... 10 Астана – орталығы, бас қала.

25-жаттығу. Қазақ тіліне аударып жазыңыз

1 20 октября 1997 года президент Казахстана Н. А. Назарбаев подписал указ о «провозглашении города Акмола столицей Республики Казахстан». 2. 6 мая 1998 года Указом президента Республики Казахстан город Акмола был переименован в город Астана. 3. 10 июня 1998 года в Астане прошла праздничная церемония открытия 4. В Астане находятся Президентский дворец, здание Парламента, гостиница «Интерконтиненталь», новый корпус Евразийского университета, Дворец молодежи, дома министерств, многоэтажные жилые дома и здания 5. Перед зданием Парламента установлены памятники Толе би, Казыбек би, Айтеке би 6 На правом берегу реки Ишим красота Астаны особенна. 7. Здание «Байтерек» восхищает жителей и гостей ближнего и дальнего зарубежья 8. Будущее Астаны впереди. 9. Астана – политический, административный, экономический, культурный центр Республики Казахстан, главный город.

26-жаттығу. Кестелегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сіз Астанаға қашан бардыңыз?	в прошлом году, прошлой весной; два года назад, на прошлой неделе, летом; ...
2 Астанаға немен бардыңыз?	на поезде; на самолете, на автобусе; на машине; на лошади, ..

3 Барғаннан кейін қайда орналастыңыз?	в гостинице; в доме своего друга, у родственников; у знакомых, ...
4 Саяхат жетекшісі не туралы әңгімеледі?	история, промышленность; сельское хозяйство; наука, культура; искусство; достопримечательности Астаны; ...
5 Астананың қандай көрнекті жерлерін араладыңыз?	здание Парламента, Президентский дворец; новый корпус Евразийского университета, Дворец молодежи; ..

27-жаттығу. Астана картасына қарап, мыналарды көрсетіңіз де, олардың қай жерде, қай көшеде орналасқанын айтыңыз

- а) Астананың әкімшілік аудандарын,
- ә) Есіл өзенін,
- б) Астананың көрнекті жерлерін;
- в) Астананың өндіріс орындарын,
- г) Астананың жоғарғы оқу орындарын,
- ғ) Астананың қонақ үйлерін . .

28-жаттығу. Мына сөйлесуді оқып жаттығыңыздар

- Мина, сен Астанада болдың ба?
- Жок, мен Қазақстанның бас қаласында болған жоқпын. Бірақ Астана туралы көп естідім. Мартина, сен Алматыға Астанадан келдің ғой. Астана қалай екен?
- Мен Астанада бір жылдай болдым. Бұрын Астана кішкентай қала болатын. Ал қазір үлкен, өсем қалаға айналыпты
- Бұрын Астананың аты басқа еді ғой.
- Иә, бұрынғы аты – Ақмола. Кеңс дәуірінде Целиноград деген аты болыпты.
- Ақмола тарихы қай кезден басталады?
- Ақмола 1830 жылы салынған екен. Сол кезде ол әскери бекніс болатын. Қаланың ол кездегі үйлері нашар болатын.
- Астана қаласын жақсы білетін шығарсың
- Иә, бос уақытымда Астананы көп араладым. Менің Астанада жолдастарым бар. Олар мені Астананың көрнекті жерлеріне апарды.
- Мен Астананы көруді армандап жүрмін...
- Онда арманың орындалуы мүмкін. Мен жазда Астанадағы жолдастарыма баруды жоспарлап отырмын. Бірге барайық, бәрін өзіңнің көзіңмен көресің...

29-жаттығу. Туған қалаңыз туралы мәлімет жинап, баяндама жасаңыз

30-жаттығу. Мәтінді оқыңыз, сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз

Қазақстанның астаналары

Қазақ елінің мемлекеттілігінің белгісі – ежелден елді бір жерде басқаратын бас қалалары мен орталықтарының болуында. Бұл қалалардың саяси-экономикалық, әскери-шаруашылық, сауда, ең бастысы ел басқаруда маңызды зор.

Орынбор

Орынбор – тұңғыш астана. 1920 жылы Қазақстан Ресейдің құрамындағы автономиялы республика болып құрылды. Орынбор бас қала болып жарияланды. Орынбор өлкесі ол кезде қазақ жерінің құрамдас бір бөлігі саналатын.

1731 жылы Әбілқайыр хан Ресейге қарау туралы ант берген Сәйтіп, Орынбор бекінісі Ресейдің бүкіл Орталық Азияны басып алуының кілті болған. Орынбордың кадет корпусында қазақтың 30-дан астам жігіттері білім алған. Олар өз елінің алғашқы зиялылары аталған Араларында қоғам қайраткерлері Халел Досмұхамедов, ағайынды Сейдалиндер және тағы басқа белгілі азаматтар болған. Қазақ халқын алғаш өнерге, білімге үндеген «Айқап» журналы осы қалада басылып шыққан.

Орынборда А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, Б. Қаратаев, М. Дулатов, М. Шоқиев және т. б. қазақ зиялылары жұмыс істеп, еңбектер жазған.

Қызылорда

1925 жылы наурыз айында Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшті. Сәйтіп, Ақмешит бекеті, қазіргі Қызылорда қаласы астана болды.

Ол кезде Сыр бойының табиғаты өте бай еді. Басқа елдер мен халықтарға Сыр десе, тоқшылық пен молшылық елестейтін. Аз ғана уақыттың ішінде қалаға бүкіл қазақ жерінен қазақтың оқыған азаматтары, ақындар, әншілер жиналды. Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов осы Сыр өңірінде сіңбек етті.

Қалада тұңғыш музыка театры ашылды. Онда Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Шара Жиенқұлова және тағы басқа өнер тарландары өзінің талантымен танылды. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір Н. Бексжанов атындағы облыстық театрдың ғимараты бой көтерген.

Қазіргі Қызылорда – ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың Отаны Газ бен мұнай өнеркәсібінің орталығы.

Алматы

1929 жылы Қазақстан астанасы Қызылордадан Алматыға көшіп келді. Басын қар басқан Алатаудың етегіне орналасқан табиғатының сұлулығы жағынан сирек кездесетін Алматы қаласы Қазақстан Республикасының орталығы болуға лайық еді.

Алматы – көне қала. Археологтардың айтуы бойынша бұдан екі мың жыл бұрын Алматының орнында бұрын да қала болған. Ежелгі заманның өзінде-ақ Алматы деп аталған.

1854 жылы Кіші Алматы өзенінің бойында іріетасы қаланған. Сол кезде ол әскери бекініс болатын Алматыға «Верный» («сенімді» деген мағынада) деген ат берілді.

1921 жылы қалаға ежелгі Алматы аты берілді 1929 жылы Алматы Қазақстанның астанасы болды Сол жылы Алматыға алғашқы пойыз келді

Қазіргі Алматы — өндірісінің, ғылым мен мәдениеттің, өнердің аса ірі орталығы. Қазіргі кезде миллионнан астам қол ұлтты халқы бар.

Республика тәуелсіздігінің белгісі — Алтын адамның биік бағана үстіне орнатылған мүсіні алыстан көз тартады.

(«Сен білесің бе?» кітапшасынан алынды)

31-жаттығу. Жолдасыңызбен сөйлесіңіз

— Қазақстанның тұңғыш астанасы не? Ол қай жылы Қазақстанның бас қаласы болып жарияланды?

— ...

— Орынборда қандай журнал басылып шығатын?

— ...

— Орынборда қандай қазақ азаматтары жұмыс істеді?

— ...

— Қызылорда қай кезде Қазақстанның астанасы болды?

— ...

— Қызылордаға кімдер жиналды?

— ...

— Сол кезде Қызылордада не ашылды? Қандай өнер тарландары өзінің талантымен танылды?

— ...

— Қазақстан астанасы Қызылордадан Алматыға қай жылы көшіп келді?

— ...

— Іргетасы қашан және қай жерде қаланған? Сол кезде Алматыға қандай ат берілді?

— ...

— 1921 жылы қалаға қандай ат берілді?

— ...

— Қазір Алматы не? Алматыда қанша халық тұрады?

— ...

— Республика тәуелсіздігінің белгісі не?

— ...

— Астана қай жылы Қазақстанның бас қаласы болды?

— ...

— Астанада қандай өзгерістер көзге түседі?

— ...

32-жаттығу. Мына жоспар бойынша Астана туралы әңгімелес беріңіз

1) Астана тарихы;

2) Астана өндірісі,

3) Астананың көрнекті жерлері.

33-жаттығу. а) Саяхатшы және саяхат жетекшісі, ә) Астана қонақтары, б) екі астаналық болып өзара әңгімелесіңіздер

34-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып: а) «Астана», ә) «Орынбор», б) «Қызылорда», в) «Алматы» тақырыптарына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

24-сабақ

Страдательный залог (Ырықсыз етіс).

Страдательный залог в казахском языке образуется при помощи суффиксов *-ыл/-іл/-л*. И в русском, и в казахском языке он указывает на то, что предмет подвергается действию другого предмета или лица. Например *Бір аптадан кейін жұмыс аяқта-л-а-ды* «Через неделю работа будет закончена» *Хат ауылға жібер-іл-ді* «Письмо отправлено в аул»

Етістіктер	-ыл	-іл	-л
айт «скажи»	айт-ыл-ды		
жаз «пиши»	жаз-ыл-ды		
тап «найди»	тап-ыл-ды		
қаз «копай»	қаз-ыл-ды		
соқ «ударь»	соғ-ыл-ды		
аш «открой»	аш-ыл-ды		
бер «дай»		бер-іл-ді	
піш «раскрой»		піш-іл-ді	
сез «почувствуй»		сез-іл-ді	
пісір «свари»		пісір-іл-ді	
сүрт «вытри»		сүрт-іл-ді	
аяқта «закончи»			аяқта-л-ды
істе «делай»			істе-л-ді
оқы «читай»			оқы-л-ды
баста «начинай»			баста-л-ды
емде «лечи»			емде-л-ді

25-САБАҚ

1. Грамматика: Қайталау. Көсемше.
2. Грамматика: Ортақ етіс.
3. Лексика: Ана тілі.

1. ГРАММАТИКА: ҚАЙТАЛАУ. КӨСЕМШЕ

1-жаттығу. Оқыңыз және көсемшелердің жұрнағын сызықшамен бөліп жазыңыз

1. Мен сені көргелі келдім
2. Бұл университет ашылғалы екі жыл болды.
3. Туған күнімді асыға күтемін.
4. Қар жауып тұр.
5. Елге бармағалы көп болды.
6. Сенімен сөйлескелі келдім.
7. Жұмыс істей отырып баласын ойлайды
8. Сен не жазып отырсың?
9. Мен саған оқулық әкеле жатырмын.
10. Ертең қайда жүргелі отырсыз?
11. Бала неге жылап отыр?
12. Әжеміз теледидардың

касында шұлық тоқып отыр. 13. Ол мені аяп отыр. 14. Терезені ашып, дене шынықтыру жатыңуларын орында. 15. Біз жаңа жоспар жасап отырмыз. 16. Меруерт ұялып үндемеді. 17. Мен оны көрмей кетпеймін. 18. Мектеп бітіргелі мұғалімдерін көрген жоқ. 19. Ол емтихан тапсырғалы бір ай өтті. 20. Су тамшылап тасты теседі.

2-жаттығу. Мына етістіктерден көсемшенің үш түрін жасаңыз

Үлгі: қору – көр-е; ...

Үйрету, түсіну, жүру, тыңдау, жинау, кету, алу, беру, сезу, өту, жету, жасыру, келу, ойнау, тебу, кіру, жеу, пісу, жүргізу, сену, әкелу, қарау, сөйлеу, итеру, білу, бару, апару, жіберу, ұйықтау, ойлау.

Үлгі: жағу – жағ-ып; ...

Жағу, тосу, жеңу, ұшу, оқу, кию, кесу, билеу, жазалау, ашу, жабу, жию, шығару, жату, қалу, қану, жырту, бөлу, уайымдау, шатасу, озу, біту, жуу, қашу, шашу, салу, аралау, қосу, өлшеу, буу.

Үлгі: қору – көр-гелі; ...

Көру, сөйлесу, көрсету, ішу, келу, табу, тапсыру, сөну, шығу, шақыру, үйрену, айту, араласу, голтыру, кету, көріну, жіберу, басу, өшіру, отыру, жазу, жырту, бату, қателесу, өңгімелесу, қону, осу, бітіру, сұрау, туу

3-жаттығу. Жақшадағы етістікке көсемше жұрнағын қосып оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

1 Сәния бұл кітапты (оқу) отыр. 2. Мен Абзалды (көру) тұрамын. 3. (Жазу) қой 4. Мен саған бір көйлек (көрсету) жатырмын. 5. Жаңбыр (жауу) түр. 6. Болат Сіздің үйіңізге (бару) жатыр. 7. Мұхтар жұмысты тез (істеу) жатыр. 8. Мен Жамалмен (танысу) келдім. 9. Сәбит Маралмен (сөйлесу) келді. 10. Балалар үйді (жинау) жүр 11. Бекен сыныпқа бор (әкелу) жатыр 12. Сен мына есікті (жабу) жүр. 13. Сабағымды (оқу) ешқайда бармаймын. 14. Өңгіме (есту) біз сені жібермейміз 15. Менің жұмысым (аяқтау) қалды. 16. Мектеп (бітіру) кездескен жоқпыз

4-жаттығу. Өленді оқып, көсемшелердің жұрнағын көрсетіңіз

Сен – темір де, мен – көмір,	Жарысқалы келгенмін
Еріткелі келгенмін	Танымайтын жаттарға
Екі еліктің баласын	Танысқалы келгенмін.
Теліткелі келгенмін.	Қазақ, қалмақ баласы,
Егесетін ел шықса,	Табысқалы келгенмін.
Иілткелі келгенмін.	Табысуға келмесең,
Тұтқыр сары желіммін,	Тұрысатын жеріңді айт,
Жабысқалы келгенмін.	Сен – қабылан, мен – арыстан,
Жаңа үйреткен жас тұлпар	Алысқалы келгенмін

(Қазыбек бидің Жонғар ханы Қоңтөжіге айтқаны)

2. ГРАММАТИКА: ОРТАҚ ЁГІС.

жу
бу
жаз

➤ -ыс

кес
өпер
өкел

➤ -іс

сана
істе
есепте

➤ -с

5-жаттығу. Мына сөйлемдерді оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз. Айырмашылығын айтыңыз:

- | | |
|---|--|
| Собит ауылға хат жазды. | Мен хат жазыстым. «Я помог написать письмо» |
| Сурет бойынша әңгімеле | Үйде әңгімелесті. «Они разговаривали дома». |
| Данияр қатты сөйлесіді.
Әлия қонақ шақырды | - Екеуміз сөйлестік «Мы поговорили».
Бір-бірін шақырысты «Приглашали друг друга». |
| Әсет еденді сыпырды | Әсет еден сыпырысты «Асет помог подмести пол» |
| Жерлі қаздық.
Әсем жақындады. | - Жер қазыстық «Помогли вскопать землю»
Тез жақындастық. «Быстро сблизились» |
| Мен оны құшақтадым.
Мен мотин аудардым
Терезе жудым | - Екеуі құшақтасты. «Они обнялись»
Мәтінді аударысты. «Помог перевести текст».
Терезе жуыстым «Помог помыть окно». |
| Ойымдағыны айттым
Бабалар қағаз жинады | - Екі ақын айтысты. «Два акына состязались».
Үйді жинастық «Помогли убраться дома» |

6-жаттығу. Мәтінді оқып, ортақ есімге тұрған етістіктерді дәптеріңізге жазып алыңыз. Журнақтардың астып сызыңыз

Өткен аптада саяжайға бардық. Әкмізге көмектестік, көп жұмыс істестік. Жер қазыстық, ағаштардың былтырғы жанырақтарын жинастық, оларды сыртқа шығарыстық, алма ағаштарының қураған бұтақтарын кесістік, оларды үйге апарыстық. Үйдің алдындағы ауланы сыпырыстық. Шаиға су өкелістік. Мен тамақ пісірістім. Содан кейін бәріміз отырып тамақ іштік. Әңгімелестік. Алыстан туысқанымыз келді. Біз хал-жағдайымызды сұрастық, сонан соң шай іштік. Біраз сойлестік те қайтадан жұмысқа кірістік.

Етістіктер	-ыс	-іс	-с
айт «скажи»	айт-ыс-ты		
жаз «пиши»	жаз-ыс-ты		
тап «найди»	тап-ыс-ты		
қаз «копай»	қаз-ыс-ты		
соқ «ударь»	соқ-ыс-ты		
пісір «вари»		пісір-іс-ті	
піш «раскрой»		піш-іс-ті	
кес «режь»		кес-іс-ті	
сұрт «вытри»		сұрт-іс-ті	
сөйле «говори»			сөйле-с-ті
істе «делай»			істе-с-ті
әңгімеле «расскажи»			әңгімеле-с-ті
құшақта «обними»			құшақта-с-ты
жина «убирай»			жина-с-ты

7-жаттығу. Орта етістің жұрнақтарын қосыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Жуу, тию, жіберу, соғу, санау, өңсеру, теру, кесу, тесу, апару, бұзу, сұрау, айту, құшактау, сағу, қою, жабу, буу, өңгімелеу, шақыру, жинау, сыпыру, соттау істеу, шығару, жару, жасау, аудару, тексеру, жақындау, сөйлеу, тарау, септеу, көру, іздеу

8-жаттығу. Сұриқтарға жауап беріңіз

1 Не туралы өңгімелестіңдер? 2 Сізбен мұғалім сөйлесті ме? 3 Жұмыс істестің бе? 4 Көріспеңдеріңе көң болды ма? 5 Хал-жағдай сұрас-тың ба? 6. Кіммен құшақтастың? 7 Бір-біріңізді шақырыстыңыздар ма? 8 Белмен жинастың ба? 9. Не сүрттіңіз? 10 Диванды көтерістіңіз бе? 11. Ыдыс-аяк жуысты ма? 12. Не апарыстыңдар? 13 Мәтінді қалай ауда-рысты? 14 Жерді дұрыстап қазысты ма? 15 Теміржол бекетіңнен жүк оқелістіндер ме? 16 Жиналыста айтыстыңдар ма? 17 Сен онымен жа-қындастың ба? 18 Ол Сіңе тиісті ме? 18 Кіммен кім сөйлесті? 19. Өткен соғыста еңізібен кім соғысты? 20 Уйдың қабырғасын кім бұзысты? 21 Екеуіңіз табыстыңыздар ма?

9-жаттығу. Қақпақтың аяғы

1 Мы с ним увиделись 2 Они неслена поговорили. 3 Помо-ги перевести текст 4 Давай обнимемся. 5 Помогите мне 6 Мы долго разговаривали. 7. Я помог тебе постирать белье. 8 Давай помо-гу помыть окно 9 Он помог вынести шкаф 10 Они воевали долго 11 Давай помогу поставить 12 Мы сблизились 13 Соседи судятся. 14. Давай помогу провскрыть тетради. 15. Давай приласим друг друга в гости 16 Помогите почистить картошку. 17 Они по-могли принести багаж. 18 Мы помогли пожарить мясо. 19 Они помогли сварить еду 20. Мы помирились

3. ЛЕКСИКА: АНА ТІЛІ.

10-жаттығу. Сөйлесіп отырып оны орыс тіліне аударыңыз

Әлішер: Ал, құрметті Қазақ тілі орталығының мүшелері бүгінгі кездесуімізді бастауға рұқсат етіңіздер! Бүгін біздің соңғы кездесуіміз Әрқайсыңызда жазған арнап жасап жатқан жоспарларыңыз бар шығар Мен биіт институт бігіріп, жоғарғы білім алып, қызмет етпекші Ертен, ағла жазса, Астанаға жүремін

Дарья: Астанадан Қазақ тілі орталығын ашпақсыз ба?

Әлішер: Оны жұмысқа орналасқаннан кейін көрермін.

Гленда: Алматыда Қазақ тілі орталығы өз жұмысын аяқтай ма?

Әлішер: Қазақ тілі орталығының басқа президенті болады Онымен Темалыстан кейін күзде танысасыздар Ал менің Сіздерге қазақ тілін бағалап, зор ықыласпен оқығандарыңызға көң-көп рақмет айтқым келеді Әр адам үшін ана тілі — ең қымбат, ең бағалы тіл Өз ана тілдеріңізді қалай білесіңіздер қазақ тілін де солай бітулеріңізге тысқтесің

Шерил: Рақмет, Әлішер. Сіз бізге көп жақсы сөз айттыңыз

Біз де Сізге өте ризамыз. Осы жылдың ішінде Қазақстан туралы, қазақ тілі туралы көп нәрсе үйрендік, Алматының көрнекті жерлеріне бардық, қазақ тілінде аз болса да сөйлесі аламыз.

Әлішер: Ал онда дастарқанға жүріңіздер. Кетер аяқ жасайық!

11-жаттығу. Сөйлесу бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Бүгін Қазақ тілі орталығының соңғы кездесуі ме? 2. Әлішердің осы жылға қандай жоспарлары бар? 3. Алматыда Қазақ тілі орталығы өз жұмысын аяқтай ма? 4. Қазақ тілі орталығының мүшелері жана президентімен қашан кездеседі? 5. Ана тілі әрбір адам үшін қандай тіл? 6. Әлішер Қазақ тілі орталығының мүшелеріне қандай алғыс айтты, не тіледі? 7. Осы жылдың ішінде Қазақ тілі орталығының мүшелері не істеді, не үйренді? 8. Сіздіңіше, кетер аяқ деген не?

12-жаттығу. Сөйлесуді қайтадан оқып шығып, Қазақ тілі орталығының соңғы кездесуі қалай өткенін, дастарқанның басында қандай сөздер айтылғанын, дастарқанға қандай тағамдар қонылғанын оңтүстік ретінде жазыңыз

13-жаттығу. Қазақ тілі орталығының әр мүшесі жазға арнап жасап жатқан жоспарлары туралы айтыңыз. Алдымен кестені толтырыңыз

Аты	Жоспары
<i>Әлішер</i>	
<i>Ләззат</i>	
<i>Вильям</i>	
<i>Шерил</i>	
<i>Тим</i>	
<i>Гленда</i>	
<i>Суреш</i>	
<i>Мина</i>	
<i>Виталий</i>	
<i>Дарья</i>	
<i>Ксения</i>	
<i>Роза</i>	

14-жаттығу. Жолдастарыңыздан жазға арнап жасап жатқан жоспарлары туралы сұрап, кестені толтырыңыз. Соған соң өңгімелеңіз

Аты	Жоспары

15-жаттығу. Бағаналардағы сөздердің сойкес сыңарларын тауып, тұсына жазыңыз

Үлгі: *Альберто – Аргентина – аргентиналық – испан тілі*

Альберто	Ресей	түрік	қазақ тілі
Эрдоған	Қырғызстан	француз	араб тілі
Ясмина	Қазақстан	американдық	түрік тілі
Вальтер	Үндістан	неміс	қырғыз тілі
Джордж	Аргентина	орыс	испан тілі
Луи	Египет	қазақ	француз тілі
Порома	Түркия	үнді	орыс тілі
Осмонбек	АҚШ	араб	ағылшын тілі
Талғат	Алмания	аргентиналық	неміс тілі
Иван	Франция	қырғыз	

16-жаттығу. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, әр ұлттың ана тілін жазыңыз

Үлгі: русский: *орыс – орыс тілі; ...*

Русский; қазақ; немец; американдық; англичанин; француз; испанец; итальянец; албанец; венгр, поляк, румын; датчанин, литовец; латыш; эстонец; турок; араб; украинец; белорус; молдаван; грузин; армянин; азербайджанин, татарин, узбек; таджик; туркмен; кыргыз, афганец; индиец; иранец; кореец; монгол; китаец, уйгур; дунганин

17-жаттығу. Төмендегі сөздерді пайдаланып, үлгі бойынша мәлімет беріңіз

Үлгі: *Данияр Қазақстаннан. Ол – қазақ. Оның ана тілі – қазақ тілі*

1. Данияр – Қазақстан. 2. Марина – Ресей. 3. Питер – Ұлыбритания. 4. Жан – Франция. 5. Кейко – Жапония. 6. Вильгельм – Алмания. 7. Мао – Қытай. 8. Рафаелла – Италия. 9. Вахтанг – Грузия. 10. Джейн – АҚШ. 11. Сәлжүк – Түркия. 12. Рашид – Татарстан. 13. Гита – Үндістан. 14. Паула – Мексика. 15. Түйғын – Өзбекстан

18-жаттығу. а) Озіңіз; ә) еліңіз, б) ұлғыңыз, в) ана тіліңіз туралы әңгімелеңіз

❖ **19-жаттығу.** Мәтінді тындап, оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

Ана тілі

Дүние жүзінде 6000-ға тарта тіл бар, бірақ әр халықтың өз ана тілі болады. Ана тілі – бұл әкенің, анаңның тілі. Орыс халқының ана тілі – орыс тілі, қытай халқының ана тілі – қытай тілі, неміс халқының ана тілі – неміс тілі. Қазақ халқының ана тілі – қазақ тілі. Ана тілін адамдар кішкентай кезінен әке-шешесінен, әжесі мен атасынан үйренеді. Ер жеткенде халықтан, мектептен, кітаптан, газет пен журналдан, радио мен теледидардан, кинотеатрлар мен театрлардан үйренеді.

Қазақ тілі – бай тіл. Ол – қазақ халқының жазуы, кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған тіл. Қазақ халқы ана тілінде дүние жүзінде өйгілі «Алпамыс», «Қобыланды», «Ертарғын» сияқты батырлар жырын, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты нашықтық жырларын

шығарған Қазақ халқы – ертегілерге, мақал-мәтелдерге өте бай халық. Бұл тілді үйренсең, осыларды өзін де оқисың.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. Олар қазақ тілін үйірмелерде, қоғамдарда, мектептер мен институттарда оқып біледі.

Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тіліне де ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені елімізде тұратын басқа ұлттың адамдарымен бұл күндері орыс тілі арқылы түсінісуге болады.

Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Олар Қазақстанды өз елі санайды. Бірақ өз ана тілдерін ұмытпауға тырысып үйренуде.

Сөздік

тарта – около	ертегі – сказка
кішкентай кездерінен – с малых лет	мақал-мәтел – пословицы и поговорки
ер жеткенде – став взрослым	мемлекеттік – государственный
ойғил – известный	көңіл қою – уделять внимание
сияқты – такой как	қатар – наряду
батырлар жыры – героический эпос	өкіл – представитель
ғашықтық жыры – поэма о любви	

20-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқыңыз және орыс тіліне аударыңыз

Ана тілі; дүние жүзі; бр халық, орыс халқы, қазақ халқы; кішкентай кезінен; ер жеткенде, қазақ халқының жазуы; дүние жүзіне өйгілі. батырлар жыры; ғашықтық жыры, қазақ ертегілері; мақал мен мәтел, ұлты басқа халықтар; көңіл қою, қазақ тілімен қатар, ерекше көңіл бөлу, басқа ұлттың адамдары; бұл күндері орыс тілі арқылы; көптеген ұлт өкілдері; өз елі санау

21-жаттығу. Сөйлемдер құраңыз

1	қазақ орыс үйғыр неміс корей дунгси өзбек	халқының ана тілі	қазақский язык русский язык уйгурский язык немецкий язык корейский язык дунганский язык узбекский язык
---	---	-------------------	--

2.	Ана тілін адамдар	с малых лет от бабушки, дедушки от родителей став взрослыми в школе, институте из книг, газет, журналов из кино, театров, радио, ТВ	үйренеді.
----	-------------------	---	-----------

3.	Қазақ халқы қазақ тілінде	героические эпосы пословицы поговорки сказки поэмы о любви	шығарған
----	---------------------------	--	----------

4. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар —

русский народ
уйгурский народ
немецкий народ
дунганский народ
чеченский народ
украинский народ
корейский народ ...

5 русские
уйғуры
немцы
дунгане
корейцы
украинцы
турки
азербайджанс
евреи
чеченцы ...

Қазақстанды өз елі санайды және өз тілдерін ұмытпауға тырысады.

22-жаттығу. Сурақтарға жауап беріңіз

1. Менің ана тілім — қазақ тілі, ал Сіздікі? 2. Мен үшін қазақ тілі мен орыс тілі бірдей, ал Сіз үшін? 3. Мен скі тілді кішкентай кезімнен ата-анамнан үйрендім, ал Сіз? 4. Мен орыс, ұйғыр, корей, өзбек, неміс ұлттарының өкілдерімен орыс тілі арқылы түсінісемін, ал Сіз? 5. Менің жолдастарым қазақ тілін үйірмелерде үйреніп жүр, ал Сіз? 6. Мен қазақ жазушыларының шығармаларын қазақ тілінде, орыс жазушыларының шығармаларын орыс тілінде оқимын, ал Сіз? 7. Жолдастарымның қазақ әдебиетін, мәдениетін, тарихын білгілері келеді, ал Сіздің? 8. Жолдасым қазақ тілін тез арада үйреніп алды, ал Сіз? 9. Мен кинофильмдерді қазақша көремін, радионы қазақша тыңдаймын, ал Сіз? 10. Маған қазақ тілі жұмысыма керек, ал Сізге? 11. Менің танысым қазақ тілін өзі үйреніп алды, ал Сіз? 12. Мен ана тілімді өте сыйлаймын, ал Сіз?

23-жаттығу. Естімегендеі болып, қайталап сураңыз

Үлгі: Менің ана тілім — өзбек тілі. — Сіздің ана тіліңіз өзбек тілі ме?

1. Менің ана тілім — өзбек тілі. 2. Мен корей тілін кішкентай кезімнен үйрендім. 3. Менің екінші ана тілім — орыс тілі. 4. Адамдар қазақ тілін үйірмелерде, мектептер мен институттарда үйрене алады. 5. Мен кішкентай кезімде қазақ ертегілерін әке-шешемнен қазақ тілінде естідім. 6. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. 7. Дүние жүзінде 6000-ға тарта тіл бар. 8. Қазақстанда көп ұлт өкілдері орыс тілі арқылы араласып тұрады. 9. Менің досым Герман неміс болса да, өзінің екінші ана тілін қазақ тілі деп санайды. 10. Қазақ тілі — бай тіл. 11. Қазақ халқының ана тілінде дүние жүзіне өйгілі шығармалары өте көп. 12. Қазақ халқы ертегілерге, мақал-мәтелдерге өте бай халық. 13. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. 14. Қазақстанда қазақ тілімен

қатар орыс тіліне де ерекше көңіл бөлінеді. 15. Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдері өз ана тілдерін ұмытпауға тырысады.

24-жаттығу. Мына сөйлесімдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1 Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері араласып тұрады. 2. Қазақстанда орыс, неміс, ұйғырлар арасында қазақ тілін жақсы білетін адамдар аз емес. 3. Қазақ халқы ана тілінде батырлар жырларын, ғашықтық жырларын, ертегілерді, мақал-мәтелдерді шығарған. 4. Елімізде тұратын басқа ұлттың адамдарымен бұл күндері орыс тілі арқылы түсінісуге болады. 5. Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдері өз ана тілдерін ұмытпауға тырысады.

25-жаттығу. Мына сөйлесімдерді келер және өткен шаққа айналдырыңыз.

Үлгі: Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін. —

Мен қазақ тілін үйренемін

Мен қазақ тілін үйренбекпін.

Мен қазақ тілін үйренермін.

Мен қазақ тілін үйрендім.

Мен қазақ тілін үйреніптің.

Мен қазақ тілін үйренгенмін

Мен қазақ тілін үйренетінмін.

1. Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін. 2. Менің жолдасым қазақша «Қобыланды» деген батырлар жырын оқып отыр. 3. Көп ұлттың өкілдері орыс тілі арқылы түсінісіп жүр. 4. Біз корей тілін үйірмеде үйреніп жүрміз. 5. Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдері өз ана тілдерін ұмытпауға тырысып жүр.

26-жаттығу. Мына сөйлемдерді болымсыз түріне айналдырыңыз. Дұрыс жауабын жазыңыз

1. Дүние жүзінде 2000-ға тарта тіл бар. 2. Қазақстанда 20 ұлт өкілдері тұрады. 3. Қазақстанда барлық ұлттың өкілдері өзара қазақ тілінде түсініседі. 4. Қазақ тілі — Сіздің ана тіліңіз. 5. Сіз жапон тілін үйреніп жүрсіз. 6. Сіз қазақ тілін кішкентай кезіңізден әке-шешіңізден, әже мен атаныздан үйрендіңіз. 7. Сіз қазақша шапшаң сөйлейсіз. 8. Сіз қазақ тілінде дүние жүзіне әйгілі «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырын, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сияқты ғашықтық жырларын оқыдыңыз. 9. Сіз орысша түсінбейсіз. 10. Тіл үйрену өте оңай.

27-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз

Дүние жүзінде ... тіл бар. Әр халықтың ... болады. Ана тілі — ... Орыс халқының ..., қытай халқының ..., неміс халқының ..., қазақ халқының ... Ана тілін адамдар ... Ер жеткенде ... Қазақ тілі — бай тіл, ол ... ұстазы болған тіл. Қазақ халқы ана тілінде ... шығарған. ... — мемлекеттік тіл. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да көңіл қояды. Олар қазақ тілін ... үйренеді. Қазақстанда қазақ тілімен қатар бөлінеді, өйткені ... Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдері ... санайды. Олар ... тырысады

28-жаттығу. Қазақ тіліндегі баламасын табыңыз Осы сөз іркестермен сөйлем құраныз

Родной язык; около 6000 языков; у каждого народа, с малых лет; будучи взрослым; известный на весь мир; представители многих национальностей; особое внимание, общаться; стараться не забыть.

29-жаттығу. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз

В мире существует около 6000 языков. У каждого народа есть свой родной язык. С малых лет люди обучаются родному языку у родителей, бабушек и дедушек. В зрелом возрасте люди обучаются языку в кружках, школах, институтах, по радио и телевидению. Казахский язык богат на сказки, пословицы и поговорки. Когда не было письменности, он был учителем народа. Казахский народ сочинил известные всему миру героические эпосы «Алпамыс», «Кобланды», «Ертаргын», поэмы о любви «Кыз Жибек», «Козы Корпеш – Баян сулу» и другие. Представители других национальностей в Казахстане стараются уделить изучению казахского языка большое внимание. Наряду с казахским языком особое внимание уделяется и русскому языку. Представители других национальностей общаются между собой на русском языке. Они считают Казахстан своей родиной, стараются не забыть свой родной язык и изучают его.

30-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыз

Оқырмандармен кездесудің бірінде қазақтың белгілі ақышы Олжас Сүлейменов пен Надежда Лушникова бірге отырыпты. Сонда оқырмандардың бірі Олжастан: «Сіздің ұлтыңыз қазақ бола тұрып, шығармаларыңызды неге орыс тілінде жазасыз?» — деп сұрапты. Ақын бөгелместен: «Ал Сіз Надеждадан ұлты орыс бола тұрып, шығармаларын неге қазақ тілінде жазады екен, соны сұраныз» — депті. Бұдан ары ол: «Біз үшін екі тіл де ана тіліміз» — деп өзі жауап беріпті.

31-жаттығу. Мына нақылдарды оқып, орыс тіліне аударыңыз

Анам берген туған тілім,
Атам берген құрал тілім

Ана сүгі бой өсірді,
Ана тілі ой өсіреді.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

(*Ғ. Мүсірепов*)

Әркімнің туған тілі — туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың сөз

Тәрбие басы — тіл,
Өнер алды — тіл.

(*С. Мұқанов*)

(*Махмуд Кашғари*)

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды

(*М. Әуезов*)

Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы.

(*Ш. Айтматов*)

Аша тiлiн бiлмеген
Ақылы жоқ желкбас.

Ана тiлiн сүймеген
Халкын сүйiп жарыгпас.

(Б Сарногаев, қырғыз ақыны)

Туған тiлiм – тiрлiгiмнiң айғағы,
Тiлiм барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе гiлiм, мен де бiрге өссiмiн,
Ошсе тiлiм, мен де бiрге ошемiн.
Тiлсiз хайуан – бишара.
Бишараға не шара?

(Әбдiлда Тәжiбаев)

32-жаттығу. Орыс әдебиетiнен ана тiлi туралы асыл сөздердi тауып, казак тiлiне аударуға (ырысыңыз).

33-жаттығу. Қазакша-орысша сөздiктi пайдаланып, мөтiндi орыс тiлiне жазбаша аударыңыз

Ауыз әдебиетi туралы

Қазактың көркем әдсбиетi ауызша және жазбаша болып екiге бөлiнедi. Ауыз әдебиетiнiң өзiн екiге бөлуге болады: бiрi – авторлары белгiсiз шығармалар (мақал, мөтел, жұмбақ, тақпақ, ертегi, айтыс, т. б.), ал екiншiсi – авторлары белгiлi шығармалар (батырлар жыры, ғашықтық жырлар, т. б.)

Батырлар жыры – көп халықта бар эпос жанры. Мысалы, көне гректiң ақыны Гомердiң «Илиада мен Одиссеясы», грузиннiң ақыны Шота Руставелидiң «Жолбарыс терiсiн жамылған батыр», қырғыздардың «Манас» жыры, т. б. Бұлардың көлемi 20 мыңнан 100 мың жолға дейiн жстедi.

Қазак эпостарының көлемi үлкен емсс, бiр мың жолдан аспайды. Бұл эпостардың көпшiлiгi сахнада еркiн қойылып жүр. Халқымыздың дүние жүзiне әйгiлi батырлар жырына «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар», «Едiге», «Шора», «Баян», т. б. жырлар жатады.

Ғашықтық жырларды лиро-эпостық жырлар деп атайды. Оларға «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан» жырлары жатады. Бұлардың бәрiнде де скi жастың сүйiспеншiлiгi баяндалады.

Қисса – эпикалық жанр, араб, иран, шағатай елдерiнен келген, арабша «баяндау» дегендi бiлдiредi. Қиссаларда өлең мен қара сөз (проза) араласып келедi. «Жүсiп пен Зылиқа», «Бәдiгүл Жамал мен Сейфiлмәлк», «Әмiре мен Зияда», «Ләйлi мен Мөжнүн» сюжеттерi арабтардан ауысқан да, «Фархат пен Шырын», «Тайир мен Зухра», «Бозжiгiт пен Сақыпжамал» – Орта Азияның өзiнен туған кейiпкерлер.

Айтыс жанры әлеуметтiк шындықты көрсетедi. Ол жүйрiк аттардың бәйгесiмен бiрдей болған. Айтыста жеңген ақын рудың намысын қорғаны үшін сыйлық алған. Ертедегi әйгiлi айтыс ақышдары Біржан – Сара, Кемшiрбай – Шөже, Жапақ – Орынбай, Көкбай – Әрiп, Әсет – Рысжан, Жамбыл – Құлмамбет, т. б. ақындарды ғасырлар өтсе де, халқымыз есте сақтап келе жатыр.

34-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1 Көркем әдебиеттің қандай түрлері бар? 2 Ауыз әдебиетінің қандай түрлерін білесіз? 3 Батырлар жырларын атаңыз, олардың ерекшелігін айтып беріңіз. 4. Қазақтың ғашықтық жырларын атаңыз, олардың басқа жырлардан айырмашылығы қандай? 5. Қисса жанрының қандай ерекшеліктері бар? 6 Айтыс ақындарын атап, айтыстың ерекшелігі қандай екенін айтыңыз

35-жаттығу. Мына сұрақтарды пайдалана отырып өңгімеленіз

1. Сіз қайда тудыңыз, қайда өстіңіз? 2. Сіздің туған жеріңізде қандай ұлттар тұрады? 3. Сіздің ұлтыңыз кім және ана тіліңіз қандай? 4. Ана тіліңізді кімнен үйрендіңіз? 5. Ана тіліңізде жақсы сөйлейсіз бе? 6. Ана тіліңіз бай тіл ме? Неге? Халқыңыз ана тілінде не шығарды? 7. Сіз ана тіліңізден басқа тіл білесіз бе? 8. Қазақ тілін неге үйреніп жүрсіз? 9. Сіз қазір қазақша түсінессіз бе, оқи аласыз ба, жаза аласыз ба, сойлесе аласыз ба? 10. Қазақ тілі Сізге ұнай ма? 11. Тағы қандай тілді үйренгіңіз келеді? 12 Қазақ ауыз әдебиеті туралы не айта аласыз?

36-жаттығу. Жоғарыдағы сұрақтарды пайдаланып, а) ана тілі туралы, ө) қазақ ауыз әдебиеті туралы шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

25-сабақ

Взаимно-совместный залог (Ортақ етіс).

Взаимно-совместный залог на русском языке переводится как «совместно, одновременно с кем-либо делать что-то» или «одновременно с кем-либо находиться в определенном состоянии» Он образуется при помощи суффиксов *-ыс/-іс/-с* В русском языке подобный залог отсутствует, а взаимно-совместное значение выражается глаголами возвратно-среднего залога Например

Мен досыммен құшақта-с-тым. «Я обнялся с другом»

Олар хат жаз-ыс-ты. «Они переписывались»

Етістіктер	-ыс	-іс	-с
айт «скажи»	айт-ыс-ты		
жаз «пиши»	жаз-ыс-ты		
тап «найди»	тап-ыс-ты		
қаз «копай»	қаз-ыс-ты		
соқ «ударь»	соғ-ыс-ты		
пісір «вари»		пісір-іс-ті	
піш «раскрой»		піш-іс-ті	
кес «режь»		кес-іс-ті	
сұрт «вытри»		сұрт-іс-ті	
сөйлс «говори»			сөйлс-с-ті
істе «делай»			істе-с-ті
өңгімеле «расскажи»			өңгімеле-с-ті
құшақта «обними»			құшақта-с-ты
жина «убирай»			жина-с-ты

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

(Заключительный курс)

1-САБАҚ

1. Грамматика:

1.1. Көмекші сөздер.

1.2. Сөйлем мүшелері.

2. Лексика: Әл-Фараби.

1.1. КӨМЕКШІ СӨЗДЕР.

1-жағтығу. Көшірші жазыңыз Септеуліктердің, жалғаулықтардың және демеуліктердің астын сызып, орыс тіліне аударыңыз.

а) 1. Оның әкесі Отан үшін қаза тапты Әкесі туралы көп әңгіме айтты. 2. Біз ауылға дейін пойызбен барамыз. Пойыз Көкшетау арқылы өтеді. 3. Мен мына кітапты сенен бұрын оқыдым. Сен оны менен кейін оқыдың.

ә) Базарда көкөніс пен жеміс-жидек көп. Мен бүгін не қарбыз, не қауын, не алма сатып аламын. Шабдалыны алым келеді, бірақ алмаймын, өйткені бағасы қымбат Егер ақшам көп болса, алар едім

б) Менің уақытым жоқ, өсіресе ертең. Мен емтиханға дайындалып жатырмын ғой. Аз-ақ уақытым қалды. Мен жаңа ғана оқу залынан келдім. Сіз ше? Емтиханға дайынсыз ба?

2-жағтығу. Көп нүктенің орнына қажетті септсуліктердің, жалғаулықтардың және демеуліктердің бірін қойыңыз

а) 1. Мен қазақ тілін көктемнен ... оқып жүрмін. Мен оны өзім . оқимын. 2. Бүгін бізде кесте ... қазақ тілі сабағы жоқ Оны мұғалім ... білдім. 3. . отыр, сенен да адамдар бар

ә) Арман . , Әйгерім ..., Ләззат ... жақсы оқиды. Арман .. Әйгерім сабаққа бірге дайындалады. ... Ермек сабаққа дайындалмайды, ... жалқау. ... оның жақсы оқығысы келсе, ... ол көп дайындалу керек.

б) Менің жолдасым көп сапар шегеді, .. пойызбен көп жүреді. Ол үйге қазір ... келді. Жұмысы өте ауыр ...

3-жағтығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1 Мы изучаем казахский язык в течение года 2 Я не люблю супы, особенно лапшу. 3. Или иди в поликлинику, или я вызову врача на дом. 4. Вы говорите только по-русски, не так ли? 5. Если будет время, позвони мне. 6 После уроков пойду в библиотеку.

1.2. СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ.

_____	Бастауыш	Подлежащее
_____о_____	Баяндауыш	Сказуемое
_____о_____	Толықтауыш	Дополнение
_____о_____	Анықтауыш	Определение
_____о_____	Пысықтауыш	Обстоятельство

4-жаттығу. Мәтінді дөңгерінізге көшіріп жазыңыз Жоғарыдағы үлгі бойынша сөйлем мүшелерінің астын сызыңыз

Кеше біз үлкен жиналыс өткіздік. Студенттер көп жиналды. Дәрістің ішінде мұғалімдер де, студенттер де отырды. Жиналыс өте қызықты өтті. Қызықты тақырыптар талқыланды. Ешкімнің кеткісі келмеді. Жиналыс кеш аяқталды. Жатақханаға бөріміз бірге келдік, үлкен бөлмеде отырып, көп әңгімелестік. Келесі айда тағы жиналыс болады. Оған міндетті түрде қатысуымыз керек.

5-жаттығу. Мына сөйлемдерді салыстырып, айырмашылығын айтыңыз

Мына кітап жақсы.	— Ол жақсы оқиды.
Ол үстіне таза киім киді.	— Ол таза жазады.
Мына тура жол институтқа барады.	— Мен оған тура айттым.
Мен ұзақ жолдан келдім.	— Мұғалім ұзақ сөйледі.
Бүгін күн жылы болды	— Ол маған жылы қарады.
Менің ағам өте шапшаң адам.	— Марат шапшаң оқиды.
Мына кісінің бойы биік екен	— Құс биік ұшты.
Ана ауру адам нашар екен.	— Балаңыз нашар жазады.
Бүгін үйге жақын адамдар жиналды	— Кел, жақын отыр.
Мен өзіме тамаша кітап сатып алдым.	— Тамаша сөйлейсің.

6-жаттығу. Сызбалардың орнына керекті сөздерді қою арқылы сөйлем құраңыз

1. _____ ~~~~~ _____ o _____ o _____

2. _____ _____ _____ o _____ o _____

3. ~~~~~ _____ _____ o _____ o _____

4. _____ _____ _____ o _____

5. _____ _____ ~~~~~ _____ o _____ o _____

7-жаттығу. Жолдасыңызға арнап жоғарыдағы үлгі бойынша өз сызбаңызды сызыңыз. Ол сызбаңыздағы белгілер бойынша сөйлем құрасын.

8-жаттығу. Дөптеріңізге көшіріп жазыңыз. Синтаксистік талдау жасаңыз.

Солтүстік полюс (Ұшқыш Водопьяновтың әңгімесі)

1937 жыл, 22 наурыз Менің ұшағым жоғары көтерілді. Мәскеудің үстінен бір айналып өттік. Мәскеудің көңілді көштері мен көрікті алаңдары төменде қалып барады.

Солтүстікке қарай ұштық. Ұшағымыз салқын ауаны қақ жарып ұшты. Қалың бұлттың арасында ұшып келеміз. Жерден 300 м жоғары көтерілдік. Мәскеу артта қалды. Қарлы боран басталды. Біз 100 м төмен түстік. Архангельскіге жақындадық. Тақтай тілетін зауыттар көрінді. Біз әуежайға аман-есен қондық.

📖 9-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Әл-Фараби
(870–950)

Орта ғасырда Қазақстанның Отырар маңында (қазіргі Шымкент облысы) аты дүние жүзіне әйгілі, ұлы ғалым, энциклопедияшы Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келді. Оның балалық шағы Арыс, Сырдария бойында өтті. Отырар медресесінде дәріс алып, ондағы аса бай кітапханадағы қолжазбаларды оқып меңгерді. Әбу Насыр білімін жетілдіру, ғылымды тереңдету үшін аса ірі мәдени орталық саналатын Бағдад қаласына келді. Мұнда ол Аристотель, Эвклид, Прометей еңбектерін оқып үйренді.

Әл-Фараби 25-30 жас шамасында бүкіл дүниежүзілік ғылым-білімді терең де жан-жақты меңгеріп, енді өзі де құнды-құнды еңбектер жазды. Ол ғылым мен өнердің барлық саласы бойынша 150-ден астам еңбек жазған. Олардың ішінде «Музыканың ұлы кітабы», «Ғылымдар тізбегі», «Оргонон», «Алмагеске түсініктеме», т. б. еңбектері болашақ ғылымға жол ашты. Замандастары және шәкірттері оны «екінші Аристотель», «екінші ұстаз» деп атаған.

Әл-Фараби математика мәселелерімен де көп айналысқан ғалым. Математиканы архитектура, жер өлшеу, астрономия және музыкаға шебер пайдаланудың үлгісін көрсеткен

Әл-Фараби аса үлкен музыкант, тамаша орындаушы және ақын болған. Ол домбыра, қобыз секілді аспап түрлерін жасап, бірнеше музыкалық шығармалар жазған. Ұлы ғұлама көп жыл шет жерлерде жүрсе де, өзінің туған Отанын бір сәт те ұмытпаған. Оған оның мына сағыныш өлеңі дәлел бола алады:

Қашықтасаң туған жер – қалың елім,
Қамығамын сағынып алау денем.
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңғыт жолға сарылып қараумснен.

(«Ол кім, бұл не?» кітабынан қысқартып алынды)

Сөздік

дүниеге келу – появиться на свет	замандас – современник
дәріс алу – учиться	шәкірт – ученик
қолжазба – рукопись	ұстаз – учитель
меңгеру – освоить	мәселе – проблема, вопрос
жетілдіру – совершенствовать	айналысу – заниматься
тереңдету – углублять	секілді – такой, как
жан-жақты – всесторонне	ғұлама – мудрец
құнды – ценный	дәлел – доказательство
сала – область, сфера	

10-жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Орта ғасырда; аты дүние жүзіне әйгілі; дүниеге келді; дәріс алды, қолжазбаларды оқып меңгерді; білімін жетілдіру; ғылымды терендету; аса ірі мәдени орталық саналатын, 25-30 жас шамасында; құнды-құнды еңбектер жазу; жол ашты; шебер пайдаланудың үлгісін көрсеткен, сағыныш өлеңі

11-жаттығу. Сұрақтарды қазақ тіліне аударып, жолдасыңызға қойыңыз Жолдасыңыз оң жақтағы сөздерді пайдаланып жауап берсін

1. Кем являеся Аль-Фараби?	Ұлы ғалым, энциклопедияшы, математик, астроном, ақын, музыкант, философ,
2. Когда и где он появился на свет?	орта ғасырда қазіргі Шымкент облысында,
3. Где прошло его детство?	Арыс, Сырдария бойында;
4. Где он учился?	Оғырар медресесінде;
5. Для чего он приехал в Багдад?	білімін жетілдіру, ғылымды гереңдету үшін,
6. Чьи работы он изучал?	Аристотель, Эвклид, Прометей,
7. Сколько трудов он написал?	ғылым мен өнердің барлық саласына 150-ден астам еңбек,
8. Любил ли он свою Родину?	қатты сағынды, өлең шығарған

12-жаттығу. Асты сызылған сөздерді қайталап сұраңыз.

1. Әл-Фараби — дүние жүзіне әйгілі ұлы ғалым. 2. Ол Отырар маңында орта ғасырда дүниеге келді. 3. Оның балалық шағы Арыс, Сырдария бойында өтті. 4. Ол Отырар медресесінде оқыды. 5. Сол кезде Багдад ірі мәдени орталық болатын. 6. Онда Әл-Фараби Аристотель, Эвклид, Прометей еңбектерін көп оқыды. 7. Ол 150-ден астам еңбек жазған. 8. Әл-Фараби бірнеше музыкалық шығармалар жазған. 9. Ол туған Отанын қай жерде жүрсе де қатты сағынған.

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді өткен шақтың барлық түрлеріне қойып жазыңыз

Үлгі: Әл-Фараби орта ғасырда дүниеге келді. — *Әл-Фараби орта ғасырда дүниеге келген* *Әл-Фараби орта ғасырда дүниеге келінті.*

1. Әл-Фараби орта ғасырда дүниеге келді. 2. Әл-Фарабидің балалық шағы Арыс, Сырдария бойында өтті. 3. Ол бай кітапханадағы қолжазбаларды оқып меңгерді. 4. Ол Багдад қаласына білімін жетілдіру үшін келді. 5. Әл-Фараби 150-ден астам құнды құнды еңбектер жазды. 6. Ұлы ғұлама математика мәселелерімен де айналысты. 7. Ол математиканы шебер пайдаланудың үлгісін көрсетті. 8. Әл-Фараби домбыра, қобыз секілді аспап түрлерін жасады. 9. Ол туған Отанын жақсы көрді

14-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

Үлгі: Әбу Насыр Әл-Фараби — ұлы ғалым.

1. Әбу Насыр Әл-Фараби — ұлы ғалым. 2. Әл-Фараби орта ғасырда қазіргі Шымкент облысында дүниеге келді. 3. Ол кітапханадағы қолжазбаларды қол оқыды. 4. Ол білімін жетілдіру үшін, Бағдад қаласына келді. 5. Әл-Фараби 25-30 жас шамасында құнды-құнды еңбектер жазды. 6. Ол ғылым мен өнердің барлық саласы бойынша 150-ден астам еңбек жазды. 7. Ол математиканы басқа өнер салаларына шебер пайдаланудың үлгісін көрсеткен. 8. Әл-Фараби аса үлкен музыкант, тамаша орындаушы және ақын. 9. Ол бірнеше музыкалық шығарма жазды.

15-жаттығу. Сөйлемдер құраңыз

Әбу Насыр Әл-Фараби {
родился в Ораре.
освоил рукописи великих ученых.
написал более 150 трудов
занимался математическими проблемами.
написал много музыкальных произведений

Ол Бағдад қаласында {
улублял свои знания
освоил науку
изучал труды великих ученых

Әл-Фарабидің {
детство прошло на берегу рек Арысь,
Сырдарья.
ценные труды известны всему миру.
современники и ученики называли его
«второй Аристотель»

16-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз

1. Әбу Насыр Әл-Фараби ... дүниеге келді. 2. Ол ... оқып меңгерді. 3. Ол Бағдад қаласына ... үшін келді. 4. Әл-Фараби 25-30 жас шамасында ... еңбектер жазды. 5. ... оны ... деп атаған. 6. Әл-Фараби ... айналысқан, ол математиканы ... көрсеткен. 7. Ол — аса үлкен музыкант, ... жазған. 8. Көп жыл шет жерлерде жүрсе де, ..

17-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құраңыз.

Появиться на свет, детство, изучать рукописи; около 25-30 лет, современник; наставник, заниматься вопросами математики, делать музыкальные инструменты; скучать по Родине.

18-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз

1. Әбу Насыр Әл-Фараби — (известный во всем мире великий ученый, энциклопедист, математик, поэт, музыкант). 2. Ол орта ға-

сырда (в нынешней Шымкентской области) дүниеге келді. 3. Онын (детство) Арыс, Сырдария бойында (прошло). 4 (Обучаясь в медресе города Отрар), ондағы аса бай кітапханадағы қолжазбаларды оқып менгерді 5 Әбу Насыр білімін жетілдіру, ғылымды терендету үшін (в самый крупный, считающийся культурным центром, город Багдад) келді 6 Әл-Фараби 25-30 жас шамасында (освоив всю мировую науку глубоко и всесторонне), енді өзі де құнды-құнды еңбектер жазды. 7. Ол (более 150 трудов по всем областям науки и искусства) жазған 8 Әл-Фараби математиканы архитектура, жер өлшеу, астрономия, музыкаға (показал образцы искусного применения). 9. Әл-Фараби домбыра, қобыз ескілді аспап түрлерін жасап, (написал несколько музыкальных произведений). 10 Ұлы ғұлама (хотя и находился много лет вдали от Родины), өзінің туған Отанын бір сөт те ұмытпаған.

19-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Абу Насыр аль-Фараби – известный во всем мире великий ученый, энциклопедист, математик, поэт, музыкант. Он родился и рос в IX веке в городе Отрар. Детство его проходило на берегу рек Арысь и Сырдарья. Обучаясь в медресе города Отрар, он прочитал рукописи древних ученых.

Абу Насыр отправился в самый крупный культурный центр, город Багдад для того, чтобы углубить свои знания. Там он познакомился с трудами Аристотеля, Эвклида, Прометея. В возрасте 25-30 лет, освоив всю мировую науку глубоко и всесторонне, он сам начал писать ценные труды. Им написано более 150 трудов по всем областям науки и искусства.

Аль-Фараби занимался и математическими проблемами. Он показал, как можно применять математику в архитектуре, геодезии, астрономии, музыке. Аль-Фараби, сам изготавливая такие музыкальные инструменты, как домбра, қобыз, написал несколько музыкальных произведений.

Великий мудрец очень любил свою Родину и никогда о ней не забывал.

20-жаттығу. Тақырып бойынша Әл-Фараби туралы бес сөйлем ойлап, дәптеріңізге жазыңыз. Сөйлем мүшелерінің астын үлгі бойынша сызыңыз.

21-жаттығу. «Әл-Фараби» мәтінінің соңындағы оларды оқыңыз, сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз да, жаттап атыңыз.

22-жаттығу. Томендегі мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз

Әл-Фараби туралы аңыз

Бірде Әл-Фараби Багдад қаласы әмірінің сарайына барыпты. Ол жерде ғалымдар, әкімдер, онерпаздар көп жиналған екен. Әл-Фараби елеусіз бір шетке барып отыра қалады да, өзі жасаған домбырасымен бір қонды күй тартады. Күйді естіген адамдар күліп, мәз-мейрам болады. Әл-Фараби басқа бір қайғылы күй тартса, әлгі адамдар қамы-

ғып жылай бастайды Осыдан кейін ол бір баяу күйді тартқанда сарайда оғырғандар түгел ұйықтап қалыпты

Әл-Фараби «Бұл күйлерді тартқан Әл-Фараби» деп қағазға жазыпты да, сарайдан шығып кетіпті. Әмір оны қанша іздесе де, таба алмапты.

Сөздік

әмір — правитель
өнерпаздар — люди искусства
елеусіз — незаметно

мәз-мейрам болу — радоваться
қайғылы — печальный
қамығып жылау — печалиться

23-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1 Бір күні Әл-Фараби қайда барыпты? 2 Бағдал қаласы әмірінің сараиына кімдер жиналыпты? 3. Әл-Фараби қай жерге отырып домбырасын тартыпты? 4. Ол қоңілді күй тартқанда, адамдарға қалай әсер етіпті? 5 Адамдар неге жылай бастады? 6. Адамдар қай кезде ұйықтап қалыпты? 7 Әл-Фараби қағазға не деп жазыпты? 8. Оны кім іздеп, таба алмапты?

24-жаттығу. Жолдасыңыздан Әл-Фарабидің өмірбаяны туралы сұраңыз

25-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Әл-Фараби» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

1-сабақ

Служебные слова (Көмекші сөздер).

В казахском языке существуют категории слов, не имеющих самостоятельно-го значения и не обладающих самостоятельной функцией в предложении. Они называются служебными словами (көмекші сөздер). Их можно разделить на следующие группы

- 1) Послелогии (Септеуліктер),
- 2) Служебные имена (Көмекші ссмідер),
- 3) Союзы (Жалғаулар);
- 4) Частицы (Демеуліктер).
- 5) Модальные слова (Модаль сөздер)

1. **Послелогии (септеуліктер)** по своему значению, в основном, соответствуют русским предлогам и многие из них требуют определенных падежей. Они обычно стоят после знаменательных слов, к которым относятся

Послелогии	Предлоги	Примеры
<i>деин (шеин)</i>	до	<i>институтқа деин (шеин)</i> «до института»
<i>бойына</i>	в течение	<i>жыл бойына</i> «в течение года»
<i>бойынша (боиында)</i>	вдоль	<i>аитуды бойынша</i> «по его рассказам»
<i>соң, кейін</i>	с	<i>бытырдан соң</i> «с прошлого года»
	после	<i>сабақтан кейін</i> «после урока»

арқылы туралы үшін	через о, об для, ради чтобы	сен арқылы «через тебя» шаруашылық туралы «о хозяйстве» сен үшін «ради тебя» оқу үшін «для учебы»
бері басқа бұрын әрі	с кроме раньше дальше	былтырдан бері «с прошлого года» менен басқа «кроме меня» менен бұрын «раньше меня» әрі отыр «сядь дальше»

2. **Служебные имена (Көмекші есімдер)** относятся к служебным словам условно, т. к. они сильно отличаются от других служебных слов. В отличие от них они могут употребляться самостоятельно в определенной синтаксической функции и иметь конкретное лексическое значение. Они склоняются и принимают падежные окончания. Служебные имена так же, как и послелоги, соответствуют русским предлогам и употребляются после имен существительных. Например, *ағаштың түбінде* «у дерева», *мектептің алдында* «перед школой» (См. также раздел «Служебные имена».)

Так же, как и имена существительные, служебные имена принимают падежные окончания

Им п	<i>терезенің жаны-</i> □
Род п.	<i>терезенің жаны-ның</i>
Дағ п	<i>терезенің жаны-на</i>
Вин п	<i>терезенің жаны-н</i>
Мест. п	<i>терезенің жаны-нда</i>
Исх п	<i>терезенің жаны-нан</i>
Твор п	<i>терезенің жаны-мен</i>

3. **Союзы (Жалғаулықтар)** соответствуют союзам русского языка и служат для соединения однородных членов предложения и предложений. В казахском языке имеется несколько видов союзов

Союзы	Русские эквиваленты	Примеры
Соединительные <i>және, мен/бен/пен, да/де, та/те</i>	и, да	<i>сен және мен</i> «ты да я» <i>Сәлим мен Әлім</i> «Салим и Алим» <i>Жаңбыр жауды да, жер көгерді</i> «Дождь прошел, и земля зазеленела».
Противительные <i>бірақ, бірақ та, алайда, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де</i>	а, но, да	<i>Киноға барар едім, бірақ қалтамда ақша жоқ</i> «Пошел бы в кино, да в кармане нет денег»
Разделительные <i>не, немесе, я, әлде, біресе, әйтпесе, болмаса, ал</i>	или, либо, то , то	<i>Не мен барам, не сен бар</i> «Или я поиду, или ты или» <i>Біресе жаңбыр жауады, біресе күн шығады</i> «То дождь, то солнце»

Причинные <i>өйткені, себебі</i>	так как, потому что	<i>Ол жақсы оқиды, себебі жақсы маман болғысы келеді</i> «Он хорошо учится, так как хочет быть хорошим специалистом» <i>Мен сабаққа барған жоқпын, өйткені ауырып қалдым</i> «Я не ходил на занятия, потому что заболел»
Следственные <i>сондықтан, сол себебтен, сол үшін</i>	поэтому	<i>Мен ауырып қалдым, сол себебтен сабаққа бармадым</i> «Я заболел, поэтому не пошел на занятия» <i>Ол көп оқиды, сондықтан білімді адам болып шықты</i> «Он много занимался, поэтому стал образованным человеком»
Условные <i>егер, онда егер., онда..</i>	если, тогда, если , тогда	<i>Егер, кітап оқымасаң, білімді адам болмайсың</i> «Если не будешь читать, то не станешь образованным человеком» <i>Маған келмесең, онда мен саған борамын.</i> «Если не придешь ко мне, то я пойду»

4. Частицы (Демеуліктер) вносят дополнительные смысловые, эмоциональные, модальные оттенки в значения отдельных слов и предложений Их можно разделить на следующие группы

Частицы	Русские эквиваленты	Примеры
Усилительно-ограничительные <i>ғана/қана, ғой/қой, әсіресе, -ақ, -ау</i>	только, особенно, же	<i>Ол саяжайға Ерболды ғана алды</i> «Он взял на дачу только Ербола» <i>Мен жемістерді жақсы көремін, әсіресе алмұртты</i> «Я люблю фрукты, особенно груши» <i>Мынау дәптер ғой «Это же тетрадь».</i>
Вопросительные <i>ма/ме, бо/бе, па/пе, ше</i>	ли, а	<i>Ол бора ма? «Пойдет ли он?»</i> <i>Сен ше? «А ты?»</i>

5. Модальные слова (Модаль сөздер) служат для выражения точки зрения говорящего на отношении высказываемой мысли к действительности. В казахском языке имеются следующие модальные слова

Модальные слова	Русские эквиваленты	Примеры
<i>керек</i>	необходимо, нужно	<i>Маған сол адам керек еді</i> «Мне бы нужен тот человек»
<i>сияқты</i>	как будто, как, кажется	<i>Ол мені жек көретін сияқты</i> «Он как будто меня ненавидит»
<i>екен</i>	оказывается	<i>Онда кітап көп екен.</i> «Оказывается там много книг»
<i>мүмкін шығар болар</i>	возможно, может быть	<i>(Мүмкін) олар қалада шығар (болар)</i> «Может быть они в городе»
<i>рас</i>	правда, верно	<i>Рас, сен менің досымсың</i> «Верно ты мой друг»
<i>шамасы</i>	вероятно	<i>Шамасы, олар үйде жоқ</i> «Вероятно, их нет дома»
<i>әрине</i>	конечно	<i>Әрине, сен оны білесің</i> «Конечно, ты его знаешь»

Члены предложения (Сөйлем мүшелері).

Как в русском, так и в казахском языке, члены предложения делятся на *главные* (*тұрлаулы*) и *второстепенные* (*тұрлаусыз*). Так же, как и в русском языке, к главным членам предложения относятся *подлежащее* (*бастауыш*) и *сказуемое* (*баяндауыш*).

1 *Подлежащее* (*бастауыш*), которое отвечает на вопросы *ким? не? «кто?» «что?»* и может выражаться всеми частями речи. Например *Жолаушылар пойызға отырды* «Пассажиры сели на поезд» (Имя существительное) *Он екіге бөлінді* «Десять делится на 2» (Имя числительное) *Менікі — мына үй* «Мой этот дом» (Местоимение).

2 *Сказуемое* (*баяндауыш*) отвечает на вопросы *не істеді? не қылды? не етті? қайтті? «что делал? что сделал?»*, а также может быть выражено различными частями речи. Например *Асан кітап оқыды* «Асан читал книгу» (Глагол) *Мен инженермін* «Я — инженер» (Имя существительное.) *Олардың үйі осында* «Их дом здесь» (Местоимение.) *Біз бесеуіміз* «Нас пятеро» (Имя числительное).

К второстепенным членам предложения относятся: *дополнение* (*толықтауыш*), *обстоятельство* (*нысықтауыш*) и *определение* (*анықтауыш*).

1 *Дополнение* (*толықтауыш*) отвечает на вопросы пяти падежей, кроме именительного и родительного. Так же, как и в русском языке, дополнение может быть прямым и косвенным. Например *Сен айтқан (нені?) кітапты оқыдым* «Я прочел (то?) книгу, о которой ты говорил» (*Немені?) кітаппен жұмыс істедім* «Я работал (чем?) книгой».

2 *Обстоятельство* (*нысықтауыш*) отвечает на вопросы *қайда? «где?», қашан? «когда?», қалай? «как?», қанша? «сколько?»* и чаще всего выражается наречиями. Например *Біз Жаңа жылды қуанышпен қарсы алдық*, «Мы с радостью встретили Новый год».

3 *Определение* (*анықтауыш*) отвечает на вопросы *қандай? «какой?» қанша? «сколько?», қаншасыншы? «какой?» «который?», кімнің? «чей? кого?», ненің? «чей? чего?»* и выражается прилагательными, числительными, местоимениями, су-

шестивительными причастиями Например *Мен мына биік үйде тұрамын* «Я живу в этом высоком доме» *Мен үйге үш рет телефон соқтым* «Я звонил домой три раза» *Ертең менің досым келеді* «Завтра присажает мой друг» *Ағаңның кітабы менде* «Книга Асана у меня» *Келетіндердің билеттері осында* «Билеты приглашенных здесь»

2-САБАҚ

1. Грамматика: Салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер.

2. Лексика: Қазақ хандары.

1. ГРАММАТИКА: САЛАЛАС ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем
<i>Жаз келді.</i> «Пришло лето» <i>Күн жылынды.</i> «Стало тепло»	<i>Жаз келді де, күн жылынды</i> «Пришло лето, и стало тепло».
<i>Күз түсті</i> «Наступила осень». <i>Күн әлі жылы.</i> «Дни еще стоят теплые»	<i>Күз түсті, бірақ күн әлі жылы.</i> «Наступила осень, но дни еще стоят теплые»
<i>Жаңбыр жауды</i> «Идег дождь». <i>Жаңбыр басылды</i> «Дождь перестал».	<i>Жаңбыр біресе жауды, біресе басылды.</i> «Дождь то шел, то переставал»
<i>Мен үлкенмін</i> «Я старший» <i>Сен мені тыңдауың керек</i> «Ты должен меня слушаться».	<i>Мен үлкенмін, сондықтан сен мені тыңдауың керек.</i> «Я старший, поэтому ты должен меня слушаться».

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемдерге айналдырыңыз және, да/де, та/те

1. Күн жылынды Қар сіді 2. Аспанды қара бұлт басты Жаңбыр қатты жауды. 3. Алтай жазды асыға күтті. Жаз келді. 4. Суық күз жақындады. Жәндіктер азия басталды 5. Мұғалім келмеді. Сабақ болмады 6. Сәуірдің ортасы болып қалды. Қыс аяқталды 7. Салтанат «Әсем» тұрмыс үйіне барды Аяқ киімін жөндетіп өкелді. 8. Сәкен жолдасына сұрақ қойып жатыр. Жолдасы жауап беріп тұр 9. Мен үйге келдім. Менің шешем шай дайындады. 10. Ұшақ қонды. Жолаушылар ұшақтан шықты

бірақ, сонда да, әйтсе де

1. Көктем келді Күн әлі суық. 2. Мен ағамның үйіне келдім. Үйде ешкім жоқ екен 3. Ернар киноға кетті. Билет жоқ екен. 4. Мен саған хат жаздым. Сен маған жауап қайтарған жоқсың 5. Қар жауып тұр. Күн суық емес. 6 Жолдасым ауырып қалды Дәрігерді шақырт-

пады 7. Мен сінліме ойышық алдым Ол онымен ойнамады. 8. Менің қарным ашты Мен асханаға барған жоқпын 9. Дүкеннен азық-түлік сатып алайын деп едім. Дүкен анық емес. 10. Қайрат сағатын жөндеуге кетті. Ақшасын үйде қалдырыпты.

біресе, не, немесе

1 Біз барайық. Олар барсын 2 Ертең мен Мемсуге барамын, киноға барамын. 3. Әсет жатады, тұрады. 4. Гелелидар корейік. Дойбы ойнайық. 5. Жазира кір жуады, кір үтіктейді, тамақ пісірді. 6. Шаштараз шеберлері шашты сонді қияды, маникюр жасайды, шашты бояйды 7. Студенттер қазақ тілі сабағында мәтінді оқиды жаттығуларды орындайды, сұрақтарға жауап береді. 8. Зәуре шабдалы жемейді, маған бермейді. 9. Қонақтар домбыра тартады, әңгімелеседі. өн шырқайды, би билейді 10. Бүгін біз үйде боламыз, ата-анамыздың үйінде боламыз

сондықтан, өйткені, сол себепті

1 Ол баяу оқиды. Ол аз дайындалады 2. Мен мәтінді түсінемін. Мен сөздерді білемін 3. Самат досына хат жазбады. Уақыты жоқ 4 Біз киноға барған жоқпыз. Емгиханға дайындалдық. 5 Сәбит жазылмады, емделмеді. 6. Ең жақсы тіл – ана тілі Оны аса құрметтеу керек 7 Біз сыйлық сатып алған жоқпыз. Ақшамыз болмады. 8. Ермек сұраққа жауап бере алмады Сабаққа дайындалмады. 9. Үйге кіре алмадым Кілтінді жоғалтып алдым. 10. Оқуға бармаймын. Ауырып қалдым.

3-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді толықтырыңыз

1 Жаз шықты да, . 2 Саша қазір қылдырмайды, өйткені ... 3 Не ол барсын, не . 4. Мен мына мақаланы аудармаймын, өйткені ... 5. Мен мәтінді оқымаймын, себебі ... 6. Мен базардан қауын алдым және .. 7. Арман былтыр Москеуге сапар шекті және 8. Сіз жақсы жауап бердіңіз, өйткені 9. Мен ерте шықтым, бірақ 10. Ол тез жазады, сонда да .. 11. Ертең мен театрға барар едім, бірақ ... 12. Біз қазақ тілі сабағында мазмұндама жазып отырдық және 13. Қар жауды да. . 14. Не диванға отыр, не .. 15. Жазира біресе кітап оқиды, біресе ... 16. Ол қазір жұмыс істемейді, сондықтан 17. Біресе бор жоқ, біресе . 18. Не ұшақпен бар, не .. 19. Бүгін күн ашық, бірақ 20. Менің бір ағам мал дәрігері болып жұмыс істейді де, . . 21. Біз тоғыз қабатты үйде тұрамыз және

4-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1 Я поеду или поездом или автобусом. 2 День был теплый, но мы в горы не пошли. 3. Олжас живет то ли в центре города, то ли в микрорайоне. 4. Олег заболел, но к врачу не пошел. 5. Я делаю зарядку и умываюсь холодной водой. 6. Я живу далеко, но на занятия не опаздываю 7. Студенты слушали лекцию и задавали вопросы. 8. Берик живет в городе, а его родители в ауле 9. Или он, или я. 10. То мороз, то снег 11. Я купила хлеб, а мой друг – молоко 12. Моя сестра мыет посуду, а я вытираю ее полотенцем 13. Я взяла книгу из библиотеки для моей младшей сестры и она читала ее 14. Я хотел

купить рубашку, но у меня не было денег. 15. Казахский язык труден, но мы занимаемся с интересом. 16. Наш учитель строгий, но мы его любим. 17. Дети играют, а их родители разговаривают. 18. Пациент раздвинулся, и доктор прослушал его легкие. 19. Я хотела постричь и покрасить волосы, но в парикмахерской было много народу. 20. Я не купила плажье, потому что оно мне не идет.

2. ЛЕКСИКА. ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ.

📌 5-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Қазақ хандары

XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті үш жүзге бөлінген:

- Ұлы жүз,
- Орта жүз,
- Кіші жүз

Әрбір жүз тайпаларға, тайпалар — руларға, рулар аталарға бөлінген.

Қазақ халқында қоғамның билеуші тобының жоғарғы әлеуметтік сатысында хан тұрған. Ханның міндеті — өкіметті нығайту, қауымдық жерлерді руларға бөліп беру, көшіп-қону мәселесін реттеу, басқа көрші елдермен қарым-қатынасты нығайту, т. б. Халқымыздың ең ірі хандары Тәуке, Абылай және т. б. болды.

Тәуке хан

(1680—1718 жылдары билік құрған)

Тәуке хан — Жоңғар ханның баласы. Ол атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен кеңесе отырып «Жеті жарғы» әдет заңдарын шығарды.

Тәуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланыстарын орната бастады. 1716 жылы Тәуке хан жоңғарларға қарсы шығу үшін Ресейден әскери көмек сұрады.

Ол ғұрақты хан кеңесі, билер кеңесін құрып, жыл сайын Құлтөбеле (Ташкент түбінде) үш жүздің шонжарларын шақырып съезді өткізіп тұратын. Билер тобының қатысуымен үш жүздің арасындағы маңызды мәселелер шешілетін болды. Олар халықты басқаруға арналған заң шығару мен сот істеріне араласты. Бірте-бірте жерілікті басқару істерін де қолдарына алды.

Тәуке хан билік құрған кезінде сыртқы жауға тойтарыс бере отырып, тайпа, ру арасындағы ішкі талас-тартысты тыйып, олардың өзара ынтымақты тұруына күш салды.

Абылай хан

(1711—1781)

Абылайдың шын аты — Әбілмансұр, Орта жүз ханы Абылай 1711 жылы Түркістан қаласында туған. Ол әке-шешесінен жастай жетім қалып, Ұлы жүз Төле бидің қолында малшы болып, басына үлкен тымақ киіп, үсті-басы жалба-жұлба, қалай болса солай жүреді. Осы түріне қарап Төле би баланың атын «Сабалақ» қояды. Абылай 15 жасында қазақтың жоңғарларға қарсы соғысына қатысып, «Абылай-

лап» ұрандап асқан ерлік көрсетеді. Ел енді оның атын Абылай деп қояды.

Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен бірлесіп, жауға қарсы бірнеше күрестер ұйымдастырған 1771 жылы Әбілмәмбет өлгеннен кейін Абылай хан сайланып, барлығы 48 жыл хандық құрды.

Абылай ақылды, шебер ұйымдастырушы, батыл қолбасшы, іскер дипломат, тілге шешен болған екен. Қытай империясы, Ресей патшасы, Жоңғар, Бұхар, Хиуа хандарымен қарым-қатынасты жақсартты. XVIII ғасырда жоңғар хандығына қарсы үш жүздің басын біріктіруде зор рөл атқарған 1756–1758 жылдары Манчжур-Қытай империясы 90 мың әскермен Жоңғар хандығын біржолата күйретті. Осы кезде Абылай Қытай империясы мен Ресей патшалығының арасында дипломатиялық іс жүргізді. Абылай шаруашылық пен сауданы, көрші елдермен мәдени байланысты дамытты.

Абылайдай қазақ хандарының арасында шексіз билікке ие болған бірде-бір жан жоқ. Оның көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналды. Бұқар жыраудың «Сабалақ» деген дастаны бар. Осы атакты дастанда оның кім болғаны толық баяндалады.

Бұл күнде Абылай ханның ақ ордасы тігілген жер Абылай алаңы, Хан асуы, Хан жайлауы, Хан көлі, Ханның қызыл ағашы сияқты жер-су аттары аса құрметпен аталады.

Егемендік алғаннан бері Абылай ханның есімі үлкен құрметпен аталатын болды. Оған ескерткіштер орнатылып, көшелерге аты берілді.

Абылай хан 1781 жылы жетпіс жасында дүние салды. Онын сүйегі Қожа Ахмет Иассауи сағанасына жерленді.

(Қазақ энциклопедиясынан)

Сөздік

жүз – жуз, название трех родоплеменных объединений казахов	бірлессу – объединяться
таина – племя	күрес – битва
ру – род	ұйымдастыру – организовывать
билеуші тобы – руководство власти	хандық – ханство
әлеуметтік – социальный	шебер – искусный
саты – тестница	тілге шешен – оратор
нығайту – укреплять	батыл қолбасшы – смелый
қауымдық – сообщество	полководец
жоңғарлар – джунгары	патша – царь
шонжар – руководитель	біріктіру – объединять
басқару – управлять	біржолата – навсегда
сот істері – судебные дела	күйрету – разрушать
жергілікті – местный	шексіз билік – безграничная власть
жау – враг	ие болу – обладать
тойтарыс – отпор	бірде-бір жан жоқ – не было никого
ғалас-тарғыс – тяжба	көзі тірісінде-ақ – еще будучи живым
тыю – прекращать	жырау – сказитель, певец
күш салу – приложить силы	дастан – эпос, поэма
жетім – сирота	ақ ордасы тігілген жер – место, где была его ставка
жалба-жұлба – оборванный	асу – перевал
сабалақ – растрепан	дүние салу – умереть
соғыс – война	сүйегі – его прах
ұрандау – призывать, кричать	сағана – могила
асқан ерлік – непревзойденное героическое	жерлену – быть захороненным

6-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркесерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Қоғамның билеуші тобының жоғарғы өлеуметтік сатысы, өкіметті нығайту; қауымдық жерлерді руларға бөліп беру; көшіп-қону мәселесін реттеу; басқа көрші елдермен қарым-қатынасты нығайту; кесесе отыру; жеті жарғы; одет заңдары; дипломатиялық байланыстары; сауда байланыстары; орната бастау, қарсы шығу, өскери көмек сұрау, тұрақты хан кеңесі, билер кеңесі, жыл сайын, үш жүздің шонжарларын шақыру; съезд откізу; билер тобының қатысуымен, маңызды мәселелер, халықты басқару, заң шығару мен сот істеріне араласу; жергілікті басқару істері; қолға алу, билік құрған кезінде; сыртқы жауға қойтарыс беру; ішкі талас-ғартысты тыю, өзара ынтымақты түру, күш салу, шын аты, жастай жетім қалу, үсті-басы жалба-жұлба; қалай болса солай жүру; жонғарларға қарсы; асқан ерлік көрсету, күрестер ұйымдастыру; хандық құру; шебер ұйымдастырушы; батыл қолбасшы, іскер дипломат; тілге шешен болу. Қытай империясы, Ресей патшасы; қарым-қағынасғы жақсарту; Жонғар халқына қарсы, зор рөл атқару; біржолата күйретті; мәдени байланысты дамытты; шексіз билікке ие болған бірде-бір жан жоқ; көзі ірісінде, аңызға айналу; ақ ордасы тігілген жер, Абылай алаңы; Хан асуы; Хан жайлауы; Хан көлі, Ханның қызыл ағашы; жер-су аттары; аса құрметпен аталу, егемендік алғаннан бері; ескерткіштер орнату, жетпіс жасында дүние салды

7-жаттығу. Әр сөздің тұсына орысша баламасын жазыңыз

Ресей — ..	Бұхар — ..	Хан жайлауы — .
Құлтөбе — ..	Хиуа — .	Хан көлі — ..
Түркістан — ...	Абылай алаңы —	Ханның қызыл ағашы — ...
Жонғария — .	Хан асуы — .	Қожа Ахмет Иассауи —

8-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1. XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті неше және қандай жүздерге бөлінген? 2. Қазақ халқында қоғамның билеуші тобының жоғарғы өлеуметтік сатысында кім тұрған? 3. Ханның міндеті қандай болған? 4. Қазақ халқының ең ірі хандары кімдер? 5. Төуке хан қандай заң шығарған? 6. Ол не орната басталды, Ресейден не сұралды? 7. Төуке хан не құрып, жыл сайын не откізіп тұратын? 8. Олар қандай мәселелерді шешетін? 9. Абылай қашан, қайда туған? 10. Төле би оған неге «Саба-лақ» деген ат қойды? 11. Абылай неше жасынан бастап қазақтың жонғарларға қарсы соғысына қатысқан? 12. Абылай хан қашан сайланып, барлығы неше жыл хандық құрды? 13. Абылай қандай адам болған? 14. Ол қай жерлердің хандарымен қарым-қатынасты жақсартты? 15. XVII ғасырда қандай істе зор рөл атқарған? 16. 1756 — 1758 жылдары қандай оқиғалар болған? 17. Оның аты неге аңызға айналды? 18. Бұл күнде Абылай ханның құрметіне қандай жер-су аттары аталады? 19. Абылай хан қашан дүние салды? 20. Оның сүйегі қайда жерленді?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Қазақ халқында қоғамның билеуші тобының жоғарғы өлеуметтік сатысында хан тұрған. 2. Төуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланыстарын орната басталды. 3. Билер тобының қатысуымен

үш жүздің арасындағы маңызды мәселелер шешілетін болды. 4 XVIII ғасырда Абылай хан жоңғар хандығына қарсы үш жүздің басын біріктіруде зор рөл атқарған. 5 Абылай хан 1781 жылы жетпіс жасында дүние салды.

10-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз

1. XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті үш жүзге бөлінген
2. Қазақ халқында қоғамның билесуші тобының жоғарғы әлеуметтік сатысында хан тұрған. 3. 1716 жылы Тәуке хан жоңғарларға қарсы шығу үшін Ресейден әскери көмек сұралды 4. Ол тұрақты хан кенесі, билер кеңесін құрып, жыл сайын Құлтобеде үш жүздің шоңжарларын шақырып съезд өткізіп тұратын. 5 Тәуке хан билік құрған кезінде сыртқы жауға тойтарыс бере отырып, тайпа, ру арасындағы ішкі талас-тартысты тыйып, олардың өзара ынтымақты тұруына күш салды. 6. Абылай 1711 жылы Түркістан қаласында туған. 7. Төле би Абылайдың үсті-басына қарап, атын «Сабалақ» қойды. 8. 1771 жылы Әбілмәмбет өлгеннен кейін Абылай хан сайланып, барлығы 48 жыл хандық құрды. 9 1756–1758 жылдары Манчжур-Қытай империясы 90 мың әскермен Жоңғар хандығын біржолата күйретті. 10. Абылайдай қазақ хандарының арасында шексіз билікке ие болған бірде-бір жан жоқ. 11 Бұқар жыраудың «Сабалақ» деген дастаны бар. 12 Егемендік алғаннан бері Абылай ханның есімі үлке құрметпен аталатын болды.

11-жаттығу. Мына сөздерге синонимдер тауып айтыңыз

Басқарушы, дұшпан, тыю, күш, батырлық, эпос, акын, құрмет, атақты, жою, тілге бай, бұл күнде, орнату, ақылдасу, туу, өлу.

12-жаттығу. Мына сөздерге антонимдер тауып айтыңыз

Жоғарғы; қосу, ашу; күшті; қорқақ; ретсіз; ірі; қолдау; атақты; сыртқы; ажырату; жоқ, беру; қазіргі заманда; өлу.

13-жаттығу. Сөйлес құраңыз.

Тәуке хан { сын хана Жангира
установил отношения с Россией
вместе с известными биями создал «Семь указов».
ежегодно проводил съезды в Култобе.
давая отпор внешнему врагу, прилагал усилия для
погашения внутренних раздоров.

Абылай хан { родился в 1711 году в городе Туркестан.
рано остался сиротой.
был скотником у Толе би
в 15 лет участвовал в войне против джунгаров.
в 1771 году был избран ханом и правил всего
48 лет.
умный, искусный организатор, смелый полководец,
дипломат, оратор.

14-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

қашан? қандай? не? неш? неге? не істеген?

Үлгі: XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті үш жүзге бөлінген.

1. XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті үш жүзге бөлінген.
2. Қазақ халқында қоғамның билеуші тобының жоғарғы әлеуметтік сатысында хан тұрған.
3. Тәуке хан Ресеймен дипломатиялық және сауда байланыстарын орната бастады.
4. 1716 жылы Тәуке хан жоңғарларға қарсы шығу үшін Ресейден әскери көмек сұрады.
5. Олар халықты басқаруға арналған заң шығару мен сот істеріне араласты.
6. Бірте-бірте жергілікті басқару істерін де қолдарына алды.
7. Абылай 1711 жылы Түркістан қаласында туған.
8. Абылай 15 жасында қазақтың жоңғарларға қарсы соғысына қатысты.
9. Абылай хан барлығы 48 жыл хандық құрды.
10. 1756–1758 жылдары Манчжур-Қытай империясы 90 мың әскермен Жоңғар хандығын біржолата күйретті.
11. Абылай хан 1781 жылы жетпіс жасында дүние салды.
12. Оның сүйегі Қожа Ахмет Иассауи сағанасына жерленді.

15-жаттығу. Сұрақтарды қазақ тіліне аударып, жолдасыңызға қойыңыз. Жолдасыңыз оң жақтағы сөздерді пайдаланып жауап берсін.

1. На сколько родов и какие делилось казахское государство в XV веке?	үш жүзге, Ұлы жүз, Орта жүз Кіші жүз
2. Кто стоял на вершине социальной лестницы?	хан
3. Что создал Тәуке хан?	«Жеті жарғыны»
4. С кем он установил дипломатические и торговые отношения?	Ресеймен
5. Когда и где родился Абылай хан?	1711 жылы, Түркістан қаласында
6. Когда он начал участвовать в военных действиях?	15 жасында, қазақтың жоңғарларға қарсы соғысында.
7. Сколько лет он правил ханством?	барлығы 48 жыл
8. Каким был Абылай хан?	ақылды, шебер ұйымдастырушы, батыл қолбасшы, іскер дипломат, тілге шешен
9. С кем он установил дипломатические отношения?	Қытай империясы мен Ресей патшасы
10. Когда и в каком возрасте умер Абылай хан?	1781 жылы, жетпіс жасында

1. XV ғасырда құрылған Қазақ мемлекеті (делилось на три жуза: старший жуз, средний жуз и младший жуз). 2. Ханның міндеті: (укреплять государство, распределять по родам земли сообщества, упорядочить вопросы переезда-ночлега, укреплять отношения с другими соседними странами и др.) 3. Тәуке хан (советуясь с известными правителями Төле, Қазыбек, Айтқас) «Жеті жарғы» өдет заңдарын шығарды. 4. Тәуке хан (дипломатическими и торговые связи с Россией) орната бастады. 5. Тәуке хан билік құрған кезінде (давая отпор внешнему врагу), тайпа, ру арасындағы (прекращая внутренние разногласия), олардың өзара ынтымақты тұруына (приложил силы). 6. Абылай 1711 жылы (в городе Туркестан) туған. 7. Ол (оставшись сиротой без родителей в раннем возрасте), Ұлы жүз Төле бидің қолында (будучи скотником), басына үлкең тымақ киіп, үсті-басы жалба-жұлба, (ходил как попало). 8. Абылай (в 14 лет участвуя в войне казахов против джунгаров), «Абылайлап» ұрандап (проявил неслыханное геройство). 9. (Объединившись с ханом Среднего жуза Абыльмамбетом), жауға қарсы бірнеше күрестер ұйымдастырған. 10. Абылай (умным, искусным организатором, смелым полководцем, предприимчивым дипломатом, оратором) болған екен. 11. (В 1756 – 1758 годах Манчжуро-Китайская империя) 90 мың әскермен (навсегда разрушила Джунгарское ханство). 12. (С получением независимости) Абылай ханның есімі (с особым уважением) аталатын болды.

17-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Созданное в XV веке Казахское государство делилось на три жуза: старший жуз, средний жуз и младший жуз. Каждый жуз делился на племена, племена – на рода, рода – на родства. На самом верху социальной лестницы руководства власти казахского общества стоял хан. Обязанностями хана были укрепление государства, распределение по родам земель сообщества, упорядочение вопросов переезда-ночлега, укрепление отношений с другими соседними странами и др. Самыми крупными ханами казахского народа были Тауке хан, Аблай хан и др.

Тауке хан был сыном Жанқир хана. Он вместе с известными Төле би, Қазыбек би и Айтеке би создал «Семь указов». Тауке хан начал устанавливать дипломатические и торговые связи с Россией. В 1716 году в войне против джунгаров он попросил военной помощи у России.

Во время правления Тауке хана он, давая отпор внешнему врагу, приложил силы для прекращения внутренних раздоров между племенами и родами.

Абылай родился в 1711 году в городе Туркестан. Его настоящее имя – Абыльмансур. Он рано остался сиротой без родителей, был скотником у Төле би, носил огромную шапку, ходил растрепанный, как попало. Поэтому, глядя на его вид, Төле би называл его «Растрепан».

Участвуя в войне казахов против джунгар в 15 лет, он призывно кричал: «Аблай!». К тому же дед его носил это имя. Поэтому народ назвал его Аблаем.

Аблай был умным, искусным организатором, смелым полководцем, предприимчивым дипломатом, оратором. Бухар жырау создал эпос, который называется «Растрена». В известном эпосе дается полный рассказ о жизни знаменитого Аблай хана.

18-жаттығу. Сөйлемдерлі аяқтаныз

1. Өрбір жүз тайпаларға ... 2. Ханның міндеті: . 3. 1716 жылы Төуке хан 4. Билер кеңесі халықты басқаруға арналған ... 5. Төуке хан билік құрған кезінде .. 6. Абылай 15 жасында .. 7. 1771 жылы ... 8. XVIII ғасырда жоңғар хандығына қарсы . . 9. 1756—1758 жылдары Манчжур-Қытай империясы . . 10. Бұқар жыраудың ... 11. Абылай хан 1781 жылы . .

19-жаттығу. Мына сөйлемдердің басын өзіңіз тауып жазыңыз

1. . үш жүзге бөлінген 2. ... өлеуметтік сатысында хан тұрған. 3. .. өдет заңдарын шығарды. 4. . съезд өткізіп тұратын. 5. ... Әбілмансұр 6. ... туған. 7. ... «Сабалақ» қойды. 8. .. бірнеше күрестер ұйымдастырған. 9. . мәдени байланысты дамытты. 10. ... шексіз билікке ие болған бірде-бір жан жоқ. 11. .. аса құрметпен аталады.

20-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлем құраңыз

Үш жүзге бөлінген; өлеуметтік сатысында; «Жсті жарғы» өдет заңдары; әскери көмек сұрау; ішкі талас-тартысы тыю; шын аты; жетім; «Сабалақ»; асқан ерлік көрсетеді, барлығы 48 жыл хандық; біржолата күйретті, байланысты дамытты; шексіз билікке ие болған, ақ ордасы тігілген жер, үлкен құрметпен; дүние салды, жерленген.

21-жаттығу. Мәтінге жоспар құрып қазақ хандары туралы өңгіме теңіз.

22-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, басқа қазақ хандары туралы өңгімелеңіз

23-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Қазақ хандары» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

2-сабақ

Сложные предложения.

Сложносочиненные предложения.

В казахском языке, так же как и в русском, предложения делятся на простые (*жап*) и сложные (*құрмалас*)

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем
<i>Жаз келді «Пришло лето» Күн жылынды «Стало тепло»</i>	<i>Жаз келді де, күн жылынды «Пришло лето, стало тепло»</i>
<i>Күз түсті «Наступила осень» Күн әлі жылы «Дни еще стоят теплые».</i>	<i>Күз түсті, бірақ күн әлі жылы «Наступила осень, но дни еще стоят теплые»</i>
<i>Жаңбыр жауды «Идет дождь» Жаңбыр басылды «Дождь перестал»</i>	<i>Жаңбыр біресе жауды, біресе басылды «Дождь то шел, то переставал»</i>
<i>Мен үлкенмін «Я старший» Сен мені тыңдауың керек «Ты должен меня слушаться»</i>	<i>Мен үлкенмін, сондықтан сен мені тыңдауың керек «Я старший поэтому ты должен меня слушаться»</i>

Сложное предложение состоит из двух и их нескольких простых предложений и выражает одну сложную мысль. Они делятся на сложносочиненные (*салалас құрмалас*) и сложноподчиненные (*сабақтас құрмалас*) предложения.

Сложносочиненное (*салалас құрмалас*) предложение состоит из независимых друг от друга простых предложений, которые могут связываться друг с другом как при помощи союзов, так и без них. Например: *Көктем келді, күн жылынды*. «Пришла весна, стало тепло». *Көктем келді де, күн жылынды*. «Пришла весна, и стало тепло».

Сложносочиненные предложения связываются при помощи следующих союзов: 1) **сочинительных (ыңғайлас)** — және, да/де, та/те «и», «к тому же». Например: *Оның бұғи кеткісі келмеді және суық болды*. «Он не хотел сегодня уезжать, и к тому же день был холодный».

2) **противительных (қарсылықты)** — бірақ, сонда да, әйтсе де «но», «однако», «иначе», «а». Например: *Мен кітабымды беріп едім, бірақ ол алмады*. «Я давал ему свою книгу, но он не взял».

3) **разделительных (талғаулықты)** — біресе, не, немесе «то», «или», «либо». Например: *Күн біресе жауды, біресе басылды*. «Дождь то шел, то переставал».

Сложноподчиненные предложения (Сабақтас құрмалас сөйлемдер).

Сложноподчиненные (*сабақтас құрмалас*) предложения состоят из **главного (басыңқы)** и **придаточного (бағыныңқы)**. Например: *Ертең күн жылы болса, біз тауға барамыз*. «Если завтра будет тепло, мы пойдём в горы».

Сложноподчиненные предложения в казахском и русском языках различаются: • В казахском языке нет союзов и союзных слов, связывающих придаточное с главным. Например: *Көктем келсе, күн жылынады*. «Если наступит весна, то станет тепло».

• Сказуемое придаточного не является оформленным, т. е. не принимает личных окончаний. Например: *Мен сабақ оқығанда, ол қыдырады*. «Когда я учу уроки, он гуляет». *Сен сабақ оқығанда, ол қыдырады*. «Когда ты учишь уроки, он гуляет».

В казахском языке нет придаточных предложений определительных, дополнительных. Поэтому русскому сложноподчиненному предложению не всегда соответствует сложноподчиненное предложение казахского языка. Многие сложноподчиненные предложения русского языка переводятся простыми предложениями казахского языка. Например: *Ол бұғи жиналыс болатынын айтты*. «Он сказал, что сегодня будет собрание». *Мен «Прокурор» атты кітапты оқып отырмын*. «Я читаю книгу, которая называется «Прокурор»». Сложноподчиненные предложения русского языка на казахский язык также могут переводиться при помощи вспомогательного

і глагола *деу* «говорить, сказаць» в формах *деп* и *деген* Например *Ол бұгін жиналыс болады деп айтты Мен «Прокурор» деген кітапты оқып отырмын*

В казахском языке главнос предложение всегда предшествует придаточному

Сложноподчиненные предложения бывают нескольких видов

Бағыныңқы сөйлем	Мысалдар
1 Придаточное условия (шартты бағыныңқы)	<i>Жаз шықса, жер көктейді</i> «Если наступит лето, то земля расцветет»
2 Придаточное уступительное (қарсылықты бағыныңқы)	<i>Ол қалаға келгенмен, жұмысын бітіре алмады</i> «Хоть он и приезжал в город, но свои дела не закончил».
3 Придаточное причины (себеп бағыныңқы)	<i>Студенттер түгел келмегендіктен, сабақ басталмады</i> «Из-за того, что не все студенты явились на занятия, урок не начался»
4 Придаточное образа действия (қимыл-сын бағыныңқы)	<i>Жұрт сүйсінетіндей етіп, ол ән салды</i> «Он пел так, что все слушатели умилялись»
5 Придаточное цели (мақсат бағыныңқы)	<i>Біз оқу үшін, Алматыға алыстан келдік</i> «Мы приехали в Алматы издалека, чтобы учиться»
6 Придаточное времени (мезгіл бағыныңқы)	<i>Ол кеткенді, біз оны көргеніміз жоқ.</i> «Как он уехал, мы его не видели»

3-САБАҚ

1. Грамматика: Шартты бағыныңқы.

2. Лексика: Қазақ билері.

1. ГРАММАТИКА: ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ (ПРИДАТОЧНЫЕ УСЛОВИЯ).

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

Қар жауса, балалар қуанады. Сен айтсаң, мен барамын. Мен тырыссаң, жасаймын. Барғыңыз келсе, барыңыз Ертең келсеңдер, күтемін. Ертең оларды көрсең, айтайық.	Если идет снег, дети радуются Скажешь, поиду. Если постарюсь, сделаю Если хотите, идите. Если завтра придете, буду ждать. Если увидам их завтра, скажем.
---	---

шартты
бағыныңқы

-са/-се

басыңқы
сөйлем

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басыңқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: *Сен келсең (қайтсең?), киноға барар едік. «Если бы ты пришел, мы бы пошли в кино».*

1. Сен келсең, киноға барар едік. 2. Күн ашық болса, студенттер өзгенге балық аулауға барады. 3. Студенттер түгел келмесе, лекция басталмайды. 4. Сіз ертерек келсеңіз, дастарқанға отыра берер едік. 5. Сіз қызық әңгіме айтсаңыз, біз тыңдаймыз. 6. Көл терсең болмаса, біз суға түсер едік. 7. Жұрт сені сыласа, сен оны сыылауың керек. 8. Майра келсе, мына жұмысты тез бітіреміз. 9. Алма болса, үйге сәлемдеме жібереміз. 10. Жақсы оқысаңдар, емтиханды жақсы тапсырасыңдар. 11. Теледидарды қоссаң, мені көресің.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықғырыңыз

I. 1. Қыс түссе, 2. Асханадан тамақ ішсең, 3. Мен келсем, 4. Майра мына жерге отырса, 5. Ол мені таныса, 6. Күн апық болса, 7. Жұмыс бітсе, 8. Әрсең жерге жатса, 9. Ақшаң болса, 10. Жаңбыр жауса, 11. Қайрат білмесе,

II. 1. ... , мен де барамын. 2. ..., балалар далала ойнайды. 3. ..., тез табамын. 4. ..., інім де ән айтады. 5. ..., олар да мектепке бармайды. 6. ... , сендер келіндер. 7. ..., біз Сізді түсінеміз. 8. ..., көкөніс алар едім. 9. ... , олар не істейді? 10. ... , біз қуанышпен қарсы аламыз. 11. ..., ерте тұрамыз.

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Мен киноға барсам, сен де барасың ба? 2. Күн жылы болса, қайда барамыз? 3. Кітапты оқып болсаң, маған бересің бе? 4. Ініңіз мектеп бітірсе, қайда барады? 5. Базарға барсаңыз, не алар едіңіз? 6. Бос уақытыңыз болса, не істер едіңіз? 7. Үйден ерте шықсаңыз, пойызға кешгіп қаласыз ба? 8. Мына жаттығуды орындап болсаңыз, не істейсіз? 9. Сізді туған күніне шақырса, сыйлыққа не сатып аласыз? 10. Көп ақша ұтып алсаңыз, не істейсіз?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Если Вы будете говорить по-казахски медленно, мы поймем Вас. 2. Если завтра будет тепло, пойдем в горы. 3. Если ты будешь говорить неправильно, то я исправлю. 4. Если вы будете на юге, то мы встретимся. 5. Если он будет говорить тихо, то его никто не услышит. 6. Если будет хороший фильм, то позови меня. 7. Если выполните это упражнение, выполняйте следующее. 8. Если сядете на шестой троллейбус, доедете до железнодорожного вокзала. 9. Если Салтанат помоеет посуду, ты вытри ее. 10. Если не покушасшь, на улицу не пойдешь. 11. Пойдешь на базар, мне ничего не бери.

2. ЛЕКСИКА: ҚАЗАҚ БИЛЕРІ.

📖 6-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тілін аударыңыз

Қазақ билері

Ертеде қазақ халқында билік айту деген дәстүр болған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен даулы мәселелерді шешкен. Олар ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған.

Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. Өз әділдігімен елге танымал болған қазақтың атақты билері.

- Төле би (1663–1756 жж.),
- Қазыбек би (1667–1764 жж.),
- Әйтеке би (1644–1700 жж.).

Қазақ халқының бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды.

Төле би (1663–1756)

Төле би – қазақ халқының қоғам қайраткері, атақты шешен. Төле би Әлібекұлы 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Төле би 15 жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады. Ол кезде қазақпен жоңғар хандары ұдайы жауласуда еді. Қазақ қауымын біріктіріп, оларды жоңғар езгісінен азат етуде ол Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жөнібек батырлармен халық майданын құрып, оны басқарды. Абылайды бүкіл қазаққа хан етіп сайлауда қол қызметін етті.

Орта жүздің аға биі Қазыбек, Кіші жүздің биі Әйтекемен бірге Әз Төуке ханның кеңесшісі болып «Жеті жарғы» әдет заңын шығарды. Төукенің Түркістан қаласын орталық етіп, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек халықтарынан жауынгер құрып, жоңғар-ойрат шапқыншылығына қарсы тұруға істеген шараларына көмектесті. Халық оны көзі тірісінде «Қарлығаш аулис» деп атаған.

Төле би Ресей мен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынасарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді.

Ел аузында Төле би туралы тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Төле би өзі билік еткенде Шымкент, Түркістан және Ташкент қалаларына ғимараттар салу ісіне де араласқан. Төле бидің есімі үш жүздің ірі-ірі тарихи оқиғаларымен байланысты болған.

Төле бидің денесі озы 12 жь билеген Ташкент қаласында жерленген. Онда Төле биге үлкен ескерткіш орнатылған. Алматыда оның атында көше бар және Астанада оған ескерткіш орнатылған.

Қазыбек би (1667–1764)

Қазыбек би Келдібекұлы – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақтың атақты биі. Руы – Арғын ішіндегі Каракесек. Орта жүзге Қазыбек биді Төуке хан тағайындаған. Ол «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан. Қазыбек би қазақ хандарының ішкі және

сыртқы саясатына едәуір ықпал жасап отырған. Ол жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болды. Қазыбек би ел арасында «Қаз дауысты Қазыбек би» атанған

XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында Абылай хан жоңғарлардың тұтқынына түскенде, оны босатып алуға белсене араласты Ресейге қарайтынын білдіріп, ант еткен. Цин империясы Қазыбек биді өз жағына тарту мақсатымен елшілерімен бірге көп сыйлықтар жіберген, бірақ ол Қытай қоластына бағынуға қарсылық білдірді. Абылай ханды Цин империясымен тығыз қарым-қатынас жасамауға кеңес берді

Сонымен, Қаз дауысты Қазыбек би — ең алдымен, асқан шешен, ақын; екіншіден, ел басқарған, дау-жанжалды әділ шешкен әділ қазы; үшіншіден, ол — халықаралық дәрежедегі дипломат, қоғам қайраткері.

Міне, сондықтан халқымыз оған ескерткіш тұрғызып, оның атына көшелер беруде

Әйтеке би (1644—1700)

Әйтеке би (Айтық) Бөйбескүлы — Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүзді басқарған би, қазақтың атақты билерінің бірі. Есім ханның тұсында Самарқанды басқарған Жалантөс батырдың немересі. Әйтеке би Кіші жүздегі Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққан Тәукс хан тұсында қазақ хандығының аса қорнекті билерінің бірі болды. Әйтеке би «Жеті жарғыны» шығаруға зор үлес қосты

Ол өте ақылды, шешен болған. Бір орталыққа бағышатын қазақ хандығын құруға ат салысты. Әйтеке бидің ел арасында кең тараған толғаулары, шағын өңгімелері өте көп

Әйтеке бидің есімі бұрын халық аузында ғана айтылып жүрсе, бұл күндері оған ескерткіштер қойылып, көшелердің аты берілді.

(Қазақ энциклопедиясынан)

Сөздік

би — бий, представитель власти, судья

билік айту — разрешать споры

даулы — спорный

гергеуші — следователь

әділ — справедливый

сыйлы — уважаемый

тисті болу — должен быть

таңымал — известный

қайраткер — деятель

ұданы — постоянно, всегда

жауласу — враждовать

езгі — ито

азат ету — освобождать

майдан — фронт

жауынгер — воин

шапқыншылық — нашествие, набег

шаралар — меры

әулие святой

қалыптастыру — укреплять

еңбек сандру — заслуживать

тағайындау — назначать

ел аузында — на устах народа

накыл сөз — слова казидания

кесім — приговор

ғарау — распространяться

саясат политика

едәуір ықпал — значительное

влияние

басқыншылық захватничество

гүлқын — плен

белсене — активно

қайрат — мощь, сила

елші — посол

ант ету — поклаться

қоласты — под руководством

бағыну — подчиняться

дау-жанжал — раздор, спор

қорнекті — видный

үлес қосу — вносить вклад

ат салысу — поддерживать, помогать

толғау — стихотворение-

размышление

7-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін оқып орыс тіліне аударыңыз

Ертеде; билік аиту; даулы мәселелерді шешу; осы күнгі, тергеушінің қызметін атқару, танымал болған, қазақ халқының бірлігін сақтау; қоғам қайраткері; дүниеге келу, билікке араласу; елге танылу, ұдайы жауласуда, жоңғар езгісінен азат ету, жоңғар-ойрат шапқыншылығына қарсы тұру, көзі тірісінде; қарым-қатынастарды қалыптастыру; еңбек сіңіру; ел аузында; тарихи аңыздар; нақыл сөздер, мәтел сөздер; билік кесімдер; кең тараған; үш жүздің ірі-ірі тарихи оқиғаларымен байланысты; XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың алғашқы жартысы, ішкі және сыртқы саясаты, едәуір ықпал жасау, жоңғар басқыншылығына қарсы; қаз дауысты, тұтқынға түсу, ант ету; өз жағына тарту; қарсылық білдірді; тығыз қарым-қатынас жасамау, Тәуке хан тұсында, зор үлес қосты, бір орталыққа бағынатын, ат салысу, кең тараған толғаулары, шағын әңгімелер.

8-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1. Ертеде қазақ халқында қандай дәстүр болған? 2. Билер қандай қызмет атқарған? 3. Қазақ халқының бұл билері елді неге шақырды? 4. Төле би деген кім? 5. Ол қашан, қайда туған? 6. Билікке неше жасында араласты, елге немен танылды? 7. Ол қазақ батырларымен нені құрып, басқарды? 8. Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Әз Тәуке ханның кеңесшісі болып, қандай заң шығарды? 9. Тәуке ханның істеген қандай шараларына көмектесті? 10. Төле би туралы халық арасында не тараған? 11. Төле бидің есімі немен байланысты болған? 12. Төле бидің денесі қайда жерленген? 13. Қазыбек би деген кім, қайдан шыққан? 14. Орта жүзге Қазыбек биді кім тағайындаған? 15. Ол қандай заңды шығаруға көмектескен? 16. Жоңғарлардың тұтқыннан кімді босатып алуға белсене араласты? 17. Ол неге қарсылық білдірді? 18. Әйтеке би кім, кімнің немересі? 19. Ол қай жерден шыққан? 20. Не шығаруға үлес қосты? 21. Әйтеке би қандай қазақ хандығын құруға ат салысты? 22. Әйтеке бидің ел арасында нелері кең тараған? 23. Қазақ халқы қазақ билерін қалай бағалайды?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Қазақ халқының елге танымал бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды. 2. Төле би өзінің әділдігімен, шешендігімен елге танылды. 3. Төле би өзі билік еткенде Шымкент, Түркістан және Ташкент қалаларына ғимараттар салу ісіне де араласқан. 4. Қаз дауысты Қазыбек би — ең алдымен, асқан пішпен, ақын, екіншіден, ел басқарған, дау-жанжалды әділ шешкен әділ қазы; үшіншіден, ол — халықаралық дәрежедегі дипломат, қоғам қайраткері. 5. Тәуке хан тұсында Әйтеке би қазақ хандығының аса көрнекті билерінің бірі болды.

10-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз

1. Қазақ билері өздерінің бір ғана сөзімен даулы мәселелерді шешкен. 2. Қазақ халқының елге танымал бұл билері қазақ халқының бірлігін сақтауға шақырды. 3. Төле би Әлібекұлы 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келді. 4. Қазақ қауымын біріктіріп, оларды жоңғар езгісінен азат етуде ол

Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жәнібек батырлармен халық маида нын құрып, оны басқарды. 5 Абылайды бүкіл қазаққа хан етіп сайлауда көп қызмет етті. 6. Төле би Ресей мен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді. 7. Төле бидің өсімі үш жүздің ірі-ірі тарихи оқиғаларымен байланысты болған. 8 Орта жүзге Қазыбек биді Тәуке хан тағайындаған. 9. Қазыбек би қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатына едәуір ықпал жасап отырған. 10. Әйтеке би Кіші жүздегі Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққан. 11. Әйтеке би бір орталыққа бағынатын қазақ хандығын құруға ат салысты.

11-жаттығу. Сөйлем құраныз

- | | | |
|------------|---|--|
| Төле би | { | общественный деятель казахского народа. родился в 1663 году в Жамбылской области в 15 лет участвовал в войне против джунгар помогал в создании закона «Семь указов». укреплял отношения с Россией. |
| Қазыбек би | { | известный казахский бий вышел из рода Каракесек. участвовал в создании закона «Семь указов» советовал не сближаться с империей Цина справедливый судья, известный оратор, поэт дипломат, общественный деятель. |
| Әйтеке би | { | управлял младшим жузом до Абулхаира хана внук Жалантоса батыра. внес вклад в создание закона «Семь указов» был умным оратором, создал много стихотворений, коротких рассказов. |

12-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жүргізіңіз

қашан? кімде? қандай? не болған?
Үлгі: *Ертеде қазақ халқында билік айту деген дәстүр болған.*

1. Ертеде қазақ халқында билік айту деген дәстүр болған. 2. Билер өздерінің бір ғана сөзімен даулы мәселелерді шешкен. 3. Олар ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. 4. Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. 5. Қазақ халқының елге танымал болған бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды. 6. Төле би — қазақ халқының қоғам қайраткері, атақты шешен. 7. Төле би Әлібекұлы 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келді. 8. Абылайды бүкіл қазаққа хан етіп сайлауда көп қызмет етті. 9. Төле би Ресей мен Ұлы жүз арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді. 10. Орта жүзге Қазыбек биді Тәуке хан тағайындаған. 11. Ол «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан. 12. Әйтеке би Кіші жүздегі Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққан.

13-жаттығу. Кестенің сол жағындағы сұрақтарды қазақ тіліне аударып, жолдасыңызға қойыңыз. Жолдасыңыз он жақ бағандағы сөздерді пайдаланып жауап берсін

1 Кем являється Төле би?	қоғам қайраткері, атакты шешен, атакты билердің бірі,
2 Когда и где он появился на свет?	1663 жылы, қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсан жайлауында;
2. Когда он умер, где похоронен?	1756 жылы, Ташкент қаласында,
3 Кем являється Қазыбек би?	қазақтың атакты биі, асқан шешен, ақын, әділ қазы, дипломат, қоғам қайраткері;
4. Когда родился, умер?	1667 жылы, 1764 жылы;
5 Кем являється Әйтеке би?	Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүзді басқарған би, қазақтың атакты билерінің бірі, Жалаңтөс бағырдың немересі, өте ақылды шешен;
6 Когда он родился, умер?	1644 жылы, 1700 жылы,
7 В создание чего они внесли свой вклад?	«Жеті жарғыны» шығаруға,
8. Чему они помогалі?	бір орталыққа бағынатын қазақ хандығын құруға, қазақ халқының бірлігін сақтауға;
9 Как их ценит казахский народ?	жоғары, ескерткіштер, көшелердің аты.

14-жаттығу. Жақша шіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

1 (В давние времена у казахского народа) билік айту деген дәстүр болған. 2. Билер (одним только своим словом решали спорные вопросы). 4. Олар ерте заманда осы күнгі (и суда и следователя) қызметін атқарған. 5. Қазақ билері (должны были быть справедливыми и уважаемыми). 6. Төле би – (общественный деятель казахского народа, известный оратор) 7 Төле би Әлібекұлы (в 1663 году в нынешней Жамбылской области) дүниеге келді. 8. Төле би 15 жасында билікке араласып, (стал известен народу своей справедливостью и ораторскими способностями). 9. Қазақ қауымын біріктіріп, (освобождая их от джунгарского ига), ол Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жәнібек батырлармен халық майданын құрып, (возглавил его). 10. (Вместе с бием Среднего жуза Қазыбек би, Младшего жуза Айтсеке би, будучи советником Аз Тауке хана), «Жеті жарғы» әдет заңын шығарды. 11. Төле би (в укреплении и развитии отношений между Россией и Старшим жузом) көп еңбек сіңірді. 12. Қазыбек би Келдібекұлы – (конца XVII века и первой половины XVIII века) қазақтың атакты биі. 13 Қазыбек би (на внутреннюю и внешнюю политику казахских ханов) едәуір ықпал жасап отырған. 14. Ол (одним из организаторов борьбы против джунгарского захватничества) болды. 15 (В 40-е годы XVIII века, когда

Аблай хан попал в плен к джунгарам), оны босатып алуға белсене араласты. 16. Қазыбек би (непревзойденный оратор, поэт, управляющий страной, справедливо решающий споры, судья, дипломат международного значения, общественный деятель). 17. Әйтеке би (Айтық) Бәйбекұлы — (бий, руководивший Младшим жузом до Абулхайра хана) 18. Әйтеке би (во времена правления хана Есіма) Жалаңтос батырдың исмересі 19 Әйтеке би «Жеті жарғыны» шығаруға (внес большой вклад). 20. Әйтеке бидің ел арасында (широко распространенных стихотворений-размышлений, коротких рассказов) өте көп

15-жаттығу. Қазақ тітне аударыңыз

В давние времена бии одним только своим словом решали спорные вопросы. Они выполняли работу нынешних судов и следователей. Казахские бии должны были быть справедливыми и уважаемыми. Известные своей справедливостью казахские бии Толе би, Казыбек би и Айтеке би призывали сохранять единство казахского народа.

Толе би — общественный деятель казахского народа, известный оратор. Он родился в 1663 году в нынешней Жамбылской области. Толе би в 15 лет начал участвовать в решении споров и стал известен народу своей справедливостью и ораторскими способностями. В освобождении народа от джунгарского ига он вместе с Кабанбай батыром, Богсибай батыром, Жанибек батыром создал народный фронт и возглавил его. Вместе с бием Среднего жуза Казыбек би, Младшего жуза Айтеке би, будучи советником Аз Тауке хана создал закон «Семь указов». Толе би внес свой вклад в укрепление и развитие отношений между Россией и Старшим жузом. В период своего правления он участвовал в строительстве зданий в Шымкенте, Туркестане, Ташкенте.

Казыбек би — известный казахский бий конца XVII века и первой половины XVIII века. Казыбек би оказывал значительное влияние на внутреннюю и внешнюю политику казахских ханов. Он был одним из организаторов борьбы против джунгарского захватничества. В 40-е годы XVIII века, когда Аблай хан попал в плен к джунгарам, он активно участвовал в его освобождении. Казыбек би — непревзойденный оратор, поэт, управляющий страной, справедливо решающий споры, судья, дипломат международного значения, общественный деятель.

Айтеке би — бии, руководивший Младшим жузом до Абулхайра хана. Айтеке би внес большой вклад в создание закона «Семь указов». Он был умным, непревзойденным оратором. Айтеке би поддерживал создание единого казахского ханства. Его многочисленные стихотворения-размышления, короткие рассказы широко распространились по казахской степи.

Именами трех биев названы улицы, установлены памятники во многих областях Казахстана.

16-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Ертеле . . . 2. Төле би Әлбекұлы 1663 жылы . . . 3. Төле би 15 жасында . . . 4. Қазыбек би Келдібекұлы . . . 5. Руы . . . 6. Қазыбек би ел арасында . . . 7. XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында . . . 8. Цин империясы Қазыбек биді өз жағына тарту мақсатымен . . . 9. Әйтеке би (Айтық) Бәйбекұлы — . . . 10. Әйтеке бидің ел арасында көп тараған . . .

17-жаттығу. Мына сөйлемдердің басын өзіңіз тауып жазыңыз

1. ... даулы мәселелерді шешкен 2. ... «Жеті жарғы» әдет заңын шығарды. 3. ... ғимараттар салу ісіне де араласқан. 4. ... тағайындаған. 5. ... едәуір ықпал жасап отырған. 6. ... атанған. 7. ... тығыз қарым-қатынас жасамауға кеңес берді 8. ... руынан шыққан. 9. ... зор үлес қосты 10. ... бұл күндері оған ескерткіштер қойылып, көшелердің аты берілді.

18-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлем құраңыз

Билік айту; даулы мәселелерді шешкен; соттың да, тергеушінің де қызметін; қазақ халқының бірлігін сақтау; дүниеге келді; 15 жасында; ұдайы жауласуда, азат ету; «Жеті жарғы»; «Қарлығаш әулие»; қарым-қатынастарды қалыптастыру; жерленген; тағайындаған, едәуір ықпал; қарсылық білдірді; Жалаңтөс батырдың немересі; ат салысты; кең тараған; бұл күндері.

19-жаттығу. Төле бидің өлеңін оқып, орыс тіліне аударыңыз. Өлеңді жаттап алыңыз

Жеті «жетім»

Тындамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған бөз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз көл жетім,
Жерінен айырылған ер жетім,
Замандасы қалмаса —
Бәрінен де сол жетім

(Төле би)

20-жаттығу. Қазыбек бидің сөзін оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Кім жақын?

Тату болса — ағайын жақын,
Ақылды болса — інің жақын,
Инабатты болса — келінің жақын,
Сыйлас болса — көршінің жақын.

Не қымбат?

Алтын ұяң — әйелің қымбат,
Құт-береке — атаң қымбат,
Аймалайтын — анаң қымбат,
Мейірімді — апаң қымбат.

Не қиын?

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын

Шанышқыласа — сөз қиын,
Жазылмаса — дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.

Адал болса — досың жақын,
Еркелейтін немерең жақын.

Туып-өскен елің қымбат.
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат

Тентек болса — ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай,
Ашиды сонда бас-миың.

(Қазыбек би)

21-жаттығу. Әйтсеке билің сөзін оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Ашу деген — ағын су,
Алдын ашсаң, арқырап
Ақыл деген — дария,
Алдын тоссаң, тоқырап.
Кісі біреумен туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлсе жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

(Әйтеке би)

22-жаттығу. Төменде берілген Төле билің асыл сөздерін қалай түсінесіз? Оқып, сөздікті пайдалана отырып орыс тіліне аударыңыз

Жүзге бөлінгендердің жүзі қара.
Руға бөлінгендердің құруға асыққандары.
Атаға бөлінгендер адыра қалады,
Көпті қорлаған көмусіз қалады.
Хан азса, халқын сатады,
Халық азса, хандыққа таласады.

23-жаттығу. Төмендегі «Жеті жарғы» әдет заңын оқыңыз. Сөздікті пайдаланып орыс тіліне аударыңыз.

Жеті жарғы

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында қалыптасқан қазақ құқықтарының жиынтығын өмірге әкелген — Тәуке хан мен оның билері Мұны олар Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» деп атады. Ол жарғыдағы негізгі баптар мыналар.

- **1-жарғы (бап).** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.
- **2-жарғы (бап).** Түркі халықтарының мүддесін саып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.
- **3-жарғы (бап).** Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.
- **4-жарғы (бап).** Өзге біреудің ойсілімен зинакорлық жасап, ақ некені бұзғандарға өлім жазасы бұйырылсын.
- **5-жарғы (бап).** Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сөйтүлікті ұрланған кісіге өлім жазасы бұйырылсын
- **6-жарғы (бап).** Төбелесте мертігудің түріне қарай төмсідегі мүліктей құн төленсін.
а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, қызы болмаса, қыздың қалыңмалын беруге тиіс;
ә) төртмүшенің бірін мертіктірген кісі ат береді.
- **7-жарғы (бап).** Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүліктер үшін он есе артық айып төленсін.

24-жаттығу. Мәтінге жоспар құрып, казак билері туралы әңгімелеңіз

25-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, казак билері туралы шағын шығарма жазыңыз


ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

3-сабақ

Придаточное условия (Шартты бағыныңқы).

Придаточное условия отвечает на вопросы *қаштсе?* «если что?» Сказуемое придаточного предложения условия образуется при помощи суффиксов *-са/-се*, за которыми следуют личные окончания глагола:

Қар жауса, балалар қуанады Сен айтсаң, мен барамын Мен тырыссам, жасаймып Барғыңыз келсе, барыңыз Ертең келсеңіздер, күтомін. Ертең оларды корсек, айтайық	Если идет снег, дети радуются Скажешь, пойду Если постараюсь сделаю Если хотите, идите Если завтра придете, буду ждать Если увидим их завтра, скажем
---	---




4-САБАҚ

1. Грамматика: Қарсылықты бағыныңқы.
2. Лексика: Қазақ батырлары.

1. ГРАММАТИКА: ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ (ПРИДАТОЧНОЕ УСТУПИТЕЛЬНОЕ).

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз.

Күн жарқырап тұрғанмен, қатты аяз	Хоть и светит солнце, стоит сильный мороз.
Тез жүрсе де, пойызға үлгірмей қалды	Хоть и ехал быстро, на поезд не успел
Сабақ оқуға уақыттары аз бола тұра, емтиханды жақсы тапсырды	Хоть у них и было мало времени на подготовку, они хорошо сдали экзамен.



2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басынқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз. Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: Күн салқын болғанмен (қайткенмен?), жатақхана жылы —
День хоть и холодный, но в общежитии тепло.

1. Күн салқын болғанмен, жатақхана жылы. 2. Бұлт болса да, жаңбыр жауған жоқ. Бұл күні Құнанбай олса да, құнанбайлық құрымапты (М Әуезов) 3 Оқу қиын болса да, өте жақсы оқитын студенттер көп. 4. Менің бойым өскенмен, ойым піскен жоқ (С. Мұқанов). 5. Туысқан бола тұра, екеуі жат адамдар секілді. 6. Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнәр Байжанды үйіне түсірмеді (С. Мұқанов). 7. Абайдың әкесі қатыгез болғанмен, шешесі қайтырымды адам болатын. 8. Менің бос емес екенімді біле тұра, көмекке шақырасың. 9. Ол бұрын біздің үйде болғанмен, үйімізді әрең тапты. 10. Қымбат болса да, мына тонды ал. 11. Уақытың болмаса да, телефон соғып тұр.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз.

I. 1. Ауа райы нашар бола тұрса да, 2. Күн батса да, 3 Ол үйіне қанша шақырса да, 4. Уақыты болғанмен, 5. Жұмыс жоспарын жасағанмен, 6. Мені таныстырса да, 7 Бұл көйлек қымбат бола тұра, 8. Асықсаң да, 9. Ерте тұрғанмен, 10. Мен үйде отырғанмен, 11 Жаңбыр жауса да,

II. 1. ..., мен оның үйіне қонаққа бармадым. 2. ..., біз оның үйіне барып жүрміз. 3. ..., жақсы оқиды. 4. ..., соңғы хабарларды тыңдай-

мын 5. , олар мектепке бармады 6 .. , емтиханды жақсы тапсырды.
7 . , емделіп шықты. 8. , жиналысты бастадық 9. , ет піседі.
10 ., жұмысты бітірді

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1 Ақшасы бола тұра, Марат ештеме алмады ма? 2 Үйіме неше шақырсам да, неге келмейсің? 3. Күн суық болса да, далаға шықтың ба? 4. Шөлдесен де, су ішпейсің бе? 5. Кітапханада кітап көп бола тұра, ештеме тандап алмадың ба? 6 Әжесі баяу жүрсе де, пойызға үлгіре ме? 7 Мына сағатты қымбат болса да, аласың ба? 8. Алматыда көп уақыт тұрсаңыз да, адасып қалдыңыз ба? 9. Ертен күн суық болса да, тауға барасыз ба? 10. Мектепті бітіргенмен, мектепке барып тұрасыз ба?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1 Хоть у Наташи и был отпуск, она не отдохнула 2. Хоть мы и занимаемся много, но еще плохо говорим по-казахски 3. Хоть я и болею, но в поликлинику идти не хочу. 4. Хоть учитель и пожилой человек, но урок ведет интересно 5. Хоть и холодно на улице, хорошо 6 Хоть у меня и есть время, но на почту я не пойду 7. Хоть он и встал рано утром, на занятия опоздал. 8 Хоть он и хороший ученик но ленивый 9. Хоть у Мурата и были деньги, он ничего не купил 10. Хоть мы и записали адрес, но найти их дом не смогли

2. ЛЕКСИКА: ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ.

🔗 **6-жаттығу.** Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Қазақ батырлары

Қазақ батырлары француздың рыцарь іары, жапонның самурай-лары, индиялықтардың кшатрийлері сияқты тек әскери кәсіпшіс шұғылданған Сондықтан батырлардың бар өмірі соғыста өткен. Со-ғыс негізінде Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, жау қолында өлген ата кегін қай-тару мақсаттарымен жүргізілген Үлкен соғыс алдында батырлар үл-кен жекпе-жекке шығуы олардың басты міндеттері болған Жекпе-жек бірнеше күнге созылған.

Қабанбай батыр

(туған, өлген жылдары белгісіз)

Қабанбай (Ерасыл) – XVIII ғасырдағы қазақ батыры әйгілі қол-басы.

Қабанбай Найман тайпасының Қаракерей руынан шыққан, сондық-тан оны «Қаракерей Қабанбай», ал бағырлығы үшін «Хан батыры», «Да-рабоз» деп атады Ол осы рудың биі де болған. 1745 жылы Қабанбай батыр Ресей қоластына өтуге плек білдірді. Жоңғарларға қарсы күресте

Ресейді қолдауға уәде берген билердің бірі Кіші жүз ханы Әбілқайыр болатын. Барак сұлтан Әбілқайырды өлтірген кезде оны айыптап, оның Жоңғар хандығымен жақындасу әрекетіне қарсы шыққан

Қабанбай батыр тек Орта жүзде ғана емес, Кіші жүздегі уақиғаларға араласқан. Қабанбай батырдың ерлік істері Абылай ханның жоңғарларға жасаған жорықтарына байланысты. Мұны «Ер Қабанбай» дастанынан оқып алуға болады.

Қабанбайдың қайда жерленгені туралы ғалымдар әрқелкі айтып жүр. Қабанбай батыр атында Қазақстан қалаларының көбінде көшелер бар.

Бөгенбай батыр (1690–1775)

Бөгенбай батыр — Абылай хан заманындағы атакты қолбасшы, батыр. Ол Абылай ханның батырларының шіндегі ең үлкен ағасы және Қанжығалы руынан, сондықтан оны халық анызында «Қанжығалы қарт Бөгенбай» деп атаған

Бөгенбай батыр Сыр бойында туып, Торғай өзенінің бойында қайтыс болған. Сүйегі Түркістан қаласындағы Ахмет Иассауи күмбезінде жатыр. Оның Тұраналы, Тұрымбет деген екі баласы болған.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқын торлаған көп жаудан елді қорғауда Бөгенбай батыр көп ерлік көрсетті. Оның даңқы, өсіресе, жоңғармен, кейін Қытай әскерімен соғысқанда ерекше көзге түсті. 1725–1727 жылдары қазақ жұртының астанасы — Түркістанды қорғауда Абылай ханмен бірге соғысып, жоңғарларды қуып шықты. 1756–1758 жылдары Түркістанға келген Қытай әскерін Үрімшден асыра қуды.

Бөгенбай батыр — ақылды, білгір болған адам. 1761 жылы Абылайдың Әділ деген баласымен бірге бітім жасау мәселесімен Қытайға барған Бөгенбай батыр 1728 жылы 38 жасында 30 мың қолға қолбасшы болды.

Қазақ халқы батырын әр уақытта аса құрметтеген Қазақстанның көптеген қалаларында оның атында көшелер бар.

Наурызбай батыр (1706–1781)

Наурызбай Құтпанбетұлы — Абылай ханның үш батырының бірі, қолбасшы. Ол Ұлы жүз Шапырашты тайпасының Тілеміс руынан, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жалпақтас, Серіктас деген жерлерде мекендеген. Оның бар өмірі жоңғарлармен соғыста өткен. Жоңғарлармен соғыста оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бірдей бауыры да қаза тапқан.

Наурызбай батырдың 1729 жылы Шамалған мен Қаскелеңді жекпе-жекте өлтіргені қазақ даласына кеңінен тараған. 1750–1752 жылдары басқа батырлармен бірге жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуып, жеңіске жеткен. Ол сол жылы көп қазақты тұтқыннан босатқан.

Қазақстан облыстарында, аудандарында Наурызбай батырдың аты көшелерге берілген, Наурызбай батырға арнап ескерткіштер орнатылған.

(Қазақ совет энциклопедиясынан)

Сөздік

батыр	герои, богатырь	күмбез	— купол
әскери кәсіп	— военное дело	тортау	завоевағы
қорғау	— защищать	данқ	слава
ата кегін қайтару	— мстить за предков	көзге түсу	— быть замеченным
жекпе-жек	— поединок	куу	— гнать
батырлық	геройство	бітім	перемирие
үде беру	обещать	қаза табу	— погибнуть
айыптау	— обвинять	жәніс	— победа
жорық	— поход	босату	освобождать
оркелкі	по-разному		

7-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін оқып орыс тіліне аударыңыз

Қазақ батырлары; француздың рыцарьлары; жапонның самурайлары; индиялықтардың кшатрий ісірі, әскери кәсіппен шұғылдану; Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылықтардан азат ету; халықтың қонысын кеңейту; жау қолында өлген ата кегін қайтару, жекпе-жекке шығу басты міндет; әйгілі қолбасы, Ресей қоластына оту; тілек білдіру; үде беру, жақындасу әрекетіне қарсы шығу, батырдың ерлік істері, қайтыс болу; ерлік көрсету, көзге түсу; қуып шығу, ои иесі болған адам, қаза табу; кеңінен тарау, жеңіске жету; тұтқыннан босату.

8-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1 Қазақ батырлары немен шұғылданған? 2 Қазақ батырларының қандай міндеттері болған? 3 Қабанбай батыр кім? 4. Оны ел қалай атаған? 5 Ол нені қолдады, неге қарсы шықты? 6 «Ер Қабанбай» дастанынан не оқып алуға болады? 7 Қабанбай қайда жер існен? 8. Қабанбай батыр атында нелер бар? 9 Бөгенбай батыр кім? 10 Оны «Қашығалы қарт Бөгенбай» деп неге атаған? 11 Бөгенбай батыр қайда туған, қай жерде қайтыс болған? 12. Оның неше баласы болған? 13 Бөгенбай батыр қандай ерлік көрсетті? 14 Бөгенбай батыр қандай адам болған? 15. 1761 жылы Қытайға кіммен, не үшін барған? 16 Бөгенбай батырды қазақ халқы қалай құрметтеген? 17 Наурызбай батыр кім, қайдан шыққан? 18 Наурызбай батыр қандай ерлік көрсеткен? 19 Қазақ халқы Наурызбай батырды қалай бағалайды? 20 Сіздің тұратын жеріңізде осы батырлардың атында көшелер, батырларға арналған ескерткіштер бар ма?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1 Қазақ батырлары әскери кәсіппен шұғылданған. 2. 1745 жылы Қабанбай батыр Ресей қоластына өтуге тілек білдірді. 3. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқы торлаған көп жаудан қорғауда Бөгенбай батыр көп ерлік көрсетті. 4 Наурызбай батырдың 1729 жылы Шамалған мен Қасқелеңді жекпе-жекте өлтіргені қазақ даласына кеңінен тараған. 5 Қазақстан облыстарында, аудандарында үш батырдың аттары көшелерге берілген.

10-жаттығу. Жолтасыныңдың сөзін теріске шығарыңыз

1 Қазақ батырлары ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. 2 Үлкен соғыс алдында батырлардың үлкен жиналыс өткізуі олардың басты міндеттері болған. 3 Қабанбай батыр Жоңғар хандығымен жақындасу әрекетін қолдаған. 4 Қабанбай батыр тек Орта жүзден уақиғаларға ғана араласқан. 5 Бөгенбай батыр Абылай ханның батырларының ішіндегі ең кіші батыры болған. 6 1761 жылы Бөгенбай батыр Абылайдың Әділ деген бағасымен бірге Қытайға демалуға барған. 7 Наурызбай батыр Кіші жүзден шыққан. 8 1750–1752 жылдары басқа батырлармен бірге қытайлықтарды Тұрфаннан асыра қуып жеңіске жеткен.

11-жаттығу. Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріп сөйлем мүшелерінің астын сызыңыз

1 Қазақ батырларының бар өмірі қайда өткен? 2 Үлкен соғыс алдында батырлар неге шыққан? 3 Қабанбай қайдан шыққан? 4 Жоңғарларға қарсы күресте Ресейді қолдауға уәзір берген кім болатын? 5 Қабанбай батырдың ерлік істері неге байланысты? 6 Қабанбай батыр атында Қазақстан қалаларының көбінде нелер бар? 7 Абылай ханның батырларының ішіндегі ең үлкен ағасы кім? 8 Бөгенбай батыр 1728 жылы 38 жасында неше мың қолға қолбасшы болды? 9 Жоңғарлармен соғысқа Наурызбай батырдың кімі қаза тапқан? 10 Наурызбай батыр 1750–1752 жылдары басқа батырлармен бірге кімдерді Тұрфаннан асыра қуды?

12-жаттығу. Мына сөздерге синонимдер тауып айтыңыз

Есім, туу, әйгілі, жұмыс істеу, қаза табу, айналысу, азат ету, әрекеткі дәуір, батырлық, қозға түсу құрметтеу, мекендеу орнату.

13-жаттығу. Сөйлем құраңыз

Қабанбай батыр { казахский багыр XVIII века великий полководец
вышел из рода Каракерей
участвовал в событиях не только среднего жуза, но и младшего.
выступал за присоединение к России

Бөгенбай батыр { полководец эпохи Аblaй хана, батыр.
родился на берегу реки Сырдарья.
проявил героизм при защите страны от врага.
прогнал джунгаров из Туркестана в 1725–27 гг.
прогнал войска китайцев из Туркестана.

Наурызбай батыр { один из трех батыров Аblaй хана, полководец.
проживал в нынешней Алматинской области.
прогнал джунгаров с казахской земли.
освободил многих казахов из плена в 1750–52 гг

14-жаттығу. Мына сойлемдерге грамматикалық талдау жасаныз

кім? қандай? немен? не істеген?

Үлгі: Қазақ батырлары әскери кәсіппен шұғылданған

1 Қазақ батырлары әскери кәсіппен шұғылданған. 2 Батырлардың бар өмірі соғыста өткен. 3 Үлкен соғыс алдында батырлар үлкен жекпе-жекке шығатын. 4. 1745 жылы Қабанбай батыр Ресей қоластына өтуге тілек білдірді. 5. Қабанбай батырдың ерлік істері Абылай ханның жоңғарларға жасаған жорықтарына байланысты. 6. Қабанбайдың қайда жерленгені туралы ғалымдар әрқелкі айтып жүр. 7. Бөгенбай батыр Сыр бойында туған. 8. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқын торлаған көп жаудан қорғауда Бөгенбай батыр көп ерлік көрсетті. 9. 1756–1758 жылдары Түркістанға келген Қытай әскерін Үрімшіден асыра қуды. 10. Бөгенбай батыр 1728 жылы 38 жасында 30 мың қолға қолбасшы болды. 11 Қазақ халқы батырын әр уақытта аса құрметтеген. 12 Наурызбай батырдың бар өмірі жоңғарлармен соғыста өткен. 13 Наурызбай батырдың 1729 жылы Шамалған мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтіргені қазақ даласына кеңінен тараған. 14. 1750–1752 жылдары Наурызбай батыр көп қазақты тұтқыннан босатқан. 15. Қазақстан облыстарында, аудандарында Наурызбай батырдың аты көшелерге берілген.

15-жаттығу. Кестенің сол жағындағы сұрақтарды қазақ тіліне аударып, жолдасыңызға қоюңыз Жолдасыңыз оң жақ бағандағы сөздерді пайдаланып жауап берсін

1 Чем занимались казахские батыры?	тек әскери кәсіппен,
2. Кем является Кабанбай батыр?	XVIII ғасырдағы қазақ батыры, әйгілі қолбасшы,
3 Из какого он рода?	Найман тайпасының Қаракерей руынан,
4. С чем связаны его геройские поступки?	Абылай ханның жоңғарларға жасаған жорықтары;
5 Где и когда родился Бөгенбай батыр?	1690 жылы, Сыр бойында;
6. Зачем он поехал в Китай в 1761 году?	бітім жасау мәселесімен,
7 Где проживал Наурызбай батыр?	қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жалпақтас, Серіктас деген жерлерде;
8. Что разнеслось широко по казахской степи в 1729 году?	Шамалған мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтіргені,
9 Как ценит казахский народ своих героев?	жоғары; аттары көшелерге берілген, ескерткіштер орнатылған.

16-жаттығу. Мына сөйлемдерді бұрынғы өткен шақтың барлық түрлеріне қойып жазыңыз

Үлгі: *Ертеде қазақ батырлары тек әскери кәсіппен ғана шұғылданған.
Ертеде қазақ батырлары тек әскери кәсіппен ғана шұғылданыпты
Ертеде қазақ батырлары тек әскери кәсіппен ғана шұғылданатын*

1. Ертеде қазақ батырлары тек әскери кәсіппен ғана шұғылданған. 2. Қазақ батырларының бар өмірі соғыста өткен. 3. Батырлардың негізгі міндеті Отанды жаудан қорғау болған. 4. Үлкен соғыс алдында батырлар үлкен жекпе-жекке шыққан. 5. Жекпе-жек бірнеше күнге созылған. 6. Қазақ батырлары Жоңғар хандығымен жақындасу әрекетіне қарсы шыққан. 7. Қазақ халқы батырын әр уақытта аса құрметтеген. 8. Қазақстанның көптеген қалаларында олардың аттары көшелерге берілген. 9. Қазақ батырларына арнап ескерткіштер орнатылған.

17-жаттығу. Жақша шіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

1. Ертеде қазақ батырлары тек әскери кәсіппен ғана (занимались). 2. Соғыс негізінде (защищать Родину от врага, освободить страну от захватчиков, расширять территорию, место проживания народа, мстить за отцов, умерших в руках врага) мақсаттарымен жүргізілген. 3. Қабанбай батыр (усилий на сближение с Джунгарским ханством) қарсы шыққан. 4. Қабанбай батырдың ерлік істері (связаны с походами Аблай хана на джунгаров). 5. Бөгенбай батыр (среди батыров Аблай хана) ең үлкен ағасы болған. 6. Бөгенбай батыр Сыр бойында (родился), Торғай өзенінің бойында (умер). 7. (В первой половине XVIII века) қазақ халқын торлаған көп жаудан қорғауда Бөгенбай батыр (проявил большое геройство). 8. (Его слава, особенно в войне с джунгарами, а позже с армией Китая) ерекше көзге түсті. 9. 1761 жылы (вместе с сыном Аблая Адилем) бітім жасау мәселесімен Қығайға барған. 10. Наурызбай Құтпанбетұлы – (один из трех батыров Аблай хана), қолбасшы. 11. (В войне с джунгарами) оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бірдей бауыры да (погибли). 12. Наурызбай батырдың 1729 жылы Шамалған мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтіргені (широко распространилось по казахской степи). 13. 1750–1752 жылдары көп қазақты (освободил из плена). 14. (В областях, районах Казахстана) Наурызбай батырдың аты (присвоено улицам), Наурызбай батырға арнап (установлены памятники).

18-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Казахские батыры так же, как и французские рыцари, японские самураи, индийские кшатрийцы, занимались только военным делом. Вся жизнь батыров проходила на войне. Война в основном проводилась с целью защиты Родины от врага, освобождения страны от захватчиков, расширения территории, места проживания народа, отмщения за отцов, умерших в руках врага. Перед большой войной батыры выходили на большой поединок. Поединок растягивался на несколько дней.

Три батыра Аблай хана являлись известными полководцами, ораторами. В войне против джунгар они проявляли большое героичество. Их слава широко распространялась по казахской степи. Они выступали за сближение с Россией и против сближения с Джунгарским ханством.

Казахский народ высоко ценит своих героев. Именем батыров во многих городах, областях, районах названы улицы, в честь батыров установлены памятники. Батырам посвящаются литературные произведения, снимаются фильмы. Вы можете и сами их прочесть или увидеть.

19-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз

1. Соғыс негізінде ... 2 Қабанбай батыр . 3 1745 жылы ...
4 Қабанбай батыр тек Орта жүзде ғана емес, . 5 Қабанбай батыр атында
6. Бөгенбай батыр — . . 7. Бөгенбай батыр Сыр бойында туып, .. 8. XVIII ғасырдың бірінші жартысында . 9 1756—1758 жылдары ... 10 Наурызбай батыр — .. . 11 Наурызбай батырдың 1729 жылы . 12. 1750—1752 жылдары ..

20-жаттығу. Мына сөйлемдердің басын өзіңіз тауып жазыңыз

1. ... шұғылданған 2. .. олардың басты міндеттері боған 3 .
қарсы шыққан. 4 Абылай ханның жонғарларға жасаған жорықтарына байланысты 5. ... өркелкі айтып жүр. 6 ... ең үлкен ағасы және Қанжығалы руынан. 7. ... деген екі баласы болған. 8. .. ерекше көзге түсті. 9. . Абылай ханмен бірге жонғарларды қуып шықты. 10 .. деген жерлерде мекендеген 11. ... тұтқыннан босатқан 12. ... ескерткіштер орнаылған

21-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлем құраңыз

Әскери қосыппен шұғылданған, жекпе-жек, қолбасы, деп аталы; Ресей қоластына, өркелкі айтып жүр; ең үлкен ағасы; ерлік көрсетті; қуып шықты, бітім жасау мәселесімен, мекендеген; қаза тапқан, жеңіске жеткен, тұтқыннан босатқан, ескерткіш орнатылған.

22-жаттығу. Мәнінте жоспар құрып қазақ батырлары туралы әңгімелесіз

23-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып қазақ батырлары туралы шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

4-сабақ

Придаточное уступительное (Қарсылықты бағыныңқы).

Придаточное уступительное имеет противоположное главному значению действие главного предложения совершается как бы вопреки условиям, поставленным в придаточном предложении. Оно отвечает на вопросы *қайткенмен?* *қайтсе де?* *не итесе де?* «несмотря на что?» Сказуемое уступительного придаточного предложения также образуется тремя способами

• при помощи суффиксов *-ған/-ген, -қан/-кен*, к которым прибавляется окончание *-мен* *Күн жарқырап тұр-ған-мен, қатты аяз* «Хоть и светит солнце, стоит сильный мороз».

• при помощи суффиксов *-са/-се*, за которыми следуют суффиксы частицы *да/де* *Тез жүр-се де, пойызға үлгірмей қалды* «Хоть и ехал быстро, на поезд не успел»;

• при помощи слов *бола тұра, бола тұрса да* *Сабақ оқуға уақыттары аз бола тұра, емтиханды жақсы тапсырды* «Хоть у них и было мало времени на подготовку, они хорошо сдали экзамен»

Күн жарқырап тұр-ған-мен, қатты аяз	Хоть и светит солнце стоит сильный мороз
Тез жүрсе де, пойызға үлгірмей қалды	Хоть и ехал быстро, на поезд не успел
Сабақ оқуға уақыттары аз бола тұра, емтиханды жақсы тапсырды	Хоть у них и было мало времени на подготовку, они хорошо сдали экзамен

5-САБАҚ


1. Грамматика: Қимыл-сын бағыныңқы.

2. Лексика: Бұқар жырау.

1. ГРАММАТИКА: ҚИМЫЛ-СЫН БАҒЫНЫҢҚЫ (ПРИДАТОЧНОЕ ОБРАЗА ДЕЙСТВИЯ).

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

Олар су ішті, шөлдерін қандырды	Выпив воды, они утолили жажду.
Ол адамдар селітіндей, қатты сөйледі.	Он говорил так громко, чтобы люди могли слышать его.
Марат келмей, жұмыс бітті	Работа закончилась до того, как пришел Марат



2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басыңқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: *Тыңдаушылар сүйсінетіндеу (қалай?), ол ән салды. «Он пел так, что зрители умилялись».*

1 Тыңдаушылар сүйсінетіндей, ол он салды 2 Жел күшейіп, ауа райы бұзыла бастады. 3. Таңертен ерте тұрып, мен дене шынықтыру жаттығуларын орындаймын. 4. Оны бірсеу асықтырғандай, ол жазуын шашпан жазып отыр. 5 Сен кишбей, далаға шықпа. 6 Өзеннен су ішіп, бұзаулар шолдерін қандырды. 7 Ойына әлде не түскендей, ол институтқа қайта оралды. 8. Майра дүкеннің істемейінін білгендей, дүкенге бармады 9. Ол бұрын біздің үйде болғандай, өзін еркін ұстап отыр. 10. Балалар Жаңа жылды асына күтеді. 11. Бірлік болмай, тірлік болмас

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз

I. 1. Қыс түсіп, ... 2. Асханадан тамақ ішіп, ... 3 Мен келмей, ... 4. Мұғалім сабақ бастамай, ... 5 Ол мені білетіндей, ... 6. Тыңдаушылар таң қалатындай, ... 7. Жұмыс бітпей, ... 8. Әрсең асығыш, ... 9. Көрермендер сүйсінетіндей, ... 10 Жаңбыр жауып, ...

II. 1. ..., мен дене шынықтыру жаттығуларын орындаймын. 2 ..., ол хатты шашпан оқып тұр. 3 ..., ол институтқа тез келді. 4. ..., соңғы хабарларды тыңдаймын. 5. ..., олар мектепке бармады. 6 ..., емтиханды жақсы тапсырды 7. ұйықтайды. 8 ..., жиналысты бастамаймыз. 9. .., ет піспеді. 10. ..., қатты сөйледі.

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1 Ермек қалай тамақ ішеді? 2 Сен соңғы хабарларды қалай тыңдайсың? 3. Ол өзін қалай ұстайды? 4. Бастық келмей, жиналысты бастамайсыңдар ма? 5. Ол өзі қалай-қалай сөйлейді? 6 Досың қалай ұйықтайды? 7. Өңші өңді қалай айтады? 8. Олар қалай шолдерін қандырды? 9. Мұғалім лекцияны қалай оқиды? 10 Марағат өлеңді қалай айтады?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. Он оделся так, словно на улице холодно. 2. Он ест так, будто голоден. 3. Они хвастаются, как будто много знают. 4 Учитель говорит так, что все его слушают с интересом. 5. Ермек говорит так тихо, что мы его не слышим. 6. Я включив телевизор, смотрю интересный фильм 7 Он, встав рано утром, умылся, оделся и ушел на работу, не позавтракав. 8. Он чувствовал себя так, как будто был здесь раньше 9. Салтанат была дома, как будто знала, что я приду. 10 Говорит так, как будто кто-то за ним гонится.

2. ЛЕКСИКА: БҰҚАР ЖЫРАУ.

6-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Бұқар жырау
(1668—1781)

Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. Ол Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. Кейін тұрмыстан тар-

шылық коріп, бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді Абылай ханның кезінде беделі қайта қотеріліп, мемлекет жұмысына қайта араласып, ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды.

Бұқар жырау да халқымыздың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсады. Осы арманды жүзеге асыратын Абылай хан деп, оны ісімен де, жырымен де қолдады. Сонымен бірге орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүддесі үшін достығын да құптады. Дегенмен, патша үкіметінің түпкі мақсаты — қазақ халқын отарлау екенін де жақсы түсініп, оны Абылай ханға ескертіп отырды.

Бұқар жырау арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы болған. Ол өз шығармаларында заманның көкейтесті мәселелерін сөз ете отырып, жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. Ол Абылай ханның кейбір хандық қаталдығын да бетіне тура айтып тастап отырды. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды.

Ол бір ғасырдан астам өмір сүріп, 1781 жылдың шамасында дүние салды. Сүйсігі сол өзі туған Баянауылда, Далба тауының етегіне жерленді.

Сөздік

баурайы — склон. подошва горы
беделді — авторитетный
таршылық — нехватка, недостаток
көму — уменьшаться
қабырғалы — сильный
аңсау — гореть желанием
жүзеге асыру — превратить в жизнь
мүдде — интерес, цель, чаяние

құптау — поддерживать
дегенмен — однако
түпкі — основной
көкейтесті — кровный
үгіт — агитация
насихат — пропаганда
таудың етегі — подножие горы

7-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Далба тауының баурайында, дүниеге келген, Тәуке ханның тұсында; беделді билердің бірі; таршылық қору; ықпалы көму; беделі көтерілу; мемлекет жұмысына араласу; бас ақылшы; қабырғалы би; ел өмірі; мәселелерді шешу, қызмет атқару, үш жүзінің басы қосылу; бір орталыққа бағыну, күшті мемлекет болуын аңсады; арманды жүзеге асыру; сонымен бірге; өмірлік мүдде үшін, достығын құптау; түпкі мақсаты; қазақ халқын отарлау; ескертін отыру; өз заманының білімдар адамы, заманның көкейтесті мәселелері, сөз сөз; жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақыру; хандық қаталдығы; бетіне тура айту, артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдыру, бір ғасырдан астам, өмір сүру; дүние салу, тауының етегінде

8-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1. Бұқар жырау қашан, қайда дүниеге келді? 2. Ол Тәуке ханның тұсында кім болды? 3. Кейін оның халық арасындағы ықпалы неге кеміді? 4. Абылай ханның кезінде ол қандай қызмет атқарды? 5. Бұқар

жырау нені аңсады? 6. Осы арманды жүзеге асыратын кім деп ойлады? 7. Ол нені құптады? 8. Ол Абылай ханға нені ескертіп отырды? 9. Бұқар жырау қандай адам болған? 10. Ол шығармаларында жұртты неге шақырды? 11. Абылай ханның бетіне нені тура айтып тастап отырды? 12. Бұқар жырау артына қандай өлең-жырлар қалдырды? 13. Бұқар жырау қанша өмір сүрген? 14. Сүйегі қай жерге жерленді? 15. Сіздің тұратын жеріңізде Бұқар жырау атында көшелер, Бұқар жырауға арналған ескерткіштер бар ма?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 2. Абылай ханның кезінде оның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 3. Бұқар жырау халқымыздың бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсады. 4. Ол шығармаларында жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 5. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды.

10-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып жазыңыз

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 2. Ол Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 3. Кейін тұрмыстан таршылық көріп, бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 4. Абылай ханның кезінде беделі қайта көтеріліп, мемлекет жұмысына қайта араласып, ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 5. Бұқар жырау орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүддесі үшін достығын да құптады. 6. Патша үкіметінің түпкі мақсаты — қазақ халқын отарлау екенін Абылай ханға ескертіп отырды. 7. Бұқар жырау арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы болған. 8. Ол өз шығармаларында заманның көкейтесті мәселелерін сөз ете отырып, жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 9. Ол Абылай ханның кейбір хандық қаталдығын да бетіне тура айтып тастап отырды. 10. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды. 11. Ол бір ғасырдан астам өмір сүрді. 12. Бұқар жырау 1781 жылдың шамасында дүниеге келді. 13. Сүйегі сол өзі туған Баянауылда, Далба тауының етегіне жерленді.

11-жаттығу. Сөйлем құраңыз

Бұқар жырау

родился в 1668 году в Баянауле во время правления Тәуке хана был авторитетным бием. был сильным бием и главным советником Абылай хана. мечтал сделать свою страну сильным государством. владел арабской грамотой

Онын { произведениях затрагиваются кровные проблемы современности.
после него остались агитационно-пропагандистские, философские стихи-сказания.
останки захоронены в Баянауле, у подножия горы Далба.

12-жаттығу. Мына сойлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз:

кім? неің? қандай? не болған?

Үлгі: *Бұқар жырау өз заманының білімдар адамы болған.*

1. Бұқар жырау өз заманының білімдар адамы болған. 2 Ол 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 3. Бұқар жырау Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 4 Кейін Бұқар жыраудың бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 5. Ол Абылай ханның кезінде мемлекет жұмысына қайта араласты. 6. Ол Абылай ханның бас ақылшысы, қабырғалы би ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 7. Бұқар жырау бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсады. 8 Ол Абылай ханды ісімен де, жырымен де қолдады. 9 Абылай ханның кейбір хандық қаталдығын да бстіне тура айтып тастап отырды. 10 Онын шығармаларында заманның көксйтесті мәселелері сөз етіледі. 11. Бұқар жырау халқын бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 12. Ол 1781 жылдың шамасында дүние салды.

13-жаттығу. Мына сойлемдерді откен шақтың барлық түрлеріне қойып жазыңыз.

Үлгі: *Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келді*
Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келген.
Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келіпті.

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келді. 2. Ол Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 3 Кейін бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 4 Абылай ханның кезінде мемлекет жұмысына қайта араласты. 5 Ол Абылай ханның бас ақылшысы, қабырғалы би ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 6. Бұқар жырау Абылай ханды ісімен де, жырымен де қолдады. 7. Ол орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүддесі үшін достығын да құптады. 8. Дегенмен. патша үкіметінің түскі мақсаты – қазақ халқын отарлау екенін де жақсы түсініп, Абылай ханға ескертіп отырды. 9 Бұқар жырау арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы болды. 10. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды. 11. Ол бір ғасырдан астам өмір сүріп, 1781 жылдың шамасында дүние салды. 12 Сүйегі сол өзі туған Баянауылда, Далба тауының стегіне жерленді.

14-жаттығу. Кестенің сол жағындағы сұрақтарды қазақ тіліне аударып, жолдасыңызға қойыңыз. Жоғтасыңыз оң жақ бағандағы сөздерді пайдаланып жауап берсін.

жырау нені ансады? 6 Осы арманды жүзеге асыратын кім деп ойлады? 7. Ол нені құптады? 8 Ол Абылай ханға нені ескертіп отырды? 9. Бұқар жырау қандай адам болған? 10. Ол шығармаларында жұртты неге шақырды? 11. Абылай ханның бетіне нені тура айтып тастап отырды? 12 Бұқар жырау артына қандай өлең-жырлар қалдырды? 13 Бұқар жырау қанша өмір сүрген? 14. Сүйегі қай жерге жерленді? 15. Сіздің тұратын жеріңізде Бұқар жырау атында көшелер, Бұқар жырауға арналған ескерткіштер бар ма?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 2. Абылай ханның кезінде оның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 3. Бұқар жырау халқымыздың бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсады. 4. Ол шығармаларында жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 5. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды.

10-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып жазыңыз

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 2. Ол Тауке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 3. Кейін тұрмыстан таршылық көріп, бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 4. Абылай ханның кезінде беделі қайта көтеріліп, мемлекет жұмысына қайта араласып, ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 5. Бұқар жырау орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүддесі үшін достығын да құптады. 6. Патша үкіметінің түпкі мақсаты – қазақ халқын отарлау екенін Абылай ханға ескертіп отырды. 7. Бұқар жырау арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы болған. 8. Ол өз шығармаларында заманның қожеітесті мәселелерін сөз ете отырып, жұртты бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 9. Ол Абылай ханның кейбір хандық каталдығын да бетіне тура айтып тастап отырды. 10. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды. 11. Ол бір ғасырдан астам өмір сүрді. 12. Бұқар жырау 1781 жылдың шамасында дүниеге салды. 13. Сүйегі сол өзі туған Баянауылда, Далба тауының етегіне жерленді.

11-жаттығу. Сөйлем құраңыз

Бұқар жырау

родился в 1668 году в Баянауле во время правления Тауке хана был авторитетным бием, был сильным бием и главным советником Аблай хана, мечтал сделать свою страну сильным государством, владел арабской грамотой.

Оның { произведениях заграгиваются кровные
проблемы современности.
после него остались агитационно-пропагандистские,
философские стихи-сказания.
останки захоронены в Баянауле, у подножия
горы Далба.

12-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

кім? нені? қандай? не болған?

Үлгі: *Бұқар жырау өз заманының білімдар адамы болған.*

1 Бұқар жырау өз заманының білімдар адамы болған. 2 Ол 1668 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында дүниеге келген. 3. Бұқар жырау Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 4 Кейін Бұқар жыраудың бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 5. Ол Абылай ханның кезінде мемлекет жұмысына қайта араласты. 6. Ол Абылай ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 7. Бұқар жырау бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсады. 8. Ол Абылай ханды ісімен де, жырымен де қолдады. 9 Абылай ханның кейбір хандық қаталдығын да бетіне тура айтып тастап отырды. 10 Оның шығармаларында заманның көксөйесті мәселелері сөз етпеді. 11. Бұқар жырау халқын бірлікке, татулыққа, ерлікке шақырды. 12. Ол 1781 жылдың шамасында дүниесін салды.

13-жаттығу. Мына сөйлемдерді өткен шақтың барлық түрлеріне қойып жазыңыз

Үлгі: *Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келді.*

Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келген.

Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келіпті

1. Бұқар Қалқаманұлы 1668 жылы дүниеге келді. 2. Ол Тәуке ханның тұсында беделді билердің бірі болды. 3. Кейін бұрынғы халық арасындағы ықпалы кеміді. 4 Абылай ханның кезінде мемлекет жұмысына қайта араласты. 5 Ол Абылай ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде ел өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. 6. Бұқар жырау Абылай ханды ісімен де, жырымен де қолдады. 7. Ол орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүддесі үшін достығын да құптады. 8. Дегенмен, патша үкіметінің түпкі мақсаты – қазақ халқын отарлау екенін де жақсы түсініп, Абылай ханға ескертіп отырды. 9. Бұқар жырау арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы болды. 10. Бұқар жырау артына үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар қалдырды. 11. Ол бір ғасырдан астам өмір сүріп, 1781 жылдың шамасында дүниесін салды. 12 Сүйегі сол өзі туған Баянауылда, Далба тауының бетіне жерленді.

14-жаттығу. Кесгенің сол жағындағы сұрақтарды қазақ тіліне аударып жолдасыңызға қойыңыз. Жоғалдығыңыз оң жақ бағандығы сөздерді пайдаланып жауап беріңіз.

1. Когда родился Бухар жырау?	1668 жылы, қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауының баурайында,
2. Кем он был во время правления Тауке хана?	беделді билердің бірі,
3. Почему позже его влияние ослабло?	тұрмыстан таршылық көріп,
4. Кем он был во время правления Аблай хана?	ханның бас ақылшысы,
5. О чем он мечтал?	қабырғалы би;
6. Что он поддерживал?	бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын;
7. О чем напоминал Аблай хану?	орыс халқы мен қазақ халқының өмірлік мүдде үшін достығын;
8. Каким человеком он был?	патша үкіметінің түпкі мақсаты – қазақ халқын отарлау екенін;
9. К чему он призывал в своих произведениях?	арабша өте сауатты, өз заманының білімдар адамы;
10. Что он после себя оставил?	бірлікке, татулыққа, ерлікке; үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар;
11. Когда он умер?	1781 жылдың шамасында

15-жаттығу. Мына сөздерге синонимдер тауып айтыңыз

Дүниеге келу, өмір сүру, білімді, дүние салу, қызмет атқару, батылдық, мәселе, құптау, армандау, қабырғалы, ақылшы, кірісу, кему, дөреже, жетпеушілік, тұсында, осы кездегі.

16-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

1. Бұқар Қалқаманұлы (родился в 1668 году в нынешней Павлодарской области, Баянаульском районе, на склоне горы Далба). 2. Ол (во время правления Тауке хана) беделді билердің бірі болды. 3. Кейін тұрмыстан таршылық көріп, (уменьшилось былое народное влияние). 4. Абылай ханның кезінде (авторитет его снова повысился), мемлекет жұмысына қайта араласып, (главным советником хана, сильным бием) болды. 5. Ол (проводил большую работу в решении проблем в жизни страны). 6. Бұқар жырау да (объединить три жуза нашего народа), (подчиняющееся одному центру) күшті мемлекет болуын аңсады. 7. Осы арманды жүзеге асыратын Абылай хан деп, (поддерживал его и делом, и словом). 8. (Вместе с тем), орыс халқы мен қазақ халқының (для жизненного интереса) достығын да құптады. 9. (Однако), патша үкіметінің түпкі мақсаты – (колонизация казахского народа) екенін де жақсы түсініп, (напоминал Аблай хану). 10. Оның шығармаларында (кровные проблемы современности) сөз өте отырып, жұртты (к единству, согласию, мужеству) шақырды. 11. Ол (прожив более одного века), 1781 жылдың шамасында дүние салды 12. (Останки его) сол ози туған Баянауылда, Далба тауының етегіне (захоронены).

17-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Бухар жырау родилась в 1668 году в нынешней Павлодарской области, Баянаульском районе, на склоне горы Далба. Во время правления Тауке хана он был одним из авторитетных биев. Позже уменьшилось его бывшее народное влияние. Однако в период правления Абылай хана его авторитет снова повысился, он снова стал участвовать в делах государства и стал главным советником хана.

Бухар жырау горячо желал объединить три жуза и подчинить их одному центру, чтобы наша страна стала сильным государством. Он считал, что Абылай хан сможет претворить в жизнь эту мечту и всячески поддерживал его и делом, и словом. Он поддерживал дружбу между русским и казахским народами. Однако хорошо понимал, что царское правительство имеет одну основную цель — колонизацию казахского народа. Он постоянно напоминал об этом Абылай хану.

В своих произведениях он затрагивал кровные проблемы современности, призывал к единству, согласию, мужеству. Бухар жырау оставил после себя агитационно-пропагандистские, философские стихотворения-сказания.

Прожив более одного века, он умер приблизительно в 1781 году. Останки его захоронены в Баянауле, у подножия горы Далба.

18-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз

1. Бұқар жырау Тауке ханның тұсында 2. Абылай ханның кезінде 3. Дегенмен, патша үкіметінің түпкі мақсаты — 4. Бұқар жырау арабша 5. Оның шығармаларында . 6. Ол бір ғасырдан астам 7. Сүйегі сол өзі туған . . 8. Бұқар жырау өз заманының

19-жаттығу. Мына сөйлемдердің басын өзіңіз тауып жазыңыз

1. ... дүниеге келген. 2. ... ықпалы кеміді. 3. ... аңсады. 4. ... оны ісімен де, жырымен де қолдады. 5. ... достығын да құптады. 6. ... шақырды. 7. ... бетіне тура айтып тастап отырды. 8. ... өлең-жырлар қалдырды. 9. ... жоғары бағалайды.

20-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлем құраныз.

Дүниеге келу, беделді билердің бірі; ықпалы кеміді; қабырғалы биі; аңсады; өмірлік мүддесі үшін; қазақ халқын отарлау; заманның көкейтесті мәселелері; бетіне тура айтып тастап отырды; үгіт-насихат, философиялық өлең-жырлар; бір ғасырдан астам; дүние салу; жерленді.

21-жаттығу. Мәтінге жоспар құрып, Бұқар жырау туралы өңімеленіз.

22-жаттығу. Мәтінге сұрақтар құрап жазып, сол бойынша жолдасыңызбен сөйлесіңіз

23-жаттығу. Төмендегі өлең-жырларды оқыңыз, ұнағандарын жаттап алыңыз

Ал тілімді, алмасан,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен алғаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.

Түркістанда жүр едін,
Әбілмәмбет патшаға
Қызметкер болып тұр едін.
Қалғақтап жүріп күнелтіп
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едін.

Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар —
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің

Ел бастау қиын емес, —
Қонатын жерден қол табылады.
Қол бастау қиын емес, —
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды
Көргенім жоқ.

Шешен кісі — сөз бастар,
Адал кісі — ел бастар...

Шешенің судай тоғілген,
Тыңдаушың бордай егілген...

24-жаттығу. Аңыз әңгімені оқыңыз. Сөздікті пайдалана отырып орыс тіліне аударыңыз Мына сұраққа жауап беріңіз *Бөгембай батыр атын неге қайтып алмады?*

Бұқар жырау

Абылай хан бір топ кісімен, ішінде Бөгембай батыр бар, Қабанбай батырдың еліне барыпты. Бөгембай батырдың мінген аты өтс жүрісті екен, барарда да, қайтарда да Абылай хан қасындағы жолдастарымен оған ере алмай, кейін қалып отырса керек.

Хан ауылына келгеннен кейін, біраз күн өтісімен Бөгембай батырға бір кісі жіберіпті. «Батырға сәлем айт, анадағы Найман еліне мініп барған атын маған біраз күнге бере тұрсын. Алыс жолға жолаушы жүрейін деп едім», — депті

Бөгембай өзінен басқа кісіге атын мінгізбейді екен. «Жараиды, барып келген соң атымды өзіме қайтарсын», — депті.

Абылай хан атты алғаннан бір жылдан астам мініп, қайтармаған соң, Бөгембай бағыр өкіпелеп Абылайға жолыққан, амандаспай жүршіті.

Бұл жағдайды Бұқар жырау, Қабанбай батыр естіп, Бөгембай батырға Абылай ханмен татуластырып, атыңды әпереміз десе керек. Абылай хан Бөгембай батырды аса көңілді қабылдамаған пигыл көрсетті. Сонда Бұқар жырау

«Ай, хан Абылай,
Аксақалдан жақсы жоқ,

Халқын жиып ентесе,
 Нар түйеден күшті жок,
 Котере алмай жүгін
 Батпаққа келгенде шөкпесе.
 Жақсы әйелден жақсы жок,
 Үйге келген кісінің
 Жақсы-жаманын біліп тектесе.
 Сауыттан жақсы киім жок,
 Атқанда оның өтпесе.
 Аттан басқа қанап жок,
 Қашқанда жауың жетпесе.
 Ер жігіттен басқа жолдас жок,
 Жауға тастап кетпесе.
 Хан болсын, қара болсын,
 Қайдан жақсы болады,
 Бір-біріңс кездесіп
 Қарым-қатынас етпесе.
 Болымсыз жайды сылтау қып
 Араз болып кектесе.

Қарашыңмен неге араздаса бересін, хандығың карада қалады-ау», — деген екен.

Абылай хан. «Атқа қылыққаным рас еді, кіно менде», — деп, атты қайтармақ болыпты Сонда Бөгембай батыр. «Ол бір күкті жануар емес пе, одан гөрі тұрақты сөз, уағда қымбат. Жақсы ат табылады. Хан өз қатесін түсінді ғой», — депті.

(«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан)

25-жаттығу. Қосымша әдебиетгерді пайдаланып. «Бұқар жырау» тақырыбына тағын шығарма жазыңыз.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

5-сәбақ

Придаточное образа действия (Қимыл-сын бағыныңқы).


Придаточное образа действия показываєт как происходит действие в главном предложении и отвечает на вопросы *қалай?* «как?», *қайтіп?* «каким образом?» Сказуемое придаточного предложения образа действия образуется тремя способами

- при помощи суффиксов *-ып/-іп/-п:* *Олар су іш-іп, шөлдерін қандырды* «Выпив воды, они утолили жажду»,

- при помощи суффиксов причастия, за которыми следуют суффиксы *-дай/-деу* *Ол адамдар ести-тін-деу, қатты сөйледі* «Он говорил так громко чтобы люди могли его слышать»,

- при помощи суффиксов *-а/-е/-й* которые присоединяются к глаголам с отрицательными частицами *-ма/-ме,-ба/-бе, -па/-пе* *Арман кел-ме-й, жұмыс бітті* «Работа закончилась до того, как пришел Арман»

<p>Олар су ішін, шөлдерін қандырды</p> <p>Ол адамдар еститіндей, қатты сойледі</p> <p>Марат келмей, жұмыс бітіп</p>	<p>Выпив воды, они утопили жажду</p> <p>Он говорил так громко, чтобы туди могли слышать его</p> <p>Работа закончилась до того как пришел Марат.</p>
---	---




6-САБАҚ

1. Грамматика: Мезгіл бағыныңқы.
2. Лексика: Абай.

1. ГРАММАТИКА: МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ (ПРИДАТОЧНОЕ ВРЕМЕНИ).

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

<p>Мен келгенде, сен жоқсың.</p> <p>Мен келгенше, сен үйде отыр.</p> <p>Сабақ біткен соң, біз үйге кеттік</p> <p>Біз келген кезде, олар жоқ.</p> <p>Емтихан тапсырғаннан кейін, үйге барамыз</p> <p>Сен келгенге дейін (шейін), мен жұмысты бітіремін</p> <p>Мен келгелі көп болды.</p>	<p>Когда я пришел, тебя не было</p> <p>Пока я не приду, сиди дома.</p> <p>Как только закончился урок, мы отправились домой</p> <p>Когда мы пришли, их не было</p> <p>Как только сдадим экзамены, поедем домой.</p> <p>Я закончу работу до того, как ты приедешь.</p> <p>Прошло много времени с того как я пришел</p>
---	--



2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басыңқыдан бағыныңқыға қарағып қонылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз. Орыс тіліне аударыңыз.

Үлгі: *Баласы алтыға келгенде (қашан?), әкесі оны оқуға берді «Когда ребенку исполнилось шесть лет, отец отправил его учиться»*

1 Баласы алтыға келгенде, әкесі оны оқуға берді. 2. Шешесі жұмыстан келгенге дейін, қызы тамақ пісіріп қойды. 3. Күз болғанда, құстар жылы жаққа кетеді. 4. Сен келгенде, мен кітап оқып отыр едім. 5. Мен оқу бітіргенше, ағам зауытта жұмыс істеді. 6. Мен оқуды бітірген соң, ағам скеуміз ауылға барып жұмыс істейміз. 7. Ол шетелге кеткелі, екі жыл болды. 8. Сабақ біткен соң, бәріміз кино көруге кеттік. 9. Ол институтқа келгеннен кейін, қоңырау соғылды. 10. Біз театрға келгенде, концерт әлі басталмапты. 11. Мен дүкенге келген кезде, адам көп болды. 12. Сұрақтарға жауап берген соң, мәтінді оқы.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз

1. 1. Жаңбыр жауғанда, 2. Жаңа жыл келгенде, 3. Сәрсен ауылға кеткелі, 4. Орта мектепті бітірген соң, 5. Сабақ басталғанша, 6. Біз кеткеннен кейін, 7. Жұмыс біткен соң, 8. Астанаға келген кезде, 9. Концерт басталғанша, 10. Күн жылынған соң, 11. Сені көрмегелі,

II. 1. ..., студенттер үйлеріне кетеді. 2. ..., сауда орталығына барамыз. 3. ..., екі жыл өтті. 4. ..., сендер осында отырыңдар. 5. ..., қонақтар далаға шықты. 6. ..., емтиханды жақсы тапсырды. 7. ..., университетке түседі. 8. ..., күн жылынды. 9. ..., тамақ жасады. 10. ..., адам көп екен.

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Күн жылы болғанда, Сіз не істейсіз? 2. Тамақ піскен кезде, кім келді? 3. Кітап оқымағалы көп болды ма? 4. Сіз қашаннан бері қазақша түсінетін болдыңыз? 5. Қашанға шейін оқисыз? 6. Сабақ біткен соң, не істейсіз? 7. Алматыға келгеннен кейін, не істейсіз? 8. Күз келгенше, не істеуіңіз керек? 9. Мұғалім келген кезде, Сіз не істеп отырдыңыз? 10. Мектепті бітіргелі көп болды ма?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

1. В то время, когда ты читаешь текст, Арман пишет предложение на доске. 2. Когда идет снег, дети радуются. 3. Когда мы были в лесу, пошел дождь. 4. Когда наступит лето, мы поедем в деревню. 5. Когда ты гуляешь, он обедает. 6. Когда Болат закончил среднюю школу, поступил в институт. 7. Когда наступила осень, листья на деревьях пожелтели. 8. Когда преподаватель спрашивает, студенты отвечают. 9. Салтанат уже два года не была дома. 10. Когда я позвонил тебе, дома никого не было. 11. Пока не закончу работу, никуда не пойду.

2. ЛЕКСИКА: АБАЙ.

📖 6-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Абай (1845–1904)

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай 1845 жылы қазіргі Семей облысының Абай ауданында туған Абайдың әкесі өте қатал адам болса, інішесі Ұлжан қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан Абайға ертегілерді, аңыз әңгімелерді айтып, жақсы тәрбиелеп отырған

Әкесі Құнанбай Абайды 9 жасында Семейдегі дини мектепке береді. Семейде жүргенде ол орыс тілін үйренуге тырысады. Үш ай орыс мектебінде оқиды 13 жасында Абайды әкесі бұл оқудан қайта шығарып алады.

Абай Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты көп оқып, олардың шығармаларын қазақ тіліне аударады Абай аударған Пушкиннің «Татьянаның өні», Лермонтовтың «Қаранғы күнде тау қалғыш» деген өлеңдеріне ән де шығарады

Абайдың «Болыс болдым мінскей», «Сегіз аяқ», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдері болыс-билерді қатты сынға алады. Ол қазақ халқын мәдениетті болуға, орыс халқынан үлгі алуға шақырды. Ол өзінің сөзінде: «Орыстың тілі – дүниенің кілті. Орыстың тілін білсең, көкірек, көзің шайдай ашылады», – дейді.

Абай 1904 жылы қайтыс болды. Ол өз шығармаларының кітап болып басылғанын көре алмай кетті. Абай олғаннен кейін – 1909 жылы Петербургте – «Қазақтың ақыны Ыбраһим Құнанбайұлының өлеңдері» деген атпен кітап болып шықты.

Абай шығармалары кеңес дәуірінде көп данамен әлденегіс рет жарық көрді. Орыс тіліне, орыс тілінен шетел тілдеріне аударылды. Бұл күндері Абайды, оның шығармаларын дүние жүзі біледі.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын осы ақын өміріне арнады. Мұнда ол Абайдың кішкентай балалық шағынан үлкен азамат-ақын дәрежесіне жетуін көрсеткен.

Республикамызда көптеген мектептер және қошқелер Абай есімімен аталады. Абай атында қала, аудан бар.

Абай – қазақ халқының ұлы ақыны, композиторы және жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

Сөздік

өте қатал – очень строгий
қайырымды – добрый
мінезі жұмсақ – с мягким характером
дини – религиозный
тырысу – стараться
болыс-билер – волостные бии
сынға алу – критиковать
дүниенің кілті – ключ к миру
көкірек, көзің шайдай ашылады –
станешь грамотным, образованным

басылу – издаваться
кеңес дәуірі – советская эпоха
лана – экземпляр
әлденеше рет – много раз
жарық көру – выйти в свет
арнау – посвящать
азамат-ақын – поэт-гражданин
дәреже – степень
есім – имя
негізін қалаушы – основоположник

7-жаттығу. Мына сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз

Қазақ халқы, ұлы ақыны, қатал адам; мінезі жұмсақ; тілге бай, шығарып алу; үйренуге тырысу; он шығару; қатты сынға алу, үлгі алуға шақыру, дүниенің кілті; көкірек, көзін шайдай ашылады; қайтыс болу, шығармалары кітап болып басылды; кітап болып шығу; кеңес дәуірі, әлденеше рет жарық көру; дүние жүзі біледі, ақын өміріне арнау; кішкентай балалық шақ, үлкен азамат-ақын, дәрежеге жету, есімімен аталу; жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

8-жаттығу. «Ә» пунктинен антонимдерін тауып, тұсына сызықша арқылы жазыңыз

а) қатал, әлденеше рет, сынға алу, туу, білімді, үйрену, қатал мінез, үлкен, басылмау, ауыз әдебиеті;

ә) қайтыс болу, мақтау, үйрету, жұмсақ мінез, бір рет, білімсіз, кішкентай, жазба әдебиеті, жарық көру.

9-жаттығу. Сөйлемдерге жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып оқыңыз

1. Абай – қазақ халқының ұлы (суретшісі, ишкәсері, ақыны).
2. Абай (Семей, Қарағанды, Алматы) облысында туған 3. Абайдың (шешесі, әкесі, апасы) өте қатал адам болатын, ал шешесі (қатал, қайырымды) адам болатын. 4. Әжесі Зере мен анасы Ұлжан Абайды (жазалады, тәрбиелесді, ұнағыз). 5. Абай (бастауыш, орта, діни) мектепте оқыған. 6. Орыс мектебінде Абай (орысша, қазақша, немісше) оқуға, жазуға үйренді. 7. Абай өз шығармаларында болыс-билерді (мақтайды, қатты сынға алады, суреттейді). 8. Абай 1904 жылы (қайтыс болғаннан кейін, туғаннан кейін, кітап жазғаннан кейін), шығармалары көп данамен әлденеше рет жарық көрді. 9. Қазақтың ұлы жазушысы (Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов) «Абай жолы» эпопеясын осы ақын өмірі туралы жазған.

10-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Абай кім? 2. Абай қайда және қашан туған? 3. Әкесі мен шешесі қандай мінезді адамдар болатын? 4. Абайды кім тәрбиеледі? 5. Ол қайда оқыды? 6. Нені үйренуге тырысты? 7. Кімнің шығармаларын көп оқып, қазақ тіліне аударды? 8. Ол өзінің шығармаларында кімді қатты сынға алады? 9. Абайдың шығармалары қашан басылып шықты? 10. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын кімге арнады? 11. Онда ол нені көрсеткен? 12. Қазақ халқы Абайды қалай бағалайды?

11-жаттығу. Жолдасыңыздың сөзін қоспаңыз.

Үлгі: Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы суретшісі – *Жоқ, қателесесің, Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, композиторы және жазба әдебиетінің негізін қалаушы.*

1. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы суретшісі. 2. Абай Алматы облысында туған 3. Абайдың әкесі қайырымды, мінезі жұмсақ адам болатын. 4. Әкесі Абайға ертегілерді, аңыз әңгімелерді айтып, жақсы тәрбиеледі. 5. Абай бастауыш мектепте оқыған. 6. Мектепте жүргенде, ағылшын жазушыларының шығармаларын оқып, қазақ тіліне

ауларды. 7. Абай 1905 жылы қайтыс болды. 8. Абай өз шығармаларының кітап болып басылғанын көрді. 9. Белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов Абайдың өмірі туралы «Абай жолы» эпопеясын жазды.

12-жаттығу. Мына сөйлесімдерге әр түрлі сұрақ қойып жазыңыз

1. Әкесі Құнанбай Абайды 9 жасында Семейдегі діни мектепке берді. 2. Абай өз шығармаларының кітап болып басылғанын көре алмай кетті. 3. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Абайдың кішкентай балалық шағынан үлкен азамат-ақын дәрежесіне жетуін көрсеткен.

13-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді, сөз тіркесерін аударыңыз

1. Абай – қазақ халқының (великий поэт, композитор, основоположник казахской письменной литературы). 2. Абай 1845 жылы (в Семишалантинской области) туған. 3. Абайдың әкесі (очень строгий человек) болса, шешесі (добрый, с мягким характером, красноречивый человек) болды. 4. Әжесі Зере мен шешесі Ұлжан (сказки, легенды) айтып, Абайды (воспитывали). 5. Абай 9 жасынан (в религиозной школе) оқыды. 6. Абай орыс тілін үйреніп, (произведения Пушкина, Лермонтова, Крылова) оқып, (перевел на казахский язык). 7. Абай өз шығармаларында болыс-билерді (сильно критиковал). 8. Абай 1904 жылы (умер). 9. Абай өлгеннен кейін оның өлеңдері 1909 жылы Петербургде (стихи казахского поэта Ибрагима Кунанбаева) деген атпен кітап болып шықты. 10. Абай шығармалары (в советскую эпоху) көп данамен өлденше рет (выходили в свет). 11. Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов (свой роман-эпопею «Путь Абая») осы ақын өміріне (посвятил).

14-жаттығу. Мына мәтінді қазақ тіліне жазбаша аударыңыз

Абай – великий казахский поэт, композитор, философ, основоположник казахской письменной литературы. Он родился в 1845 году в ныне Абайском районе Семишалантинской области. Отец Абая был очень строгим человеком. Мама Абая – Улжан была доброй, мягкой, красноречивой. Бабушка Зера и мама Улжан воспитывали Абая.

В 9 лет он пошел в религиозную школу. В 13 лет отец забрал его из школы.

Абай очень хотел изучать русский язык. 3 месяца он проучился в русской школе, прочел произведения Пушкина, Лермонтова, Крылова и перевел их на казахский язык. А на переведенные им «Песня Татьяны», «Горные вершины» написал музыку, и сейчас народ любит и поет эти песни.

В своих произведениях Абай сильно критиковал волостных и местных правителей. Он призывал изучать русский язык. Он говорил: «Русский язык – ключ к мировой культуре».

Абай умер в 1904 году. В 1909 году в Петербурге вышла в свет книга «Стихи казахского поэта Ибрагима Кунанбаева». Произведения Абая переводились на русский язык, а с русского на иностранные языки. Сейчас его произведения известны всему миру.

15-жаттығу. Кестенің сол жағындағы сұрақтарды аударып жолдасыңызға қойыңыз. Жолдасыңыз оң жақ бағандағы сөздерді пайдаланып жауап берсін.

1. Қандай және қайда Абайдың туған жері?	1. 1845 жылы, Семей облысы, Абай ауданы;
2. Абайдың әкесі кім?	2. өте қатал адам,
3. Абайдың анасы кім?	3. қайырымды, мінезі жұмсақ, тұлға бай;
4. Абайдың анасы қандай еді?	4. әжесі Зере, шешесі Ұлжан;
5. Абай қай жерде оқыды?	5. діни мектепте,
6. Абай қандай тілді біледі?	6. орыс тілін;
7. Абай қандай ақынның шығармаларын оқыды?	7. Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын;
8. Абай қандай ақынның шығармаларын оқыды?	8. «Болыс болдым мінекей», «Сегіз аяқ», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдерінде;
9. Абай қай жерде өмір сүрді?	9. Абай қайтыс болғаннан кейін — 1909 жылы Петербургте;
10. Абайдың өміріне кімнің еңбегі зор?	10. Абайдың өміріне,
11. Абайдың өміріне кімнің еңбегі зор?	11. Абайдың өзімен,
12. Абайдың өміріне кімнің еңбегі зор?	12. Қазақ халқының ұлы ақыны, композиторы және жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

16-жаттығу. Абайдың өлеңін оқып, орыс тіліне аударыңыз. Бес асыл бес дұшпанға не ісер жатады екен? Өлеңді жаттап алыңыз.

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге

Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, отірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеңіз
Талап, еңбек, терсең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой —
Бес асыл іс, көнсеңіз

17-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сен кітап оқуды жақсы көресің бе? 2. Қандай әдебиетті ұнатасыз: көркем әдебиетті ме, ғылыми әдебиетті ме? 3. Балалар әдебиетін кім оқиды? 4. Қандай орыс жазушыларын білесің? 5. Қандай қазақ жазушыларын білесің? Олардың қандай шығармаларын оқыдыңыз? 6. Қандай шығармаларды (өңгімелерді, өлеңдерді, повестерді,

ертегілерді, романдарды, пьесаларды) жақсы көресіз? 7 Сіз кітаптарды кітап дүкенінен сатып аласыз ба, кітапханадан аласыз ба? 8. Сіздің тұратын жеріңізде кітапханалар бар ма? Ең үлкен кітапхана қандай? 9. Қазақша кітап оқығыңыз келе ме? 10 Қазақша кітап оқи аласыз ба? 11. Қазақ тілін неге үйреніп жүрсіз? 12. Абайдың шығармаларын оқыдыңыз ба? 13. Қандай шығармаларын оқыдыңыз? 14 Абайдың шығармалары Сізге ұнай ма? Неге?

18-жақтығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз

1 Мен кітап оқуды жақсы көремін, сол үшін мен .. 2. Алматыда кітапхана көп, олардың ішінде ең үлкен кітапхана ... 3 Кітапханаларда ұлы жазушылардың ..., ұлы ақындардың ... бар 4. Абайдың .. оқыдың ба? 5. Мен кітап дүкенінен Абайдың .. сатып алдым 6 Кітап дүкенінде ... әдебиетін, ... әдебиетін, ... әдебиетін сатады. 7 Сіздің үйіңізде Абайдың ... бар ма? 8 Балалар ... оқиды, ғалымдар .., мен ... оқимын

19-жақтығу. Оқын шығып, сөйлесуге жақтығыңыз

- Сіз не оқып отырсыз?
- Абайдың өлеңдер жинағын оқып отырмын.
- Қазақша оқып отырсыз ба?
- Жоқ, орысша. Қазақша әлі оқи алмаймын.

- Сәлем, Меруерт, не іздеп жүрсің?
- Сегіз жастағы сінліме кітап іздеп жүрмін.
- Сен мына кітапты ал. Орыс ертегілеріне салынған иллюстрациялар кітабы, өте жақсы кітап
- Бұл дұрыс екен. Осы кітапты алайын.

- Сізге не керек?
- Мен қарындасыма сегізінші наурыз мерекесіне арнап сыйлық алғым келеді.
- Онда мына А. П Чеховтың әңгімелер жинағын алыңыз.
- Жоқ, маған қазақша кітаптар керек еді.
- Абайдың өлеңдер жинағы, Ф. Мүсіреповтың таңдамалы шығармалары, қазақ ертегілері бар.
- Маған Абайдың өлеңдер жинағын беріңізші.
- Кассаға 500 теңге төлеңіз

20-жақтығу. Мына өлеңтерді оқып, салыстырыңыз Жаттап алыңыз

Қараңғы түнде тау қалғып,	Горные вершины
Ұйқыға кетер балбырап.	Спят во тьме ночной.
Даланы жым-жырт, дел-салғып,	Тихие долины
Түн басады салбырап	Полны свежей мглой,
Шаң шығармас жол дағы,	Не пылит дорога,
Сілкіне алмас жапырақ.	Не дрожат листы..
Тыншығарсың сен дағы	Подожди немного,
Сабыр қылсаң азырақ.	Отдохнешь и ты

(Перевод Абая)

(М. Ю. Лермонтов)

21-жаттыгу. Жоғарыдагы өленнің сөзіне жазылған әнді тыңдаңыз және жаттап алыңыз

22-жаттыгу. Жолдасыңыздан Абайдың өмірбаяны туралы сұраңыз

23-жаттыгу. Қосымша әдебиеттер оқып, «Абай» тақырыбына байланысты пағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

6-сабақ

Придаточное времени (Мезгіл бағыныпқы).

Придаточное времени указывает на время действия главного предложения и отвечает на вопросы *қашан?* «когда?», *қашаннан бері?* «с каких пор?», *қашанға дейін (шейін)?* «до каких пор?» Сказуемое придаточного предложения времени образуется двумя способами:

* при помощи суффиксов причастия *-ған/-ген, -қан/-кен*, которые прибавляются к корню глагола-сказуемого, а затем следуют вспомогательные окончания и частицы *-да/-де, -ша/-ше, -ға/-ге дейін (шейін), -нан/-нен кейін, соң, кезде*

Мен кел-ген-де, сен үйде жоқсың «Когда я пришел, тебя не было дома»

Мен кел-ген-ше, сен үйде отыр «Пока я не приду, сиди дома»

Шешесі жұмыстан кел-ген-ге дейін (шейін), қызы тамақ пісіріп қойды

«Пока мама не пришла с работы, дочь приготовила ужин»

Емтихан тапсыр-ған-нан кейін, үйге барамыз

«Как только сдадим экзамены, поедем домой»


Жиналыс біт-кен соң, біз үйге кеттік

«Как только закончилось собрание, мы отправились домой».

Біз кел-ген кезде, олар жоқ. «Когда мы пришли, их не было»;

* при помощи суффиксов причастия *-ғалы/-гелі, -қалы/-келі*, которые прибавляются к корню глагола-сказуемого *Мен кел-гелі көп болды* «Прошло много времени с тех пор, как я пришел»

<p>Мен келгенде, сен жоқсың Мен келгенше, сен үйде отыр Сабақ біткен соң, біз үйге кеттік</p>	<p>Когда я пришел, тебя не было Пока я не приду, сиди дома Как только закончился урок, мы отправились домой. Когда мы пришли, их не было Как только сдадим экзамены, поедем домой Я закончу работу до того, как ты приедешь Прошло много времени с того, как я пришел</p>
<p>Біз келген кезде, олар жоқ Емтихан тапсырғаннан кейін, үйге барамыз Сен келгенге дейін (шейін), мен жұмысты бітіремін Мен келгелі көп болды</p>	




7-САБАҚ

1. Грамматика: Себеп бағыныңқы.
2. Лексика: Шоқан Уәлиханов.

1. ГРАММАТИКА: СЕБЕП БАҒЫНЫҒҚЫ (ПРИДАТОЧНОЕ ПРИЧИНЫ)

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

<p>Ақшамыз болмағандықтан, дүкенге барған жоқпыз.</p> <p>Сен онымен кездескеннен кейін, мен оған телефон соқпадым.</p> <p>Сен оған айтқан соң, мен үндемедім.</p> <p>Уақытым болмаған себепті, қонаққа бармаймын.</p>	<p>Мы не пошли в магазин, так как у нас не было денег.</p> <p>Я ему не позвонил, потому что ты с ним уже встретился</p> <p>Я промолчал, потому что ты ему уже рассказал</p> <p>Я не пойду в гости, потому что у меня нет времени.</p>
---	---



2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басынқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз. Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: *Басым ауырған соң (неге?), жиналыстан сұранып кеттім «Я отпросился с собрания, так как у меня болела голова».*

1. Басым ауырған соң, жиналыстан сұранып кеттім
2. Кеш болып қалғандықтан, біз әрі қарай жүрмедік.
3. Жиналыс уақытында болмаған соң, біз қатты ренжідік.
4. Биыл жаңбыр көп жауғандықтан, Қазақстанда астық бітік шықты.
5. Денсаулығы нашар болған себепті, оның баласын әскер қатарына алмады.
6. Үстінде жылы киім болмағандықтан, тоңып қалды.
7. Жұмысы көп болған себепті, демалыста ол елге бара алмады.
8. Қазақ тілінен сабақ болмаған соң, студенттер тез тарап кетті.
9. Мен қатты ауырған соң, сабаққа бармадым.
10. Үйіне қонақ келіп қалған соң, ешқайда бармады.

3-жаттығу. Мына сөйлесімдерді толықтырыңыз

I. 1. Үйде азық-түлік біткен соң, 2. Денсаулығы болмаған себепті, 3. Күні бойы далада көп жүргендіктен, 4. Мұғалім ауырып қалған соң, 5. Арман озат оқушы болған себепті, 6. Пойыз кеш келген себепті, 7. Жұмыс бітпегендіктен, 8. Жомарт ерінгендіктен, 9. Емтиханға әзірленбеген соң, 10. Жанбыр жауған соң, 11. Кеш болып қалғандықтан, 12. Уақыты аз болған соң,

II. 1. ..., қонақтар далада ұйықтады. 2. ..., балалар далада ойнайды. 3. ..., сабаққа келмеді. 4. ..., институтта оқи алмады. 5. ..., үйіне сәлемдеме жібере алмады. 6. ..., басым ауырды. 7. ..., біз Сізді көрмедік. 8. ..., көкөніс алдық. 9. ..., мен жұмысымды уақытында аяқтамадым. 10. ..., біз қуандық. 11. ..., тауға бармаймыз. 12. ..., ерте тұрамыз.

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сіз неліктен сабаққа келмедіңіз? 2. Балалар неге қуанып жатыр? 3. Жолдасыңыз неге қонаққа бармады? 4. Сіз неге ерте тұрдыңыз? 5. Арман неге үйге кірмеді? 6. Әкесі баласына неге ұрысты? 7. Әмина неге жылады? 8. Жолдасыңыз неге дұрыс жауап бермейді? 9. Астанада неге тұрмадыңыз? 10. Туыстарыңыз неге келді?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. Вы говорите неправильно, потому что не учите слова. 2. Вы не пойдете в горы, потому что не подготовились к школе. 3. Вы не понимаете, потому что не слушаете. 4. Я иду на базар, потому что дома закончились продукты. 5. Его никто не слышит, потому что он говорит тихо. 6. Он позвал меня, потому что шел интересный фильм. 7. Мы долго стояли на перроне, потому что поезд опоздал. 8. Я помогла подружке, потому что к ней приехало много гостей. 9. Я не понимаю текст, потому что плохо знаю слова. 10. Я никуда не пойдду, потому что у меня много работы. 11. Вода в реке сильно поднялась, потому что шли сильные дожди. 12. Мы сели в такси, потому что опаздывали.

2. ЛЕКСИКА: ШОҚАН УӘЛИХАНОВ.

6-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз

Шоқан Уәлиханов (1835–1865)

Шоқан Уәлиханов – қазақтан шыққан ең бірінші ғалым, саяхатшы және зерттеуші. Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысының Сырымбет деген жерінде туған «Шоқан» деген ат – әке-шешесінің еркелетіп қойған аты. Ақылды, парасатты Шоқан әжесінің бауырында өсті. Ол ерте хат таныды. Кітап оқуды өте жақсы көрді.

Шоқан Уәлиханов 12 жасында Омбыдағы кадет корпусына оқуға

түсті. Әуелде орысша бір ауыз сөз білмей келген Шоқан, екі-үш жылдың ішінде озат оқушылардың қатарына қосылды. Ол сол кезде оқуға тыйым салынған кітаптарды оқыды. Мұғалімдер Шоқанды 14-15 жасында болашақ ғалым, зерттеуші деп атады.

Шоқан Уәлиханов Семей, Аягөз, Қапал, Алакөл, Тарбағатай, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау жерлерінде болып, қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына байланысты материалдар жинады.

Ыстықкөл аймағында болып, қырғыз, ұйғыр, дүнген, қытай халықтарының тарихын, өмірін зерттеді. Қырғыз халқының асыл мұрасы «Манас» жырын алғаш рет хатқа түсірді. Оның «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл саларының күнделігі», т. б зерттеулері бар.

1857 жылы Шоқан жиырма екі жасында Орыс география қоғамына мүше болып сайланды. Үлкен ғалым атанды. Ол орыс халқының алдынгы қатарлы, озық ойлы ғалымдары П. П. Семенов Тянь-Шанскиймен, Ф. М. Достоевскиймен дос болды. Ф. М. Достоевский Шоқанды туған бауырындай көрді. Шоқан туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін армандады. Шоқанның еңбектерін орыс ғалымдары жоғары бағалады. Шығыс зерттеушісі Е. И. Ковалевский Шоқанды «қазақ халқының ең жақсы досы әрі орыстың мемлекет мүддесін қадір тұтушы», — деп атады. Потанин оны «Шығыстың құирықты жұлдызы» деді.

Шоқанның еңбектері бірнеше рет қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді. Алматыда, Көкшетауда ескерткіштер орнатылды. Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтына Шоқан Уәлихановтың есімі берілді.

Ш Сөздік

еркеленіп қойған аты — уменьши-	асыл мұра — ценное наследие
тельно-ласкательное имя	хатқа түсіру — записать
парасатты — смысленный	озық ойлы — прогрессивно
әжесінің бауырында — у бабушки	мыслящий
хат тану — обучиться грамоте	туған бауырындай көрді —
әуелде — вначале	относился как к родному
озат оқушы — отличник	мемлекет мүддесін қадір тұтушы —
тыйым салынған — запрещенный	защитник интересов государства
аймақ — окрестность	құирықты жұлдыз — комета

7-жаттығу. Әр сөздің түсінін орысша баламасын жазыңыз

Семей — ...	Баянауыл — .	Ыстықкөл — ..
Аягөз — ..	Көкшетау — ...	Жоңғария — ..
Қапал — ...	Іле — ...	қырғыз — ...
Алакөл — ..	Шоқан Уәлиханов — ...	дүнген — .
Тарбағатай — ...	Омбы — ..	қытай — ...
Қарқаралы — .	орысша — ...	ұйғыр — ...

8-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестеріне орыс тілінен балама табыңыз.

Қазақтан шыққан; деген жерінде; әке-шешесінің еркелетіп қойған аты; әжесінің бауырында; хат таныды; өте жақсы көрді; оқуға түсті; орысша бір ауыз сөз білмей келген, екі-үш жылдың ішінде; қатарына қосылды, тыйым салынған кітаптар; ауыз әдебиетінің үлгілері; Ыстықкөл аймағы; асыл мұра; Іле өлкесі; хатқа түсірді; мүше болып сайланды; алдыңғы қатарлы, озық ойлы; туған бауырындай көрді; жақсы тұрмысқа жетуін армандады; жоғары бағалады; мемлекет мүддесін қадір тұтушы, Шығыстың құирықты жұлдызы; бірнеше рет, жарық көрді; ескерткіштер орнатылды; есімі берілді

9-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шоқан Уәлиханов кім? 2. Ол қай жерде, қашан туды? 3. Ол қашан хат таныды? 4. Шоқанды кім тәрбиелесді? 5. Шоқан қайда оқыды? 6. Шоқан қалай оқыды? 7. Шоқан қайда барды, нелер жинады? 8. Ол қандай шығармалар жазды? 9. Шоқан Уәлиханов кім болып сайланды? 10. Шоқан Уәлихановты халық қалай бағалайды?

10-жаттығу. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз

қандай? не? кімің? қалай? несі?

Үлгі: Шоқан деген ат — әке-шешесінің еркелетіп қойған аты

1. Шоқан деген ат — әке-шешесінің еркелетіп қойған аты
2. Ақылды, парасатты Шоқан әжесінің бауырында өсті. 3. Әуелде орысша бір ауыз сөз білмей келген Шоқан екі-үш жылдың ішінде озап оқушылардың қатарына қосылды. 4. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін тарихы мен этнографиясына байланысты материалдар жинады. 5. 1857 жылы Шоқан жиырма екі жасында Орыс география қоғамына мүше болып сайланды. 6. Ф. М. Достоевский Шоқанды туған бауырындай көрді. 7. Шоқанның еңбектерін орыс ғалымдары жоғары бағалады. 8. Шоқан туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін армандады. 9. Шоқанның еңбектері бірнеше рет қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді. 10. Алматыда, Көкшетауда ескерткіштер орнатылды.

11-жаттығу. Жақша шіндегі сөздердің тиістісін қойып жазыңыз

1. Шоқан деген ат (атасының, әке-шешесінің, өзінің) еркелетіп қойған аты. 2. Шоқан Уәлихановты әжесі Айғаным (саилады, тәрбиелесді, көрді) 3. Шоқан 12 жасында Омбыдағы (арнаулы орта оқу орнына, мектепке, кадет корпусына) оқуға түсті. 4. Шоқан Уәлиханов (неміс, қазақ, орыс) тілін тез арада үйреніп алды. 5. Шоқан Уәлиханов көп жерде болып, қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына байланысты (кітаптар, шығармалар, материалдар) жинады. 6. 1857 жылы Шоқан Орыс география қоғамына мүше болып (жазылды, сайланды, қатысты). 7. Шоқанның еңбектерін орыс ғалымдары жоғары (бағалады, санады, ойлады). 8. Шоқан Уәлиханов — атақты (инженер, ғалым, дәрігер).

12-жаттығу. Мына сөйлесімдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыз

1. Шоқан Уәлиханов 30 жыл өмір сүрген 2. Шоқан кезінде ақылды, парасатты бала болатын. 3. 12 жасында Шоқан Омбыдағы қалет корпусына оқуға түсті. 4. 22 жасында Орыс география қоғамына мүше болды 5. Шоқан туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін армандады. 6. Шоқанға Алматыда, Көкшетауда ескерікші қойылды. 7. Шоқанның аты ғылыми-зерттеу институтына берілді. 8. Шоқан Уәлиханов — атақғы ғалым.

13-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз

1. Шоқан әжесінің бауырында өсті. 2. Мұғалімдер Шоқанды 14-15 жасында болашақ ғалым, зерттеуші деп атады. 3. Шоқан Уәлиханов қырғыз, ұйғыр, дүнген, қытай халықтарының тарихын, өмірін зерттеді. 4. Ол қырғыз халқының асыл мұрасы «Манас» жырын алғаш рет хатқа түсірді. 5. 1857 жылы Шоқан жиырма екі жасында Орыс география қоғамына мүше болып сайланды. 6. Шоқан орыс халқының алдыңғы қатарлы, озық ойлы ғалымдарымен дос болды. 7. Шоқан туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін армандады. 8. Шоқанның еңбектерін орыс ғалымдары жоғары бағалады.

14-жаттығу. Кестенің сол жағындағы сұрақтарды аударыңыз. Ал жолдасыңыз оған оң жақ бағандағы сөздерді пайдаланып жауап берсін

1. Қоғда и где родился Чокан Валиханов?	1835 жылы, Көкшетау облысының Сырымбет деген жерінде,
2. Кто дал ему имя «Чокан»?	әке-шешесінің еркелетіп қойған аты,
3. Когда он обучился грамоте?	ерте,
4. Где учился Чокан?	Омбыдағы қалет корпусында,
5. Как он учился?	озақ оқушылардың қатарында;
6. Какие книги он читал?	оқуға тиыым салынған,
7. Где он побывал?	Семей, Аягөз, Қапал, Алакол, Тарбағатай, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау жерлерінде;
8. Что он собирал?	қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына байланысты материалдар;
9. Куда он был избран в 1857 году?	Орыс география қоғамына,
10. С кем он дружил?	П. П. Семенов Тян-Шанскиймен, Ф. М. Достоевскиймен,
11. О чем мечтал Чокан Валиханов?	туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін

15-жаттығу. Мына сөйлесімдерді өткен шақтың барлық түрлеріне қойып жазыңыз

Үлгі: Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысында туды.
Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысында туған.
Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысында туыпты.

1. Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысында туды. 2. Ақылды, парасатты Шоқан әжесінің бауырында өсті. 3. Ол ерте хат таныды. 4. Кітап оқуды өте жақсы көрді. 5. Шоқан Уәлиханов 12 жасында Омбыдағы кадет корпусына оқуға түсті. 6. Шоқан екі-үш жылдың ішінде озат оқушылардың қатарына қосылды. 7. Ол сол кезде оқуға тыйым салынған кітаптарды оқыды. 8. Мұғалімдер Шоқанды 14-15 жасында болашақ ғалым, зерттеуші деп атады. 9. Шоқан Уәлиханов Семей, Аягөз, Қапал, Алақол, Тарбағатай, Қарқаралы, Баянауыл, Кокшетау жерлерінде болып, казак халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына байланысты материалдар жинады. 10. 1857 жылы Шоқан жиырма екі жасында Орыс география қоғамына мүше болып сайланды. 11. Ф. М. Достоевский Шоқанды туған бауырындай көрді. 12. Шоқан туған халқының жақсы тұрмысқа жетуін армандады.

16-жаттығу. Мына екі жай сөйлемнен шылауларды пайдалана отырып, құрмалас сөйлем құраңыз.

1. Шоқан ақылды, парасатты бала болды. Ол ерте хат таныды. 2. Ол орысша бір ауыз сөз білмеді. Екі-үш жылдың ішінде озат оқушылардың қатарына қосылды. 3. Шоқан өте жақсы оқыды. Мұғалімдер Шоқанды 14-15 жасында болашақ ғалым, зерттеуші деп атады. 4. 1857 жылы Шоқан жиырма екі жасында Орыс география қоғамына мүше болып сайланды. Үлкен ғалым атанды. 5. Шоқан Уәлиханов — атақты ғалым, зерттеуші, саяхатшы, этнограф, географ, ағартушы, демократ Шоқанды орыс ғалымдары жоғары бағалады. 6. Мен Шоқан Уәлихановтың шығармаларын ұнатамын. Оларды оқығым келеді.

17-жаттығу. Жақшаның ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін аударып жазыңыз

«Шоқан» деген ат (ласкательное имя, данное ему родителями), оның шын аты — Мұхаммедқанафия. 2. Шоқан 1835 жылы Көкшетау облысының Сырымбет деген жерінде (родился). 3. Ол өте (умный, смышленный) бала болып өсті. 4. (Воспитываясь у бабушки), ол арабша хат таныды. 5. Шоқан Уәлиханов 12 жасында (Омский кадетский корпус) оқуға түсті. 6. Ол (лучший) оқушы болды, мұғалімдер оны 14-15 жасында (будущий ученый, исследователь) деп атады. 7. Шоқан Уәлиханов (Семипалатинск, Аягуз, Капал, Алаколь, Тарбағатай, Карқаралинск, Баян-аул, Кокшетау) жерлерінде болды. 8. Ол (образцы устного народного творчества казахского народа, история и этнография) байланысты материалдар жинады. 9. Ол (кыргызский, уйгурский, дунганский, китайский) халықтарының тарихын, өмірін зерттеді. 10. (В 1857 году в возрасте 22 лет) Орыс география қоғамына (избран членом). 11. Шоқан (с русскими прогрессивно мыслящими учеными П. П. Семеновым Тянь-Шанским, Ф. М. Достоевским) дос болды. 12. Шоқан (чтобы его народ достиг хорошей жизни) армандады.

18-жаттығу. Қазак тіліне аударыңыз

Чокан Валиханов родился в 1835 году в нынешней Кокшетау-ской области. Он рос очень умным, смышленным мальчиком. Настоящее его имя — Мухаммедханафия. Чокан — это ласкательное имя,

данное ему родителями. Он обучился арабской грамоте, знал чагатайский (шагатай) и другие тюркские (түркі) языки. В 12 лет он поступил в Омский кадетский корпус. Он учился очень хорошо.

Он побывал во многих местах, собирал образцы устного народного творчества и материалы, связанные с историей и этнографией не только казахского, но и уйгурского, кыргызского, дунганского, китайского народов. Он впервые записал эпос кыргызского народа «Манас». В 1857 году он стал членом Русского географического общества. Чокан дружил с русскими прогрессивно мыслящими учеными П. П. Семсиновым, Тянь-Шанским, Ф. М. Достоевским.

Чокан Валиханов – великий ученый, исследователь, этнограф, географ, историк, просветитель, демократ. Он прожил короткую, но яркую жизнь. Чокан Валиханов умер в 1865 году в возрасте 30 лет. Казахский народ высоко ценит великого ученого. Его труды несколько раз выходили в свет на русском и казахском языках. Ему установлены памятники, именем Чокана Валиханова названы улицы и учебные заведения. Институт истории, археологии и этнографии Казахской академии наук носит его имя.

19-жақтығы. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз

Омбыдағы кадет корпусында Шоқан Гриша Потанин деген баламен дос болады. Г. Потанин казак халқының ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым Шоқан туралы естеліктерінде былай деп жазған. «Мен Шоқанмен корпусқа оқуға келгенде таныстым. Ол орысша білмеді, ал мен қазақша білмедім. Бірақ Шоқан орыс тілін тез арада үйреніп алды. Ексуіміз де кітап оқуды жақсы көрдік, әсіресе саяхатшылар туралы кітапқа қатты қызығатынбыз, сондықтан екеуіміз жақсы араласып кеттік.

Мен казак даласы мен географиясы туралы есіп-білгенімді дәптерге жазып алып жүрдім. Шоқан сол жазуларды өз әңгімесімен толықтыра түсті. Сөйтіп біз қазақтардың бүркітпен аңға шығуын толық жаздық. Шоқан бүркітті қалай баптау керектігін және аңға салудың ретін жақсы білетін. Мен оның айтқанын жазып алатынмын да, ол менің жазғандарыма суреттер салып отыратын. Осы кездерден бастап біз айрылмастай дос болдық.

Шоқан тез жетілді, ал оқуда орыс достарынан озып та кетті. Ақылды, дарынды балаға үлкендер де қызыға қарайтын. Демалыс күндері оны офицерлер мен Сібір шенеуніктері үйлеріне шақыратын. Қаладағы өнерлі, білімді адамдармен араласуы Шоқанның талабын жетілдіре түсті.

Шоқан өте көп оқитын, саяхатшы болуды армандаитын. Қаладағы кітапханадан кітап алу сол кезде тек Шоқанға ғана рұқсат етілді. Ол әкелген кітаптарды мен де құмарта оқимын.

Біз Шоқаннан үлкен болсақ та, білім жағынан ол бізден әлдеқайда жоғары еді. Корпус оқушылары үшін Шоқан «Еуропаға ашылған терезе» іспеттес еді»

(«Қазақ әдебиеті» оқулығынан)

Сөздік

естелік — воспоминание
араласу — общаться
бүркіппен аңға шығу — выходить
на охоту с беркутом
бүркітті баптау — готовить беркута
к охоте

айрытмастай — неразлучный
шенеуніктер — чиновники
кұмарта с удовольствием
олдеқайда — намного
іспеттес — подобный, наподобие

20-жаттығу. Мына сұрақтарды пайдалана отырып Шоқан Уәлиханов туралы әңгімеленіз.

1. Шоқан мен Григорий Потанин қай жерде танысты? 2. Григорий Потанин кім? 3. Ол не жазды? 4. Екеуі нені жақсы корді? 5. Екеуі бүркітпен аңға шығуды қалай жазды? 6. Ол қалай оқитын? 7. Шоқан нені армандайтын? 8. Корсус оқушылары үнін Шоқан кім еді?

21-жаттығу. Мына сұрақтарды пайдалана отырып, Шоқан Уәлиханов туралы әңгімеленіз

1. Шоқан қашан гуды, қайда тәрбиеленді? 2. Шоқан қайда оқыды, қандай оқушы болды? 3. Мектепті бітірген соң, қалай қызмет етті? 4. Шоқан Уәлиханов кім, оның қандай еңбектері бар?

22-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, Шоқан Уәлиханов туралы шатын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

7-сабақ

Придаточное причины (Себеп бағыныңқы).

Придаточное причины указывает на причину того, о чем говорится в главном предложении и отвечает на вопросы *неге?* «почему?», *неліктен?* «отчего?», *не себепті?* «по какой причине?» Сказуемое придаточного предложения причины образуется путем прибавления к корню глагола суффиксов *-ған/-ген, -қан/-кен*, за которыми следуют суффиксы *-дықтан/-діктен* или послелоги *соң, кейін, себепті, үшін*

Ақтамыз болмағандықтан,
дүкенге барған жоқпыз.

Сен онымен кездескеннен
кейін, мен оған телефон
соқпадым.

Сен оған айтқан соң, мен
үндемедім


Уақытым болмаған себепті,
қонаққа бармамын

Мы не пошли в магазин,
так как у нас не было денег

Я ему не позвонил,
потому что ты с ним уже
встретился

Я промолчал, потому что ты
ему уже рассказал.

Я не поиду в гости, потому что
у меня нет времени




8-САБАҚ

1. Грамматика: Мақсат бағыныңқы.
2. Лексика: Ыбырай Алтынсарин.

1. ГРАММАТИКА: МАҚСАТ БАҒЫНЫҢҚЫ (ПРИДАТОЧНОЕ ЦЕЛИ).

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, салыстырыңыз

Институтқа ерте <u>жету үшін</u> , біз тез жүрдік	Для того, <u>чтобы</u> пораньше добраться до института. мы шли быстро.
Базарға <u>барайын деп</u> , автобуска отырдым	Я села в автобус, <u>чтобы</u> доехать до базара.
Дүкеннен азық-түлік <u>әкел деп</u> , сені жібердім	Я отправила тебя в магазин, <u>чтобы</u> ты купил продукты.
Баласы жақсы оқысын деп, әкесі көп оқулық әкеліп берді.	<u>Чтобы</u> сын хорошо учился, отец принес ему много учебников.



2-жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, басыңқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсетіңіз Орыс тіліне аударыңыз

Үлгі: Қонақтар демалсын деп (неге?), ол далаға шығып кетті. «Он вышел на улицу, чтобы гости отдохнули».

1. Қонақтар демалсын деп, ол далаға шығып кетті. 2. Институтқа ертерек бару үшін, біз жатақханадан ерте шықтық. 3. «Қыз Жібек»

операсын тыңдау үшін, біз опера және балет театрына бардық. 4. Қымыз ішсін деп, баласын жайлауға жіберді 5. Баласы шетел тілін үйренсін деп, ол баласын лингвистикалық мектепке орналастырды. 6. Қазақ тілін тез үйрену үшін, қазақтармен қазақша көбірек сөйлесу керек. 7. Алматыны көру үшін, ауылдан келдік. 8. Астанаға барайын деп, пойызға билет алдым 9. Дүкеннен нан алсын деп, ақша бердім 10. Атасы жазылсын деп, емханаға алып барды.

3-жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз

1. 1. Жақсы оқу үшін, ... 2. Дүкеннен кітап сатып алсын деп, ... 3. Адам тез жазылу үшін, . 4. Баласы білімді болсын деп, ... 5. Борш пісіру үшін, . 6. Үйіне тез жетейін деп, ... 7. Жұмыс бітсін деп, ... 8. Шай ішеік деп, ... 9. Қонақтар риза болсын деп, ... 10. Тоңбау үшін, ... 11. Ауырмау үшін, .

II. 1. ..., мен сабағымды орындап қойдым. 2. ..., жұмысын бітпеді. 3. ..., қазақ тілін үйреніп жүрмін. 4. ..., соңғы хабарларды тыңдаймын. 5. ..., көп дайындалдым. 6. ..., маған телефон соқты. 7. ..., ерте жаттық. 8. ., үйді жинадық. 9. ., тамақ пісірдік 10. ..., қатты сөйледі. 11. . , аяғына жана етік сатып алды.

4-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Азық-түлік алсын деп, шешесі қанша ақша берді? 2. Үйге сөлемдеме жіберу үшін, не істеу керек? 3 Жақсы демалу үшін, қайда бару керек? 4. Сіз қазақ тілін неге үйреніп жүрсіз? 5 Институтты жақсы бітіру үшін, не істеу керек? 6. Ана тіліңізді білу үшін, не істеуіңіз керек? 7. Достарың көп болу үшін, не істеу керек? 8. Сіз мына жаттығуды неге орындап отырсыз? 9 Бесбармақ жасау үшін, не істеу керек? 10 Сіз теміржол бекетіне не үшін келдіңіз?

5-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз.

1 Я пришел в столовую, чтобы пообедать. 2. Для того, чтобы выздороветь, ты должен лечиться. 3 Вы вышли из дому рано, чтобы не опоздать на поезд. 4. Для того, чтобы быть образованным, я много читаю 5. Моя мама отправила меня на базар купить овощи и фрукты. 6 Для того, чтобы не заболеть, он надел пальто. 7. Мы отправились в кино, чтобы посмотреть интересный фильм 8 Абай изучал русский язык, чтобы познакомиться с русской культурой, литературой и историей. 9. Берик позвонил, чтобы поговорить с тобой. 10. Я много работал, чтобы вовремя закончить работу.

2. ЛЕКСИКА: ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН.

6-жаттығу. Мәтінді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз.

Ыбырай Алтынсарин
(1841–1889)

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Торғай облысында туған. Оның әкесі ерте қайтыс болды. Ыбырайды атасы Балғожа тәрбиеледі. 1850

жылы Балғожа өзінің немересін қазақ балаларына арнап ашылған мектепке оқуға берді. Мектепте ол алғаш татар тілінде оқиды. Кейін ол оқуды орыс тілінде аяқтады. Ыбырай жеті жылдық мектепті бітірген соң, туған халқы үшін қызмет етеді. Ең алдымен тілмаш, кейін мектепте мұғалім болып істейді. Ол қазақ балалары үшін мектептер ашып, жана мектептер салдырды. Ол қыздар үшін де мектептер ашты. Мектептерге арнап көп жұмыс атқарды.

Дарынды педагог 1879 жылы мектеп оқушыларына арнап «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» деген екі кітап жазып бастырды. Ыбырай бар еңбегін жастарды тәрбиелеуге жұмсады. Ол балаларға арнап көптеген олең, әңгімелер жазды. Ыбырай Алтынсарин И. А. Крыловтың, Л. Н. Толстойдың, К. Д. Ушинскийдің әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Ыбырай Алтынсариннің «Өзен», «Жаз» деген өлеңдері табиғат туралы «Бай баласы мен жарлы баласы», «Атымтай Жомарт», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деген әңгімелері — өмірдің әр саласына арналған әңгімелер. Ыбырай Алтынсариннің қай шығармасын алсаң да, балаларды білімге, еңбекке, адалдыққа, іскерлікке шақырады. Оның «Кел, балалар, оқылық» деген олеңін қазір барлық балалар жатқа біледі.

Ыбырай Алтынсарин өрі педагог, өрі ақын, өрі жазушы болған. Қазақ халқы Ыбырай Алтынсаринді әрқашан жоғары бағалайды. Алтынсариннің әдеби, педагогтік еңбектері қазақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылып шықты. Қазақстанда бірқатар жалпы және арнаулы орта оқу орындарына Ыбырай Алтынсарин есімі берілді. Ыбырай Алтынсарин туралы ақын Ф. Қайырбеков «Дала қоңырауы» атты поэма, драматург М. Ақынжанов «Ыбырай Алтынсарин» деген пьеса жазды. Қостанай қаласында оған ескерткіш орнағалды. Республикадағы педагогика ғылыми-зерттеу институты Ыбырай Алтынсарин есімімен аталады.

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жоғары бағалаған. Ол өз халқын сүйген патриот адам. Ыбырай Алтынсарин халқын адалдыққа, еңбекке және өзге халықтармен достықта болуға шақырды.

📖 Сөздік

жеті жылдық мектеп — школа-семилетка
 школа-семилетка
 тілмаш — переводчик
 салу — строить
 атқару — исполнять
 дарынды — талантливый
 құрал — средство
 еңбегін жұмсады — направил
 свою работу
 жастар — молодежь
 табиғат — природа
 жарлы — бедняк
 өрмекші — паук
 құмырсқа — муравей

қарлығаш — ласточка
 адалдық — честность
 іскерлік — мастерство
 өрі өрі — и и
 әрқашан — всегда
 бірқатар — целый ряд
 жалпы және арнаулы орта оқу
 орындары — общие и специальные
 учебные заведения
 дала — степь
 қоңырау — колокол
 ғылыми-зерттеу — научно-исследовательский
 сүйю — любить

7-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз

Қайтыс болу; тәрбиелеу; оқуға беру; жеті жылдық мектеп; қызмет ету; тілмаш, жұмыс атқару; дарынды педагог; бастыру, балаларға арнау, табиғат туралы; өмірдің әр саласына арналған әңгімелер; білімге, еңбекке, іскерлікке, адалдыққа шақыру; жоғары бағалау; басылып шығу, жалпы және арнаулы орта оқу орындары; есімі берілді; өз халқын сүйген патриот адам, өзге халықтармен достықта болу.

8-жаттығу. Мына сұрақтарға жауап беріңіз

1. Ыбырай Алтынсарин қайда туды? 2. Оның әкесі қашан қайтыс болды? 3. Оны кім тәрбиеледі? 4. Ыбырай қандай мекіспті оқып бітірген? 5. Мектепті бітірген соң кім болып істеді? 6. Балалар үшін не ашты? 7. Ыбырай барлық еңбегін неге жұмсады? 8. Ыбырайды кім жоғары бағалайды? 9. Алтынсариннің есімімен не аталады? 10. Ыбырай Алтынсарин өз халқын неге шақырды? 11. Ыбырай Алтынсарин кім?

9-жаттығу. Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз

1. Ыбырайды атасы Балғожа 1850 жылы қазақ балаларына арнап ашылған мектепке оқуға берді 2. Дарынды педагог 1879 жылы мектеп оқушыларына екі кітап жазып бастырды. 3. Алтынсариннің әдеби, педагогтік еңбектері Кеңес өкіметі жылдарында қазақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылып шықты

10-жаттығу. Жолдасыңыздың сөзін теріске шығарыңыз

1. Ыбырай Алтынсарин Қарағанды облысында туған. 2. Ыбырайды әкесі тәрбиеледі. 3. Ыбырай мектепте қытай тілінде оқыды 4. Ыбырай мектепті бітірген соң, институтқа оқуға түсті. 5. Кейіннен Ыбырай институтта сабақ берді. 6. Алтынсарин орыс жазушыларының әңгімелерін неміс тіліне аударды. 7. Ыбырай Алтынсарин көп өмір сүрген. 8. Алматыдағы Қазақ Ұлттық университеті Ыбырай Алтынсарин есімімен аталады. 9. Сіз Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңін жатқа білесіз. 10. Сіз Ыбырайдың «Бай баласы мен жарлы баласы» деген әңгімесін қазақша оқыдыңыз.

11-жаттығу. Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріп, сөйлем мүшелерінің астын сызыңыз

1. Ыбырай қашан туған? 2. Ыбырайды кішкентай кезінен кім тәрбиеледі? 3. Атасы Балғожа өзінің иесімен қайда оқуға берді? 4. Ыбырай жеті жылдық мектепті бітірген соң, не істеді? 5. Мектеп оқушыларына арнап ол не жазып бастырды? 6. Қазақ халқы Ыбырай Алтынсаринді қалай бағалайды? 7. Қостанай қаласында оған не орнатылды? 8. Алматыда Ыбырай Алтынсарин есімімен не аталады? 9. Ыбырай Алтынсарин халқын неге шақырды? 10. Сіз Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармаларын білесіз?

12-жаттығу. Мына сөздерге синонимдер тауып айтыңыз

Есім, өмір сүру, жұмыс, жұмыс істеу, өлу, ұстаз, басылып шығу, белгілі, талантты, құлақ салу, оқыту.

13-жаттығу. Жақша шіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

1. Ыбырай Алтынсарин (выдающийся ученый, просветитель).
2. Ол 1841 жылы (родился). 3. Ыбырайдың әкесі (умер), оны атасы Балғожа (воспитывал) 4. Ыбырай 48 жыл (жил). 5. (Талантливый педагог) балаларға мектеп ашып, «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» деген екі кітап (написал и опубликовал) 6. Алтынсарин балаларды (к честности, труду, знаниям) шақырды. 7. Ыбырай Алтынсаринді (свой народ) жоғары бағалаған. 8. Алтынсарин есімі (целому ряду общих и специальных учебных заведений) берілді. 9. Педагогикалық (научно-исследовательский институт) Ыбырай Алтынсарин есімімен аталады. 10. Ыбырай Алтынсаринді қазақ халқы (высоко ценит).

14-жаттығу. Қазақ тіліне аударыңыз

Ибрай Алтынсарин родился в 1841 году в Торгайской области. Его отец умер рано. Ибрай воспитывал дедушка Балгожа. В школе Ибрай познакомился с произведениями В. Шекспира, И. Гёте, Д Байрона, А. Пушкина, Н. Гоголя, М. Лермонтова, И. Крылова, А. Фирдوسی, И. Низами и других писателей. После окончания школы он работал сначала секретарем у своего деда Балгожи, затем переводчиком, а потом учителем в школе. Он построил школы для детей, написал и выпустил в свет «Казахскую хрестоматию», «Руководство к обучению казахов русскому языку». Ибрай Алтынсарин призывал детей к труду, честности, знаниям

Алтынсарин — известный педагог, просветитель, поэт, писатель. Казахский народ высоко ценит его. Его произведения несколько раз издавались на казахском и русском языках.

15-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз

1. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 2. 1850 жылы атасы Балғожа 3. Мектеп бітірген соң, Ыбырай 4. Ол қазақ балалары үшін 5. Ол балаларға арнап көптеген 6. Оның өлеңдері 7. Қостанай қаласында 8. Оның «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңін 9. Ыбырай Алтынсарин — атақты 10. Ыбырай Алтынсарин туралы

16-жаттығу. Мына сөйлемдердің басын өзіңіз тауып жазыңыз

1. ... қайтыс болды. 2. ... тәрбиеледі. 3. ... оқыды. 4. ... көп жұмыс атқарды. 5. ... жазып бастырды. 6. ... қазақ тіліне аударды. 7. ... басылып шықты. 8. ... шақырды. 9. ... жоғары бағалайды. 10. ... Алтынсарин есімі берілді.

17-жаттығу. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлем құраңыз

Туу; қайтыс болу; тәрбиелеу; оқуға беру; мектепті бітірген соң; тілмаш; дарынды педагог; қазақ тіліне аудару, білімге, еңбекке, адалдыққа, іскерлікке шақыру; жатқа білу, жоғары бағалау; ескерткіш орнату; есімімен аталу

18-жаттығу. Мәтінге жоспар құрып, Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімелеңіз.

19-жаттығу. Мәтінге сұрақтар құрап жазып, сол бойынша жолдасыңызбен сөйлесіңіз

🌀 **20-жаттығу.** Олеңді тыңдап, оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Өнер, білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.

21-жаттығу. Оқыңыз және создқп пайдаланып орыс тіліне аударыңыз.

1. «Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен тұрады:

- Өлеңдер, балаларға арналған әңгімелер мен ертегілер және оқушылардың өке-шешесіне жазған хаттарының үлгілері;
- Ересектерге арналған әңгімелер;
- Ауыз әдебиетінің үлгілері;
- Мақал-мәтелдер

2. «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» сегіз бөлімнен тұрады:

- Зат есім; • Үстеу және шылау,
- Сын есім; • Предлог;
- Сан есім; • Етістік;
- Есімдік; • Қазақ тілінен орыс тіліне аудару үлгілері.

22-жаттығу. Қазақшасы мен орысшасын салыстырыңыз және жаттап алыңыз.

Кел, балалар, оқылық,	Дети, будем учиться!
Оқығанды көңілге	В памяти вашей пусть
Ықыласпен тоқылық.	Знаний запас сохранится
Оқысаңыз, балалар,	Ученье даст вам счастье,
Шамнан шырақ жағылар	Оно озарит как свет
Тілегенің алдыңнан	Каждос ваше желанье,
Іздемей-ақ табылар.	Яркий оставит свет.

(Ы Алтынсарин)

23-жаттығу. Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқыңыз Орыс тіліне аударыңыз

Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу қайтып келе жатса, жолда қалған аттын бір ескі тағасын көріп, баласына айтты

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп

Бала әкесіне.

— Сынып қалған өскі тағаны алып не қылайын, деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты.

Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына үйші, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиеді жалма-жан жерден алып, аузына салды. Шамалы жүрген соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен ор жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

— Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріңдің. Енді сол тағаға алған шиеңнің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсыңсан, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат сте білмесең, көптен құр қаларсың, — деді.

Сөздік

таға — подкова

иілу — наклоняться

ұста — кузнец

тиын — монета

шие — вишня

аяңдап — медленно

жалма-жан — быстро

срину — тениться

еңкею — наклоняться

азға қанағат сту — довольствоваться малым

көптен құр қаласың — останешься ни с чем

24-жаттығу. Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, өңгіменің мазмұнын аитыңыз

1. Әкесі жолда не көрді? 2. Баласына не деді? 3. Баласы не деп жауап берді? 4. Әкесі тағаны не істеді? 5. Үш тиынға не сатып алды? 6. Жерге түсіп қалған шиені кім жерден алып, аузына салды? 7. Әкесі баласына шиені орамалымсы беріп гүрып не деді? 8. Сіздіңше, шиені әкесі баласына неге бірден бере салмады?

25-жаттығу. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып «Ыбырай Алтынсарин» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз

ГРАММАТИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК

8-сабақ

Придаточное цели (Мақсат бағыныңқы).

Придаточное цели отвечает на вопросы *неге?* «зачем?» *не үшін?* «для чего?», *не мақсатпен?* «с какой целью?» Сказуемое придаточного предложения цели также образуется двумя способами

• от исходной формы глагола с послелогом үшін *Институтқа ерте жету үшін, біз тез жүрдік.* «Для того, чтобы пораньше дойти до института, мы шли быстро»,

• от повелительной формы глагола во всех числах и лицах со вспомогательным глаголом деп

Базарға бар-аиын деп, автобуска отырдым

«Я села в автобус, чтобы добраться до базара»


Дүкеннен азық-түлік әкел деп, сені жібердім

«Я отправила тебя в магазин, чтобы ты купил продукты»

Баласы жақсы оқы-сын деп, әкесі көп кітап әкеліп берді

«Чтобы сын хорошо учился, отец принес ему много книг».

Институтқа ерте <u>жету үшін</u> , біз тез жүрдік	Для того, чтобы пораньше добраться до института, мы шли быстро
Базарға <u>барайын деп</u> , автобуска отырдым.	Я села в автобус, <u>чтобы</u> доехать до базара
Дүкеннен азық-түлік <u>әкел деп</u> , сені жібердім	Я отправила тебя в магазин, чтобы ты купил продукты
Баласы жақсы <u>оқысын деп</u> , әкесі көп оқулық әкеліп берді	Чтобы сын хорошо учился, отец купил ему много учебников



**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ОРЫС ТІЛІНЕ ӨЗ БЕТІМЕН
АУДАРУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР****Үтік**

Үтік жайындағы мәлімет XVII ғасырдағы әдебиетте кездеседі. Откен ғасырдың аяғында үтіктің неше түрі ойлап шығарылды: газбен, көмірмен, ширтпен, бумен, кросинмен тағы басқалармен қыздырылатын үтіктер. Бірақ нағыз прогрестік нәтижесі электр үтігінің шығуы болды.

Ине

Ине бұдан он мың жыл бұрын пайда болған. Ине ағаштан, сүйектен, қоладан, содан соң темірден жасалған. Ал бай адамдар күмістен жасатқан. Болаттан істелген тұңғыш инені Еуропаға арабтар әкелген.

XVI ғасырда Францияда сым созатын машина ойлап табу ине, түйреуіш жасау ісіне үлкен жаңалық енгізді. Қазір ине химиялық құрамы өте күрделі, сапалы болаттан жасалады.

Қайшы

Қайшы алғашқыда біздің заманымызға дейінгі бір жарым мыңыншы жылдары ойлап шығарылды. Тігіншілер пайдаланатын қайшы біздің заманымыздың 300-ші жылдары Ежелгі Римде пайда болған.

Ал VIII ғасырда бір қолөнерші екі кескіш темірді білікпен қосу әдісін тапқан, содан барып қазіргі бәріміз білетін қайшы пайда болған.

Қағаз

Қағазды біздің заманымыздың бірінші ғасырында қытайлықтар ойлап тапты. VII ғасырда қағаз Персияға, одан Арабияға тарады, кейін арабтар оны Еуропаға әкелді. Тәжікстандағы Муг тауынан табылған VII ғасыр архивінің көптеген құжаттары қағазға жазылған.

Ресейде бірінші қағаз фабрикасы XVI ғасырда Мәскеу маңындағы Ивантеевка селосында салынды. 1716 жылы I Петр астанаға таяу жерден ірі қағаз фабрикасын салдырды. Қазір қағаздың 600-ден астам түрі бар.

(«Мәдениет және тұрмыс» журналынан)

Қолшатыр

Қолшатырды басына көтеріп жүру бұдан бірнеше мың жыл бұрын Шығыс елдерінде пайда болған. Оны байлығын көрсету үшін, Египет фараондары, Қытай алпауыттары ұстайды екен. Қолшатыр алтынмен, асыл тастармен, тұлдармен, тіпті құс қауырсындарымен де өсемделген.

Еуропада қолшатыр пайда болғанына бірнеше ғасыр болды. Ол күннен, жауыннан қорғайтын тамаша құрал саналады. Алғашқы қолшатыр теріден жасалды, әрі ол ауыр болған.

XIX ғасырдың ортасында осы күнгі қолшатырды енгізгені үшін ағылшын Г. Фокске патент берілген.

Жапонияның Камо қаласында ең ірі қолшатыр жасалды. Оның диаметрі – 5,7 метр, сабы – 7 метр.

Витаминдер

Тамақтың құрамында адам организміне керекті витаминдер бар. Ас құрамында витамин аз болса, адам түрлі ауруға ұшырағыш келеді.

«А» витамині жеткіліксіз болса, адамның көзі көрмей қалады. Бұл балық майында, сүтте, сары майда болады. «С» витамині жетпесе, қыркұлақ /цинга/ ауруына шалдығады. Бұл сәбізде, кашустада, пиязда, қызанақта, лимонда, апельсинде, қызылшада, қарақатта болады. «В» витамині жеткіліксіз болса, адам денесін қотыр басып кетеді. Мұның бір түрі «В1» бұршақта, ашытқыда, бауырда, сүтте, жұмыртқаның сары уызында, қара бидаида, күріште болады. Бұны жүіке тамырлары, жүрек ауырғанда, бастың сақинасы ұстағанда, денеге қара жара, қотыр түскенде қолданады.

Су бетіндегі бақшалар

Үндістанның солтүстігінде, табиғаттың тамаша бір қолайлы жерінде, Кашмир аңғары бар. Бұл өлкенің халқы су айдындарын, көлдерді керемет пайдаланады. Су балдырлары мен қамыстарды қосып өріп, үлкен салдар жасайды. Осы салдардың үстіне қара тошырақ төсеп, үстіне бақша өсімдіктерін отырғызады.

Мұндай бақшаларға су құюдың керегі жоқ, өйткені өсімдіктің тамырлары тоқылған балдырлар мен қамыстар арқылы өтіп, суға тиіп тұрады. Жеткілікті күннің қызуы мен мол судың арқасында жергілікті халық жылына екі рет өнім алады. Судың бетінде қалқып жүрген бақшалар – бұл жердің негізгі кәсібі.

Өркім-ақ армандайтын үй

Билл Гейтс – дүние жүзіндегі бай адамдардың бірі. Ол – компьютер өндірісіндегі миллионер. Оның АҚШ-та осы заманғы керемет үйі бар. 45 бөлмесінің әрқайсысында бір-бір компьютер. Радио, теледидар, бейнетаспа және тоназытқышқа арналған компьютер де бар.

Үйде екі арнаулы бөлме бар. Билл Гейтстің шағын бөлмесі және 150 адамға арналған дивандары, орындықтары бар үлкен бөлме. Сонымен бірге қонақтарға арналған жатын бөлме және 12 жуынатын бөлме, өтс үлкен ас үй және жеке меншік кинотеатры да бар. Барлық киноны компьютер арқылы көреді. Өздерінің жеке бассейні және 20 машинаға арналған гаражы да осында.

(«Сен білесің бе?» кітабынан)

Киіз үй

Киіз үй Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Ол — көшпенділердің тез жығын, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі.

Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі. Оның сол кезден тарағанын Гоби Алтайындағы, Сібірдегі Баржаркия, Қырымдағы тастарға салған суреттерден көруге болады.

Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр.

Отырар

Отырар IX ғасырдағы ірі қала болған. Ол тарихта Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд деп те аталып келген. Отырар V—XV ғасырда Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталық болған. Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды.

1218 жылы Отырардың билеушісі Қайырханның әмірімен Шығысханның ксеруеніндегі көпестер өлтіріледі. Бұл монғолдардың Орта Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болады. Тарихи әдобиеттерде бұл қырғын «Отырар апаты» деген атпен белгілі. Монғол шапқыншылығынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырылады. Тірі қалғандары Монғолияға айдалады. Бірақ 1218 жылғы апаттан кейін Отырар қайта жанданады. Жошы ұлысы құлағаннан кейін Отырар Темір мемлекеті құрамына енеді. Темір мұнда бірнеше рет болып, 1405 жылы осында қайтыс болады.

XVI ғасырдың екінші жартысынан кейін қала қазақтардың билігіне біржола көшеді. Отырар — XVIII ғасырдың басына дейін өмір сүрген қала.

Қарағанды — Ертіс каналы

Қазақстанда көп байлығы өте көп. Екібастұз бен Қарағандыда көмір шығарылады. Жезқазғанда мыс пен жез өндірілсе, Теміртау қаласында шойын, темір, болат қорытылады. Бұл жерлерде өндірісті мол өндіруге су жетіспейді. Осы қиындықтан шығу үшін Ертіс — Қарағанды каналы салынды. Кәрі Ертістің мол суы Екібастұз бен Қарағандыға жетіп, каналдың жан-жағы гүлденді.

Тамаша каналмен Теміртау, Жезқазған қалаларына да су жетті. Канал суымен мындаған гектар жер суарылды. Канал бойында жүздеген жаңа совхоздар құрылып, жайқалған егін, орман алқабына айналды.

(«Балалар әлемі» кітабынан)

Жыл маусымы

Қаңтар — январь (лат. Januarius) — римдіктердің Янус (Janus) құдайының атынан алынған. Янус барлық істің басы, аяғы дегенді білдіреді. Қаңтар жылдың бірінші айы. Бұл айда адамдар өткен жылдағы жетістіктер мен жана жылда болатын жаңалықтарға қарайды. Римдіктер Жаңа жылды құдайдың өзі берген мереке деп қараған.

Ақпан — февраль — римдіктердің Februarius деген сөзінен алынған. Бұл сөздің мағынасы садақа беріп, күнәден тазалану дегенді білдіреді.

Наурыз — март — көне римдіктердің Марс (Mars) деген соғыс құдайының атынан алынған. Римдіктер мұны нажағайдың ойнауы, күннің күркіреуімен байланыстырады. Марстың суретінде адамның тас төбесінде нажағайдың жалт-жұлт еткен суреті берілген. Италияда бұл сөз шторм айы дегенді білдіреді.

Сәуір — апрель (лат. Aprilis). Бұл сөздің мәні белгісіз. Мүмкін, «ағаштың бүр жаруы» дегеннен шыққан болар.

Мамыр — май — римдіктерде Май (Maius) — дала құдайы — молшылық, жеміс-жидектің гүл ашу, түйін тастау уақыты дегенді білдіреді.

Маусым — июнь (лат. Junius) римдіктердің Юнона деген құдайының атына қойылған. Юнона — Юпитер әйелі деп түсіндіреді.

Шілде — июль (лат. Julius) — бұрынғы календарь бойынша Квинтилис — наурыз айынан бері қарайғы бесінші дегенді білдіреді. Юлий Цезарьдың туған айы. Сондықтан Юлий Цезарьдың атымен аталып кетіпті.

Тамыз — август (лат. Augustus) — Юлий Цезарьдың немересі Августтың атына берілген. Бұл сөздің мағынасы «қайырымды», «парасатты» деген ұғымды білдіреді.

Қыркүйек — сентябрь (лат. September) — латынша «жетінші ай» (septem) деген ұғымда жұмсалады. Римдіктердің көне календары бойынша жетінші ай деген ұғымды білдіреді.

Қазан — октябрь (лат. October) — латынның «сегіз» (octo) деген ұғымынан алынған.

Қараша — ноябрь (лат. November) — латынның «тоғыз» (novem) ұғымынан алынған.

Желтоқсан — декабрь (лат. Desember) — латынша «он» (desem) деген ұғымда жұмсалады.

Жайлау

Жылда төрт маусым бар, әр маусымда үш ай, яғни тоқсан күн болады. Қошпелі халық әр маусымға қарай мал жайылымын өзгертіп, қоныс аударып отырған. Оны көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған.

Ерте кезде малшылар көктем айларында қыстаудан алыс жерге көктеуге көшіп, малын төлдететін. Сөтан кейін жайлауға көшіп, маусым пілдіс, тамыз айларында сонда өткізетін. Жайлау — қыстаудан алыс жатқан жердегі жазғы оныс. Оныс Оныс 11 б ж ы ы м о і р ен таң-

дайды Онда жылдың үш маусымында да ешкім болмайды. Қыстан арықтап шыққан мал жайлауда тойынып, семіреді Мал ғана емес, адамдар да рақаттанады. Бие байлап, қымыз ішеді, айран ұйытып, күрт, ірімшік қайнатады. Қысқа арнап азық-түлік өзірлейді.

Біздің Республикамызда табиғаты аса сұлу жерлер мен тау жайлаулары бар. Олар — Қарқара, Асы, Шалкөде жайлаулары.

Бір атадан тараған ұрпақ

Бір атадан *әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат* үзілмей тараса, жеті ата болады.

Ең соңғы туажаттан *жүрежат, жекжат, мүлдежат* болып аяқталған. Осыларды ағамын, туысқан деп те атаған. Жеті атадан өніп-өскен адамдар *қауым* деп аталған Соитіп, туажаттан кейін нағыз туысқандықтың шегі аяқталған. Бұл шамамен екі ғасырға созылған. Қазақ халқы осы жеті ата аралығында ерлі-зайыпты болуға тыйым салған Мұны «тұқым бұзушылық» деп атаған. Егер ғашықтық жолмен үйлене қалса, жазалаған. Сондықтан әрбір қазақ жеті атасының есімдерін білуге міндетті болған.

Ата-анасы үшін барлық балалары бірдей болғанмен, дәстүр бойынша әр баласының өз орны болған. Алғашқы бала — *тұңғыш*. Оны ата-анасы енші беріп, жеке отау етіп шығарған. Оны басқа балаларына үлгі еткен. Үйдегі ең соңғы бала — *кенже* Ол қара шаңырақ иесі деп аталған. «Қара шаңырақ» деген ұғымда ата дәстүрін сақтау — өулет салтын, ұрпақ жалғастығын үзбеу, әке түтінін өшірмеу деген үлкен ұғым жатыр.

Қазақ елінің қоғамдық құрылымы

Ғалымдар қазақ елінің қоғамдық құрылымын шамамен жеті баспалдаққа бөледі: ауыл, ата-аймақ, ру, арыс, ұлыс, жүз, хандық.

Ауыл — ең жақын қандас он отбасынан тұрады. Әр ауылдың басқаратын адамы өмір көрген, беделге ие, ауқатты, адал адамы болады. Ол **ауылбасы** деп аталады. Ауылбасы ауылдастарының шаруашылығын, маусымдық көшіп-қону уақытын, адамдар арасындағы дау-жанжалды, ауылға түскен салықты дер кезінде төлеп отыру сияқты жұмыстарды реттеп отырады.

Ата-аймақ жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құрылады. Ата-аймақтың басшысы — **ақсақал** Ол өте жоғары мәртебеге ие, орта жастағы адам болуы керек

Ру он үш, он төрт аймақтан құралады. Оның басшысы **ұлыс** деп аталады.

Арыс бірнеше рудан құралады. Оның басшысы — **би**.

Ұлыс бірнеше арыстан құралады. Ұлыстың билеушісі — **сұлтан**. Сұлтан әдетте ақсүйектерден сайланады.

Жүз бірнеше ұлыстан құралады. Жүзді **хан** билейді.

Хандық үш жүзден тұрады. Оны **хақан** (ұлы хан) билейді. Осы¹

лардан кейін халық арасында «Ұлттың құты — хан, рудың құты — ұлыс, аймақ құты — би, ауыл құты — бәйбіше» деген қанатты сөз бар.

(Қытай Халық Республикасының профессоры Су Бэи Хаидың «Қазақ мәдениетінің тарихы» кітабынан алынды)

Ана тілі

Оқырмандармен кездесудің бірінде қазақтың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов пен Надежда Лушникова бірге отырыпты. Сонда оқырмандардың бірі Олжастан: «Сіздің ұлтыңыз қазақ, ал шығармаларыңызды неге орыс тілінде жазасыз?» — деп сұрапты. Ақын бөгелмей, былай деп жауап беріпті. «Ал, Сіз Надяданың ұлты орыс бола тұрып, шығармаларын неге қазақ тілінде жазды екен, соны сұраңыз». Бұдан әрі. «Біз үшін екі тіл де ана тіліміз» — дегіті ол.

* * *

Түркі семьясына жататын тілдер бірнеше топқа бөлінеді:

Қыпшақ тобы: қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар, құмық, қарашай-малқар, қарайым, ұрым, қырым татарлары тілдері. Қазақ тілі де осы топқа жатады

Оғыз тобы: өзірбайжан, түрікмен, гагауыз, түрік, балқан түріктерінің тілдері.

Қарлұқ тобы: өзбек, ұйғыр тілдері.

Аралық тобы: қырғыз, алтай, хақас, тува, салар, сары ұйғыр, шор, тофа, шұлым, чуваш, саха /якут/ тілдері

Айтыс

Бәйгеге ат қосқанда қай ат озар екен, балуандар күрескенде қайсысы жынар екен деп қатты толқисың. Екі ақын айтысқанда да халық сондай күйде болады.

Ақындар айтысы — екі ақынның сөз өнерімен, жыр шеберлігімен сайысуы. Ертеде ақын деген атаққа жету үшін, ең алдымен айтысқа түсу керек болған. Айтыста көрінген адам ғана ақын аталған. Сондықтан айтыс ақындықтың мектебі десе де болады. Әдетте айтыс екі ел ақындарының арасында өткен. Әр ақын өз елінің сөзін сөйлеп, мақтаған Екінші ақын оның еліндегі кемшілікті сынаған. Оған ешкім де ренжімеген.

Қазақ халқында айтыстың түрі көп. Соның бір түрі — жұмбақ айтысы. Онда ақындар олеңмен жұмбақ айтып, екінші жақтың тез шешуін талап еткен. Бұл тыңдаушыларды да ойландырады. Осындай айтыс ақындары: Жанақ, Түбек, Шөже, Кемпірбай, Сүйінбай, Досмағанбет, Жамбыл, Біржан. Сара, т. б.

Бесік жыры

Бесік жыры — ертеден келе жатқан, дүние жүзінің барша халықтарында бар өнер. Мұнда жырдың өн мен сөзі қатар айтылады. Олардың ырғағы, әуені бесіктің тербелісімен үндес, балаға жағымды, сабырлы,

бір қалыпты айтылады. Ол жылаған баланы жұбағу мақсатында айтылу керек. Сондақтанда онда «Жылама, балам, жылама, Ата-ананды қинама», «Қоя ғой, бөпем, қоя ғой» деген сөздер айтылады.

Бесік жыры арқылы ата-ана баласының болашағы жөнінде ой-арманын да айтып тәрбиелейді. Мысалы, бесікті тербетіп отырып. «Батыр болар ма екенсің», «Ақын болар ма екенсің», «Үста болар ма екенсің», «Шешен болар ма екенсің», «Кім болып шығар екенсің» жыр жолдары айтылады. Халқымызда баланы бесігінен тәрбиелеу керек деген сөз бар:

Әлди, балам, ақ балам,
Ақ бесікке жағ, балам,
Айналайын көзінен,
Атасына нақ батам.
Айналайын, пырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жағадағы құндызым,
Аспандағы жұлдызым.

Қазіргі қазақ ақындары мен композиторлары да көптеген жаңаша бесік жырын жазуда

Ақсүйек

Ойын жаздың айсыз қараңғы түнінде ойналады. Ол үшін шөптесін кең алаң тандап алынады. Ойын үшін ірі қараның (крупный рогатый скот), жылқының, түйенің кепкен жілік сүйегі пайдаланылады. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Жеребе тасталып, ойынды бас таушы анықталады. Әр топ өз көмбесін белгілейді. Екі топ ойыншылары алаңға арқаларын беріп, сапқа тұрады. Жеребеде бірінші кезек алған топтың бастығы сүйекті алысқа лақтырады. Енді екі топтың ойыншылары сүйекті іздеуге кетеді. Сүйекті кім тауып алса, сол көмбеге қарай жүгіреді. Қалғандары оны қуады. Қарсы жақтың ойыншысы қуып жетіп, сүйекті тартып алса, бар күшін салып, оны өз көмбесіне жеткізуге тырысады. Бұған топтың басқа да ойыншылары көмекке келуі керек. Ойын жалғасып, қайталана береді. Жеңілген топ ойыншылары өн салуға немесе басқа бір өнер көрсетуге тиіс.

Бұл ойын жастарды қараңғыда бағдарды айыра білуге және жылдам жүгіруге үйретеді

(«Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан)

Алтыбақан

Алтыбақан жазда ойналады. Алтыбақанды құру үшін ұзындығы 3-4 метрдей ұзын алты сырық ағаш және колденең қоятын бір сырық пен мықты үш арқан керек. Масыға ұқсатып үш-үштен сырғауылды бір жақ басынан байлайды да, екі жерге қадап, төбесінен колденен тағы бір сырық қояды. Сонан соң оны сырықтармен қосып, жылжып кетпес үшін арқандармен мықтап байлайды. Үш арқан да осылай екі жағынан мықтап байланады. Алтыбақан тебушілер екі-скіден жақтаудағы және ортадағы арқан а аяқтарын тірсиді. Арқандар не тым биік, не жерге тиердей тым а аса болмауы керек. Алтыбақанға отырған екі

ойыншы ән бастайды. Жерде тұрып, екі жағынан тербетіп тұрған екі ойыншы оларға қосылады да, қалғандары да бірге қосылып ән айтады. Алтыбақаннан шыққан ән кешке жақын бүкіл ауыл адамдарына естіліп тұрады.

Сөйтіп, ойнаушыларды алтыбақанға кезек-кезек отырғызып, алмастыра береді. Олар өздері білетін әндерін айтады. Қалғандары оларды кезекпен тербеп, өнге қосылады. Ойын осы ретпен жалғаса береді.

(«Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан)

Қолөнер

Қазақ жерінде XVIII-XIX ғасырларда қолөнер дәстүрі қатты дамыған. Әсіресе жүннен жасалған ашық түсті текеметтер, қара ала сырмақтар, қызылды-жасылды түскізіздер, ал қызыл ілді кілемдер, қошқар мүйізді алашалар мен тоқылған сандық қап, аяқ қап, кесе қап және шкпен, шапан, т. б.

Сонымен бірге, қазақтың өткен заманда дамыған қолөнер түрі — зергерлік өнер. Бұрынғы заманда Қазақстан жерінде алтын, күміс, қорғасын, мыс, қалайы тағы басқа металлдар өндірілген. Олардан түрлі бұйымдар, киім-кешектер де әзірленген. Әсіресе әйелдерге, қыздарға арналған шолпы, білезік, қапсырма, сақина, жүзік, сырға, алқа, түймелер жасаған. Сондай-ақ, қару-жарақ, ер-тұрман, ыдыс-аяқ, музыка аспаптарын әшекейлеген. Бұл бұйымдар сонау Сақтар заманынан белгілі. Мұны Геродот, сияқты ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінен көруге болады.

Қазақ халқының ұлттық киімдері

Ерлердің ұлттық киімдері: жеіде, шалбар, жеңсіз қамзол, бешпент, ішк, тон. Ерлердің бас киімінің түрлері өте көп: қалпақ, тымақ, түлкі тымақ, хан қалпақ, тебетей, т. б.

Әйелдердің ұлттық киімдері ерекше болады. Бойжеткендер мен келіншектердің киімдері өсем өрнектермен оюланып тігіледі. Оларға қызыл түсті маталар пайдаланылады. Ақ, сары, қызыл, жасыл көйлектердің сыртынан алтын жіппен, асыл тастармен, зермен әшекейленген қамзол киіледі. Үйлену тойына киілетін сәукеле қымбат тастармен, күміс, маржанмен әшекейленеді. Бұны жасаушылар бір жыл еңбектенген, көп қаржы жұмсаған. Көз тиюден сақтайтын киілі құс — үкінің қауырсыны сәукеленің төбесіне тігіледі.

Қобыз

Қобыздың шығаратын үні адам дыбысына ұқсас. Бақсы-балгерлер оның осы ерекшелігін халықты көк төңірімен сөйлестіретін құрал деп нандырған.

Қобыз жайындағы алғашқы деректер біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын белгілі болған. Қобызды біздің заманымыздың 5-8 ғасырда тасқа қашалған таңба суреттерден көруге болады.

Қобыздың сыртқы түрі адам денесіне ұқсас. Оның мойны, басы

мен құлағы, тостағанша дөңгеленіп келген бсті, оны қаптаған сірі шанағы болады. Оған жылқы қылы тағылады. Осыған байлашысты «қылқобыз» деп аталып кеткен. Қылқобыз қыл керілген қияқ /ысқы/ арқылы тартылады.

Қылқобызды орындаушылардың есімі сонау ежелгі заманғы, аты аңызға айналған Қорқыт, Кетбұғы, Асанқайғы, Нысан абыз, Ықыластардан басталып, кейінгі Ж. Қаламбаев, Д. Мықтыбасвтармен жалғасты.

Қылқобыздың қазіргі кезде жетілген прима-қобыз, альт-қобыз, бас-қобыз, контрабас-қобыз деп аталатын төрт шекті түрлері пайда болды.

Пифагор

Математика ғылымын дамытуда Пифагор мен оның жолын қуушылар – пифагоршылар үлкен қызмет көрсетті. Пифагор дегенде біз әрқаз тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары арасындағы сандық қатынасты бейнелейтін әйгілі «Пифагор теоремасын» еске аламыз.

Пифагор ғылымының төрт саласын (арифметика, геометрия, музыка және астрономия) ажыратып, терең зерттеулер жүргізген Пифагордан қалған нақыл сөздер де көп. Солардың кейбірісі: «Өкінішке душар стпейтін нәрсемен ғана айналыс», «Өзің білмейтін істен бойыңды аулақ сал, бірақ білуге тиісті нәрсенің бәрін білуге тырыс», «Тәніңнің сұлулығына немқұрайды қарама», «Уақытылы тамақ ішіп, жаттығулар жасап жүр», «Ұйықтар алдында өткен күнде өзіңнің не істеп, не тындырғаныңды ой елегінен бір өткізбей тұрып, көзіңді жұмба».

Аристотель

Аристотель өзіне дейінгі 300 жылға созылған грек ғылымы мен өнерінің жетістіктеріне қорытынды жасап, жаңа бағыт сілтеген. Аристотельді дүние жүзінің «бірінші ұстазы» деп атады. Ол – ұлы философ, асқан ойшыл Платон академиясының түлегі. Аристотель Платон академиясында 20 жыл бойы үзбей оқып, ғылымның бар саласынан жан-жақты, терең білім алып шыққан. Кейінірек ол ғылыми шындық жолында ұстазына қарсы шығады. Осыдан барып Аристотель айтты дейтін «Платон маған дос, шындық одан қымбат» деген қанатты сөз кең тарап кетті. Платон мектебінде теориялық ғылымдарға ерекше мән берілген. Ол өзінің академиясының маңдайшасына «Кімде-кім геометрияны білмейтін болса, ол бұл үйге кірмей-ақ қойсын» деген жарнама жазып қоятын болған.

(Ауданбек Көбесов)

Архимед

Архимед – Шығыс ғұламаларының аса құрметтеген ұстаздарының бірі. Архимед есімі, оның ғылыми жаңалықтары қазіргі ұрпақтар үшін үлкен беделге ие болып отыр. Москва мемлекеттік университетінің физика факультеті жыл сайын дәстүрлі Архимед күнін атап өтеді. Дүние жүзінің түрлі қалаларында Архимед көшелері кездеседі. Архимедтің

өкссі ғалым-астроном болған көрінеді Архимед жайында аңыздар өте көп. Соның бірі атақты «Архимед заңын» ол моншада, ваннада шомылып отырып тауыпты да, қуанғаны сонша: «Эврика, эврика!» деп қуана айқайлапты

Туған қаласы Сиракузды римліктерден қорғауда Архимед ойлап тапқан неше түрлі ғажаптық механикалық, оптикалық машиналар жазудың құтын қашырып, берекесін кетіріпті. Озін шауып өлтіргелі келе жатқан солдатқа: «Сәл кідіре тұр, есебімді аяқтап алайын» — депті. «Тіреу нүктесін тауып берші, жерді аударып тастайын» — деген асқақ сөзді де жұрт Архимед айтқан деп жүр.

(Аудинбек Көбесов)

Эйнштейн және оның теориясы

Альберт Эйнштейн өмірі — біздің замандастарымыз үшін, әсіресе жастар үшін, үлгі-өнеге боларлық тамаша өмір. Қазір Эйнштейннің есімін білмейтін адамды кездестіру өте қиын. Эйнштейн есімі Коперник, Галилей, Ньютон сияқты ұлы есімдермен қатар аталып, адам баласының, ғылымның даму тарихындағы ең ұлы бейне деп есептеледі

Альберт Эйнштейн 1879 жылы 14 наурыз күні Батыс Германиядағы Ульм қаласында инженер семьясында дүниеге келді. Әкесі ұлы ақын Шиллердің шығармаларын сүйіп оқиды. Шешесі Бетховен музыкасын жан-тәнімен беріле орындайтын. Кішкентай Альберт көп сөйлемейтін, тұйықтау бала болып өсті. Басқа балалармен ойнауға да онша құмар болмайтын. Ол шешесі ойнап отырған музыканы құнығы тындаудан жалықпайтын. Альберт 12 жасқа шыққанда дайындық мектебін бітіріп, Мюнхен гимназиясына түсті. Осы жылдары оның қолына қатты қағазбен қапталған геометрия оқулығы тап болды. Геометрияның алғашқы бетін жүрексіне ашқан Альберт Евклидтің қарапайым анықтамаларынан бастап түгел оқып шыққанша, кітапты қолынан тастамады. Әрбір анықтама, әрбір теорема ол үшін тамаша бір жаналық болды. Гимназияда жүргенде Альбертті қызықтырған екінші сабақ — алгебра. Алгебра әдістерімен құпия, белгісіз іксті іздеу саяхаты Эйнштейнді қатты қызықтырды.

(«Білім және еңбек» журналынан)

Абылай ханның түсі

Абылай хан түс көріпті. Оны бір қарияға жорытыпты. «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс жатып алыпты. Бұл не қылған жолбарыс деп қарасам, ол аю болып кетті. Екінші рет қарасам, қасқыр болып, сонан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Содан кейін оянып кеттім. Бұл не?» — дейді Абылай хан. Сонда қария: «Жолбарыс көрсен, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, Жолбарыстың аю болғаны — сенен сонғы балаларыңның заманы аю заманы болады. Халық аюдай алысады. Қасқыр болғаны — немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысады.

Түлкі болғаны — онан кейінгі заманда ұрпағың түлкідей аилакер болады. Қоян болғаны — онан кейінгі заманда ұрпағың қорқақ болып өтеді», — дейді. Бұдан ары қария: «Абылай хан сарттан (өзбектен) өліпті деген атқа қалмай, шабуылды тоқтат», — деген екен.

Қорқыт

Ел арасына кең гараған аңыз бойынша Қорқыт бір күні түс көреді. Түсінде қор қазып жатқан кісілермен сөйлеседі «Сендер не істеп жатырсыңдар?» — деп сұрайды. Олар «Қорқытқа қор қазып жатырмыз», — дейді. Содан шошып оянган Қорқыт өлімнен құтылудың жолын іздейді. Өзінің Желмаясына мініп алып, олмейтін жер іздейді. Ол дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Барлық жерде «Қорқытқа қор қазып жатырмыз», — дейді. Амалы тауысылған Қорқыт өзінің еліне — Сырдарияға қайтып келеді. Содан кейін Желмаясын сойып, оның терісінен қобыз жасаиды да, ажал маған жетсе алмас деген оймен Сырдарияның ортасына жайғасып, күндіз-түні қобыз тартып, күйлерімен табиғатты, жан-жануарларды тыңдатып ұзақ жылдар ажалды маңына жолатпапты.

Әбден қалжырап, Қорқыт ата бір күні ұйықтап кетеді де, қобыздың үні шықпай қалады. Сол кезде андып тұрған ажал улы жылан болып келіп ұйықтап жатқан Қорқытты шағып өлтіреді. Халқымызда «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі» деген сөз бар.

Қажымұқан (1871 — 1948)

Дүние жүзінде әйгілі қазақ балуаны Қажымұқан Қызылжарда (қазіргі Петропавл қаласы) Н. И. Масликов дейгін саудагердің малын бағады, шөбін шабады, жүгін тасиды. Қыста шөп әкеле жатқанда аты болдырып қалады. Үлкен шананы бір өзі сүйреп ауылға жеткізеді. Жас баланың мына керемет күшіне ауыл тұрғындары таң қалады. Осыдан бастап оның аты шыға бастайды.

Ол 18 жасында Омбы қаласына келіп, циркте күшті балуан А. И. Злобиннің көрермендер арасынан күрескісі келетін кім бар дегенде, Қажымұқан шығады. А. И. Злобин көсіпкөй балуан Қажымұқанды 18 минутқа өрең жеңіп шығады. Осыдан кейін «Ваня ағай» деген атпен классикалық күрестің түрімен көп қалаларда күреске қатысады.

1913 жылы Қажымұқанның аты ерекше шықты. Троицкіде өткізілген халықаралық жарыста 18 балуанды жеңді. Ол Париж, Лондон, Берлин, Варшава, Будапешт, Стокгольм, Кабул, Тегеран, Харбин қалаларында жеңіске жетті. Оның есімі орыстың аты шулы балуандары И. М. Поддубный, Иван Шемякин, И. М. Зайкиндермен қатар аталады. Түріктің мықты балуандарын жеңіп, Мұқан деген атына Қажы деген сөзді қосып алды. Ол 48 алтын, күміс, қола медальдардың иегері.

ОРЫС ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӨЗ БЕТІМЕН АУДАРУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

Письмо

Дорогой друг! Ты уже знаешь, что я студент. Я учусь в Алматы. Я дружу с Арманом и Ерланом. Утром мы вместе завтракаем. После завтрака делаем уроки. Мы уже немного говорим по-казахски. Мы понимаем, когда преподаватель говорит медленно. После обеда мы делаем домашнее задание, читаем газеты и журналы, слушаем радио, пишем письма.

Ты спрашиваешь, почему я редко пишу. Я пишу редко, потому что много работаю. Вечером учим уроки, а после ужина мы с Ерланом и Арманом немного гуляем. Когда мы гуляем, всегда вспоминаем родную землю и семью. Я часто вспоминаю отца, мать. Передавай всем привет от меня. Пиши!

До свидания, Борис

Наша комната

Вот наша комната. Я живу здесь с Ерланом и Байсалом. Моя кровать стоит в углу слева, а их кровати стоят справа. Посередине стоит стол, около стола — стулья. Справа около окна стоит книжный шкаф. В шкафу на полке лежат наши учебники и тетради.

Сейчас на улице холодно, а в комнате тепло. В соседней комнате играет музыка. Ерлан в клубе, на вечере. Байсал — в комнате рядом. Он и его друзья учат казахский язык. Я делаю домашнее задание. Вдруг кто-то стучит в дверь, и я вижу в коридоре студента-пятикурсника.

— Почему так громко работает ваш телевизор?

— Телевизор? — удивляюсь я. — В комнате нет телевизора.

— Нет телевизора, тогда поставь потише магнитофон.

— И магнитофона нет.

— Значит, поставь потише приемник.

— Приемника тоже нет.

— Как же ты живешь? — смеется пятикурсник. — А у меня есть и телевизор, и магнитофон, и приемник. Сейчас я включу магнитофон. Послушай музыку.

Подсолнечник

В XV веке Колумб высадился на берег открытой им земли Америки. Там он заметил необыкновенные цветы, которые назывались цветком солнца. Моряки привезли семена этого растения в Европу.

Когда Петр Первый увидел цветок солнца, он приказал доставить семена этого цветка в Россию и посеять на аптечном огороде, где росли различные лекарственные травы. Так подсолнечник попал в Россию.

Русские впервые высказали мысль, что из семян подсолнечника можно получить масло, и первыми получили его. Потом стали строить заводы по переработке масла.

С тех пор, как подсолнечник превратился в сельскохозяйственную культуру, прошло совсем мало времени.

Жаркое по-молдавски

Говядину нарезать на большие куски, отбить, поперчить и обжа- рить. Мясо уложить в кастрюлю, затем положить нарезанный карто- фель, предварительно обжаренный с морковью, луком и петрушкой. Мясо и овощи залить красным соусом с виноградным соком, посо- лить и тушить 30-40 минут. Готовое блюдо посыпать мелко наруб- ленным чесноком, зеленью укропа и петрушки.

На 500 граммов мяса — 800 г картофеля, 130 г моркови, 60 г репчатого лука, 10 г пшеничной муки, 40 г томата, 60 г виноградного сока, 10 г чеснока, соль, перец, зелень укропа, петрушки по вкусу.

(Из книги «Совет да любовь»)

Кит

Кит живёт в воде, но он не рыба. Рыбы дышат жабрами, а у кита лёгкие. Кит рождает детёнышей и кормит их молоком. Длина китов — 30 метров. Кожа у кита гладкая, без шерсти и чешуи. Под кожей толстый слой жира. Жир греет кита, заменяет ему шубу. Голова у кита очень большая. Она занимает треть тела. Глаза же у кита неболь- шие, немного больше, чем у коровы. Кит питается мелкой рыбешкой. На китов много охотятся. Теперь китов стало меньше, чем раньше. В большом количестве они встречаются только в Северном Ледовитом океане, в морях вокруг Антарктиды.

Деревья-карлики (Тырбық ағаштар)

Японцы любят разводить сады из крошечных деревьев. Такие деревья держат в комнатах вместо цветков. Сосенка-карлик ростом всего в 20-30 см имеет вид очень старого дерева с искривленным стволом и ветвями. Часто таким «старичкам» бывает до ста и даже до трехсот лет. Для того чтобы вырастить карликовое дерево, выбирают самые мелкие семена нормальных деревьев. Эти семена высаживают в крошечные горшочки с бедной, плохо утрамбованной землёй. В ран- нем возрасте у каждого деревца вырезают главный корень. По мере роста обрезают несколько боковых корней и вновь развивающиеся побеги. Поливают очень мало.

В природе также иногда встречаются деревья-карлики. Это, напри- мер, ивы, растущие в тундрах Арктики и на высокогорьях Сибири.

Стул — потомок бревна

Сидеть прямо на земле было неудобно. Поэтому ещё в древние времена камни, поваленные деревья использовались в качестве стуль- ев и кресел. Уже в Древнем Египте и Месопотамии их стали делать из различных материалов и красиво украшать. Правители восседали на

стульях с высокими спинками и подлокотниками, а их подданные садились на простые стулья и табуретки.

В Древней Греции и в Древнем Риме стульями с удобной круглой спинкой пользовались женщины, старики и дети. В Римской империи для консулов предназначались кресла с квадратным сиденьем и перекрещенными ножками

В Средневековье появились складные стулья. После этого новых типов стульев не появлялось. Больше внимания уделялось их художественной стороне. Позже появилась мягкая подушечка на стулья.

В России до Петра Первого использовались лавки. В XVI веке стульями называли царский трон. Петр Первый ввел дворянам стулья и табуреты. Вскоре они стали доступны горожанам. Но жители деревень долгое время пользовались лавками. Лишь в XIX веке в домах зажиточных крестьян появились «городские» стулья

(Из журнала «Лиза»)

Медресе

Медресе — это средние и высшие мусульманские школы. Они готовят учителей для начальных мусульманских школ. Медресе по-арабски означает «средняя или высшая школа». Первые медресе появились в VII-VIII веках. В Средней Азии первые медресе были открыты в Бухаре, Самарканде, Исфиджабе (нынешнем Шымкенте), Туркестане, Отраре и в других городах

Медресе строились возле мечетей и были очень красивыми и удобными для занятий. Медресе делились на четыре ступени, обучение длилось 12-13 лет. В начальных классах изучалась религия, а в старших — арабский язык, литература, история, право, астрономия, философия, математика, география и другие предметы. Видные казахские деятели, ученые, поэты, писатели обучались в медресе.

Во время Советской власти медресе были закрыты, а с получением независимости в Казахстане вновь стали открываться мечети и медресе.

Откуда появилось слово «казах»

О том, откуда появилось слово «казах» есть несколько предположений. Слово «казах» могло появиться от слова «қашақ», что означает «беглец». В древности соседние с Казахстаном государства пытались подчинить себе казахов, беря их в плен. А они, не желая подчиняться, убегали в степь

Согласно другому предположению, оно могло возникнуть от слова «ақ қаз» или «қаз ақ», так как казахский народ, собираясь в поход на врага, имел обыкновение одеваться в одежду белого цвета, «белый как гусь».

Ученый-историк Мусатай Акынжанов сделал предположение, что слово «казах» состоит из двух слов «қас», т. е. «настоящий, действительный» (в казахском языке есть словосочетания *қаса сұлу* «настоящая красавица», *қас жау* «действительный враг») и слова «сақ». Саки — название

кочевников, проживавших в Средней Азии в глубокой древности Кыргызы и алтайцы до сих пор называют казахов словом «кассақ».

Во времена правления русской царицы Екатерины II в 1742–1775 годах казахов стали называть «киргизами», уничтожив прежние названия казахов. Откуда появилось слово «казах», до сих пор научно не доказано.

О священных числах

У казахского народа числа семь, девять, двенадцать, сорок считаются священными.

С числом «семь» связаны словосочетания *семь сокровищниц, семь дней недели, семь влюбленных, семь джутов* и другие. Указ Тауке хана, изданный в XVI веке, назывался «Семь указов». Когда кто-то умирает, справляют семь дней, пекут семь лепешек. Число «семь» упоминается и в пословицах. Например, *«Жетіге келгенше жеті жерден таяқ жерсің», «Жеті қабат жер астында»*

Число «девять» как священное число вошло в казахский язык из арабского и связано с религией. Например, *«Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз әйелдің толғағы бір күні келіпті», «Тоғыз жолдың төрәбы», «Тоғыз қабат торқа кию».*

Число «двенадцать» у казахов тоже почитается. Согласно казахскому календарю двенадцати месяцам года даны названия двенадцати животных: мыши, коровы, барса, зипса, дракона, змеи, лошади, овцы, обезьяны, курицы, собаки, кабана. Двенадцать лет являются первым циклом в жизни человека, второй цикл — следующие двенадцать лет и так далее. Каждый цикл или каждые двенадцать лет являются опасными и значимыми. С этим числом связаны следующие выражения. *«он екі мушең сау болсын», «он екіде бір нұққасы жоқ», «он екі баулы өзбек».*

Еще одно священное число «сорок». Первые сорок дней младенца являются важными и ответственными. Когда младенцу исполняется сорок дней, отмечается праздник *«Қырқынан шығару»*. Когда умирает человек, справляются поминки *«Қырқын беру»*. Уважаемых гостей встречают со словами *«Қырықтың бірі — қыдыр»*

Домбра

Домбра — это древнейший казахский народный инструмент. Она занимает особое место в казахской музыкальной культуре. Сейчас, наверное, нет казахской семьи, в чьем доме не имеется домбра. Это самый любимый музыкальный инструмент казахов.

В разных областях Казахстана она имеет различную форму. В Восточном и Центральном Казахстане она треугольная или трапециевидная, а в Западном Казахстане она похожа на разрезанную пополам грушу.

Курмангазы

Курмангазы — это великий казахский композитор XIX века. Он создал такие кюи, как «Алай», «Сарыарка», «Балбырауын», «Алатау», «Кшкентай».

Курмангазы родился в 1823 году в нынешней Уральской области в семье батрака Сагырбая. Однажды в аул Курмангазы приехал известный кюйши Узак. Увидев одаренного мальчика, он стал его учителем. С 18 лет Курмангазы разъезжал по аулам как профессиональный музыкант. Его очень уважали, несмотря на нешпримиримый характер.

Курмангазы создал более 50 кюев и воспитал таких известных музыкантов, как Дина Нурпеисова, Мамен, Уахап Кабигожин, Кали Жантлеуов. Он умер в 1886 году в возрасте 63 лет.

Чингисхан

Настоящее имя Чингисхана — Тэмуджин. Он родился в 1167 году в семье вождя одного из монгольских племен. Когда воины соседнего племени отравили его отца, он стал главой своего племени. Чингисхан был очень смелым воином. Его имя означало «великий правитель».

Он объединил все монгольские племена и образовал самую большую империю в истории человечества. К 1279 году она раскинулась от Венгрии до Кореи и включала большую часть Азии. Монгольские племена напали на города и села и убивали людей, которые не могли делать оружие. При завоевании города Мерв они убили около 700 тысяч человек.

В 1211 году монголы напали на Китай и, преодолев Великую Китайскую стену, в 1215 году захватили Пекин. Вослали монголы верхом на конях. У каждого воина было два лука, 100 стрел, копье и меч.

(Большая детская энциклопедия)

Индия

Индия находится в Южной Азии, между Аравийским морем и Бенгальским заливом. Площадь — 3 287 590 кв км. В Индии проживает свыше 950 миллионов человек. Государственные языки — хинди и английский, кроме этих языков население разговаривает на урду, гуджарати.

Столица Индии — Нью-Дели. Это современный город, расположенный рядом со старым Дели. Самый большой город Индии — Бомбей. В нем проживает более 10 миллионов человек.

Индия — седьмая по величине страна мира. По численности населения она на втором месте после Китая.

На севере Индия отделена от остальной части Азии Гималайскими горами. Большинство населения страны живет в долинах рек Ганг и Брахмапутра. Самая высокая гора — Канченджанга (8598 м), вторая в мире по высоте. Самая длинная река — Брахмапутра (2900 км).

В Индии много храмов, дворцов, мечетей и базаров. Самый известный монумент страны — мавзолей Тадж-Махал.

(Большая детская энциклопедия)

Лиса и коза

Бежала как-то лиса степью и ненароком упала в глубокую яму. Попыталась она выбраться из ямы, но не смогла. В это время к ней подошла коза, которая бродила в поисках воды.

— Эй, лисица, что ты здесь делаешь? — спросила коза.

— Да вот, отдыхаю. Чуть не померла в степи от зноя и жажды, а здесь хорошо — прохладно и водичка чистая и холодная рядом.

Поверила коза лисе и решила отдохнуть в тени и напиться водички. Спрыгнула она в яму.

А лиса вдруг вскочила козе на спину, уперлась ногами в ее круглые рога и выбралась из ямы

Алдар Косе и его спутник

Отправился как-то Алдар Косе путешествовать со своим товарищем. Вдруг спутник Алдара Косе говорит:

— Обмани меня!

Алдар Косе подумал и говорит.

— Я обману тебя, но прежде одолжи мне коня. Я привезу из дома того, кто умеет обманывать.

Спутник согласился. А Алдар Косе, сев на коня, говорит:

— Вот и обманул я тебя, — и ускакал.

Автограф

Антон Павлович Чехов последние годы своей жизни жил в Ялте. Он был болен и уже не занимался медицинской работой. Он часто принимал больных из деревень, а также приезжающих отдыхать студентов.

Бывали и смешные случаи. Однажды пришёл незнакомый человек. Он попросил принять его как пациента. Антон Павлович отказался. Он объяснил, что не занимается врачебной практикой, но незнакомец продолжал просить. Тогда Антон Павлович согласился. Он осмотрел больного. После этого незнакомец положил на стол деньги. Антон Павлович рассердился. Он повторил ему, что не занимается практикой и согласился осмотреть больного в качестве исключения. Деньги ему не нужны. Но незнакомец денег не брал. Тогда Антон Павлович понял, что незнакомец был богатым человеком. Он сказал: «Хорошо, подождите», — и вынул свою квитанционную книжку, по которой собирал деньги для бедных больных. Антон Павлович выписал квитанцию.

Незнакомец сначала отказался взять квитанцию. Он начал прощаться, но потом подумал и тоже сказал: «Хорошо, давайте. Все-таки это — автограф», — и взял.

А

абай — осторожный
 абайлау — быть осторожным
 абыз — вещий, оракул
 абыржу — суесть, суесть
 абырой — совесть, честь
 абыройлы — уважасмый
 абысын — жена старшего брата по отношению к жене младшего брата
 автобөлшек — автозапчасть
 аға — старший брат, дядя
 ағажан — ласковое обращение к старшему родственнику
 ағайын — родственник, родня по линии отца
 ағайындас — родственный
 ағайынды — братья по крови, родные
 ағарту — 1 белить, 2 просвещать
 ағартушы — просветитель
 ағару — побелеть
 ағатай — дяденька
 ағаш — дерево
 ағзалар — части тела органы
 ағу — течь
 ағым — течение, направление
 ағын — течение воды
 ағыту — расстегивать
 адал — честный
 адалдық — честность
 адам — человек
 адамгершілік — человечность
 адамзат — человечество
 адасу — заблудиться
 адым — шаг
 адыраспан — гармала /трава/
 адырна — 1 сцена, 2. музыкальный инструмент
 ажал — смерть
 ажар — облик
 ажарлы — красивый
 аждаһа — дракон
 ажырасу — разводиться
 ажырағу — различать
 ажыраю — выпучить глаза
 аз — мало
 азауіл — траурный веночек
 азамат — гражданин
 азаматша — гражданка
 азаматтық — гражданство
 азанда — рано утром
 азанғы — утренний
 азап — мука, мучение

азаптану — мучиться
 азат — свободный
 азат ету — освобождать
 азаткер — освободитель
 азаттық — свобода
 азаю — умейыпаться
 азғана — чуточку, немного
 азғыру — совращать, подстрекать
 аздап — понемногу
 азу — исполнять
 азшылық — меньшинство
 азық-түлік — продукты
 азып-тозу — истощаться, опускаться
 азырақ — немного
 ай — луна, месяц
 айғай-үйғай — шум, крик, суета, ажиотаж
 айғай-шу — крик, шум, шумиха
 айғақ — улика, доказательство
 анғақсыз — безосновательный
 айғыз — грязный
 айлар — чуб коса, гребешок
 айдау — гнать
 айдын — широкий водоем
 айқай — крик, шум
 айкайлау — кричать
 айлақ — пристань
 айлық — 1 зарплата, 2 месячник
 аймақ — край, территория, зона, регион
 аймақаралық — межзональный
 аймақтық — красивый
 аймалау — ласкать
 айна — зеркало
 айнала — вокруг
 айналайын — милый, голубчик
 айналу — 1 обойти,
 2 кружиться, 3. превратиться
 айналым — 1 круг /в бегах/, 2 оборот
 айналымды — оборотный
 айналысу — заниматься чем-либо
 айнималы — изменчивый, непостоянный
 айну — передумать
 айран — кефир
 айрық — развилка
 айрылмастай — неразлучно
 айрылу — лишиться
 айттық — скажем так, например
 айтпақшы — кстати /сказать/
 айту — говорить, сказать
 айттық — состязание акынов
 айттысу — состязаться
 айуан — животное
 анықтығыш — вытрезвитель

айып — вина, провинность
айыптау — обвинять
айыптаушы — обвинитель
айыптылық — виновность
айыр — вилы
айырбас — обмен
айырбастау — обменивать
айырмашылық — отличие
айыру — 1 отделять; 2 различать, 3
разнимать, 4 отнимать
ақ — белый
ақжайма — простыня
ақжүрек — добрый
ақиқат — истина, правда, истинный
ақкөңіл — добродушный
ақсала — снежная баба
ақсу — лебедь
ақсұба — светлокочий
ақсұман — заварочный чайник
ақсұтан — шапты
ақпан — февраль
ақпарат — сведения, информация
ақпарат — сведения
ақсақ — хромой
ақсақал — ақсақал, уважасмый
ақсақтық — хромота
ақсаңлау — хромать
ақсары — блондин, белолицый
ақсау — хромать
ақселеу — ковыль
ақсүйек — 1 аристократ, 2 игра в бе-
тую кость
ақтау — оправдаться
ақтару — 1 шарить, 2 опрокинуть
ақтау — оправдать
ақша — деньги
ақшам — вечерние сумерки
ақшию — выпучить глаза
ақшыл — светлый
ақы — плата
ақыл — ум
ақылдасу — совесоваться
ақылды — умный
ақылшы — советчик
ақымақ — глупый, дурак
ақымақшылық — глупость
ақын — поэт, певец
ақырғы — последний
ақыру — громко кричать
ақырын — тихий, тихо
ал — а, ну, итак, таким образом
ала — пестрый
алайда — тем не менее
алабота — лебеда
алай-бұлай — так и этак

алакөленке — сумерки
алақдай — ура!
алақан — ладонь
аламан — набег, нападение
алаң — площадь
алаңдай — полянка
аласа — низкий
алау — пламя костер
алаша — узорчатый палас
алаяқ — проидоха, аферист
албасты — дьявол
алға — вперед
алғаш — первоначально, впервые
алғашқы — первоначальный, первый
алда — впереди
алдағы — предстоящий
алданғыш — доверчивый
алдаспан — меч, сабля
алдану — 1 оглечься, 2 обмануться
алдау — обманывать
алдияр — владыка, его высочество
алды — перед, передняя часть
алдымен — сначала
алдын ала — заранее
алдында — спереди
алдыңүні — позавчера
алдыңғы — передний
алжапқыш — фартук
алжу — выжить из ума
алқа — 1 колья, 2 коллегия, собрание
алқап — вокруг, окрестность
алқызыл — ярко-красный
алқым — горло, глотка
алла гағала — всемогущий аллах
алма — яблоко
алмалы-салмалы — разборный
алмас — алмаз
алмасу — чередование, обмениваться
алмурт — груша
алнамсадай — великан, гигант, богатырь
алпауыт — 1 жрец, 2 сила, мощь
алпыс — шестьдесят
алпысыншы — шестидесяти
алпау — шестеро
алты — шесть
алтыатар — револьвер
алтыбақан — качели
алтыбұрын — шестиугольник
алтын — золото
алтыншы — шестой
алу — брать
алушы — получатель
алхоры — слива
алша — аяла /фрукт/
алып — великан

алыпсатар перскущик, спекулянт
алыс — далекий, далеко, дальний
алыстау — удаляться, чуждаться
алысу — 1 драться, 2. меняться
амал — 1 поступок, 2 способ
аман — здоровый
аманат — залог, заложник
амандасу — здоровагься
аман-саулык — благополучие
ана — 1 мать, 2 тот, та, то, те
анада — тогда, в то время
анадагы — тот, тогдашний
анайылык — невежливость
аналық — материнство
анар гранат
анау — тот, та, то, те
анау-мынау — то да се
анда — там
ант — присяга, клятва
ант ету — поклясться
анық — ясный, четкий
анықтама — 1. справка справочный,
2 определение
анықтау — выяснять, уточнять
анықтауыш — определение
аң — зверь
аңғар — долина, обрыв; овраг
аңғару — понимать
аңду — следить, подкарауливать
аңқау — наивный раслепа
аңсау — жажда, горсть желанием, хо-
теть
аң-таң — удивление
аңшы — охотник
аңыз әңгіме — легенда, предание
апа — старшая сестра, теть, мама /чаще
при обращении/
апай — старшая сестра, теть
апалы-сінділі сестры
апару — относигь
апат — бедствис
апаттай — тегенька
апын — опиум
аута — неделя
ар — честь, совесть
ара — 1 шила, 2 промежуток, рассто-
яние, 3 оса
араз — находящийся в ссоре
араздасу — ссоригься
арай — заря
арал — остров
аралас — смешанный
араласгыру — размешать смешать
араласу — 1 общатгься, 2 вмешиватгься
3 смсшиватгься

аралатпа — передвижной
аралау 1 разгуливать, бродигь; 2 пи-
лить
аралық — промежуток, рубеж
арам — поцлый, нечесгный, коварный
арамдык — коварство, нечесгность
арамшөп — сорняк
арасан — целебная вода, источник
арасында — между, среди, посреди
ара-тұра — иногда
арба — телега
арбиган — громоздкий
аргы — дальний
аргымак — ариамак /лошадь/
ардагер — 1 любимый, 2 ветеран
ардақ — уважение, почт
ардақтау — уважать, почтатгь
ардақты — уважаемый, чтимый
аржақ — та сторона
аржақтагы — находящийся на той сто-
роне
арзан — дешевый
арзандау — дешевсть
арка — 1 спина, 2 спинка /стула/
аркалау — тащигь на спине
арқан — аркан, веревка, трос
арқар — архар
аркылы — через, при помощи
арман — мечта, цель
армандау — мечтатгь
арна — русло реки
арнайы — специально
арналу — посвяшатгься
арнау — предназначатгь, посвячатгь
арнаулы — специальный
арпа — ячень
арсыз — бессовестный
арт — зад
арткы — задний
арту — 1 лавьючиватгь; 2 умножатгься,
возрастатгь
артық — лишний
артықшылык — преимущество
артынша — вслед
ару — красавица
аршу — чистигь
арыз — заявленне
арызшы — заявигьтель, жалобщик
арык — 1 худой, 2 арык
арықтау — худетгь
арыс — рожь
арыстан — лев
ас — еда, пища
аса — весьма, крайне, очень
асар — коллективная помощь в работс

аса таяқ — 1 посох, 2 музыкальный инструмент
аскок укроп
асқабак — тыква
асқазан — желудок
асқақ — высокомерный, надменный
асқан — непревзойденный
асқар — неприступная гора
асқыну — быть запущенным
аспаз — повар
аспай-саспай — неспеша, без суеты
аспан — небо
аспап — инструмент, устройство
аспапты инструментальный
аспапшы — слесарь-инструментальщик
астам — более
астана — столица
астаналық — столичный
астар — подклад
асты — низ
астық — хлеб, зерно
астында — под
астыңғы — нижний
асу — 1 вешать, 2. варить, 3 проехать, 4 превзойти, 5. выходить из берегов; 6. перевал
ас үй — кухня
асхана — столовая
асыға — с нетерпением
асығу — торопиться
асығыс — спешка
асық — 1 щиколотка, 2 кость, алычк
асыл — 1 благородный, 2 драгоценный, ценный
асылу — вешаться
асырау — содержать, воспитывать, кормить
ат — 1 имя, 2 лошадь
ата — 1 дед, дедушка; 2. предок
ата-баба — предки, прадеды
атақ — звание славы, известность
атақты — известный знаменитый
аталас — родственники
аталу — называться
атамекеи — земля предков
ят арба — повозка, телега
атау — называть
атаусыз — без вестей
атауыз — плоскогубцы
атқару — исполнять, выполнять
атқулық — съедобные грибы
атқыш — снайпер
ат салысу — поддерживать, помогать
аттам — мера длины в один шаг
аттану — отправляться

аттау — перешагнуть
атты — именуемый
ату — стрелять
атүсті — наспех
аты-жөні — имя, происхождение
атындағы — имени
атыс — перестрелка
ау — невод
ауа — воздух
ауа райы — погода
аудан — район
ауданаралық — межрайонный
аудандық — районный
аударма — перевод
аудармашы — переводчик
аудармашылық — переводческий
аудармалық — переводной
аудару — 1 переводить, 2 перевернуть
ауқатты — обладающий имуществом
ауқым — объем, размер, площадь, величина
аула — двор
аулақ — подальше, в сторону
аулалық — дворовый
аулау — ловить
аунау — переворачиваться с боку на бок
ауру — болезнь
аурулық қағаз — больничный лист
аурухана — больница
ауыз — рот, уста
ауызбірлік — сдвиг, согласие
ауызғы үй — прихожая
ауызша — устно
ауыл — аул, село
ауылды жер — сельская местность
ауыл шаруашылық — сельское хозяйство
ауыр — тяжелый
ауыру — болеть
ауысу — меняться
ахуал — положение, состояние атмосферы
аш — голодный
аш-жалаңаш — голодный, нищий
ашқарақ — ненасытный
ашқылым — кисловатым с горечью
ашқыш — открывашка
аштық — голод
ашу — 1 открывать, 2 гнев, возмущение; 3 киснуть, прокиснуть
ашулану — возмущаться, гневаться, сердиться
ашуланшақ — раздражительный
ашулы — злой, гневный, сердитый
ашығу — проголодаться, голодать
ашық — 1 открытый; 2 ясный, 3 светлый

ашыкауыз — ротозей, растяпа
ашық хат — телеграмма
ашылу — открытие
ашытқы — закваска
ашыту — 1 заквасить; 2 шипеть, свер-
беть
ашы — горький
аю — медведь
аяз — мороз
аязды — морозный
аяқ — нога
аяқ киім — обувь
аяқтау — закончить
аялау — лелеять
аялдама — остановка
аялдау — задерживаться
аян — ясный, известный
аяншақ — боязливый
аяну — щадить себя
аяныш — жалость
аянышты — жалкий
аян — шаг, медленная ходьба
аяндап — медленно
аяр — хитрый, коварный, лицемерный
аяу — щадить, жалеть, сострадать
ааулы — дорогой

Ә

әбден — совершенно, вполне, совсем
әбес — ошибка, промах
әбзелші — ремесленник
